




Рахманкул Бердібай

# ҚАЗАК-ТҮРКІ

эпостарының мәселелері



**Р.Бердібай**

# **Қазақ-түркі эпостарының мәселелері**

*Ғылыми-көшілік басылым*

Түркістан-2010

УДК398  
ББК 82.3  
Б 45

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті  
Түркология ғылыми-зерттеу институты

Редакциялық алқа: Л.Гашимов, М.Накип, К.Ергөбек, Т.Райымбердиев,  
Д.Кенжетай, Т.Ағдарбеков, Б.Мырзалиев, Ж.Шалхарова, К.Беркімбаев,  
Р.Тәукебаева

Жауапты редакторы: ф.ғ.к. Ж.Камалова  
Жауапты шығарушылар: ф.ғ.к. Т.Қыдыр, Ж.Танауова

Б 45 Бердібай Р. Қазак-түркі эпостарының мәселелері. Ғылыми-  
көшілік басылым. Түркістан, «Тұран» баспаханасы, 2010 ж. 390  
бет.

ISBN 978-601-243-234-3

Түркі тілдерінде сөйлейтін отызға жуық ұлттар мен ұлыстардың  
тарихи-этникалық және мәдени байланыстарының тамырастыры  
көнінен сөз болатын бұл кітап 1996 жылы жарық көрген. Бұл  
басылымның басты ерекшелігі – алғашкы басылымда қамтылған  
казак тілі мен мәдениетінің бүгінгі мәселесін қозғайтын үшінші бөлім  
енгізіліп, оқырман назарына ұсынылып отыр.

Кітап түркі халықтарының тарихы, этногенезі, мәдениеті  
мәселелеріне құмар қалыптың оқырман даудың арналған.

Ғылыми-көшілік басылым.

УДК 398  
ББК 82.3

© Бердібай Р., 2010

**Бірінші бөлім**  
**ТҮБІ БІРГЕ ТУЫСҚАН**

**САХА ДЕГЕН ХАЛЫҚ БАР**

Сонғы жылдарға дейін жер бетінде саха деген халық бар  
екенін білгендер кем де кем. Мұның себебі осындай халықтың  
жоқтығынан емес, оның атының танымастай болып өзгеріліп  
айтылып, жазылып келуіне байланысты еді. Азия құрлығының  
солтүстік-шығыс аймақындағы ұлан-гайыр алқапты алып жат-  
кан елдің аты Якутия аталып келген. Бұл өлкені Ресейден  
коныс аударушылар XVII ғасырдың бірінші жартысынан бері  
карай иемдене бастаған, жергілікті халықтың шын есімі  
кандай екен деп тексеріп жатпай, «яқут» деп атап кеткен.  
Сонымен Ресей құжаттарында казактың – қырғыз, қырғыздың  
– қарақырғыз, ногайдың – татар, алтайлықтардың – қалмак деп  
аталғаны тәрізді саханың да лақап аты тараған. Рас, қазіргі  
кезде бұл халық ресми құжаттарда өзін саха деп жазады. Бірақ  
ғасырлар бойында қалыптасқан бөгде атаудан құтылу да онай  
болмайтын көрінеді. Ресейдің де, басқа елдердің де тілдерінде  
«яқут» деген атау әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Сахалар өздеріне тілі мен этникалық тегі жағынан жақын  
халықтарға енді-енді ғана мәлім болып келеді. Жерінің  
шалғайлығы, катынас жолдарының қиындығы бұл елді  
өзгелерден бөліп тастағандай еді. Әсіресе, сахалардың XVIII  
ғасырдың соны мен XIX ғасырдың басында жаппай  
шоқындырылуы, аты-жөндерінің орысша жазылуы, елдің  
дағдысына христиан салттарының ене бастауы оларды түрік,  
мұсылман әлемінен, тілті, алыстатып жіберген. Оның үстінен  
сахалардың ғасырлар бойында монгол, бурят, эвен, эвенкі,  
чукчи, юкагир секілді халықтармен аралас-құралас өмір  
кешкендігі сөздік құрамының да құшті өзгеруіне әсер еткен.  
Ал, сонғы үш ғасыр бойында саха тіліне орыс сөздерінің

орасан мол қабаты ауысқан. Осының салдарынан саха тілі өзге түрік тілдерінен окшау өзгеленген. Зерттеушілер бұл тілді қандай топқа косу керектігі жөніндегі бірсыныра дағдарып барып, ақырында, оның құрылышы, байыргы лексикалық коры түрікше екенін мойындаған. Тұтас бір планета сынды атырапты алғып жатқан, жерінің асты тұнған байлық, ежелгі дәстүрлі мәдениеті бар саха халқы өзінің түрік әлеміне қатыстылығын қайтадан сезіп, кейінгі кезде ғана ежелгі туыстармен барыс-келіс жасай бастады.

\*\*\*

Саха (якут) халқы ауыз әдебиетінде батырлар жыры «Олонхо» деп аталады. «Олонхо» деген сөздің казактың «өлеңімен» текстестігі үстірт караганда да сезілгендей. Сахалардың тілінде бізben үқсас көп сөздер кездесуі бұл үғымдардың туысында белгілі бір зандылық жатқандығын антартасты. Әсіресе мал шаруашылығына, көшпенді өмірге байланысты, көне түркі тілінің ортак қорына жататын сөздер мен тіркестер бізде де, сахаларда да бірынгай келе береді. Мәселен, *ат, бие, құлын, қазы, қартта, қымыз, қан, аитпан, от, шөп* деген сөздер сахаларда да осылай аталады. Қымыз құятын тостағанды *шарон* (біздің *шара* дегенімізге келеді) дейді екен. Якут тілінің ғасырлар бойында монғол, эвенкі тілдерінің әсерімен өзге сапаға ауысқанына қарамастан тілінің ең әуелгі түп негізі байқалып отырады. Енді бір катар сөздердің айтылуы өзгерінкіреген. «Шолпанның» – «чолбон», «жұлдызың» – «сұлұс» болғаны секілді. Әсіресе, саха тілінің дыбысталу жүйесіндегі ерекшеліктер түбірі тектес сөздерді де өзгертіп жібергендей. Біздең «ж» әрпі орнына сахаларда «с» әрпі келіп отыратының өзі көп сөздердің тосын естілуіне себепші. Жүректі – сүрек, жоқтЫ – сох деп айтудан бұл айырым анға-рылса керек. Дегенмен, сахалардың сөйлеген сөзін, әнін, жырын естіп, жазуын оки келе анық үйренемін деген кісі бұл тілді бірнеше айда менгере алады деген ойға келдік.

«Олонхо» деген сөзді сахалар ерекше мақтаныш сезіммен айтады. Ал әпости жатқа айтушы жырши – олонхосут (олонхопы) халықтың жанды шежіресі тәрізді. Саха халқы батырлар жырына бай. Бірақ сол көп олонхоның ішінен ерекше шоктықтанып көрінетін, көлемі де, көркемдігі де өзгеше бір халықтық дастан бар. Ол – «Нұргын батыр» (Дылдуруйар Нұргұн боотур). Бұл жырдың ең үлкен нұсқасы отыз мың жолдан асады екен. Саха халқының есте жок ескі замандағы өмір шындығының мол суреті жырда кең сакталып қалғандығын зерттеушілер бір ауыздан мойындайды. Якуттардың бір заманда онтүстікте өмір кешкендігіне косалқы дәлелдер осы олонходан табылады. Жырда оты мол, шуағы мол, жыл он екі ай сүйк түспейтін өлкенің өсімдігі, жанжануары, тұрмыс-тіршілігі бейнеленеді.

Сахалар қазіргі отырған жеріне XI ғасырдан бері коныс тебе бастаған. Бірақ якуттардың одан бұрынғы мекені туралы түсінік бұлдырып. Олар солтүстікке сонғы рет көшкен өлкө Алтай, Байқал тұстары екенін айтумен ғана шектелу, әрине, мәселенің ақиқатына жетіп болмағандық белгісі. XI ғасырга дейін якуттар кай жерді мекенделді? Осы сауалды шешуге азды-көпті саңлау беретін Олонхо көркем жыр ғана емес, әрі көне тарихи шежіре. Сонымен қатар бұл жырлар жалпы түрк әпостиның ең көне үлгілері болып саналады. Олонхоны халықтың кадірлейтіні соншалық – әлі күнге дейін тойтамашада жырдың жеке тараулары айтылып отырады. Пластинкаға түсірілген олонхо бір күн емес, бірнеше күн тындауға жетеді. Біз олонхоның бірер тармағын Якутияның көрнекті ақыны, Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Күннік Үрастыровтың орындауынан естіген едік. Музыкалық аспаптың сүйемелдеуінсіз, такпактап айтылатын олонхо шынында да өзгеше құбылыс. Бұл ретте олонхошы мен қырғыздың манасшысы бір-біріне жақын.

Якуттың жыр-өлеңінде аллитерация – дыбыс үндестігі жиі кездеседі. Бұның маңыздылығы соншалық – өлең жолының аяғындағы берік үйқастың болмауын жоктата бермеген.

Үйқасты өлеңдерді кейінгі ақындарға енгізе бастаған. Олонхолардың негізінде пъесалар да, либереттолар да жазылған. Қысқасы, олонхо якуттың өткен заман өмірінен есепсіз мағлұмат беретін энциклопедия іспетті. Якутстандың бейнелі түрде олонхо елі деп атаудың себебі осыдан көрінсе керек. Музыкалық-саздық аспаптар аттарында да үндестік, ежелгі орайластық анғарылады. Қобызға ұқсас аспап сахаларда қырымпа делінеді. Ал, біздегі дабыл, шындауылдардың дүнгір аталуы құлаққа бірден сіңімді естіледі. Ерте кезде сахаларда жаздың орта түсында қымыз мейрамы – ысақ еткізілген. Қыстың қақаған суығынан өтіп, елдің арқасы жазылған, жер көктеп, тойыншылық болған кезде өтетін бұл дәстүр кейінгі кезде қайта жаңғырып келеді. Қазақтың қымыз мұрындық мерекесіне ұқсас.

Сахалар елінде әрбір мерекені өлеңмен ашу дәстүрі бүгінгеде дейін бар. Қазак ұғымындағы тойбастарды еске салатын бұл жанр «тойуқ» деп аталады. Тойбастар өлеңі дайын текске емес, табанды шығарылған суырып салма сөздерге құрылады.

Әдебиет жанрларынан бізге және бір жақынырак көрінгені тақпактаң әрі шапшан шұбыртып, үстемелеп айтатын терме текстес – чабырғақ. Бұл шұбыртпалы өлеңнің өзге қасиетін былай қойғанда, тіл ұстарту, тіл ширатуға өте пайдалы. Жаңылтпаш сынды бір-біріне үндес, үйлес тіркестерді әрі тез, әрі таза айтып шығу – тілдің сырын жетік білуге таптырмайтын тәсіл. Якут фольклорының тағы бір түрі «алғыс» деп аталады. Бұл белгілі оқиғаларға арналған тілек, бата мағыналас шығармалар. «Алғыс» терминін М.Әуезов өзінің ауыз әдебиетіне арнаған бір макаласында алғаш колданғанын еске сала кетейік.

Саха жүртіның ең көп тараған музыкалық аспабы – комус. Бұл біздің шанкобызымыз секілді. Комуста тартылған күй ыргактары құлаққа соншалық жылы тиеді. Бір-бірінен сан мың шақырым алыста жаткан, жұздеген жылдар бойында ешбір барыс-келіс, ауыс-түйісі болмаған казақ пен сахада осы бір ортақ музыкалық аспаптың бірдей сакталуы да танкаларлық

(шанкобызы үні қазіргі кезде Қазақстанда қайта жаңғыра бастады).

Тағы бір көңіл бөлерлік нәрсе – би. Кейбір мамандар кешпелі халықтарда ертеде би болмаған деп дәлелдегісі келеді. Фасырлар бойында көшіп-конып жүрген сахаларда би бұрыннан бар екен. Жеке билер ыргағы қазақтың дауылпазы тәрізді қағып ойнайтын «табық» деген аспапта орындалады. Көпшілік қосылып, билей жүріп ән айтатын жанр «Осуақай» делінеді. Мұнда айтывлатын өлең сөз де әрдайым тынан шығарылады. «Осуақай» айту – ел көнілінің аса бір көтерінкі, шадыман түсын бейнелейтін «жүрек жарды» көрініс белгісі.

Якут билері өнер тарихын зерттеудің кейбір мәселесіне анықтық енгізуге жарайтын жарқын мысал. Ерте заманда патша отаршылары өзіне бағынышты елдерде халықтың жауынгерлік рухын өсіретін шындауыл, дауылпаз, дабыл секілді сокпалы аспаптарды құртып жіберуге жасырын жарлықтар берген фой. Бұрынғы патшалы Ресей карауындағы бірсыныра елдердің кейбір музыкалық аспаптарының жойылып кетуіне себептің бірі осы болса керек. Бірақ жырак тайгада жатқан якуттарда мұндай аспап сакталыпты.

Бүтінгі саха халкы – өткен тарихына зерде коя бастаған, келешегіне сеніммен қарайтын үлттардың бірі. Якутстанда өнер мен әдебиет, ғылым мен техника, ауыл шаруашылығы мен өндіріс өркендеп келеді. Республиканың ұлан-байтақ жерінде жана, жас қалалар бой түзей бастаған. Соның бірі – алмас өндірушілердің астанасы Мирный қаласы. Мирныйдан жүз шақырым жердегі Вилюй су электр станциясы – мәңгілік тон тұнған өлкеде тұнғыш тәжірибе, ғылым көреметтің тәжірибесі. Еңбек адамдарының жасампаз қолы мен ойы тайганың как ортасында, ен суық аймақта сәнді, мәнді тіршілік ошактарын орнатқан. Вилюй су электр станциясы тұрған жер Чернышевский кенті аталыпты. Ал кенттің орталығында, электростанция өкімшілігі үйінің алдында алмаз шығатын тұтас кимберлит тастан Чернышевскийге ескерткіш орнатылған. Кеменгөр ғалым Чернышевскийдің мүсін бейнесін

Үйкасты өлеңдерді кейінгі ақындарға енгізе бастаған. Олонхолардың негізінде пъесалар да, либереттолар да жазылған. Қысқасы, олонхо якуттың өткен заман өмірінен есепсіз мағлұмат беретін энциклопедия іспетті. Якутстандың бейнелі түрде олонхо елі деп атаудың себебі осыдан көрінсе керек. Музыкалық-саздық аспаптар аттарында да үндестік, ежелгі орайластық анғарылады. Қобызға ұқсас аспап сахаларда қырымпа делінеді. Ал, біздегі дабыл, шындауылдардың дүнгір аталуы құлакқа бірден сінімді естіледі. Ерте кезде сахаларда жаздың орта түсінде қымыз мейрамы – ысақ өткізілген. Қыстың қақаған суығынан өтіп, елдің арқасы жазылған, жер көктеп, тойыншылық болған кезде өтетін бұл дәстүр кейінгі кезде қайта жаңғырып келеді. Қазақтың қымыз мұрындық мерекесіне ұқсас.

Сахалар елінде әрбір мерекені өлеңмен ашу дәстүрі бүгінгеге дейін бар. Қазак ұғымындағы тойбастарды еске салатын бұл жанр «тойук» деп аталады. Тойбастар өлеңі дайын текске емес, табанда шығарылған суырып салма сөздерге құрылады.

Әдебиет жанрларынан бізге және бір жакынырак көрінгені тақпактап әрі шашпан шұбыртып, ұstemелеп айтатын терме текстес – чабыргақ. Бұл шұбыртпалы өлеңнің өзге қасиетін былай қойғанда, тіл ұстарту, тіл ширатуға өте пайдалы. Жаңылтпашиңында бір-біріне үндес, үйлес тіркестерді әрі тез, әрі таза айтып шығу – тілдің сырын жетік білуге таптырмайтын тәсіл. Якут фольклорының тағы бір түрі «алғыс» деп аталады. Бұл белгілі оқиғаларға арналған тілек, бата мағыналас шығармалар. «Алғыс» терминін М.Әуезов өзінің ауыз әдебиетіне ариған бір макаласында алғаш қолданғанын еске кетейік.

Саха жұрттының ең көп тараған музыкалық аспабы – комус. Бұл біздің шанқобаызымыз секілді. Комуста тартылған күй ыргактары құлаққа соншалық жылы тиеді. Бір-бірінен сан мың шақырым алыста жатқан, жұздеген жылдар бойында ешбір барыс-келіс, ауыс-түйісі болмаған қазақ пен сахада осы бір ортақ музыкалық аспаптың бірдей сакталуы да танқаларлық

(шанқобаыз үні қазіргі кезде Қазакстанда қайта жаңғыра бастады).

Тағы бір көніл бөлерлік нәрсе – би. Кейбір мамандар көшпелі халықтарда ертеде би болмаған деп дәлелдегісі келеді. Фасырлар бойында көшіп-конып жүрген сахаларда би бұрыннан бар екен. Жеке билер ырғағы қазақтың дауылпазы тәрізді қағып ойнайтын «табық» деген аспапта өрындалады. Көпшілік қосылып, билей жүріп ән айтатын жанр «Осуақай» делінеді. Мұнда айттылатын өлең сөз де әрдайым тындан шығарылады. «Осуақай» айту – ел көнілінің аса бір көтерінкі, шадыман түсын бейнелейтін «жүрек жарды» көрініс белгісі.

Якут билері өнер тарихын зерттеудің кейбір мәселесіне анықтық енгізуге жарайтын жарқын мысал. Ерте заманда патша отаршылары өзіне бағынышты елдерде халықтың жауынгерлік рухын өсіретін шындауыл, дауылпаз, дабыл секілді сокпалы аспаптарды құртып жіберуге жасырын жарлыктар берген ғой. Бұрынғы патшалы Ресей қаруындағы бірсыныра елдердің кейбір музыкалық аспаптарының жойылып кетуіне себептің бірі осы болса керек. Бірақ жырақ тайгада жатқан якуттарда мұндай аспап сакталыпты.

Бүгінгі саха халкы – өткен тарихына зерде коя бастаған, келешегіне сеніммен қарайтын ұлттардың бірі. Якутстанда өнер мен әдебиет, ғылым мен техника, ауыл шаруашылығы мен өндіріс өркендеп келеді. Республиканың ұлан-байтақ жерінде жаңа, жас қалалар бой түзей бастаған. Соның бірі – алмас өндірушілердің астанасы Мирный қаласы. Мирныйдан жұз шакырым жердегі Вилюй су электр станциясы – мәнгілік тон тұнған өлкеде тұнғыш тәжірибе, ғылым кереметінің тәжірибесі. Енбек адамдарының жасампаз қолы мен ойы тайганың қак ортасында, ең сүйк аймакта сәнді, мәнді тіршілік ошактарын орнатқан. Вилюй су электр станциясы тұрған жер Чернышевский кенті аталағыны. Ал кенттің орталығында, электростанция өкімшілігі үйінің алдында алмаз шығатын тұтас кимберлит тастан Чернышевскийге ескерткіш орнатылған. Кеменгер ғалым Чернышевскийдің мүсін бейнесін

калың тайга тұтасқан өлкеде көрү ойға қалдырады. Сонау патша заманында өлеуметтік ақиқаттарды батып айтып, еліне білім сәулесін таратқаны үшін жазаланып, жәбір көріп, Вилой бойында он екі жыл айдауда болған адап азаматтың еңбегін үрпактары ұмытпапты. Мұның өзі «жаксы іс пен өнеге өшпейді» деген көне қағиданын сипаттамасы секілді.

Жер астының мұз тоны бір жарым километр терендікке дейін жететін сұзық та сұсты өнірде орнаған жана шаһар Мирныйдың қайталанбас өзгешелігі бар. Тоң жібіп кетпесін деп үйдін бірінші қабатын қуыс, ашық қалдырып кетеді екен. Міне, осындай ашық аланның үстінде неше қабат өсем үйлер сап түзеп тұр. Бұл атыраптың өзге өлкелерден табиғат ерекшелігі – жазы қысқа (екі ай), қысы ұзак (сегіз ай).

Саха халқының мәдениеті, әдебиеті, өнері дамып келеді. Жазба нұсқалары XX ғасырдың басынан басталған якут әдебиетінің елеулі табыстары бар. Сахалар өз тілінде жазба әдебиеттің негізін салған А.Е.Қулаковскийдің, А.И.Сафроновтың шығармаларын жоғары бағалайды. Атап өтерлік бір мәселе – саха халқының драматургиясы үстіміздегі ғасырдың бас кезінде-ак едәуір дамып, жетілгендей. Бұл жағынан алып қараганда, якут жазба әдебиеті аз ұлттардың біразының әдебиетінен «көне».

Якуттың қазіргі заманғы әдебиетінің бастаушысы П.А.Ойунский өмірі мен өнер сапары күрделі. П.А.Ойунский – жана дәуірді якут тілінде тұнғыш жырлаган күрескер ақын, прозашы, драмашы, өз елінде болған құллі жаңалық атаулының басы-қасында жүрген қайраткер. Халық бостандығы мен бакыты үшін барлық саналы өмірін сарп еткен Ойунский есімін якут халқы өз тарихындағы ең тандаулы үлдары қатарына кояды. Республика астанасы – Якутск каласында П.А.Ойунский атында әдеби музей ашылуы да мұнын айғагы.

Саха жазушыларының ага буынына жататын қаламгердің бірі – Эрилик Эристин артына мол мұра қалдырған. Оның кейбір туындыларында Қазакстанда болған оқиғалар суретте-

леді. Якут әдебиетінің үлкен өкілі – С.Г.Кулачиков-Элляйдың қаламгерлік жолы да қызылықты. Ол 20-жылдарда Қазакстанда қызмет істеген, қазақ халқының тұрмысымен танысқан. Элляй бұдан кейін де біздің республикамызда бірнеше рет болған. «Алатау», «Аманкелді» секілді татымды өлеңдерді жазған.

Қазіргі якут әдебиетінде ең қоректі прозашы болып саналатын Н.Е.Мординовтың шығармалары көп елдерге таныс. Оның күрделі туындысы – «Көктем шағы» атты роман. Орыс тіліне аударылып басылған бұл шығарма якут прозасының биқ дәрежесін әйгілейді. Бұл романда якут халқының 1910-1930 жылдар арасындағы өмірі жан-жақты суреттеледі. Якутиядығы халық өмірінің ақиқат көріністері, тұрмыстық-салттық ерекшеліктер, халықтың психологиясы нағыз реалистік тәсілде ашылған. Якут әдебиетінің Д.К.Сивцев (Суорун Омоллон), В.М.Новиков (Күннік Ұрастыров) секілді танымал қайраткерлері хақында да көп қызықты мағлұмат келтіруге болады. Д.К.Сивцев өзінің драматургиялық шығармаларымен әйгілі, ал В.М.Новиков – якуттың үлкен ақындарының бірі.

Бұл атаптар тарлан жазушылардың ізін басып, дәстүрін дамыттып, әдебиетті түрлі жанрда көркейтіп келе жатқан қаламгер шоғыры мол. Белгілі ақындар Семен Данилов пен Моисей Ефимовтың поэзиялық шығармалары елімізге жақсы мәлім. Бұл ақындар өздеріне ғана тән мәнерде тұған өлкесінің табиғаты мен еңбек адамдарын шабыттана жырлайды. С.Даниловтың «Солтүстік өлеңдері», «Суық өлкенің таны», «Бүркіттің бакыты», «Тайга торғайы», «Менің Солтүстігім» секілді өлең кітаптары бірнеше тілге аударылған.

Сонымен, қазіргі якут әдебиеті өскелен, жетілген әдебиеттер қатарында. Якутия жазушыларының құрамы комакты. Жазушылар саны жағынан Якут әдебиеті Ресей құрамындағы республикалар ішінде алдына татар, чувашты ғана салады. Якут әдебиетінің жасағында дарынды құштер мол. Тұысқан саха халқының әдебиеті үздікіз кемелдену,

реалистік мүмкіндіктерін арттыру үстінде екенін көреміз. Ол әдебиетте казак оқушысын қызықтыраш шығармалар жок емес. Саха ақын, жазушыларының таңдаулы туындылары казақ тілінде жарық көрді. Өз тарапынан якут қаламгерлері де қазақ әдебиетінің озық ұлгілерін тәржімалағанын айтуымыз керек. Бұл ретте Абай шығармаларын саха тілінде тұнғыш рет сөйлөткен ақын Семен Руфовтың енбегін ілтипатпен айтамыз. «Абай жолы» роман-эпопеясын аударып, жеке кітап етіп бастырган саха бауырларымызға қанша алғыс айтсақ та жарасады.

Якут тілі мен казак тілінің зандаулықтарын салыстыра зерттеу көптеген көнерген сөздердің түп төркінін тануға, тілдер дамуының жолдары мен дәүірлерін түсінуге, түрік, монгол тілдерінің өзара байланысын терендең зерттеуге көмектесетін қөміл. Көптеген якут зерттеушілері Қазақстанда диссертация корғап, ғылыми дәреже алып жүргені – ұнамды құбылыс.

Сан ғасырлар бойында бір-бірінен жырап жаткан, тек соңғы жылдары ғана карым-қатынасы басталған казак және саха халықтары әдебиетінің байланысы күшіне түссе, нұр үстіне нұр. Екі халықтың рухани туыстығын жақындастыру жолында еңбек сініріп жүрген Қ.Тұрсынқұлов, Т.Оразбаева сынды қаламгерлеріміздің игі бастамасы жалғасын таба берер деп сенеміз. Түрік халықтары бірлігін дамытуға бағытталған сан тарау істердің жеміс берер шағы алда.

## АЛТАЙДЫ АРАЛАП ҚАЙТҚАНДА

### I

Тілі, тегі тарихи жағынан казаққа жақын халықтың бірі – Алтай өнірінің Таулы Алтай республикасында тұратын алтай халқы. Тарихшылардың дәлелдеуінше, көзіргі алтай халқы бір заманда Сібір, Алтай және Қазақстанды жайлаған түркі руларының түрлі тармагынан құралған. Неше алуан киыншылық заманда Алтайлын биік тауларын паналап,

аңшылық кәсіппен айналысқан рулар кейіннен бірте-бірте тілдік дербестік тапкан. Бұл халықтың атын соңғы кезге дейін дұрыс атамай келушіліктің де түрлі себептері бар. Алтайлықтар құрамына кіреді деп саналатын рулардың кейбіреулері өздерін әлі күнге дейін бөлек нәсіл деп біледі. Мұнын өзі алтай халқының ұлттық қалыптасу кезеңінің кенжелігін көрсетеді. Алтай рулары (сүйектері) Казан төңкөрісіне дейін өздерінің көне атымен аталағын келген. Айта берсөніз, бұл халықтың аты 1948 жылға дейін қалыптасып болмаған еді. Ресей патшалығы кезінде алтайлықтарды «Би өзені бойындағы қалмактар» (бийские калмыки) деп атаған. Ал Кенес өкіметі орнаған кезде пайда болған Ойрат автономиялық облысы деген ат да дәл емес еді. Алтайлықтар бір заманда Ойрат (калмак) мемлекетінің құрамында болғанымен, тегі жағынан мүлде бөлек ел болатын. Осыны ескере отырып, бұрынғы ССРО Жоғарғы Советі 1948 жылы Ойрат автономиялық облысын Таулы Алтай автономиялы облысы деп атауға шешім қабылдан, облыс орталығы Ойрат-Тураны Горно-Алтайск деп өзгерткен. Казіргі аты – Алтай республикасы.

Көптеген түркі тілдес рулар бірлестігінің жинактық атқа ие болу дәстүрі бұрыннан бар. Солтүстік Кавказды, Дағыстанды мекендей отырған ногай халқы да көп рулардың бірлестігінен пайда болған. Біздің халқымыздың аты да нак осы тәрізді кейіннен сіңіскең ат еді ғой. Алтайлықтарда да осылай болып отыр. Ең ғажабы – бұл процестің бұдан жүзденеген жылдар бұрын болмай, қазіргі кезде жүзеге асуы. Әлбетте, алтай халқының көсіп, салт-сана, тіл бірлігі дәл бүгін емес, ертеде қалыптасқан. Бірақ бұлар белгілі бір мемлекет, не хандық құрып, дербес ел ретінде мәлім болмаған.

Казіргі алтай халқының құрамында көптеген түркі руларының аттары кездеседі. Олар бүгінде түркі халықтары құрамында жүрген рулармен ерте кезде туыс болған. Дәл осы жағдайды аңғартатын аныз алтайлықтар арасында да сакталыпты. Алтайлық (сүйегі қыпшақ) Көшербай деген кісі

бір анызды айтып берді. Бір заманда казак пен алтайлық бірге туған ағайын екен. Құндердің құнінде олар көк биенің сүтіне өкпелесіп, бір-бірінен ажырасыпты, содан казак биесін жетелеп далаға кетіпті, алтайлық мылтығын алғып, аңшылық құрып тауда қалып қойыпты. Бұл анызда көп ақикат жатқанын қазіргі алтайлық ішінде сакталған ру аттары сипаттайды. Бұл рудың біразы казак, өзбек, ногай, каракалпак, қырғыз мәліметіне сүйенбей, жеке адамдардың өз аузынан сұрап отырып, бірталай ру (сүйек) аттарын анықтаған едік. Олар: қыпшак, найман, жетісары, далмат, мұндыз, көбек, жұз, меркіт, төленгіт, тассақал, мерет, тоңжан, еркіт, күзен, ара, оши, төлес, алмат, тодош, кергіл, үйліп, чапты, ұранғай, төлеуіт, сағал, қомдош, баят, орғоншы, т.б.

Түркі халықтарының көне тарихын, тілін, этнографиясын, фольклорын зерттеуге алтай елі аса қызылықты материал бере алады. Сол үшін диалектологтар, этнографтар, тілшілер арнары экспедициямен барып, жүйелі зерттеу жүргізе, пайдалы жұмыс болмак. Осы қунде ұмытылған көптеген жанжануар, өсімдік, үй ішінін жабдық атаулары, осылардың алғашкы мағынасы алтайлықтар арасында жирик сакталғанын байқадық. Мәселен, биологиялық терминдер сөздігін жасаушылар бұл елден көп өсімдіктің көне аттарын табар еді. Алтайлықтар, айталық, черемуханы – жадыра, брусликаны – тиінхат деп атайды екен. Тізе берсе, өзге де өте қызылықты деректер мен керектер әр саладан кездесе бергендей.

Қазак пен Алтайдың көне туыстығын әйгілейтін фактілер, өсіреле, ауыз әдебиеті нұскаларында жирик ұшырайды. Бұл мәселе бізде әлі құнге дейін кен көлемде зерттелген емес. Ауыз әдебиетін типологиялық тәсілмен, жанр-жанр бойынша салыстыра зерттеу келешектін үлесіне қалып келеді.

Қазіргі кезде алтай фольклорының он томы алтай тілінде, кейбір энс нұскалары орыс тілінде шығарылып отыр. Сол кітаптарды ашын карасақ, біздің халықтарымыздың ежелгі поэзиясына ұқастық, тіпті. бірдейлік канціалық көп екенине коз зиясина ұқастық.

жетеді. Жеке жолдар, шумактар, тіркестер, бейнелеу жүйесіндегі бірынғайлықты айтпағанда, үлкен-үлкен жырлар мен ертегілердің, аныздардың ұқастықтарын да кездестіріміз. «Алпамыс» жырына сарындағы сюжет алтайлықтарда «Алып Манаш» деп аталады. Ал казактардың «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырын еске салатын әңгімелер де алтайлықтарда бір емес, әлденешеу екені анықталып отыр. «Маадай Қара» жырының кей мезеттері казак эпосымен үндес жатқанын көрмеу мүмкін емес. Ен ғажап нәрсенің бірі – жырымыздың өлшемі, ырғасы, үйқасы, бейнелеуі көп ретте бірдей болып келушілігі. Мұның бәрі түркі халықтарының, сонын ішінде казак пен алтай халқының фольклор мұрасын кен көлемде зерттеу қажеттігін айқындаі түседі.

## II

Аса бір қызылықты құбылыс – алтай эпосын айтушы кайшылардың (жыршылардың) кейінгі кезге дейін ел арасында жи ұшырауы. Солардың ішіндегі ең көрнектісі – сан түрлі аныз, жырды жадында сактап келген атақты айтқыштар Н.Улагашев пен А.Г.Калкин. Мұның өзі алтай халқында ауызша жыр толғайтын дарын иелерінің мол болғандығын сипаттайды. Ауыз әдебиеті дәстүрі бүгінге дейін сакталып, дамып отырған, күні кешеге дейін Жамбыл, Нұрпейіс, Шашубай, Мұрын, Кенен, Нартай секілді үлкен ақын, жыраулары өмір сүріп келген қазак халқы мен алтай халқының поэтикалық дәстүріндегі бір ұқастық осы тараптан көрінеді.

Алтайлықтар жырды да, ертекті де шөршек деп атап келген. Ал жырды ертегіден айрып көрсету үшін қайлаш айтатын шөршек деген. Дауыс көтеріп айтуды қайлаш айту деу өте көне үғым екендігі көрінеді. Қазак әнінің сонында келетін кайырма ырғактар «қайлау» болып келетінін еске түсірсек, алтай мен казактың «қайлауы» бір түбірден тарағанына көз жеткендей. Алтайлықтар жырды белгілі әуен, ырғакпен айтушыны қайшы деп атаган. Ал жырды қайлаш (әндептіп) айтудың түрлі дәстүрі болған.

Озінін жанрлық ерекшелігіне карай алтай эпикалық жырлары қаһармандық эпос тобына косылады. Бірак мұнда қияли, ертегілік сипат күшті. Осы белгілеріне қарап академик В.М.Жирмунский алтай жырларын батырлық ертек санатына коскан. А.П.Потапов сынды тарихшылар алтай эпосын XV-XVIII ғасырларда қалыптасқан деп санайды. Алтай жырларында қаһарманның аждаһалармен айқасы, жер астының билеушілерімен күресі, батырдың қалындық іздеуі және үйленуі, жат елдік хандармен сайыс сарындары жи қайталанады.

Алтай эпосының мол құрамын дәлелдеуге «Алтай-Бошай», «Алтын Топшы», «Алтын-Мизе», «Қостай мерген», «Сары Са-лам», «Кускуснак мерген», «Тектемей Бокә», «Имей-Ару мен Шимей ару», «Ақ Қоңыр», «Хан Алтын», «Алактай», «Шулмус-Шыны» секілді жырларды алсақ та жеткілікті. Қазақ, қырғыз ертегілерінде кездесетін жеті қат көк, жеті қат жер деген ұғымдар алтай эпосында мол айтылып отырады. Сонымен қатар батырдың өзі де, астындағы аты да қажет жағдайда өзте жан-жануар «кейпіне» түсіп, жауын алдаң жениушілік алтай эпосында жи ұшырайды. Мұның бәрі олардың әрі жыр, әрі ертегі элементтерін бойына сініргендігін білдіреді. Батырдың атының керек жерінде «тіл бітіп» сейлеуі де осы пікірді толыктыра түседі. Сол секілді жыр қаһармандары ан мен құстың тілін білетін болып көрінеді. Алтай эпосында әсірелеудің неше атасы кездеседі.

Осы айтылған сипаттар түгелге жуық алтайдың «Маадай-Қара» аталған жырынан табылғандай. Мәскеуде шыққан (1973) бұл жыр алтай ауыз әдебиетінің аса көрнекті ескерткіші болып саналады. Жырдың аты «Маадай-Қара» болғанымен, негізгі оқиға араласатын бас қаһарман Маадай-Қараның ұлы Көгедей мерген. Эпостың бірінші бөлімінде Маадай-Қара мен оның әйелі Алтын-Тарғаның картайған шағында бұлардың елін Қара-Құла деген ханының зорлықпен басып алғаны айттылады. Жырдың ен үлкен бөлегі Көгедей мергенін туу, есеку, үйлену, жауын женип, мұратына жету тарихын айтуда арналған. Алтай эпосының кейбір ерекшеліктерін анғарту үшін жырдың негізгі кезеңдеріне кідіріп өту ләзім.

Жырдың басында Маадай-Қара елінің бейбіт өмірі елестетіледі. Алтайдың «көй үстіне бозторғай жұмыртқалайды» дейтіндегі қалпын Қара-Құла ханының өктем озбырлығы бұзды. Ол «жердің үстін жемірген, жетпіс ханды «билеген» жалмауыз делінеді. Ертектегідей, оның жаны басқа жерде жасырулы болады. Ал бұған қарсы күресетін жас батыр – Көгедей мергеннің сипаты ерекше әсерлі бейнеленеді. Оның, «жұзі толған айдай, көзі шолпан жұлдыздай, тілі от жалындаі, беліне бесон (елу), аркасына алпыс үйір жылқы жайылғандай» деп мадақталады.

Жас мергеннің ержеткенін жүйелі түрде сипаттау да Алтай эпосын түрік-монгол елдері жырларымен ұндастіреді. Көгедейдің екі күнде «ана», алты күнде «ата» деуге тілі келеді. Батыр баланың бесігі де, иеленген құлыны да, асынған қаруы да ерекше болып көрсетіледі. Бала батырдың ғажайып есекін кей тұста «Мұнлық-Зарлық» оқиғасын еске түсіреді. Көгедейдің бүкіл Алтайды жалмаған Қара-Құладан құтылуы, небір ғаламат тажал кедергілерден аман өтуі, атының «ақыл қосуы» секілді тұстар ертегі сарының сезіндіреді. Қара-Құла бүтіндей билеп алған Алтай елінің халін көрген Көгедей бір сәтте жау зынданынан шығып, еліне диуана киімімен жасырынып келген Алпамыс секілденіп көрінеді. Біз, әрине, бұл арада кейбір оқиғалық ұқсастықтарды айтып отырмыз. Басына каяіп төнгенде Көгедей Тастанақта (тазша балаға) «айналып», елеусіз болып жүреді. Бұл тұс «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» жырында Қозының койшы болып кініп, Карабай еліне келген жерін еске түсіргендей. Қаһарлы Қара-Құла ханының әйелі – жер асты әміршісі Эрликтің қызы Қара-Таади басына жестырнақ пен мыстаның зұлымдықтары жиылып берілген. Елінің азаттығы үшін күрескен Көгедей мерген осындаі айлалы, айбарлы жаулардан күшін, кулығын асырады. Көгедейдің мұншама дұшпанды женуге дейінгі іс-әрекеті үзак, жүйелі әнгімеленген. Бірак Қара-Құланы

женумен Көгедейдін шеккен бейнеі бітпейді. Ендігі оның кас жауы сиқыршы, залым әйел Кара-Таади болады. Сонын торына Көгедей талай рет ілінсе де, айла тауып күтылып жүреді.

Айханның қызы Алтын Қөзгіге үйлену жолындағы кездескен қыындықтар жырда кен баяндалады. Қалындық іздеу сапарында Көгедейге Таусогар, Көлтаусар, Желаяқ, Сұрмерген, Сакқұлақ тәрізді достар кездеседі. Осылардың көмегімен Көгедей Айханның қызы бермеу үшін ойлап тапқан неше түрлі қын сын жарыстарында женип шығады. Эпостың бұл тұсы қазактың «Ертестік» ертегісіне ұқсас екенін әркім ангарса керек.

Айханның еліндегі тойдың көлемі мен көркі орасан өсіреленіп беріледі («Тоқсан жылдай той тойлап, жетпіс жылдай жырғалу»). Қызын Көгедейге қимаған Айхан көп қараулық жасағанымен, айласы іске аспай қала береді («Ер Тарғындағы» Ақша хан, Ханзада хан секілді). Ақырында ата жұрты – Алтайды түгел өз қарауына алған Көгедей жер астындағы жауы Эрликті де өлтіріп, одан қысым көргендерді босатады. Анызы, қиялы, шындығы, өсірелеуі аралас жыр әділеттін женисімен аяқталады. Көгедей мерген өзінің батыр жолдастарымен кекке үшіп, жеті хан (біздегі «жеті қаракшыға» ұқсас) атты жұлдызға, оның, сүйген жары Алтын – Қөзігі Алтын қазық (Темірказық үгымында болса керек) жұлдызына айналышты-мыс. Көгедейдің алтын, күміс жиһазы жердін астына көміліп, малы Алтайда қалынты-мыс. Алтай халқының әдемі аныз-жырының қыскаша желісі осындай.

Біз «Маадай-Кара» жырының кейбір оқиғалық ізін ғана әнгімеледік. Жырдың, бейнелеу жүйелеріндегі кестелерді сөз ету, қазақ эпосымен салыстыру өз алдына жеке әнгіме. Эпостың ен басталғы жолы – «Алыптың жүзі қызыл өрттей» деген тіркестегі «өрттей» деген теңеудің тегі казактағы үгымына жақын секілді көрінеді. Алтайдың кейбір жырларында біздің Ойыл мен Қызылымызды еске түсіретін Ойғылық, Қиғылық деген жер аттары да кездесетін көніл

аударады. Казак, башқұрт арасында кен тараған Жиренше туралы аныз, әнгімелердің алтайлықтарға таныс болуы да мәнді мәселе. Көптеген жыр жолдары, ыргағы, үйкасы жағынан казақ, қыргыз эпосымен сарында. Бұл айтылғандар біздің халықтарымыздың фольклор қорында қашшама ұқсас суреттер, уақығалар, ертегі, аныз сарыны жатканын сездірсе керек.

### III

Тұысқан Алтай халқының бүтінгі өмірі мен мәдениетінде, әдебиетінде көзге түсетіндей табыстар аз емес. Алтай республикасы орталығында педагогтік институт, бірнеше техникум бар. Оларда орыстармен, алтайлықтармен бірге қазактар да оқиды. Алтай тілінде республикалық газет «Алтайдың чолмоны» шығады, кітаптар басылады.

Көрнекті Алтай каламгері Еркемен Палкин – әрі ақын, әрі прозаисти. Оның бірнеше кітабы орыс тілінде басылып шыққан. Алтай жазушыларының тағы бір көрнекті өкілі – Аржан Адаров алтай тіліне I.Есенберлиннің «Қаһар» романын аударып жариялаган. А.Адаровтың олendor жинағы казақ тілінде де (1922) басылған. Қазіргі алтай жазушыларының жетекші легінде Лазарь Қокышевтің, Борис Уқачиннің, Паслей Самықтың да аттары аталауды. Бұлардың қай-қайсысы да каламгерлік борышын жақсы түсінетін, әлемдік әдебиеттен мол хабарлар жандар. Алматыдағы Азия-Африка жазушыларының конференциясына (1973), Қазақстандағы әдебиет күндеріне (1974) қатысқан алтай жазушылары өз асерлерін макала түрінде орыс, алтай тілдерінде жариялаған. Ол макалаларда казак халқының атына жылы лебіздер көп. Мәселен, Паслей Самық «Ұлы Абай елінде» атты екі макала жариялаган.

Ғылыми зерттеушілік саласында да алтай әдебиетшілерінің жетістіктері аз емес. Ал фольклорды жинау, жариялау, зерттеу жонінде филология ғылымының докторы,

#### IV

Алтай өлкесінің бірнеше аудандарында қазактар тұрады. Олар орыс, алтайлық, тағы басқа халықтармен бірге өлкениң экономикасы мен мәдениетін өсіруге өз үлесін қосып келеді. Қазақтардың деңі Алтай республикасының Қосағаш ауданында. Сондыктан өлке адамдары бұл ауданды өз ерекшелігі бар үлттық аудан деп таниды. Қосағаш ауданы Алтай тауарының ортасындағы үлкен алқапты алып жатыр. Аудан жері Оңтүстік Монголиямен, оңтүстік батыста Қытаймен, батыста Шығыс Қазакстанмен, шығысында Тува республикасымен шектеседі. Монголияның қазактар тұратын Баян Өлгій аймағымен бұл аудан іргелес жатыр. Қытайлар шекарасын тас бекітіп алғанға дейін бұл өлке адамдары жапсарлас Шығыс Түркістан жерінде жатқан өз бауырластарымен де қарым-қатынас жасап тұрған екен. Бұл күнде ондай байланыс тыбылған, шекараның ар жағындағы миллионнан артық казак елінің хал-хабарын, ахуалын білуғе мүмкіндік жок.

Алтай өлкесіне қазақтардың көшіп келіп, қоныстану тарихы арнайы зерттелген емес. Құйма құлақ қариялардың айтуынан бұл өлкеге қазақтардың орын тебу шежіресі бірсызыра аныктаға түсетіндей. Қосағаш ауданының азаматтары Нәби Тұратбаев, Қабди Омаровтар өздерінен бұрынғы ұғымтал кісілердің айтуына сүйеніп, Таулы Алтай өніріне қазактар бұдан 100-120 жыл бұрын көшіп келген дейді. Бұл пікір жеке адамдар шежіресін қуалап келгенде де дәлелдене түседі. Осы болжамның дұрыстығын жасы жетпіске келген қария Сәдуақас Керейбаев та қостайды. Біз Қабди Омаровтың аузынан бұл аймакка Орта жүз найманың Қаратай әулетінен тараитын елдің қалай орналасу тарихына байланысты азыз әнгімені жазып алдық. Ескілікті шежірені біледі деген кісілердің қай-қайсысы да бұл мәселеде бір-бірінен онша алшақ кетпелі. Біздін бір түйгөніміз – қазактар бұл алқапқа жаугершілік не жүтшілік кезінде келген емес,

ата-коныс Шығыс Қазакстанға малын сыйғыза алмай, кен жайылым іздел, өз еркімен көшкен. Бұдан ел үшін кен жер, жайылым қаншалық қымбат болғаны, қазактардың жердүниеге тарап кетуінің бір үштығы аңғарылғандай болады. Мұның бәрі зерттелуге тиіс нәрселер. Қысқасы, Алтай өлкесі, оның ішінде Таулы Алтай қазағының тарихы, этнографиялық ерекшелігі арнаулы ғылыми тексерулер тақырыбы екені анық. Егер бірер тарихшы не этнограф бұл тақырыпқа кол артса, аса қызығылтықты мағлұматтар табатыны сөзсіз.

Бұл елде бұрын белгілі ақындар, «қара қылды как жарған» шешен, білікті билер өмір кешкен. Жұрттың айтуынша, олар кезінде жиын, тойдың, мерекенің гүлі болған, артына елеулі мұра қалдырган. Бірақ өкінішке қарай, сол мұраны жинап, зерттеушілер жок. Қосағаш жерінде жасаған Мақажан, Қалданбек, Жолды, Сонғыбай секілді ақындардың атын ел күні бүгінге дейін айтып отырады. Бұлардың өлең сөзінен біраз мағлұмат берген Қасен Нұғыманов пен Шайзада Құтбаев болды. Әсіресе Қасен қария жадында ақындар жырын көбірек сактаған. Осы кісінің айтуынан Тауданбек пен Жолдының қыска айтысын, Мақажанның шежіре өлеңін жазып алдық. Әлбетте, біз Таулы Алтай облысында ескілікті сөздерді билетін адамдарды түгел іздестіре алғанымыз жок. Ауыз әдебиеті мен жеке ақындар қалдырган қазынаны ыждағатпен тірнектеп жиу керек. Ел ішінде шашырап жатқан өлең байлығын бірер кезекте тауып, сарқып жазып алу мүмкін емес. Сол үшін Алтай қазактарының әдеби мұрасын жинақтауға, тексеруге бел буып кірісетін талапкер кажет.

Қазакстанмен ұзак жылдар бойында байланыстын жокқа тән болуы бұл елдің әдеби, көркемдік дамуына кедергі келтірген. Бір заманда көп ақындар тудырган, сөзді өнер деп таныған елдің ішінен дарынды жастар шықпауы мүмкін емес қой. Мәселе сол ларының көзін ашатын жолдарды қарастыруда болып отыр. Мұның бір жолы бұл елдің ақындары жасаған шығармаларды жинап, оның таңдаулыларын жариялау болмак.

Бұған Казакстан ғалымдары, жазушылары ат салысса, іс оның келетіні анық.

Қосағаштағы найман елінің көне күйлерін тартатын, өз жаңынан күй шығаратын адамдар да кездеседі. Соның бірі – Байзын Сатқанбаев. Ол «Желіс күй», «Қос қүрен», «Төремұрзан», «Аксақ құлаң», т.б. күйлерді орындайды. Байзын аксақал ескі күйлерді осы өлкенін бұрынғы домбырашылары Бейсенгали, Қадыш тартқан деп есептейді. Байзының өз күйлері де бірталай. Солардың қатарында «Куаныш», «Сағыныш», «Автобус», «Толқын», «Самолет» секілді шығармалар бар. Бұл күйлердің кейбіреулерін белгілі музыка зерттеушісі Болат Сарыбаев жазып алған екен. Дегенмен, Байзын Сатқанбаевтың бірсыныра күйлері әлі де болса зерттеушілер ілтишатына ілінбеген. Оның туындылары қазіргі заманын музыкалық фольклоры ретінде өте қызығылтты. Байзын Сатқанбаев – Шығыс Қазакстанның күйшілік дәстүрін жалғастырушы, орындаушы әрі жана шығармалар авторы.

Жастар арасынан музыкаға қабілетті жандардың аз еместігін аңғардық. Еншіп домбыра тартатын, ән салатындар әр ауылдан дерлік кездесетіндей. Солардың ішінен көзге түсken екі есімді бөліп айтқымыз келеді. Біз Қосағаш ауданының Калинин атындағы колхозына келген кеште үйлену тойына тап болдық. Сол кеште домбыра мен аккардеонда бірдей әдемі ойнап, елдің өлең айтуына, би билеуіне, хор бастауына сүйемелші, жетекші болған жас дарын Әмеш Сатаев ерекше дараланып көрінді. Қазақстанның концерт бригадалары сирек келетін, радио хабары жетіспейтін алыс Алтай елінің ән сүйер қауымына осы Әмеш сиякты тойдың ғулі болатын адамдар керек-ақ екенін аңғардық. Бізді жақсы талабымен сүйсіндірген жастың бірі колхоз мұғалімі, математик Әлібек Шотпанов болды. Ол үйрімеге қатысып, өзінше музыкалық хат жазуын үйренген. Қазақша тіл мен әнді аса жетік біле бермейтін ауыл жастары арасында Әлібек секілділер ауадай қажет-ақ екен.

Музыка демекші, Таулы Алтайдың, Қосағаштың халқына жетпей тұрган мұқтаждықтың бірі – музыкалық насиҳат. Бұл өнірge не казакша пластинкалар, не ән кітаптары, не музыкалық аспап келмейді. Әлгі айтқан Әлібек казақ әншілері мен күйшілерінің шығармасын радиокабылдағыштан естіп, магнитофон лентасына жазып алмаса, қазакша естітін басқаша мүмкіндік жок екен. Қосағаш жерінде қазактың музыкалық мәдениеті онша өріс алмай отыр дегенде осы секілді көріністерді мысалға тартамыз. Біздінше, алыста жатқан ағайындарға қамкорлық көрсету жайын Қазакстанның музыка өнеріне қатысты орындары шындалп ойланса жақсы болар еді. Қосағаш ауданының дүкендеріне домбыра деген түсіп көрмепті. Ондағы ағайындар: «Аудан дүкендеріне мың домбыра түссе, бір күнде сатылып кетер еді», – дейді. Алтын емес, алмас емес, домбыра саудасын бір ретке келтіруге болады гой. Қазактар Алтай республикасының бірнеше ауданында тұрады. Қосағаш олардың ен шоғыр жері ғана. Өзге аудандарда тұратын қазақтар өкілін біз Горно-Алтайск қаласынан көрдік. Бір ескерте кетерлігі сол – Алтай қазақтарының шағын бір бөлегі ертеде шоқынғандар екен. Бұдан жұз жылдан астам уақыт бұрын бұл өлкеге көшіп келген қазактың бірнеше ауылын патшалық миссионерлер зорлап шоқындыған. Ал конысынан ауып, Алтай құздарының ішіне панаулауга келген елдің алдынан поптар шығып: «Шоқынбасандар, бұл жерде қалмайсыңдар», – деп шарт қойған. Барап жері, басар тауы қалмаған аз ауылдар амалсыз шоқынуга мәжбүр болған. Шоқынудың белгісі – мойнына крест тағынған, аты, фамилиясы колдан өзгерітілген, ішкілікке ертерек үйренген...

Ұсақ ұлттарды шоқындыру патшалықтың терең ойластырылған саясаты еді. Түпкі мақсат – Азияның тілі, кәсібі, салт-санасы жақын, туыс халықтарын бір-бірінен бөлшектеп, олардың бірлесуге, ынтымактасуға мүмкіндігін жойып жіберу болатын. Діні бөлек болса, өзара жуыса алмайтынын әккі отаршылар жақсы түсінген. Алтай мен Сібірдің ұсақ халықтары: саха (якут), хакас, бурят, алтайлықтар осындаі

максатпен шоқындырылған. Кейбір ауылдар «шоқынбаймиз» деп қаша көшсө де, миссионерлер қыр сонынан қалмай, ақыры ыркына қөндірген. Осында тәсілмен алтайлықтардың да көпшілігі иконға табынатын болып, аты-жөндері өзгеріп шыға келген.

Аты шоқынған дегенімен, казактар үй-ішінде өзара ылғи дерлік ана тілінде сөйлеп келген, кесібі де негізінен бұрынғыша, мал бағу болатын. Біз осындау бауырымыздын бірі – Кусков Шаһзада (Леонид) Геннадиевичпен әңгімелескенімізде, біраз жайға қандық. Оның айтуынша, шоқынған казактар Таулы Алтайдың Усть-Қан ауданы, Черно-Ануйский сельсоветіне қарасты «Путь Ильича» колхозында көп. Осы колхозда жұз елу үй қазақ бар екен. Балалары орысша оқиды. Бұдан біраз жыл бұрын кейбір пәндер қазак тілінде жүрген, бірақ кейінгі кезде бірынғай орысшаға көшкен. Бұлардың ертедегі шоқынғандығынан қалған негізгі нышан – аты мен фамилиясының орысша болып келуі. Сонымен катар барлық қазактың да қазакша қосалкы аты бар. Жоғарыда айтқан Кусков (1948 ж. туған) паспортқа Шаһзада деген қазакша атын жаздырыпты. Бұлардың діни әдет-ғұрпы өте қызық секілді. Шалалау болғанмен, шоқынғанға дейін әлгі қазактар өздерін мұсылманбыз деп келген гой, қазіргі кезде карт кіслер христиан ережесінен ғөрі өздерінін бұрын ұстаған ислам салттарына көшке бастаган көрінеді. Кейбіреулері ораза ұстайды десті. Төңкеріске дейін шоқынғандар өздерін өзге қазактардан аулақ ұстауға тырысқан. Бірақ кейіннен шіркеу, мешіттер жабылған кезде қазактар есқі ағайындығына қайта басқан. Фашистік Германияға қарсы соғыс кезінде қазактар сапынан Совет Одағының Батырлары да шықкан. Солардың бірі – Угрюмов Юрий. Мұның бәрі, әрине, кысқа ғана деректер. Шоқынған казактар тілін, салт-санасын, үй тұрмысын арнал зерттесе, көптеген тың байқаулар табуға болатындей.

## V

Алтай қазактарының өмірінде көп өзгеріс, жаңалықтар кездеседі. Қосағаш ауданы – мал өсіру жөнінен Таулы Алтай республикасындағы табыскер ауданының бірі. Мұнда төрт жұмынга жуық мал өсіріледі. Жер асты тон, ауа райы қатал болуына байланысты бұл өнірде койдың сүккә төзімді жаңа тұқымы шығарылған. Аудандағы тоғыз колхоздың алтауының төрагасы қазақ екен. Қазактар мен алтайлықтардың тілі де, мінезі де жақын халықтар болғандықтан, бір туғандай бол кеткен. Олардың біз қазакпаз, не алтайлықпаз деп өздері айтпаса, не түрінен, не тілінен ажырату қын. Қазактар алтайшаға, алтайлықтар қазакшага ағып түр. Әсіресе шоқынбаған алтайлықтар казактарға өте бейім келеді екен. Олар да қазактар секілді киіз үй тігіп, мал жайылымының қажетіне орай көшіп жүреді. Киіз үй, тұрмыс мәдениеті жөнінде қазактардың алтайлықтарға игі ықпалы тигені бірден байқалады. Шоқынбаған алтайлықтардың аты-жөні өзінше, қазакқа жақын. Жиналыстар мен мәжілістерде қазак та, алтайшаға та екі тілді арапастырып, ағыла жөнеледі. Бізді Таулы Алтай жерінде бастап жүрген алтай жазушысы һем ғалим Сергеев Сергей Каташ өзінін, лекцияларын қатардан түсінгенде: орысша, алтайша, қазакша жүргізіп отырды. Қосағаш халқы екі тілді ғана емес, үш тілді ел болып шыкты.

Жиналыстар шалғай әрі сүйк болғандығынан ба, әлде құшті мұсылман мемлекеттерінің ықпалы аз тигендіктен бе, әйтеүір, бұл өнірде қожа, молда ертеден-ақ кем болғанға ұқсайды. Жастағы ылай койғанда, қариялар аузынан да ислам елдерінде жи естілетін сөздер көп шыға коймайды. Тағы бір өзгешеілі – бұл елдің бұрын төре, сұлтандары болмай, елді өздерінің заңсандары, әкімдері билеп келген. Қазактардың бір бөлігінін христиан дініне оңай өтуіне де бір себеп, олардың ертеден-ақ ислам қағидаларын онша берік әрі жүйелі ұстап келмегендігіне байланысты болар деп шамалаймыз.

Қосағаш елінің салт-сана, тұрмыс қалпында, тарихи даму процесінде бірсыныра қызығылықты өзгешелік бар екенин әр тараған аңғаруға болады. Мұнда қазак елінің ескі кезеңін еске салатын құбылыстар да баршылық. Үй жиһазы, малшылық көсібі, киіз үйі, дастарханы, тағамы көне казак ғұрпына жақын келгенімен, адамдардың рухани әлемі осы заманға сәйкес. Тіпті балаларға ат кою жөнінен де халықтың кенес заманындағы жаңа ұғымдарды қалай қабылдағанын аңғаруға болады. Мәдени, саяси өмірде орын тепкен ұлken атаулардың біразы бұл өнірде адам есімі ретінде қалыптасқан. Мәселен, Қосағаш ауданында жастардың Пионер, Октябрь, Журнал, Приказ, Указ, Газет, Карл, Кремль, Маркс, Совхоз, Съезд, Коммуна, Конституция, Союз, Фронт, Армия деген аттарын естідік. Бұл мәселе тіл мамандарының назарын аударалық. Тағы да бір таң қаларлық нәрсе – реңми қызметке араласқан қазак адамдарының орысша қосалқы аттары бар екен. Мәселен, колхоз бастығы Тәшкен Сейсекеновты елдің бәрі Николай Иванович дейді.

Қазак колхоздарындағы мектептерде бір кезде қазақ тілі мен әдебиеті жеке пән болып етілген екен. Бұл күнде ол жоқ. Тек бірынғай, тұтас отыргандықтан ғана жас балалар қазак тілін біледі. Бірақ олар көркем әдебиет, газет, журнал оқып, сөздік қорын байытпаған, әдеби тілге жаттықпаған. Осы себептен де жастардың кейбіреулері кітап, журнал, газетке енжар қарап дағыланған. Қазақстаннан газет-журнал жаздырып оқытындар тым азшылық. Біз болған үйлердің көбінде қазақша кітап деген көрінбейді. Тіпті, Горно-Алтайск қаласында пединститутының филология факультетін бітіріп, қазір орта мектепте мұғалім болып істеп жүрген мамандардың үйінен де қазақ тіліндегі кітап табылмады. Мұның бәрі ана тіліне деген сүйіспеншілік пен дағдыны қалыптастыру жөнінде бірсыныра жұмыстар істеу қажеттігін байқатса керек. Ол үшін қазақ мектептерінде қазақ тілін, әдебиетін ғана емес, өзге пәндерді де ана тілінде жүргізбесе болмайды. Бірсыныра атапаналар: «Балаларымыз орысша оқымаста институтка түсे

алмайды» деп дәлел айтады. Бұл сөздің жаны бар. Бірақ мектептерде орысша оқытудың сапасы да ойдағыдан еместігі анық. Қосағаштың катал табиғатына өзге жерден келген мамандар көп шыдай бермейді. Сондықтан барлық құш жергілікті кадрлардың мойнына түседі. Орта мектеп бітіргендер Ресей институттарына түсуді талап еткенмен, көбінше оқуға жарамай, ауылға қайтып оралады екен. Ендеше, оқушыларды осылайша әрі-сәрі еткенше, Қазақстан мектептерінің дәстүрімен оқытып,abituriенттерді де Алматының, Қарағандының, Өскеменнің, Семейдің жоғары оку орындарына келетін етуді ойластырса, қайтер еді?

Ең басты мәселе – Алтай Республикасы мен Қазақстан арасында мәдени, рухани байланысты қалыптастыру деп білеміз. Алтай халқының тілі мен этногенезін зерттеу, фольклорын қазақ ауыз әдебиетімен салыстырып қару көп ғылыми сұрауларға жауап бермек. Алтай ғана емес, Хакасия, Тува, Бурятиямен де мәдени, ғылыми байланыс жасау ләзім. Ал, Монголияның Баян-Өлгій аймағы қоғамдық ғылымның барша саласына қажетті тын да қызығылықты материал бере алатындығы күмәнсіз. Түрік халықтарының тілі мен фольклорын салыстыра зерттеуді, шығармаларының тексін жариялауды, олардың өзгешелігін де, ортақ заңдылығын да ашып көрсетуді жаңа белеске шығару мүддесі осындай кең көлемдегі ізденістерді қажет етеді. Бұдан жұз жылдан артық уақыт бұрын орыс ғалымы В.В.Радловтың жалғыз журіп аралап тындырған ісін бұл күнде ғылыми колективі бар Қазақстан, тағы басқа республикалар жалғастырып, дамытып әкетуі парыз. Түрік халықтарына ерте заманнан ата жүрт болған Алтай атырабы тарих мағлұматына тола алтын сандық секілді.

## ӨРКЕНИЕТКЕ ҮЛЕС ҚОСҚАН ЕЛ

Түрік халықтарының құрделі бір бөлегі – үйғырлар жонінде қазақ жүртшылығының билетіні көп емес. Мұның

түрліше себебі барға ұксайды. Біріншіден, үйғырлардың басым көпшілігі қазіргі Қытай республикасының құрамында, Шыңжан-үйғыр автономиялы ауданында тұратындықтан, олар туралы әдеби, ғылыми басылымдар қазақ окушысының көлінде түсे бермейді. Сондыктан да түріктер тарихын салыстырып тексеретін бірен-сарап ғалымдар болмаса, өзгелер бұл елдің бұрынғысы мен бүгінгісінен бейхабар болып келеді. Ал Қазакстан үйғырлары жайында шыққан зерттеулер мен көркем әдебиет шығармаларының насиҳатталузы ойдағыдан дей алмасақ керек. Қазақ пен үйғырдың тілі де, діні де жақын екендігіне қарамастан, бұлардың мәдениетін, дәстүрін өзара таныстыру жолында атқарылған істер тым мардымсыз. Үйғырлардың Қазакстан жеріне көшіп келіп, бауыр басқанына бір ғасырдан асып барады. Осы халыктардың мәдениетіндегі озық үлгілерді таныстыру, кең мағынасында рухани араласу үшін бұл аз уақыт емес.

Қазак және үйғыр әдебиетінің шығармаларын өзара таратып, таныстыруға бағытталған жұмыс мүлде жок демейміз. Кеңестік дәуірде бұл халыктардың кейбір көркем туындылары қазақшадан үйғыршаға, үйғыршадан қазақшага тәржімаланды. Бірақ біз мұны тым жеткіліксіз деп санаймыз. Бір жұмқұриетте қатар тіршілік етіп келген тұбі туыс елдердің бір-бірі туралы білетіні қазіргіден анағұрлым мол болса керек еді. Сөзіміз жалаң болмау үшін мысалға жүгінейік. Қазак баспа – нашрияттарының құрамында ондаған жылдар бойында өз тілінде жүздеген, мындаған кітап жариялаған үйғыр қаламгерлері қазактын сонау Асан қайғы, Қазтуған. Шалқиіздерден басталатын классикалық поэзияның, ен болмаса, антологиялық топтамасын да шығара алмағаны қайран қаларлық. Әлемге данқы жайылған ондаған қазак эпосының бір де біреуін үйғырлар өз тілінде оки алмайды. Тіпті XX ғасырдағы қазак жазба әдебиетінің биік жетістігі – «Абай жолы» роман-эпопеясының үйғыршаға толық аударылмауын да түсіну киін. Бір халық екінші халықтың жанын, рұхын, парасатын танып, кадір тұтуы үшін сол халықтың көр-

кем шығармаларын оқуға мүмкіндік алуы қажеттігі өзелден аян.

Өз кезеңінде үйғыр әдебиетінің құнды ескерткіштері қазақ окушысына кеңірек ұсынылмауы өкінішті. Рухани құндылықтарын білмеген, бағаламаған халықтар мың жыл консы отырса да, бір-бірін толық мәнінде танып, түсініп кадірлейді деу киын. Отken іс өтті, қазір әлгіндей әбестіктер үшін әлдекімдерді кінәлағаннан пайда жок. Мұндай құбылыстың жалпы объективтік себебін іздесек, ол түрік халыктарының сонғы ғасырларда тәуелсіздіктен айырылып, күшті империялардың боланды болуына, жалпы түріктік мұратты ұмытуына, бұлардың арасындағы мықты дәнекер – діннің әлсіреуіне, тегі мен тұбі бір елдердің өзара ынтымағы жарасуына сан түрлі бөгесіндер қойылып келтендігіне байланысты.

Еліміздің тәуелсіздік туын көтеруі алыс, жақын мемлекеттердің тарихын білуді, сан-сала қарым-қатынастарды жанадан қалыптастырып, ежелден аралас-құралас жүрген халыктармен байланысымызды тың сапага көтеруді қажет етеді. Бұл – осы кезге дейін «жақын да болса, алыс» болып келген түрік тілдес елдерге айрықша қатысты мәселе. Солардың бірі – бауырлас жұрт үйғырлар.

Үйғырлар жөнінде зерттеушілер көп ізденістер жасап, бұл халықтың этногенезі, тілі, салт-санасы, ұстанған діндері, жасаған заттық және рухани мұрасы туралы мол дерек калдырыған. Үйғыртанудың бастаулары Клапрот, Н.Я.Бичурин, А.Казамбек секілді көрнекті ғалымдар есімімен байланысты. Тұысқан халықтың ел мен жері, тарихы жайында аса қызығылтықты мағлұматтар жинап, терен, ойлар айтып, орыс, Европа жүртшылығына таныстырыған қазақ ғалымы Шокан Уәлиханов болғанын мактандышпен еске түсіреміз. К.Риттер, В.Радлов, Д.Позднеев, Н.Катанов, Н.Ядринцев, С.Малов, С.Ольденбург, А.Бернштам, Л.Гумилев, Э.Тенишев, С.Кляшторный, Ә.Хайдари, т.б. енбектерінде үйғыр халқының ежелгі дәуірден осы заманға дейінгі өмір белестерінін қырлары мен сырлары

көрсетілген. Қытай зерттеушілерінің бұл тақырыпка қалам тартқандары да үлken шоғыр екені мәлім. Бұлардың жазбаларында үйғырға қатысты соңғы екі мың жылдық тарихтың арналары мен бағыттары анықталған, сак, үйсін, гун кезеңдерінен бергі халдер сөз болған.

Тарихшылардың көрсетуінше, біздін заманымыздың бірінші мың жылдығының акырында Тарим атырабы мен Жонғарияда түрік тілдес рулардың одағы – үйғырлар ірге тепкені анық тұжырым болып есептеледі. Демек үйғыр халқының төл атымен байланысты оқигалар мен күбылыстар көбінесе осы аталған уакыттық мөлшер шенберінде қаралады. Кезінде үйғыр қағанаты (745-840) Алтайдан – Хинганға, Саян қырқаларынан Гобиге дейінгі аралықтағы көптеген түрік тілдес ұлыстардың басын біріктірген. Осы дәуірдің аса құнды куәлігі – қаған Мойын Шор атымен сакталған тас жазу. Үйғыр қағанаты тұсында халықтың негізгі көсібі мал шаруашылығы мен диканшылық болғаны айтылады. Ұсталық, зергерлік, теміршілік, тас қашау, ағашқа өрнек ою қәсібі де дамыған (Краткая история уйгуров, Алматы, 1991). Үйғырлар туларына қасқырдың бейне суретін салатын болған. Бұл олардың түрік ұлыстарымен тотемдік ұғым бірлігінің аса маңызды көрсеткіші.

Ежелгі соғды алфавитінің негізінде өз жазуын қалыптастыруы – үйғыр халқының өркениетке қосқан маңызды үлесі. Осы жазумен ислам дәуіріне дейін көптеген ескерткіш жасалғаны белгілі. Үйғыр жазуын монголдар ғана емес, маньчжурлар да қабылдаған делинеді. Қалмактардың ескі жазуымыз деп жүргендері де тегі жағынан үйғыр жазуына ұласады. Жалпы алғанда Орталық Азияда ескі түрік жазуымен қатар үйғыр жазуы күрделі мәдени қызмет атқарған. Қарахандар мемлекеттігі, Монгол империясы тұсында да үйғырлар қоғамдық, әлеуметтік істерге кен араласкан. Үйғырлар біраз уақыт наймандардың ханы Құшліктің қарауында болғаны да мәлім. Түрік халықтарына ортақ ескерткіш болып табылатын Баласағұн мен Қашғарлының

«Құтты білігі», «Түрік тілдерінің сөздігі» өзгелерден гөрі үйғыр диалектісіне жақын екендігі – туыс жүртттың жазба әдебиет дәстүрі ертеден қалыптасқанының белгісі. Аталған туындылар түрік әдебиетінде бұдан мың жыл бұрын-ак әлемде тенденсі жок шығармалар жаратылғанын сипаттайды. Үйғырлардың жаһандық музика тарихында өзіндік орны бар «Он екі макамы» туралы да ұзак сыр шертуге болады. Сөulet өнерінің де көркем ескерткіштері үйғыр шаһарларында молынан кездеседі.

Еленбей, көп айтылмай келе жатқан мәселенің бірі – үйғырлардың Орталық Азия көлемінде данкты мәдени дәстүр қалдырығандығы, Қытай, Тибет, Үндістанның рухани байлығын түрік, монгол әлемімен байланыстыруға зор қызмет атқарғандығы. Үйғыр оқымыстылары буддалық, манихейлік ғылыми және көркем мәтіндерді (текстерді) өз тіліне аударған. Бұған буддашылардың «Алтын жарық», «Ханзада мен жолбарыс» тәрізді жазба ескерткіштерінің тәржімаланғанын мысалға алуға болады. Ертедегі түрік руналық және үйғыр жазуалары (X-XV ғғ.) Орталық Азия халықтарының мәдени байланыс құралы болған. Үйғыр жазуын өзгелермен катар наймандар да қолданған деген бар (Краткая история уйгуров, 220-бет). Монголдарға бұл жазуды үйреткен Шығыс Қазакстан мен Батыс Монголия жеріндегі Найман ұлысы ханының мемлекеттік іс қағаздарын жүргізіп келген Тататунг деген кісі (Көрсетілген кітап, 235-бет). Кейіннен Тататунг монгол мемлекеттігінің қалыптасу кезеңінде Шыңғыс ханының сенімді адамы болады. Бір мәнбеде: «Шыңғыс хан монгол ханзадаларына өз тілінде үйғыр жазуарымен жазуды үйретуді Тататунгке бүйірған» деген сөздер сакталған. Қытай шежірелерінде Тататунгтен қара таныған шәкірттердің бірі Шыңғыс ханының Хасар деген інісі деп көрсетілген (Аталған кітап, 235-бет).

Құбылай хан заманында (1210-1294) үйғыр білімпаздары қытайдың конфуциялық, тибеттің буддистік діни әдебиеттерін үйғыр жазуымен монгол және түрік тілдеріне тәржімалаған.

Қытай шежірелерінде аудармамен айналысқан үйғыр-буддистердің есімдері аталады екен. Олардың аты-жөндері көбінесе қытайшаланып жазылған, үйғылардың санскрит, тибет мәтіндерін үйғыр жазуымен монгол, қытай тілдеріне аударғаны да айтылады. Сондай оқымыстының бірі – аударғаны да айтылады. Сондай оқымыстының тілін білген. Қарунадас Үндіқытай, Суматра халықтарының тілін білген. Кейбір үйғыр оқырмандары қытай императорының құзырындағы академия мүшесі дәрежесіне көтерілген. Үйғылар монгол және қытай (юань) ғылыми мен мәдениетінің дамуына да үлес косқан. Олар көне үнді ескерткіші «Пантарикишиді» де (бес кітап) аударған, буддалық «Жеті қарақшы» мәтінінің үйғырша нұсқасын жасаған. Санскрит, тибет, қытай тілдерінен аударылған шығармалар саны бұл көрсетілгеннен анағұрлым көп. Зерттеушілер ортағасырлардағы үйғыр жазуы мен тіл монгол мемлекеттерінің, Ирандағы Құлағулар империясының, тіпті Алтын Орданың кеңсе тілі қызметін атқарған деп тұжырымдайды. Келтірілген мысалдар үйғыр мәдениеті мен рухани ескерткіштерінің «көп қабатты» екенін аңғартады. Қай халықтың да шын мәніндегі бағалы туындылары түрлі елдермен араласу, бір-біріне әсер ету, жаңғыру жолымен жасалатыны өркениеттің жалпы заңдылығы болса, үйғыр мәдениетінің Тибет, Қытай, Үндістанмен арадағы байланыстары төрек зерттеуге лайық аса құрделі проблема болып табылады.

Үйғыр халқы бай фольклор мен жазба әдебиет жаратқан. Ауыз әдебиет жанrlарында (ән, өлеңдер, ертегілер, лирикалық және қаһармандық дастандар, тарихи жырлар, аңыздар, әпсаналар, мақал-мәтедер, жұмбактар, т.б.) елдің бастаң кешірген өмір тәжірибесі, болып өткен істерге деген бағасы, үміт-арманы көрініс тапқан. Замандар бойында қытайлық, үнділік, ортаазиялық өркениеттерден нәр алғандығы үйғыр әдебиетінің өзіне хас өзгешелігі. Осылардың ішінде ортаазиялық өркениет (цивилизация) айрықша жемісті іздер қалдырған. Жүсіп Баласагұнның «Құтты білік», Махмұд Қашғарлының «Түрік тілдерінің сөздігі», «Оғызнамеден» бертінгі мол көркемдік

мүлік осы айтылғаның дәлелі. Үйғыр әдебиетінің жеке кезеңі Хиркати, Залели, Наубати (XVII-XVIII ғғ.) сынды шаирлар жаратындыларынан өріс алады, XVIII-XIX ғасырларда үйғыр әдебиетіне жаңа есімдер косылады. Олар: Абдураим Низари, Садыр палуан, Сеид Мұхамед Каши, Молла Шәкір, Біләл Назым, т.б. Бұлардың шығармаларында ірі әлеуметтік мәселелер көтеріледі, көркемдік дамудың жаңа қадамы жасалады.

Мұның жарқын мысалы ретінде XIX ғасырдағы үйғыр әдебиетінің классигі Біләл Назымның шығармаларын алып қарасты болады. Шаирдың ғазал, дастан жинағы қазак ақындары Марғұға Айтқожина мен Абылай Түгелбаевтың аударуымен 1985 жылы жарық көрді. Түпнұсқадан жатық, шебер аударылған бұл басылым қазак әдебиетінің төл туындысындағы оқылады. Біләл Назым – шығыстың классикалық әдебиеті дәстүрін төрек менгерген, үйғыр көркемсөз мәдениетін жаңа биікке көтерген аса көрнекті суреткер. Оның жаратындыларында үйғыр халқының азаттыққа, бақытты өмірге деген аңсары айқын өрнектелген.

Шаирдың ғазалдарында тапқыр түйінделген, аз сөзben көп мағына беретін жолдар мен шумактар жиі кездеседі. Оның халық мұддесіне шын берілген қайраткер тұлғасы «Ара түсіп пакырларға азап шексен, ол бақыт. Көптің жүгін алып өтем Қап тауынан арқалап» деген өлең жолдарынан жарқ етіп көрінеді. Енді бірде бұл ойын ол: «Каруланған кара күштің қаһарынан сескенбей, Ғазалдарым бұзған талай зұлымдықтың қамалын», – деп тұжырымдайды. Сенері де, сүйенері де тұган халқы екенін шаир тағы бірде: «Мені қөзден атса-дағы жүрмін оғын дарытпай, Қасиетті халық барда көрінемін алыптай» деп өршіл, асқақ сөздермен бейнелейді.

Әр заманның катал заңдылығындағы болып келген әкім мен ақын арасындағы керегар алшактық Біләл Назым тағдырының да оралып өтпеген. Ол заманында елді жеп құнықкан құзғын мінезді жылпос басшылармен мәмілеге келмей, әділет, ақиқат сөзін тайсалмай айтқан, сол үшін де көп

1945-50 жылдар аралығында Үйгүрстан бостандық дәмін тата бастағанда түрік ислам халықтары қас жауарының, соның ішінде қанды қол Сталиннің, зұлымдығы салдарынан қайтадан кіріптарлыққа түсті. Аймақтың тұтастығы, жер байлығы, мемлекеттік тәжірибесі, ғылым, білім, экономика көрсеткіштері дербес ел болуга толық сәйкес келіп тұрған үйгүр және казак, қыргыз жайланаған қасиетті мекен Ресей мен Қытайдың өзара ымыраға келуінін құрбандығы болды. Әлемнің әр бүршіндеғи үлттық езгіге түскен бірқатар түрік халықтары секілді үйгүрлардың басынан төуелділік тұманы арылмай келеді.

Шығыс Түркістан мен Қазақстан арасындағы ертеден қалыптасқан дәстүрлі ықтысадтық-экономикалық, мәдени байланыстардың жандана түсіне мүмкіндік мол. Бір кезде қазак ғалымы Шоқан Ұәлиханов Қашгарияның тарихы мен тұрмыс қалпы хақында төрек зерттеулер жазғаны жаһанға мәлім. Сол дәстүр біздің заманымызда жалғастық тауып, кеңеңе түскенін көреміз. Қорнекті тілші ғалым, академик Ә.Хайдаридың үйгүр әдеби тілінің тарихын жазып, үйгүр тілінің әр кезеңдегі даму эволюциясы занылыштарын ашуы түркологияның табысы болды. Ал Ә.Хайдаридың, Қ.Сәдуақасовтың, Т.Тәліповтың қазіргі үйгүр тілі туралы монографиясы қытай тіліне аударылған, Шынжан оку орындарында оку құралы ретінде пайдаланылып келеді. Үйгүр халықтың сан ғасырлық тарихы мен мәдениетін Қазақстанға таныстыруда дарынды ғалым Мұрат Хамраевтың кітаптары пайдалы қызмет атқарған еді. Фылыми, әдеби карым-қатынастардың басқа да қымбат күөліктері аз емес. Мұның өзі жарасымды, табиғи құбылыс. Қазақ пен үйгүр арасындағы салттық, ғұрыптық, туыстық дәстүрлерді жан-жақты дамыту екі халықтың да түпкілікті мұддесіне сай келеді.

Қазақстан үкіметі республикамызда тұратын үйгүр диаспорасына өрдайым қөніл бөліп отырғаны белгілі. Үйгүр тілінде балабақшалар, театрлар, мектептер бар, жоғары оку орындарында үйгүр бөлімдері жұмыс істейді, үйгүр тілінде

республикалық та, аудандық та газеттер шығады, шығыстану ғылыми-зерттеу институтында үйгүр тарихын, тілін, өнерін, экономикасын, этнографиясын тексеретін бөлімдер жемісті жұмыс аткарып келеді. Осындағы игіліктерді ұтымды пайдаланып, халықтарымыздың ынтымағын арттыруға үйгүр зиялыштары ат салысып келеді. Өкінішке қарай, казак, үйгүр бауырластығын ойламайтын, қыныр тартып, бүйректен сирак шығарғысы келетін жекелеген адамдар да кездесіп қалып отырады. Олар ат төбеліндегі шовинистердің қазақ тәуелсіздігі дүшпандарының желіктірігеніне елігіп, «Жау жағадан алғанда бөрі етектен» дегендегі, казак пен үйгүр бірлігінің арасына сына қаққысы келеді. Кейір үйгүр зерттеушілері Қазақстанның тарихын бүрмалап, «орыс тілділер» атынан сөйлейтін топқа еріп, қазак жерін «даулаттың» арсыздыққа баруға шімірікпейді. Бір тәуір жері үйгүрдың озық ойлы зиялыштары ондайлардың кесірлі, киянқы әрекеттерін әшкерелеп, ақиқат сөзін айта алды. Бұған Қазақстанның халық жазушысы, қазіргі замандағы қорнекті үйгүр суреткери Зия Самедидің «Ана тілі» газетінде жариялаған мақаласы мысал. Тарихи замандарда талай рет опық жегізген, сансоқтырған, өзгелерге кіріптарлыққа душар еткен қырықты – түрік халықтарының алауыздығын өршіткісі келетіндер ісін бүгінгіміз бер болашағымызға жасалған қастандық деп біліп, ондай залалды қорнестердің өріс жауына жол бермеуіміз керек. Қазақтың да, үйгүрдың да, басқа түрік халықтарының да жер бетінде еркін өркен жауының негізігі бір шарты – түрік бірлігін нығайту екенін баршамыз түсінетін уақыт жеткендей.

## ЖЫРДА САҚТАЛҒАН СЫР

«Үлкен совет энциклопедиясында» халықтар халықнда былай делінген. «Хақастар – Хақас автономиялық облысында, біразы Тува автономиялы республикасында және Краснояр өлкесінде тұратын халық. 1970 жылғы санақ бойынша, жалпы саны 67 мың. Хақас тілі түрік тілдеріне косылады. Қазан

төңкерісіне дейін минусин және абақан татарлары немесе түріктер деген жалпы атаумен аталған. Өзіндік аты болмаған. Бес тайпалық (качин, сағай, бельтир, қойбал, қызыл) топка болінген, олардың ішінде рулық бөліністер сакталған. Бұл топтар XVII-XVIII ғасырларда Ресей құрамына еркімен кірген. Хақастар православиялық христиандар делингенімен, діні жағынан шамандықтар болды. Этникалық құрамы XVII-XVIII ғасырларда Енисей қырғыздарының түріктер мен самодий, кельт тонтарының араласуы негізінде қалыптастып, халықтың бірігу процесі кеңес өкіметі тұсында аяқталды» (БСЭ. Т. 28. 1978, 170-бет). Бұл қыска деректін ішінде «бұл қалай» дегізетін жерлері де бар. Хақастардың бұрын «өзіндік аты болмаған» деп кесіп айтушылық шындыққа жана спайтын тәрізді. Ресей билеушілері бағындырып алған ұсак халықтардың атын мүлде өзгертіп айтуды дағдыға айналдырғаны, түрік тілдес елдің көбін татарлар деп атағаны белгілі. Бұл ретте хақастарды минусин, абақан татарлары деп келгені түсінікті. Бірақ бұдан жергілікті халық өзінін атын білмеген деген үғым тумасқа керек. Астамшылыққа бой алдырған империя ұқімдарлары аз ұлыстардың атын білуғе құлқы да болмаған ғой. Әйтпесе хақас деген атау кеңес тұсында қалыптасты дегенге кім иланады?

Осы энциклопедияның тағы бір жерінде «Хақастар 8-11-ғасырларда арабтармен, тибеттіктермен және Орта Азия халықтарымен сауда жасап тұрды, олардың түрік (қырғыз) тілінде жазуы болды (Көрсетілген кітап, 168-бет) деп тұжырымдалған. Бұндай қайшылықты, керегар пікірдің орын тебуі кездейсок емес. Мұнан біз жалпы түрік халықтарының, соның ішінде Сібір түріктерінің тарихы жеткіліксіз зерттелгенін көреміз. Әрідегі тарихы құрделі елдердің түрлі жағдай салдарынан тоз-тозы шығып, мемлекеттігінен айрылып, «ұстағанның колында, тістегеннің азуында» кеткендігіне мысал жетіп жатыр. Солардың бірі хақастар болса, бұл күнде олар өз жерінде болашы азшылыққа айналған. Ал азайған, әлсіз жүрттармен ешкім де есептеспейді.

Хақастар жайын тарихи, этнографиялық жағынан шолатын зерттеулер жоқ емес. Дегенмен, ол еңбектер халықтың бүгінгі этникалық санасына талдау бере алмайды. Хақастардың бірте-бірте орыстанып, бір кезде өз атын шынымен жоғалттын елдер катарына қосылатын сынайы бар. Өйткені, бүкіл объективтік жағдай мен бағыт осы құбылысқа әкеле жатқаны жасырын емес. Біз мәселенің бұл жағына тоқталмай, хақастардың түрік әлемімен туысатын терең тамырларына, сан мындаған жылдардың көркем естелігіне – эпикалық аныздауларға сүйеніп сөйлегіміз келеді. Тарихтың белестерін, ескі үғымдар мен салттардың тізбегін, адамдардың, өзін коршаған орта, табигат, қоғам туралы түсінігін ерекше тәсілмен баяндайтын эпос-жырлар аса бағалы мұра. Демек, аныз, миф, ертегі әлемі – халық тарихының өзгеше түрде сәулеленуі, құбылыстарды сомдал, ірілеп, әсірелеп көрсететін көркем күәлік...

Бұл ойымызға хақастың «Алтын-Арығ» («Алтын ару») деген қаһармандық эпосы (Москва, 1988) толық дәлел бере алады. Хақас, орыс тілдерінде жарияланған жыр мәтіні (тексті), эпосқа жасалған ғылыми талдау, түсініктеме халықтың бұрынғы өткен бұлдыр замандарының жанғырығын есіттіргендей болады. Жанрлық, стадиялық жағынан алып қарағанда, хақас эпосы көне архаикалық жыр тобына жатады. Мұнда бертінгі тарихи дәуірлер ақиқаты, нақтылы адамдар мен оқиғалар айтылмаганымен, эпикалық әсірелеу жолымен елдің мәнгі өлмейтін армандары мен ансарлары анық сезілдіріледі. Жинаққа жазылған мақаласында хақас ауыз әдебиетін зерттеуші, белгілі ғалым В.Е.Майногашева халық эпосының жасалу, таралу, сакталу жолдарын және өзгешеліктері жөнінде қызылықты пікірлер айтқан. Ертеде жыр айтушылар (хайджи-нымахчи) жұртты пәле-жаладан, қасқөй күштерден сактайдын киелі жандар болып та есептелген. Анылар тайга «иелері» сапарымызды сәтті етсін деп қайджыларға көбіз тарттырып, ән айттыру үшін өзімен бірге алып жүрген. Эпос қаһармандары сырттан келген

жаулармен ғана емес, жер асты әлемінің жалмауыздарымен, сиқырылы жын-шайтандармен де арпалысады. Елдін тыныштығы мен бүтіндігін корғау сарыны хақас жырларының басты сарыны болып келеді. Мұндай шығармалар киын кездерде халықтың көнілін көтерген, ізгі мұраттың іске асатынына деген үмітін жоғалтпаған. Бұл жырлардың ешқашан ұмытылмай, ескі әуендей заманнан заманға ауысып отыратын себебі осыдан.

«Алтын Ару» эпосында бірнеше дәстүрлі сарын жаңғыртула сез болады. Соның бірі – картайған ханның перзентсіздік зары, кешеуілдеп көрген жас баласының қызығын көре алмай өкінішпен өтуі. Кең магынасында алғанда, бұл ел билейтін мұрагер проблемасы болып шығады. Көз жеткісіз аймақты мекендеген Алып хан елінің билігі қандай адамның колына тиеді деген мәселе халықты толғандыруы табиги. Өйткені мемлекет басына өз қамын алдымен ойлайтын, азаматтығы, кісілігі қалыптаспаған жылпос пысықтың біреуі келсе, елдін азып-тозуы немесе аңдыған дүшпандарының боданына айналуы оп-онай. Сондыктан да халық ақылды, намысты, парасатты патша керектігін айрықша сезінген. Жаһан тарихында талай рет қайталанған бұл сұрау Алып хан жұртының алдына да қойылады. Алып ханның алты жасар баласын тәрбиелеуді мойнына алған апалы-сінлілі екі қыз – Пичен-Арығ пен Ичен-Арығ бұл биік парызды орындалмай, мансап байлыққа қызығып, опасызыңык жолына түседі. Бұлардың кішісі Пичен-Арығ дүниеге көзі тоймай, құнықкан үстіне құнығады, Алып ханның баласын да, оның қолдаушысы Алтын-Аруды да өлтіріп, шет жұрттың бір батырға тиіп, елдін барлық байлығын сыйырып өкетеді. Өз еліне жаудай тиғен, нысапсыз, көздегені тек қана дүние-мұлік болған обырлар қай елде болмаған десенізші! Фольклор мен әдебиет шығармаларында мұндайлардың жексүрін бейнелері жасалған, залым әрекеттері әшкереленген (өз халқын тонаушы арсыз, ұтсыз, туған елінің касірет шегіп, кемдікке душар болғанына сelt етпейтін сатқын мінезділер бұл заманда да бар

фой). «Алтын-Аруда» осы сарын орасан ұлкейтіліп, дүниенің сүмдігі сипатына көтерілген, қанағатсыздық бір тажалға ұрындырмай қоймайтыны ірі кескінделген.

Әлбетте халық санасты мұндай әділетсіздікті кешпейді. Сол үшін ел киялы шындық үшін құресетін құштерді ойлап табады. Алып хан иелігінің талауға түсken кезінде қасиетті Ақ шың қойнауында екі алып әйел – Пиз Тумзух пен Алтын Аруғайынтан жаралып, бейбіт елдің намысын жақтаушы болады. Мұның алғашкысы өліп қалған алты жасар мұрагерді дуамен «тірілтеді». Мына пәни өмірде түйені түгімен жұтып, момын жұрттың тақыр жерге отырғызып, жазаға ұшырамай сыйтылып кететіндер аз емес. Ал эпос өлшемі басқарақ, онда халықтың қан каксатқандар ажал құрығынан құтылмайды, жегені желкесінен шығады. Жырды жаратушы да, айтушы да, тыңдаушы да осы зандалыққа сенген. Осындай сенімнің өзі жамағатшылықты тіршіліктің сәтсіздігінен түнілдірмей, қалайда ақиқат үстем болатынына иландырған, жамандық тасасынан жақсылық іздеуге үйреткен.

Эпоста хандық тактың мұрагеріне калындық тандау аса күрделі мәселе ретінде баяндалады. Ел билеушінің салты бөлек, жат пифылды жау елден қыз алуы орасан залал келтіретін халық талай рет бастан өткергендіктен, мұндай «үйленудің» ақыры пәлеге ұрындырмай қоймайды деп білген. Мәселен, Алып ханның қадірін сыйлагандар оның ұлы Чибетейге елден тандап, әдепті, ақылды, адал қызды әпереді. Ал батырлығында мін жок Құлатайдың теріс жолға түсіп, талай жазықсыз жанды құрдымға жіберуіне оның шайтан тектес бұзық әйелі себепкер болады. Осылайша алыс заманың аныз жыры ел басқарушылардың әйелі өз нәсілінен болуы қажеттігін ел үйтқысы бұзылмауының маңызды шарты деп карағанын көреміз.

Бұғінде көп адамның денсаулығын бұзып, ауруға, сан түрлі кесапатқа душар етіп отырған қырсық – ішкілікке құмарлық зардабы да ескі сарын екеніне хақас эпосы көз жеткізеді. Алып хан елінің фидайы жебеуіші дәстүрді сактау

– халықтың қалыпты өмірін сактау деп түсініп, талай шайқастарда жауларын жер жастандырган Алтын Ару жан күйзелісі кездерінде шарапқа үйір болғаны оны мезгілсіз ажалға душар етеді, ол мас кезінде ешкімге айтпауга тиіс кие қуниясын жария етіп қояды. Осы сырды біліп алған жаулары дүние жаралғалы бері козғалмастай берік тұрған қасиетті Ақ Шыңға өрмелеп шығып, жасырын киені жок қылады, Алтын Арудың өзі де опат болады. Қазақ ертегілерінде кейбір батырдың не ханның «жаны» басқа жерде, тау, құз қойнауында жасырулы тұратыны, аңдыған жау сол жерді тауып қастық жасайтыны айтылатын. Алтын Арудың және жүйрік атының «жаны» жасырулы жер оның өз аузымен былайша сипатталады: «Шырқау бік Ақ Шында алты бөлек алтын кия бар, алтын кияның үстінде алтын бүршікті ақ қайың, алтын бүршікті ақ қайыңның қасында ат басындағы алтын көкеқ, ат басындағы алтын көкектің екі басы бар, он басында менің жаным, алтын көкектің сол басында ақ шабдар аттың жаны бар» («Алтын Ару», 209-бет). Бұл және басқа мысалдар жырдың барлық тіршілік иесінің жаны денесінен бөлек тұрады деген көне нағымға – анимизмге сенген заман туындысы екенін дәлелдейді.

Эпостың көне белгілерінің бірі – бас қаһарманның көбі әйелдер болып келуінен байқалады. Жыр сарыны әйелдердің қоғамдағы орны бік болған дәүірдің – матриархаттың шындығын елестетеді. Алып әйелдердің сұрапыл «соғысы» ұзаққа созылады, олар алты жылдай алысып, жеті жылдай жұлқысады. Мұның өзі «Алтын Арудың» өз бойына замандар сырын жинақтаған «қөпқабаттылығын» әйтгелейді. Эпоста жүйрік ат бейнесі аса тартымды суреттелген. Жүйріктер ел корғаны батырларды ескен желдей, үшкан құстай шабыспен көздеген жеріне жедел жеткізеді. Кейбір дұлдул ат ауыздығына бірнеше шылбыр байлаған болады, олардың бірін тартса, жүйрік ат аспанның биғіне шырқайды, екінші шылбырды козғаса, ат бұлттан аса қарғиды, үшінші шылбырға кол тигізсе, жерге қарай күлдилайды. Адамдар секілді

аттардың да иесі – тотемі болады. Жыр кейіпкерінің кез келген уақытта түрін, түсін, өзгертіп, басқа бейнеге айналуы да магиялық құштерге сенгендей нышаны.

«Алтын Ару» барлық жағынан да қадим дәуір дүниетаннымына бойлатады, көп елдердің эпосында ұмыт болған оқиғалық оралымдарды жаңғырта елестетеді. Жырдың бастапқы жолдарында дүниенің «жанадан жаралған кезі» суреттелуі осыны анғартады. Осы өлең жолдарының хақасша тексті мынау:

Чир пастап пүт парғанда,  
Чылыстар хада төреен полыптыр.  
Ақ чарықтың алтында,  
Арғал чон чуртап пастаан,  
Алты зырлап ос парған,  
Ақ Сынның алты чирде,  
Алты азырлан ах тускен.  
Ақ талай сүғның қазында,  
Арғалығ сын алтында,  
Аймах көп мал оттап турадыр...

Мұның қазакшасы: «Дүние алғаш жаралып, жұлдыздар пайда болғанда, жап-жарық ғалам орнап, халық тіршілік жасаған. Ақ Шынның баурайында, алты кия өрінде, алты жылғаға бөлінген Ақ-Талай судын қасында, бік күздін түбінде, алуан мал оттап жайылған» дегенге саяды.

Қаншама аумалы-төкпелі айлар мен жылдарды бастан кешіргенімен, бір кезде Алып хан орнаткан тәртіп орнына келеді. Негізгі ой – өзіндік салт-санасы, ұфымы, дәстүрі бұзылса, халық бақытсыздыққа ұшырайды, ол кезде елді алдамшы жылпостар билейді, олар ата-бабаның қалдырып кеткен аманатын аяқ-асты етеді, ақырында өздері де кор болады деген тұжырымға тіреледі. Алып хан жұртының адасқан көшін тұра жолға салатын жас батыр Таптаан-Молат (Шыңдалған болат) елін байырғы қалынына келтіруді көздейді. Эпос жас батырдың басына ерлік, өрлік, намыстылық, дүниенің жылтырағына қызықпаушылық, арак, шарапқа

азбаушылық секілді ұнамды қасиеттерді жиып береді. Барлық бүлікті өршіткен жауыз құштер женіліп, халық кең тыныс алады. Бұл – болғанды ғана емес, болуға тиістін айтатын ел мұратының көрінісі. Ҳақас эпосының танымды, тәрбиелік мәні де осында.

Әзінің мазмұны жағынан адамзаттың ертедегі миф, киял, ертегі, әпсана аралас түсініктеріне құрылғанымен, «Алтын Ару» айтпак гибраты бойынша заманагейлік сипатқа ие. Әрбір қауым, мемлекет алдына ізгі максат қояды, бірақ сөз бен іс әрдайым бір жерден шыға бермейді. Көп жағдайда қанағатшылдықты – сұғанактық, әділдікті – алдамшылық, нысапшылдықты – ашқарақтық женип кететін кездері бар. Мұның аты адамшылық пен дүниеконыздық арасындағы мәңгі толастамайтын құрес. Эпос түптің түбінде әділдікке, мейірімділікке, жан, ар тазалығына негізделген қауым ғана мұратқа жететінін уағыздайды. Ҳақас эпосының құрылышы өзге түрік халықтарының, сонын ішінде казак қаһармандық жырларымен типологиялық үндестік танытады. Бұған батырлардың мінездемесі, жекпе-жек ұрыстар, ат шабысы, үйлену тойы, халықтың азаттық қуанышына кенелуі, т.б. суреттері көз жеткізеді. Қайталанып келетін эпитет пен тенеу, әсірелеулер де түрік эпосының ортақ белгілеріндегі. Ақсарай, ак отау, ак шабдар ат, ак шын, ак су, ак ғұл секілді эпитеттер ұнамды ұғымда берілсе, кара су, кара қыр, кара тұлқы тәрізділер бұған көрінше колданылады.

Түрлі сөтсіз жағдайлар салдарынан тарих сахнасынан жоғалып кеткен үлкенді-кішілі халықтар мен ұлыстар аз емес. Солардың тағдырын ҳақастардың басына бермесін деп тілейміз. Дүниеге ондаған әсем аныз келтірген, көркемдік жыр күмбезін тұрғызған бауырлас елдің болашақта тілі, тегі жақын халықтармен ынтымақ, бірлік байланысы қүшіне түсуге алдағы дамуының мықты шарты болып көрінеді.

## ҚҰРЛЫҚТЫҢ ҚІНДІГІНДЕ

Түрік халықтарының бір бұтағы – туvalар (тобалар) Азия қурлығының қақортасын мекендейтін ел. Өзге түріктермен байланысының аздығы соншалық – тобалардың тегі, нәсілі, тілі, діні туралы арнаулы мамандардан басқалар біле қоймайды. Тұбі бірге туысқан бұл халық хақында «Қазақ Совет Энциклопедиясында» (1977, 11-том) және басқа жекелеген еңбектерде аздаған деректер ғана келтірілген. Қазақстан мен Тува республикасы арасында тікелей қарым-қатынас жоқтығы өзара таныс-білістік жасауды қындалатыны белгілі. Оナン да үлкен себеп – түрік халықтарының өзара мәдени байланыс жасаудына ешқандай жағдай тумай келгендей.

Үстірт қарағанда, қазақтар мен тобалар арасында тілге тиек етерлік рухани байланыстар тым аз секілді. Бірақ мәселеге байыпты қараған кісі бұл халықтардың ертедегі тағдыр жолдарының көп ретте ұқсас болғанын көрер еді. Аргы дәуірлерді айтпағанда, тобалар VI-VIII ғасырларда Түрік қағанатының құрамында болғаны белгілі. Демек, осы кезенге тән заттық және мәдени ескерткіштер бұларға да ортақ саналуы табиғи. Өзге түріктер тәрізді тобалар да Орхон жазбаларына мұрагерлердің бірі болып табылады. Этникалық жағынан алғанда, бұл халықтың қырғыздармен, үйғырлармен және түріктенген монгол рулатарымен туыстығы шұбә келтірмейді. 1207 жылы тобалар елін Шыңғыс хан жаулап алады, бұдан кейінгі ғасырларда батыс монгол хандықтарының, жонғарлардың, маньчжурлардың қол астында болады. 1914 жылдан бастап Ресей империясының қарауына өтеді. 1918-1940 жылдар арасында Тува тәуелсіз мемлекет ретінде өмір кешкені оның тарихындағы өзінше бір кезен болып табылады. Тобалардың өзге түріктермен рухани бірлігінің әлсіз болуы ұстанған дінінің – ламаизм – басқалығына да байланысты. Анығырақ айтқанда, күллі түрік әлемін ламаизммен жалғастырып тұрған бірден-бір ел осы.

Тобалардың көне тарихына жаңасты деректер тапшы. Энциклопедиялық сараң анықтамалар олардың отызынши жылдардан бастап латын әліппесін қабылдап, ал 1941 жылдан кейін кириллицаға көшкенін ғана хабарлайды. Сөздік құрамы, фонетикалық ерекшелігі жағынан тобалар тілі өзіне конысы іргелес хакас, алтай тілдеріне жақынырак.

Халыктар мен халыктар, мәдениеттер мен мәдениеттер арасындағы байланыстарды салыстырып текстерудің жолдары көп. Үксастық, үндестік бірде көне заттық ескерткіштерден көрінсе, екінші бір тұста ескі нағым-сенім жағынан ангарылады. Қазақтар мен тобалардың бір алуан рухани туыстығы музикалық фольклор тараҧынан табылғандай екен. Бұған Тува саз зерттеушілерінің еңбектері қызығылтықты дәлелдеме бере алады. Белгілі ғалым З.Қырғыстың «Тува халқының ән мәдениеті» (Қызыл, 1992) деген кітабында көніл аударуга тұратын мысалдар кездеседі. Мұнда халық ауыз әдебиетінің жанрлары, көрнекті ескерткіштері жөнінде де мағлұмат көлтірілген. Олардың кейбіреулері («Ачыты Қезер Мерген») В.В.Радловтың «Түрік ұлыстарының халық әдебиеті» деген топтамасының 9-томына енген. Аталған эпикалық аңыздау бурят халқының эпосы – «Гесермен» сарындас. Сонымен катар «Эртине мерген», «Қанғывай мерген», «Танаа-Херел», «Узун-Ашак», «Алдын Чаагай», «Бай-Боралдай», «Тон-Караты хан» секілді аңыз жырлар – Тува халқының аса қымбатты қазынасы. «Түрік эпосы» деп аталатын ұлан-ғайыр мол көркемдік байлықтың ішінде тобалар үлесі аз емес.

Тобалардың музикалық аспаптары мен орындаушылық дәстүрі жөнінде жүргізілген ізденістер бізге кейбір үксастық ұштығын елестетеді. Сондай еңбектердің бірінде 1894 жылы Берлин халықтану музейінің тапсыруымен тобалардың хомуз (кобызы), чадаған тәрізді музикалық аспаптарының құрылышы мен әуен ерекшелігі сипатталғаны айтылған (көрсетілген кітап, 6-бет). Г.Е.Грум-Гржимайло 1905-1906 жылдарда Урянхай (Оранғай) елкесінсә сапары кезінде буддалық мәресім

аспабы – кентирге туралы естелік қалдырған. А.В.Анохин «Түрік және монгол халыктарының азиялық музикасы туралы» (1910) атты зерттеуінде тобалар мен хакастардың дәстүрлі музикалық аспабы – чатығанды сипаттаған. Кейінгі жылдарда қазак музикалық ансамбльдері құрамына қосылған жетіген мен чатығанның түбірі туыс екенін көргендей боламыз. Қазақ аспаптық музикатану ғылыминың негізін салған отанышыл азамат, профессор Болат Сарыбаев аты үмытылған жетігенде қайта тірілтіп, қатарға қосқанда хакастар мен тобалардағы чатығанды білмеді дей алмаймыз. Б.Сарыбаев шанқобыздың жақсы нұсқалары сахаларда сакталғанын ескеріп, сол үлгін пайдалануды көзделгені де анық. Сан ғасырлар бойында тартылып келген кобызы, шанқобызы, жетігендердің бір емес, бірнеше халықта сақталуы кездесік емес. Мұны бұл халықтардың арасындағы үзілген байланыстардың жанды қуәлігі деп қарауға да болады. Чатыған-жетігенде әуел баста кай халық шығарды деп сарсылып іздеу шарт емес, ен бастысы – бір-біріне тілі, кәсібі, салты жақын халықтардың ортак музикалық аспаптарды пайдаланғандығы.

Көрнекті хакас ғалымы Н.Ф.Қатанов (1862-1922) тобалардың 480 жыр-өлеңін жазып алған. Қазақтың «жыры» мен тобалардың «жыры» бұл елдердің «алыс та болса, жақындығының» белгісі. Тобалардың көптеген өлең катарлары бірыңғай дыбыстардан басталатындығы, өлең тармағының сонындағы үйкас катал сақталмайтыны атап өтілген. Тува жыршыларының (телші) музикалық аспап сүйемелдеуімен айтатыны да түрік халықтарының көбінің дәстүрімен орайлас келеді. Сонымен катар жырды такпактап (сахалар мен қырғыздардағыдей) айтушылық та кең тараған. Зерттеушілер ен мол музикалық «қабат» – шамандық фольклор, көмеймен (хөөмей) айтушылық кең тарағанын көрсетеді. Өлең-жырды көмеймен айту түрік халықтарының ен ескі дәстүрі екені көп мысалдармен дәлелденеді. Бірсыныра елдердің кейінгі кезеңдегі сазында бұл дәстүр сирек кездеседі. Орта Азия

халықтарының ауыз әдебиеті шығармаларын айтушылар ғана бұл үрдісті ұмытпаған. Біз бұдан біраз жыл бұрын Өзбекстанның Хиуа шаһары маңындағы бір кентте бақшылардың өнер-жырын тамашалаған едік. Сонда біздің байқаганымыз – Самарханың, Нұратаның, Бұлыңғырдың, Сұрқандарияның, Наманганың, Қарақалпақстанның жыршылары бір сарынмен, көмеймен айтатындығы. Олардың әуезінде алтай, хақас қайшыларының ыргағымен ұндастік бар. Ең ғажабы сол – Қазақстанның басқа ешбір жерінде жок осы сарын Сыр бойында, Қармақшы төнірегінде сақталғандығы. Мұны кейбіреулер көрші елдердің: Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түркменстан бақшыларының ықпалынан туған құбылыс деп есептейді. Әлбетте, бұл пікірдің жаны бар. Сонда да болса мәселенің түбірі тереңіректе жаткан секілді. Біз Қармақшы өңіріндегі жыршылықтың көмеймен айту дәстүрін ежелгі түрік сазының (қай, қайлау) алыс жаңғырығы деп санауға бейімбіз. Мүмкін, сазды көмеймен айту бір заманда Сыр бойын жайлаған оғыз тайпаларынан қалған сарын болар. Қалай дегенде де сонау Сібір, Орталық Азияны мекендейтін хақастардың, тобалардың, алтайлықтардың күні бүгінге дейін жырды, әнді көмеймен айтушылығы мен Қармақшы термешілерінің сазындағы ұндастік ежелгі дәстүр бірлігінің жалғасы болып көрінеді. Қобыздың (комус) Байқалдан Балқанға дейінгі елдердің көбіне таныс болуы, бұл аспаптың түріктер ғана емес, славяндар арасында да таралуы мәдени ауыс-түйістің тамаша күөлігі болып көрінеді. Шаңқобызын солтүстік Азиядағы сахалардан бастап, қазақ, қырғыздарға дейінгі кеңістіктегі орын алып келуі де осы секілді құбылыс.

Тува аныз, ертегілерінде, өлең, жырларында, салтсанасында, әдет-ғұрпында көне наным-сенімдердің көбірек сақталғанын зерттеушілер атап көрсеткен. Сонын бір тарауы шамандық дүниетанымға саядды. Бұл ретте Тува шаманизмі Сібір мен Орталық Азия халықтарына тән ортақ типологиялық ұқсастық танытады. Бұл, әсіресе, шаман-бақсының қалыптасқан тұлғасынан көрінгендей. Көп елдердің ертедегі

ұғымында шамандар халықты өздерінің сикырлы өнерімен пәле-жалаған, аурудан, апаттан, кесірден корғауыш болып елестеген. Халық киялы дүниенің тылсым, құпия құштерінен, өлім мен қырсықтан құтқаратын ғажайып қабілетті жандарды іздең, бақсы-шаманнан ғана жәрдем құткен. Демек, шамандар адамға залал келтіретін жын-шайтандар кесептесін жоюшы, ауыр кеселдерді емдеп, дуалап жазушы, өлім халіндегілерді «тірілтуші», тәндегі кем-кетікті қалпына келтіруші, алдағыны болжаушы сипатында ерекше күрметке бөлөнген. Шамандар өздерінен бұрын өткен аруактар рухына табынып, содан медет алып, қуат табады делінген. Қарапайым жұртшылық аруактар рухы жеті қат көп пен жерді еркін арапал, адам үшін фидайы әрекеттерге барады деп ойлаған.

Түрік, монгол халықтарының ерте замандардағы наым-сенім ұқсастығын тану үшін олардағы шамандық-бақсылықты салыстыру ақыратқа көз жеткізеді. Бұл тақырыпқа алғаш қалам тартып, күрделі ойлар айтқан – Шоқан Үәлиханов. Кейінгі казақ зерттеушілері осы мәселеге әр кез көніл бөліп отырғанымен, соңғы жылдарға дейін арнаулы зерттеулер туа койған жок еді. Осы олқылықтың орнын білікті фольклоршығалым Б.Әбілқасымовтың енбегі белгілі дәрежеде толтыргандай болды. Зерттеушінің докторлық диссертациясы негізінде жазылған енбегінен бақсылық және бақсы сарындары жөнінде қызығылықты түжірымдар табылады (Б.Әбілқасымов. Телқоныр. Қазактың көне наым-сенімдеріне көткестіктер. 1993).

Тобалар мен қазактардың тікелей мәдени қарым-қатынасын көрсететін құжаттар көп емес. Дегенмен, бұл халықтардың көне дәуірдегі дүниетанымындағы күрделі ұндастіктерді іздеуге мүмкіндік мол. Дамудың, шаруашылық, кесіптік қадім кездегі орайластығына (көшпенделік, рулық-тайпалық бөліністер, тотемдік, анимистік, магиялық түсініктер, т.б.) байланысты туған тарихи типологиялық зандылықтар көп нәрсеге көз жеткізеді. Бұл, әсіресе, шамандық-бақсылық табиғаты мен сарынан айқын

аңғарылғандай. Қазак арасында XX ғасырға дейін сакталып келген бақсылық дәстүр бір кезде Орталық Азия тұріктеріне, соның ішінде тобаларға тән наным-сенімдермен тамырлас болғаны көміл. Әлбетте, бақсылық әр заманда өзгерістерге түсіп отырады. Сондықтан ұлан-байтақ атыраптағы елдерде осы универсальды құбылыс әр халықта түрліше көрініс беруі табиғи.

Бақсылық-шамандық дамудың түрлі тарихи-стадиялық салындарын бастаң кешіргенін белгілі ғалым Б.Г.Богораз-Таннинң төмендегі тұжырымдарынан түсінуге болады. Ғалымның көрсетуінше, шамандықтың «...бірінші және ең ерте стадиясы – үй ішіндегі бақсылық (семейное шаманство). Бұл – шамандықтың рулық қоғамға дейінгі сатысы. Екінші стадияда маманданған бақсылар (шаманы-специалисты) пайда болады. Дегенмен, бұл кезеңде олар өз алдына бөлініп, топқа айналған. Тұқым қуалаушылық жолына да бақсылық әлі түспеген. Бақсылардың арнайы тігілген ғұрыптық киімі жок, дабылдарында да арнайы нышандық белгілер жок құнделікті тұрмыста колданылатын дабылмен бірдей. Бақсылық дамудың бұл стадиясы эскимостар мен чукшаларда сакталған. Үшінші стадия рулық қоғаммен байланысты (мысалы, тұнғыстар, ненештер, нивхлар). Бақсының көмекшісі болады. Бақсылардың әлеуметтік және экономикалық ықпалы бұрынғыдан әлдекайда құшті. Ол енді өндіріске және өнімді белуге жетекшілік етеді. Ерекше бақсылық киімі, ерекше дайындалған дабылы болады. Бұл стадия тайпалық қоғамға немесе ерте таптық қоғамға ұласады (саҳалар, буряттар). Бақсы қоғамдағы мерекелер мен құрбандықтарды өткізуде белгілі бір функцияларды атқарады. Төртінші стадияда дамыған тайпалық және таптық қоғамда бақсылық ыдырап, жоғалады. Бақсылықтың бұл түрі шорларға, әсіресе, қазақтарға тән» (үзінді Б.Әбілқасымовтың «Телқоңыр» кітабынан алынды).

Келтірілген мысалдар түрік халықтарының өзара дәстүр байланыстары әртүрлі сипатта танылатынын дәлелдейді. Ауыз

әдебиеті туралы ғылымда тілі, тегі үқсас халықтардың мәдени жақындық дәрежесін белгілейтін шарттылықтар қалыптасқан. Қайсыбір көркемсөз ескерткіштері елдердің етene туыстығын танытатын тарихи-генетикалық нышанды көрсетсе (қыпшақ халықтарының көбіне ортақ «Қозы Қөрпеш-Баян ұлу», «Алпамыс батыр», «Едіге батыр», т.б.), енді бір топ шығармалар («Сейфілмәлік», «Жүсіп-Зылиха», «Тайир-Зұhra», т.б.) халықтар арасындағы тарихи-мәдени аралас-құраластық нәтижесінде пайда болмак. Ал халықтардың өте ерте дәуірдегі дүниетаным үқсастығын миф, әпсана, рауаят, ертегі, бақсылық сарындарынан көбірек ұшыратамыз. Қазақтар мен тобалар арасындағы типологиялық өрнектер осы айтылған үшінші топқа жатады. Әлбетте, ауыз әдебиеті туындыларының поэтикасында да ортақ нақыштар табылатыны күмәнсіз. Бірақ ол өз алдына арнаулы зерттеуді керек етеді.

## ҚАЗАҚМАНДАР ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Қыргыз халқының жаһанға аты мәлім жыры – «Манаста» тұысқан елдін сан ғасырлар бойында бастаң кешірген оқигаларының сарыны, болып өткен істерге бағасы, дүние-жаратылыс туралы ұғымы, мәнгі өшпейтін азаттық ансары, алдан күткен үміті, арманы мейлінше мол бейнеленгені белгілі. «Манас» эпосының танытқыштық, тәрбиелік, эстетикалық мәні тарихтың өзіндегі терең, қайта оқыған сайын оның жаңа қырлары мен сырлары ашыла береді. Мұнда халық шежіресінің хронологиясы берілмегенімен, көп мәселенің философиялық түйіні, сан алуан құбылыстардың ұлы корытындысы эпикалық аныздау, әсірелеу түрінде көркем жинакталған. Кейде ондай аныздар өмір, қоғам шындығының күтпеген, тосын құпияларына канықтырады. Олардың жаңғырығы жасаған дәуірімен бірге кетпей, кейбір өзгерістерімен қайталанып отыратыны қайран калдырады. Осы тұрғыдан біз «Манастың» дәстүрлі, кесек оқигаларының ішінен бір ғана сарын туралы сез қозғамақпзы. Ол – эпостың

«Көзқамандар» деп аталатын шағын көлемді, бірақ астарлы мәні бар, ерекше қоңіл бөлуді керек ететін тарауы. Эпостың шолып оқығанда көп оқиганың бірі болып қабылданатын көзқамандар хикаясында көрсетілген істер мен мінездердің бүгінгі қыргыз бен казак қауымына да тікелей катысы бардай көрінеді. Ол – халық арасынан жік шығарып, үй ішінен үй тіккен, шет дүшпандардың қолшоқпарына айналып, өз еліне жаудан бетер тиғен опасыздықтың өшкөреленуі.

Мәселенің төркіні түсінікті болу үшін «Манастың» «Көзқамандар» деп аталған тарауының мазмұнына оралайық. Бір қыргын соғыста Манастың әкесі Жақыптың ағасы Үсен қалмактар колына түсіп, тұтқын болып кетеді. Үсен барған жерінде қалмақ әйеліне үйленіп, алты балалы болады. Балаларының тілі қалмақша шығады, түрмисы, салты – бәрі де басқа болып тәрбиеленеді. Міне, осы жағдайды Қанғайдың билеушісі Есен хан пайдаланып, «көзқамандар» аталаған кеткен Үсен балаларын жансыз етіп жіберіп, қыргыз мемлекетін іштен ірітпек болады. Есен хан Манасты ашық шайқаста жеңе алмайтынын білген соң, қырғызды қырғызға қарсы қойып, арам тәсіл қолданады. Есен хан өзінің ішіне мұз қаткан өштігін былайша білдіреді:

Манастың үнін өшірмей,  
Тұман кеппес жерімнен,  
Ойран кеппес елімнен.  
Ашуымды өрт етем,  
Айнымасқа серт етем.  
Қандыбалқ Манасты,  
Ұстап алып келгенге,  
Алтын тәжді кигізем,  
Алтын таққа мінгізем,  
Қалмак пенен манғұлдың,  
Билігін де жүргізем... (Манас, 1961, 250-бет).

Эпос кандай елге де келетін пәленің бір үштығы жат жүрттардан шығатынын баяндайды. Жау мұндай қанқуйлы

қастандығын іске асыруға аты қырғыз, заты қалмақ болып кеткендерді жұмсайды. Мінезі, пиғылы мүлде бөлектеніп кеткен көзқаман-дар туыскандық парызы, елдің киесі, обалсауап дегенді білмей-ді, көздейтіні тек байлық пен мансап болып, қырғыздардың хас жауының қолшоқпарына айналады. Олар туралы жырда:

Манастың қөзін жоюға,  
Қанына қанып тоюға,  
Басын кесіп жеткізіп,  
Есен ханың алдына,  
Сыбаға қып қоюға,  
Ант-су ішіп, у жалап,  
Төрт шошқаны сойыпты, – делінеді.

Көзқаман атанып кеткен туыстары сүмдік ойларын теренге жасырып, Манасқа зар-наласын айтып хат жазады.

Бордай тоздық бұл кунде,  
Малдан біткен тұлікті,  
Шашып, қанғып келеміз.  
Құс ұшпаған шөлменен,  
Ит баспаған белменен,  
Қашып, қанғып келеміз.  
Атамыз бірге имандас,  
Туған деп іздеп келеміз.  
Қабырғамыз қайысты,  
Балтырымыз майысты,  
Батыр, сені қашан көреміз? –

деп шынымен қыргыз елін сағынғандай сыңай білдіреді. Халқының қамкоры, қолбасшысы әрі көсемі Манас алыстан қайта оралған ағайындарын күрметпен қарсы алып, еліме ел қосылды деп куанады, көзқамандардан ешбір жақсылықты аяп қалмайды.

Атсыз келген қалмаққа,  
Арқар аяқ, жez түяқ,  
Ат тұлпарын мінгізді.  
Тонсыз келген манғұлға,

Жағасы алтын, жені жез,  
Қос бадана, торғай көз,  
Оқ өтпес тонды кигізді.  
Катынсыз қелген қалмакқа,  
Қырмызы қойлек, қыпша бел,  
Қыз сұлууын сүйгізді.  
"Малсыз қелген қақсалға,  
Адырда жылқы алабас,  
Арғымак, будан аралас,  
Әр түліктен мал берді..."

Бірақ пиғылы бұзылған, имансыз, дүниеконыз қөзқамандар бұның бәрін місे тұттайды. Олардың ойлаған-бакқаны Манасты у беріп өлтіру, тағын тартып алу, мал-мұлқін белісіп алу болады. Көзқамандар өздерінің ата-тегі қыргыз болса да, қыргызға тән қасиеттің бәрін мансұктағысы келеді. «Қыргыздар неге қалмақша сөйлемейді, Манастың әйелі Қаныкей қонақтарды неліктен қалмак салтымен күтпейді, қыргыздар борсық, тарбаған, аю етін жемейтіні несі» деп құнқілдеседі. Көзқамандар дүлей қараулығын, мұлде жат мінезді жандар екенін сезіп, бұлардан сак болайық дегендеге анқау, мейірімді Манас сенбейді. Ақырында олар Манасты қонаққа шақырып, қымызға у косып береді. Манас көп азап шегіп, әрен дегендеге удын зардабынан айығады. Құзғын мінезді сатқындар тұтас бір елді ойранға ұшыратса жаздайды. Қастандық әрекеті іске аспай, өздерінің ел алдында маскара болып қалғанын сезген қөзқамандар өзара ерекіп, пышақтасып өліп біtedі.

«Манас» жырындағы бір тараудың қысқаша мазмұн желісі осындай. Бізге бұл жат оқиғаның аса үлкен салдарлы мәні де бар секілденеді. Өз елінің, бауырластарының мейірімсіз дүшпа-нына айналған, ақырында халық қарғысына ұшыраган қөзқаман текстестер әр заманда бой көрсетіп тұратын құбылыс тәрізді елестейді. Нақтылы талдап қарасақ қөзқаманшылдықтың жаны сірі, өзіне қолайлы жағдай туса, әр кезеңде қайтадан жанданып, қауіпті құшке айналатын сокпа дерптей

бір тажал екенін анғарамыз. Оның өзіне хас тұракты белгілерін де тап басып тануға болады.

Көзқамандар, ең алдымен, өз халқының тілін білмейтін, сондыктан оны жат санайтын, інгәлап дүниеге қелгеннен ер жеткенге дейін басқа түсінік, пиғылда тәрбиеленген жандардан шығады. Оларға өз елінің асыл қасиеттерінің бір де бірі дарымаған, өзін асыраған, адам қатарына косқан халқының тағдырына дүшпанның көзімен қарап дағдыланған. Тіпті жаратылсынан ақыл-есі бүтін болып туғанмен, мұндайлар өз елінің перзенті болып жарытпайды. Ана тілін білмегендіктен, халқының көnlіндегі мұнды, кекейкесті арманды қөзқамандар сезбейді. Халық даналығы жаратқан небір әсем ән, құдіретті қүй, аталар сезі, гибрат, нақыл бұларға әсер етпейді. Эпостағы қөзқамандар жы-рак жерлерде өскендер болса, қазіргі замандағы олардың «ізбасарлары» – өз елінде жүріп-ақ жатбауыр болып калыптақсандар.

Туған елінің тарихын білмеу, білгісі де келмеу – қөзқаман-шылдыққа тән нәрсе. Олар дүниедегі жақсылықтың бәрі басқа елдерде жасалған, өз жұртында мактаныш тұтарлық, ұлғи аларлық ешнәрсе жоқ деп есептейді, ел намысын жыртқан, азаттық үшін жанын пида еткендері көртартпалар, ел мұддесін аякқа басып, қарақан басының қамы үшін құштілерге бас игендерді болашағын болжаган көрегендер санайды. Бұларға тәуелсіздік деген қасиетті сөздің киелі мағынасы түсініксіз, қарны тоқ болса, барлық мұраты орындалғандай көреді, азаттық, тенденциялардың сөздері көңіл үшін айта салатын нәрсе деп біледі.

Мәнгүрттік пен қөзқамандық бір-бірінен айырмасы үлкен екі түрлі құбылыс. Жау қолында тұтқын болып, қорлық-зорлық атаулының бәрін көріп, миына жазылмастай закым келген, қай елден шықканың, кімнен туғанын білмейтін, тек кеудесінде жаны бар, ішіп-жеуге, қарадүрсін жұмыстарды атқаруға ғана қабілетті мәнгүрттер халі аянышты. Олар – алыс пен жақынды, пайда мен зиянды ажырата алмайтын, өз анасын дүшпан санап атып жіберетіндер. Сондықтан да ел

мұндайларды жадында ешнәрсені сақтай алмайтын миғұла, мәңгүрт деп атаған. Ал көзқамандар акыл-есі ауыскандар емес. Бұлар мектеп, университет бітірген, жоғары лауазымды қызмет аткарғандар болуы да әбден мүмкін. Кейбіреулері талай елдердің тарихы мен философиясын жатқа айтып, жаңғакша шағып беретіндер, әділдік, адам құқы, өркениет, достық, ынтымак, бейбітшілік секілді сөздерді судай сапыратындар. Сырттай қарағанда, мінсіз шешен, сәугегейден бетер білгір, әлем тағдырын өз алақанындағыдай кесіп-пішіп, сынап-мінеп отыратындар тәрізденеді. Бірақ бұлардың жазылмайтын немесе ұзақ емдеуді керек ететін ауруы – туған халқының дәстүрін танып-білуге салғырттығы, сөз жүзінде отанышып болып көрініп, былай шыға бере елдің хас жаутарымен тіл тауып, халықтың тұпкілікті мұддесін сатып жіберетіндігі, ен жаманы – жұртының қадір тұтқан қымбаттарын, тәуелсіздігімізді тәрк етуді көздел отырғандармен ауыз жаласып, соларға арқа тіреп, намысымызды таптап кететіндігі. Мәңгүртер есінен айрылған міскіндер болса, көзқамандар елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қасқунемдер.

Эпостағы көзқамандар мен олардың қазіргі дәуірдегі сарқыншактарын ортақтастыратын тағы бір нәрсе – бұлардың сырты бүтін, іші түтін болып, өздерінің мінез-құлқына, дүниетанымына жақын басқа бір патшалықтың сойылын соғатындығы. Эпостағы көзқамандар:

Қылыштары жарқылдан,  
Садақтары сартылдан,  
Мас болған Манас пакырға,  
Құтырынып, қабынып,  
Коршап ұстап алсак деп,  
Құрбандыққа шалсак деп,  
Басын кесіп, байланып,  
Есен ханның алдына,  
Сүйіншілеп барсак деп,  
Алтын тәжді кисек деп... –

жанын салатын еді. Тағы бір атап көрсетерлігі, көзқамандар қастандық етпек болған адамын өтірік алдарқатып, арак ішкізіп, акыл-естен айыратын. Манасты да пәлеге ұрындыратын у косылған арақ болатын. Заманнан заман ауысса да, бүтін елдің іші-не алалықты әдеби тудыратын сырт күштер де, халықты адамшылық бейнесінен айырып, аздырып тоздыратын арақ-шараптың кесепаты да қазіргі дәуірде қаз-қалпында тұрганын көреміз. Ең қауіптісі сол – осы күнгі көзқамандар жұртшылық қөзіне елдің ен терен мұраттарын шырқырап іздеңдей сыңай байқата біледі, ал шынтуайттап келгенде басына зәредей киындық түссе, лезде жалт бұрылып кетеді. Сөз бен істін бір-бірінен алшақ кеткендігі соншалық – жамағатшылық небір әдемі сөздердің өтірігі мен расы қаншалық екенін біле алмай, дал болады, ақырында мұндай жаппай жалғандыққа еті өліп, қоғамда болып жатқан апат пен опатқа селт етпейтін болып меніреуленеді.

«Манас» жырының көзқамандар оқиғасына арналған тарауы қазіргі заманда орын тепкен кейбір көнілсіз күбылыстардың түп негізін анығырап түсінуге көмектеседі. Осы күнгі көзқамандар да өз елінен шыққан парасат иелерінің қадірін білмейді, еңбекші жұртының адам айтқысыз ауыр халіне қөңіл білмейді, әйтеуір бір майлы жіліктің басын ұстау үшін дәстүрді де, ата-бабалар аманатын да құрбандыққа шалудан шімірікпейді. Олардың иманы – ақша, пайда үшін тілін де, дінін де сатады, өзге діндерге де ауысып кете береді, мәпелеп өсірген ата-анасына қайырымсыз, қайдағы бір жітік пен саяқтың жаман әдеттеріне еліктеїді. Бұл заманда көзқамандар аз ба, көп пе санак жүргізуін мағынасы жок. Қалай болған күнде де қоғам денесіне осындаі бір бейдауа дерт жабысқаны анық.

Қазақ елінің тәуелсіздігін көре алмайтындар іште де, тыста да аз емес. Өзгені өзіне мәңгілік бағынышты етуге күныққан им-периялых піғылдың жуық арада жойыла қоймайтыны түсінікті. Бірақ төтелеп келген ашық жаудан өз араннан шықкан, аты туыс, заты бөлек, тоғышар, шала қазак,

дұбаралардың залалы кем сокпайтынын ел-жүртімымыз әлі де түстеп танып білді дей алмаймыз. Отандастарымыз өз арамызда жүрген, мұратын киып жіберетін, елге опасызыдығына үлмай, қайта өздерін озық өркениет жаршылары деп қарайтындардың осы заманның көзқамандары екенін таныса, олардан сактанудың жолын да іздел табар еді.

## БІР КІТАПТЫҢ ЕКІ БЕТИ

### I

Ежелгі Тұран жерінде ғасырлар бойында жасалған ұлы мәдениеттің мұрагері болып отырған туысқан өзбек халқымен өзара байланысымыздың жана сипатқа ие бола бастауы – тәуелсіздік алған дәуіріміздің нақтылы жемістерінің бірі. Құні кешеге дейін Өзбекстан да, Қазакстан да ұлттық даму максатын көздел, бірінде бар иғлікті екіншісі қабылдан, рухани байып, үлken мұраттар көздел тізе косып қимылдай алған жоқ. Сондықтан окта-текте өтетін онқұндіктер мен мәдениет күндерінде достық, ынтымақ туралы айтылатын сөздердің шындығы да жартыкеш естілетін. Қазактың да, өзбектің де ішкі сыры мен арманы түйік қалпында калып, тосырқаушылық пен жатырқаушылық ұлғая түскендей болатын. Екі халықтың зиялы қауымы бірінің тіліндегі әдебиетті екіншісі түпнұсқадан оки алмайтындей халге жеткен еді. Өзбек тіліндегі шығармалар қазашага, қазак әдебиетінің туындылары өзбек тіліне көбінесе орыс тілі арқылы аударылып келді. Ал Қазан төңкерісіне дейін ортаазиялық түрік тілінде жазылған кітаптар мен қолжазбаларды қазактың да, өзбектің де, түркменнің де, татардың да қара танитындары еркін оқып түсінген. Қөшпілігіміз үшін сол тілде жасалған мол казына әлі күнге дейін «жабық» күйінде жатыр.

Әсіресе, қырқыншы жылдардың бас кезінде Орта Азия мен Қазакстан халықтары кириллицаға – орыс алфавитіне көшкеннен бері бір-біріміздің жазуымызды оқу киындал кетті. Жаңа алфавитті қабылдағанда туысқан халықтардың зиялы

екілдері бас қосып, әріптер мен басқа да ережелерді өзара келісіп алуға мүмкіндік берілмеді. Орфографиялық, терминологиялық, транскрипциялық ала-құлалықтар барған сайын көбейіп, ежелден бір-біріне етene тілдер бірте-бірте жырақтай берді. Біздің өзбек тарихы мен мәдениетінен білеміз дегеніміз тым жұпымы деректер болып келгенін мойындау керек. «Өзбек – өз ағам» деген қанатты тіркестің тасасында қандай нақтылы мағына жатқанына да көніл көзімен қарайтын кезіміз келді.

Ерте кезде «токсан екі баулы өзбек» деген дақпыртқа ие болған көшпенділер бірлестігі бүгінгі қазақ пен өзбектің арғы тегін құрайтынын зерттеушілер дәлелдеп берген. Сол тайпалар мен рулардың үрім-бұтағы Өзбекстанның барлық атырабында өмір кешіп келеді. Эрине, ғасырлар бойында олардың тілінде, салтында, кәсібінде құрделі өзгерістер пайда болған. Қазіргі өзбектің құрамына түркіленген өзге этникалық топтар мен ерте кезден түрік тілінде сөйлеген жергілікті халықтар да косылған. Сонымен өзбек аталған халықтың тарихы қат-қабат, шытырман екенін көреміз. Өзбектердің музыкасы мен саздық аспаптары тәжіктердегігө үндес екенін айтсак та тарихи-мәдени байланыстың аса құрделі болғаны сезіледі. Самархан мен Бұхара өніріндегі елдер ежелден кос тілді болып қалыптасып, өзбек, тәжік тілдерінде барабар сөйлейтін еді. Өзбектің классикалық әдебиетін жасаған шаирлардың бәрі де осы екі тілде қатар жазып, қымбат мұра қалдырған. Осы дәстүр көп ретте қазірге дейін жалғасып келеді.

Зерттеушілер Науан шығармаларының тілі түрік тайпаларының қайсысының тіліне негізделгенін тексере келіп, «тубірі осы» деп Әндіжан диалектісіне токталады. Бірақ сонымен қатар олар ұлы ақын Орта Азияны жайлаған басқа да түрік рулары мен бірлестіктерінің тілін жете менгеріп, пайдаланғанын мойындаиды, солардың қатарында конырат, жалайыр, кият, барлас, тархан сияқтыларды атайды. Шаир түрік әдебиетінен канша нәр алса, тәжік парсышадан да соншалық үлken ықпал көрген. Науан шығармаларының сөздік

құрамында берісі тәжік-парсының, арғысы арабтың сөздері мен оралымдары жүреді. Ұлы ойшыл ақын тәжік-парсының ұшы-қиырсыз назым-өлең дәстүріне мықтап сүйенген, оның өрнек кестелерін, бейнелі тіркестерін мол қолданған. Соңдықтан да Науай шығармаларын екі үлкен әдеби дәстүрдің – түркітің және парсының көркемсөз жетістігінің қосындысынан туған тамаша құбылыс деп карауға болады. Науай – ескі өзбек тілінде шығарма жазуды бастаушы емес, ілгері дамытушы, жаңа белеске көтеруші. Одан бұрынырақ та, онымен замандас та көптеген шаирлар түрк тілінде жазып келген. Өзбек ауыз әдебиетінің «таза» түркі, ал жазбаша шығармалардың белгілі дәрежеде «аралас» тілінде жасалу үрдісі осындай жағдайда қалыптасқан.

Әлішер Науай өзінің бүкіл саналы өмірін ескі өзбек тілінің шын мәнінде әлемдік деңгейге көтерілген тіл болуы үшін құреске арнады. Халықтарымыз тәуелсіздік алған кезенде ұлт тілінің тағдырын ойлау ен бірінші кезектегі уәзипага айналып отыр. Ендеши Науайдың асқақ мұраты өзбектің де, қазактың да, қырғыздың да, түркменнің де қазіргі шактағы көкейкесті мұддесімен орайлас келеді. Шығармашылық жолының алғашкы тұсында көне дәстүр бойынша парсыша жазуға дең қойған шаир өзінің негізгі шығармаларын ескі өзбек тілінде жаратады. Өзінен бұрын өткен данышпан шаирлар Низами мен Дехлеви салған жолмен «Бестік» («Хамса») жасауға кіріседі. Ол дастандар: «Хайрат-улабар» («Жақсылардың қайраттанауы»), «Фархад пен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Сәбғәй сәйәр» («Жеті кезбе»), «Садди Искандери» («Ескендір дуалы»). Бұл шығармаларды жалпы түркі әлемі өзіне зор мақтаныш санайды. Қазак халқының данышпан ақыны Абайдың өзіне өшпес өнеге көрсеткен шығыс шаирлары қатарында Науай есімін атауының терең мәні бар.

Ежелден туыс екі халықтың арасындағы рухани байланыс әр тараптан көрініс береді. Соның ішінде атап көрсетерлік тағы бір сала – ауыз әдебиеті. Фольклордың епсі, ертеғі, аныз, макал-мәтел секілді жанрларындағы үксастық пен үндестік

тілті мол. Олар халықтарымыздың арасындағы тарихи-генетикалық, тарихи-мәдени қарым-қатынастардың құрделі болғанын байқатады. Құллі шығыс әлеміне атағы мәлім «Сейфілмәлік», «Таһир-Зухра», «Бозжігіт», «Жұсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн» сынды дастандар да ортак байлығымыздай. Қазактың классикалық қаһармандық эпосы «Алпамыс батырдың» өзбектер арасында да данққа бөлөніп отыруы осы жырды шығарушы, айтущы, дамытушылар қазак, өзбек құрамындағы рулар екенін дәлелдейді. Ертеде өзбектер той үстінде «жар-жар» айтқаны, домбыра, қобyz төрізді саздық аспаптардың күні бүтінге дейін өзбектер арасында сақталып келуі халықтарымыздың бір кезде «қазақ-өзбек» немесе «өзбек-қазақ» болып келген кезеңінің күәгерлері.

Қазіргі өзбек шаһарлары мен кенттеріндегі сәулетті ескерткіштердің атағы әлемге аян. Әсіресе Самархан, Бұхара, Хиуадағы көне жәдігерлер әлі күнге дейін ғажайып әсемдігімен көз тартады. Әдетте осы ескерткіштерді кім жасаған дегенде отырықшы елдердің аты аталады да, бұрынғы қошпендерден шықкан өнер қайраткерлерінің есімі ұмыт қалдырылады. Бұл ғылыми әдебиетте сонғы кезге дейін үстемдік етіл келген евроцентристік теорияның сарқыншағы демеске болмайды. Европа ғалымдары Тұрандағы өркениет атаулының бәрін парсылар жасаған, ал түркілер жаулаушылар, қиратушылар деген кисынды сан өuletтін санасына сініргені мәлім. Мұндай тұжырымның жалған екендігін тарихтың өз шындығы бұлтартпас мысалдармен әйгілейді. Бұл ретте Жалаңтөс баһа-дүрдін (1576-1656) атакты колбасылығының үстінен артына өшпес із қалдырган құрылышы болғанын айтсақ та жеткілікті төрізді. Қешпенді алшын тайпасынан шығып, зор дарыны мен қайратынын арқасында сан соғыстарда қол бастап, женіске жеткен, кезінде Самархан шаһарының билеушісі болған Жалаңтөс баһадур әмірімен түрғызылған ғимараттар әлемдік сәулет өнерінің озық үлгілері болып келеді. Самарханның орталығында, Регистан майданында (алаңында) айбынды билеуші салдырган екі

күрүліс – Ширдар (арыстанды) мен Тіллә-көри (алтынмен аптаған) өзінің тіл жеткісіз әсем өрнектерімен көз тартады, адам шеберлігінде шек жок екенін ұқтырады. Жалантөс салдырган тағы бір тамаша мешіт Самарханнан он екі шақырым жердегі Дақбет қыстағында атакты ғұлама Махдуми Ағзам қабірі жаткан жерде. Өзбекстан үкіметі бұл күнде осы мешітті жөндеуден өткізіп, байырғы калпына келтіруге мол қаражат болған. Өзбек тарихшылары Темір Шырынов, Мұхаммед Исамеддинов, Ахмеджан Аулукұлов өздерінің «Хазрет Махдуми Ағзам уә Дақбет» (1994) деген кітабында Жалантөс баһадүрдің Самарханды билеп тұрған кезде жүргізген күрүлістарының каркыны мен көлемін атышулы Әмір Темірдің өрекеттеріне салыстырады. Бұл мамандар аузымен айтылған үлкен баға!

Өзбекстан шаһарларында қазірге дейін сакталып келген заттық ескерткіштердің біразында көшпенді қазақ қабила руладынан шыққан атакты адамдардың үлесі бар екеніне басқа да мысалдар табылады. Біз бұл мәселені айтқанда қазақ, өзбек мәдениеттерінің көп жағдайда бірлесе, бір-біріне тәсір ықпалы тие отырып дамығанын еске салуды ғана көзdedік. Екі халықтың шекарасының ешқашан да «қытай корғанымен» бітмелегені көшпенділер мен отырықшылар арасында өзгеше қызығылқты қарым-қатынастар туғызған, ортак рухани мұра – сәulet ескерткіштерін қалдырган. Халықтарымыздың арасындағы мызғымас достықтың рәміз-символы осындай-ак болар. Біз бұл кезге дейін халықтарымыздың тарихын бөле-жара қарастырып келдік. Шындығында Туркістан халықтарының жасаған мәдени, ғылыми, заттық мұрасында ортактық сипат мол. Мәселен, Орхон-Енисей жазбалары, «Құтадғы білік», «Лұғат ат-турік», «Дивани хикмет» секілді мәнгілік мәнін жоймас ескерткіштер – бір халықтың емес, барша түрік халықтарының қадірлі мұлқі.

Ертедегі үлы ғалымдар мұрасы жөнінде де кен көзкарас үстануымыз шарт. Мәселен, Отырарда туып, ғылым ғарышына самғаған Әбұнасыр әл-Фарабиді тек қазақ шенберінде алып

қаралған аздық етер еді. Кезінде әлемнің екінші үстазы атанған ғұламаны Орта Азияның барлық халқы өзінің ұлы бабасы санауында ешбір ерсілік жок. Фараби заманында Тұранның жұрты бүгінгідей өзбек, қазақ, қырғыз, түркмен, қарақалпак болып бөлшектеніп аталмай, тұтас бір ел саналатын еді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, ұлы ғалымдар Хорезмиді, Бируниді де казіргі Өзбекстан әлемімен шектеп кою ақылға сыймайды. Олардың қалдырган білім қазынасына барша түркістандықтар мұрагер деп есептеу керек.

Келешекте түрік халықтары жасаған көркемдік қазынаны кен насиҳаттайтын болуымыз керек. Мәселен, «Алпамыс», «Манас», «Қобыланды батыр», «Қозы Қерпеш-Баян сұлу», «Едіге батыр», «Көрүғұлы» эпостарын барлық түрік жұрты өздерінің оку программалары мен оқулық, хрестоматияларына енгізуі орынды болар еді. Сондай-ақ, айталақ, Науай, Физули, Мактымқұлы, Абай шығармаларын өзбек, азербайжан, түркмен, қазақ жеке-дара «иеленбей», ортак қазынамыз деп қараса игі.

Түркістан халықтарының арғы-бергі тарихы мен мәдениеттің таныстыратын оқулыктар керектігі де зайыр. Бұл елдердің мәдениетін жақындастыра, өзара таныстыра түсудің бір маңызды шарты бәріне ортак мәдени, когамдық журнал шығару болар еді. Ал ғылымның түрлі саласындағы ізденістерді бірлестіріп, жоспарлы, жүйелі түрде зерттеулер жасайтын Орталық Азия академиясы керектігінде күмән жок. Тұбінде Түркістан халықтарының энциклопедиясы тұтас калпында жарыққа шығатын болар деп үміттенеміз.

1994 жылы әлем жүртшылығы үлы ғалым Ұлықбектің туғанына 600 жыл толуын зор құрметпен атап өтті. Бұл – оның бүкіл адамзат алдындағы енбегін бағалаудың нышаны. Ұлықбек есімі мен енбегі қазактарға ерекше жақын болатын себептер жеткілікті. Тұсы жағынан барлас тайпасынан тараған үлы ғалымның өз енбегін де, шыққан тегін де бұрынғы қазақ зиялыштары жақсы білген. Самархан атырабын жайлаған қазақ руладынан бауырластық жан-жақты

байланыстары болғаны белгілі. Сол себепті Әмір Темірдің де, оның немересі Ұлықбектің де аты мен заты қазақ халқына тым жақын естилетін. Олар жөнінде ел арасында сақталған аныз, әпсаналар да, жазба әдебиет шығармалары да аз емес.

Аса көрнекті ақын Fafur Fұlam қазақ пен өзбектің бауырластығын бейнелі түрде «бір кітаптың екі беті» деп сипаттаған еді. Терендең тексерे білсек, әлі де болса ашылмаған, танылмаған қашама бергтерді параптайды.

## II

Откендегі ұлы ғалымдар мен қайраткерлер хакында халықтың өз түсінігі, бағасы болады. Кейде ондай деректер тарихтың анық желісінен жырақтап, аныз, әпсанана айналады. Бұл арада маңыздысы қандай да болмасын ауызша тараған мағлұмат тарихи істердің нактылықтайды болғандығында емес, халықтың санасында өшпес із қалдырғандығында. Құллі түрік, ислам дүниесінің әулие тұтқан данышпан шаиры Ахмет Иассауи жөніндегі әңгімелер жүздеген жылдар бойында үміт болмай, әулеттен әулетке тараған. Оның пайғамбар жасына келген соң одан аргы әмірді керексіз санағандығы, қалған әмірін жер астындағы қылуестте өткізгені туралы әпсананы естімеген адам кем де кем. Мұның өзі пайғамбар жолының әділдігін насиҳаттаудың ең гибратты тәсілі еді.

Әмір Темірдің Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи мавзолейін салдыру тарихына байланысты аныз әңгімелер өз алдына бір тәбе. Атақты колбасы осы ескерткішті түрғызууды қадағалап, Түркістанға талай рет келгенін тарихи манбелер сипаттайды. Сол келген кездерінде Әмірдің мұнда не істеп, не койғаны хатқа түспегені белгілі. Ал ел арасында ауызекі әңгімелер сақталған. Солардың бірін көлтіреік. Бір жолы алыска жорыққа аттанып бара жатып Әмір Темір Түркістанға соғыпты. Қолбасы жорыққа шыққанда қарапайым кийінеді екен. Қасындағы серіктерімен бір кемпірдің үйіне қонады. Меймандардың кім екенін білмеген кемпір оларға бидай көже пісіріп берген деседі. Жолдан шаршап және ашығып келген

Әмір Темір ыстық көжені іше бергенде аузы күйіп, үй иесі кемпірге: «Шеше, көженіз өте ыстық екен гой», – дегендейді. Сонда кемпір: «Әй, шырағым-ай, көжені бетінен, жауды шетінен алады дегенді білмейтін бе едің?» – деген екен дейді. Жер жаһаның аумағы екі патшалықка аздық етеді деп неше елдерді бірінен соң бірін бағындырып үйренген жаһангер әлгі қарапайым кемпірдің сөздерін естігендеге: «Мынау бір есте боларлық ақыл екен», – деп ойланып қалған дейді. Нактылы әмірдеге дәл осындағы әңгіме болды ма, жоқ па, бірақ бұл арадан Әмір Темірдің халық даналығына құлак түре біletін зеректігі сездірілген.

Қазактың ең көркем жырларының бірі – «Едіге батыр» эпосында Әмір Темірдің аты Сәтемір болып өзгереді. Халық киялды алыста жатқан Темірдің даңқын есірелеп әкеткен. Сонда да болса Әмірдің байтағы Самархан шаһары екенін, оның айбынды колы Токтамыс ханның әскерін тас-талқан етіп женгенин ел естелігі капысыз куәлендіреді. Сәтемір хан есімі бірсызыра аныз, ертегілерде де кездеседі. Мұнан шығатын үлкен бір корытынды сол – Орта Азия халықтары, соның ішінде қазақ халқы колбасы әрі мемлекет қайраткерінің айбарын таныған, қасиетін мойындаған.

Әмір Темір туралы жазба әдебиет куәліктері де елеулі орын алады. Тұран әмірінің ұлылығын аса күшті жырлаған ақындардың бірі Мағжан Жұмабаев деуге лайық. Оның «Аксак Темір сөзі» деген қысқа өлеңі терен мағыналылығымен және бейнелілігімен ерекшеленеді. Әмір Темірдің монологы түрінде берілген шумактар корғасындағы салмақты:

- Жиһан деген не нәрсе?
- Алаканнның аумағы
- Бір ауданда көп тәнірі,
- Болудың тіпті жоқ сәні.
- Тәнірі – көктің тәнірісі,
- Күніренсін, көгін билесін!
- Жер тәнірісі – Темірмін,
- Жеріме ешкім тимесін!

Көк тәнірісі – тәнірінін,  
Тұқымы жок, заты жок.  
Жер тәнірісі Темірдің,  
Тұқымы – түрік, заты – от!

Қазактың аса көрнекті жазушысы Ілияс Есенберлин өзінің «Алтын Орда» деген трилогиясында Әмір Темірдің әмір жолы мен жарқын бейнесін кен де келісті әңгімелеген. Мұндай мысалдарды келтіре беруге болар еді.

Ұлықбек такырыбы да қазақ әдебиетінде көлтен бері орын алғып келе жатканы белгілі. Ол туралы жазба әдебиеттегі жақсы өлеңді түрік даңқының жыршысы, ұлы ақын Мағжан Жұмабаев кітаптарынан табамыз. Атап өтерлік бір нәрсе – сол Мағжан ақын Ұлықбек есімін түрік халықтарының атын әлемге танытқан кайраткерлер катарында атайды. Ақын өзінің «Түркістан» деген өлеңін:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған,

Түріктің тәнірі берген несібі ғой,—

деп бастайды да, Тұранның ұлы адамдарын көкке көтере мадактайтын. Кезінде Шығыстың екінші ұстазы атанған Әбұнасыр әл-Фарабиді күрметпен еске алады:

Түріктің кім кеміткен музыкасын,  
Фараби тоғыз шекті домбырасын.

Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,

Жұбаныш, кім тыймаған көздін жасын?!

Мағжан Жұмабаев Ұлықбекті заманында тенденсі жок ғұлама деп сипаттайтыды.

Тұранды мактамаймын текten текке,

Онызың-ак Тұран таныс талай шетке.

Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен,

Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Қазақ әдебиетіндегі Ұлықбек жайындағы шыгармаларды екі топқа бөліп карауға болады. Оның бірі – ұлы ғалымның даңалығын ардағатай өлеңдер болса, екіншісі – ұлыми

зерттеу енбектер. Алдымен назым өлеңдерге токталайық. Қазақ ақындарының туысқан өзбек халқының ұлы астроном ғалымына деген құрметі шын жүректен шыккан сездер болып естіледі. Олар Ұлықбекті ортақ мактандыш көреді, дарындылығын, мақсаттылығын үлгі санайды. Мәселен, Өтебай Тұрманжановтың «Ұлықбек» деген өлеңінде ғалым әмірінің надандықпен құреске толы жолдары, так пен тәжке қызықпағаны, адамзат иғілігі үшін қалтқысыз еңбек еткені, сол арқылы ел-жұрттының алғысына бөлениген кең айтылады:

О, Ұлықбек! Келіп тұрмын қасына,

Гүл қоюға өз колыммен басына.

Неше ғасыр, неше жылдар өткенін,

Бір өнерпаз жазған екен тасына.

О, Ұлықбек! Аласасың, бійксін,

Бір басына екі тәжді киіспін-

Жердің тәжін кигенменен жер үшін,

Түбінде сен көктің тәжін сүйіпсін.

Караңғылық тәжін киген қаралар,

Ел бойынан арылмаған жарапар.

Қайрай берді қанжары мен қылышын,

Жанталасып жалдап сүмдар – жан алар...

Сен адам ен бұзбады тәж сананды,

Сүйе бердің бұрынғыдай адамды.

Ғашық болып «Зұhra қызға» – жұлдызға,

Байқай алмай қапсың кас пен жаманды.

Қан көксеген қара жүрек арандар,

Сәлдесі үлкен салпақ құлақ надандар.

Тұзак құрып, қадамына қақпан сап,

Құртуға асық болды сені арамдар.

Жұлдызды ойлат ағартыпсын шашынды,

Жердегі сен ұмытыпсың қасынды,

Сенен тартып жердің тәжін алам деп,

Кесіп алды-ау жұлдыз тәжді басынды.

Сонан бері қанша заман өтініті,

Жалмауызлар жерге кіріп кетіпті.

Сені ғасыр канатына мінгізіп,  
Жарық, нұрлы өмірге алып жетіпті.  
Жас жарапдар жиналышты қасына,  
Жұлдыздан тәж кигізіпті басына.  
Кафедрада дәріс оқып тұрсын сен,  
Бар үрпактың ғылым құған жасына.

Осы жолдарда Ұлықбектің патшалық тәж бен ғалымдық тәжді қатар ұстаганы, дүшпандарының қолынан мерт болғанымен, ғылымдағы ұлылышы оны мәнгілік тұғырға қондырғаны әдемі бейнеленген.

Көрнекті өзбек жазушысы Әділ Якубовтың «Ұлықбек қазынасы» деген романында осы халдер кең баяндаптаны қазақ оқушысына жақсы мәлім екенін жол-жөнекей айта кетейік. Ә.Якубов романында Әмір Темірдің немересі, ұлы ғалым әрі үкімдер Ұлықбек өмірінің фанатик діншілдер қастандығы мен өз баласы Әбдуләтіптің қара жүрек жауыздық әрекеттерінің кесірінен тактан тайған, жендептер қолынан өлтірілген ақырғы кезеңі, туған әкесінің қанын мойынына арқалап, биік мансапка колы жеткен Әбдуләтіптің елді дүрліктірген қыска да қаныпазер билеушілік «дәурені» сөз етілген. Шығармада адамдық пен зұлымдықтың арасындағы әзелден келе жатқан толассыз шайқастың нақтылы тарихи ситуацияларға негізделген бір үзілін көреміз. Колында билігі тұрған, ұзак жылдық ел басқару тәжірибесі бар әрі халқына жақсы аты шықкан Ұлықбектің мерт болуын көрсету қаншама терен шындықтарды ұрымтал тұсынан таныстыруға жараған. Бұл арада ескірмейтін бір ақиқат – заманындағы бел алған сенімдер мен нағымдарға қайшы келсе, кім-кімнің де басы қатерге ұшырайтыны шиншыл ашылған. Айналасындағы жәһіл діндарлар мен тойымсыз дүниеконыз атқамінерлер, мансапкорлар одағы аспан әлемін ақылмен болжап, сикыр дүниенің сырын білген ғұламаның ғұламасы Ұлықбектің өзін трагедияға ұшыратады. Нағыз ғылым жолы жалғандықпен, жасандылықпен мәмілеге келмейді, сол үшін де ондай жолға шындықты пір тұтқан, тәуекелге бел буған, ойы мен сезімі таза кіршікіз жандар ғана бара алады,

«Ұлықбек қазынасы» романының үлкен бір тағылымы – осы. Ғылымды саудага салып, әр патшаның тұсында пікірін өзгертіп, сан құбылатын ғалымдардың қауіпті екенін көрсете алуы да, кейінгілерге сабак болатын нәрсе. Сонымен қатар ғалымның зор мұраты өзінен сон адап шәкірт, ғылыми мектеп қалдыру екені өшпес есiet болып естіледі. Шығарма мансап жолының көп жағдайда арамзалақ, кісептілікпен ұштасып жататының ұқтырады, дүниедегі ең таза жол енбегіне сәйкес зейнет көрү, басқалардан кулық асырып, сыйбагасына сұқтанбау екенін, қанағатсыздық, нысапсыздық түбі ойран болатынын тарих тағылымы етіп ұсынады.

Осы сарын казак қаламгерлерінің Ұлықбекке арналған туындыларында тұрақты желі тартып отыратыны екі халық әдебиетіндегі дәстүр туыстығын дәлелдей түскендей.

Қазақстанның халық жазушысы Faғу Қайырбековтің ұлы ғұламаға арналған шығармасы биік көркемдік шешімімен ерекшеленеді.

Ол аспанның тұнғиығын бойлады.  
Ұшқыр киял, асыл ақыл байламы.  
Көк әлемнің құпиясын білмекке,  
Өмірінің кетті жыл мен айлары.  
Ол бастады Темір білмес жорыкты,  
Табиғаттың сыр-сипатын мол ұкты.

Ақынның «оның өмірі жұлдыз болып зымырап, Орта Азия аспанында қадалды» деген жолдары тапқырлыкты танытады. Ұлықбектің адамзат көлеміндегі жаңалығын «Сол бірінші көкке колын нұсқаған, сол бірінші көк тұтқасын ұстаган» деген тенемелер арқылы бейнелейді.

Ұлықбек тақырыбына қазактың басқа да бірталай ақындары қалам тартқан. Көрнекті ақын Әбіраш Жемішев «Екі дүние игілігі бұйырған» деген өлеңінде Ұлықбекке тебіреністі, шабытты шумактарын арнайды.

Екі дүние игілігі – ғылым менен білімде,  
Пайғамбардың бұл есietі шын мұсылман ділінде.  
Сол игілік бұйырған жан – ұлы жүрек Ұлықбек,

Данқы жеткен, дәрпі кеткен тарап Қытай, Үрімге...  
Зенгір көктін шымылдығын тас қаранды түнде ашты,  
Жымын қаққан жұлдыздармен жан-жүргегі жаасты,  
Ақ мандаіы айдай болып нұрланды да жарқырап,  
Дұмшелердін дан-дұнынан көкірегін мұн басты...  
Жана берді ол тұтатқан медреселер шамдары,  
Сол шамдардан сөule тарап білім оты лаулады.  
Ұлықбектін жұлдыздары әлемге нұр төгеді,  
Секілденіп Ұлылық пен Мәнгіліктің айғағы.

Белгілі ақын Жаппар Өмірбековтің өлеңінде де бүкіл өмірін ғылым жолына бағыштаған, «уақыттың өлшемін де іздеген, кеңістіктің мөлшерін де іздеген, ақиқаттан құдерін бір үзбеген» білімпаздың нұрлы бейнесі мадақ етілген. Ақынның өлең шумактары ұлы ғалымға деген айрықша құрметтеп туғаны сезіледі.

Көкірегі ғаламдарды шарлаған,  
Көк күмбезін жеті көзі барлаған.  
Оз елінде қарандыны жарық қып,  
Откен екен асқак ойлы арлы адам.  
Ой-қиялды арманменен ұласқан,  
Білгілігі білерімен ұласқан,  
Заманында бұл ғалымнан кім аскан?..

Ұлықбекке арналған еңбектердің бір парасы – ғылыми талдаулар мен таныстырмалық очерктер. Бұларда ұлы астрономың ғылымдағы еңбегі, оның өсken заманы, коршаған ортасы, ашқан жағалықтары, қалыптастырған мектебі жөнінде аса бағалы мағлұматтар келтірілген. М.Ысқаков пен С.Назаровтың «Математика мен математика жайындағы әңгімелер» (1967) деген монографиясында Ұлықбектің ғылымдағы орнын жаһандық қөлемге көтеріп қарағандық байкалды. «...Ұлықбектің ғылымдар тарихында алатын орнының екі түрлі ерекшелігі бар, – дейді авторлар, біріншіден, адамзат тарихында Ұлықбектен басқа ешбір патша ғылымды дамытып, ғалым ретінде кітап жазған емес, керісінше, ешбір патша ғалым болған емес. Ескендір Зұлкарнайын Аристотельден оқып білім алған.

бірақ ғылымта қосқан тырнактай да үлесі жоқ, өмірін жаугершілікпен өткізген» (240-б.). М.Ысқаков «Халық календары» (1963) атты еңбегінде Ұлықбектің негізгі туындысы «Зиджи Гураганиға» кеңінен тоқталып, ғылыми талдау жасайды.

«Великие ученые Средней Азии и Казахстана» (1965) аталаған жинақта физика-математика ғылымдарының докторы Ауданбек Көбесовтің «Улугбек – внук Тимура» деген қөлемді очеркі орын алған. А.Көбесов «Эл-Фараби» атты кітабында Ұлықбек тақырыбына кайта оралып, «Ұлықбек және оның мектебі» деген атпен жеке тарау қосқан. Х.Әбішұлының «Халық астрономиясында» Ұлықбек есімін зор ілтиратпен атап, оны дүние жүзіне данқы жайылған астроном ғұламалар қатарында сөз етеді.

Бұл келтірілген мысалдар қазақ арасында Ұлықбек еңбегі мен атағы ертеден бері кеңінен танымал болып келгенін көрсетеді. Бір гажабы – бұл тақырыпка қалам тартқандардың бәрі де ұлы ғалымды нақ өз халқының перзентідей көріп сөйлейді. Бұлай болуы кездейсок емес. Өйткені Түркістан халықтарының әдебиет, мәдениет, ғылым, өнер тарихы көп ретте бір-біріне тығыз байланысып жатыр. Болашақта Орта Азия мен Қазақстан елдерінің ортақ тарихын жасау міндегі қойылып отыр. Осындағы биік мұратты нысанага алып, бірлесіп еңбек етудің арнаулы жоспары жасалса дұрыс болар еді. Ол үшін бірлескен координациялық орталықтар керек. Түрік халықтары адамзаттың дамуына үлес қосқан ұлы ғұламалар мен ойшылдары бергенін мактанды тұта білуі қажет. Олардың аттарын мәдени, ғылыми мекемелерге койып, ескерткіштер тұрғызуымыз ләзім. Қазақстанның астанасы Алматы қаласында Ұлықбек атына көшө аты берілуі – осындағы ілтираттың белгісі. Бұл бастама жалғасын таба берсе, күба-құп. Орталық Азияда дүниеге келген ойшыл данышпандарды әрбір халық өзіне ғана меншіктемей, ортақ байлығы екенін, мұны тарих та, тағдыр да, дін де, тіл де куәлендіріп тұрғанын мойындауы шарт. Адамзаттың өркениеті тарихында түрік әлемі деген әсем, гажайып күмбез тұрғызылғанын сонда ғана түсінеміз.

## ҚАРАҚАЛПАҚ ҚАЗЫНАСЫ

Кейінгі жылдарда түркі халықтары ауыз әдебиеті мұрасының көп томдықтары шығуы – елеулі мәдени құбылыстардың бірі. Өзбек, татар, башқұрт фольклорының байлығы окушы жүртшылықтың қолына тиіп, рухани игілікке айналды. Қазак ауыз әдебиетінің жүз томдық жинағының он төрт томы жарық көруі де осы бағыттағы қадам болып табылады. Мұндай басылымдардың тілі, тарихы, тағдыры жақын түркі халықтарының бір-бірімен терен тамырластығын түсінуіне де пайдасы зор. Бір кезде патша өкіметінің, одан бергі жерде тоталитарлық жүйенің зұлым саясатының салдарынан өзара байланысы жойылып, бөлшектеніп, бір-бірінен жат болып кеткен туысқан халықтардың «қайта табысуына», ежелгі жақындықтарын еске түсіруіне фольклор өз тарапынан септігін тигізе алатыны көміл.

Осы реттен алғанда бауырлас қарақалпақ халқының жиырма томдық фольклор текстерінің жариялануын бірегей оқиға деп қарастырылады. Қарақалпақтың қазакқа егіздің сынарындағы ерекше жақындығын дәлелдей жатудың өзі де артық болар еді. Ел арасын алыстатқысы келетіндер қаншама тырысып, бұл халықтардан «айырмашылықтар» іздегенімен, ежелгі түбі бірге туысқандық көрінбей, байқалмай тұрмайды. Анық түбірлестікті іздеген адам, қолдан жасалған жалған теориясымқартарға жүгінбей, халық даналығы жасаған ауыз әдебиеті ескерткіштерін оқысын.

Ежелден тағдыры ортақ елдің әрідегі Алтын Орда, Ногай Ордасы түсінідегі тығызың карым-қатынасын сөз етпегенде, қарақалпактар XVII ғасырдың ақырынан XVIII ғасырдың орта түсінінде Сырдария бойында өмір кешкенін айтсак та, түбі бірге туыстықтың сыры біршама айқындалып қалады. Қарақалпақтар Куандария мен Жаңадариядан су шығарып, диқаншылықлен айналысқан. Олар XVIII ғасырда он төрт ру және қонырат деп екі арыска бөлінген. Он төрт ру Қыпшак, Қытай, Манғыт, Кенегес болып, өз ішінен жіктелген. Қонырат

та өз тарапынан жеке топтарға бөлінген. Тәуке ханның түсінінде қарақалпактар казақпен бір бірлестік құрамында болған. Бұдан кейін кіші жүз хандарының қоластына қарайды. Аталған кезеңде Сырдария қарақалпақтары түркістандықтар, ал Түркістан күллі қарақалпақтың ата жұрты делінген. Сырдария жағалауындағы Сығанак пен Жанкент бұл халықтың тарихында маңызды орын алған. Жонғар жаулаушылығы кезінде қазак секілді қарақалпақ та дүшпан шапқыншылығына душар болған. Туыс жүрт XVIII ғасырдың орта шенінде Хорезм жеріне барып табан тіреген. Бұл хәл Жиен жыраудың «Боскан ел» деген дастанында суреттелген. Осы және басқа көптеген мағлұматтар қазақ, қарақалпақ ауызекі әдебиеті үқсастығының негізінде көбінесе тарихи-генетикалық сипат басым жатқанын дәлелдейді.

«Қарақалпақ фольклорының» жиырма томдығында ауыз әдебиетінің барша жанры қамтылған. Бұлардың әр таралтан-ак аса маңызды басылым екенін атап өтуіміз ләзім. Ен алдымен мұнда қарақалпақ халқының есте жок ескі замандардан бері шығарған, жетілген, сан өuletтің сынынан «өткізген» көркемсөз қазынасы топталған. Осы қазынаның қасиетін тұжырымды түрде сипаттар болсақ, бірнеше мәселені алдымен атап айтқан болар едік. Біріншіден, сөз болып отырған көп томдық қарақалпақ халқының сан ғасырлар бойында бастан кешірген ахуалынан мол мағлұмат береді. Демек, бұл кітаптардың ен басты құндылығы халықтың «көркемделген» тарихын елестете алуында деп білеміз. Екіншіден, ауыз әдебиеті жәдігерлерінде халықтың дүниетанымы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, адамшылық дәстүрі мен алдан күткен үміті, дүниедегі жаксылық пен жамандық туралы түсінігі, құбылыстарға берген бағасы көрініс тапқан. Бұл – фольклордың тенденсі жок тәрбие құралы екенін аңғартса керек. Ақырында ауыз әдебиеті шығармалары халық тілінің көні, телегей теніз айдыны екенін көрсетуіміз шарт. Бейнелі сөздер мен тіркестердің, тенеме мен баламаның, нақылдың, канатты сөздің, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіретін макал-мәтедің мысал мен тәмсілдің, терен фи-

лософиялық мәні бар толғаулардың неше алуаны фольклорда екенін бұрынды-сонды білімпаздар айтып кеткені де белгілі. Болғанды ғана емес, болуы мүмкінді, болуға тиістіні аскак бейнелей алатын өртегі мен эпоста, аныздар мен әпсаналарда аскаралы бейнелер жасалған. Мәрттік, адамдық үлгісі қандай, батырлық, кайсарлық өнеге қайсы, тапқырлық, даналық, имандылық шарттары неде деген сұраптардың бәріне де ауыз әдебиеті әділ де ақиқат жауабын берген. Сондай-ақ ел азаттығы мен бақытына кесір келтіретін жаман мінездер мен жексүрін қылықтардың қай-қайсысы да өшкөреленіп отырған. Сөз қадірін, өмір сұлулығын үйретуі, жаксылыққа құштарлықты үздіксіз насиҳат етуі, халықты өршілдікке, өміршендікке баулуы ауыз әдебиетінің көп қырлылығын дәлелдейді.

Әңгіме такырыбы болып отырған жиырма томдықтың жанрлық құрамы жан-жақты. Екі том түгелдей өртегілерден тұрады, бұлардың ішінде киял-ғажайып, тұрмыстық, хайуанаттар жайындағы шығармалар тізілген. Аңыздар, әпсаналар, рәуаяттар, тарихи өлеңдер, эпикалық дастандар, айтыстар, тұрмыс-салт жырлары, халық лирикасы, мақал-мәтелдер, жұмбактар тағы басқа жанрлар қарақалпақ фольклорының ұшы қыры жок рухани қазынасын мәлімдейді. Біз бұл арада осыншама үлкен байлықтың кейбір тұстарына ғана қысқаша кідіреміз, «қазақтың қарақалпақпен туысқандығы, міне мұнда» дейтіндей мысалдарға жүртшылық назарын аударамыз.

Сөзді эпостан бастасақ, алдымен «Алпамыс батырга» тоқталу парыз. Қазак халқының классикалық эпосы «Алпамыс батырдың» аты мен данкы республикамыздың барлық өніріне мәлім. Бұл жыр Қазан төңкөрісіне дейінгі уақыттың өзінде әлденеше рет кітап болып басылып, ауылдан ауылға, ауыздан ауызға тараған. Кеңес заманында, жырдың түрлі нұсқалары ел арасынан жазып алынып, қайта-қайта жарияланып келгені де анық. «Алпамыс батырдың» қазақша, орысша текстері катар беріліп, толық түсініктемесімен басылуы да айтулы істердің катарына косылады. Қазак халқына соншалық сүйікті «Алпамыс батырды» қарақалпак томдарынан оқығанда ешбір

танырқау да, тосырқау да көнілімізге үялаған жок. «Осылай болуга тиіс» деп қабылдадық. Өйткені тарихтан азды-қөнті хабары бар адам қазақ пен қарақалпақты құраған рулар мен тайпалардың көбі бір түбірден тарағанын біледі. Біздің әпсізмымыздың да, өртегіміздің де, аңызымымыздың да сарында, қанаттас келе беретін осыдан. Ал Жиделі-Байсынды жайланаған қонырат елі деген киялдай қызық, армандаған биік эпикалық өлкे әрбір казак баласының жадынан шыққан емес. Бұл күнде кем дегенде жеті-сегіз үлттың құрамында үшшырайтын ежелгі қоныраттардың ен шоғыр жері қарақалпақ екені де белгілі. Қонырат тайпасынан Бердак, Әжінияз, Құнқожа сынды ұлы шаирлардың шығуы да бұл елде эпос, жыр тудыруышы, таратушы, дамытушы дарындардың аз болмағанын анғартады.

Қазак халқының ең көлемді, ең көркем жырларының бірі «Қобыланды батыр» Қарақалпақстанда «Қобылан» деген атпен өртеден бері қанықты. Бұл да осы дастанға екі халықтың ортактығын білдіретін мысал. Өкінішке карай, аталаған жырлардың үлттық версиялары мен вариантының әлі күнге дейін толық салыстырылып зерттелген емес. Негізгі мәселе бұл эпосты белгілі бір халықтың жеке-дара «меншіктеуінде» емес, осылардың өзара ұқсастығы мен айырмашылығын тексереп отырып, үлкен бір ариадан тарағандығын көрсету кажеттігінде болса керек.

«Едіге батыр» дастаны туралы көп айтуға болар еді. Қарақалпақ ағайындар бұл жырдың негүрлым көң тараған келісті екі нұсқасын жеке кітап етіп басып шығарды. Аталаған басылымның маныздылығы «Едігенің» тараулу өрісінің кендігін дәлелдейтіндігінде ғана емес, ең бастысы, бір замандағы Ноғай Ордасы кезінде ноғай, казак, қарақалпақ секілді туыс халықтардың бір-біріне өте жақын қарым-қатынаста болғанын көрсететін тарихи күәлік бола алатындығында. Жырдың осы үш халыққа тән нұсқаларының өзара үндестігін көргенде бұлардың аргы түбірі, бастау бұлағы бір екеніне күмән калмайды.

Алдар Көсө, Жиренше, Кожанасыр туралы ертегілік азыз-дардың қарақалпак нұсқалары да бізге «таныс бейтанастыай» әсер етеді. Қарақалпак косықтары мен салт-жырлары топталған томнан да бізге ерекше етене жанрлар қатары көрініс береді. Олар – тойбастар, айтыс, аужар, сынсу, жоктау, бесік жыры, терме, толғау, т.б. Төрт түлік малға байланысты өлеңдер де казак, қарақалпак фольклорының ортақ байлығындағы тәсір қалдырады. Мұндай сабактастық тарихи өлеңдер тобынан да қылаң береді.

Қазаққа мәлім жырлардан «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Бозжігіт» «Бозұғлан» тәрізді белгілі дастандарды да мысалға келтіруге болады. Қөптеген түрік халықтарының арасына кен тараган атақты «Көрүғлы» дастанының да қарақалпак нұсқасы өзіндік көрік, ажарымен көз тартады. Оғыз халықтарымен тарихи, мәдени қарым-кәтынастардың нәтижесінде тұған дастандар қатарынан «Фарып ашық», «Саят-Хемраны» атап көрсетуге болады.

Қарақалпак халқы тәл тарихының көркем жанғырығы болып саналатын «Қырық қызы» дастаны жеке томда берілген. Бұл жырдың да мазмұны мен мұраты казақ окушысына таныс әпостиң казақшаланған нұсқасы көп тиражбен басып шығарылған.

«Қарақалпак фольклоры» аталған көп томдықтың екі кітабында айтыстар мәтіні (тексі) берілген. Бұдан қарақалпактар арасында текпе ақындықтың жарқын көрсеткіші – айтыстың каншалықты кен дамығаны байқалады. Қазақ және қарақалпак ақындарының бір-бірімен айтысы да бұл томдардан орын алған. Бұған Әжінияз бен Менеш қыздың айтысын мысалға келтіруге болады.

Қарақалпак пен қазақтың тегі мен тағдыры ғана емес, құллі ақындық, шешендік өнер жүйесі, тілдік өлең кестесі, тенeme, баламалары, ой толғамдары, шалқыған биік поэзиялық мәдениеті егіз екеніне бірнеше мысал келтірейік:

Бір дегенде не жаман,  
Білімсіз өскен үл жаман,

Екіншіден не жаман,  
Елеусіз өскен қызы жаман.  
Үш дегенде не жаман,  
Үшкілсіз пішken тон жаман.  
Төрт дегенде не жаман,  
Төрелесіп барғанда,  
Төресін бұзған би жаман.  
Бес дегенде не жаман,  
Белес-белес тауларда,  
Бел майрылса сол жаман...

(IV том, 269-бет).

Міне, сонау жылдарда шекарасын сыйып белгілеп, қарым-қатынасын әдейі тежеп койған, қазір қазақ халқы секілді экологиялық апаттың өтінде отырған бауырлас елдің фольклор тілі осындағы болып келеді. Әрине, ұзақ жылдар бойында тіршілік, саяси бағдар бөлек болған соң, бұл халықтардың тілдерінде кейбір «өзгешеліктер» пайда болуы – табиғи нәрсе. Әсіресе, орыс графикасына негізделген қазіргі алфавитке көшкен кезде қарақалпактың әріп таңбаларында қазақтан «айырмашылық» болуын әдейі үйимдастыру салдарынан жасанды киындықтар келіп шықкан. Орта Азия халықтарының терминологиялық істерін бір жүйеге түсіретін орталық жоқтықтан, жана атаулар түрліше қалыптаса бастаған. Әйтпесе біздің халықтарымыздың ауыз әдебиетінде бір-біріне түсініксіз сөздер кездеспейді десе де болады:

Ай не болар күннен соң,  
Күн не болар айдан соң,  
Арланып ат жүгірмес,  
Арбашы жабы озған соң...  
Жігіт шалқып қыдырmas,  
Басынан дәулет тайған соң.

(Сонда, 274-бет).

Артқы айылдың батқанын,  
Иесі білмес, ат білер.  
Ағайының азғанын,  
Ағайын білмес, жат білер. (275-бет).

Таудан ақкан тас бұлак,  
Күяды барып теңізге.  
Қанша жаман десен де,  
Тартпай коймас негізге.  
(286-бет).

Аға-інің болмаса,  
Арға шаппақ не пайда.  
Тұысканың болмаса,  
Туга тартпақ не пайда.  
(291-бет).

Қарақалпак ғалымдарының көп жылдық қажырлы енбетінің нәтижесінде жарық көрген жиырма томдық «Қарақалпак фольклоры» тұтас бір халықтың сан ғасырларда жаратқан көркемсөз мүлкі болып табылады. Мұндай көлемде ғылыми жүйеленіп, текстері тексеріліп, қарақалпак ауыз әдебиеті түнгыш рет жарияланып отыр. 1977 жылдан бастап шыққан бұл томдардың соғысы 1990 жылы жарық көрген. Осыншама еңбекті сапалы атқарған ғалымдарға қандай алғыс айтса да лайык.

Бұл кезге дейін казак, қарақалпак, қырғыз, өзбек, түркмен тарихы жеке-жеке қарастырылып, олардың бір-бірімен тарихи байланысы көрсетілмей келді. Келешекте ғалымдарымыз атқаратын ен көделі істердің бірі Орталық Азияны жайлап түрік халықтарының тарихы мен мәдениетін тығыз бірлікте қарап тексеру болмак.

## ТҮРКМЕН ТОЛҒАУЫ

Көне шежіреде қазак пен түркменді бір атадан тарататын аныз бар. Ағайынды екі ұлдың аты Сейілхан мен Жайылхан болып келеді, Сейілханнан – түркмен, Жайылханнан қазак тараган делінеді. Аныз бен шындық арасы қаншалық бірлестік табатыны өз алдына жеке мәселе. Қалайда екі халықтың осылайша жақын етіп көрсететін аныздың туу сырты да мулде негізсіз болмаса керек. Ал қандай анызда да ақиқаттың сарыны

жататыны ежелден аян. Түркмен шаирлары өз елін «Сейілхан» деп атап келгені де мәлім.

Түркмен мен казактың құрамына енген рулардың кейбіреулері IX-X ғасырларда Сырдария бойында оғыз-қыпшақ бірлестігі қарауында болғанын да тарих деректері растайды. Коркыт атына байланысты оғыз эпосының алғашқы баптарында дәл осы кезеңнің шындығы елес беретіні де анық. Коркыттың бұл халықтардың қастер тұтуында, оның өміріне қатысты ғажайып қызық өңгімелерді ғасырлар бойында ұмытпай келуінде төрек мән бар. Уақыт өте келе Коркыттың қадірі мен қасиетін түрліше бағалаушылық орын тепкен. Қазақта «Күй атасы Коркыт» делінеді, «Коркыт» атты күй де бар. Біздің маман зерттеушілеріміз бұл сөздердің сырына ой көзімен қарауға тиіс. Коркыт сағанасы замандар колемінде Қазақстанда, Сырдария бойында сақталғаны, тіпті сағананың қираған орнын да жергілікті халықтың кие тұтып келгені – көніл бөлетін мәселе. Осы Коркыт такырыбының өзі – қазак және оғыз халықтарының ғалымдарын бірлесе зерттеуге шақыратын, тарихтың көп құпияларын ашуға бастайтын түбірлі тақырыптың бірі. Қазак пен түркмен қатар жырлап келген «Көрүғұлы» туралы да ұзак тоқталуға болар еді. «Көрүғұлы» тек осы екі халықтаған емес, қарақалпак, өзбек, тәжік арасында да кең тараган. Таңқаларлық тамаша көріністің бірі қазак арасында «Көрүғұлының» тек өзіне ғана тән әуен, сазбен айтылып келгендігі. Құні кешеге дейін бұл жырды тұтас, өз мақамымен орындағытын жыршылар болғанын білеміз. Мәселен, алпысыншы жылдардың акырғы түсында Қызылорда облысының белгілі жырауы Рахмет Мәзкожаевтан «Көрүғұлының» негізгі бір бөлегі «Әуезхан» дастаны жазып алғынған.

«Көрүғұлының» қазак халықына қанықты болуы түркмен, қазак халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының жарқын көрінісі. Қазак ақыны мен жыршысы түркмен жерлеріне, түркмен шаиры мен бакшысы қазак ауылдарына қатысып тұрган. Мұндай жағдайда ән-күй, өлен-жыр ауысу, біреуден біреу үйрену, еліктеу деген әбден табиғи. «Көрүғұлы» жыры

өткен ғасырда, 1885 жылы Қазанда казакша кисса болып басылғаны да белгілі. XX ғасырың алғашқы ширегінде осы кисса бірнеше рет қайта жарияланды. Қазақстанда «Көрүглиның» тарамаған өнірі жок десе де болғандай. Алып ақынымыз Жамбылдың да ертеректе айтқан жырының бірі осы екен. Халық композиторы Дәулеткерейдің «Көрүгли» атты күйі күні бүгінге дейін тартылып келеді. Ал жырдың бірнеше тандаулы нұсқасы соңғы жылдарда бірнеше рет қайта басылды.

Білікті зерттеушілердің көрсетуінше, түркменнің дастандық эпосы үлкен екі топтан тұрады. Оның түркі-оғыз бұтағын құрайтындар: «Шаһсәнем мен Fapıп», «Әсіл мен Керім», «Тайыр мен Зұhra», «Көрүгли», «Саят пен Хемра» сияқтылар. Дастандардың енді бір тобы парсы тілді әдебиеттен аудықсан делінеді. Олар: «Шаһбахрам», «Мәлике Дилярам», «Гүл мен Санабур», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Қорлыға мен Хемра», «Гүл мен Бұлбұл». Осы дастандардың мазмұны мен көркемдік кестесіне зер салып қараған кісі олардың көп тарапта қазақ эпосымен ішкі үндестіктері мен бітімдестіктерін табуы көміл. «Шаһсәнем мен Fapıп» кей тұстарында қазақтың эпикалық ұлы туындысы «Козы Қөрпеш-Баян сұлуды» еске салады. Аң аулап жүріп буаз маралды атпаған шаһ пен оның уәзірі бірінің әйелі ұл, екіншісінің әйелі қызы туса, құда болуға серт байласады. Жетім қалған Fapıке шаһ өзінің қызы Шаһсәнемді бергісі келмейді. Міне, осыдан барып екі жастың махабbat бостандығы үшін шыргаланы басталады. Нендей қындық қөріп, қандай сын өткелі кездессе де, олардың сүйіспеншілігі сүймайды. Берілген сертті, сезім пәктігін дүниедегі ең қастерлісі санаған Шаһсәнем мен Fapıп ақырында мұратқа жетеді. Кейде түркмен эпосының қаһармандары түрлі халықтың өкілі болып кездеседі. Мәселен, «Әсіл мен Керімдегі» Әсіл – әрмене қызы, Керім – түркмен жігіті, «Саят пен Хемрадағы» Хемра әзербайжан болып келеді. Бұларда жалпы эпосқа тән киял-ғажайып өрнектер мол ұшырайды. Өлген жігіт сүйген жарының зар-наласынан кейін «тіріліп», қайта косылуы

сияқтылар бар. Махаббаттың ұлылығын ардақтайтын, адамдарды асыл мұратқа баулитын мәнгілік сарын дастандардың ортақ желісі болып табылады.

Фольклор шығармаларының тілін салыстыра тексеру арқылы көптеген көмекіленген ұғымның дәл мәнін табуга болатыны байқалады. Сөз реті келгенде айта кетейік: біздін тілші маман-дарымыз түркі тілдерінің салыстырма сөздіктерін жасауға кіріссе, аса пайдалы тарихи жұмыс болар еді. Айталық қыпшак, оғыз, карлук тобынан бір-бір тілді алып сөздік тізе, бұлардың арасындағы бірынғайлық пен айырмашылықтың көлемі мен сипаты мейлінше айқындала түспек, қайсыбір терминдерді саралауға, ортақ ұғымдарды өлшеуге, сөйтіп тілдердің бұдан былай жақындастыруна мүмкіндік молаймак. Біздің бүгінде кейде тосырқап, кейде түсінбей жүрген сөздеріміздің біразы бір түбірден шыққанын ондай сөздіктер нақтылы үқтырапар еді.

Түркмен әдебиеттің төрінен орын алған шаир – Мактым-құлы. Оның туындылары жаһан әдебиетінің дүрданалары қатарынан орын алады. Ақынның қандай жаратындысында да өмірдің өзекті мәселелеріне жауап айтылады. Ол байлық пен кедейлік, ерлік пен ездік, сакильтық пен сарандық, білімділік пен жәһіл-надандық, әдептілік пен тәлімсіздік, әділдік пен арамдық паркын гибрат етеді. Ойшыл, философ ақынның биік парасатын әрбір өлеңінен-ак анғарамыз. Соның біреуінен («Қонақ») үзінді мысал келтірсек те, бұған көзіміз жеткендей:

Кара тастан қына айырган кара көз,  
Қабағында жаутандаган қонағын.  
Келсе біреу аш екен деп ойлама еш,  
Әнгіменді аңсап келген қонағын.  
Өтер заман ауыр жүгін көтеріп,  
Жақсы әңгіме ер жолында бір серік.  
Жайнаған жаз жер бетіне ғүл төгіп,  
Қонып ұшар о да сенін қонағын.  
Сырлы дүние сарай екен кең іші,  
Әсем бактар көнілдін бір қонысы:

Алпыс алуан, жетпіс қылы жемісі,  
О да ағаштын аз күн көрік қонағы...  
(Ф.Орманов аудармасы)

Мақтымқұлы заманында және оған жалғас жасаған ақындар қатарынан «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Оғызнате» секілді ірі шығармалар авторы Андалиб, «Гүл мен Бұлбұл», «Шабаһрам» сынды татымды туындылар қалдырган Шабенде есімдері аталады. Түркменнің классикалық әдебиетінің көрнекті өкілдері Кемине мен Молла Непес шығармалары да халық арасында зор данққа бөлениген. Молла Непес шығыс шаирлары көп жырлапан фабуланы өндеп, «Тайыр мен Зуһра» атты тамаша дастан қалдырган. Мұнда шын ғашықтардың кіршіксіз махаббаты аса көркем суреттелген.

Түркменнің классикалық әдебиетінде ұлы есімдер мол. Сол шоғырдың бел ортасында шаир Сеидидің аты аталады. Оның шығармаларында үш тақырып: ерлік, бірлік, інкөрлік күшті жырланғанын көреміз. Ал солардың ішіндегі басым сарын ерлік пен отаншылдық десек қателеспейміз. Бұл реттен алғанда қазақ ақындарынан Сеидиге үндес тұрған Махамбет. Сеиди де Махамбет секілді елінің намысы мен бақыты үшін өмірін сарп еткен, ерлік пен өжеттікті ту қып ұстаған, жалынды жырларымен халық жадынан мәнгілік орын алған ақын. Оның көп өлеңдерінен туған жерден айрылу өкініші естіледі. Сеиди өмір кешкен өлкे Бұқар өмірі мен Хиуа ханының қыспағына кезек түсіп, көп зорлық көрген еді. Бірсынша туындыларынан оның жау езгісіне төзбей, күреске бел буған кайсарлығы елес береді («Лебап, кош енді», «Баралық, беглер», т.б.). Ақынның үлгі тұтар ерлері – аты анызға айналған Көрүғұлы, Рұstem сынды ертеде өткен қанағандар. Сонымен қатар ол ерліктің өнегесі ретінде Ерсары руы жігіттерінің дәстүрін мадактайды.

Жер жаһанға данқы жеткен ежелден,  
Құрметіне елдін де ерте бөлениген.  
Жауга шапса, ен алдымен жөнелген,  
Кім білмейді Ерсарының жігітін?

Өз үйінде ұстайды өзін жайдары,  
Ұрыска сенсе, калын қолдан таймады.  
Сейілханда арыстандай айбары,  
Кім сүймейді Ерсарының жігітін?..

Ғасырлар бойында ер жігіттің арманы болып келген жүйрік ат Сеиди өлеңдерінде асқақ бейнеленеді. Түрік-монгол халықтарының ауыз әдебиетінде қалыптасқан арғымақты ардақтау салты ақын жырларынан айрықша жалғастық тапқандай. Қанағман атсыз болса, қанатсыз құспен бірдей. Сол үшін де көшпендей ел адамы жүйрік атка дуниенің ең асыл тенеулерін аямайды. Мұны Сеиди былайша толғайды:  
Атын болса, жоқтын дәмін татпайсың,  
Көлік іздеп, керуен тосып жатпайсың.  
Алты ай жолды алты-ақ қарғып аттайсың,  
Бақыт деп біл – болса атын ерттеулі.

Сеидидің «Ерлерімі» мен Махамбеттің «Ереуіл атка ер салмай» деген өлеңдерінің ырғак, үйкасындағы өзгелігі болмаса, рухында үлкен үндестік сезіледі. Бұл өлеңдердің екеуінде де ерлікті дәріптеу, жауынгер жігіттерді жорыққа жігерлендіру, кайрау бар.

Тайсалмаган, жауған бұлттай тұнерген,  
Қаймықпаған, қунде ұрыска жұз енген.  
Сан асудан өткен отты жігермен,  
Киындық жок сен көрмеген, ерлерім.  
Босамаған қолы құрыш қылыштан,  
Бақыт тапқан кескілескен ұрыстан,  
Бойын бақкан үйкі, құлқі, тыныстан,  
Көп күн бойы көз ілмеген ерлерім...

(Б.Ісқақов аудармасы).

Шаир кейібір өлеңдерінде көрші жатқан қазақ, карақалпақ, өзбек халықтары туралы жылы, туыстық лебіз білдіреді, бұлардың доспейіл, ағайын, тілектес ел екенін ескертеді. Бұл реттен алып қараганда ол халықтар достығының да жаршысы деуге келеді. Ақын шығарған қоштасу, естірту, жоқтау

өлеңдердің қазак ауыз әдебиетінің осы текстес туындыларымен үндестігі айқын аңғарылады.

Келтірілген мысалдар мен салыстырулар түркмен және қазак көркемдік мәдениетінің бір-біріне өте жақын екенін дәлелдесе керек. Бірак екі елдің рухани мұрасындағы осыншама ұксастықтарды жүртшылық жеткілікті білмей келгені өкінішті. Оның негізгі себебі халықтарымыздың арасындағы мәдени қарым-қатынастың жүйесіз жүргізуінен деуге болады. Әсіреке алфавит, терминология саласындағы көреғарлық білетін сөзіннің өзін түсінуді ауырлатып келгені анық. Қазіргі кезде түркмен ағайын дүние жүзінің көбі қолданып жүрген латын алфавитіне көшу мәселесін шешкенін білеміз. Түрік халықтарының жетекші тіл мамандары сонғы жылдарда талай рет бас қосып, талқылап, латын алфавитіне өтудің барлық жағынан да пайдалы екеніне пәтуаласқаны мәлім. Міне, осы мәмілені батыл түрде жүзеге асырған түркмен туыска ризалық көрсету лайық.

Орта Азия мен Қазакстанның халықтары тәуелсіздік жариялауы – бұлардың тарихындағы ең зор куаныш, ұлы ырыс. Дегенмен, тәуелсіздіктің кен мүмкіндігін әр ел өздігінше іске асырып келе жатқаны белгілі. Бұл катарда Сапармұрад Ниязов сынды табанды, кемел ойлы басшысы бар түркмен халқының колы жеткен табыстарға сүйсінеміз. Фасырлар бойында отарлықтың азабын тарткан туыскан түркмен халқы өзгеге кіріптарлықтың торын бұзып, алға адымдаш шықса, ол күдлі Тұран халқына да сүйеніш. Біздін күшіміз тілі, діні, тарихы, тағдыры жақын халықтардың тығыз бірлігінде, өзара ынтымағының артуында. Замандар бойында дүние жүзінің мәдениетіне зор үлес қосқан, әлемді өзінің айбынымен тітіреткен алып мемлекеттер құрған, өз арасынан ренессансстық ақыл-ой кеменгерлерін тудырған түрік халықтарының жұлдызды шағы енді туып келеді. Өзінің қайта ояну, серпілу кезеңіне қадам басқан бауырлас елдер сапында ержүрек түркменнің тәуелсіздік туы желбірей беруіне тілекtesпіз.

### ҮШ ЕДІЛ ЕЛІНДЕ

Башқұртстанның бас қаласы Уфандың үш өзен: Ақеділ, Қараеділ, Көкеділ қоршай агады, бұлардың жылғасы Камага қүйіп, одан әрі әйтілі ұлы Еділге ұласады. Түрік-қыпшактар арасында «Еділ» есімі эпикалық мағынаға көтерілгені секілді, башқұрт халық әдебиетінде де түбі бірге туыс халықтардың ежелгі рухани байланыстарының ізі жатыр. Қазак пен башқұрт елдерінің көркемдік мәдениетіндегі тамырластық пен үндестіктің молдығы осы айтылғанға айқын сипаттама бере алғандай. Тарих ұмыта бастағанды халықтың хатира-естелігі саналатын фольклор туындылары ұмыттырмай келгенін аңғарызы.

Түрік халықтарының біразынан башқұрттар казакка этникалық жағынан жақынырақ. Башқұрттар ертеде қазактар сиякты қошпенде өмір кешіп, мал шаруашылығымен айналысқан. Көсіптегі тұрмыс қалпындағы осындай орайластық бұлардың арасында көптеген терміндер мен тіркестердің, бейнелі сөздердің бірдей айтылуын белгілеген. Мәселең, айран, қымыз, құрт, ауыл, аксақал, айтыс, барымта, батпан, батыр, бауырсақ, би, құнан, дөнен, құлын, тұлпар, жорға, тарпан, қарымта, кереге, кобыз, майдан, мырза, саба, сарық, сахра, той, төре, құмай, қоржын, домбыра, жайлай, жайық, самұрық тәрізді байырғы сөздер, кейбір дыбысталу айырмашылықтарына қарамастан, екі халықта да бір мағынада сакталған. Башқұрт эпикалық жырларында батырдың жасынан жүйрік ат тандауы, алыс жерлерге шапшаң алып баратын тұлпарлар шабысы өзге отырықшы халықтармен салыстырғанда көлемді де, көркем де суреттеледі. Иесінің көніл-қүйін түсінетін, кейде «тіл бітіп» сөйлейтін, қаһарман басына іс түскенде «адамнан зият көмек ететін» ақылды жүйрік аттар бейнесінің өзі қаншама! Біздін «Құла-мерген» жырымындағыдан теніздің тареніне сұнгіп, иесін дегеніне жеткізетін тұқымы бөлек тарпаңдар тұлғасы да башқұрт эпосында («Ақбозат») кездеседі. Бұл реттен алғанда, башқұрт жырларында көне

сарындар қазак фольклорындағыдан да молырак болып көрінеді.

Қазак пен башқұрттың халық әдебиетіндегі етене бірдейліктің негізгі сыры бұл халықтардың түп-тегіндегі туыстыққа да байланысты. Мұны ғылым тілінде тарихи, генетикалық белгілер деп атайдыз. Екі халықтың негізін құраған бірталай рулар мен тайпалардың ескі замандарда бір тұбірден тарағаны – елеулі мәселе. Осы күнге дейін башқұрттар құрамындағы қыпшақтар, табындар, тамалар, жалайырлар, телеулер өздерінің шежірелік тегін ұмытпаған. Башқұртстанда бұл рулардың ертеден бері жайлаған жерлері, тұракты коныстары болған. Демек рулық-тайпалық құрылышқа қатысты әдет-ғұрып, салт-сана да сакталған. Осыдан бірнеше жыл бұрын бір башқұрт зерттеушісі тұрмыс-салт жырларының бір тармагы сыңу өлеңдерінің ежелгі нағымдармен байланысы туралы кандидаттық диссертация коргады. Салт өлеңдерінің көп жанрларында үқсас шумактар, бейнелі тіркестер ұшырай береді.

Халық әдебиетінің аса құрделі саласы эпикалық жырлардағы сарындастық жөнінде ұзак айтуға болады. Башқұрттарда «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырының ең әсем нұскалары айтылып келгенінің өзі айрықша көніл бөлерлік нәрсе. Бұл сюжеттің башқұрттар арасында таралу тарихын тексерудің өзі көп қызықты тұжырымдарға апарар еді. Халқымызға кенинен танымал «Шора батыр», «Едіге батыр» «Ер Тарғын» – башқұрттарға да ертеден әйгілі жырлар. Айырмасы сол – бұлардың атаулары сөл өзгешелеу болып келеді («Идурай мен Мұрадым», «Тарғын мен Қожак», т.б.). Сондай-ақ бұл жырлардың оқиғалық желісі мен кейіпкерлер есімінде де азды-көпті айырмашылықтар анғарылады. Қазақтың классикалық эпосы «Алпамыс батырдың» башқұрттарда аныз әнгіме түрінде бірнеше вариантының кездесетінде де көніл аударарлық. Тіпті, біз кейде эпос, енді бірде дастан, жыр деп атап келген мұрамыздың жалпы атауы да үқсас екенін кездейсок деп карай алмаймыз. Біздің «жырымыз» башқұрттарда «құбайыр» екен. Ертеде баш-

құрттар жырды домбыраға қосып айтқаны да шежірелден мәлім. Соңғы жылдарда туысқан халық өзінің ежелгі сүйікті музикалық аспабын қалпына келтіріп, ел ігілігіне айналдыра бастағаны қуанышты окиға. Көне замандарда үлкен бірлестіктер құрамында қоңылас өмір кешкен халықтардың көркемдік мұрасындағы заңдылықтардың көбі әртіннен келе жатқан туыстықтан тарайды деген тұжырым күмәнсіз болып естіледі.

Аныз, әнгімелер, әпсаналар тобындағы шығармаларға көз тастасак та, алдымыздан таныс есімдер шығады. Сонын бірі – аты анызға айналған Жиренше шешен. Башқұрттар Жиренше шешенді өзінің ұлттық анызының қаһарманы саңайды. Бұрынды-сонды айтылып келген тапқырлық, шешендік сөздердің көбі Жиреншеге телінің оның халық арасында қаншалықты даңққа бөлентенін байқатады. Эз Жәнібек дәүірінде жасаған Жиренше айтыпты деген сөздер қазақтың да осы тақырыптағы әнгімелерімен ерекше үқсас болуы да бұлардың генетикалық жақындығын сипаттайды. Алтын Орда мемлекеттің құрамында көптеген түрік және басқа халықтармен бірге, башқұрттар болғаны да белгілі. Ендеше сол кезеңге тән деп есептелетін аныз, әнгімелердің бұл халықтарға ортақ болуы табиғи.

Шешендердің коғам өмірінде атқарған қызметі мен алған орны да өте жоғары болған. «Башқұрт халық эпосы» деген кітапта (1977) шешендер ел ішіндегі дау-таласты шешүге қатысқан деп көрсетіледі. Олар қазақ билері секілді дара тұлғалар болып есептелген.

Екі халықтың эпикалық мұрасында кездесетін кейілкерлердің бірі – Сыпыра жырау. Башқұрт тілінің дыбысталу ерекшелігіне сейкес оның аты Хабрау сәсән делінеді. Ол ел дағдарған істердің жол-жобасын көрсететін және айтқаны әулиенің сөзіндей қабылданатын акылгөй дана болып сипатталады. Сыпыра қазақ, башқұртпен қатар қарақалпак, ноғай жырларында да дуалы ауыз, көп жасаған, сөзіне хан да, қара да тоқтайтын жан болып көрінетіні мәлім. Бұл тұрғыдан алғанда оны оғыз эпосындағы Қорқыт атамен салыстыруға болғандай. Жалпы осы бейнелердің арасындағы байланыстар

зандылығын анықтау арнаулы зерттеуді керек етер еді. Ол үшін, әрине, алдымен қыпшақ халықтарының эпикалық мұрасын менгеріп, біліп алу қажет болады. Зерттеушілер бұл халықтардың фольклорын түпнұсқадан оқып, өзара салыстырганда ғана көптеген сарындардың аудису жолдары мен сюжеттік желілердің айырмашылықтарына көз жеткізбек.

Аудис әдебиеті мұрасының сақталу дәрежесі түрлі жағдайларға байланысты әр халықта әртүрлі болады. Біздің назарымызды аударған бір қызығылтықты құбылыс – көптеген казак күйлеріне аттас аңыз-әңгімелердің башқұрттар арасында кездесетіндігі. Мәселен, «Аксак құлан», «Қара жорға» башқұрттарда аңыз түрінде айтылады. Демек, күйлердің де, жырлардың да ұмытылған желілерін қалпына келтіру үшін туысқан халықтар аудис әдебиеті пайдалы бола алады.

Халық әдебиетіндегі аудис-түйістің тағы бір түрі тарихимәдени типология зандылығына қатысты. Халықтардың бір-біrine ұзак уақыт көрші, кейде аралас-құралас отыргандығынан туатын көркемдік дәстүр жакындығы өз алдына бір сала. Мәселен, башқұрттарға «Жүсіп-Зилиха», «Тайир-Зұhra», «Бозжігіт» секілді дастандар, қазактардағы секілді, көрші шығыс елдерінен мәдени қарым-қатынастар жолымен аудисып келгені шұбә көлтірмейді. Башқұрт пен қазактардың көршилестігі де екі халықтың рухани өміріне иғі әсер еткендігі көп мысалдардан көрінеді.

Қазактарда тәкпе ақындық өнердің құшті дамығаны бұл өнердің башқұрт шешендеріне ықпал жасағанын зерттеушілер әр кезде атап көрсетіп отырған. Ақындық, шешендік айтыстардың башқұрттарда ертеде кен өріс алғанын дәлелдейтін деректер аз емес. Екі халықтың ақын, шешендерінің айтыска түскендіктері туралы да мағлұматтар бар. Мәселен, қазақтың Бейсенбай деген ақыны мен Құбагыш шешеннің, Байық Айдар шешеннің Бұхар жыраумен сөз сайсызы жайында аңыз әңгіме сакталған. Ақындар, жыршылар дастандар мен өлеңдерді бұрын белгілі бір сазға қосылып орындағынын болғанын музика зерттеушілер дәлелдеп көрсетеді. Өкінішке қарай,

сонғы замандарда башқұрттарда тәкпе ақындық дәстүрі әлсіреген, көптеген музикалық аспаптар ұмытылған, ертедегі көлемді жырлардың кейбіреулері жартылай аныз әңгіме түрінде ғана айтылатын болған. Патша отаршылдығы башқұрт халқының ұлттық рухани дамуына орасан залал келтірген.

Башқұрт фольклорының көп томдығы кейінгі жылдарда жарық көруі халық казынасын жинау мен жариялау ісі жандана бастағанын байқатады. Жоғалуға жақындаған мұраны іздеуге бауырлас халықтың ғалымдары ерекше ықыласпен жігерлі түрде кіріскеңіне мысал мол. Талантты фольклоршы марқұм Мұхтар Сағитовтың есімін бұл ретте ілтипатпен атап өтуді парыз санаймыз. Ол көптеген башқұрт құбайыларын орыс тіліне аударып, ғылыми түсініктемесімен жариялады. Әсіресе көне архаикалық эпосты зерттеуде көп іс тындырғанын білеміз. Оның осыдан екі ғасырдан артық бұрын Салауат Юлаев көтерілісіне қатысқаны үшін сонау Солтүстік Азияға, қазір Саха республикасы жеріне айдалған башқұрттардың үрім-бұтағын іздел тауып, олардың жадында сакталған саздарды жазып алғанын ғылыми ерлік деуге болатын еді.

Патшалық Ресейдің халықтарды бір-біріне жауластыру, арасын алшақтату саясатын жүргізгеніне қарамастан, қазақ пен башқұрт арасындағы бауырластық байланыс ғасырлар бойында үзілмеген. Қазақ даласы қысым мен зорлыққа шыдамай, бостандық іздеңген көптеген башқұрт ұлдарының паналайтын тірек мекенине айналған. Қазақ халқының жонғар жаулаушыларына қарсы азаттық күресіне башқұрттардың қатысқаны тұрасында деректер мәлім. XIX ғасырда қазак елінің тәуелсіздігі үшін арыстандай алысқан Кенесары қосындарында да башқұрттар болған.

Екі халықтың бір-біріне шын туысқандық пейілі еш уақытта да азаймаған. Қазақ, башқұрт, татар халықтарына ортак аса көрнекті шаир Ақмолланың шығармалары рухани туыстықтың жарқын белгісіндей. Башқұрт мұғалімдерінің қазақ ауылдарына келіп, бала оқытулары да кезінде ілгерішіл

күбылыс болды. XX ғасырдың басында Уфа қаласында «Медресе Фалияда» көптеген қазақ шәқірттерінің оқығаны да – достықтың жарқын мысалдары. Осы медреседе казактың Бейімбет Майлин, Жиенғали Тілепбергенов сынды көрнекті қаламгерлері білім, тәлім алған. Бұларға дәріс берушілердің ішінде ұлы жазушы, «Қазақ қызы» романының авторы Фалымжан Ибрағимовтың болғаны да ұмытылмайтын оқиға. «Медресе Фалияда» 1906-1916 жылдар аралығында Орта Азия мен Қазақстаннан 224 шәқірт дәріс тыңдағанын айтсақ та, бұл қасиетті білім ошағының мәдениетіміз тарихында елеулі із қалдырганын сеземіз.

Башқұрттардың осы замандағы аса көрнекті суреткері Сайфи Құдаштың қазақ халқына деген ыстық бауырмалдығын көп адамдар біледі. Ол өзінін «Жастық шактың ізімен» деген шығармасында қазактың бірталай ақын, жазушыларының туындылары туралы аса құнды пікір айтты. Әсіреле оның Мағжан Жұмабаев мұрасының жабық жатқан кезінде жасаған әрекеттері нағыз азаматтық ерлік болды. Әміршілдік, әкімшілдік жүйе дәуірлеп тұрган кезде Сайфи Құдаштың Мағжан Жұмабаевты актау, енбектерін жарыққа шығаруды сұрап, Д.Қонаевка жазған хатының көшірмесін оқып, оның үлкен кайраткер екеніне сүйсінген едік. Өзінін пікір батылдығы және шыншылдығы жағынан ол хат ешқашан мәнін жоймайтын, бауырластықтың құнды күәлігіндегі күжат. Амал қанша, С.Құдаштың тебіреністі хатына Қазақстан басшысы ол кезде мән берген жок. Ол хат кейінгі жылдардаған Мағжан Жұмабаевтың жинағына енді. Бүгінгі казақ окушысы Башқұртстаның Мұстай Көрім бастаған дарынды жазушыларының шығармаларын өз ана тілінде оқи алатындықтарын ғанибет санаймыз.

Дегенмен, башқұрт пен қазақ арасындағы әдеби, мәдени байланысты қанағаттанарлық деп айта алмасақ керек. Ақиқатына келгенде, башқұрттың қазіргі халінен мұлде бейхабармыз десек, асырып айтқандық болмас. Екі республика арасында қарым-қатынасты жалғаудың жолдары толып жатыр.

Ол үшін тек бауырмалдық сезім оянуы шарт. Қазақ әдебиетін башқұрт тіліне аударуда қыруар енбек еткен марқұм Нәжіп Еділбайға ел болып бір ілтипат көрсете алмағанымыз өкінішті-ақ. Ол башқұрт тіліне қазақ әдебиетінің үлкенді-кішілі елу тәрт шығармасын аударған. «Абай жолы» роман-эпопеясының түпнұсқадан аударудың өзіне он жылын сарп еткен. Нәжіп Еділбай қазақ әдебиетін Қазақстаннан атак, бәйге, сыйлық ала қояйын деп тәржімалаған жок. Бірақ осыншама енбек еткен адамды кезінде бағалауға қызмет басында отырған лауазым иелерінің мойны жар бермегені өкінішті-ақ. Осындай атқарылмаған алуан парызыда ойлағанда «біз кандай елміз» деген сұракқа жауап таба алмай қиналады.

Қазақ халқы тілі, діні, тағдыры, тарихы жақын бауырластары бар екенін, олармен жан-жакты достық пен ынтымакты қүшету дамуымызға қосымша қуат беретінін түсінетін деңгейге көтерілетініне сенеміз.

## РУХЫ ЖЫҒЫЛМАҒАН МИЛЛЕТ

### I

«Татар» есімді этноним түрік және монгол рулады арасында VI-IX ғасырлардан мәлім. Алтын Орда мемлекеттігін орнаткан монголдар құрамында да түрік тілдес татарлар болғаны белгілі. XII-XIV ғасырларда осы үлкен бірлестіктің қыпшақ тілді басым көшілігінің ішінде де «татар» атауы күрделі орынды иеленді. Алғашқыда бұл атау Алтын Орданың билеуші топтарына тән болып келеді де, хандықтар жойылғаннан кейін жалпы карапайым бұқара да осылайша атала бастайды. Бұл терминнің орнығына орыстардың Алтын Орда халқын татарлар деп атағаны да себепкер. Сонымен бұл есім бірте-бірте тілдері, дәстүрі жақын көптеген түрік жүрттарына ортақ болып қалыптасады (Д.М.Исхаков. Татары, Популярный очерк этнической истории и демографии. Набережные Челны. 1993). Бұлардың катарында мишэр, типтәр, керәшән, ногайбак, т.б. көрсетуге болады. Сібір татарлары, Қырым

татарлары, Литва татарлары деген атаулар да терминнің кең таралғандығын сипаттайтын. Бұлардың этникалық құрамы біркелкі емес, тілдерінде де елеулі диалектілік айырмашылық кездеседі. Астрахан, Қырым, Литва татарларының құрамында көптеген көне руладың аты үшіншілдік. Мәселен, Литва татарларының құрамында аргы тегі найман, жалайыр, қоңырат, үйсін деп аталатын руладар болған. Ал, Қырым татарлары арасында этникалық манғыт, қоңырат, қият, меркіт, қыпшақ, аргын, үйсін, т.б. елеулі орын алған.

Зерттеушілердің көрсетуінше, Еділ татарларының тұп неғізі Шығыс Европадағы ең көне мемлекеттердің бірі – Волга Булгариясының халқынан құралған делінеді. Булгария елі 1236 жылға дейін өмір сүріп, татар-монгол шапқыншылығы кезінде құлаған. Уақыт өте келе түрік тілді булгарлар қыпшақ халықтарымен араласады. Тарихшылар бұл ретте қыпшақ, керейт, қоңырат, тоқсаба, табын, қытай, қырғыз, бұркіт, балыкшы руладарын атайды. Еділ бойы татарларының мемлекеттігі Қазан хандығы (1438-1552) тұсында жалғастық табады.

Ресей патшасы Қазан хандығын жойғаннан кейін, татарлардың әлеуметтік, үлттық, діни қысым салдарынан жер дүниеге босуы басталған. Олардың Орта Азия, Қазақстан республикаларындағы саны бір миллионнан асып түседі. Фасырлар бойында өзге өнірлерге қоңыс тепкен татарлар бұл күнде Татарстан республикасы халқының жартысынан сәлғана артығын құрайды. Татарлар бұрынғы советтік республикалардың бәріне де тарағ кеткен. Олардың елеулі шоғыр топтары Ресей федерациясының барлық облыстарында да бар. Шет елдегілері өз алдына бір тәбе.

Патшалық Ресей татарларды шоқындыру саясатын әуел бастан жүргізуге ұмтылған. Әсіреле, Қазан хандығы құлаған дәүірде зорлықпен шоқындыру кең орын алғаны белгілі. Бірақ татар халқының ежелгі мәдени дәстүрінің беріктігі соңшалық – шоқындыру саясаты аса жемісті бола алмаған. Мәселен, XVII ғасырдың алпысыншы жылдарында шоқынғандардың жалпы саны 17 мыңға жеткен. Кейінгі жылдарда татар халкы-

ның үлттық санасы оянуға байланысты сол шоқынғандардың едәуір бөлегі кайтадан мұсылмандыққа өткен. Татарлар Ресей империясындағы ең сауатты халықтардың бірі болды. XIX ғасырдың ақырығы тұсында олардың хат танитындарының мөлшері алпыс процентке жеткен. Қаншама қатал қыспак пен зорлыққа қарамастан бұл халықтың үлттық болмысты сактай алғандығының сырьы десек көте емес.

Халықтар өзінің тарихи даму жолдарын барлық қайшылығымен, қалтарысымен білуге тиіс. Бұл арада «жауырды жаба токудын» қажеті жок. Елдер мен елдер тек адап достық, тендік, еркіндік, ақиқатты мойындау, өзгелерді құрметтеу, өзара пайдалылық негізінде ғана шын ынтымак күра алады. Шындықтың өнін айналдырып, халықтар санасын улау ұзакқа бармайды. «Арамзаның күйрығы бір-ак тұтам» деген нақыл бекер айтылмаған.

Ескі Ресейдің, кейінгі кеңестік империяның кезінде халықтар тарихы туралы өрекел бүрмалаушылықтар орын алғаны аян. Солардың бірі көптеген ұсақ халықтардың бұрын дербес мемлекеттігі болмаған, солардың күшті Ресейге косылуы табиғи, зандылық дегенге сайса, екіншісі – түрлі халықтар ак патшаның құзырына «өз еркімен» кірді дейтін қисын. Бұл екі тұжырымның екеуіне де сын көзімен қарау керек болады. Ақиқатына келгенде, қандай ұсақ ұлыс дегеннің өзі де бір замандағы қуатты мемлекеттердің құрамдас бөлшегі болғанын көреміз. Демек, тарихсыз ел жок, тағдыры сәтсіз қалыптастан жүргіттар ғана бар. Дүниеде өзінің болмысын, дербестігін сактағысы келмейтін халық болмайды. Оларды қүштілердің қарауына «өз еркімен» апарған жағдайлар да түрлі-түрлі. Одак, бірлестік дегендердің түрлі қажеттілікten, көбінесе мәжбүрлікten туатынын жасырудын ешбір қажеті жок. Бір-бірімен терезесі тен елдердің экономикалық бірлесуі бір басқа да, қүшті мен әлсіздін «тендестігі» одан анағұрлым өзгеше.

Көрші елдерді басып алумен шектелмей, сол елдің тарихын өшіргісі келу, жаман атқа үшірарату кияннаттың асқынған түрі. Татар халқы – дәл осындай әділетсіздікке

дүшар болған халықтың бірі. Ең алдымен тарихи зерттеулер мен оқулықтарда Қазан хандығының қалай жойылғандығының мән-жайы дұрыс айтылмай келген. Иван Грозный патшаның жұз елу мын әскермен келіп, 1552 жылы Қазан шаһарын қиратып, халықты жаппай қырғынға ұшыратқаны – Ресей жауалаушылығының соңғы эпизоды ғана. Мұның алдында жұз жыл бойында, 1469, 1487, 1506, 1524, 1530, 1545, 1550 жылдары Қазанға жеті рет жойқын шапқышылық жасалғанын жасыру не үшін қажет болды? Еріксіз бағынышты болған татар халқының басына түскен тауқыметті санап шығу мүмкін емес. Орыстың бұрынғы кейбір адат тарихшылары, соның ішінде «Очерки по истории Казанского ханства» деген кітаптың авторы М.Худяков бұл жөнінде мол фактыварға сүйеніп, талай «құпияның» бетін ашқан.

Өтіп кеткен істерді қазбалай беру жеке өзіндік мақсат емес. Эрбір талдау тарихи құбылыстар жөніндегі түсінігіздің неғұрлым толық болуы үшін ғана қажет. Тарихи шындықты әдейі бұрмалау отаршылдық саясат үшін ғана керек болған. Мәселен, Алтын Орда мемлекетін, «татар-монгол билеушілігін» бірыңғай жамандау арқылы патша идеологтары халықтар мен халықтарды бір-біріне өштестіруді көзделген. Мұндай жалған бір жактылық ертегі-кешті әшкереленбеуі мүмкін емес. Қазіргі кезде тарихшы ғалымдар Алтын Орда мемлекетінің бір-бірімен өзара жауласып келген орыс княздіктерінің біргігіне, құш жиуына қолайлы жағдай туғызды деген концепцияны дәлелдей бастады. Бұндай пікірдің обьективтік шындық екені күмән туғызбайды.

Бұрынғы Кенес Одағы тарағаннан кейін, бірталай халықтар тәуелсіздік туын көтеріп, азаттық жолына түсті. Олар Ресеймен өздерінің байланыс ынтымағын ерікті түрде құруды көздейді. Мұның бәрі әр халықтың табиғи правосы екенін мойындаушылық – біздің елімізде демократиялық принциптер орын тебе бастағанының нышаны. Әкінішке қарай, империяның билеуші күштері халықтардың өз жеріндегі тәуелсіз мемлекет орнатпақ ниетіне сұық қабак қөрсететін мінезінен

арылатын емес. Олар «Ресейдің тұтастығын бұзбаймыз» деген сұлтаумен кез келген азаттық сүйгіш әрекетті карудың күшімен қырып-жойып басудан тайынбайды. Бұған Ресейдің Чешен халқына жасап отырған жан түршігерлік зорлық-зомбылығы дәлел. Чешен республикасының халық сайлаған үкіметімен қандай да болма-сын келіссөз жүргізуге бармай, тек кана кара күшке сүйеніп, азаттық сүйгіш халықты жер бетінен құртып жіберуді көзделгендік – адамзат тарихында кездеспеген сүмдик. Бұл – орыс халқының еркімен жасалып отырған іс емес, Ресей билеп-төстеушілерінің шектен шықкан зұлымдығы. Сөз жүзінде демократиялық қоғам орнатамыз деп жар салып, ашық зорлықтар мен қастандыктарға шіміркпей бару – Ресей басшыларының адамдықтың жалпы жүрт мойындаған дәстүрін аяққа таптағандығы.

Ресей жері үлкен, байлықты игеріп, халықтың әл-аукатын арттыру жолын іздеудің орнына түрлі үлттар мен ұлыстарды құшпен ұстал тұруды көздең, өлім себетін каруды қебейтіп, сәл бас қотергендерге әңгір таяқ ойнату парасатка емес, кара күшке сүйенгендіктің белгісі. Бір кезде құшпен, айламен басып алған елдер мен жерлерді мәнгілік уысында ұстауды ғана көздеу, халықтардың еркімен зәредей есептеспей XX ғасырдың ақырғы кезеңіндегі адамзат тарихының ең масқара көрінісі болып табылады. Ресей тұтастығына ешкімнің де көз алартпайтыны белгілі. Бірақ ол тұтастық табиғи ынтымак пен тенденциялық қысым жолымен бағынышты болған жерлердің бәрі ежелден орыс жері деп дәлелдемек болады. Ондай өтірікпен елдерді қашанға дейін алдауга болады? Тарихтан хабары бар әрбір адам орыс мемлекетінің ежелгі жері қайда екендігін географиялық картадан көздей жұмып отырып қөрсетіп бере алады. Ресей адамдарының Еділ (Волга) өзенінен еркін аттап, шығысқа токтаусыз жөнкілуі 1552 жылы Қазан хандығы құлаганнан кейінгі кезеңде басталғанын тарихшылардың өзі (Карамзин, Соловьев, т.б.) жазып кеткенін қайда жасырып коямыз? Мысалға жүргі-

нейік. 1556 жылы Астрахан хандығы бағындырылды. 1557 жылы Башқұртстан Ресей бодандығына алынды. 1557 жылы Удмуртия, Адыгей Ресей құрамына біріктірілді. 1558 жылы Сібір хандығы киратылды. 1630 жылдан кейін Байқал маңы, Бурятия, Якутия империя қарауына түсті, 1654 жылы Украина Ресеймен «қайта қосылды», 1731 жылы Қазакстанның батыс бөлегі патшаның қарамағына түсті. Ресейге «қосылу» тізбегі осылайша жалғаса берді. Таулы Алтай (1756), қалмақ хандығы (1771), Белорус жерлері (1772), Солтүстік Осетия, Үлкен және Кіші Кабарда (1774), Қырым, Грузия (1783), Молдавияның сол қанаты (1793), Литваниң көпшілік бөлегі (1795), Шығыс Армения, Оңтүстік Осетия (1801), Карабах хандығы (1805), Ингушетия (1810), Бессарабия (1812), Кавказ сыртының халықтары (1813) кезегімен империя құзырына етті. Ресей әскерлері Чешенстанның ұзак қырғын соғыстан кейін 1859 жылы жаулап алған. Қырғызстанның, Оңтүстік Қазакстанның, Бұхар, Хиуа, Қоқан хандықтарының 1863-75 жылдарда бағындырылғаны белгілі. 1878 жылы Аджарстан, 1885 жылы Түркмен тәуелсіздіктен айрылды, 1914 жылы Тува өлкесі Ресей протектораты болды, 1940 жылы Литва, Латвия, Эстония басып алынды, 1945 жылы Шығыс Пруссияның бір бөлегі Кенигсберг қаласы, сол жылы Оңтүстік Сахалин мен Курилдің төрт аралы «қолға түсірілді». Нагыз шындықтың катал шежіресі осындай (Бұл тізбек «Татары» (1993) деген кітаптан алынды).

Тарих оқулықтары мен колданбаларында, ғылыми көпшілік еңбектерде татар халқының бастаң кешірген зәбірі мен теңсіздікке қарсы құресі мүлде ұмыт калдырылған еді. Бұл тақырыпқа соңғы жылдарда мақалалар мен зерттеулер жазыла бастағанын көреміз. Бұған мысалға Вахит Имамовтың «Запятнанная история татар» (1994), Равиль Фахрутдиновтың «Золотая Орда и татары» (1993) секілді кітаптарын алуға болады. Көптеген құнды тың деректер «Мирас», «Татарстан», «Идел» журналдарында жарияланып келеді. Осы және басқа мәнбелерден татар халқының азаттық туын колдан шыгарғысы

келмей, отаршылдармен ұзак күрес жүргізгенін көреміз. Татар халқы 1552 жылдың 15 қазанын өз тарихындағы ең қаралы күн деп есептейді. Сол күні қаланы қорғаушы отыз мың әскер түгел қырылғанын, мұнымен коймай, Иван Грозныйдың әмірімен шаһардағы ер адамдар өлімге душар болғанын тарихшылар күәлендіреді (М.Худяков. Очерки по истории Казанского ханства). Жергілікті халықтың ғасырлар бойында жинаған дүние-мұлкі талан-таражға салынған, сөзует өнерінің ескерткіштері, хан сарайлары, мешіттер, кітапханалар жойылған, мындаған әйелдер мен балалар тұтқынға әкетілген.

Бірақ патшаның осыншама қанішерлік әрекеті татар халқының азаттық сүйгіш рухын жоя алмаған. Қазан құлаған сон көп ұзамай-ақ, 1553 жылы, қаладан жеті шақырым жерде Жансейіт пен Сарыбатыр сынды ерлер бастаған көтеріліс бүрк ете түскең. Көтерілісшілер салық жинаушылардың қатал тойым-сыйздығына ызаланып жазалаушы отрядтың екі жуз адамын өлтіріп, екі жүзін колға түсірген. Мұнан кейін әр жерлерде көтеріліс оты лаулады. Иван Грозный бұған қарсы қыруар әскерін аттандырып, татар қамалдары мен ауылдарын жойып отырған. Азаттық соғысы бұдан кейін де қайта басталады. Бұл жолы патша әскерлері татардың ондаған қыстағын құртып жіберген, көтеріліс басшыларын жазалаған. Ендігі жерде Ресей патшасы Татарстанның өзіне түпкілікті қосып алуды қөздең, татар жерлерін орыс адамдарына тартып әпеле бастаған, ең шүйгін қоныстар келімсектерге берілген. Жергілікті халықтың қаншама жауыздық қыспақ көре де, өшпеген үміті мен мұқалмаған намысын олардың 1572-73 және 1582 жылдардағы көтерілістері дәлелдейді. Татар халқының мойнына құлдық қамытын кигізу үшін, Ресей патшасы өзінің басып алған жерлерінде әскери қамалдар сала бастайды. 1593 жылы. Феодор Иванович патша барлық мешіттерді жоюға бүйрек берген. Осыдан кейін Қазандағы мешіттің қебі жойылып, олардың орнына шіркеулер мен монастырлар салынған.

Тилюсіз зорлық осылайша үдей түскең. Шоқынған татар мырзаларына ерекше құрмет көрсетілуі де зымиян саясаттың

жаңа бір қыры еді. Осыдан кейін татар-тұрік текстес фамилиялары бар орыс боярлары көбейгеніне таң қалуға болмайды. Татар жерлерін меншіктену істері үздіксіз жүргізіліп отырған. 1646 жылы татар жеріне келіп орнықкан орыс поместьтерінің саны 334-ке жеткен. 1681 жылы шоқынбаган орыс емес феодалдарды жерден айыру туралы жарлық шыққан. Мұндай озырылышқа татар, башқұрт, мордавалар бірлесе карсы құреседі. Бұл кезде Сейіт, Төлекей батырдың данкы шығады, бұлар кескілескен ұрыстар жүргізіп, жаудын зәресін ұшырады. Көтерілістің құлашы барған сайын ұлғая тұсуінен қауіптенген патшалық акырында зорлықпен шоқындыру туралы жарлығының құшін жоюға мәжбүр болады (Вахит Имамов. Запятнанная история татар, 1994. стр. 17).

Татар халқының Ресей тағына Бірінші Петр отырғаннан кейінгі көрген қысымдар мен киындықтар тізбегі ұзак желі тартады. Петр патша өзінін жаулаушылық саясатына керекті каржы жинау үшін бағынған елдерден салық алуды ұдетеді. Кит етіп карсы шыққандарды жазалаушы әскер жіберіп қырып жoadы. Бас көтерген елге қалмактарды айдал салу, халықтарды өзара өштестіру саясаты да катар жүргізіліп отырған. Халық көтерілісі кейде бірнеше жылға созылып, патшаның ұлықтарына үрей туғызған. Осыған орай жергілікті халықтың арасына іріткі салып, рухын жасытудың да неше түрлі айласы ойластырылған. Әсіреле миссионерлік істер қүшейген. 1713-1715 жылдарда патша қатарынан екі жарлық шығарып, қарауында христиан мұжықтары бар татар мырзаларын жарты жыл ішінде шоқындыруды бүйірған (Көрсетілген кітап, 34-бет). Иван Постников деген дворян патшага шоқынған татарларды бірнеше жыл бойында салықтан босату, дау-талас мәселелерді қараганда істі шоқынғандардың пайдасына шешу, егер бұратана халықтың балалары он жасқа дейін орысша үйренбесе, ол балаларды ата-анасынан айыру... жөнінде үсінис түсірген. Татар қыстағында небәрі бірнеше үй шоқынған болса да, шіркеу салу, бұл жұмысты мұсылмандарға зорлап жасаттыру әдепте айналған. Әлеуметтік қысымға діңі

зорлық қосылған сон, көптеген татарлар мен башқұрттар ата қонысынан безіп кетуге мәжбүр болған.

Құлдыққа бас игендерді ішке тарту, оларды дүние-мұлікпен қызықтыру, корлыққа қөнбекендерді кудалау, жазалау, жерін тартып алу, еріксіз шоқындыру, халықтарды бір-біріне алағөз ету, әсіреле татарлар мен башқұрттар арасына от тастау секілді сан киын әрекеттерді отаршылдар катар жүргізген. Мәселен, қатын патша Анна Иоановна жарлықтарының бірінде татар мен башқұрттың некелесуіне тыым салынсын делінген (Көрсетілген кітап, 50-бет). Патшалық ырқына қөнбекен адамдардың үй мұлқін жою, өздерін жер аудару немесе ауыр жұмыска жегу, олардың панасыз калған балаларын орыстарға таратып беру секілді жазаларды катар колданған. «Тәртіпке карсы шықты» деген желеумен башқұрттар мен татарлардың жүздеген кенті өртелген.

Татар, башқұрт халықтарының азаттығы үшін күрескен ондаған қаһармандардың аты-жөні әдейі ұмыт қалдырылып, ел жадынан шығарылған. Тұысқан ел өз тарихын тексеруге енді-енді ғана мүмкіндік тауып отыр. Мәселен, Алдар тарқан мен Қосым батыр бастаған көтерілішілердің ерлік шекіресі тәуелсіздік үшін қүрестің жарқын беттері қатарына қосылады (Аталаған кітап, 23-бет). Сондай-ақ патша зорлығына карсы атадан балаға жалғаскан қүрестің мысалдары да (Төлекей батыр, оның баласы Қосым, одан кейін Ақай батыр ерлігі) кездеседі. Бұл және басқа ерлер жөнінде арнаулы зерттеулер мен шығармалар жазылуға лайық болып көрінеді.

Колында билігі тұрған патша үкіметінің мұсылмандарды дінінен бездіріп, христиандыққа көшіру жөнінде жасаған сұмдықтарын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Тағы да бірер фактыға тоқтала кетейік. 1740 жылы үкімет пен Синод жаңадан шоқынғандар туралы арнаулы ереже қабылдан, оларға берілетін «женілдіктерді» тізіп көрсеткен. Ал зорлап шоқындырылған әрбір мұсылман өз дінін жамандап, Мұхаммед пайғамбарға тіл тигізіп, христиандықты жер-көкке сыйғызбай мактап, патша атына «өтініш» жазуға тиіс болған

(Аталған кітап, 68-бет). Мұндай «нәзік» әдістер жемісті болмаған жерде христиан дінбасылары ашық, тұрпай зорлықта барған. Солдаттарды татарларға айдал салып сабабтырған, үйлерін қираттырған, мешіт пен медреселерді ойрандаткан, кейде арандатушы миссионерлер ширкеулерді өздері өртеп, жаласын татарларға жапқан, сейтіп патшадан бұрынғыдан да катал бұйрықтар тұсірткен. Конищевич деген миссионер жедет патшаның Қазан губерниясындағы барлық мешіттерді қирату туралы 1742 жылғы жарлығын майданын, бас-аяғы екі жылдын ішінде 536 мешіттің 418-ін жойып жіберген. Міне, осыншама тыюсыз зорлық астында татарлардың жүздеген жылдар бойында өз дінінен айрылмағанына қайран қалмасқа болмайды. Тұрасын айтқанда татарлардың да, башқұрттардың да милlet сипатында сакталып қалуына олардың ислам дінін терең күрметтеп, шексіз сенгендігі себепкөр деуге болады. Дін бұл елдерге қысылған кездерде зор таяныш, медет берген. Татарлар дінін жоғалпаумен ғана шектелмей, өзге түрік халықтары арасында мұсылманшылықты таратуға үлкен қызмет атқарғаны да белгілі. Бір кездерде патшалықтың отаршылдық идеологиясының ықпалымен өскендер татарларды осы үшін айытап келгені мәлім. Біле білсек, дінін азбағаны үшін жоғары мәдениетті, дарынды татар халқына алғыс айтуымыз керек кой.

## II

Фасырлар бойында басына түсken түрлі қысым, киянат, зорлық салдарынан өзінің ата конысында мұлде азайып, шартарапқа тараپ кеткен халықтардың бірі – Еділ бойындағы татарлар. Саны жағынан алғанда татарлар түрік қауымдастыры ішінде түріктерден, өзбектерден, әзерилерден, казактардан кейінгі орында тұрганымен, Татарстан республикасындағы жүрттың тәң жартысын ғана құрайды. Татарлардың басым бөлегі бұрынғы Кенес Одағының бар бұрышына шашырап коныстанған, бір шеті Жапонияда, екінші қыры Америка

Құрама Штаттарында, тағы бір шогыры Финляндияда жүргендіктегі туралы да дерек бар. Бір ерекшелігі сол татарлар орныкты ел ретінде қай өлкеде жүрсе де, жергілікті халыққа сінісп, жоғалып кетпей, тілін, дінін, салтын сақтап келеді. Жапонияға барып келгендер сол елдегі бірнеше мешітті ұстал, ислам қауымын көбейтуге атсалысып келгендер татарлар екенін айтып жүр. Ал Америка Құрама Штаттарында, сонын ішінде Нью-Йорк шаһарында татарлардың мәдени бірлестіктері бар екенін сол елге барған сапарларымызда өзіміз де көрген едік. Сондай-ақ татар ғалымдары Финляндияда тұратын бауырларының тұрмысы мен мәдениеті жөнінде зерттеулер жазып жүргенін де білеміз. Эрине, бұл жалан мағлұматтар түтсін халықтың неліктен мүншама босып кеткендігінің себебін бізге ашып бере алмайды. Татар таксіретінің түбір себептерін түсіну үшін қысқаша да болса тарих қуәліктерін еске түсіру керек болады.

Еділ бойындағы татарлар өздерінің арғы тегін IX-XIII ғасырлар аралығында өмір кешкен Европадағы ең гүлденген мемлекеттердің бірі болған бір кездегі Бұлғар патшалығымен байланыстырады. Тіпті, осыдан бірнеше жыл бұрын кейір батар зиялыштары «татар» деген атауды қалдырып, «булғар» есіміне кайта көшейік деген ұсыныс та енгізгенін білеміз. Эрине, бір халықтың жүзеген жылдарда қалыптасқан атын өзгерте салу онай емес еді. Бірак әлгіндей ұсыныс жасалуында, үлкен нақтылы дәлелдер де бар болатын. Еділ бойы татарлары байырғы бұлғарлар мен қыпшактардың қосылуынан пайда болған халық. Бұлғар мемлекеті заманында көрші жатқан орыс княздіктерімен ғана емес, шығыс пен батыстын көптеген елдерімен де сауда-саттық, мәдени байланыс жасап отырған, өз топырағынан атакты ақындар мен ғұламаларды, ойшылдарды шығарған, көрші жүрттардан мәдени деңгейі жоғары тұрган. Тарихи құжаттар мен археологиялық казбалар осындағы корытындыны толығымен раставиды.

1552 жылы Иван Грозныйдың жер қайысқан қалың қолы татарлар ішінен шыққан сатқындарды пайдаланып, кескілес-

кен үрыстан кейін Қазанды қанға бояп басып алады. Мәскеудің қаһарлы патшасы Қазан хандығының халқына адам айткысыз зұлымдықтар көрсеткен, татарларды зорлықпен шоқындырган, бұған көнбекендерді жерінен күшп, тентірептің жіберген, қырып жойған. Татардың жер дүниеге шашырап кетуінің алғашкы кезеңі, міне, осы тұстан басталады. Татарлар өз еркімен Ресей өктемдігін ешқашан мойындаған емес, дініне, дәстүріне берік, өнерлі халық бодандыққа түскенімен, рухы жығылмаған. Қазан хандығы тарихының шытырман оқиғалары татар ауыз әдебиеті шығармаларында көрініс тапқан. Қазан шаһарының құлауы құллі мұсылман дүниесіндегі касіретті оқиғасы ретінде ноғай, казак жырларында да із калдырганы белгілі.

Ресейдің ресми тарихшылары жұздеген жылдар бойында татар халқын жаулаушы, зорлықшы деп сипаттаудан бір айнаған емес. Ертеде болып өткен оқиғалардың дұрысын дұрыс, бұрысын бұрыс деп әділдігін айтудың орнына татар атаулыны бірынғай жамандау әдетке айналған. Мұны шын ғылымға қатысы жоқ жалан саясатпаздық дағдысы деп қараймыз. Татар тіліне, ислам дініне деген қысым мен шектеушілік Ресей империясының ұзак тарихындағы қалыптасқан өктемдігі десек, Кенес өкіметі тұсында да бұл тәсіл өзгерген жоқ, кайта халықты дінінен айыру, сөз жүзіндегі халықтар достығы деген ұранның тасасында татар тілінің өрісін тарылту әрекеттері жалғасты. Мектеп оқулықтарында татар халқын жамандаған сөздер мен тұжырымдар күні кешеге дейін жазылып келді. Ал отаршыл империяның татар халқын тоздырып жіберген қанқұйлы істерінің бір де біреуі туралы анық ақиқат айтылмады.

Патша өкіметі діні бөлек, аз ұлттардан шықкан мамандарды қызметке тартудың қалыптасқан тәртібінен асте жаңылмаған. Өзге ұлт адамдарының мансап сатысына көтерілуінің «мықты» шарты олардың шоқынып, христиан дінін қабылдауы болған. Мәселен, атакты шығыстанушы Александр Касимович Казембек (1802-1870) ұлты азербайжан,

жасынан мұсылман бола тұрса да, кейіннен христиан дініне өткен (М.Усманов. Заветная мечта Хусаина Фаизханова. Казань, 1980). Петербург университетінің шығыстану факультетінде дәріс бергендер ішінен еврей тілінің маманы Даниил Абрамович Хвольсон (1819-1911) да жұмысқа тұрада өзінін христиандыққа өткен туралы куәлігін көрсеткен. Тұбі Персиядан шыққан оқытушы Н.Д.Сонин де шоқынғандардың бірі еді. Патша әкімшілігі бөтен ұлттардан маман таңдағанда бірінші кезекке христиандарды қойған, ал екі мұсылман қатар келсе, онын «жырақтан» келгені қолайлы саналған. Өйткені отаны бір адамның саяси, құқықтық талабы көбірек болуы мүмкін деп есептелген. Орыс емес екі ресейліктің білімі аздауы, қабілетсіздеуі илеуге көнгіш деп саналған.

Адамдарды дініне, ұлтына қарап алалап екшеудің зардабын, әсіресе ежелден мәдениеті жогары, дарынды татар халқының өкілдері ерекше көп тартқан. Мұны араб, парсы, түрік, татар, казак тілдерін жете менгерген, көне қолжазбаларды оқып танудың тенденсі жоқ білгірі, татар молдасы Құсайын Фаизхановтың Петербург университетінен оқытушылық қызметке қабылданбай, көп уақыт сергелденге түскен мысалынан да көруге болады. Мол білімін қалауда шәкірт-талабаларға беруге үмтүлған, шығыстану әлемінде өзіндік орны бар Қ.Фаизханов біраз уақыт студенттерге тегін дәріс оқып, өзінің терен ғұламалығына құллі университет жүртшылығын мойындақтаннан кейін ғана оқытушылық қызметке алынған. Қ.Фаизхановтың казак тілі мен ауыз әдебиеті бойынша жинаған материалдарының молдығы, бұл салада ол құрделі енбек жазбақ ниетінде болғаны онын Шокан Уәлихановка жазған хаттарынан да белгілі.

Атышулы миссионер Н.И.Ильминский Ресей мұсылмандарының мұфтилігіне орысша және шығысша жан-жакты білімі бар татардың қойылуына үзілді-кесілді қарсы шығып, то-пастау біреуді ұсынған. Н.И.Ильминский дарулфунун – университет бітірген, аргы-бергі тарихтан хабары бар татарлардан

гөрі икемге иілгіш мансапкорларды артық көрстінің ашық жазған (Көрсетілген кітап, 40-бет).

Отар халықтардың адамдарын қызметке котергенде, олардың ішіндегі халқының мұн-мұктажын білмейтін, өз мансабы үшін үлт мұддесін құрбандаққа шалып жіберетіндерді әлдей таңдал алу билеуші үлт өкімлерінің сыннан өткен тәсілі болатын. Ал ғылым мен техниканың ең маңызды салаларына рухани езілген халықтар адамын жібермеу, оларды көбінесе шымқай қара жұмыс орындарындаған пайдалану, сүйтіп ол елдің мәңгі бағынышты болып калуын көздеу де онша құпиясы жок саясат еді. Мұндай көзқарастын «қызығын» өзгелерді айтпағанда өзіміз де көріп отырмыз гой. Жеріміздің асты тұнған мұнай мен газ болса, соларды өндітін заводтардың ондаған жылдар ішінде Қазақстанда салынбағандығынан, Ресейге кіріптар болып келе жатқанымыз әмбеге аян. Әскери техника мен ғылымның ең соңғы жетістіктері колданылатын мамандықтарда қазак және басқа аз ұлттар өкілдерінің мұлде дерлік жоқтығы да осы айтылған мәселе мен сабактас.

Татар және қазақ халықтарының жан-жакты байланысын сипаттайтын мысал сан тарау. Ежелгі этникалық туыстықтын, мәдени, тілдік, рухани жақындықтын жарқын белгілері әр тараптан-ақ айқын көрінеді. Түрік тілдес халықтардың ішінде қазакка құдандалық жағынан көбірек араласкан татарлар деуге болады. Қазактың отбасына келін бол түсіп, үрпак есірген татар кыз-келіншектері жүзден, мыңдал саналады десек артық емес. «Төсекте басы, төскейде малы косылған» елдерді іздесек, алдымен татарларды атایмыз.

Тілдік, саздық жүйенің жақындығынан болар – казақша ән салып, данқка бөлөнгендер осы ағайыннан көбірек кездесетін көрсетсек те, білетіндер танырқай қоймас. Қазақша ән шығарып, опера жазған Латиф Хамиди сынды композитордың қазак музыкасын дамытуға косқан үлесінің өзі бір тәбе екені мәлім. Қазактың тіл байлығына ғашық болып өткен татар классик ақын-жазуыштарының Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Иб-

рагимовтан берідегілерінің өзі үлкен шоғыр. Бұлардан ілгеріректе өткен, шығармаларының денін қазак тілінде жазған татар, башқұрт мәдениетінен нәрленген Ақмолда Мұхамедиярұлының үш халықта бірдей ортақ саналуының өзі дүниедегі сирек құбылыстың бірі ғой. Қазақтың төңкеріс алдындағы өмірі жөнінде бағалы реалистік туындылар қалдырған Сабыр Шәріповтың есімі мен еңбегі де ұмытылуға тиісті емес.

Арғы нәсілі татардан шығып, ата-бабалары қазақ арасына сініп кеткен, кейіннен қазак халқының өкілі ретінде мемлекеттік, когамдық биік лауазым дәрежеге жеткен үлкенді-кішілі қайраткерлер де кездеседі. Мұның бәрін этникалық туыстық дегенінці терең мәні бар екенін еске салу үшін ғана айтып отырмыз. Орыс әйелі бар қазақ отбасынан тараған үрпактың көбі халықтық дәстүрден жүрдай, қазак тілінен маҳрум болып шығатының дәлелдеп жату керек болмас. Ал тілімізді білетін татар нәсілді әйелдерден туған үл мен кыз дәстүріміз бен салтымызға анағұрлым жақын тұрғанын өмірдің өзі көрсетіп келеді.

Екі халықтың арасындағы үзілмеген, желілі мәдени байланыстың бір саласы ағартушылық істеріне саяды. Төңкерістен бұрынғы дәуірде қазақтарға діни және дуниегей (светтік) білім таратқан татар зиялышарының тағылымын ризалық сезіммен атап өту ләзім. Мешітте имам, медреседе мұғалімдік еткен татар молдаларының қазақ қауымын ислам әлеміне бұру жолында атқарған қызметін buquerque дейін теріс бағалап келгеніміз бекер болғанын түсінетін кез келді. Көзі ашық, сауатты қазақ адамының көбі ертеде татарлар мен башқұрттар ашкан медреселер мен мектептерде білім бұлағынан сусындағанын үлкен ілгерішлік көрініс деп карайтын болуымыз парыз. Татар халқының алдыңғы қатарлы өкілдерінің осындай қыруар гибратының ішінен бір ғана мәселеге аздал кідіргіміз келеді. Ол – төңкеріске дейін татар баспағерлерінің қазак тілінде кітап шығарып, халықтың санасын ояту жолындағы ұшан-теніз еңбегі.

Зерттеушілердің көрсетуінше, Қазан төңкерісіне дейін казақ тілінде жарық көрген кітаптардың көбі Қазан қаласындағы татар нашрияттарынан шыққан. Бұл тараптағы деректін бірталай атақты казақ ғалымы Әбіш Жиреншиннің («Қазак кітаптарының тарихынан», 1971), татар зерттеушісі А.Каримуллиннің («У истоков татарской книги», 1971, «Татарская книга», 1974) деген монографиясында көлтірлген. Кейінгі кезде кітаптардың тарихын зерттеуге Ү.Сұбханбердина елеулі еңбек сінірді. Жұртшылықты осы кітаптарда берілген мағлұмматтардың жалпы бағытымен және кейбір нақтылы тізім, сандарымен таныстыру қажет деп санаймыз.

XIX ғасырда Қазан қаласы шығыс халықтарының тарихын, мәдениетін зерттейтін, мәдени мұрасын басып шығаратын аса ірі орталықтардың біріне айналған. Шығыс халықтарының ана тілінде жарияланған кітаптардың 70 пайыздан (процент) артығы Қазанда теріліп басылғанын көрсетсек те, бұған көзіміз жетеді. Ресей империясының түрлі қалаларындағы кітап басылу жағдайын шола келіп: «Жалпы XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде осы қалалардан орта есеппен бір мыннан астам атаулы казақ кітаптары басылып шыққан, олардың тиражы бес миллион данага жетеді», – деп жазады Ә.Жиреншин (Көрсетілген кітап, 39-бет). Осы көлтірлген мысалдың өзі-ақ казақ халқының Қазан төңкерісіне дейінгі сауаттылық деңгейінен жеткілікті хабар бергендей. «Революциядан бұрын қазақ халқы қара танымаған, екі-ақ пайызы сауатты болған» деп ғайбат айтып келген надан белсенділердің жалған тұжырымы қылмыспен барабар деп қарастырылады. Қазақ халқын мәнгүрттікке итермелеген күштердің ең жексүрін тобы да өз ішімізден шыққан ғалымсымақ жазғышсымактар екенін өкінішпен еске түсірүте тұра келеді.

1807 жылы Қазанда басылған «Сейфілмәліктен» кейінгі бір ғасырдан артық уақыт ішінде қазақ тілінде жарық көрген кітаптардың тақырыптық, пәндік, хронологиялық жүйеге түсіріп тексерудің өзі зор ғылымдық уәзипа болып табылады. Ал баспа жұмысын ұйымдастырыған, кездескен кедергілерге мойы-

май, казақ және басқа түрік халықтарының тілінде кітап шығаруға жан-тәнімен атсалысқан баспагерлердің өзі үлкен мәдениет кайраткерлері деп каралуы туіс. Мәселен, Шамсиддин Хұсайыновтың «өз қаражатымен Қазан университеттін баспаханасынан қазақ кітаптарын шығарып, оны халыққа таратқаны» (Ә.Жиреншин. Қазақ кітаптарының тарихынан, 48-бет) биік саналылық нағыз бауырмалдық деп бағалау керек. Ш.Хұсайынов шығарған жұзден артық кітаптың қазақ даласына білім нұрын сепкенін асыра бағалау мүмкін емес. Сол кітаптардың катарында «Қисса Қозы Қөрпеш», «Қисса Біржан сал мен Сара қызың айтысқаны», «Қисса Шортанбайдың бала зары», «Хал-акуал Мәшін Ҙосуп Қөпесев һәм оның бағызы бір шығармалары», «Қисса Айман-Шолпан», «Ер Тарғын», «Сеид Баттал», «Өсінет наме», «Қисса Қамбар», «Мұхаммед Ханафия», «Топ жарған» атты маңызды басылымдар бар.

Қазақ кітаптарын басып шығару ісінде өшпес еңбек сініргендер катарында ағайынды Мұхамеджан, Шәріпжан Кәрімовтардың есімін айрықша құрметпен атап ету керек. Бұл баспагерлер қазақ авторларымен ұдайы байланыс жасап отырған, толық емес есеп бойынша, небәрі 415 кітап шығарған. Бұл басылымдардың қазақ халқының үлттық оянуына қаншалық зор ықпал жасағанын түсіну қыны емес. Сөзіміз құрғақ болмас үшін ағайынды Кәрімовтар шығарған кітаптардың бір шоғырын тізіп көрсетудің өзі жеткілікті болар еді. Олар: «Кел, балалар, оқылық», «Мінез», «Қисса Атымтай Жомарт» (1898), «Адабиет қазакия» (1902), «Гүлкәшима» (1903), «Жиренше», «Шопан ата», «Қазақ шығармалары», «Қазақ өлөндөрі», «Қисса Энбия» (1909), «Кітапхана жүрнағы», «Қазақша әліппе», «Ұлгілі тәржіма» (1910), «Қисса Тайир мен Зуһра», «Сұм заман», «Болғын қазақ», «Мактубат», «Машук наме», «Назым», «Көргенді бала – үлгілі ана», «Ғабдулхалім илә Мәлике», «Ғибратнаме» (1911), «Қазақ балаларына қирағат кітабы», «Ақын», «Жастық жемістері», «Қазактың той бастары», «Ұлгілі бала» (1912), «Қалын мал» (1913), «Қазақша дұрыс жазу қағидалары», «Қазақ мақалдары»

(1914), «Өткен күндер» (1915), т.б. Қазак халқының рухани өрлеуіне осыншама қызмет еткен татар баспагерлерінің, солардың ішінде Шамсiddин Құсайынов пен ағайынды Кәрімовтардың есімін есте қалдыраңық ескерткіш белгілер керектігін күн тәртібіне қоятын уақыт туғанын зиялы қауымның құлағына салғымыз келеді.

Татар баспагерлерінің фидайылық істерін тек Қазан нашрияттарымен шектеп қоюға болмайды. Орынборда, Уфада, Семейде, Та什кентте шықкан көптеген кітаптарға олардың тікелей қатысы, көмегі, колғабысы болғаны мәлім. Бұл кезге дейін зерттеушілердің назарына ілінбеген, кезінде бірер кітап жариялаған қазак авторларының саны мен аты-жөні бізге белгілілерінен анағұрлым көп болғаны байқалады. Қазак еліне оку, білім, ғибрат, өнеге таратқысы келіп, азды-көпті әрекет еткендердің бір де біреуінің атын ұмыт қалдырмай, оларға тиісінше ілтиплат көрсетілуі кажет. Ал кезінде бестеп-ондап шығарма жазып жариялаған авторлардың мұрасын арнағы тексеру, олардың мәдениетіміз тарихынан алатын орнын анықтау жұмысы колға алынуы керек. Тәуелсіздік туын көтерген еліміздің өткендегі барша мұрасын саралап алмай, ұлттық қалыптасудың бағдарламасын толық ретке келтіру киын болмақ.

Кезінде алды отызға, арты он-он беске жуық кітап шығарған Кашафуддин Шаһмарданұлы, Ақылбек Сабалұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Шәді Жәнгірұлы, Ақыт Үрімжіұлы сынды ақын, жазушылар мұрасы жайында құрделі зерттеу еңбектер жазылып, олардың туындылары толық жарық көретін уақыт жетті. Бір кездерде біреулері байдын баласы, екіншілері, қожа, молда деген шалағай түсініктің жаласына ілінген мұндай қайраткерлердің енбегі бұдан былайғы жерде тасада қалдырыла беруі ақылға сыймайды. Ал, олардың шығармаларының мазмұны діни нанымдарға қатысты болуы тіпті де кемшилігі емес. Қауымға адамгершілік, имандылық тәрбиесіп тарату аса зәру болып отырған қазіргі кезде құллі ислам дүниесімен байланысты жәдігерлерді түгендеу, оларды

іске жарату бұдан былайғы дамуымыздың маңызды шарттарының бірі болатыны шүбәсіз.

Қазан баспаханаларынан шықкан татар кітаптарының саны да, такырыптық, пәндік аумағы да анағұрлым кең болғаны белгілі. XX ғасырдың бас шенінде татар тілінде шықкан 7000 кітаптың жалпы тиражы 47 миллион 110 мың болғаны халықтың мәдениет деңгейінің сенімді көрсеткіші бола алады (А.Каримуллин. Татарская книга. 248-бет). Қазан губерниясындағы татарлардың орташа сауаттылық дәрежесі бүкілресейлік межеден жоғары болғаны да тарихи шындық. Кітап шығарудың көлемі жағынан ол дәуірде татарлар орыстардан кейін екінші орында тұрған. Бір Қазан қаласының өзінде он-он бес баспахана тек татарлар үшін ғана емес, Ресейдегі шығыс халықтары үшін де көп басылымдар шығарған. А.Каримуллиннің көрсетуінше, татардан өзге түрік тілдерінде шығарылған кітаптың саны жағынан қазақ тіліндегі өнімдер алдыңғы орындардың бірін иеленген.

Патша әкімшілігі Қазан баспаларынан мұсылман халықтары тілінде кітаптың көп шыға бастауынан секем алып, цензуралық бақылауды қүшайте түсken. Мәселен, белгілі шығыштанушы Н.Ф.Катаев түрлі арыз, шағым секілді құжаттарды қараудың үстіне жыл сайын 500 қолжазбаның мазмұнын тексеріп шығуға тиісті болды. Тұркі мұсылман тілдеріндегі кітаптардан «кәте тапқыштық» жөнінен В.Д.Смирнов секілді өсіре «сак» цензорлар алдына жан салмаған. Осындейлардың «қырағылығының» салдарынан, мәселен, Г.Шараф баспаханасынан жүз кітаптың жиырmasы үшін баспагерлерге айып төлеткен, әрбір бесінші кітапка пәле-жала тағылған. Мұның бәрі езілген халықтар тілінде кітап шығарудың қандайлық кедергіге душар болғанын сипаттайды. Әзіз шын берілген, ұлттық, түріктік санасы жоғары татар баспагерлері әкімшілік таралынан көрсетілген сансыз қыспакқа қарамастан, түрік, мұсылман халықтарына ағалық қамқорлық көрсеткенін еш уақытта ұмытуға болмайды. 1901-1917 жылдар арасында Кәрімовтар баспаханасында құран, әптиек және дұғалықтар 4

миллион 358 мын 200 дана болып шыккан. Түрік халықтарының елдік санасы оянуынан қауіптенген билеушілер «бұл елдердің арасында пантүркішілдік, панисламшылық күшейіп барады» деп алдынғы катарлы татар зиялышарын кудалауға ұшыраткан. Патшалық жандайшаптары «Мұсылман» деген атпен Парижде газет шығарып, оның бетінде арандатушылық макалаларды әдейі үйимдастыруға дейін барған. Осындай қыспак жағдайда зәредей мүмкіндікті пайдаланып, өздерінің ағартушылық миссиясын адал орындаған татар зиялышарының өжеттігіне тан қалмасқа болмайды.

Татар ағартушыларының казақ халқының мәдени кемелденуіне шын тілекестікпен зор қолқабыс жасағанына келтірліген мысалдар толық дәлел болса керек. Мұндай жақсылықты тек қана тегі, тілі, діні бір тағдырлас елдер ғана жасай алады. Жеріміздің бір пүшпағына да көз алартпай, расалық немесе қайдағы бір басқаша «артықтығын» көлденең тартпай, «достық құшағында» тұншықтырып жібермей, шын пейілден адал көмектесу – нағыз туыстықтың белгісі. Біз татар халқымен сан ықылым дәүірлерден бері жалғасып келе жатқан жақындығымызды толық бағалап болдық дей алмаймыз. Тіпті, татарды көре алмайтын жат күштер таратып жіберген жалған қауесеттердің арам ойдан туғанына көз жіберіп, өз санамызбен талдау жасай алдық па деген сұрауға да жауабымыз жартымды бола коймас. Мұның бәрі туыс халықтарды бір-бірінен жырақ ұстауға бағытталған саясаттың ұнамсыз нәтижелері екенін түсінсек иғі. Татар-казак байланыстарының терендеп тексеретін такырыптарына алдағы кезде ғылыми түрғыдан шындалап бет буратын болсак, құба-құп.

Татарстанның тәуелсіздік алғаны – казақ халқының да қуанышы. Азаттықка деген ансары ешқашан ұмыт болмаған татар халқының Ресеймен құқықты тен республика санатында шарт жасасып, өз еркімен бір мемлекет құрамында тұруға келісімге келуі қазіргі жағдай мүмкіндігіне орай туғаны түсінікті. Келешекте Қазакстан мен Татарстанның арасындағы алауда түрлі экономикалық және мәдени байланыстарды

жандандыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілетініне сенеміз. Әрбір қазак зиялышы бұл іске өз тарапынан тиісті үлес косса, нактылық кадамдар жасаса, ортақ ісімізге косылған үлесі болар еді. Ал екі республика арасында мемлекет қөлеміндегі түрлі келісімдер мен шарттар жасасу, ғылыми, мәдени жетістіктер алмасу саласында атқарылуға тиіс іс үшан-теніз.

## НОҒАЙЛЫ ДЕГЕН ЕЛ ЕДІ...

Менің туысқан ногай халқының тарихы мен тағдырына көніл бөліп, азды-көпті ғылыми ізденістер жасай бастағаныма аттай жиырма үш жыл болыпты, Ногайлардың фольклоры мен әдебиетін, қазіргі халін таныстыратын бірнеше макала жарияладым, ногай халық поэзиясының бұрынғы-сонғы үлгілерін топтап, алғы сөз жазып «Қарайдар мен Қызылгұл» деген атпен жеке кітап етіп бастырдым (өлеңдер мен жырларды казашалаған белгілі ақындарымыз Қадыр Мырзалиев пен Дүйсенбек Қанатбаев). Казак пен ногайға ортақ саналатын Асанқайғы, Қазтуған, Шалгез, Доспамбет жыраулардың ногайлар арасында осы кезге дейін сақталып келген бірсыптыра шығармаларын жинадым. «Сарқылмас қазына» деген кітабыма ногай эпосы жайында талдауларым енген. Ногайдың көрнекті жазушысы Сүйін Қапаевтың әнгімелері мен повестер жинағы «Жазушы» баспасынан шығуына да септескенімді айтудың артықтығы болмас (аудармашы Құләнда Ұзакбаева). Сондай-ақ, С.Қапаевтың Қазакстан туралы естелік әсерлерін «Алматы акшамы» газеті арқылы таныстырған кезде де ногайлар жайынан бірқатар деректер келтіргенмін. Мұның бәрі жүйелі зерттеулер деуге келмейді, казаққа өзгеше жақын, бірақ сонғы ғасырларда мүлде дерлік ұмыт бола жаздаған халықтың өміртіршілігінен жүртшылығымыз хабардар болсын деген ниеттен туған бастама сөздер ғана. «Үш бірлік» деген макаламда да ногайдың өткендеңі ауыр тағдырынан мағлұмат бергенмін.

Енді ногай такырыбын қалайша тапқанымды айта кетейін. Мұның өзі кездейсок деп айтуда болатын оқиға еді. 1973 жылы

жол түсіп, Солтүстік Кавказдың Есентуки қаласындағы «Қазақстан» санаторийіне бардым. Ол кезде санаторийдің жана корпусы салынып бітпеген, демалушылар шағындау бір ғимаратка орналасатын. Емделуші, тынығушылар – қырық шакты ақ кісі, оның үстіне көбі бір-бірімен таныс, білістер болып шықты. Бәрі де қазак. Демалушылардың бір ермегі – грампластинка ойнатып, өн-күй тындау, өткен-кеткеннен әнгіме айту. Бір күні онтүстік қазақстандық зангер Айтжан Бекназаров жаңалық айтып келді. Қаланы аралап жүріп, дүкендердің біреуінде сатушы болып істейтін ногай қызын көріпті. «Өзі қазақтан айнымайды, бірақ қазақша сөйлей алмайды, айтқаныңды түсінеді, ұлты ногай екен» деді Айтекен. Арамызда Кавказға курортқа сан рет келіп жүрген байырғы кісілер де болатын, олар да осында келіп-кетіп жүргенде тілі, түрі қазакқа үқсайтын ногай деген халықтың өкілдерін көріп жүргендіктерін еске түсірісті. Бұл хабар менің көnlімнің түкпірінде жатқан кейбір көмескі деректерді қайта тірілткендей болды. Бір заманда казақпен аралас-құралас жүрген ногайлы елінің журнағы осы солтүстік Кавказда деуші еді ғой, ногай адамдарын тауып сөйлесіп көрсө қайтеді деген ойға тірелдім.

Ертеңіне әлгі ногай қызын тауыш алып таңыстық. Фатима Магомедова осындағы жалғыз үй ногайдың қызы екен, әкесі геолог. Қыз ногайша сөйлей алмағанымен, айтқаныңды түсінетіндей көрінді. Бір тәуір жері, Фатима ногайлардың қай жерлерде тұратынынан хабардар болып шықты. «Ногайлардың бір шоғыр отырған жері», – деген сон, көріп қайтайық деп Минеральные Водыға тоғыз шақырым жердегі Қанлы деген аталған ауылға екі-үш серік ертіп бардым. Фатиманың берген адресі бойынша совхоздың бухгалтері болып істейтін Бақаев Сүйіннің үйінің алдына барып бір-ақ токтадык. Үйінен шығып амандастан · Сүйінге «Қазақстаннан келген туыстарының» дегенімде мұндай көріністі құтпеген үй иесі ан-тан болды, «Қазақстанда менің туысқаным жоқ еді», – дей берді. Мен Қазақстан Фылым академиясында қызмет істейтінімді, халық әдебиетін зерттейтінімді, казір Есентуки курортында демалып

жатқанымды, осында ежелгі ағайын ногайлар бар деген сон, көріп қайтайық деп кана келгенімізді түсіндірген сон, Сүйін жүзі жадырап, үйіне кіруге шақырды. Эйелінің аты Сырмахан екен. Сүйін мектепте орысша оқыған, ногай тарихынан да, өзге түріктер жағдайынан да хабары шамалы екендігін айтып, бізді аулындағы қадірлі карт аксақал Ағалиев Салауаттың үйіне ертіп барды. Ол көп окуы жок, бірақ естігені, көргені мол жан, ногай тарихының кейбір дерегін айтып берді. «Ногайлар осы Ставрополь өлкесінің Қарашай-Черкес автономиялы облысында, Нефтекум ауданында, Дағыстанда және Чечен-Ингушетияда тұрады, – деді Салауат аксақал: – біздің халықтың көп бөлегі өткен ғасырда Түркия ауып кеткен, бірталай ел Қырым мен Астрахан өнірінде тұрады». – «Қаңлы» деген ауылдың аты неден шыққан деген сұрағымызға Салауат кария өз долбарын ғана айтты: «Бұл маңайда ертеде талай соғыстар болған ғой, сондай ұрыстарда қан төгілген жер болған сон, осылай атады ма екен, әлде Ногайдың құрамындағы Қанлы руының атына қойылды ма екен, анығын білмеймін», – деді. Қөпті көрген көне қарттың өзі ногайлардың рулық бөліністері, таңбалары, ұрандары туралы жартымды ештеңе айта алған жок.

Қалайда ногай тіліндегі кітаптарды тауып алу, ақын, жазушылары болса, жолығып сейлесу керек деген тұжырымға келдім. Ногай жазушысын табуга тағы да Есентукидегі Фатима Магомедованың көмегі тиді. Ол Черкесск қаласында ногай тілінде газет шығатынын онда өзінің нағашысы жазушы Фазыл Әбдіжәлилов қызмет істейтінін айтып, оның үй телефонына дейін жазып берді. «Ногайды іздеу» идеясына берілгенім соншалық – курорттың емделу, демалу режимі бұзылады-ау дегенді елемедім. Черкесск қаласына телефон соғып, Фазыл Әбдіжәлиловпен сейлестім, «Ногай жазушысы да, ногай кітаптары да табылады, қашан келесіз?» – деді ол әнгімені көп ұзартпай. Курорт тәртібі бойынша, қаладан тыс жерге барғысы келетін емделуші бас дәрігерден рұқсат сұрауы керек, мен мән-жағдайды түсіндірген сон бас дәрігер Степанов ондай рұқсатты берді.

Есентуки-Черкесск маршруты бойынша жүретін автобустың таңертенгі алғашкы рейсімен токсан шақырым жердегі облыс орталығына әне-міне дегенше келіп жеттім, жұмыс құні бастала бере мен облыстық «Ленин йолы» газеті редакциясының табалдырығынан аттадым. Карапай-Черкес автономиялық облысында тұратын төрт халық қарашайдың, черкестің, абазиннің, ногайдың тілінде шығатын төрт газеттің де редакциялары бір ғимараттың ішінде. Маған керегі ногай редакциясы болғандықтан, бірден «Ленин йолына» бардым. Сол жерде газеттің редакторы Баубек Карасовпен, газеттің бөлім менгерушілері жазушылар Фазыл Әбдіжәлиловпен, Сүйін Капаевпен таныстым. Менін келуім ногайлар үшін мүлде күтпеген оқиға еді. Әдепкіде ан-таң болған әріптестерге: «Қазақ пен ногайдың іргесі бөлініп, қонысы жырақтағалы бері бірнеше ғасыр өтті ғой, содан бері сіздерді ағайынның еді деп іздел келген казак болды ма?» дедім мен өзілдеп. «Жоқ, бұған дейін ногайды арнағы іздел келген казак болғанын білмейміз», – деді олар да жылы шырай білдіріп.

Шын туыстар кездескендегідей еркін әнгімелесіп кеттік. Кавказдағы қарашайдың да, малқардың да, Дағыстандағы құмықтың да тілі бізге жақын ғой, дегенмен ногайдың тілі тіпті етene екенін сонда бірден анғарған едім. Газет редакторы Баубек Карасов менің алдыма «Ногайша-орысша» сөздікті әкеліп койды. Сөздіктің сонында ногай руларының аты келтірілген екен. «Осы рулардың казак арасында қайсылары бар?» – деп сұрады. Карасам, қазактың көне, ірі руларының бәрінің дерлік аттары осында тізіліп тұр. Тіпті, үлкен рулық бірлестіктерді айтпағанда, солардың ішіндегі кейбір аталарының да аты кездескеніне таң калдым. Сөздіктे көрсетілген ру, тайпалар түп-түгел казактар құрамында үшірайды десек, жансактық болар еді. Кейбір рулар өзбек (дурмен, т.б.), енді біреулері қарақалпак (мұйтен, т.б.) арасында құні бүгінгे дейін бар екенін білетінмін.

Ногай жазушыларымен және ғалымдарымен құні бойы әнгімеміз халықтарымыздың өткендегі ынтымактас болып

жүрген замандардың естеліктері мен ескерткіштері төнірегінде өрбіді. Карапай-Черкес автономиялы облысы (соңғы кезде бұл ел республика атанды) ғылыми зерттеу институтының директоры, мамандығы тарихшы Қызылгүл Жәнібекова ногайлар жөніндегі архивтік күжаттардың сакталу, жиналу, зерттелу деңгейі туралы көп мәселеге қанықтырды. Сонымен көздеген мақсатыма жеткендей болып, ногай тіліндегі көркем әдебиет пен ғылыми кітаптарды мол қамтып, әріптестермен адрес алмасып, кешке қарай Есентукиге артынып-тартынып қайтқан едім. Бұдан кейінгі күндерде де жекелеген ногай адамдарымен жолығысып жүрдім, тек ногай жыршысын табу талабымыз ғана жүзеге аспады, іздел барған жыршымыз аулында жок болып шыкты.

Алматыға оралған соң осы сапарда көрген-білгенімді «Ногайлар арасында» деген атпен «Лениншіл жас» газетінде мақала түрінде жарияладым. Бұл мақалада келтірілген мағлұмattар көп адамдарға тосын жаңалықтай көрінгенін олардың маған білдірген лебіздерінен сездім. Әсіресе: «Ногай мен татардың екеуі бір халық, емес пе, бұлардың қандай айырмашылығы бар?» – деп сұраушылар аз емес еді. Мені таңқалдырған казактар арасында ногай деген дербес халықтың аты ұмытылып, оның «татар» деген ұғымға бірігіп кеткендігі еді. Тарих дәңгелегі теріс айналса, жеке адамдар тұғыл тұтас елдердің өзі де уақыт құрдымына сініп, аты өшіп кететіндігін түсіну ауыр ойлар туғызды.

## II

Соңғы бірнеше ғасыр бойында тәуелді құн кешкен көптеген түрік халықтары секілді ногайлардың тарихы толық ақиқатпен жазылып болмаған. Сондықтан ногайлар жайында айтылатын сөздер шын шежіренің жалпы желісімен ғана таныстыруға жарайды. Ногайлардың консылас, туыс елдермен ара қатынасын талдаған еңбектер жоқтың қасы. Мәселен, қазак-ногай бірлестігінің түрлі кезеңдері, олардың сипаты,

тіпті, көп ретте ортақ қазына болып саналатын ауыз әдебиетіміздің байланыстары да тексерілмеген. Сол себептән біз әңгімемізді «хатка түскен» орыс және ногай авторларының еңбектеріне сүйеніп сабактаймыз.

Зерттеушілердің көрсетуінше (И.Х.Калмыков, Р.Х.Керейтov, А.И.Секалиев. Ногайцы. Черкасск, 1988), ногайлар Дағыстанның Ногай, Ленин, Бабажұрт аудандарында, Теректімектеп, Үйсалған, Карагас, Орта-төбе, Бораншы, Құнбатар, Нариман, Жана ауыл, Сұлу-төбе, Қарасу, Құмлы, Батырмырза, Ас-ауыл, Құм-ауыл, Тамаза төбе, Кеме төбе, Токсанак ауылда-рында, Қизляр ауданының Монгол ауыл, Қыстырылған, Макар ауыл, Боранбай, т.б. жерлерінде, Ставрополь өлкесінің Бестауға жақын өніріндегі Нефтекум ауданында Абрам тебе, Токай-мектеп, Қиясулы, Махмуд-мектеп, Илияс-қыслай, Конай, Бисей, Нөкіс, Каратөбе, Бияш, Ачиқұлақ кенттерінде тұрады. Степнов ауданында Ыргакты деген ауыл бар. Чечен-Ингушетияның (қазіргі бұл екі халық дербес республикалар болып бөлінген, олардың өзара шекарасы туралы қоымызыда мағлұмат болмағандықтан, бұрынғы атауы келтіріліп отыр – Р.Б.) Шелков ауданында Сарысу, Қаршыға, Красный Восток, т.б. ауылдары мен станицаларында да ногайлар өмір кешеді. Тұысқан халық Ставрополь өлкесінің жеріндегі Қаңлы, Карамырза, Әділ-халық, Қызыл төғай, Еркін жұрт, Еркін халық, Қызыл жұрт, Еркін шаһар атты мекендерінде тіршілік етеді. Ногай зиялышарының қатары Черкесск, Махачкала қалаларында көбірек кездесетінін де айта кетуіміз керек.

1979 жылғы халық санағы бойынша, бұрынғы Кеңес Одагында алпыс мындаған ногай болыпты. Оның көпшілігі, ілгеріде көрсеткеніміздей, Дағыстан мен Ставрополь өлкесінде. Ногай Ордасы заманында бір өзі үш жұз мын кол шығарып, айбынды мемлекет болып саналған ногайдың қазіргі кезде жұрнағы ғана қалғанына бұдан артық дәлел керек емес.

Ногайлардың негізін құраған этнонимдерге караганда, бұл халықтың ертеде Ертіс бойын, Дешті-Қыпшақты, Орта Азияны, Солтүстік Кавказды жайлаған түрік тайпаларының

бірігуінен пайда болғаны айқындалады. Ол рулар мен тайпалар: қыпшақ, қоңырат, найман, мангыт, арғын, керей, үйсін, үйғыр, қанлы, дүрмен, катаған, байұлы, булгар болып келе береді. Ногайлар ішінде үйсіндердің жүруін осы құнғе дейін кездесетін Үйсінов деген ата есімдердің кездесуі де дәлелдегендей. Тарихшылар ногайлардың халық ретінде қалыптасуына, әсіресе қыпшактардың, қоңыраттардың, наймандардың, керейттердің рөлі күшті болғанын атап көрсетеді. Бұл рулардың атымен аталған жер, мекен молдығы да бұлардың өріс-конысының өте кең болғанын сипаттайды. Ногай ғалымдары қыпшак бірлестігінің Кавказ атырабында ерекше мәнді орын иеленгеніне қызық мысалдар келтіреді. Мәселен, XII ғасырдың соңы ширегінде Гүржістан (Грузия) патшасының қызметінде қырық мын қыпшак әскері болған, соның ішінде бес мын сарбаз Дәүіт патшаның тікелей өз қарауындағы ұлан болып есептелген. Қыпшактардың Грузияға қоныс тебуи XIII ғасырга дейін орын алған келген. Қазіргі ногайлардың антропологиялық тұлғасында монголдық элементтің елеулі орын алғандығын зерттеушілер Монгол жаулаушылығынан кейінгі рулар араласуынан деп түсіндіреді. Қыпшактар Алтын Орда мен Солтүстік Кавказ халықтарының арасын байланыстыруышы буын болған.

«Ногай» этнонимінің арғы тұбірі Алтын Орданың ханы Беркенін тұсында-ақ тарихи аренага шыға бастаған Ногайдың есіміне байланысты делинеді. Ногайдың атасы Жошының жетінші ұлы еді. Ногай өз әкесінен Днепр мен Днестр арасындағы аймақты мұрагерлік жолымен алған, отыз жыл бойында Алтын Орда тізгінін ұстауға ұмтылып, зор әрекет жасаған аса көрнекті қайраткер. Бірақ ол дегеніне жете алмайды. Тоқтай хан әскерімен соғыста женіледі, Ногайдың туыстарының біразы Каспий маңындағы далаларға көшіп кетеді. Бірақ Ногайдың аты ұмытылмай, XIV ғасырдың акырында этникалық есім сипатында Едіге үйтқы болған мемлекеттік бірлестіктің атауы болып қайта жаңғырады.

Ноғай Ордасының данқка бөлөнү және құлдырау кезеңдері, ақырында бөлшектеніп жойылып бітуі жөнінде деректер сакталған. Ноғай Ордасының қалыптасу, күшею заманы Едігә және оның үрім-бұтактарының үкімдарлық құрған кезеңімен белгіленеді. 1391 жылы Тұранның билеушісі Әмір Темір Алтын Орданың ханы Токтамыстың әскерін қирата женгеннен кейін, манғыт-ноғай ұлысының атақты би Едігенің бақыт жұлдызы көтеріледі. Қазіргі ноғайлар Ноғай мемлекеттігінің басталу межесін дәл осы кезеңнен бастауында негіз жоқ емес. Бұрынғы Алтын Орда аталған айбынды дәүлеттің ішінен Ноғай Ордасы делинген ұлыстың екшеліп шығып, халықаралық көлемде өзін таныта білген шағы да осы түс. Едігеден кейін оның өсietі бойынша Манғыт жұртын баласы Фазы билеуге тиіс болады, дегенмен Фазы үлкен кайраткерлік көрсете алмайды. Одан кейін ел тізгінін Едігенің тағы бір баласы Нұраддин өз колына алады. Ал Ноғай Ордасының толық қалыптасуы Едігенің немересі Оқастың кезінде жүзеге асқан делинеді.

Ноғай Ордасының тарихы шытырманға толы. Ноғайлар көп уақыт бойында Мәскеу княздігімен достық қарым-катынас жүргізеді. Орыс княздері ноғайлардың әскери құшінін мөлдігін пайдаланып, оларды бірде Қазан, тағы бір жағдайда Қырым хандықтарына қарсы айдал салғаны туралы деректер жеткілікті. Мәскеуде ноғай адамдары түсетін Ноғай Сарайы болғаны да белгілі. Ноғайлардың үш жұз мың әскер шығаралық қауқары болған. Едігә тұқымдарының бірі Жұсіп мырзаның өзі жұз жиырма мың әскерді жасақтай алатыны туралы да күжаттар бар. Ноғайлардың Қазан Астрахан хандықтарының мұддесі үшін құрескен сәттері де алма кезек келіп отырады. Шаруашылық негіздері әлсіз, көшпелі өмір кешкен ноғайлар XVI ғасырдың орта тұсынан бастап киыншылықтарға ұшырайды. Едігә үрпактары Жұсіп пен Исаимлдың арасындағы билік үшін ұзакқа созылған талас елді орасан шығасыға душар етеді. Мәскеу саясатын жактаған Исаим мен тәуелсіздікті көксеген Жұсіп теке-тіресінін ақыры

Ноғай Ордасының шаңырағын шайқап жіберген еді. Оның үстінен жиілеп келген жұт та жығылғанға жұдырық болады. Бұл оқиғаның жанғырығы қазактың «Орак-Мамай», «Қарасай-Қази» секілді жырларында елес береді.

Ноғайлардың Үлкен ноғай, Кіші ноғай деп бөлінің де, ыдыраудың себептері мол екенін көрсететін еді. Бұлардың арасындағы қайшылыктар мен бакталастық тарихы да өз алдына жеке маселе. Қази Ораковтың Исаимлға бағынғысы көлмей, батыска карай көшіп, Украинаның онтүстігіне, Қырым, Дон, Азов, Қара теңіз, Қобанға коныс аударуы үлкен тартыстардың салдарынан туған. Қазақ-ноғай эпосында батырлардың Еділ, Жайық пен Қырымның арасында әрекет еткендіктерін суреттеу бос киял емес, тарихи оқиғалардың жанғырығы екенін көреміз.

Ноғайлар мемлекеттіне кездескен тажал XVII ғасырдың басында бұлардың жеріне қалмактардың басып кіруі болатын. Ресей патшасының қалмактарды толық қолдап қаруандыруы басқаның колымен от көсөу дегенін нак өзі еді. Ноғайларды Еділ, Жайық бойындағы ата конысынан козғаған қанқұйлы күш те осы қалмактар еді. Ноғай, қазақ жырларында эпикалық жау ретінде ылғи дерлік қалмактардың көрінуі осыдан. Сан түрлі сәтсіздіктердің зардабынан әлсіреген, ыдыраған, бұрынғы айбынан айрылып, мұшқіл халге түсken ноғайларды ақырғы рет Ресей патшасының әскерлері 1783 жылы қырғынға ұшыратады. Содан кейін «ноғай мәселесі» әбден шешілген болып саналады. Алуан ауыртпалықтарға шыдамай, ноғайлар бас сауталап шет елге де ауған, панаулаға мүмкін жердің бәріне де табан тіреген, олардың көбі мемлекеттік құжаттарда татар деп жазылып кеткен. Бір замандағы самсаған әскер шығаратын көп ноғайдың бұл күнде саны жұз мынға жетпес болып шығуының себебі осы көрсетілген мысалдардан кейін түсінікті болса керек.

Қазақ пен ноғайдың тұбі бір туыстығы ауыз әдебиеті шығармаларында, әсіресе эпикалық түнінділарда өшпестей болып бейнеленген. Соның аса ірі көрсеткіші атақты айтқыш

Мұрын жыраудан жазылып алынған «Қырымның қырық батыры» атты жыр тізбегі. Жалпы қазак жырларының көбіндес ногайлардың қазакпен туыс ел екені көркем күәлендірілген. Оған мысал келтірер болсақ, сан мындаған жолдардан тұратын эпостардың кайта қөшіріп шығуға тұра келер еді.

Ноғай елінің казіргі халинен біледініміз көп емес. Біраз деректерді «Ноғай дауысы» газетінін беттерінен табуға болады. Сонғы бірер жылда орыс тілінде шыға бастаған «Половецкая луна» («Қыпшак айы») журналы да халықтың, тарихи санаасын оятуға қызымет етіп келеді. Журнал беттерінде Ноғай Ордасының құрылғанына алты жұз толуына байланысты қызығылты мағлұматтар көп көлтіріледі. Махачкала, Черкесск қалаларының баспасынан бірен-саран ноғай тілінде кітап басылып шығатынын дәтке қуат демесек, жалпы алғанда, ноғай ұлтының келешегі кыл үшінде тұрғандай елестейді. Әрі саны аз, әрі түрлі халықтардың арасына шашырай қоныстанған ногайлардың ұлт тілінде оқытатын мектептері де жоқтын қасы. Бұған дейін де ноғай жұртының көптеген буыны ана тілінде білім ала алмай, өз елінің тарихы мен мәдениетінен бейхабар болып келгенін ойласақ, алдағы кезде туысқан елдің тағдыры қалай болатынына көз жетпейді. Ноғайлар, ен болмаса, өз атында бір автономиялы аудан болса дегенді де арман еткелі қашан! Бірак бұл тілекті естітер құлақ табылар емес. Тілі, тегі жағынан ең жақын халыққа біздін де камқорлығымыз мардымсыз. Ноғайдың мемлекеттік мәселесін шешіп берменеңмен, Қазақстан өздерінің жоғары оку орындарында ноғай балаларын оқытуға көмектесе алар еді гой. Қазақстанда ноғай мәдениетінің құндерін еткізу де көптен бері күн тәртібінде тұрған істердің бірі. Ниет болса, қазак пен ноғай халықтарының байланысын жан-жакты өрістетуге мүмкіндік жеткілікті. Ол үшін, алдымен, жұртшылығымыз өзінің түрік халықтары, әсіресе бізбен тарихы тұтасып жаткан елдер алдында ағайындық парызы бар екенін сезінуі ләзім.

## ҚҰМЫҚТАР

Дағыстанды жайлаған көптеген ұлттар мен ұлыстар арасында құмықтар көрнекті орын алады. Олар ежелден бұл өлкенің құнарлы жазығын мекен еткен. Құмықтар Бабаорт, Хасавюрт, Қызылорт, Бойнак, Ленин, Қыякент, Қайтас деген аудандарда және Махачкала, Кизляр, Дербент, т.б. қалаларда тұрады. Көрші Чешен, Ингуш, Солтүстік Осетияға шашырап қоныстанғандары да кездеседі. Сонғы есеп бойынша құмықтардың саны үш жұз мыннан асады.

Қыпшак тілінде сөйлейтін бұл халықтың ерте замандағы тарихы аз зерттелген. Сондықтан құмыққа қатысты тарихи мәнбелердің орыс тілінде жазылғандары ғана белгілі. Бұл деректерді қалдырушылар өздерінің алдына сол елді қалай еткенде Ресей империясы қарауына бағындыруға болады деген бір ғана максат қойған. Мәселен, Бірінші Петр әскерінің капитаны Иван Гербер Дағыстанда ұзақ уақыт болған кезінде құмықтардың еліне көз тігіп, көп мағлұмат жинаған (1728). Бұл жазбаларда құмықтардың егіншілік көсіппен, саудасаттықпен айналысатыны, жергілікті әкімдердің (Шамхал) ел билеу жүйесі, әскери күші сөз болған. Дағыстан, сонын ішінде құмықтар жөнінде бұдан да толығырақ мағлұматты П.Г.Бутков өзінің «Кавказдың 1722-1803 жылдардағы жана тарихының материалдары» деген үш томдық еңбекінде (1869) көлтірген. Ерекше тапсырмамен 1768-1775 жылдары Кавказға саяхат шеккен И.А.Гильденштед құмықтардың билеушілері арасындағы қақтығыстар мен алауыздықтарды аңгарып қайтқан. С.М.Броневский 1796 жылы парсы жорығына қатысқаннан кейін Кавказда қызымет аткарған кезінде құмықтардың мемлекеттік жүйесін зерттеген, олардың санын, қыпшақ текстестігін, жерінің шүйгін екенін атап өткен. Ал академик Э.И.Эйхвальд орыс-құмық қарым-қатынасының XVI ғасырдан берідегі тарихын тексерген. Құмықтар жайында деректер тізген енбектер қатарында П.Зубковтың Кавказ өлкесінің тарихи, статистикалық, сауда жүргізу жағдайын баяндаған зерттеуі

аталады. Ал орыс офицері М.Б.Лобанов-Ростовскийдін «Құмықтардың салттары мен зандары» деген еңбегінде құмықтардың этногенезі, қоғамдық құрылышы, әuletтік бөліністері, халықтан салық жинау тәртібі турасында тұжырымдар баяндалған. Азербайжан тарихшысы А.Бакиханов «Гюлистан-Иран» деген зерттеуінде Дағыстан мен Ширванын арасындағы терең байланыстарға ерекше көніл бөлгөн. Бұл такырыпка М.М.Ковалевский де қалам тартып, елеулі үлес қосқан («Кавказдықтардың заң және әдеттері»). Ал Н.С.Семеновтың «Солтүстік-шығыс Кавказдың тұрғындары» деген монографиясының бір тарауы толығымен құмықтарға арналған.

Бұл көрсетілгендер құмықтар туралы зерттеушілер көптеген мағлұмат жинағанын анғартады. Осы аталған зерттеулер мен жинақтарда құмық халқының тарихы, этнографиясы, мәдениеті, салты мен фольклоры жөніндегі көптеген құнды ойлар мен қорытындылар берілген. Сонымен қатар, бұл басылымдардың көбі құмықтар халық ұлы державалық Ресей шовинизмі тұрғысынан қарап баяндағаны күмән келтірмейді. Сондықтан мұндай материалдарды сын көзімен қарап пайдалану қажет.

Құмықтар этногенезі туралы жазылған еңбектер тізбегі де мол. Археологиялық, этнографиялық, антропологиялық, лингвистикалық мәнбелер (источник) құмықтар Дағыстанның ежелгі тұрғындары екенін дәлелдейді.

Бұрынғы өткен бұлдыр замандарды айтпағанда казіргі құмық жеріндегі түрік тайпалары біздің әрамыздың басынан бері қарай өмір кешіп келгені ғылымда толық негізделген тұжырым. Көп уақытқа дейін бұл өнір гундер жері деп аталған. Бұдан кейінгі кезеңде түрік тілді савиrlер мен болгарлар аты жи кездеседі. Қөршілес даргиндер ерте кезде құмықтарды Жандар деп атағаны да белгілі. VII ғасырда батыс түрік қағанатының ұstemдікке жетуіне байланысты болгарлар бірлестігі ыдырап, Дунай мен Волгаға бет алады, Бұдан кейін билік құрған Хазар қағанаты. X-XI ғасырларда мұнда қыпшак, кимактар коныстанады. Дәл осы тұс құмық жерінің түріктенуі

біржолата аяқталған кезең болып есептеледі (Деректер С.Ш.Гаджиевының «Кұмыки» деген кітабы бойынша беріліп отыр). Қыпшак тілі монгол жаулаушылығы кезінде де өзінің қолданылу өрісін азайтпаған, монголдардың өзі көп ұзамай осы тілде сейлейтін болған. Алтын орда хандарының жарлықтары ортаазиялық түрік тілінде де, қыпшак тілінде де жазылуы дәстүрге айналады. Оңтүстік құмық тілінде оғыз диалектісінің элементтері байқалғанымен, әдеби тіл қыпшак тілі болып қалыптасады. «Құмық» деген сөздің түбірін зерттеушілер түрліше түсіндіреді. Олардың кейбіреулері бұл терминді қимак-қыпшактан таратса, екіншілері «құм», «құмлық» дегеннен шығарады. Дегенмен бұл пікірдің кай-кайсысы да біржолата мойындаға қоймаған.

Біз шолып қараган еңбектердің көбінде құмықтардың тұп негізі жергілікті кавказдықтар, олардың түріктенуі кейінірек деген үйғарым басым естіледі. Бірақ аталған зерттеулерде түрік-қыпшактарды қалайда аты, заты басқа әлем секілдендіріп көрсетуге тырысу тенденциясы да анық сезіледі. Құмық тарихын айтып отырып, оларды түрік қыпшактардан бөліп, әлекке тұсу неліктен деген сұрау ойға оралады. Бұл арада атышулы евроцентризм «теориясының» зерттеушілер санасына мықтап үйіп қалғанына өкініш білдірмескे болмайды. Құмықтардың арғы ата-бабалары осы жерде екі мың жыл тұрғаны аздық ететіндей, одан бұрынғы күмәнді құжаттарды сарсан болып іздейтіндей не күн туды екен?

Алтын Орда мемлекеті кезінде Дағыстандағы биліктің тұтқасы құмықтарда болған. Кейіннен Тарков Шамхалдағы күллі құмықтар үстінен қараган. Бұл Шамхалдықтың бір бөлігі Ресей қоластына өтуі кейір құжаттарда XVII ғасырдың бас кезінде болған делінеді. Сонымен қатар енді бір деректе оңтүстікегі құмықтардың басшысы Сұлтан-Махмұт 1718 жылы Петр патшаның Дербентке аттанған әскеріне құшті қарсылық көрсеткені айтылады. Демек құмықтардың «Ресейге еркімен қосылуы» дегеннің ақыкатын ашу тарихшылардың жана іздеңістерін керек етеді. Бір анық нәрсе сол – бүкіл Дағыстан 1813

жылғы Ресей мен Персия арасындағы келісімнен кейін ғана орыс патшалығының қарауына өткен деп саналады.

Орта Азия секілді Кавказ халықтарының да Ресейге бағындырылу тарихы құні кешеге дейін біржакты баяндалып келді. Орыс империясының мұддесіне қызмет еткен зерттеушілер бұл елдердің халқы отаршылдық қамыттың шын ықыласымен мойнына ілген деп дәлелдеуге тырысты. Мұның есесіне мұсылман халықтарына тілі, діні, дәстүрі жақын Түркия мен Персияны хас дүшпандар деп көрсетті. Мұндай бүрмалаушылық, бұра тартушылық ғылымның табиғатына жат екенін, қандай мәселені де ақиқат таразысына салып талдау керектігін есте тұту парыз. Ал халықтар тарихы болашакта мұлде жаңа тұрғыдан жазылатын болар деп үміттенеміз. Сонда ғана түрк халықтарының бір бұтағы – кұмыктардың өмір кешулері шындыққа сәйкес тексерілетін болады.

Құмыктар арасындағы оқу-агарту жағдайы дұрыс көрсетілмей келген. Қалыптаскан жарамсыз әдет бойынша, араб тілін, ислам тарихын, мешіт, медресені кұбыжық етіп көрсету кітаптан кітапка көшіп келген жаттанды тұжырымдар еді. Бұл арадан да орысша оқуды ғана бірынғай дәріптейтін миссионерлік саясаттың, таңбасы танылады. Мұсылманша оқуды қөзге ілмеу, одан тек кемшилік іздеу салқыны құмыктар тарихына катысты енбектерден орын алған.

Дағыстан халықтарының арасында құмық тілінің танымал болғаны – тарихтың аса қызық құбылыстарының бірі. Алтын Орда заманында мемлекеттік тіл қыпшак тілі болғандықтан, Дағыстанда да осы дәстүр сақталған. Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі ғасырларда да құмық тілі өзінің ұлысараптық қызметін жоғалтпаған. Бұл дәстүр Дағыстанды Ресей билеп-төстеп алғаннан кейін де ұзак жалғастық тапкан. Қөп ұлыстардан құралған Дағыстан мен Солтүстік Кавказда әрбір адамның барлық тілді менгеруі мүмкін емес еді. Сондықтан кен таралған түрк тілінің бір бұтағы – құмық тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болған. Бұл өлкеге келген Ресей адамдары да алдымен құмық тілін үйренуді қажет санаган.

Орыс жазушылары Л.Толстой мен М.Лермонтовтың шығармаларында «татар тілі» деп сипатталатын тіл осы тіл болатын. Мұны құмық-ноғай тілі деп атаса да шындықтың шыркы бұзылмайды. Бұгінде ұсак ұлттардың бірі болып саналатын, ұлттық мемлекеттік құрылымы сөз жүзінде ғана мойындалатын, саны аз құмық тілі – бір кезде халықаралық тіл деңгейінде болғанын елдің көбі біле бермейді.

Құмыктар мен казактардың көне заманнан келе жатқан жақындығы түрлі терминдерден, атаулардан анық байкалады. Ежелгі түбірлестік мекен атауларынан айрыкша көрінеді. Елді мекендерді жүрт (юрг), кент, ауыл, отар деп айтушылық туыстық тамыры тереңде екенін сипаттайды. Қазақстандағы Жанкентті (Янгикент) еске салатын Янгикент құмыктарда да бар. Ал «жүрт» деген ескі сөз көп қоныстардың атына жалғанатын қосымша болып қалыптаскан (Хасавюрт, Бабабюрг, т.б.). Темір ауыл, Ағаш ауыл деп келетін ауылдар да біздін құлағымызға сүйкімді естіледі. Құмыктар мал өсіретін жазық далалықтардағы елді мекенді «отар» дейді екен. (С.Ш.Гаджиева. Материальная культура кумыков. Махачкала. 1960. 19-стр.). Дәл қазактағыдай мағынада айтылатын атамалар кәсіп, шаруашылықтың әр тарапында-ак ұшырайды. ҆Циқандардың егістік жұмысын бірлесіп жүргізетіндіктері «ортак» деген сөзben белгіленген. «Ортактың» қазактағы байырғы мәні де осылай болатын.

Елді мекен демекші Ресейдің басқыншы генералы Ермолов Кавказ, Дағыстанды қанжоса қып қырып-жойып бағындырып алған кезде (1825) құмыктардың да көптеген кенттері мен жүрттарын, ауылдарын жок қылған. Сол кезде Кенже ауыл, Карланюрт, Сала отар, Қашқарюрт, Бамматюрт, Балюрт, Қазак мырзаюрт, Иманғұллюрт, Нұрақайюрт, Танайюрт, Азаматюрт секілді ондаған қоныстар жойылған. Осыдан кейін құмық жері талапайға түседі, құнарлы өнірге әрістің Нечаевка, Богатыровка, Покровское сынды поселкелері орнайды (Көрсетілген кітап, 39-бет). Бұрын тау әнғарларында құн кешкен дағыстандықтардың да құмық

өлкесіне іін тірсек орнығы басталады. Мұның өзі жеке талдауды керек ететін арнаулы такырып. Анық нәрсе сол – кім-кім де құмық жеріне жылжып келгенде, жергілікті халықтың еркімен есептеспеген.

Көне түрлі заманынан келе жатқан сан түрлі сөздердің құмықтарда қазактағымен бірдей мағынада айтылуы танкаларлық. Фасырларға созылған қоныс шалғайлығы да әзелден ортақ ұғымдарды ұмыттырмады. Қонак түсетін бөлменің күні бүгінге дейін «қонак үй» делінуі, отбасы (отбаш), ошак, аран, көрік, әйнек, перде, ұршық, арқау, тарак, шекпен, каптал, берік, тон, мәсі, шарық, илеу (тері), тоқлак (тоқмак), шайтан шалу (күрмел байлау), көйлек, шалбар, киу, түйме, ұлтан, жүзік, білезік, сырға, моншак, қаймак, сұзбе, май, айран, куырма, боза, шербет, қазан... деген алуан сөздерді санақ сөздіктің көбін кайта көшіру керек болады. Эскер, соғыс кару-жарактары да (көбе, қалкан, сұнгі, қыльыш, т.б.) қазак, ногай, каракалпак, татар, башқұрттардағымен ұқсас. Мұның негізгі себебі – ежелгі этникалық туыстықта, қыпшак тілдес халық екендігінде жатыр. Арапас-құралас тұрса, кейбір айырмашылықтар «тегістеліп», казак тілімен бірдейлікке жете алатындығына құмән жок. Мұндай жақындықты білу былай тұрсын, тіпті, дүниеде «құмық» деген ел бар екенин естімегендер де аз емес кой. Бұл, әрине, мактанарлық хәл емес. Бір кездегі Алтын Орданың ойраны шығып, соның құрамындағы халықтар бір-біріне байланыссыз, ойдым-ойдым аралдай болып қалғандығының салдары бұл. Ендігі жерде тағдыр адастырганды кайта табыстыратын уақыт жетті. Сол үшін мәдени, рухани байланыстарды негұрлым кенейтіп, өзара карым-катастың жолдарын пайдалануымыз парыз.

Кадим дәүірлер сырын негұрлым мол сактаған ауыз әдебиеті мұрасынан құлағымызға қанықты, қоңлімізге жақын мысалдарды табамыз. Фольклор жанрларының ішінде жырлар (йырлар) қүрделі орын алады. Оларды кейде «батыр ерлердің жыры» (батыр әрлений жырлары) деп те атайды. «Мункулл», «Эльдаруш», «Қарт Қожак пен Максуман» секілді шығармалар

көне заманың шындығын бейнелейді. Бұлардың ішінде «Қарт Қожак пен Максуман» Солтустік Кавказда кең жайылған нарттық эпостар тобына жақын. Мункуллу туралы жырда құмықтардың қалмактарға қарсы құрес оқигалары көрсетілген. Көптеген шығармалардың басты сарыны отан корғау болып келеді. Кейбір жырлардың қаһарманы әлеуметтік тенсіздіктерге қарсы шығады. «Айғазының жырында» батыр Айғазының зорлықшылардан кек қайтарғаны суреттеледі.

Тұыс халықтың ауыз әдебиеті мен тұрмыстық-салттық халдері туралы қымбат мағлұмат жинап, жариялаған зерттеушілер енбегінің мәні ерекше. Құмық тарихшысы һәм этнографы Д.М.Шихалевтың «Құмықтар хақында құмықтың хикаясы» деп аталған шығармасына елдің өртедегі шежіретарихына шолу жасалған. Ал М.Османовтың 1883 жылы Петербургте «Ногай және құмық жырларының жинағы» деген атпен шыққан кітaby өзге жүрт өкілдерін тұнғыш рет құмықтың ауыз әдебиеті мұрасымен таныстырган еңбек болды. Адиль Шемільдиновтің «Этнографиялық шолу» журналында басылған «Құмықтардың аныздары мен әпсаналары» атты зерттеуі де сирек, күнды басылым.

Құмық фольклорындағы өзгеше жанрлардың бірі – «қазак жырлары». Бұл – дүние-мұлкі жок кедей, әлеуметтік әділетсіздікке қарсы шыққаны үшін қуын көріп, туған жерінен кетуге мәжбүр болған ерлердің сыры мен мұның сипаттайтын жырлар. Салттық, тарихи өлендер, бесік жырлары, жоқтаулар, лирикалық өлендер, маусымдық-салттық шығармалар, өртегілер, аныздар, әпсаналар, жұмбактар, макал-мәтелдер (аталар сөзі) халықтың өткен өмірінің көркем күәлігіндегі.

Халық ақындарының поэзиясы құмық халқының рухани казынасы болып табылады. Ел мұнын мұндаған көптеген ақын, жыршылар есімі мен енбегі біздің заманымызға үмітылмай жеткен. Солардың ішіндегі ен көрнектісі – жырши (ирчы) Қазак (1830-1879) құмықтардың мактанаши. Жырши Қазак шығармаларының тақырыбы сан қырлы. Өз заманының әлеуулі әлеуметтік сауалдарына ақын көркемдік жауап айтқан,

елдін көніліндегі келешекке деген үміт пен сенімді елестете алған. Оның өлеңдерінде халықтың саф таза нақылдарындағы өрнектер мол ұшырайды («Сабыр тұбі сары алтын, сабырга зат жетер ме», «Жарлыға күн шықпас, жалғызға таң атпас», «Сіріне азап біздей шашылса, сілкінбей шыдайтуғын ер керек», «Құс қанатты атқа мініп шапсак та, құтылмастай түстік темір тұзакқа», «Сары майдай іріді ғой санамыз, сары орысқа байладап берген ханымыз», «Тәнірі тағдыр жазған жазудан, тақта отырған патша да құтылмас», «Толқыны таудай ойнаған, дүние деген аңы теніз-дүр, кемесі онда кімнің батпаған», «Аскар таудың биіктігі не керек, басынан балапан ұшып кеткен соң, арғымактың арулығы не керек, жабыға жолын беріп жорткан соң», «Сабыр – жәннэттың ашқышы, шыдамсыздық – шайтанның батқышы», «Ант – алланың қылышы, бірде өтпесе, бірде өтер», «Күзгын атты қор құстар, қаршығаны қуған күн»...).

Құмықтар хакында қыска сөзімізді ежелден өзінің елдік келбетін сақтап, тілін, дәстүрін ерлігін ұмытпаған туысқан жүрттың келешегі жарқын, арманы асқақ, тұғыры мықты, рухы берік болғай деген тілекпен бітіргіміз келеді.

## ЕКІГЕ БӨЛІНГЕН ҰЛЫС

Қарашай мен малқардың бізге тілі де, тағдыры да жақын екенін мен көптен бері көнілге түйген жандардың бірімін. 1949-51 жылдарда Оңтүстік Қазақстан облысының Ильич (казіргі Мактарал) ауданында орта мектеп директоры болып қызмет істеген кезімде қарашайдың көптеген ұлы мен қызы окушыларымыз еді. Олардың қатарында оқу озаттары да, қазақша ән айтатындары да болғаны есімде. Егер ұзак уақыт аралас-құралас өмір кешсе, қазақ пен қарашай бір халық болып кететіндей көрінетін. Сол жылдары менің Аппаев Ханби деген қарашай досым болды. Ол колынан өнері тамған, сегіз қырлы, бір сырлы жігіт еді. Өзі музика нотасын танитын, мектеп окушыларына жаңа әндерді елден бұрын үйрететін.

«Кавказдан жер ауып келгенде, алғашқыда мұлде жат жүртты кергендей әсерде болдық. Бірақ көп ұзамай қазақ халқының рухын түсініп кеттік. Бір күні радиодан қазақ әнін тындағаным алдағы өміріме бетбұрыс жасағандай болды. Бұрын ешқашан естімеген қазақ сазы жүргіме құйылып, сініп жатқандай әсер етті. Содан былай қазақ музикасының насиҳатшысына айналдым», – дейтін еді ол.

Ханби Аппаев өзі қызмет істейтін Киров орта мектебінде ән-күй үйірмесін ашып, қаншама әнші мен күйші дарынының танылуына көмектесті, шәкірттерін облыстық олимпиадаларға апарып, жүлделі орындар алып жүрді. Мен онымен Мактарал ауданының «Қызыл жұлдыз» орта мектебінде сабак беріп жүрген кезінде көп сырлас болдым. Ханби қазақша өлең шығаруға да кабілетті көрінетін. Сол кезде жиі айтылатын бір әннің «Сталин кайда болса, женіс сонда» деп келетін қайырмасын ол кейде өзіл мысқылға ауыстырып: «Шампан қайда болса, қыздар қайда болса, қызық сонда, рахат сонда, өмір сонда», – деп өзгеріп айтатын. Халқының Сталин озбырлығы салдарынан шеккен зәбірін ол кезде бұдан басқа сөздермен сездіру мүмкін еместей еді. Егер кейбір қызғаншак күншіл адамдардың жаласына ұшырап, мерт болып кетпегендеге Ханби Аппаев қазақ әдебиеті қайраткерлерінің біріне айналар ма еді, кім біледі? Мен баскарған Ильич аудандық қазақ орта мектебінде Ақбаев, Батшаев, Болуров, Қапаева, Өзденова секілді ондаған окушылар білім, тәлім алды. Олардың кейінгі тағдыры маған белгісіз, елуінші жылдарда қарашайлар туған еліне кайтарылғаннан кейін байланыс үзілді.

Кавказдық мұсылман халықтары ата конысынан зорлықпен көшірілгенде, қарашайлар Қазақстанда, малқарлардың көбі Қырғызстан жерінде өмір кешкен. Ол кезде пана, тірек болған қазақ пен қырғыздың даркан пейілін қарашай-малқар ұмытпай, көніліне бауырмалдық сезім ұлатқанына мысал аз емес. Малқардың данкты ақыны Қайсын Кулиевтің бірсыныра олең-жырларында, естеліктерінде сол бір катал уақытта қайырымдылық көрсеткендеге деген ризалық бейнеленген.

Қарашай, малқар жазушылары Біләл Аппаев пен Эльдар Гуртуевпен сұхбаттасқанымызда олардың да казақ, қыргызға деген аса жылы сөздері халқының ортақ лебізіндегі естіліп еді. Бір кезде казак мектептерінде оқыған қарашай балалары туған еліне бағанда да, казак тіліндегі газет, журналдарды жаздырып алғып, оқитыны естіліп жататын. Егіздің сынарындағы қарашай мен малқар бауырлардың кейінгі кезенде көзден таса, кенілден жат болып кетуінің негізгі себебі әрі коныс шалғайлышынан, әрі халықтарымыздың арасындағы жүйелі рухани байланыстың жоқтышынан.

Анықтама сөздіктер мен саяси-әкімшілік карталарында қарашай мен малқар (балқар) екі өлкеде жасайтын екі халық болып көрсетіліп келеді. Бірақ бұл тарихи шындыққа киянат, жасанды бөлшектеу екені күмәнсіз. Әлем халықтарының тілдерін жіктең сипаттайтын барлық зерттеулерде қарашай-малқардың тілі бір екені анық айттылған. Үлкен совет энциклопедиясында (Москва, 1973, II-том), А.К.Боровковтың, Ш.Х.Ақбаевтың, М.А.Хабичевтің еңбектерінде осы мәселе ғылыми дәлелденген. Сонымен катар қарашай мен малқар этникалық жағынан ежелгі қыпшақтардың аландармен, Солтүстік Кавказдың басқа халықтарымен араласуынан пайда болғаны да анық. Оқінішке қарай, бүгін бір ұлыс сонғы ғасырларда екі жарылып, өмір кешүте мәжбүр болған. Бұның негізгі себебі солтүстіктерінде көршісі Ресейдің отаршылдық саясатына тікелей байланысты. Ресейдің өзгелерді жаулап алушылық саясатын белгілеп берген Бірінші Петр патша болса, одан кейінгі билеушілер сол ізден кия баспай жүріп отырған. Патшалық үкіметі аранын ашып, іргесіндегі елдерге ғана емес, көз көрмес, құлақ естімес алыс жерлерге де күніга ұмтылған. Ал солтүстік Кавказ бен Қырымды өзіне қаратып алу орыс мемлекетінің ежелгі мұддесі еді. Ақыры ол осы мұддесіне жетіп тынды.

Отаршылдар солтүстік Кавказдағы мұсылман халықтары арасына сына қағып арандату киын екенін білген соң тілі басқа ұлыстарды бір-біріне косып, өзара бәсекелес етіп қоюды

көзделген. Тіл бойынша бір топка жататын адыгей, черкес, қабардыларды үш халық санатында бөлшектеп жіберген. Ал егер бұл ұлыстар бір автономиялы әкімшілік қарауына біркесе, сан жағынан көрнекті елге айналатыны көміл еді. Қарашай мен черкесті, қабарды мен малқарды бір-бір әкімшілік аймаққа бөлудін түпкі есебі оларды өзара орысша сөйлеттіріп, арғы тегін ұмыттыру болатын. Солтүстік Кавказ бен Дағыстандағы аз санды ногайлар патшалық түсында да, кенес дәүірінде де бір автономиялы аудан мәртебесін сұрап ала алмай қойғаны да осы айтылғанмен сабактас нәрсе. Әрине, күштінің аты күшті. Ресей өзіне тәуелді етіп алған халықтарды «алып та, шалып та» жығып отырған. Мұндай анық озбырлықты «аз халықтарға қамқорлық» деп көрсеткен.

Кез келген халық азаттықты, тәнірінің берген ерік кеншілігін пайдаланып, өмір сүруді аңсайды. Бірақ дүниеде өзгелерге өктемдік жүргізбесе тұра алмайтын озбыр күштер әлсіздерді дегенине жеткізбей, жігерін күм қылатыны да «зандылыққа» айналған. Біз сөз етіп отырған түсін ұлыс та Ресей құрсауында шегеленіп қалған міскіндердің бірі. Бір жаратқан өзі қолдамаса, бұлардың тәуелсіздік күні тұа коюы екіталай. Мәселенің қындығы да, қасіреттілігі де осында.

Өзгеге бағыныштылықтың күні қарашай екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Ресей қарауындағы ерекше соры қалың. елдер мұсылмандар десек, шындықтан алыс кетпейміз. Осы хал кенес дәүірінде де бір мыскад өзгермей, қайта бұрынғыдан асқына түсті. 1944 жылы ата конысынан жер аударылған қырым татарлары, қарашай мен малқарлар, чешендер мен ингуштер болғаны кездейсок құбылыс дей аламыз ба? Фашистік Германияға карсы ұрыс жылдарында опасызыдық жасағандар әр халықтан-ақ шыққаны белгілі. «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» деп бұрынғылар бекер айтпаған. Соғыс кезінде жауға тұтас армиясымен беріліп кеткен власовшыларға бола орыс, україндарды шетінен сатқын деуге ешкімнің де аузы бармас. Эрбір халықтан ер де, ез де шығады, бірі үшін екіншісін қүйдіру әділдік емес. Қырым мен Солтүстік Кавказ-

дан тек мұсылман халықтар ғана сүргінге ұшыратылғаны – ерекше қастандықтың белгісі. Бұл мәселе тарихи әдебиетте әлі де болса батыл әшкереңелей келеді. Кенес үкіметінің бір топ халықты адам айтқысыз қорлықка душар етуінін «ресми» сылтауы тасасында мұсылмандарға деген жантүршілерлік астар жатыр еді. Бұл да өзінше «крест жорығының» бір түрі болатын. Біз Солтүстік Кавказға барған кезімізде жергілікті халық өкілдерінің аузынан бұлардың жерін, үй мұлқін тартып алудың шын себебін естіген едік. Сталиннің ак дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған шақта Берия сияқты алаяқтар мұсылмандарды бостирып жіберіп, олардың жерін қосып алып, «ұлы Грузия» жасамақшы болғанын зәбір көрген елдердің өз халқы айтады.

Мұсылмандарға деген айрықша өштік тек өткен дәуірдің ауыр шындығы болып қалса бір сәрі гой. Бұл көзқарастың толастамай, жалғасып келе жатқаны қорқынышты. Өркениет үлгісін қөрсетеміз деп кеуде қағатын батыс насихатшыларының арасында мәселенің дұрыс, бұрысын анықтап жатпай, ислам атына қара қүйе жағуды әдетке айналдырығандар аз емес, Әлемнің әрбір тұқпірінде етек алған экстремистік, террористік, бандиттікке исламды «қосақтай» салу дағдыға айналып барады. Бұған алыстан мысал іздемей-ак әлемнің көп тілдерінде беріліп тұратын «Свобода» радиосының күн сайынғы хабарларын мысалға алсак та жеткілікті. Лондон, Париж, Нью-Йорк, Мәскеу экстремистері жай ғана қылмыстылар, ал мұсылман шығысында бой қөрсеткен бұзықтықтар міндettі түрде ислам экстремистері деп айта берушілік арам пиғылдың қөрінісі демеске болмайды. Мұның аты жалпы исламды жамандау болып шығады. Біз бұл арада батыс елдерінен шықкан қылмыстыларды христиан немесе иудей экстремистері деп атауды ұсынғалы отырған жоқпыш. Теріс жолға тұсқен, заңды бұзғандар үшін исламның да, христианның да діні айынты емес. Ал белгілі бір дінді болған алып, жаппай қаралай беру, сипайылаң айтқанда, діндер арасына от тастаумен барабар.

Исламды мансұқтау сарыны Ресей баспасөзінде жиі кездесетіні бұрыннан мәлім. Мұның себебі тұсінікті. Өйткені ислам дәстүрі құшті сақталған елдерде европентризм өріс таба алмайды, тәуелсіздік қамалы мықты болады. Мұндай жағдай басқаларды – құл, өздерін өктем санап үйренгендерге әсте ұнамайды. Исламның батыс экспансионистеріне жақпайтын жері осы. Тағы бір өкінерлік жері – біздің кейбір зияльшарымыз ислам жөнінде бүрмаланған пікірлерге имандай сеніп, оның, жауларымен қосарлана шаба жөнеледі. Бұл діннің құндылықтары жөнінде тіс жарып, сөйлемей, бірен-саран тәртіп бұзғандарды ғана тізіп, дабырайтып, үздіксіз ғайбаттаушылық адамдықка, әділдікке жат күбылыш екенін Біріккен Ұлттар Ұйымының немесе ЮНЕСКО-ның мәжілісінде арнайы қарап, арандатушыларға тежеу салатын бір шешім алатын кезең келгендей.

Халықтарды ұстанған дініне бола алалаушылықтың түбі жақсылыққа апармайды. Мұндай жағдайда адамды адам ретінде тұсінудің орнына белгілі бір діннің өкілі деп жатырқаушылық орын алады: Батыстың озық ойшылдары мұндай тоғышар көзқарастың ерсілігін тұсінбейді демейміз. Бірақ олар қоғамдық пікірді исламға қарсылық құралы ететіндер сөзіне еті үйреніп кеткен сияқтанады. Дүниеде біреуге жасалған кияннатты қөріп-бліп отырып, үндемей, бейтарап калудан жаман нәрсе жок. Қазіргі Чешенстанға қарсы Ресей шапқыншылығы ешбір ақылға сыймайтын, сорақы зорлық екенін елдің көбі біледі. Бірақ бірде бір мемлекеттің «мына сүмдігінде тоқтат» деп Ресей басшылығына айта алмауы шындықтың соры қайнағанын, әділдіктің аяқасты болғанын қөрсетеді. Егер тап осындей сойқан Ресей немесе Армения жерінде жүріп жатса, батыс әлемі дәл қазіргідей тасадан бакылаушы болып отырмас еді. Бұл тұста қазак елінің қалыс төрелігін айта алатын профессор Алдан Айымбетов сынды жекелеген азаматтарымыз болғанына ғана шүкіршілік етпесек, мемлекет атынан араша сез коса алмағанымыз өкінішті.

Қарашай, малқардың фольклор, әдебиет мұрасы мен казақ көркем сөз мәдениеті арасында тамыры тереңге кеткен үксастық, сарындастық мол. Соларды тану, білу тек әдебиетші мамандары ғана емес, жалпы зиялды жүртшылыққа да пайдалы. Қарашай мен малқардың көне рухани ескерткіштері дегенде, ен алдымен, Нарттар туралы эпосты айтуымыз керек. Нарттар – солтүстік Кавказдың халықтары (осетин, адыге, т.б.) арасында кеңінен таралған эпикалық мұра. Мұнда халықтың ерте замандардағы дүниетанымының, арман, мұратының ізі сакталған. Рұлық қоғамнан бастап, феодалдық, дәүірге дейінгі аралыкты алып жатқан үзак уақыт елестері нарттарда бейнеленген. Бұл эпоста тарихи-мифологиялық және тарихи-қармандық оқиғалардың қабаттары ұшырайды. Жырдың негізгі сарыны – халықтың тыныштық, бақыт, еркіндік үшін ішкі және сыртқы жаулармен куресі. Сонымен катар Нарттар туралы аңыздауларда халықтың қадим дәүірдегі нағым-сенімінің, алуан түрлі көріністері бар. Қазактың архаикалық эпосы мен Нарттар арасындағы типологиялық жақындық пен айырмашылықты тексеру өз алдына жеке тақырып. Қазактың «нарттай» деген сөзінің түбірін іздең көрудің өзі қызығылықты болар еді. Нарттар – қарашай-малқар елінің әлемдік көркемсөз казынасына косқан татымды үлесі.

Тұысқан ұлыстың ертегілерінде, аңыз-әпсаналарында, тұрмыс-салт өлеңдерінде қазақ ауыз әдебиетінің шығармаларымен орайластық табылады. Бұған мақал-мәтелдерден мысал келтірсек те көзіміз жетеді. «Ата жұртты қорыған озар, қорымаған тозар», «Жерінен айрылған жеті жыл жылар, жұрттынан айрылған өлгенше жылар», «Жұрттын сатқаннан өлген игі», «Жер таусыз болмас, ел жаусыз болмас», «Фалымнан хат қалар, темірден тат қалар», «Білім – ақылдың шығарыбы», «Сөз – күміс, жыр – алтын», «Жаздағы іске күзден әзірлен», «Колы ұста алтын табакпен су ішер», «Сөзін қыска, қолың ұста болсын», «Жорға аттың тери кеппес», «Тай асырамаган атка мінбес», «Койды алла жаратты, ешкі жолдан қосылды», «Арыстаннан арыстан туар», «Аюдың баласы аюға ай корінер», «Бөрінің

баласы қарныңда ұлыр», «Арыстан аш, тұлкі ток», «Құмырсақ қаза-қаза тауды тесер», «Суға таянба, жауга иланба», «Жолдан шықсан да, елден шықпа», «Ерке қыз ерге жарымас», «Ақыл аздырмас, білім тоздырмас» («Қъарачай нарт сезле» деген кітаптан. Черкесск. 1963). Біз осы мақал, нақыл сөздерді өз қалпында келтірдік. Бұлардың қазақтағымен мағынасы ғана емес, бейнелеу жүйесі де үқсас екені бір түбірден тарағанын анғартады. Әдебиеттің әр саласындағы үндестік халықтарымыздың сөз казынасы ортақтығын дәлелдеуге керек. Ал тіл, сөз күәлігі ешбір тарихи құжаттан кем түспейді. Ендеше тегі де, тілегі де бір қарашай, малқармен рухани байланысты дамыту бауырластық парызымыз деп білсек иғі.

## ӘЗЕРИЛЕР АЗАТТЫҒЫ УШИН

Сан жағынан алып қарағанда түрік халықтарының ішінде ең көрнектілерінің бірі болып табылатын азербайжан-әзери елінің тарихы да бай, тағдыры да шытырман. Ертедегі түрік империяларының күні батқан сон, бір замандағы айбынды түрік жамагатшылығы торғайдай тозып, қүштілер мен тістілердің жемі болғаны мәлім. Бұған мысалға Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі қыпшақ-түрік жұрттарының бірте-бірте Ресей империясының құлдығына тұсқенін, кіріптарлық қамытын кигенін айтсақ та жеткілікті. Кезінде дүние жүзіне айбаты асқан әмір Темір мемлекетінің де бөлшектеніп кеткені белгілі. Қазіргі Ауғанстан, солтүстік Иран өңіріндегі түрік қауымы да бұрынғы тұтастығынан айрылып, тоз-тозы шықкан. Демографтардың есебі бойынша, Ирандағы халықтың күрамында азербайжандар елеулі орында. Ирандағы жұрттың бәрі сол елдің мемлекеттік тілінде сейлейтіндіктен, оның қайсысы парсы, қайсысы азербайжан түріктері екенін ажырату онайга сокпайды. Қалай болған күнде де бұл халықтың ұзын саны жиырма миллионға жақындейтыны анық. Әттөң, басқа да кейбір түрік халықтары секілді азербайжандар да шашырап кеткен. Ата қонысында ірге көтеріп, өз алдына жеке ұлт

саналып отырған Азербайжан республикасындағы әзерилер ғана.

Адамзаттың өркениет тарихында азербайжандардың өзіндік коскан үлесі елеулі. Бұл елден ерте және орта ғасырларда неше алуан ойшылдар, ғұламалар, шаирлар шықкан. Әріге бармағанда, сонау XII ғасырда дүние жүзінің көркемдік мәдениетіне өзінін өлмес шығармаларымен иғі әсер еткен Низамидің, одан бертіндегі Насимидің, Хатаидиң, Физулидің, Вагифтің, Видадидің, Ахундовтың, Мамедкулизаденің тағы басқа көптеген көркемсөз альптарының есімі мен еңбегі әлемге аян. Қазіргі азербайжан атырабында жаһанға аты жайылған дәулет-мемлекеттер өмір кешкен, заттық мәдениеттің өшінес ұлгілері жасалған. «Ашық Керіп», «Шаһ Исмаил», «Асли мен Керім», «Аббас және Гұлназ», «Көрүғелі» сынды дастандар азербайжан халқының дарындылығын сипаттайды. Атағы жаһанға белгілі «Дәде Қорқыт кітабы» халық даналығының сом ескерткіші болып табылады. Бұл аталған және басқа халықтық шығармалардың оқиғалық құрылымы мен мазмұнында қазақ ауыз әдебиетімен үндестік мол.

Бүкіл Шығыс әлемінде бес дастаннан тұратын шығармалар шоғырын жасау дәстүрі Низамиден басталған болса, сол ұлғінің кейінгі көп шаирлар дамытып, жалғап әкеткен. Низамидің «Қысырау-Шырын» дастаны Алтын Орда дәуірінде қыпшак тіліне аударылып, зиялды қауым арасына кең тарапған. Шаирдың «Ләйлі-Мәжнүн» де, «Ескендір-намесі» де парсы, түрік халықтарының ортақ көркемдік казынасына айналған. Низами жасаған бес дастан – «Хамса» сарынымен өзбектің ұлы ақыны Әлішер Науай да биік көркем ескерткіштер жасаған. Мұндай байланыс ғасырлар бойында ешбір үзілмеген. Низами мұрасын қазақ арасына насиҳаттауға қазақ ақындары елеулі еңбек сінірді. Қөрнекті ақын Қалижан Бекхожин ұлы шайырдың «Жеті ару» дастанын қазақ тіліне аударып, халықтар достығының нығаюына атсалысты. Ал Қ.Бекхожиннің «Аппакнаме» поэмасы Низами мен оның гашық жары қыпшақ қызы Аппактың арасындағы кіршікіз

махаббатты жырлауға ариналған. Бұл поэма өзінің өзгеше көркем бітімімен осы заманғы қазақ дастаншылығының аса татымды жетістігі деп бағалануға лайық. Бұл тақырыпқа ірі суреткер Фабит Мұсірепов те көніл бөліп, «Қышиш қызы – Аппак» деген драма жазған еді.

Қазақ және азербайжан халықтарының арасындағы әдеби байланыстардың шенбері кең. Ұлы ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының Физулидін «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын қазақ тіліне тәржімалаганы да екі халық өкілдерінің рухани туыстығының жарқын мысалы. «Дәде Қорқыт кітабы», «Көрүғелі» сөз етсек, азербайжан мен қазақ халықтарына аса сүйікті мол әнгіменің желісіне түскен болар едік. «Дәде Қорқыт кітабы» мен «Алпамыс батыр» жырының арасындағы ұқсастықтың өзі халықтарымыздың ежелгі заманнан келе жаткан тарихи-этникалық жақындығының куәлігі. «Дәде Қорқыт кітабының» он екі тарауындағы оқиғалық өрілімдер қазақ ауыз әдебиетінің сарындарын еске салады. Дастандағы ондаған, жүзделген мақал-мәтел, қанатты сөз, нақыл екі халыққа бірдей түсінікті. Бірақ біздің мақсатымыз – әдеби байланыстар тарихына жүйелі шолу жасау емес, ежелгі туыстықтың тамыры теренде жатқанын анғарту ғана.

Қазақ, азербайжан әдебиет, мәдениет, ғылым қайраткерлерінің арасындағы байланыс сонғы жылдарда құрт үзілді. Оның себебі кешегі Кенестер Одағының ыдырап, бұрынғы одактас республикалар тәуелсіздік алғандығында емес, басқада. Азербайжан халқының азаттық алғанына өзге туысқан халықтар секілді қазақтар да шын тілекtes. Бірақ азербайжан тәуелсіздігінің басына көп ұзамай бұлт үйрілді, бостандық дәмін тата бастаған халық тосын, қиянат оқиғаларға душар болды. Сүмдыштың ең ұлкені армяндардың Қарабакты даулауынан басталды да, азербайжандардың көп жерін басып алуына ұласты. Азербайжаннан келіп жатқан еміс-еміс хабар бірінен бірі коркынышты. Туып-өскен мекенінен айрылған азербайжандар нағыз үркіншілікке, аштыққа, жокшылыққа ұшыраған. Оларға жәрдем колын

созып жатқандар көрінбейді. Мәскеу баспасөзі азербайжан трагедиясын жазбайды, жазықсыз жапа шеккен жандардың көз жасын көрмейді. Бірен-сарап ұлтжанды азаматтар болмаса, Азербайжанға барып, ақиқатты қөзben көріп айтып келген қазактар да сирек.

Бұрынғы Ресей империясының, одан кейінгі кеңестік билеушілердің біразы Арменияға ерекше іш тартып келген-дігінің түп себептері тіпті де жасырын емес. Сонау Бірінші Петр патша дәүірінен бастап «армяндарды біріктіру» идеясы ашық жүргізілген. Орыстын Сергей Глинка (1775–1847) деген тарихшы-жазушысы өзінің 1832 және 1833 жылы жарық көрген «Обозрение истории армянского народа», «Переселение персидских армян в Азербайжан» деген кітаптарында бұл мәселенің төркінін баяндап берген. Оның көрсетуінше, Бірінші Петр патша өзінің отаршылдық саясатында армяндардың пайдалы бола алатынын бірден сезіп, оларды назардан тыс қалдырмаған. Сергей Глинканың көрсетуінше, 1723–1799 жылдар арасында Түрік және парсы жерінен көптеген армяндар топ-тобымен Ресей патшалы-ғының кол астына өткен. Ал 1828 жылы Персияның жеріне өктемедеп кіріп барған орыс армиясының құшін малданып, парсы армяндары Ресей карауына көшуді тілек еткен. Осы жолы көшірілген армяндардың біразы казіргі Азербайжан өлкесіне, атап айтқанда, құйқалы жер Карабаққа қоныстандырылған. Карабаққа армяндардың бауыр басып, кейіннен дау-шатақтың көзі бола бастауы дәл осы кезеңнен басталады. Армяндарды азербайжан жерінің қақ ортасына өкеліп, патшалық әкімшілігі өмірі сөнбейтін шала қалдыруды әдейі қөздеген. Патшалық саясаты осылай болғанын С.Глинка өзінің кітабында ешбір құпиясы жок анық әнгіме етіп түсіндіреді.

Ресейдің осы күні де Арменияны толығымен колдауы осындай ежелгі саясаттың жалғасы болып көрінеді.

Анық деректер бойынша, армяндар азербайжанның Афадам, Физули, Лашын, Келбеджар, Шуша, Жабраил, Ақбеджи, Зенгилар аудандарын басып алғанына екі-үш жылдын жүзі

болды. Бұл жерлер Азербайжан республикасының бестен бір белігі болып саналады. Басқыншылық кесірінен Азербайжанда бір миллионнан артық адам босқын болып, үйсіз, баспаңасыз күн кешіп келеді. Армяндар басып алған жерлердегі үйлер түгелге жуық киратылған, бес жүзден артық мектеп, бала бақша ғимараты ойран етілген. Азерилер жағынан жиырма мындан артық солдаттар мен офицерлер каза тапкан, армяндар қолына алты мындаі адам тұтын болып түскен. Қарабақ сылтауымен басталған соғыска дейін Арменияда екі жұмынға жуық азербайжандар өздерінің ата қонысында тұрған болса, қазір олардың бір де біреуі қалмай тозғындарылған. Профессор Вахид Ибрагимоглы Караповтан естіген жан шошырлық бұл деректер азербайжан халқынын басына түскен қасіреттің сырткы, сандық көрсеткіштері ғана. Ал жалпы әзери халқының зорлық астында рухани құйікке түскенін өлшеп шығу мүмкін емес. Азербайжанға деген мейірімсіздік, жанышымастықта жалпы ислам қауымына қарсы қысастық салқыны жатқанын жасырудын керегі жок. Босния мұсылмандары да дәл осындай қастандықтың құрбандығы болғаны белгілі.

Жақында Балқан жеріне барып, сербтердің қосынына жалданған орыс солдатынан бір журналист: «Сонша жерден, Ресейден келіп не үшін соғысып жүрсін?» – деп сұрақ қойғанда, әлгі баскесер: «Мен мұсылмандарды қыруға келдім», – деп жауап берген.

Біз халықтар мен халықтар, діндер мен діндер арасын әдейі ушықтыру заарлы, арылмас күнә екенін ашық әшкерелеуге, елдердің арасын жақыннататын жолдарды алғы кезекке шығарып көрсетуге тиіспіз. Осыдан жиырма шакты жыл бұрын армян жазушысы З.Балаянның Ереванда орыс тілінде көп тиражбен шықкан «Очаг» деген романын оқып, автордың түрік-монгол халықтарына өшпендейлігін жасырмай айтқанынан шошыған едім. «Елдестірмек елшіден, жауластырмак жауышыдан», – деген нақыл бар. Қөрші отырған халықтарды жамандай беру, өз елін бірынгай мактау қауымды

адастырып, катыгездікке тәрбиелеуі күмәнсіз. Сондыктан да тек ақиқат арқылы ғана адал түсінік қалыптастыруға болады деп есептейміз. Армян-азербайжан жанжалында азербайжан жағының мүлде кінесі жок деуден аулақпыз. Бірақ армян және оны қолдаушылар тарапынан жасалып отырған зорлық-зомбылықты ешқандай кызыл сөзбен актауға болмайды.

Қандай тоскауылдар кездессе де, халықтар мен халықтар арасындағы байланыстар өзінің табиги жолымен жүріп отыруға тиіс. Осы реттен алып қарағанда, Қазақстандагы азербайжан диаспорасының жағдайын жітірек танып-білу қажеттігі туады. Өзара сөйлескенде бір-бірімен тілмашсыз түсіністін түрік халықтарының қазак тілі мен мәдениетін менгеруіне қоңыл бөлмей келуіміз зор кемшілік. Қазақстанның когамдық мәдени ұйымдары азербайжандарға қолдан келген материалдық, рухани қөмегін көрсетулері парыз. Журналистеріміз азербайжаның бүгінгі халық көзбен көріп, шындықты халқымызга жеткізсін. Жер дүниенің халқы келіп, панарап жүрген Қазақстанға азербайжандардың босқын болған бір бөлегін уақытша болса да орналастыруды да ойластырсақ екен.

## ТҮРІК ЖҰРТЫНЫҢ БІР СЫНЫФЫ

Түрік халықтары тарихының зерттелу деңгейі әркілі. Олардың кейбіреулерінің түпкі генезисінен бастап, өсу-өркендеу сатыларын, бұралан жолдарын сипаттаған еңбектер мол табылады. Енді біреулерінің қалыптасу кезеңдері мүлде кем сөз болғанын көреміз. Ал тағы бір ұлыстардың қадім замандардағы қалып шежіреге де түспеген, ел жадында да сактала қоймаған. Бұл мамандар болмаса, қарапайым жұртшылық онша қөп біле бермейтін елдін бірі – қараимдар. Үлкен совет энциклопедиясында бұлар туралы «Қырымның қалаларында, Украинаның облыстарында, Литваның ауданында және Польшада тұратын аз ғана халық. Қараим тілі түрік тілдерінің қыпшак тобына жатады. Қазіргі кезде ССРО қолеміндегі қараимдар негізінен орыс тілінде сөйлейді, тұрмыс карекеті

жатынан өздерін қоршаган қауымнан айырмасы жок. Дінге сенетіндері Коне осиетті (Ветхий завет) касиет тұтатын қараизм дінін ұстанады. Қараимдар Хазар қағанатына кірген түрік тайпаларының үрім-бұтағы болып есептеледі...» (БСЭ, 11-том, 379-бет) деділген. Қараимдар жөнінде жазылған басқа мәнбелердің де айтатыны бұл төніректен әрі кетпейді. Осы түсініктің шенберінен шығып, азын-аулақ косымша дерек беретін Александр Фукидін Мәскеуде орыс тілінде 1995 жылы басылған «Қараимдар – Ресейдің ұлдары мен қыздары» деп аталған еңбегі. Мұнда халықтың аты қараим, карай, караит деп үш түрлі беріледі, бұлардың IX ғасырда Хазар патшалығының құрамында болғаны, мекені Оңтүстік Қырымға дейінгі аймакты алып жатқаны, Бұлан ҳанның тұсында Хазар руладының бір бөлігі – қараимдардың діні мен салты мойындала бастағаны, әскери әулет болып қалыптасқаны секілді мағлұматтар келтіріледі. Хазар қағанатының құрамына қазіргі Орел, Курск, Белгород, Харьков, Херсон, Днепропетровск, Николаев облыстары, Қырым және Кавказдың солтүстік, орталық тұстары кірген делінеді (Көрсетілген кітап, 10-бет). Хазар қағанатының алғашқы астанасы Семендер, кейінгі Еділ (Итиль) аталған. Қарай-қараит-қараимдардың жері ерте замандарда Қара теңізден Қыыр Шығыска дейінгі өнірді алғып жатқан деген пікір де осы кітапта қылан береді. Бұл жорамал, әлбетте, зерттеуді, дәлелдеуді керек етеді.

Қарай-қараим-қараиттардың бертінгі тарихы нактырақ 965–967 жылдарда Киев князі Святослав Хазар қағанатын киратқаны, бұдан кейін бұл мемлекеттің халқы өзінің қауымдық діндік белгілеріне қарай түрлі тарапка шашыраганы анық. Тарихшылардың қай-қайсысы да Хазарияның кирав себептерінің бірі ретінде халқының түрлі дінді ұстаушылығын, бір-бірімен ішкі байланысының аздығын атап көрсетеді. Тіл бірлігі мықты мемлекеттің дін бірлігі болмапты! Хазарияның осы бір қасіреті тарихтың үзына бойында өзге елдер тәжірибесінде талай рет қайталанғанын анғарамыз. Тіпті, қазіргі ләуірде де діндік сенімге қатысты қайшылық кейбір

мемлекеттерде пәленің көзі болып келеді. Діндік жағынан өзара бірлеспеген қандай да «мыкты» ел дегеніңіз күндердің күнінде быт-шыты шығып кететініне мысал мол. Христиандар мен мұсылмандардың арасындағы сенім өзгешеліктерін үрлең, қоздырып, империялық құштер жер жәннаты саналған Ливанды бітіспес қырыққа душар еткенін білмейтіндер аз болар. Бұрынғы Югославияның мұсылмандар жайланаған бір бөлегі – Босния өздерінің атам заманнан бері келе жаткан көршісі православиялық христиан сербтерден адам айтқысыз зәбір көргені әлем жұртшылығына аян. Біз көп дінді мемлекеттердің халқы қайткен күнде де ертелі-кешті бір соктығыска кездесуі қatal заңдылық дегіміз келмейді. Демократиялық үрдістері берік елдерде мұндай алауыздыққа жол берілуі киын. Сонда да болса халыктар арасына от жағуды көздейтін ашкөз пігілдар дін әртүрлілігін реті келген жерде пайдаланып қалғысы келетіні күмәнсіз. Халқының бір бөлегі мұсылман, тағы бір тобы христиан, енді бір қысымы иудейлер болған Хазарияның қайғылы шежіресі оқушыға ой салмай қоймайды. Бұқіл халқы бірігіп кетсе, қандай жауға да қасқайып қарсы тұра алатын Хазарияның осындағы бір «косал» тұсын дүшпандары пайдаланғаны тарихтың өшпес сабактарының бірі деуге болады. Кезінде Хазарияның даңқты болғандығының күәлігі аз емес. Бұғынғы Каспий теңізі деп жүргеніміздің бір кезде Хазар тенізі аталғаны да мұны сипаттайтын. Князь Святослав сойқанынан кейін Хазарияның христиандары орыс мемлекеті шебіне жылықсан мұсылмандар өз діндестеріне қосылған, ал өзгеше дін қарaimды ұстанғандар бұлардан бөлек қоныс іздейді, Қырымның онтүстігіне таман Чуфут-қала қамалы маңына топталады.

Томага тұйык өмір кешкен қарaimдардың жаулары да аз болмаған. Қарaimдар өздерінің тәуелсіздігі үшін ғасырлар бойында қажырлы құрес жүргізген. Қырым жеріндегі қарaimдар өздерімен тілдес татарлармен қатар өмір сүрген. XIV ғасырдың ақырғы тұсында Литваниң ұлы князі Витовт 860 қарaim отбасын тұтқын ретінде қөшіріп әкетеді.

Литвадағы қарaimдар Тракай маңына қоныстанады, кейіннен бұлар жалдамалы әскер қызметтін аткарады (Көрсетілген кітап, 18-бет). Өзге халыктардан окшау тіршілік кешеді. Бұлай болуына олардың діндік ерекшеліктері себеп болады: Қырым түбегін Ресей әскерлері жауап алғаннан кейін қарaimдар патшалық қарауындағы қызметке жегіледі.

Қарaim халқының бірте-бірте азайып, мүлде жойылып кету алдында тұрғанының өзіндік «заңдылығы» бар. Ең алдымен олардың тілдік ортасының болмауы өзгелердің құрамына сінісіп кетуін жеделдетеді. Ал түрік тілдес ірі халыктармен бұлардың «басын қоспайтын» дінінің бөлектігі. Әуел баста Хазариядағы отандастарынан діни сенімінің өзгелігі бойынша бөліне көшкен қарaimдар Қырым татарлары билігі жойылғаннан кейін «орыс тілділермен» істес болған, ал Литваға қоныс аударғандары литван тіліне ауысқан. Осылайша әр мемлекеттің қарауына шашылып тараған қарaimдар сол барған елдерінің тілін қабылдауға мәжбүр болған. Бұл да бір тарихтың аты сабағы секілді. Түрік тілдес туыстарынан бөлініп кеткендігі қарaim тілі жойылуының да бастапқы себебі деуге болады.

Бұл күнде қарaimдар ешбір жерде тұтас топ болып танылмайды. Олар Ресейдің, Украинаның, Балтық бойы мемлекеттерінің жерінде, шет елдерде тұрады. Бұлардың арасынан оқып білім алғандардың көбірек кездесетіні де қалалық жерлерде тұруына және еңбек пен білімге қабілеттілігіне байланысты делинеді.

Қарaim тілінің тарихы, сөздік құрамы, фонетикасы, морфологиясы, түрік тілдерімен арақатынасы, славян тілдерімен байланысы мәселелерін тұнғыш зерттеген казак ғалымы Кенесбай Мұсағұлының монографиясын (К.М.Мусаев. Грамматика караимского языка. Москва. Изд-во «Наука», 1964) ерекше атап өту керек. Бұл қүрделі еңбегімен аса көрнекті зерттеуші жаһандық түркология ғылымына елеулі үлес қосты, жоғалуға жақын қалған тілдің өткен жолдары мен қазіргі жағдайын дәйекті, тынғылықты сипаттады.

Фашистік Германияға қарсы ұрыс жылдарында көнестең әскерлерін басқарған атақты қолбасылардың бірі маршал Р.Я.Малиновскийдің шыққан тегі қараим екенін де кейінгі кезде естіп біліп отырмыз. Әрине, тарих үшін мұндай деректерді де біліп койғанның артықтығы жок. Қараимдар қатарынан белгілі ғылым, өнер қайраткерлері халықаралық көлемде әйгілі болғанына да мысал келтіруге болады.

Ен қажеттісі, тұбі бірге халықтардың тағдыр тәлкегімен өмір жолын қылыштырып атқарғанда да, оның әкеткенін білу болып табылады. Тілдік бірлікті сақтау этникалық жағынан жақын елдердің өзара рухани байланысы үзілмеуінің маңызды шарты екенін көреміз. Қоңе тарихта бар болып, кейіннен жок болған халықтардың аты ұшырасатыны белгілі. Оған сан алуан жағдайлар себепкер болатынын тек терең зерттеулер ғана анықтай алады. Осындай аты бар да, заты жок халықтар қатарына қараимдарды да қоссақ, шындыққа қайшы келмеспіз. Қараим тарихын сөз етудің тағы бір «сабағын» қайталап айтуда керек. Ол – тіл бөлектігінен де, дін бөлектігінен мәні кейде салмақтырак болатындығы. Қараимдар еврей дінін үстанғандыктан, ауыл арапас отырған қырым татарлары көрген қорлықтың көбін бастаң кешірген жок. 1944 жылы Қырымнан татар халқын зорлықпен жер аударғанда, олармен бір тілде сөйлесетін қараимдар бұл озығырлықтан аман қалды. Ресей билеушілері халықтарды алалап, бір-біріне қарсы қоятын әдеттің осы жолы да істеді. Қараим халқы өзінің тілдес туыстарынан жырак конып, өзгелермен арапасуының салдарынан үлкен елдердің арасына «жұтылып» кеткенін білсе де, тарих дөнгелегі кері айналмайтынымен санаспасқа шарасы жок.

## ҚЫРЫМНЫҢ ҚИЛЫ ТАҒДЫРЫ

Қазак халқының тұбі бір түрік халықтарымен ежелден терең тамыр тарткан әдеби, мәдени, тұрмыстық, салттық байланыстарын салыстыра зерттеу мәселесі күн тәртібіне енді-енді ғана қойылып келеді. Күні кешеге дейін мұндай тақы-

рыпка баруга мүмкіндік жок еді, ондаған жылдар бойында түрік тілінде сөйлейтін елдердің өзара бауырластығын, дәстүрінін үқастығын сөз еткен адам «ұлтшыл», «турікшіл» атаниш, зор күнә жасағандай саналатын. Мұндай соракы халдің түпкі себебін қазір айта алатын болдық. Патшалық Ресейдің, одан кейінгі әкімшілдік-әміршілдік жүйенін де түпкі максаты тегі мен тарихы, тілі жақын халықтарды бір-бірінен алыстатып, жат бауыр ету, рухани тамыры қырқылған жүргіттарды мәнгүрттедіру, сөйтіп айтқанға көнетін, айдағанға жүретін үнсіз, көнбіс тобыр жасау болатын. Билеп-төстеушілер сол нысанасына жетуге таянып та калғандай еді. Бірақ тағдырын күні онын туса, зорлықты атаулының шырмауықтай оралған айла-шарғысы, зұлым саясаты әшкере болып, ұзақ тепкіден есептірекен халықтарға ақыл-ой қайта оралатынын көрдік. Соңғы жылдарда казак халқының өткендеңі ақын, жырау, әнші мен қүйші, хандары мен билері, батырларының кәделі саналары салтанатпен еске алынып келе жатқаны – ұмытылған құндылықтарға оралудын жарқын көріністері.

Дамудың алғы шарты халықтардың өзін-өзі тануынан, дәстүрін қалыптастыруынан басталуы тиіс дейтін көне қағидаға жаңадан мойын бұрып отырмыз. Алда сансыз қындық, самаладай міндеттер тұр. Оның бәрін асығыс аттап өту немесе айналып өту мүмкін емес. Бір кезде Қазақстан «капитализмді аттап өтіп, социализмге бір-ак секірді» деген тұбі жалған қызыл сөзге майданып, өзімізді өзіміз алдарқатқанымыз белгілі. Өркениеттің табиғи сатылы жолдарынан ырғып өтуге болмайтынын, ондай «қөзсіз» ерлік мөртіктірмей қоймайтынын бастаң кешірген халықтың бірі – біз. Өзінің ұлттық көркеюінің қамын алдымен ойлаған, өз ерекшелігіне лайық бағдарлама жасаған халықтар ғана мұратқа жете алатынын жер жүзіндегі озық елдердің тәжірибесі де толық сипаттайтын. Ендеше, өзгелерге еліктеудің де, солықтаудың да жөні, мөлшері бар екенін зердеге құйыш алмай, өзімізге ғана тән сокпакты іздемей, қыздырманың қызыл тіліне еру немесе құшті дамыған елдердің әрқайсысына жалтақтай, карайлай

беру аса қауіпті екенін жамағатшылық негұрлым ертерек ұғынса, соғурлым келешегіміз де сенімді болмак.

Ұлттық әдеп-ғұрыптардың ең өміршен үлгілерін қайта жаңғыруту, халқымыздың сан ғасырларда жаратқан құллі рухани қазынасын менгеру, зағтық мәдениетін тану және соларды дамыту ғана азаттық пен кемелденудін дұрыс жолына түсірмек. Енбектеген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін ұлттық өрлеу мұратымен жалындағанда ғана тәлім-тәрбиенің, окудың ұлттық дәстүрлерге негізделген жүйесі жасалып, іске қосылғанда ғана ілгерілеудін сенімді күбыланамасы табылды деуге болады, Басқаша айтқанда, ұлкенді-кішілі істеріміздің бәрі де қазактарды казак жолына түсіру, шала казактыктан таза казактықка бет алу ұранымен жүруі ләзім. Сонымен қатар тіл де, тарихы да жақын тегі бір халықтармен түбірлестігімізді түсіну, басымыздығы ортак мұндар мен сырларды танып-білу парызымыз екенін ойланатын да заман туды.

Ұлттық тәрбие жұмысындағы осал тұстардың бірі – тілі мен көркемдік мәдениеті, туыстығы жақын халықтардың тарихы мен кейінгі замандағы халінен мұлде дерлік бейхабар келгендігіміз. Айналадағы ағайынға бұрылып карауга мұрша келтірмеген қыспак тәртіптің шектірген залалын біз әлі толық сезініп болмаған елміз. Бірімізде жоғалған мұра екіншімізде сакталып келе жатқанын, түрік тілінде сөйлейтін барша халықтардың әрқайсысында әлемдік рухани қазынаға қосыларлық ескерткіштер бар екенін білмеуіміз, тіпті, осыдан екі-үш ғасыр бұрын аралас-қуралас жүрген бауыр елдерден де қара үзіл қалғанымыз, жақынды жат санауымыз, дәстүріміз бен рухымызға сәйкес келмейтін ерсі салттарға еліктегіштігіміз мактанарлық нәрсе еместігін бұдан былай түсінсек те кеш болмас еді. Ел болатын ел алдымен өзінін тарихын түгендеумен қатар, ертеден бері өзіне етene жақын жүргіттарды іздер болар еді. Өйткені тарихтың бұралан жолдары замандар бойында халқымызды талай елдермен табыстырған, сөтсіз жағдайлар арадағы ынтымақ пен бірліктін шырқын бұзып, еріксіз айрылыстырған. Тәуелсіздікке қадам

койған қазіргі шағымызда, сол үзілген байланыстарды дәнекерлеуге атсалысу тұракты уәзипалардың бірі деп қараймыз.

Түрік халықтарының бір бұтағы – қырым татарларымен арамыздагы мәдени ортактық, дәстүр жақындығы мәселесін алғып қарасақ та, көпшілік біле бермейтін кеп қызығылықты мысалдарды ұшыратамыз. Жалпы алғанда, біз конысы шалғай, шекарасы жырақ Қырым елімен ежелгі қарым-катаинасымыз мол болғанын тым бұлдыр білеміз. Ауыз әдебиеті шығармаларында кездесетін «ұлы Үрімге, қызы Қырымға кетті» секілді тіркестерден ғана алыс замандардағы байланыстардың сілемі елестегендей болатын. Батырлық жырларымыздың кейбіреулерінде оқиғалардың Қырым жерінде өтетініне де онша мән бермейтінбіз. Тіпті, қырым татары деп аталған халықтың арғы тегі кім екенін де ойлап көргеніміз шамалы. Қырым татары деген есімді иеленген жүрттың құрамында казакқа өте жақын ногай тайпалары мен рұларының да бар екеніне мән бергеніміз де сирек болар. Сол ногайлардың хатқа түсken өлендерінде «түбіміз бір» деп тұрған шумактар аз емес.

Айт десеніз, мен айтам білгеннен соң,  
Тіл, таңлайым көрінер құлғеннен соң,  
Дүниені дүбірлеткен екі аяғым,  
Топырақ болып шіриді өлгеннен соң...  
  
Мырзалардың сарайы биік болар,  
Күн жактағы терезесі қиық болар.  
Сүйгенінді жар етіп біреу алса,  
Оттай жанған жүрегін қүйік болар...

Біз бұл жолдарды 1975 жылы Ташкент қаласында шықкан «Мәнілер мен шынылар» деген кітаптың «Ногай бәйітлері» деген тарауынан келтіріп отырмыз. Бірен-сарап дыбыстық айырмашылықтарды ғана казақшалап, тұпнұсқаның бітімін өзгертушілік алдык. Мұндай өлендердің әуел баста қазак пен ногай ортасындағы ортак «кор» екеніне күмән болмаса керек. Әрине,

Фалымның көрсетуінше, бұрынғы Совет Одағы жеріндегі 5900 қараимның 16 пайызы ғана қараим тілін ана тілім деп мойындаған. Қазіргі кезде қараим тілін білетіндердің көрсеткіші бұл межеден анағұрлым тәмен еkenі дәлелдеп жатуды көрек ете коймас. К.Мұсаұлы қараим тілін зерттеумен 1957–1963 жылдары арнайы шұғылданған. Ана тілін білетін қараимдардың тым аздығы бұл тілдің құрылышын анықтауға көп қындық келтірген. Кейбір қараимдар зерттеушіге өздері мағынасын толық түсінбесе де, жас кезінде есінде қалған өлең сөздерді жаздырған. К.Мұсаұлы осы өлеңдерді хатка түсіріп, сөздік құрамы мен айтылу жүйесін анықтау қажет болған. Мұны нағыз ізденгіштік үлгісі деп бағаламау мүмкін емес. Қөптеген мәнбелерді салыстыру нәтижесінде ғалым «қарайым» деген сөздің мағынасын да анықтайды. Оның дәлелдеуінше «кар» ескі еврей тілінше «оку», «қараим» – «окитын сауатты» деген ұғымды білдірген. Бұл ұғымдар қараимдардың діні қараизмге байланысты туған. Осылайша тілі түркі, діні еврейлік халықтың басқаларға ұқсамайтын тұрмыстық, рухани әлемі қалыптаскан. Ертеде қөптеген қараим зияялары өздерінің шығармаларын қоңе еврей тілінде – иврит – жазған.

Саны аз болса да, қараимдардың тілі тез жойылып кетпей, ұзақ ғасырлар бойында сақталуы олардың діндік-қауымдық белгілері бойынша өзгелермен көп араласпай, салт-дәстүрлерін сақтап келгеніне де байланысты делінеді. Қараимдардың қауымдық көсемдері гахамдар мен газзандар қарауындағы жұртының басқа да халықтармен қан араласпауын қадағалап отырған. Сондай-ақ қараимдар дін мәресімдерін өз тілінде аткарып келуі де қараим тілінің «өмірін» ұзартқан.

Қараим тілінің түбірі түркі тілдерінің бір тарауы екеніне түрлі тарастан мысал келтіруге болады. Мәселен: «Лапа-лапа қар иава, Эрби баба қой соя, Хазар оғлу ат чаба, Байларымыз той чала» деген өлең жолдарының қнедегі Хазар заманының ескерткіші екені сезіледі. Мұнда нағыз көшпенді түріктердің сөз тіркесі мен түсінігі елес береді.

Ай аттары да түрк тілдерінің қоңе кезеңін еске түсіргендей. Қараимдарда қантардан желтоқсанға дейінгі он екі айдын аттары да қыш ай, қара қыш ай, сювинч ай, құрал ай, башқұсқан, йаз ай, улағ ай, сырый ай, айрықсы ай, күз ай, соғым ай деп аталауды екен (К.Мұсаұлы кітабы, 23-бетте). Ал апталық құн аттарына түркі, грек, еврей, араб, парсы сөздері араласканы байқалады. Дүйсенбіні баш құн, сенбіні шаббат құн деу бұл айтқанымызды анғартса керек.

Ескі түркілік белгілер қараимдардың ата-есімдерінде (фамилия) көбірек сакталған секілді. Александр Фукидің кітабынан тәмендегідей атаесімдерін кездестірдік: Таймас (Таймаз); Таңатар, Таңағөз, Шайтан, Хожаш, Хафиз, Сауыскан (Савускан), Сапак, Қалпақшы, Құміс (Кумыш), Майтөп (Майтоп), Оқсыз (Оксөз), Қарға, Қара, Қайқы, Қелпе (Кальфа), Жігіт (Джигит), Еріншек (Эриншек), Егіз (Эгиз), Ел (Эль)... Ал адамдардың өз аттарына келгенде жағдай басқаша. Мұнда славян, грек, еврей есімдері жиі ұшырасады.

Кейінгі жылдарда қараимдар тіліне орыс, украин, белорус, поляк тілдерінен көп сөздер енген. «Ол торғовляда илэйт», «там гулят этип цатат колхоста» деген сөйлемдер тіл араласудың қорінісін байқатады. Славян тілінің тәсірі әр тараптан қорінетін К.Мұсаұлы зерттеуінде жан-жакты баяндалған. Қараимдар туралы кітап жазған Александр Фуки өз халқының ғасырлар бойында Ресеймен тағдырлас болғанын, қөптеген қараимдар патшалықтың әр түрлі соғыстарына белсеніп қатысқанын сөз еткен. Оның ішінде ел корғау мен жаулаушылық соғыстары аралас жүр. Оны әрбір ел өзінше бағалауына ерікті. Әуел баста түрк әлемінен шығандап кеткен, мұсылман еместігіне байланысты Ресей империясының ырқына оңай сыйысқан қараимдарды түрктермен жақындастыратын белгілер көп қалмаған. Бұл, әрине, өз алдына жеке әңгіменің тақырыбы. Өйтпеген құнде біз қараимдар арасынан шыққан данкты адамдарды білген болар едік. Рухани, мәдени, діни ауыс-түйістің мүлде үзіліп қалғаны соншалық – мұндай халықтың дүниеде бар-жоғын білгендер бола қоюы күмәнді.

қырым татар тілінің ғасырлар бойында қалыптасқан өзгешеліктері де жетерлік. Сондыктан да арнаулы дайындығы жоқ оқушыға бірден түсініп кетуге киын жерлер кездесе береді. Біз бұл арада тілдеріміз бен мұрамыздың алыстаған тұстарын емес, ежелгі бірдейлікті әнғартарлық, «мөлдіреп турған» кейір сыйнұктарын ғана мысалға келтірдік. Алған үзінді шумактарымыз кездейсоқ емес, ертедегі кең байланыстардың табиғи көріністері екеніне басқа да дәлелдер табылады.

Ауыз әдебиетін зерттеуші Ж.Бекіровтың «Татар фольклоры» (Ташкент. 1975) деген оқулығынан қазак пен қырым татар халықтарына ортақ бірқанша мұраны көреміз. Солардың қатарында казак халқына аса қанықты жырлардың бірі «Шора батыр» да жүр. Жырдың оқигалық өрілімінде де, кейіпкерлер тізбегінде де, мазмұнында да қазак эпосымен ұндестьік анық. Нәрік пен оның ұлы Шораның намысты, өжет, киянатқа көнбейтін, қандай зорлықшыға да қарсы тұрарлық ер екендіктері біздің жыримызben түбірлестігін әнғартып-ақ түр. Сонымен катар қаһармандар есімдерінде аздаған айырмашылықтар да жоқ емес. Мәселен, қырым татар нұсқасында Нәріктің әйелі Менсұлу, ағасы Әрік, Шораның әйелі Қанықей делінеді. «Көрүгли» жырында да біздегі нұсқаларға жақындық айқын танылады. Қазақ эпосындағы Хасанхан мен Әуезхан қырым татар вариантында Асан, Айваз деген аттармен берілген. Осындағы түсті салыстырулардың өзінен-ақ ортақ мұраның молдығы көрініс береді. Сонау Қырым жазығында «Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» қызғылықты нұсқалары сақталып, айтылып келгені де біздің көnlімізді аударуы тиіс. Қазақтың мактан тұтатын ең көне, көрікті жырларының бірі Қырым ногайлары арасында да танымал екенін академик В.В.Радлов өзінің 1896 жылы шыққан «Солтүстік түрік тайпаларының халық әдебиет үлгілері» дегеп кітабында көрсеткен болатын. Содан бергі уақытта қырым татар халқының басынан қаншама қайғылы оқигалар өткенине қарамастан, ежелден айтылып келген асыл жырлар, соның ішінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» әлі күнге дейін ұмыт болмағаны танданарлық нәрсе. Жырдың

қазақ және қырым татар нұсқаларының фабуласында пәлендей үлкен айырмашылық жоктай. Тек адам аттарында Қарабай мен Сарыбайдың Еділбай және Жайықбай болып келетінің сөкілділер ғана кездеседі Салыстырып қарасақ, ертегілер, азыз әңгімелер арасында да мол ұқастықтар табыла береді. Макал-мәтелдердегі сарындастық бұл пікірімізді орныктыра түскендей болады, «Ақиқат сөз аккан суды тоқтатады», «Өзі жығылған жыламас», «Жел тұрмаса, терек тенсемейді», «Істеген тістейді», «Бүгінгі ісінді ертенге қалдырма», «Ерте тұрғанның ісі тез бітер», «Жапалақ көрсөн, жатып ал, жаманнан бойынды сатып ал», «Гөзел (сұлу) гөзел емес, сүйген гөзел», «Ат тісінен, ер ісінен белгілі», «Халықка – бірлік, құсқа – қанат», «Батыр бір, корқақ жұз өледі», «Балалы үй базар, баласыз үй мазар», «Баласыз өмір – тұзсыз ас», «Жуас ит ұндеңей тістейді», «Жігітке қырық өнер де аз» тәрізді макалдардың қазақтағымен текстестігін дәлелдеп жатудың өзі артық болар.

Қырым татарлары арасында айтылып келген «Тайыр-Зұhra», «Нарқамыс», «Ашық Fapıп», «Арзы қызы» сынды аныздаулар бұл мұраның түрік халықтарына ортақ екенін сипаттайды. «Ашық Fapıп» әзіrbайжандар мен түркмендер әдебиетінің корында ежелден орын алып келгені белгілі. Ал «Тайыр-Зұраның» таралу ауданы одан да кеңірек деуге болады. «Арзы қызы» анызы негізінде қазак ақыны F.Малдыбаевтың «Қырым қызы» деген поэмасы жазылғаны мәлім. Бұл шығарма өзінің мазмұнымен де, көркемдігімен де көз тартатын, отызыншы жылдардағы татымды туындылардың бірі болатын.

\* \* \*

Зерттеушілер Кемал Коңыратлы мен Шәкір Селимов қырым татар әдебиетінің ертедегі бастау көздері туралы мақаласында («Иылдыз» журналы. 1992, 4-сан) байсалды мәселелер көтерген: Олар көптеген анық деректерге сүйене отырып, «қырым татарлар ортағасырларда түрік

халықтарының ен ірілерінің бірі және Қырым тұбегі түрк дуниесінің ен ескі әдеби һәм мәдени орталықтарының бірі еді» (73-бет) деп тұжырымдайды. Макала авторлары Қырымға біздің заманымыздың 375 жылында гүндер келгенін, солардың үрім-бұтақтарынан пайда болған түрк тайпалары хазарлар мен қарышалар VII–VIII ғасырларда мұнда ірге тепкенін, IX ғасырда Қара теңіздің солтустігіне, Қырымға оғыз-печенегі рулары келіп қосылғанын, X–XI ғасырларда бұл өнірге найман, маңыт, қонырат, кенегес, қаңлы, алшын секілді қыпшақ тайпалары коныстанғанын, мұның өзі бірте-бірте оғыз-печенег және қыпшақ тілдерінің бір-біріне ықпал етіп татар тілінің негізін белгілегенін айтады (74-бет). Алтын Орда мемлекеттігінің құрамына кірген қырым жұртының тілі де қыпшақ тілі болған. Татар ғалымдары қыпшақ тілінің сөздігі – атакты «Кодекс куманикус» XIII ғасырдың сонында Солхатта (ескі Қырымда) құрастырылған деп көрсетеді. Қырым татар шаирларының алғашқы қатарында XIII ғасырда «Жүсіп-Злиха» дастанын жазған Махмұд Қасым аталауды. Бұдан кейін Әбубәкір Мұхаммед, Абдулмәжит Әпендей, Үсейн Кефевий сынды бірсыныра ақындар тізбегі беріледі. Әттең дерлігі сол – бұл атаптан және басқа мұраны іздеу мен зерттеу ондаған жылдар бойында қолға алынбаған. Қырым татар халқының орта ғасырлардағы жазба әдеби ескерткіштерін жан-жакты тексеріп, ғылым игілігіне айналдыру – болашақтын ісі. Біз бұл ел әдебиетінің осы кезге дейін азды-көпті танымал дерлік нұсқаларына ғана қысқаша кідіреміз.

Қырым татарларының бертінгі дәуірдегі төл жазба әдебиет нұсқалары XVII ғасырдан бастау алады. Содан берігі бірнеше ғасыр ішінде бұл әдебиеттің іргесін қалап, өздерінің шығармаларымен халқының көркемдік мәдениетіне үлес коскан көптеген ақын, жазушылар есімі белгілі. Өкінішке қарай, ол қаламгерлерді басқа бауырлас жұрттар біле бермейді. Бұл халықтың бастаң кешірген қасіретті тарихымен азды-көпті таныс адам қырым татар әдебиетінің өз шекарасынан алыс жерлерге тарапмауының себебін түсінеді.

Қырым татар әдебиетінің алғашқы классигі болып саналатын Жанмұхамед туралы да билетініміз көп емес. Оның XVII ғасырда өмір кешкені, артына «Сапарнаме» атты тамаша дастан қалдырғаны ғана белгілі. Бұл бір де болса бірегей дастанда Қырым тарихындаты жолайрық, ірі оқиғалар суреттеген. Бір қызық жері сол – мұнда қырым татар және украина халықтарының поляк басқыншылығына қарсы бірлесе қурескені айтылады. Зерттеушілердің көрсетуінше, 1648 жылы Украина гетманы Богдан Хмельницкийдің Қырым ханына жасаған өтінішіне орай қырым татар әскерлері Польша пандарының қосындарына қарсы аттанған, Қырым сарбаздарын өз кезінде белгілі колбасы Тоған би бастаған. Осы қыска деректер бізге көп нәрсені анғартқандай болады Ресей тарихшылары Қырым татарларын орыс және украина халықтарының тыныштығын бұзып келгендер деп айыптаудан бір танған емес. Шындығында, тарихи шындық бертіндегі еңбек авторларының ойлағанынан анағұрлым терең және шытырман болғанға ұқсайды. Қырым татарлары мен шығыс славяндары жау болмаған екен, олардың арасында достық, одактастық кезеңдері де аралас келіп отырған. Мәселенін көленкелі жағын айтып, тарихтың нұрлы жақтарын жауып қою үлттар араздығын әдейі өршітуді қөздейтін шовинистердің ісі екенін ажыратса білуіміз керек. Қалай болғанда да, болашак зерттеушілер халықтар арасындағы карым-қатынастар тарихын бірбеткей түсіндірушілердің ізімен кете бермей, барды барша, жокты жоқша айтып үйренулері ләзім. Бұлай ету сан жетпес зорлықтарға душар болған Қырым татар халқының бұдан былайғы тәтілдірілгенде де аса қажет. Қыпшақ руынан шыққан Жанмұхамед ақынның «Сапарнаме» дастаны – тек қырым татар әдебиетінде ғана емес, жалпы түрк тілдес елдердің де көркемдік қазынасынан орын аларлық шығарма. Қырым татар ғалымдары бұл туындыны өзінің құндылығы жағынан орыстың «Игорь полкі туралы жырымен», атакты Бабурдың «Бабурнамесімен» катар тұрарлық деп бағалайды.

XVII ғасырда жасаған қырым татар ақыны Ашық Омардың шығармалары да аса құнды көркемдік мұра катарына қосылады. Ашық Омардың жекелеген өлеңдері қырым татар тілінде шығып жүрген бірен-саран кітаптар беттерінен ғана орын алғып келеді. Бұл ақынның жаратындылары өз алдына зерттеуді керек ететіні және басқа елдер тілдеріне аударылуға лайықтылығы күмән келтірмейді. Омардың «Диуан ашық Омар» деген жинағын 1894 жылы ағартушы Исмаил Гаспринский Бакшасарай қаласында басып шығарған екен. Омар шығармаларының колжазбалары Стамбул, Конья, Лондон шаһарларында бар көрінеді.

Қырым татар әдебиетінің әйгілі өкілдерінің өмірбаяндық мағлұматтары да толық тізілген деуге келмейді. Біздің қолымызға түскен мәнбелерде олардың туған, өлген жылдары және кейбір белгілі шығармалары жөнінде ғана там-тұмдаған құжаттар кездеседі. Атакты ақындардың арғы тектерін іздестіре берсең, қыпшак, арғын, конырат, найман, тағы басқа рулардың өкілдері болып шығады. Біз бұл арада рулар шежіресін әдейі келтіріп отырғанымыз жоқ, бірақ түрік халықтарының түбірлестігін анықтауға септігі тиетін фактілерді елемей кетуге және болмайды.

XVIII ғасырда аты шықкан шайрлардан Исметий есімі ерекшеленіп тұрады. Оның атақты шығармаларының бірі «Кефе дастанында» халықтың басына түскен ауыр ахуал, әлеуметтік кайшылықтар баяндады. Қырым татар халқының әр дәуірдегі бастаң кешкендерін шынышыл суреттеген бұдан басқа да шығармалар баршылық. Ешмұрза ақынның туындыларында Қырымның Ресейге бағынғаннан кейінгі кіріптар халі, еріксіздік зары көрініс берген. «Солдаттық хақында» деген көлемді шығармасында ақын әскерге алынған қырым татар жігіттерінің мұнын, балаларын сағынған атапаналардың арманын ақыкат бейнелейді. Ал, жат мұddeлелер үшін солдаттықтың ауыр қамытын арқалап жүрген жігіттердің жансыры: «Өле қалсак бұл жерде, мазарымыз жабылmas, артымда калып жылайтын карындастым табылmas» («Әдебиет

хрестоматиясы», Ташкент, 1971, 34-бет), – деген жолдардан айқын елестейді.

Біз қырым татар әдебиетінің дамуына үлес қосқан ұлкенді-кішілі ақын, жазушыларды санап бермекші емеспіз. Халқына еңбегі белгілі ондаған қаламгерлердің қай-кайсысы да ілтипатқа лайық. Бірақ қырым татар әдебиетінің бірнеше ғасырлық тарихы, көрнекті жаратындылары, дарынды суреткерлері бар екенін дәлелдеуге осы келтірілген мысалдар да жеткілікті. Бұл арадан біз ғылым мен мәдениет, өнер саласында елеулі із қалдыған қызығылықты есімдерге мүлде тоқталған жокпыз. Максат бізге тілі де, тарихы да жақын қырым татар халқының елемеуге, ескермеуге болмайтын үлттық әдебиеті, бай фольклоры бар екеніне жүртшылық назарын аудару ғана.

\*\*\*

Әрбір халықтың үлттық дәстүрі мен мәдениеті табиги дамуы үшін, алдымен, соған лайыкты жағдайлар керек. Қеңе тарихы бар қырым татар халқының соңғы үш ғасырдағы қырсық шалған тағдыры өте аянышты. Бұл жөнінде ақыратын айтып жазған зерттеулер жоқтың қасы. Сол себептен тұтас бір халықтың басына тәнген тақсірет көпшілік назарынан тасада қалдырылып келеді. «Судың да сұрауы бар» деген нақылды ежелден айтып келген адамзаттың жекелеген елдердің намысы тапталып, күштілердің табанында езіліп, қасірет шеккенін елең етпейтін болуы – шошынарлық жағдай. Дүние жүзі елдерінің қауымдастыры – Біріккен Үлттар Ұйымының зорлыққа душар болған қырым татар халқының басындағы трагедияны еске алып, бір де бір рет талқыға салмауы әділдік, аяушылық тәрізді жалпыға ортақ құндылықтардың тым азайып кеткендігін көрсетсе керек. Бұл «кушін жетсе, әлсізді езе бер» дейтін зорлықшылар қағидасымен үнсіз келіскендікпен бірдей нәрсе. Бірақ кандай елді де қырғынға, кемдікке ұшыратуға болғанымен, оның рухын жою мүмкін еместігін есте тұтуымыз ләзім.

Осы тұрғыдан қырым татар халқының мойнына еріксіздік қамыты қалай тұсқенін, бұл елдің азаттық үшін ғасырларға созылған күресінің әлі күнге дейін ұнамды нәтижеге жетпей келе жатқанын сөз ету ғылыми, әдеби қауым алдындағы парыз секілді. Бұл такырыпты қозғау тек қырым татарлар үшін ғана емес, әлі де төуелсіздікке колы жетпеген немесе отаршылдар құрсауынан шығып болмаған елдерге де сабак.

Сонғы жылдарда қырым татар халқының Ресей боданы болуының тарихын шыншыл баяндаған еңбектер жариялана бастады. Сондай зерттеудің бірі туркиялық ғалым Хакан Қырымлының «Қырым татарлар арасындағы ұлттық қозғалыс және ұлттық сана» деп аталады. Осы еңбектің қырым татар тіліндегі шығатын «Иылдыз» журналының 1992 жылы 3, 4-сандарында басылған аударма үзінділері бізге ең сенімді фактілерді ұсынады. Ағылшын тіліндегі жазылған бұл зерттеуді орыс тіліне Симферополь университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Горбунов аударғанын да айта кетуіміз шарт.

«Тұрік және мұсылман халықтарының бірі болған қырым татарлар Қырымның қадимнен келе жатқан халқы, – дейді сөз болып отырган еңбек авторы Хакан Қырымлы, – VI ғасырдан бастап осы өңірде шоғырланған хазарлар, куман-қыпшактар, печенегтер, селжүктар елі XV ғасырдың басында өз алдына дербес мемлекет ретінде танылған және Шығыс Еуропадағы күшті дәулеттің бірінен, саналған. Қырым хандығы 1475 жылдан бастап Османлы Түркиенің протекторатына айналды. Көрші елдермен соғыстарда қырым татарлар сан рет женіске жетіп отырган. Олардың 1711 жылы Прут өзені бойында Петр бірінші әскерлеріне берген соқкысы солардың бірі. 1769–1774 жылдардағы орыс-тұрік соғыстарының салдарынан Қырым хандығы Түркиядан ажыратылады. Осыдан кейін Ресей Қырымды өз қарауына алу үшін жанталаса әрекет жасады, үстін-үстіне жорық жасап, бейбіт өмірдің шырқын бұзды, ақырында тұбектегілердің ойранын шығарып, әскер күшімен басып алды. Бұл 1783 жылы болған еді. Сол жылы Ресейдің

қатын патшасы Екінші Екатерина Қырым жерін Ресейге косу жөнінде жарлық шығарды. Осы жарлықта Қырым халқының тұрмыс дәстүріне, дініне, құқыларына қысым көрсетілмейді дедінгендімен, көп ұзамай отаршылдар ойына келген озбырлығын жедел түрде жүзеге асыра бастайды. Көп жерлердің аты өзгеріліп, грек сөздерімен алмастырылды. Мәселен, Ақмешіт шаһары Симферополь, Акжар – Севастополь, Кефе – Феодосия, Ески Кермен – Левкополь, Кезлеу – Евпатория деп аталатын болды. Қырымның жерін түрлі әкімшіліктерге бөлшектеп қосудын да максаты жергілікті халықты ыдырату, тұптің түбінде оларды азшылыққа айналдыру болатын. 1784 жылы Қырым Таврия облысының бір бөлегі болып есептеледі, 1797–1802 жылдарда Новоресей губерниясына қосылды, мұнан кейін тағы да Таврия облысына кайтарылды. Барлық жерде елді билеп-төстеудің Ресейлік жүйесі ендірілді, қырым татар халқының өзіндік қалыптастан дәстүрі бойынша дамуына жол жабылды. Қырымды Ресей жауап алғанға дейін мұнда орыстар мүлде жок еді. Ендігі жерде Қырым жерлерін патшалық әкімдері бөлшектеп иемдене бастады. Князь Потемкин, граф Безбородко, князь Вяземскийлер 106144 десятина жер алғаны белгілі. Бұлардан Каҳовский, Ушаков, Мордвинов секілді адмиралдар да қалыспай, жер талапайынан өз үлестерін алды» («Иылдыз». 1992, 3-саны, 113-бет).

Ресей билеушілігінің алғашқы жұз жылдығының ішінде қырым татарлары катты қысым көргендіктен, Түркияға кетуге мәжбүр болды. Мұхаджарлық (ел ауып кетушілік) отаршылдық басталғаның екінші жұз жылдығында да толастамады, бейбіт халық қөшіп-конудың азабын шекті. Ал Қырымда, ата жүртта қалғандардың да халі женіл болмады. Ең сорақысы сол – еріксіз босып кеткендерге аяушылық білдірген жок, кайта оларды діни фанатиктердің тіліне ергендер деп жалған айыптау қалыптасты. Мұндай қиянат пікірді Ресейдің ресми тарихшылары да, совет дәүірінде бұл такырыпқа қалам тартқандар да кайталаумен болды. Ал Түркия архивтерінде

Қырымды тастап көшіп келгендердің көрген қындықтары туралы өте көп мағлұматтар сакталған. Қырым татарларының ата қонысын қалдырып, теңіз асып кетуінің өзге ешқандай дәлелі жоқ, мұның бірден бір себебі Ресей жаулаушыларының шектен шыққан өктемдіктеріне байланысты.

Патшалық үкімдарлары Қырымның жергілікті халқының өз жерінде өмір сүруіне зәредей де қолайлы жағдай жасамай, қайта олардың шет елдерге кетуіне анық мүдделілік білдірген еді. 1803 жылдың 10 күркүйегінде император Александр Херсон губерниясының әскери коменданттына татарлардың көшіп кетуіне кедергі жасамау, олардан қалған жерді мемлекет қарамагына алу, бұл жерлерге басқа үлттар адамдарын келтіру жөнінде әмір берген. Император Александр өзінің бұл саясатын «Қырымды керекіз адамдардан тазарту» деп атап, ашық астамдыққа барған. Ресей мен Түркия арасында болған әрбір соғыс қырым татарларының басына сор болып тиғен, патшалық әкімдері әр нәрсені сылтауратып өлкениң байырғы халқының өрісін тарылта берген. Қырым татарларын «Түркияға іш тартады» деген желеумен түрмеге камау әдеттегі іске айналды. Ол ол ма? Қырымдағы орыс армиясының бас колбасшысы князь Меньшиков 1854 жылы қырым татарларының бірін қалдырмай, Ресейдің ішкі губернияларына жер аудару туралы бүйреккә кол койған. Тек елді көшіретін күш-көліктің дер кезінде жетімсіз болғандығы ғана қырым татарларын жаппай шұбырынды болудан аман сақтап қалды. Соның өзінде де Курск губерниясына бірқанша үйлерді еріксіз көшіріп үлгерген еді. Түркияға кетуге үлгермен татарларды Орынборға көшіріп шоқындырады еken деген де жалған каусет таратылған. Үкіметтің татарларға деген анық зорлығын көріп отырған келимсектер жергілікті елдің ауылдарын тапа-тал түste тонауға салғанына таң қалуға болмайды. Мұндай жағдайда татарлардың кетпеуге еш шарасы қалмаған еді. Патша отаршылдары түрлі китұрқы саясат жүргізіп, қырым татар халқы өз жерінде азшылыққа айналғанға дейін жергілікті жүртты тынымсыз тықсырып отырды.

Бұрын Қырымды қарауында ұстап келген билер мен мырзалардың өз жерінде қалғандары Ресей зандарының орындаушы болып қана жан сактады, үкімет олардың дүниесі мүлкін өздеріне кайтарып берді. Бірақ империяға қызмет істеуге ойысқандардың да құқылары шектеулі болды. Діни адамдардың да өрісі тарылды. Құллі Қырым жерінде Бақшасарай мен Қарасубазар секілді бірен саран өнірлерде ғана татарлардың саны басым еді, сондықтан да бұл қалалар татарлардың үлттық рухани үмітін өшірмеген мықты бекініс секілді болды. Мәселен Бақшасарайда қөптеген мешіт және Ресей атырабындағы ең ескі орта оку орындары жұмыс істеді.

Ресей мемлекетіне бейімделіп қызмет ететін кадрлар даярлау үшін орыс-татар мектептері үйімдастырылды. Ондай мектептің алғашкысы 1827 жылы Симферопольда ашылды. Мұнда татар мырзаларының балалары оқыды. Татар тілінде оқулықтар, татарша-орысша сөздіктер жасау қажеттігі туды. Бұқіл оку жүйесінің негізгі нысанасы орыс рухында тәрбиелу бағдарламасына бағындырылды. Татар шәкірттері Ресей тарихын ғана оқып өз елінің өткендеңісінен бейхабар қалатын болды. 1783–1883 жылдар арасында қырым татар тілінде бір де бір кітап шықпауы да осыны көрсетеді.

Халықтың басындағы кіріптарлық халді татар арасынан шықкан ойшыл ағартушылар терең түсініп, үлттық дамудың жолдарын көрсетіп, бағалы істер аткарды. Солардың ішінен аса көрнекті ғұлама, халқының шын жанашыр фидайы перзенті, бұқіл түрік елдерінен шықкан санаулы санаткерлерінің бірі Исмаил Гаспринскийдін (Гаспранлы) енбегін ерекше бөліп көрсетуге болады. Отаршылдықтың зұлматына душар болған түрік халықтарының ортак мұнын сөйлеген Исмаил Гаспринский (1851–1914) шығармалары үлттық сананың оянуына құшті ықпал жасады. Бұл тамаша қайраткер жөнінде қалып жүртшылық тым аз біледі. Сол үшін ұлы ағартушының тарихи мәні бар істерін қысқаша таныстыра кеткіміз келеді.

Гаспринский алғашқы білімді мұсылман мектебінен алып, сонан кейінгі оқуын орыс тілінде жалғастырады. Ол Воронеж

каласында кадет корпусында, кейінірек Москвадағы Милютин гимназиясында оқиды. Өзінің қоғамдық істердегі бағыты жағынан досы, Литва татары Мұстафа Давидовичпен пікірлес болады. Бұлардың Түркияға барып, жас османдықтар әскерінде қызмет етпек ниеті жүзеге аспайды, жандармдар қамауга алады. Исмаил Гаспринский 1868 жылы Бақшасарайға келіп, медреседе орыс тілінен сабак береді, батыс және орыс классиктерінің шығармаларын көп оқиды. Ол 1872 Францияға барады, онда орыс мұхаджарларымен араласады, ұлы жазушы И.С.Тургеневтің хатшысы болып та істейді. И.Гаспринскийдің Түркияға барып, офицерлік атақ алмақ ниеті де жүзеге аспайды, 1875 жылы Қырымға қайтуына тұра келеді. Ендігі жерде ол өзінің өмірлік тәжірибесі, Еуропа мемлекеттері мен османлы империясынан алған әсерлері негізінде ой-пікірлерін корытып жазуға бел байлайды. Оның 1885 жылы жазған «Еуропа мәдениетіне бір назар» деген рисаласы (трактаты) осылайша туған еді. Ол өзінің мақсат-мұратын еркін насиҳаттайтын газет шығаруды қөздейді. 1881 жылы Симферопольда орыс тілінде шығатын «Таврияда» газетінде «Орыс мұсылмандығы» деген еңбегін бастырады. Тбилиси шаһарында татар тілінде жеке парактардан тұратын беттер жариялады. 1882 жылы ол «Салнemeи Туркий», «Мират Джедид» деген трактаттарын шығарады. Зор жігер мен дәйекті түрде талап етуінің арқасында Исмаил Гаспринский татар тілінде газет шығаруға ресми рұқсат алады. Бірақ патшалық әкімдері бұл газет татар және орыс тілдерінде қатар шығатын болсын деп шарт кояды. Осылайша, қырым татар тіліндегі тұнғыш газет – «Терджиманның» алғашкы саны 1883 жылы 22 сәуірде Бақшасарайда басылады.

Бұл басылымның шығуы түрік халықтарының мәдени тарихындағы ірі оқиға болды. Атап көрсетерлік бір мәселе – газеттің тіл ерекшелігі. Исмаил Гаспринский бұл салада аса қызылықты бастама жасап, оны орнықтыруға күш салады. «Терджиманның» тілі қырым татар лексикасына негізделгенімен, онда османдық түрік тілінің элементтері де жи-

қолданылатын еді. Қыпшақ және оғыз тілдерінің заңдылықтарын біріктіруден туған осы бір «құрама» тіл жалпы түрік окушыларына түсінікті болатын. Тұбі бірге туысқан делінгенімен, тарихи замандарда бір-бірінен қонысы алшактап, тілдік күрделі айырмашылықтары пайда болған түрік халықтарының көпшілігі оқып түсінерлік жазба, ортак тіл жасау тәжіриbesі осылайша сәтті басталған еді. Казан төңкерісінен бұрынғы кезеңде Ресей империясы қөлемінде түрік тілдерінде шыққан басылымдардың ішінде неғұрлым көң тарағаны да осы «Терджиман» болуы кездейсок емес.

Түрік халықтарының өзара байланысы күшеюіне он мүмкіндік туған қазіргі шакта бауырлас жүрттардың бір-бірін түсінуіне қажетті жолдарды іздеу мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. Түрік елдері болашақта латын алфавитін қабылдауды тарихи, мәдени, дәстүр жағынан ең тиімді қадам болатыны да барған сайын сенімді түрде айтылып келеді.

Дәл осы тұста «Терджиман» газетінде жүзеге асырған түрік халықтарына белгілі дәрежеде ортак жазба тілдің тәжірибесін еске алуымыз да әбден орынды болмақ. Әсіресе, түрік тілдеріндегі екі үлкен диалекті – қыпшақ және оғыз элементтерін мүмкін қадарынша бір-біріне жақындастып, сыйыстырудың үтүмды тәсіл болатынына көз жеткендей.

Түрік тілдерінің әрқайсысы өз тарапынан халықаралық қөлемге шыға алмайтыны белгілі. Ал маман ғалымдарымыз, зияллыларымыз ықылас біріктірсе, жалпыға түсінікті болуға жарайтын тілдің келбетін бірте-бірте қалыптастыру мүмкін. Бұлай ету жергілікті тілдердің ерекшелігін жойып жібереді деп алдын ала сескендін жәні жоқ. Мәселе түрік халықтарының әкілдері бас қосқан мәжілістерде, жазу тәжірибесінде қолданатын бір-бірімен қарым-қатынасты жеңілдететін ортак тіл моделі жөнінде ғана болып отыр. Әлемдік аrenaға шығатын осындай әмбебап тілді үйрену – жүйесі, лексикасы мұлде жат шет ел тілдерін менгеруден қыын болмаса керек.

Түрік халықтарының өзара айырмашылықтарынан ғөрі олардың жақындықтарын насиҳаттауды, рухани бірлестікі

күшетуді ұдайы мақсат етіп ұстану «Терджиманның» негізгі бағыты болған гой. Газет алғашқы тұста аптасына екі рет шыбып тұрса, 1912 жылдан кейін құнделік басылымға айналды. Оның беттерінде жарияланатын материалдың тақырыбы сан алуан, өрісі өте кең болғандықтан, тұракты оқушылары да көбейе берген. «Терджиманда» қазак халқының тағдырына, тарихына катысты мәселелер де жиі көтеріліп отырғаны газеттің жалпы түріктік сипатының басым болғандығын байқатады. Түрік халықтарының діни бірлігін сактау және оны терендету Исмаил Гаспринскийдің алға қойған түбірлі нысаналарының бірі болғанын да анық аңғарамыз.

Озінін барлық еңбектерінде түрік халықтарының камын ойлап, келешегін көздел, өркендеу жолын шарқ үршіп іздеген Исмаил Гаспринский Ресейге де, басқа елдерге де қарсы пікір айтпайды. Ол Ресеймен ынтымактаса, оның кейбір мәдени жетістіктерінен пайдалана отырып алға басуға болады деп сенді. Өз халқын сую басқа халықты сыртқа табу болыш саналмайтынын іс жүзінде көрсетті. Түрік елдерінін тіл, дін бірлігін аңсаған қайраткерлер өзге халықтардың да тағдырына көз жұмып қараган жоқ. «Бауырластарының колда, басқаларды сыйла», – деген тезис И.Гаспринскийдің дүниетанымының ақиқатқа негізделгенін көрсетеді.

Елді ілгері бастаудың маңызды шарты – жас буынды оқыту, тәрbiелу деп түсінген ағартушы мектептердегі оқу жүйесін қайта құру мәселесіне ерекше қөніл беледі. 1881 жылғы есеп бойынша, Ресейде 16 мың мектеп, 214 медресе («Иылдыз», 1892, 3-саны, 136-бет) болып, оларда жарты миллионға жақын мұсылман балалары оқыған екен. Міне, осы оқу орындарында оқытудың жана тәсілі қажеттігін батыл кетеріп, «усул-и джәдид» жүйесін қалыптастыруда Гаспринский идеялары маңызды болғаны белгілі. Бұл бастама құллі түрік елдерінде қолдау тауып, ағартушылық тарихында бетбұрыс жасалды. Әр сабактың уақыттық мөлшерін 45 дақика (минут) етіп белгілеу, бір қунде бес дәріс жүргізу, аптасына алты құн оқыту, дін сабағын өту, дүниеуі (светтік) пәндерді

көбірек енгізу секілді сонылықтар жадид тәсілінің нәтижесі болатын. Гаспринский 1884 жылы бастауыш мектептер үшін оқулық жазады, кітапқа халық әдебиеті нұскаларын, өзінің өлеңдерін топтайды. 1914 жылы жаңа мектептердің саны бес мыннан асады. «Терджиман» газеті мектептерде жанаша оқытудың пайдалылығын қызу насиҳаттайды.

Гаспринскийдің идеяларын қолдайтын пікірлес, тілекtes салтастары да аз болмаған. Солардың катарында Хасан Нұри, Бекир Эмекдар, Хабибулла Эфенди, Сұлеймен Эфенди Байбұртлы секілді белгілі қайраткерлер болды. Исмаил Гаспринский қаламынан ғылыми-публицистикалық, педагогикалық еңбектермен бірге романдар тұғаны туралы да деректер бар. Ондай шығармаларының кейбіреулері Петербургте Илияс мырза Бораганскийдің баспасынан жарық қөрген. Бұл атақты баспадан түрік халықтары әдебиетінің бірталай шығармалары, сонын ішінде Абай Құнанбаев өлеңдері басылып шыкканы да мәлім.

\* \* \*

Қырым татарлары отаршылдық камытын киіп, зорлыққа үнсіз, әрекетсіз бойұсынып қалған емес. Ресейге бағынышты екі ғасырдан артық уақыт ішінде әлеуметтік, ұлттық тенденциялардың құралынан қалыптасып, әрекеттерде әлеуметтік әмбірдің әрбір ұрымтал кезеңдерінде айрықша көрініс беріп отырған. Әсіреле, 1905 жылдан кейін халықтың азаттыққа деген аңсары неғұрлым нақтырақ айқындала түседі. Бұл аңсарды саяси тұжырым, талап дәрежесіне көтерген татар зиялыштары болатын. Исмаил Гаспринский жакқан алау кенеіне түсіп, ұлт мұддесін корғауға бел буып шыққандар қатары артады. Солардың бірі – Абдурешит Ибраһим түрік бірлігі үшін елеулі қызмет еткен. Ол он жыллай шет мемлекеттерде – Ыстанбулда, Меккеде, Мединеде тұрып, мұсылман елдерінің

өмірімен танысады. 1882 жылы Ресейге кайтып оралғаннан кеңін жаңа оқу тәсілінің – жәдиттің беделді насихатшыларының бірі болады, патшалық үкіметінің мұсылмандарға карсы жүргізіп келген саясатын өшкөрелейді. А.Ибраһим 1900 жылы Санкт-Петербургта Бораганскиймен бірлесіп «Мират» («Айна») деген журнал шығарады. Бірақ көп кешікпей құтынға ұшырайды, түрмеге қамалады. 1909 жылы Абдурешит Ибраһимнің бастамашылығымен Қазан қаласында алпыстан астам татар зиялыштары мәжіліс өткізіп, бүкіл Ресей мұсылмандары атынан үкіметке қойылатын талақ, тілектердің нобайын ақылласады. Патшаға петиция, шағым жазу әрекеттері Қырымда да қызу қолдау тапты. Мұнда муфтий Әділ мырза Қарашайскийдің құзырына жиналғандар Ресей үкіметіне бірсыныра ұсыныс, талаптар қойды. Петицияға 25 мын татар қол қойған. Өтініштердің ішінде мұсылмандарға Ресейдің басқа халықтарымен бірдей құқық беру, татарлар құқын орыстармен теңестіру, мұсылмандарға сауда, көсіп жасауға кеншілік ету, жерсіздерге жер беру қажеттігі туралы мәселелер де камтылған еді. Мұсылмандардың бүкілресейлік құрылтайның төрағасы болып Исмаил Гаспринский белгіленеді. Ескертіп өтетін бір нәрсе, мұндай құрылтайдың өтуіне үкімет тарапынан ресми рұқсат берілмегендіктен, жиналыс Ока өзенінің бойында болды. Ал, 1905 жылдың желтоқсан айында Ақмешітте (Симферопольда) бүкіл қырымдық мұсылмандар съезінде 700-ден зият адам қатысты. Бұл келтірілген және басқа қөптеген мысалдар қырым татар халқының зиялы өкілдері дәүірдің асу, тосу кезеңдерінде үлттық, әлеуметтік мәселелерді көтеріп, үкімет алдына талаптар қойып отырғандығын анғартады. Мұндай әрекеттер Қазан төңкерісіне дейін үздіксіз көрініс бергенін көреміз. Эрине, өзгеге бағынышты халықтың сұрауши, өтінуші болғанынан басқа жолы жоқ екені белгілі. Ең маңыздысы сол – өзінің үлттық санасты ертерек оянған қырым татар халқы жалпы түрік халықтарының әлеуметтік үлттық тенденцияларында алдынғы шепте үн көтеріп, үйимшылдық пен саналылыштың биік үлгілерін

көрсеткен. Бұл жолда қырым татар халқының каншама озық ойлы азаматтары ақылы мен қайратын сарп еткен.

Тағдырың тәлкегіне амал бар ма, ежелгі мәдениеті, дәстүрі бар, еңбекшіл, дарынды халықтың соншалық әділ әрі тегеуірінді күресі зорлықшылардың тас камалын бұза алмаған. Ресейдің қарауына түскеннен бергі кезеңдегі барлық ұмтылыстары зағ кеткен қырым татарларының кенес заманында көрген қорлығы бәрінен де асып түскенін түсіну үшін арнаулы білімнің қажеті де шамалы. Қырым татарларының өз жерінен XVIII, XIX ғасырларда шеттетілгені, байлығының таланғаны, елдік дәстүрінің тапталғаны, озық ойлы адамдарының құғын көргені, шұрайлы жерлерінің тартып алынғаны аздай-ақ, 1944 жылы қасіреті арылмаған ел теп-тегіс жер аударылды. Адамзаттың тарихында бұрынды-сонды кездеспеген мұндай қанқұйлы озбырлық бұрынғы Кенес Одағын жайлаған бірнеше мұсылман халқына және Ресейге ата-бабасы жан-тәнімен қызмет еткен, империя мұддесі үшін көп елдердің қанын төккен қалмактарға да жасалғаны белгілі. Кейіннен, араға ондаған жылдар салып барып, жазықсыз жәбірленген қарашайлар, балқарлар, шешендер, ұнғыштар, қалмактар ата конысына қайтарылып, өз алдына автономия алды. Бірақ тағдырың қырым татарларына деген қысастығы таусылмаған екен. Олардың Қырымға қайтуына рұқсат мәселесі әуел бастан шалағай шешіліп, тұтас бір халық азап пен мазақтың алуан түріне кездесті. Ұлттар тенденгін колдаймыз деп жар салған Кеңестік билеушілер өздерінің мейірімсіз екікүзділігін, адамшылдық әділдік зандарымен санаспайтынын айдай әлем алдында танытты.

Қырым татарларының туған топырағына қайту үшін ұзак-ка созылған құрестің тағы бір тарауы Нью-Йорк қаласында 1977 жылы орыс тілінде шықкан «Оралар шақ келгенде» деген кітапта берілген. Бұл кітаптың авторы орыс адамы инженер Андрей Григоренко. Ол бұрынғы Кенес Одағындағы адам құқығын корғау козғалысы белсенділерінің бірі, жазалау орындарының көп киянатын көрген, қысымшылдық салдарынан

1975 жылы шетелге кетуге мәжбүр болған. Андрей Григоренконың әкесі генерал Петр Григоренко да адам құқығын қорғағаны үшін екі рет қамауда болған. Өздері билеуші халық орыс ұлтынан бола отырып, аз жүрттардың, зәбір көргендердің сөзін сейлеп, мұнын мұндасқан бұл әкелібалалы екі азаматтың істері ерлікке барабар екенін айтуда тиіспіз. Бұл мысалдан адалдық, мәрттік, өзгелерге қайырым қолын созу қасиеті ұлт тандамайтынын да көрсетеді.

«Оралар шақ келгенде» атты кітапта қырым татар халықының, қаһарман күрескері, каншама күғын-сүргін, азап көрсе де рухы жыбылмаған Мұстафа Абдужемілдің өмірі мен бастаң кешкен шыргаланы сөз болған. Сонымен катар мұнда тұтас бір халықтың трагедиясы тізілген, адам айтқысыз зорлыктар әшкереленген. Қырым татар басына төнген киямет-қайым 1944 жылы 18 майда басталғанын шежірелейтін бұл шығарма азаттық үшін арпалыстың көріністерін хронологиялық дәлдікпен тізген. Ежелгі мекенін бас аяғы жиырма минөт ішінде тастап шығуға мәжбүр болған халықтың шеккен наласы мен жапасын суреттеу үшін көп томдар керек болар. Бірак Андрей Григоренко кітабында баяндалған әрбір құжаттың тасасында адам айтқысыз ауыр қасіреттер жатканын аңғару киын емес. Вагондарға мылтықтың күшімен тиелген жүрттың жолженекей көрген корлығы қаншалық ауыр болғанын, ауру мен аштықтан өлген адамдарды көмуге рұқсат етілмегендігін де білуге болады. Өлген адамдар мен тірі адамдарды вагондарға аралас тиеген қатыгездікті тарихтың басқа ешбір кезеңінен ешкім естімеген шығар. Жердің бір шетінен екінші шетіне дерліктең сүргінге ұшыраған елдің тен жартысына жуығы осындаидан жолдан жасалған тозактың құрбаны болған.

Кешегі кенестік тоталитарлық жүйенің ен қанкүйлы, еш уақытта актауга болмайтын қылмысының бір көрінісі жеке адамдарды ғана емес, тұтас халықтарды жойып жіберуінен де көрінген еді. Тіл жеткісіз киянатқа ұшыраған қырым татар халқы өзінің автономиясын алу үшін жанкешті әрекет жасап, сокқының неше атасын көріп келе жатқан жүрт. Бұл халық

әзінің тартқан азабы мен татқан таяғының мөлшерін есептеп болған жок. Өйткені ондай мүмкіндік оларда әлі күнгө дейін гумай келеді. Қаншама сарсаннан кейін ата-баба жеріне түк ліндірген қырым татарлары кірменің, құқығы жок тобырдың құйін бастаң кешіп отыр. Олардың халіне жаны ашып, жағдайын тексеріп, әділдік шешім айтатын «құдайынан қорықкан» пенделер санаулы.- Қырым татарларының дәл қазіргі халін білу тілті киындан кетті. Орыс тіліндегі басылымдар бұл жөнінде жақ ашпайды, ал анда-санда берілетін кейбір хабарларда кездейсоктық басым, оның өзінде мәселе көбінесе бірбеткей сипатталып отырады. Қалай болған күнде де, қырым татарларының көсегесі көгерерлік күннің қарасы көрінер емес. Бұл – тарихтың ашылмаған күпияссы, жазылмаған беттері, адамзаттың бетіне басылған қара таңба zekілді құбылыс. Қырым татарлар тағдырын тұтас, жан-жакты шатын еңбектер келешекте тұа жатар. Ал біз қолда бар азын-зулақ мағлұматтарға сүйене отырып қана пікір ұзартамыз.

1944 жылы жер аударылған қырым татарларының дені Эзбекстан жеріне әкелінген. Шектен шықкан сталиндік зұлмат әтейірлең тұрган кезде олардың басына таң атып, күн шықлағаны белгілі. Олар бейне бір қамаудағы адамдай ішкі стер органдарының бақылауында болды, тірі жүргендер демесек, әйтеір бір өлмешінің құйін кешті. Қырым татарларының өз тілінде мектеп, газет болмады. Олардың рухани қажеті, ұлттық, дәстүрі, арман-мұраты бар дербес ел екені мемлекет басшыларының ойына кіріп те шыққан жок, лауазым желері қырым татарларын қылмыскер тобыр, адам құқықтарын голық пайдалануға хақысы жок деп санады. Ресми саясат өсылай болған сон, мұндай көзқарасты қарапайым адамдар қалай өзгертсін? Осылайша басқа халықтарға әдейі құбыжық көрсетілген қырым татарлары Сталин дүниеден өткенге дейін әннесін көтере алмай, езілумен болды. Олардың ұлттық санасын өшіріп жіберуге барлық жағдай жасалған еді. Ата жұртынан еріксіз айрылу, ана тілін, төл мәдениетін замытудан макұрым қалу, басқа жүрттар арасына шашырай

қоныстану, орыс тілінде оку – мұнын бәрі татарлардың ата-тегін, тарихын ұмыттыруға апаратын төте жол еді. «Елу жылда ел жаңа» деп бекер айтылаған ғой. Бірак жаратқан ие зәбірленгендердің көз жасын көріп, ракымы түсетінін өмірдің өзі көрсетті. Елуінші жылдардың орта тұсында сталиндік тәртіптің адамшылыққа жат, шектен шыққан сорақылығы айтыла бастады. Мұнын өзі тағдырдың жазуындағы есептеліп келген, ешкім күмән келтірге тиіс еместей көрінген түзімнің негізі жалған екенін көрсетті. Міне, осындағы жағдайда қырым татарларының да іштегі шеменді сыртқа шығаратын кезеңі туғандай еді.

Қырым татар халқының қайта ояну нышаны көрініс берген, бір топ жастың ұлт қамын еске алып, бірлесіп қимылдау қажеттігін көтерген кезі 1962 жыл екен. Дәл сол жылы Та什кентте Мұстафа Абдіжеміль тұнғыш рет өз отандастарының бірлік үйрмесін ашуға бел байлайды. Бірак ол және оның пікірлес достары шу дегеннен қауіпсіздік органдарының қырагы көзіне ілініп, кедергіге ұшырайды. Мұстафа Абдіжемільдің бұдан кейінгі өмірі мен әрекеті қайтипас кайсар отанышыл перзенттің тұлғасын елестетеді. Ол тергеуге шақырылады, тұrmеге жабылады, азап пен мазакқа ұшырайды, жала жабылып, оқудан шығарылады, онын үстінен өтірік арыздар үйімдастырылады. 1966–67 жылдарда Мұстафа бір жарым жылға сottалады, ал 1969–72 жылдарда тағы да үш жылға тұрмеде отыруға үкім кесіледі. Оның өз халқын сүйген табиғи сезімі ұлтшылдық, кенестік құрылышқа қарсылық деп есептелген. Кудаланған ұлттарға деген қасаң саясат белен алып тұрған заманда, зәредей тәуелсіз пікір айту қынның қыны болатын. Мұндай жағдайда халық намысын ту қылып көтергендер ғана саналы тұрдеге өжет ерлікке бара алатын. Қырым татар халқының қаһарманы Мұстафа Абдіжеміль әміршілдік, әкімшілдік жүйе сірсеп тұрған кезде, мыңмен жалғыз алыскандай халқының өшпеген рухын таныта білді. Сол үшін оның көрмеген корлығы жок. Зан орындары оны жок қылып жіберудің жолын іздел, ашық қастыққа барғаны да

белгілі. Аса көрнекті ғалым, ұлы гуманист, академик Андрей Сахаровтың қырым татар қозғалысының жетекшісі Мұстафа Абдіжемільге кеңшілік жасалуын сұрап Біріккен Ұлттар үйіміна жазған хаттарының шарапаты болмағанда, істің ақыры насырға шабатыны ақиқат еді. Тоталитарлық жүйенің зіл қаратас қыспағына төтеп берген ерлердің еңбегі еш болмайтынын тарихтың өзі дәлелдеді. Абдіжемільдің пікірлестері мен қолдаушылары барған сайын көбейе түсті.

Қырым татарлары 1944 жылы өз жерінен қуылғанда, олардан екі миллиард 446 миллион сомның дүние-мұлкі тартып алынып, 640 бастауыш, 321 орта мектеп жойылған. Пойызға тоғытылып тиелген 423 мың адамның ауру мен аштықтан 46 проценті опат болған. Қырым татарларының саны 1964 жылы ғана Ұлы Отан соғысынан бұрынғы мөлшеріне жетіпті. Бұл халықтың өсімі, әлім-жітім туралы ресми хабарларда мағлұмат берілмей келді. Тіпті, ұлттар тізбегі саналған жерлерде де қырым татарлары әдейі ұмыт қалдырылып жүрді. Қырым татарлары Мәскеуге барып, атажұрттына қайтаруды сұрай қалса, орыс тіліндегі газеттер мұны бір астамшылық секілді сипаттап, жұртшылық пікірін оларға қарсы бұруға тырысатын. Осының өзінен-ақ біздің қоғамымызда әділдік деген үйімнің құштілер колжаулығы болып кеткені көрінеді. Бір кезде қырым татарлары Кенес Одағының кай өніріне көшіп баруына да еркіндік алады деген алдамшы шешім де қабылданған. Фасырлар бойында геноцидке ұшыраған халықты бұдан артық корлау бола қойmas.

Қырым татарлары басқа ешбір халықтың жеріне көз сүзген емес, олардың бірден бір тілегі өздерінің ежелгі конысына қайту. Кейіннен қырым татарлары Қырымға көшіп келуге рұқсат алғанымен, іс жүзінде бұл да алдаудың жана түрі болды. Алыстан арып-ашып келгендеге үй салуға жер берілмеді, оз бетімен үй тұрғызындардың кора-қосысы киратылды. Осындағы озбырлықтың орын тебуіне Қырым облысының басшылары өздері жол берді. Тұпкі мақсаты белгілі. Қалайда қырым татарларының қайта оралып келуіне

кесір келтіру, олардың ұлттық автономия сұрауына негіз болатын демографиялық тұтастықты болдырмау. Сан түрлі кедергі, тосқауылға душар болған қырым татарларының ата жұртына оралуы ерекше ауыр. Эшейінде адам құқығы дегенді мойындайтын Ресей мен Украина басшылары қырым татарларына келгенде нілдей өзгеріп шыға келеді, татарлар Қырым жерінде азшылық, славяндар көпшілік, сондыктан азшылық автономия ала алмайды деп қасарысады. Екінші жағынан, қырым татарларының қайта оралып келуіне сансыз тосқауылдар кояды. Бұл қара құштен басқаны мойында майтын, демократия принципін аяқ асты ететіндердін мінезі. Осылайша, дүниежүзі жұртшылығының көз алдында ежелгі мәдениеті бар түрік тілдес халықтың табиғи құқы түрпайы түрде жокқа шығарылып келеді. Дүниенің әлде бір шетінде өздерінің экономикалық, саяси мұддесіне қиғаш келетін нәрсеге жабылып дүрсе коя беретін дамыған батыс елдері тенсіздік тепкісін көрген халықтың тағдырына сelt етпейді. Бұл арада түрлі себептердің басы қосылып отырғаны анық. Соның бірі – діні христиан Еуропа, Америка елдерінің мұсылман халықтарына онша іш тарта қоймайтындығы. Ежелден түрік мұсылман халықтарына үстемдік етуді, олардың мұддесімен санаспауды дағдыға айналдырған Ресей саясатында ешқандай өзгеріс бола қоймауы – Қырым касіретінін басты қырсығы десе болады.

Уақыт алға басып, ғылым мен техникада қаншама ұлы өзгерістер туғанымен, құшті мемлекеттердің отаршылдық саясаты баяғы қалпында тұра беретінін көптеген мысалдар дәлелдейді. Колында қыруар әскері, құші бар мемлекеттер көздін жасы, обал, сауап дегендерді онша ескере бермейтіні белгілі. Сол үшін дүние жүзі демократиялық қауымының тегеуінді талабы ғана құлдықта жанышылған халықтардың тағдырын женелдетуі мүмкін. Түрік халықтарының өзара экономикалық, мәдени ынтымағының қүшесінде де қырым татарларының азаттық үшін күресіне сенімді таяныштардың бірі болмак.

## АЛЫС ТА БОЛСА ЖАҚЫН

### I

Ұзак жылдар бойында түркі тілдес халықтардың өзара қарым-қатынас, рухани байланыс жасауына кен мүмкіндік тумай келгені тарихтан хабары бар зиялы қауымға жақсы мәлім. Бұлай болуының түбірлі себептерін іздесек, оның әуел баста патшалықтың отарлаушылық саясатынан пайда болғанын көреміз. Жалпы зорлықты атаулының «бөлшекте де, билей бер» дейтін тәсілін орыс патшалығы түркі халықтары арасында айрықша шебер әрі жүйелі түрде жүргізіп отырған. Солтүстік Азиядан Кіші Азияға дейінгі аралықта мекен еткен көптеген түрік халықтары мен ұлыстарын айтпағанда, Орта Азиядағы, тіпті, шекарасы да бөлінбеген туыс елдердің тағдырынан да бұл саясаттың зардабы айқын көрініс береді. Революцияға дейін Қазақстанның солтүстігі мен онтүстігін екі аймактық-әкімшілікке бөліп тастаудың өзі бір халықты ыдыратып жіберу мақсатын көздегендік еді.

Ал тілі, дәстүрі, салт-санасы бір-біріне жақын халықтардың, қандай да болмасын басын қостырмаудың, тағы да бір айласы ойлап табылған. Ол – «пантүрікшілдік»-деп аталған, үстірт қарағанда, күбыжықтай естілетін, қолдан жасалған, барынша қиянатшыл үғым болатын. Татар баспағерлері қазак, құмық, ногай, өзбек, әзіrbайжан тілдерінде кітап шығарып, ел арасына есke дастандарды, ертегілерді, шежірелерді, дүние тарихынан мағлұмат беретін енбектерді таратса: «Міне, бұлар түрік халықтарын бірлікке, оянуға шакырып жатыр, мұның аты «пантүрікшілдік», – деп миссионерлер байбалам салатын. Өз шығармаларында тендік, еркіндік, әділдік идеяларын көтерген нағыз ел азаматтарына отаршылдардың өлердей өш болғаны, озық ойлы жандардың қанатын жаздырмауға, үнін шығармауға барлық әрекетті колданып келгені осы себептен. Туындылары халық арасына соңғы жылдарда ғана қайта оралған рухани көсемдеріміздің трагедиялық тағдыры да осы айтылған өктем саясатпен сабактас.

Түрік халықтарының ішінде ғасырлар бойында шанырағы шайкалмаған, іргесі таймаған, туы жығылмаған ел Түркия туралы окулықтар мен монографиялардан, макалалар мен хабарлардан жылы сөз, әділ баға іздел табу киын еді. Біздің саят ашқалы бері естігендеміз «Түркия халықаралық империализмін көмегіне сүйеніп, Орта Азия мен Қазақстанды бағындырып алуды қөздеген, жалпы түріктік мемлекет орнатуды мақсат еткен, бірақ ондай пифылдарды жүзеге асырмаған айбынды орыс билеушілігі», – деген секілді кисындар болатын. Осындағы сөздерге ұйып қалғанымыз соншалық, кейкейде: «Ең бақытты тағдыр біздің ғана пешенемізге жазылған екен ғой», – деп тәубә келтіргендей, Түркиямен аралас-қуралас болмағанымызға масаттанғандай да күй кешкен көздеріміз болған. Бірақ мұның бәрі шындыққа зәредей де жанасымы жок, акқөніл, анқау халықты алдаудың амалы екенин қatal сыйниш – уақыттың өзі көрсете бастады ғой.

Қазақстан делегациясының курамында Түркияға бір аптаға барып кайтудың сөті түсті. Мұндай сапар елімізде сонғы жылдарда болған он өзгерістердің, жариялышты, демократияны кеңейту процесінің шарапатымен ғана мүмкін болғаны түсінікті. Қайта құру кезеңі туғалы бергі ен ұнамды құбылыс – бұрын ылғи «жаяу» санап келген елдермен карым-катастың табиғи, адамшылық заңдарына сай қалыптаса, сенімсіздік пен құдікшілдік тоңының жібі бастауы. Ал Қазақстаннан 140 адамдық үлкен топтың тұнғыш рет сырт елге жолға шыгуы – Қазак Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Түрік жұмхүриетінің Президенті Тұрғыт Озалдың арасында жүргізілген келіссөздердің тікелей нәтижесі. Екі республиканың өзара мәдени, рухани байланыстарын жаңдандыруға бағытталған келісімнің өзге де тараулары жүзеге асып келе жатқаны куанышка бөлейді.

Түркия сияқты ұлы елдің барлық аумағы былай тұрсын, ең айтулы, елеулі жерлерін аралап көрудің өзіне құндер емес, апталар, айлар керек болатыны белгілі. Біз Анкара мен Стамбулда болған алты құнде түріктін заттық және рухани

жәдігерлерімен шет жағалап, там-тұмдал қана таныса алдық. Ұақытымыздың біразы реңсі кездесулер мен алдын ала жасалған график-кестелерге тәуелді болуы да өздігімізше шаһар аралап танысадың мөлшерін тежеді. Сонда да болса, бұрыннан білетін деректеріміз бен қысқа мерзімде көргендеріміз косылып, кейбір ойларды сабактауға, пікір түюгө мүмкіндік беретін секілді.

Түрік және қазақ халықтарының ежелгі рухани туыстығын әйгілейтін мысалдар мол. Сонау V-VII ғасырлардың тенденсі жок әдеби куәлігі болып табылатын Орхон жазуларына өзге түркі халықтары тәрізді түрік пен қазақ та толық ортақ. Ауыз әдебиетінің тамаша туындысы «Оғызнаме», данкы әлемге белгілі «Дәде Қорқыт кітабы», «Құтадғы білік», «Түрік тілдерінің лұғаты» сынды жаһан мәдениетіне үлес болып косылған ескерткіштерге сөз жүзінде емес, іс жүзінде иелік етіп, шын мәнінде мұрагер екенин дәлелдей келе жатқан да осы ағайынымыз. Осы аталған және басқа мұра жайында Түркияда ондаған жылдар бойында жүйелі зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Мәселен, «Дәде Қорқыт кітабы» бұл елде әлденеше рет жарияланған, аса ыждағатты түрде текстологиялық, жұмыстар жүргізілген, терең тексерулер жасалған. Осы күнде, айталақ, Қорқыт ата туралы аныз, әпсаналарға немесе Орхон жазулары, Қашғари, Баласағұни, Ясауи шығармалары жөнінде ізденіс жасағысы келген талапкер түрік тіліндегі мәнбелер (источниктер) мен мәтіндерді (тексттерді) аттап өтө алмайды.

Қазақ жерінде туып-өсқен, өмір кешкен, бүкіл түрік әлеміндегі сопылық поэзияның бастаушысы болған Ахмет Ясауи жаратындылары турасында бізде откен жетпіс жыл ішінде жеті ауыз сөз айтылған емес. Ал, түріктер ғасырлар бойында Ахмет Ясауи есімі мен енбекін ардақ тұтып, мәнгілік мәнін жоймас рухани қазына санап келеді. Откен жылы Түркістанда ұлы шаир мұрасына арналған халықаралық «дөңгелек үстелде» ең мәнді баяндама жасағандар да түрік галымдары болуы кездесік емес. Түрік әріптестеріміздің ұсынысы бойынша, Ахмет

Ясауиге арналған ғылыми мәжіліс жыл сайын Түркия мен Қазақстанда кезек өткізілетін болып келісілген. Сөз болып отырған «дәңгелек үстелде» республикамызда Ясауи кітапханасын жабдықтау мәселесі де тұжырымдалған еді.

Жоғарыда аталған және басқа әдеби, мәдени мұраны тану, зерттеу жөнінде ғалымдардың алдында ірі уәзипалар тұр. Мәселен, «Дәде Қорқыт кітабы», «Құтадғы білік», «Түрік тілдерінің лұғаты», «Даналық диуаны» тәрізді жәдігерлердің жүртшылықтың рухани игілігіне айналдыру қажеттігі анық. Қазақ арасына кен тараған «Көрүглі» жырының оғызы тіліндегі нұсқаларымен ұқастығын және айырмашылығын тексеру де құрделі міндеттердің бірі. Қожанасыр аңыздарының түріктегі Насреддин әпенді әңгімелерімен түбірлестігін, даму, өзгеріске түсу ерекшелігін салыстыру да арнаулы зерттеулер тақырыбы. Ауыз әдебиетінің басқа жанрларындағы үндестіктер мен сарындастықтар өз алдына бір тәбе. Осындағы ортақ рухани мұліктің молдығы және мәнділігі халық пен халық арасында баянды байланыстың табиғи, еркін жүруіне берік негіз бола алады. «Дәде Қорқыт кітабы», «Көрүглі», «Даналық диуаны» төнірегінде ғалымдарымыздың бірлесіп енбек етуін, пікірлесуін тілейтін сан тарау мәселелер табылатыны көміл.

Түрік халықтарының тарихына байланысты Түркияда атқарылған іс ұшан-теңіз. Біз осы кезге дейін қазақ тарихының, ең мықтаганда, желісі ғана жасалғанын, шын тарихи ақиқатты танып-білудің, ғылыми заңдылықтарға жетілудің ауылы алыс екенін айтумен ғана шектеліп келеміз. Орта Азиядағы өзбек, қыргыз, түрікмен туыстарымыздың тарихын тексеру деңгейі де осыған қарайлас. Бұлай болуының негізгі бір себебі – ұзақ жылдар бойында бұл халықтардың ертедегі тарихын зерттеуге деген ықыластың болмауы. Өткен жетпіс жыл ішінде мектеп оқушылары да, жоғары оку орындарының студенттері де бірынғай Еуропа, орыс мемлекеттерінің ғана тарихын оқып келді ғой. Еліміздегі кайта күру саясаты тарихтың, мәдениеттің, әдебиеттің проблемаларын мұлде

жанаша зерттеуге бағдар беріп отыр. Халықтың өткен тарихын шындарап үйренуге енді-енді ғана жол ашылып келеді.

Түркия ғасырлар бойында шын мәнінде дербес тәуелсіз ел сипатында өмір кешкендіктен, өзінің сыртқы, ішкі саясатында, оку-ағарту, өнер, ғылым, тәрбие жүйесін де өз қажеттігіне, білігіне орай жүргізіп отырған. Түрік ғалымдары тарихи құбылыстар мен оқиғаларды қандай да бір болмасын докторантың, сырттан тақылған қасан, әділетсіз ережелердің «қанжығасына» байлас жібермей, өмір ағыстарын өзінің шын келбетіне сәйкес баяндап үйренген. Евроцентризм «теориясының» жетегімен кетпей, әуел бастан ғылыми концепцияны дербес құрып қалыптастырғаны олардың енбектерінің құндылығын арттырды. Екінші бір атап қорсететін нәрсе – осы енбектердің мағлұматтылық, фактылық, деректілік жағының ерекше байлығы. Дүние жүзі елдерінің тілдерінде түрік халықтарына қатысты жазылған мәнбелердің (источниктердің) бәрін дерлік түрік ғалымдары игеріп, ғылыми мақсатқа жаратып келген. Түрік ұлттары мен ұлыстарының ерте замандағы, орта ғасырлардағы тағдырына қатысты ұлкенді-кішілі мәтіндер (текстер) мен зерттеулердің, шежірелердің, кітабияттың (библиографияның) мол шоғыры Стамбулдың, Анкараның, Измирдің, т.б. қалаларының кітапханаларында жинақталған. Бұл материалдар тіл жақын халықтар өкілдеріне ғажайып олжадай әсер етеді. Міне, осы қазынаға кол арту тарихшыға да, әдебиетшіге де, тілшіге де аса зәру қажеттілік болып табылады. Мәселен, 35 томдық «Түрік энциклопедиясы», 13 томдық «Ислам энциклопедиясы» кай мамандықтың адамына да аса пайдалы мағлұмат беретін білім бұлағы десе болады. Бұл қатарда 14 кітаптан тұратын «Түрік тарихын», 10 томнан құрылған «Түрік әдебиетінің тарихын» атап өтуіміз ләзім. Осы енбектерде тек осман түріктерінің ғана емес, басқа түркі тілдес халықтардың да шытырман тарихына, қылыш-қылыш тағдырына жанасты дерек пен керек көп. Болашакта мұндай кітаптардың Қазақстанда да болуын тиісті орындар ескерер деп сенеміз.

Қазакта «Ақыл – ауыс, ырыс – жұғыс» – деген сөз бар. Ел мен елдін қарым-қатынасы бөгеусіз, тосқауылсыз жүріп отыратын болуы адамзат дамуының ежелден келе жатқан дәстүрі. Бұл күнде Қазақстанның сырт елдермен байланысы кеңейе түсетін нышан байқалып келеді. Ал, Түркиямен мәдени ынтымақтың біз үшін өзгеше тиімді жағы бар. Қоңыздар замандар бойында халықтарымыздың бір-бірінен жыrap қоныс тепкеніне қарамастан, тілдеріміздің ежелгі туыстығы сакталып келгені тілмәшсіз түсінісуге мүмкіндік береді. Түріктер мен қазактардың сөйлесіп ұғысуына тілдік тосқауылдың аса қоңыздар қарым-қатынасты анағұрлым женілдетеді. Әлемдегі егеменді елдердің ішінде біздін тіліміз өгейлік көрмейтін жалғыз мемлекет Түркия болуы қонілімізге медет ұяладады. Бұл елдің кез келген бұрышына барсан да, құлағымыздға майдай жағатын «кош келдінізді» есту бір ғанибеттей.

Тіліміздің мемлекеттік статус алып, еркін көркеюге мүмкіндік табуы соңғы жылдардағы ен үлкен табысымыз екенін қанша айтсақ та артық емес. Рас, тіл туралы занның барлық жерде бірдей ойдағыдан жүрмей отырғаны көңілге қаяу түсіреді. Бірақ мәселенің тарихына терендең карапас, ренжүімізден сүйсінуіміз көбірек деуге болады. Ондаған жылдар бойында ұсак ұлттар тілін ысырып, жоғалтып жіберуге бағытталған саясаттың зардабын бірер жылда жою мүмкін емес. Сонымен қатар казак тілін жан-жакты дамытудың жүйелі жолдарын жігерлі түрде іздестірмесе де болмайды. Әсіресе казак тілін ғылымның, жоғары оқу орындарының тіліне айналдыру турасында қоңыздар ойласатын сұраулар баршылық.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарының қоғандықтағанда қазак бөлімдері немесе топтар ашылып, іске кірісkenін білеміз. Азамат ойлы мамандарымыз ана тілінде оқулық, сөздік, колланталар жасауға шұғыл кіріспейтін кетті. Мұндай ұмтылыстардың алғашқы нәтижелері де көріне бастады. Бұл, әрине, қуанышты құбылыс. Дегенмен, бұл таралта шешілмеген түйіндер әлі де болса қоңыздар. Сонын бір маңызды саласы – қазак

тілінде барлық пәндерден терминдер қалыптастыру болып табылады. Термин жасау асығыстықты қөтермейтін, уақыт сыйынан, тәжірибеден өтуді қажет ететін жұмыс екенін есте ұстасақ, жоғары мектепке арнап, кітап жазушылар қаншалық қыындықты бастаң кешіріп отырғанын түсінуге болады. Міне, осы тұста түрік ғалымдарының дүниедегі барлық пәндер бойынша ізденістер жасап, іс жүзінде қолданып жүрген терминдеріне қоңыл аудару аса қажет болып көрінеді. Түрік университеттерінде ертеден бері математиканың, физиканың, биологияның, химияның, астрономияның, педагогиканың, психологияның, геологияның, т.б. төл оқулыктары қолданылып келеді. Демек, оларда ғылым мен техниканың сансаласынан жүзделген, мындаған атаулар бекіп қалыптастан. Солардың бәрі болмаса да, біразы қазақ тіліндегі оқу құралдарында пайдалануға әбден жарайды деп білеміз.

Түріктердің термин жасау принциптері де қоңілге қонады. Олар белгілі бір ұғымның баламасын іздеңдегендегі сөздерді ең алдымен өз тілінен, одан қалса, басқа түрік халықтарының тілдерінен іздейді. Осындай мүмкіндіктерді сарқып болғаннан кейін ғана европалық, интернационалдық, терминдерді қабылдайды. Ақылға қонымды, өмірге икемді осындай принциптерді біздер де негізгі нысана етіп ұстауымызға болады. Жоғары мектептер үшін оқулыктар, ғылымның түрлі тарауынан қазақша монографиялар жазылу қарқыны жеделдей түсін қазіргі шакта бізге тілі, дәстүрі, тарихы, салт-санасы жақын елдердің тәжірибесін ғылыми тұрғыдан барынша ықдағатты түрде зерттеп, қажеттісін қабылдауымыз лайық болмак. Көршілеріміз өзбекте, қырғызда, түркменде, карақалпакта табылған жаңа ғылыми балама сөздер болса, жатырқамай, іске жарату кемшілік емес. Қазактың бай тілінің ішкі мүмкіндіктерін негұрлым толық пайдалана білсек небір тамаша терминдер пайда болатынын жағынан. Осы қатарда, әсіресе, түрік тіліндегі әдебиетте қолданылып жүрген, түптөркіні «туркілік» атамаларды менгеру бірінші кезектегі үзініп болар еді. Болашакта Қазақстанда дербес

терминологиялық комитет күрылып, өзінің жұмысын жоспарлап, жүйелі, тегеурінді түрде жүргізетін болуын өмірдің өзі талап етіп отыр. Тұтас бір халықтың тіліндегі терминологияға қатысты қыруар міндетті жеке адамдар атқаруы мүмкін емес. Сондыктан термин мәселесін «жүктеме» косалқы қызмет ретінде орындалатын женіл іс санап келген әдеттен негұрлым тезірек бас тартып, бұл жұмысты салдарлығылыми негіздерге сүйеніп қайта құру қажет болады.

Әлбетте, терминдердің, мүмкін қадарынша, «халықаралық» сипат алғаны жаксырақ. Бірнеше халық катар қолдануга жараған атаулар негұрлым орныкты, баянды өрнек танытпақ. Соңғы кезде «суверенитет» дегеннің орнына қазақша «егемендікті» алғанымыз белгілі. Қазіргі шакта бұл сөз жиे қолданылып, көзімізге үйреншікті, құлағымызға қаныкты болып барады. Бірақ алғашқы кезде «егемендік» деген сөзді тосырқаушылар да, тіпті, мойындағысы келмегендер де барышылық еді. Олардың ұғымында бұл сөз бүкіл қазактың емес, жеке бір өнірлердің ерекшелігінен туған делініп келді. Осында керегар пікірлерді естігенде, менің өзім де бір мезет «егемендіктің» төл термин бола алатынына құдік келтірген едім. Бір ғажабы – осы «егемендік» деген сөз түрікше-орысша сөздікте де жүр екен. Жалғыз айырмашылығы оның түрікше «егеменлік» болып сәл жұмсак айтулыға ғана. Қоң елдердің жоғары оқу орнында түрік тілі пән ретінде жүретіні белгілі. Ал осы алпыс миллион түріктің тілінде өзінің «занды» орнын алған, халықаралық көлемде танымал болған терминді өгейсітүге негіз жок екеніне көз жетеді. Ендеше жаңадан алынған кейбір терминдердің «тағдырын» шешкенде ондай сөз Қазақстанның кай облысында көбірек айтулады деп дау іздегенин гөрі айналадағы туысқан тілдерде қалай аталатынын да ескеру қажет.

Түркияның заттық және мәдени ескерткіштерінің молдығы әлемге аян. Олар жөнінде кең көсліп айту өз алдына жеке мәселе. Біз бұл арада бірер мәселеге ғана оқушы назарын аударғымыз келеді. Біріншіден, көзге шалынатын аса

қымбатты өзгешелік – бұл елде бүкіл жер жүзіндегі түркі тілдес жүрттардың шежіресіне, түп-тегіне, тағдыр-талайына қатысты мағлұматтардың негұрлым мол жиналғандығы. Бұл жұмыс бір жылда, немесе бір ғасырда емес, замандар бойында жүргізілгендейтін, баға жетпес байлықтың қат-қабат коры топталған. Тіпті, кейбір елдердің «жоғалтып» алған жәдігерлері, ұмыт болған ескерткіш түрік музейлері мен кітапханаларынан табылады десек, артық айтылғандық емес. Жалғыз түрік қауымы ғана емес, күллі ислам елдерінің жаунар жаратындыларына қамқорлық, иелік етіп, көздің қараашығында сактап келгендігі де түрік ағайындардың тарихи енбегі деуге болады. Ислам дінінің негізін салушы Мұхаммед пайғамбарға байланысты ең қымбат куәліктер Стамбулдағы Топқапы музейінде тұрғанын көру – осы айтылғанға дәлел. Мұхаммед ісін алға алып барған Әбубекірдің, Омардың, Оспанның, Әлінің қылыштарына дейін осы музейлерде орын алған. Сонау Ескендір Зұлкарнайын дәуірінен бертінгі әлемдегі айтулы адамдар мен оқигалардың «кізін» зайдар елестететін мұліктер де көп. Осы реттен алғанда, Стамбулды жаһан мәдениеті орталықтарының бірі деп қарауымызға болады. Бір заманда әлемді тітіреткен Осман империясының биік данқын куәландырып тұрған ескерткіштердің өзі түрік жүртшылығын мақтаныш сезіміне бөллейтін тенденсі жоқ тағылым көздері секілді.

Адамдардың діни нанымына қысым жасалмай, ождан бостандығының сакталуы түрік қауымында имандылық тәрбиесінің үзілмей, табиғи жалғасуының негізгі себепшісі. Түрік қалаларындағы мешіттер сәулет өнерінің үздік жетістіктерінен саналады. Солардың бірі – Анкарадағы Қожатебе мешітіне жұма намазға жиналған 25 мың адам сыйып кетеді екен.

Анкарадағы Ататүрік мавзолейі көрушіні терең ойға қалдырады. Түркияны бөлшектеп қана коймай, жер бетінен жойып жіберуді ойлаган бір топ европалық мемлекеттің қастандығына, зұлым жоспарына жол бермей, туған елін

күрдымның аузынан аман алып қалған Мұстафа Кемаль Ататүркін тарихи енбегін жоғары бағалағандық мавзолейдің айналасындағы ат шаптырым аланға аяқ басқанда-ак айқын сезіледі. Еліне лайық ері, еріне сай елі осындаі-ак болсын деп, халықтың тұтастығына, беріктігіне, ерлігіне еріксіз бас иесің. Ататүркін мавзолейін, музейін көріп кайтқан әрбір адам отаншылдықтың, халықтың еркіндігін бәрінен де жоғары коюшылықтың, намыстылықтың сабагын алғандай болады.

Түркия жерінде болған күндерде көптеген зиялышармен дидарластық. Бәрінің де қазақ еліне деген ашық пейілі, боямасыз бауырмалдығы сезілерлікте еді. Кейде тіліміздің бірталай айырмашылықтарына байланысты еркін ағылып кетпедік дегенімізben, көп ойларды тілмәшсіз-ак ұғып жүрдік. Түркияның мәдениет министрі Кемал Зейбектің екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың қүшөюне шын тілекtes екені жылы ажарынан да, парасатты сөздерінен де көміл көрініп жүрді. Белгілі түрколог ғалымдар Осман Серткая, Ахмет Ержыласун, Топқапы музейінін мұдірі (бастығы) Ахмет бей лебіздерінен терен білімділікпен қатар мәдени достық, ынтымактың өркен жауына жанашырлық, шын мәніндегі үлкен ғалымдарға, мемлекеттік мұдде биғінен сөйлейтін қайраткерлерге тән қасиет байқалады.

Біз елге қайтардан бір күн бұрын түрік зиялышарымен бас коскан мәжілісте Осман Серткаяның айтқан сөздері халықтарымыз арасындағы тамыры терен туыстықтың мәнін терен бейнелейтін тәрізді.

— Біздің түрік қауымына үш түрлі «қажылық» керек секілді, — деді ол, — Бірінші қажылық — діни нағымға байланысты ортақ парыз екені түсінікті, ал екінші қажылық — түрік халықтарының рухани байланысын қүшешту болса, үшінші қажылық — жалпы түріктердің ежелгі отаны Тұранды танып, білу. Мұның бәрі әрбір зияль адам үшін рухани қажеттілік, мұны өлде кімдер «скалпы түріктерді бір мемлекет қол астына біріктіруге шакыру», — деп теріс жорымай-ак койсын, аллаға шүкір, әр халықтың өз жері өзіне жетеді.

мәселе елдер мен елдер арасында шын мәніндегі шынайы, жарасымды, цивилизациялы қарым-қатынастар орнату қажеттігі жөнінде ғана болып отыр...

## II

Қазақстаннан барған қауым Анкараның Есенбұға аэропортынан тұсіп, алты құннен кейін Стамбулдан кайта аттанғанға дейін қарсы алушы, шығарып салушы түрік жұртшылығының өкілдерімен бір катарда Түркиядағы қазак туыстарымыз да болды. Қонақ қабылдауға ресми міндетті болмаса да, казактар ата дәстүрі бойынша алыстан келген ағайындарға колдан келген барлық ілтипатын көрсетіп жатты. Кей кездерде біз өз тілімізде еркін сөйлесетін бауырлардың шын ықыласын көріп, шет елде емес, өз жерімізде жүргендей халде болдық. Анкарада, Стамбулда біздерді үйлерінен дәм татуға шақырғандар көп еді. Уақыттың тығыздығына және сапардың ресмилік сипатына байланысты ондай жеке шакыруларға баруға мүмкіндік таппадық. Осы жағдайды ескеріп, Стамбулдағы казактар қаланың шетіндегі бір ресторанды жалдап, екі жұз кісіге шактап қонақасы берді. Бірсыныра әнгіме сол жерде айтылды. Ататүрік атындағы мәдени орталықта казак кино өнерінің көрілімі, артистеріміздің концерті болып өтті Дидаласу, танысу, әңгімелесу Стамбулдағы Хилтон қонақ үйінін ішінде де жалғасып жатты. Қазақстанның қазіргі халін білгісі келгендер, мұндағы ата-баба жұртын, ағайындарын сағынышпен еске алып, сол өнірден таныс-жакын біреу-міреу келмеді ме екен деп үміттенгендер, казак елінің байтак жұртынан әйтекеір бір жылы хабар, жақсы лебіз естуді аңсағандар жің үшірасты. Кейбіреулер өз көліктерімен келіп, қаланың кәделі жерлерін, базарын аралатты, осылайша түрік достардың қонақ құту міндетін женілдettі.

Қонақ құтуді баяғыдан келе жатқан төл дәстүрі санайтын, қойын сойып, дастарханың дәмге толтыруды, өзіне жетпесе де, қонаққа болсын дегенді пәлендей бір ерекше сакылық деп

есептемейтін ежелгі бауырмал қазағымыздың сонау Еуропа мен Азия қилюласкан Стамбулда өмір кешіп жатулары, бір жағынан, тосын құбылыс болса, екінші жағынан, көп ойларға бойлататын, сырт елдердегі қазактар тағдырына еріксіз қөніл аударатын нәрсе. «Анкарада, Стамбулда қазактар бар екен» дегенді Түркияға барып қайтқан талай жолаушыдан естіsek те, олардың жағдайын көзben көруіміз ұлтымыздың алдында шешілмеген сауалдардың көп екенін нақтылы түрде еске салды. Тарихи шегіністер жасасақ, таусылмайтын ой тұнғиғына батуымыз мүмкін. Сондыктan шет елдегі қазактардың халі мен келешегі жайында кейбір пікірімізді ортаға салайық.

Жеріміз, байлығымыз соншалық мол бола тұра, өлемнің әр түкпіріне шашырап кеткен халықтың бірі біз екенбіз. Әрбір үш қазактың біреуі республикамыздан тыс жерлерде тұратының өзі осыған дәлел. Ал Түркиядагы қазактар жұрттымыздың басына түскен зорлықтар мен корлыктардың салдарынан бас сауғалап кеткен әрбір елдің салтына, тәртібіне икемделіп, тіршілік жасап жүрген бауырларымыздың бір қысымы ғана. Олардың түрік жеріне қандай жағдайда барып қоныстанғанын Халифа Алтай сынды дана ойлы шежіреші жазушының кітаптарынан оқығанбыз. Сонда да болса дүниенің бір шетінен екінші шетіне бұл қазактардың қалай барып калғанын қайталап айтудың ерекше реті бар.

Бір адам екінші адамға мейірімділік көрсетіп, азды-көпті көмектесе алса, мұның аты жақсылық, қайырымдылық дейміз. Ал бір халықтың екінші халықты бауырына тартып, киындықтан құтқарып, ел катарына қосқанын қандай өлшеммен бағалауға болады? Түркиядагы қазактардың алғашкы тобы сонау қырқыншы жылдардың бас кезінде Қытай билеушілерінің корлығына шыдамай, бірнеше мемлекеттің шекарасын басып өтіп, орасан шығынға ұшырап, Үндістан жерінде тұйыққа тіреліп, «жер ортасы Көктөбе» деп қайда баарын білмей дағдарып калған елден құралған. Оларға жәрдем қолын созып, көшіріп әкеліп қоныс берген, орналастырған, ес жиып,

етегін жабуға көмектескен Түрік үкіметі. Мұндай кеңдікті, қамкорлықты ешқашан да естен шығаруға болмайды. Түркияға барған сапарында делегацияның басшысы Мырзатай Жолдасбековтің ресми кездесудегі сөзінде қазақ қауымына жасаған осыншама қалтқысыз жақсылықтары үшін түрік үкіметіне, түрік халқына шын жүректен алғыс айтуы бәріміздің де көкейіміздегі ойға дәп келіп еді.

Түркия казактарының қатары кейін Ираннан, Ауғанстаннан келгендермен толысып, бұл күнде бас-аяғы он мыңнан асқан. Қазір Батыс Еуропа елдерінде жұмыс істеп немесе оқып жүрген қазак жамағатшылығы сонғы отыз-кырық жылда Түркияға келіп табан тірегендердің үрім-бұтағы. Міне, осы Күнбатыс елдеріне кәсіп іздел, сыналап кіріп, миллиондаған жұрт ішінде тамшыдай аз болса да, тілін, дәстүрін, ұмытпаған еуропалық өмірдің ағысынан өз орнын тапқан жандардың тіршілік қалпына, қоңылдегі аңсарларына назар салатын да мезгіл жеткендей.

Шығыс Түркістаннан келген қазак, үйғыр, өзбек түріктерінің қоғамдық бірлестігі құрылған. Сол бірлестік «Доғу Түркістан» деген атпен журнал, газет шығарып тұрады. Қоғамның негізгі уәзипасы Қытай билеушілігі астында күн кешіп отырған Шығыс Түркістан халықтарының рухани туыстығын насиҳаттау, осы жолдағы өрекеттерді колдау, тұрлі қысым көріп, жер ауып көшкендеге жәрдем көрсету, т.б. болып табылады. Бұл қоғам Түркістан әдебиетінің антологиясын жеке-жеке кітап етіп шығара бастаған. Сондай бір жинакта үйғыр шаирларының, Мағжан Жұмабаевтың, Фитраттың, Шолпанның өлеңдері жарияланғанын көрдік. Сонымен қатар Түркияда тұратын қазактардың өз қоғами да дүниеге келген. Жұрттылық мұддесін көздең ғарнайы мұндай қоғамдар халықтың азаттық санасының жетілуіне қызмет етуге тиіс.

Түрік жеріндегі қазактар тұрмыстан тапшылық, таршылық көріп отырған жок. Олардың көбі сауда-саттықпен айналысады, бастарында үйі, колдарында қаржысы бар, жеке меншік машинасын мініп жүргендері де аз емес. Бір кезде

бірынгай мал өсірумен айналысқан казекем үрпағы бастарынан көп сергелден мен сарсанды өткөріп, капиталистік жүйедегі елдің салты мен дағдысын менгерген, нарықтық экономиканың зандылықтарына өмір тәжірибесі үстінде қанықкан. Бұғанде олар өз көсібінің билгілері, өз мекемесінде ғана емес, одан тыскарыдағы елдердің де жай-күйін зерек бакылап, қарым-қатынасының, саудасының бағытын да соған орай ынғайлап отыратын жүрт. Бірақ оларды ойландыратын – бұғандегі күннің өткінші камы емес, үрім-бұтағының болашактағы тағдыры. «Дәстүрді канша берік үстағысы келгенімен, жаңа өсіп келе жатқан жас қауым өзінің ана тілін, ұлттық салтын менгеріп, жалғастырып кете ала ма, әлде басқа халықтардың арасына сініп, көп ұзамай қазактың келбетін жоғалта ма? Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық, мәдени байланыс, барыс-келіс, сауда-саттық табиғи данғыл жолына түсіп өрістей ме немесе көлденең кедергілер кездесіп, ата-баба жерімен жиі араласып, ынтымактастықты дамытамыз деген үміт үзіліп кете ме?» – деген ой мұндағы туыстарды құптігей етеді еken. Қазақстанның егеменді ел болып, барлық мемлекеттермен терезесі тен, еркін қарым-қатынас жасай аларлықтай деңгейге жетуін арман етіп, жол катынасының кеңеюін зарыға күтіп отырган жандарды көрдік. Олардың бірқатары Қазақстанға қайта оралуға жағдай туса, атамекенге біржолата орын тебуді ойлайтындар, енді біреулері екі мемлекет арасындағы кен көлемде жүргізілуге тиіс сауда-саттық жүйесінде өз орнын тапқысы, осы істі неғұрлым ұтымды үйимдастыруға барлық тәжірибесі мен ынтасын жұмысфызы келетіндер. Қазақстанда мал шаруашылығы өнімдерін, сонын ішінде тери өндеу, одан киім тігу өндіріс орындарын, өз дүкендерін ашуды көздейтіндер де аз емес. Қысқасы, біз жүздескен, сөйлескен қазактардың бәрі де елімізде нарыктық экономика тәсіліне көшудін, демократиялаудың сәтті шешілуін, республиканың ғұлден, көркеюіне үлес косуды, қаны бір отандастарымен аралас-құраластықты ешбір кедергісіз табиғи калпына келтіруді ансайтындар. Біз оларға:

«Тұбі жақсылық болады, үмітсіз шайтан», – дегеннен басқаны айта алғанымыз жоқ. Өйткені республика егемендігінің тағдыры көп жағдайда өзімізге де анық емес қой. Қазақстан үкіметінің миграция, шет елдерден келген отандастарымыздың азаматтық алуы мәселесін нактылы да жігерлі шеше алмай, созбакқа салуы, жалтақтық көрсетуі, әсіре сактық жасауы бір кезде адам айткысыз киянат, зорлық көріп, туган елден босып кеткен ағайындардың қайтып оралу процесін бөгөп отырганың ашық айтуымыз керек.

Республикадан сыртқары тұратын қазактардың жай-күйін шындал ойлайтын, олар туралы бір кезде қалыптасқан жалған, жала, біржақты қөзқарастарды өзгертетін мәселенін түбіріне жаңаша қарайтын кезең туды. Шетте жүрген ағайындардың күш-қайратын, дарыны мен қабілетін, білімін Қазақстанның мұддесіне пайдалануды ойластыруымыз керек. Түркиядығы және Батыс Европадағы қазактардың кем дегенде екі-үш тілді менгеріп алғанын, дәуірдің даму каркынынан қалып қоймағанын, тірліктін алмағайып, кездейсоқтығына үйреніп, шындалғандар екенін көреміз. Тіпті, олар дүние жүзінде беделі бар түрік тілін жетік білгенінің өзі ғүтін де, ертен де іске асатынына көзіміз жетті. Түркиядығы ресми кездесулерде Мұқтархан, Абдураһап секілді зиялыштардың қазақшадан – түрікшеге, түрікшеден – қазақшаға жетік аударып отырулары өзара түсіністікте женілдettі. Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы күшейген кезде екі тілге шебер мамандардың қызметі аса пайдалы болатыны күмәнсіз.

Зиялыштар демекші, Түркия қазактарынан жоғары оку орнын бітірген мамандар да аз емес көрінеді. Солардың кейбіреулері әлеуметтік істерге араласып, қоғамдық өмірден өз қабілетіне лайық орын ала бастаған. Анкара университетінде қытай, жапон тілдерінен дәріс беретін Абулхақ Малкөш, Түркия сыртқы істер министрлігінде қызмет істейтін қазак қызы Фатима Түркеш, Стамбул университетін тәмамдаган Ахмет Жаналтай сияқтыларды осы ретте атап өтүге болады. Қазіргі күнде жоғары оку орындарында екі

жүзге жуық қазақтың ұлы мен қызы оқып жүрген секілді. Осы барған сапарымызда Түркия мәдениет министрінің кенесшісі болып қызмет істейтін, мамандығы тарихшы Мұқтархан Оразбайдың еңбегі елеулі болғанын ерекше көрсетуіміз парыз. Стамбул мен Анкарадағы казак қауымы арасында беделді Ақай, Байдөulet, Исмаил, Мансұр сынды азаматтармен сұхбатымыз да бауырмалдық сезімге толы, нағыз туыскандық лебіздер болды.

Әзге елдер ортасында казак балаларының өз ана тілін жақсы үйренуіне жағдай жоқтығы, сол үшін олардың ұлт мәдениеті мен дәстүрінен қол үзіп қалмау жолын қарастыру қажеттігі мәнді мәселе болып табылады. Бұл ретте Қазақстанның көмегі қандай болмақ? Түркия мен Қазақстан арасындағы достық шарты бойынша екі республикада бұл проблеманы шешу жолдары көрсетілген. Ұлттық мектептер ашу, оқушылар, студенттер алмасу, мамандарға дәріс оқыттыру, казақша-түрікше, түрікше-казақша сөздіктер жасау, Қазак Университетінің шығыстану факультетінде түрік бөлімін кеңейту, Түркия университетінің біреуінде казак топтарын ашу секілділер жүзеге астаңын болғаны иті қадамдар. Әдебиет, фольклор, тарих, тілтану бойынша ғалымдарымыздың ғылыми жинальстары жүйелі түрде өтетін болуы да сүйсінерлік күбылыс.

Рухани байланыс газет-журнал, кітап деректері арқылы толассыз жүріп жатуы тиіс кой. Бірақ, өкінішке қарай, Түркия мен Батыс Еуропадағы қазақтар біздің басылымдарымызды еркін оқып түсіне алмайды. Кедергі – алфавиттің өзгелігінен. Жалпы казак алфавитінің бастан кешкен «хикметтері» басқа ешбір елдің тарихында кездеспеген нәрсе. Мың жыл бойында пайдаланған жазуымызды жиырмасыншы жылдардың акырында «мансұқтап», он жыл бойында латыншаға көшкеніміз, ал қырқыншы жылдардың басынан бері қарай кириллицаға, орыс әрпіне ойысқанымыз бүгінде жалпы казақ көлемінің бір-бірінің баспасөзін түсінбейтіндей машақатқа душар еткен. Қытайдағы бір миллионнан артық казагымыз араб әрітерін пайдаланады, Еуропадағы ағайындарымыз тек латын алфави-

тін ғана таниды. Басқаша айтқанда, бұл күнде дүниедегі қазақтардың үштен бірі біздің жазуымызды оқи алмайды. Бір қазақтың жазғанын екінші казак әріп таңбаларының басқаша болғандығынан түсіне алмаса, бұл да үлкен қасіret кой. Шашырандылығымыз, дүниенің төрт бұрышына тараپ кеткеніміз бір киыншылық тудыrsa, алфавитіміздің үш түрлі болып келуі косалқы киыншылықтың көзі болып отыр. «Жұт жеті ағайынды» дегеннің кері. Мұндай жағдайда рухани бірлік қалай қалпына келмек?! Қөп болып ойланатын нәрсенің бірі – осы. Эр елдегі қазақтардың фамилия жазу тәртібі де өзгеше. Монголиядағы қазақтар әкесінің атын жазғанда сөздің соңын монголша қосымшамен бітіреді, Еуропадағы қазақтар фамилияны біздің дағдымыздан бөлекше колданады.

Қазақстанда шығып жатқан газеттер мен журналдарды, кітаптарды шет елдегі қазақтар қаншалықты пайдаланып, рухани нәрленіп жүр дегенді шындал зерттеп көретін кез келді. Біздің басылымдарымызды олардың жүзден, мыннан бірі ғана оқи алатындығы көніл көншітерлік емес. Ұлт келешегін ойлайтын, көкseyтін азаматтар осы жағдайға ой жүгіртпін көрсін. Түбінде арабша, латынша, орысша алфавиттің біреуіне тұракты ен тағатын болуымыз да мүмкін. Бұл, әрине, бірден шеше салатын науқандық міндет емес, ұлттың баянды болашағына керек келелі нәрсе. Бізді ғасырлар бойында қолданып келген арабша әрпімізден айырғанда: «Халықтың ризалығы қандай?» – деп ешкім де сұраған жок, ал латыншаға көшкенде де мәселе «жогарыдан» шешілді. Араб алфавитінің қазақка лайық нұсқасын ұлы ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынов жасағаны, латынша-қазақша таңбаларды таңдау, реттеу жұмысы да өте тыңғылықты іске асырылғаны мәлім. Ол екі алфавиттің екеуі де тілі, тарихы, салт-санасы жақын халықтардың басылымдарын оқуға қолайлы түзілгені белгілі. Қырқыншы жылдардың бас кезінде әкімшілдік-әміршілдік саясаттың ықпалымен кириллицаға жедел ауысканда көтеген түркі, монгол тілдерінің ерекшеліктері толық ескерілмей, негізгі принцип қалайда ол тілдерді орысшаға бейімдеуге

лайыкталды. Өзгелерге қарағанда, біршама сөтті жасалған дең саналатын қазіргі қазак алфавитінің де нұқсаны толып жатыр.

Оз еркінен тыс шет елдерге кетуге мәжбүр болған қазактардың қайда жүрсе де, айналып келіп табатын ұлы Ордасы Қазақстан екенін ұмытуға хакымыз жок. Шет елдегі қазактардың тіл өзгешелігін, әдебиетін, өнерін, шыргалаң жолдарын зерттеудін де негізгі орталығы бізде болуға тиіс. Ендеше бұл мақсат ғылыми-зерттеу институттарының, оку орындарының, басқа да тиісті мәдениет мекемелерінің жоспарынан, іс тәжірибесінен ұдайы көрініс беріп отыруы ләзім. Соңда сырттағы және іштегі қазактардың бір-бірімен түсінуін, ұздіксіз байланысын дәнекерлейтін жазудың, алфавиттің қызметі ерекше мәнді екені көрінеді. Ең алғашқы қадам ретінде шет елдегі қазактарға арап шығарылған «Шалқар» газетінің материалдарын араб әрпімен беріп коймай, латыншамен де басуды біртіндеп колға алса дейміз. Өзге жерлерде осындағы тәжірибе бар. Мәселен, азербайжанның «Әдебиет уә инжесанат» газеті өзінің бір бетін араб, тағы бір бетін латын әрпімен жарияладыны болыш жүр. Бұл – Ирандағы азербайжандар араб, Түркиядағы туыстар латын әрпін пайдаланатының ескергендей белгісі. Әлбетте, мұндай әрекет мәселенің тағдырын түпкілікті шешпейді. Дегенмен белгілі бір қауымға арналған сөз нысанана жетсін десек, жазғанымызды оки алатындыкты ойлау керек. Азербайжандар, түркмендер, өзбектер латын әліпбіне кайта көшудің алғашқы қадамын жасады. Әзерилер мұны сөз етіп кана коймай, іске асыра бастағаны да белгілі. Әлбетте алфавит проблемасын қалай шешемін десе де, бұл өр халықтың төл ісі. Ерте ме, кеш пе, біз де бұл такырыпты тиянакты түрде күн тәртібіне койсак, көп нәрсе ұтар едік.

Түркиядағы туысқандар Қазақстандагы он өзгерістерге үлken үміт артып, болашакта халық пен халықтың бауыр мен бауырдың бір-бірімен еркін араласатын болатынына, атамекен жердің өз үрпактарын өгей санамай, камкорлық құшағын ашатынына, бұл бастаманын баян табуына республика жетекшіле-

рінің саналы тегеуінділік, көрегендік, парасаттылық көрсете алатынына сеніп отыр. Тарихтың дәл бүгінгідей жолайрық, ұрымтал кезеңінде бір кезде озбырлық құрбаны болып, өз жеріне «сыймай», «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» кеткен халқымыздың кайта косылып, бірлік, ынтымақ табуынан қасиетті мұрат жок.

Екінші бөлім  
ТАРИХ БЕТТЕРІН ПАРАКТАСАҚ

ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНАН ТҮРКІСТАНҒА ДЕЙІН

1

Біз түрік халықтарының тарихы мен әдебиетін аз білеміз. Орта мектеп тауысқан кез келген окушы ежелгі Юнан (грек), Рим, Батыс және Шығыс Еуропа, Американың бұрынғысы мен бүгінгісінен азды-көпті хабардар болып шығады да, өз халқының өткен жолдарын бұлдыр біледі. Бұл үшін, әрине, мектеп шәкірттері де, жоғары оку орындарының тәліптері де кінәлі емес, оку бағдарламасынан, оқулыктар мен хрестоматиялардан көрмегенді олар қайdan білсін? Бұл – елді тарихи жадынан айырып, мәнгүрттендеру үшін жүргізілген миссионерлік жұмыстардын «нәтижесі». Ендігі жерде осы дергінен айыру үшін жүйелі, жігерлі көп істер атқарылуға тиіс. Бұғінгі қауым ұзын тарихымыздың бұралан жолдарын, еліміз бастан кешкен аса ірі оқиғалар мен жамағатшылық тағдырына ықпал жасаған қайраткерлер есімін білуі парыз. Түрік халықтары әлемдік өркениеттің алдыңғы шебінде болғанын танып білудің өзі санамызды серпілтіп, мұлгіген ойларды оятуға септеспек. Әрідегі дәуірлердің терең қатпарларына бойламай-ак біздің заманымыздың бесінші-сегізінің ғасырларында данқка ие болған Түрік қағанатынан бергі бір жарым мың жылдық тарихымызды алып карасақ та, халқымыздың жаһан шежіресінен орын аларлық жәдігерлер жасағанын көреміз. Бір кезде бұғінгі түрік тілді халықтардың ата-бабалары іргесі берік, қарымы кең айбынды мемлекет күрганын, сол дәуірде данишпан ел билеушілер, қолбасылар, кеменгер шешендер болғанын байқаймыз. Бұғінгі Монголияның даласында сакталып тұрған Күлтегін, Білгеқаған, Тонықөк жазулары – өз кезеңінің ақиқатын

мәңгілікке қалдырган жазба ескерткіштер. Орхон-Енисей жазулары деген шартты атаумен дүниеге мәлім болған мұраны жаратуының өзі түрік халықтарының ерте заманда адамзаттың ақыл-ой көшінің алғы легінде жүргенін көрсетеді. Бұл жазу өзінің шығу дәуірі жағынан славян халықтары колданып жүрген әліппе – кириллицадан көне. Соған карамастан, Орхон жазуларының, дәлірек айтқанда, ежелгі түрік алфавитінің мерекесі бізде әлі күнге дейін ресми атап көрген емес. Ал кириллицаны қабылдаған елдердің бәрінде де осы алфавиттің мейрамы улкен мәдени оқиға ретінде нышандалып келеді.

Көне түрік жазуында Түрік қағанаты заманының тасқа түскен тарихы қалуының өзі – оның ешқашан ұмытылмайтын құндылығы. Кейбір елдердің қайсы бір мұрасы төнірегінде бір-біріне қайши пікірлер әлі күнге дейін толастамай келеді. Мәселен, орыстың «Игорь полкі туралы жыр» деп аталған тарихи дастанының анық түпнұска негізінде жасалған туынды екеніне күдік келтірушілер аз емес. Кейбір зерттеушілер бұны кейінірек тұған жасанды еңбек деп қарайды. Мұның себебі «түпнұска мынау» деп көрсетерліктең сенімді қуәліктің жоқтығынан. Бұл шығарманың түпнұссасы Наполеон әскерлері Мәскеуді алғанда өрт кезінде жойылып кеткен делінеді. Біз бұл арада тұтас бір халықтың рухани мактандысы саналатын шығарманы мансұқтағалы отырған жоқпыз, қандай да болмасын ескерткіштің әуел бастағы нұсқасы сакталмауы әртүрлі алып қашпа пікірлер тудыратының ғана еске салғымыз келеді. Құдайға шүкір, Орхон жазуларының растығына тірі пенде күмән келтіре алмайды. Тасқа жазылған мұндай жанды тарих дүниенін ешбір бұрышында кездеспейді. Келешекте түрік халықтары өзінің осындағы ұлы ескерткіштерін қастер тұтып, салтанатпен мейрамдайтын болар деп сенеміз.

Түрік елдерінің әлем тарихынан өшпес орын алған айбарлы мемлекеттер күрганы салдарлы мән берілпіп айтылған емес. Кезінде батыс пен шығысқа беделі жүрген, алыс-жакындағы елдердің бәрі мойындаған Алтын Орда шежіресінен білетініміз де жокқа тән. Ондаған жылдар

бойында Алтын Орданы тек жаулаушы, озбыр ел деп бағалаушылық орын алды. Бұл даңқты дәүлеттің атына жылы сөз айтылып көрмегендей еді. Тарихты шындықты танудың құралы деп қарамай, бір халыкты мадақтап, екінші біреуін мансұктап көрсетудің, жалан идеологиянын амалы етушілік дағдыға айналды. Кейінгі кезде ғана Алтын Орданың Ресейді бағындыруши болып кана коймай, объективтік жағынан орыс жері мен елінің тұтастығы сакталуына, өзара жауласып келген княздіктердің бірлік табуына, құш жинауына, ақырында қуатты мемлекетке айналуына қолайлы болғаны айтыла бастады. Атақты орыс ғалымы Л.Н.Гумилев бұл мәселені ете анық, дәлелді етіп түсіндірген.

Алтын Орда кезінде қыпшақ тілінде мол көркем шығармалар, ғылыми рисалалар (трактаттар), аудармалар, сөздіктер жасалғаны, мұнда неше алуан саяхатшылар, жиһанкездер, елшілер, тарихшылар, тілмәштар, хаттаттар (колжазба көшірушілер) шоғырланып, көп құндылықтар қалдырғаны мәлім.

Тәуелсіздікке кол жеткен заманда, бұрынғы осы империя халықтарының бірі – қазақ халқы да өзінің еткен тарихын парасатты пайымдап, жаңаша бағалауы ләзім. Жошы, Батый, Берке, Өзбек, Жәнібек хандар, Ноғай, Мамай, Едіге секілді батырлар жөнінде тың зерттеулер, ғылыми-көпшілік немесе көркем әдебиет жаратындылары жасалса, құба-құп.

Орта Азияда Тұран империясын тұрғызған Әмір Темір, Үндістанда Ұлы Моғолдар мемлекеттігін орнатқан Бабыр және оның әuletі атына байланысты тарихи деректер, аныз, әпсаналар ұшан-теніз. Біз бұл қыруар қазынаны шет жағалап та болса танып білдік дей алмаймыз. Алтын Орда мен Тұран империялары сөз болғанда қыпшак даласын атап өту мүмкін емес. Алтын Орданың соңғы көрнекті хандарының бірі Тоқтамысты күйретуші Едіге батырдың туған жері аныз бойынша, Карагаудың теріскейіндегі Баба тұкті шашты әзиз, Құмкент шаһары дөлінеді. Ал дүние жүзі екі патшалыққа аздық етеді деп қарған ұлы қолбасшы, мемлекет қайраткері Әмір Темірдің қазіргі Онтүстік Қазақстанда, Сыр бойында сан-

рет болғаны туралы дерек бар. Атакты билеуші Түркістан шаһарында Ахмет Ясауи зираты жатқан жерде кесене орнаттырғаны жаһанға мәлім. Ұлы істерден ұлы дәстүр қалады деген рас. Түркістан қаласы, Әзірет Сұлтан мавзолейі бір казактың ғана емес, құллі түрік ислам жүртшылығы өз тұтып қадірлайтін, зиярат ететін орнына айналған, қазіргі кезде мұнда Халықаралық казак-түрік университетінің ашылғаны елімізге ежелгі даңқ, берекенін кайта оралғанының рөмізіндегі (символында). Дүниенің тітіреткен Әмір Темірдің пәнимен қоштасқан жері де Онтүстік Қазақстандағы Отырар қаласы еді. Темірдің бір жағынан, жауларын жайратқан қатал әскербасы, екінші жағынан, ұлken ғимараттар тұрғызуышы болғаны – мәні терен құбылыс. Орта Азия жеріндегі ең көлемді, көркем Қожа Ахмет Ясауи мавзолейінің салынуы қазақ жүртіңін бір орталықка бағынған мемлекет болып қалыптасуына дәнекер болғаның ризалықпен атап өтуіміз парыз. «Әмір Темір және Қазақстан» деген тақырып зерек зерттеушилікті қажет етеді. 1996 жылы Әмір Темірдің туғанына 660 жыл толуын Онтүстік Қазақстан жамағатшылығы құрметпен атап өтуі орынды болмақ. Әмір Темірге қатысты ертеден мәлім тарихи зерттеулер («Зафарнаме», т.б.) қазақ тіліне аударылу керектігі түсінікті.

Түрік халықтарының ғасырлар бойында туы жығылмаған бірден-бір мемлекеті Түркия болатын. Бір заманда айбарлы Осман империясы кіші Азияда салтанат құрып, атағын әлемге асырганы белгілі. Айнала коршаған христиан елдерінің қырғи қабактығына, тіпті, сансыз қастандықтарына төтеп беріп, желдің бетінде, жаудың өтінде қайсарлық ерлік үлгісін көрсеткен халықпен де кайта табысадың кіндік жері Түркістан болуы куанарлық. Тарихты жаксы білетін түріктер будан мың жыл бұрын түпкі аталарап – оғыздар Сыр бойын, Түркістан, Сауран, Караспан, Отырар, Жанкент төңірегін мекен еткенін, қыпшактар мен оғыздар арасында этникалық та, мәдени де байланыстар мықты болғанын ұмытпаған. Олар қазақ елін, соның ішінде Түркістанды ата жүртіміз дейтіні осы себептен.

Түрік туысқандар Әзірет Сұлтан, Арыстанбап кесенелерін жөндеуден өткізіп, қалпына келтіруді өз мойындарына алғаны қалтқысыз адал достықтың белгісі. Халықаралық казак-түрік университетінің қалашығын жаңадан тұрғызып беру жүргін көтеретіндер де түрік ағайындар болып отыр. Тұбінде бұл университет тек Қазақстанның ғана емес, басқа да түрік жүмкүриеттерінің студенттерін де оқытатын жалпы түріктік сипатқа ие болмақ. Демек, бір замандағы Түрік қаганаттарының ұлан қыыр өлкесін жайланаған бауырластар үрім-бұтағы Түркістанға ат басын тіремек. Бұл – ыдыраған ынтымақтың қайта жалғанғанындай мәні бар құбылыс. Замандар бойында күштілер мен тістілердің зорлығынан тозтозы шығып, бір-бірінен жырақтаپ, жат бауыр болып кеткен елдер мәдени, рухани бірлестігін қайтадан табуға бет алып отырғаны тәнірінің сыйындан әсер қалдырады.

Тарихты жан-жакты үйрәнудің жолдары көп. Соның ең мәнді саласының бірі – сонау IX-XV ғасырлардағы Орта Азияда, соның ішінде Оңтүстік Қазақстанда бой көрсеткен ренессанс – қайта өрлеудің әлемге қандай жақсылықтар әкелгенін білу, тағым алу, санаға сініру болмак. Дүние жүзіне ілім-білім нұрын таратқан алып ойшыл ғалымдар мен шаирлар осы дәуірде туған еді. Математиканың атасы Хорезми, жаһаннның Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанған философ Әбу Фараби, тәуіптік ғылымның тенденсі жоқ алыбы Әбу Эли ибн Сина, түрлі пәннен маңызды мұра қалдырған Бируни, түрік тілдерінің тұнғыш зерттеушісі Қашғари, түрік тілінде сопылық поэзия негізін салушы Ясауи, бұлардан біраз кейінректегі Ұлықбек. Осы есімдердің әркайсысы ғылым аспанындағы жарық жүлдіздар, адам баласы ортақ мактандың санайтын тұлғалар еді. Өкінішке қарай, Тұран топырағында туған осындағы алыптарды танып-білуге, олардың енбегін насиҳаттауға, мактандың тұтуға құлықсыз болып келеміз. Аталған және басқа ғұламалар енбегі түрік халықтарының ғана емес, әлемнің барлық елдерінің оқулықтарынан орын алуға лайыкты.

Дүние жүзінің назым өлең бійгінен орын алатын Низами, Баласағұны, Ясауи, Әмре, Науай, Физули, Мактыймұлы, Жанмұхамед, Абай, Бердак, Токай, Токтағұл тәрізді көркем сөз алыптарын бүкіл түрік жүртшылығы жақсы танып болды деу киын. Бұлардың шығармаларын орта мектеп пен жоғары мектеп оқулықтарында оқыту қажеттігі кәміл.

Халықтар арасында түбі бірге туыстықты нақтылы әдеби, фольклорлық мұраны насиҳаттау арқылы ең ұтымды тәсіл болмақ. Ауыз әдебиетінің ең көлемді жанры эпос арқылы талай-талай ұмытылған үқасстықтар мен ұндастіктерді қайта жанғыртуға болады. «Оғызнаме», «Қорқыт ата кітабы», «Алпамыс», «Манас», «Кобыланды», «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу», «Қөрүглі», «Қырық қызы», «Едіге батыр», «Орал батыр», «Ақбозат» жырларын күллі түрік халықтары оқыса, байыргы бауырластық сырына қаныға түсер еді. Бұл және басқа эпикалық шығармаларды да оку бағдарламасына косу аса зәру үәзип болып табылады.

Онтүстік Қазақстан өнірінде туған аңыз, әпсана мен тарихи жыр, өлеңдердің жалпықазактық, жалпытүріктік сипат алғандары мол екенін де атап етуге тиіспіз. Өлмес өмір жыршысы, күй атасы Қорқытқа байланысты аныздар – дүние жүзінде сирек кездесетін құбылыс. Қазақ арасында Қорқыттың туғанын өлгеніне дейін аралықтағы кешкен қалдерін баяндайтын желілі әңгіме тұтас эпостың шартын атқарып тұрғандай. Ал «Қорқыт тартыпты» делінетін көбіз қүйлері мың жасаған саздар болып табылады. Дүниені топан су қантаганнан кейінгі тіршілік бастауын киелі Қазығұрттан тарататын әпсананың тұп негіздерін зерттеу өз алдына жеке тақырып. «Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған», – деп басталатын көне өлеңдер күллі қазак жүртшылығына мәлім. Арыстанбапқа, Ахмет Ясауиге, Әзірет сұлтан кесенесіне байланысты аңыз да басқа көптеген топонимикалық, тарихи әңгімелер өткен замандардың тұнып тұрған сырын ашарлық кілт секілді. XVIII ғасырда жоңғар жаулаушылығы салдарынан қазақ халқы душар болған апат

жөнінде бұрынды-соңды мәлім болған енбектер мен деректерді сын көзімен қарап шыгу, тарих мәселелерін сез еткенде этнографияның, фольклордың, тілдің, шежіренің, археологияның, антропологияның материалдарын қамтып отыру, халықтың этногенезін түркі-монгол көлеміне көтеріп салыстыру, көршілес шығыс елдерімен ежелден келе жатқан байланыстар шындығына терендеп бару, казак жерінде мемлекеттер мен бірлестіктердің пайда болу заңдылықтарын ашу, этникалық география шенберін анықтау, патшалық Ресейдің отарлау саясатының шытырман астарларына көз жеткізу, ұлттық-азаттық қозғалыстардың табиғатын тану, халқымыздың діни санасын, оның тұрмыс пен мәдениеттегі тәсірін тексеру, казак елінің тағдырына із қалдырган белгілі кайраткерлердің енбегін ғылыми түрде бағалау. М.Қозыбаев зерттеулеріне осы төрізді аса ділгір мәселелер қозғалады, соларды шешудің шарттары мен тәсілдері көрсетіледі. «Бір жаксы кітап жазғаннан жақсы методология тапқан артығырақ» деген нақыл сөздің растиғына дең қойсақ, М.Қозыбаев мақалаларында келешекте атқарылуға тиісті істердің желісі тізілгенін байқаймыз. Мәселен, ол Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын қеңінен қорыта отырып, оларды жеті кезенге бөліп қарасты. Қазак халқының құрамына енген тайпалардың Ібір-Сібір жұрттың жаулап алушыларға қарсы қүресін жеке кезен етіп көрсету – тарихи құбылыстарға жаңаша бетбұрыстың нышаны. Сол сияқты Жетісу, Сыр бойы елінің жонғарлар, Кокан мен Хиуа хандықтары билігінен құтылу үшін арпалысы айрықша зерттелуі керек екені де қөміл болып көрінеді. Әбілқайыр ханның Ресей құзырына қарау жөніндегі келісімінен кейінгі Қазақстанды отарлаудың ұзак кезенің қамтитын тұс, патшалықтың әкімшілік жүйесіне түсіп, кіріптарлық қамтыы қыскан кездегі Сырым Датов, Исадай Тайманов көтерілістері, Кенесары Қасымов бастаған бүкілхалықтық ұлт-азаттық қозғалыс, XX ғасырдың бастапқы шеніндегі «Алаш» идеясы, Кенес өкіметі кезінде колективтендіру зорлығына карсылықтар азаттық үшін

ұмтылыстың асулары деп сипатталған. Бұл және басқа мысалдар М.Қозыбаев зерттеулерінде тарихтанудың жаңа өрісін белгілейтін кешенді ойлар құрамы ұсынылғанын аңғартады.

М.Қозыбаев болашакта істелер жұмыстарды беташар бағдарламасы секілді методологиялық мәні құшті енбектер жазумен қатар тарихымыздың шешуін күтіп жатқан бірсыныра проблемаларын нақтылы тексерген. Олардың әрқайсысы қоғамдық ойымызға серпіліс әкелген салдарлы ізденістер, тәуелсіз мемлекетіміздің рухы мен сенімін бекіте түсетін жұртшылықты шындықпен тәрбиелейтін манызды талдаулар болып табылады. Бұл катарда «Ермак. Аныз бер ақиқат», «1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы», «Голощекин мен Қазақстан», «Ашаршылық ақиқаты» төрізді тарихи-публицистикалық туындыларды атап көрсету ләзім. Осы енбектердің кай-қайсысында да архивтің терен түкпірінде жасырулы жатқан құжаттар мен маглұматтар пайдаланылған. Олар отанышыл азаматтардың дүниетанымы тұрғысынан сарапанған, тарихи құбылыстарға әділ баға беріліп, орын теуіп келген бүрмалаушылықтар әшкереңген. Ресейдің шовинистік пигылдағы тарихшылары қандыбаласқа каракшы Ермактың шын тұлғасын боямалап, оны асыра мактап, қаһарман санап, тіпті, ешкімнің «мандайынан шертпеген» момын жан етіп көрсетуге тырысып келуінін түпкі арам есебін М.Қозыбаев бұлтартпайтын дәлелмен танбалаган. Өзгелерін айтпағанда, дәл осы Ермак туралы енбегінің өзі қазак тарихшысының білім және қалам қуатын жарқыратып ашқан туынды деп қарасты болар едік. Осы уақытка дейін ресми оқулыктарда бірынғай жамандалып келген Сібір ханы Көшімнің тұлғасын шындыққа орай баяндап бергені, жалпы Көшім хандығын жаулаушылық Қазақстанды отарлаудың бастамасы болғанын ғылыми концепция деңгейіне көтеріп көрсете алғаны М.Қозыбаевтың жаңаша пайымдаған мәселелерінің бірі.

Қазақстанның сорына келген «шала киял, шапшан әрекеттің адамы» барынша солакай, авантюрист, қолын жазықсыз елдің қып-қызыл қанына малған, ешуакытта кешірілмейтін күнәға батқан Голошекиннің саяси портретін жасауы ғалымның публицистикалық дарынын сипаттайты. Ал оның «Ашаршылық ақиқаты» деген еңбегі қазақ халқының тен жартысын жалмап кеткен ауыр кезеңнің қасиretін баяндайды, үкімет пен партия тарарапынан жіберілген сан түрлі соракы замсыздықтардың сирона бойлатады.

М.Қозыбаев қаламына хас ерекшеліктердің тағы бірін атап өтуіміз шарт. Ол өзінің сонғы жылдардағы еңбектерінде ғылыми байсалдылыкты көркем тілмен көмкеріп, әдемі әдіптен үштастыруға шеберлігін танытып келеді. Бұган мысалға онын «Абылай дәүірі», «Дала данасы Бұқар жырау», «Ел – ебелек емес, ер – кебенек емес», «Қазактың қамал корғаны», «Ел тірегі – шақшақ Жәнібек», «Бірлік – ел тынысы» сынды ғылыми баяндамаларын алғып көрсетсек те жеткілікті.

Сөз болып отырған кітаптар мен мақалаларды оқыған адам тарихымыздың сарғайған беттерін кайта парактағандай болады, елдік шежіремізде қашшама көтерілмеген тындар, ашылмаған сырлар, анықталмаған сұраулар жатқанына көз жеткізеді, жасанды дөгмалар мен әдейі бүрмалаушылыктар кесірінен небір қасиетті шындықтардың көзден де, көнілден де таса қалдырылып келгеніне қанығады, тарихты адал баяндауғана өткеннің сабактарын еске салып, болашақтың сара жолын тануға көмектесетінін түсінеді.

М.Қозыбаевтың әрбір қазақстандық оқып білуге тиіс кызықты зерттеулерін алдағы кезде толығымен орыс тілінде жариялау кажет-ақ. Қазақстан тарихының бүрмаланып келгені соншалық – көп адамдарымыздың ол туралы дұрыс түсінігі қалыптасқан жок. Қазактың орысша оқып тәрбиеленген үрпағы әлі күнге дейін орыс тіліндегі көбінесе біржакты еңбектерден басқаны білмейді, қазақ тіліндегі жаңа жаксы зерттеулерді оқи алмайды. Сондыктан да олар орыс

басылымындағы Қазақстан туралы қастандық ниеттен туған макалалар жетегінен шыға алмайды. Қазақша оки алмайтын дүбәра казактарғана емес, орыс халқының өкілдері де тарихымыздың ақиқатын білуге зәру. Қазақстаннан «жер даулаушылардың», казак тарихына астамшылықпен қарайтындардың арам пифылын өшкереleуге де мұндай сибектер керек. Орыс тіліндегі басылымдарда етек алған гайбатшыл мақалалардың «куытын» кайтаратын ғылыми дәлелді талдаулар неғұрлым көбейсе, ортақ ісімізге соғұрлым пайдалы болмақ.

М.Қозыбаев еңбектерінде ұрымтал тұсынан қойылған, білгір бағдарланған межелер мен нысаналар тарихшыларымыздың ортақ күш біріктіруімен алдағы кезең толымды түрде жүзеге асатынына сенгіміз келеді.

## **БАСКЕТ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ**

1

Түркістан жайында азды-көпті деректер парсы, араб, кытай, монгол, түркі, орыс тілдерінде жазылған еңбектерде ұшырайды. Орта Азияны немесе Қазақстанның онтүстік бөлегін әралаған саяхатшылар мен ешілдер, жазушылар, саудагерлер, тарихшылар бұл кең өнірдін өзге шаһар, кенттерімен қатар Түркістан тұрасында да тоқталып отырған. Мұндай мағлұмат, әсіресе, Шейбани әулетінің Орта Азияны жауап алу тарихына байланысты жазылған еңбектерде мол кездеседі. Бұлай болуы әбден түсінікті де. Өйткені XV-XVI ғасырдан бастап Түркістан кенті өзара так билікке таласкан, бір-бірімен үздіксіз соғысқан үкімдарлардың карауына түседі, сахара мен отырықшы өлкенің қак ортасына, Сырдария өзеніне жакын жерге жайғасқан қаланы иемдену билеушілердің стратегиялық мақсаттарына сай келетін еді. Түркістанды орталық етіп ұстал тұруға қазақ хандары каншалықты құрес жүргізе, көрші хандықтар да бұл қаланы басып алу ииетінен ешқашан қайтпаған.

Ежелгі Ясы, кейиннен Түркістан атанған шаһардың тағдырына қатысты дерек қалдырган шығыс тіліндегі еңбектердің кейбіреулеріне қыскаша тоқтала кеткеніміз жөн. Авторы Мұхаммед Шейбани хан деп есептелеғін ескі казак немесе көшпелі өзбек тілінде жазылған «Таварихи гузидә нусрат намеде» түркі, монгол руладының шежіресінен Шыңғыс хан өүлетінің тарихынан, әсіресе оның Шейбан, Тока-Темір, Шагатайға тиісті шежіре желісінен, Мұхаммед Шейбани өмірінен, Әбліхайр хан жайынан мәліметтер бар. Әбліхайр хан өлгеннен кейін денесі Қожа Ахмет Ясауи мавзолейіне қойылғанының өзі бұл шаһардың саяси және мәдени мәнінің зор болғанына күе.

Сөз болып отырған еңбекте жергілікті қоңырат руынан шықкан Әлібек, Мұхаммедбек, Құсайын Әлі мырза, Әлі баһадүр, Миср Әлібек секілді атақты адамдардың есімдері келтірілген. Атышұлы Едігенің немерелері Оқасбек пен де еңбекте орын алған. Мұнда тарихи оқиғалардың болып өткен атырабын әйгілейтін жер аттары да анық түсken. Солардың қатарында Қаратудағы Сұйындық асуы, Отырар, Түркістан, Сауран, Сайрам, Таңкент, Созак, Сығанак аталағы. Бұл өнірде болған соғыстардың бірінде жауды женген қолбасының ерлігін тарихи кітап авторы ертедегі Ескендір Зұлқарнайынға, Рұстем мен Аспандиярға теңеиді, Сейхун (Сырдария) мен Жейхун (Әмудария) арасында адам қаны судай бол акты деп сыйпаттайды.

Осы «Нусрат-наменін» оқиғаларын қайталап, парсы тілінде «Фатх-наме» (Женіс кітабы) атты еңбек жазылғаны да белгілі. Бұны жазған молда Шади Шейбани хан жорықтарының тарихын тізіп, сөз ақырын 1501 жылға дейін жеткізеді. Шейбанидің казак жеріндегі, Моголстандағы соғыстарын, казак хандары мен сұлтандарының жағдайын баяндайтын тұстары да аз емес Мұнда Әбліхайрдың өлімі, такка Жәдігер ханының отыруы туралы да айтылған. Тарапудың өлеңмен өрнектелген бір жерінде қарасөзбен былайша

сөйлеметуге болатын жолдар бар: «Анадан тұғаннын бараЊ жері қара жер, алладан басқанын бәрінің жолы сол. Бұл пәнидің жүзінде мәнгі жасаған бар ма екен, құрлық пен сұларды тегіс алған Ескендірдің өзі баки бола алды ма, тудын дегенің өлдің деген емес пе?». Осы жолдардың сонында: «Әділ хан дүниеден өткенде аспан жерге төңкеріліп түскендей болды», – деген биік әсірелуе берілген. Бұл атаптап еңбектің тарихи дерек ретіндегі мәнімен қатар дастандық қөркемдік дәстүрді еске салатын да бағалы жақтары бар екенін көрсетеді.

Парсы тілінде жазылған «Шейбани-наме» Қамал ад-дин Али Бинаи қаламынан туған делінеді. Бұл еңбектің де біз үшін маңызды жері қазак хандықтарының жағдайына байланысты оқиғаларды мол табуға болатындығында. Қазак билеушілері келешек үшін отырықшы қалалардың қаншалықты қажет екенін түсінгендігін дәлелдейтін мысалдар мұнда көп кездеседі. Осыдан-ак Сыр, Қаратай бойындағы қалалардың казак хандығына ауадай қажет болғаны байқалады. Абдулла Балхидің «Зубдат аласар» (Шежірелер сирі) шығармасының да казак тарихын теренірек білгісі келетіндерге берерлік мағлұматы баршылық. Ал Масуд бен Усман Күхистанидың «Тарихи Абулхайрхані» атты еңбегінде Әбліхайрдың казак даласында (Дешті қыпшак) билік жүргізген кезеңінің әңгімесі шежірелген. Сонымен қатар мұнда Едігенің үрпағы Жұмадық ханының тәж, так үшін Шыңғыс өүлетімен арадағы таластары баян етілген. Тарихи дәуірде әрекет өткен руладар, адам аттары, оқиғалар болып өткен жерлер, мекендер есімі мол келтірілуі еңбектің қазак тарихының бұл кезге дейін жете таныстырылмаған беттерін анықтай түсуге септігі шубәсіз.

Кейбір шығармалардың мәнділігі соңшалық – оларды толық тексеріп болмай, қазак тарихының мәселелерін әңгімелуе мүмкін емес секілденеді. Бұл ретте мысалға Мұхаммед Хайдар Дулатидің парсы тілінде жазылған «Тарихи Рашидиін» алуға болады. Ата-тегі қазактың дулат руынан тараған ғалымның өмірі мен еңбегіне жеткілікті мән берілген деп айту киын. Оның шығармасынан түрлі монографияларда

үзінді келтіріп жүргенімен, калын окушы жұртшылыққа ол беймәлім қазына болып келеді. Мұхаммед Хайдар рисаласы (трактаты) 1542-46 жылдарда жазылған. Соңғы кезге дейін орыс тіліне толық аударылмаған бұл туындыны казак тілінде сөйлетіп, ғылыми жамағатшылықтың игілігіне айналдыру алдағы уәзипаның бірі болып қала береді. Тарихшы өзінің енбегінде казактар арасында айтылып келген шежіре аныздарды кең пайдаланған. Фольклордың тарихи шындықты таныстырудың мәні бұл арадан да байқала түседі. «Қазак» атауының мағынасы қайдан шыққаны туралы түсініктеме келтірілуі де қызықты жайлардың бірі. Өз алдына дербес хандық орнатуды қөзделген Жәнібек пен Керей соңына ерген ел бұрынғы бірлестіктен бөлініп, біраз уакыт киындық көріп, сергелденде жүргендіктен «қазак» атанып кеткенін мәлімдейді ғалым. Бұл талай ғасырларда түрліше, басқа есіммен аталып келген халқымыздың кейіннен тұрақталып қалған соңғы атауы екенін көреміз. Осы соңғы атаудан жалпы казак мемлекеттігінің тарихын бастағысы келетіндер мәселенін байыбына жеткендер емес. Тұтас бір халық кенеттен XV ғасырдың орта шенінде пайда болды дегенге кім сенеді? Мұхаммед Хайдар қазак жеріндегі бұрынғы бірлестіктер мен хандықтардың тарихын тізіп айтуды міндет санамаған, ол тек он бесінші ғасырда сахараны жайлаған көшпелі рулардың ғана куәлендіріп отыр. Ал көптеген рулар мен тайпалардың тарихы кемінде мын жыл, екі мын жылға кететіні тарихтан азды-көпті хабардар кіслердің бәріне де белгілі фой.

Қазак жеріне, сонын ішінде Түркістан төнірегіне катысты оқиғаларды тізетін бағалы мәнбе – негіздің – бірі – Хафиз Таныш бен Мир Мұхаммед ал-Бухаридың «Шарап-наме-ий шахи» («Шаһтардың данқы») деген кітабы. Бұл – парсы тілінде жазылған, өлең арапас, Құраннан, хадистен үзінділері бар шығарма. Зерттеушілердің көрсетуінше, Бұхар өмірі, Абдулланың өмірі мен жорықтарына арналған бұл жаратындының XVI ғасырдағы казак халқының тарихын тануға көмектесетін аса

маңызды жақтары бар. «Шайбани-наме», «Тарихи Рашиді», секілді бұл енбекті де қазак тіліне толық аударудың қажеттіл кәміл.

Тақырыбымызға келетін тағы бір кітаптың аты – «Бахр аласрап фи манакиб ал-ахтар» («Қайырымды адамдардың ізгі қасиеті хақында телегей сыр»). Аталған енбекте Шынығысхан, оның әuletі, Шагатайдың Мавереннаұрдағы үрім-бұтағы, Жошы тұқымының тарихы, түркі тайпаларының шежіресінен сыр шертетін деректер орын алған. Орта Азия халықтары тарихының мамандары бұл шығарма қазак елінің өткендегі өмірінен аса қымбат мағлұмат бере алатынын атап өткен. Мұнда қазак жүрткының XVI ғасырдың акыры мен XVII ғасырдың бас кезіндегі ахуалы кең баяндалған. Осы кітапта көтерілген проблемалар қатарына қазак-монгол қарым-қатынастары, қазактардың Шығыс Туркістанға ауу себептері, қазак-шағатай одактастыры, Есім ханының Турфанды билеуі секілді күрделі істер аталады.

Тәуекел хан билеген кезеңнің бірталай шындығы «Тарихи шах Махмуд бен мирза фазил Чорас» («Шаһ Махмұд бен мырза фазыл Шорастың тарихы») деген енбекте әңгімеленгенін ғылыми жұртшылық көптен біледі. Бірақ, өкінішке карай, бұл жәдігер де тарихымызды теренниен тексеруге пайдаланылмай келеді. Сондай-ақ «Тарихи Кипчаки», «Тарихи Қашгар», «Исламнаме» төрізді жазба ескерткіштерде де қазактар және қазак хандары (Есім, т.б.) жөнінде дерек кездеседі. Осы аталған енбектердің соңғысында Галдан Церен, Абылай жайында тың мағлұматтар бар делинеді.

Шығыс халықтары тілдеріндегі тарихи зерттеулерді шолуды хиуалық акын Мунисстің «Фирдаус алиқбал» («Бақыттың жұмак бағы») деп аталағын туындысымен шектейміз. Абылғазының шежіресінен, қазак, Хиуа хандықтары байланысынан қазак, қарақалпақ тарихынан мағлұмат беретін бұл енбекті ғылым қажетіне жарататын кез жетті.

## И

Түркістан каласының соңғы бірнеше ғасыр ішіндегі жапы жағдайынан бастап, XIX ғасырдың алпысынышы жылдарына дейінгі халіне бірсыптыра қанықтыратын зерттеу – А.И.Добросмысловтың «Города Сырдарьинской области» (1912) деген еңбегі. Автор Түркістанның X ғасырға дейін Ясы аталып келгенін, XII ғасырдан қаланың данқы ессе бастанын, Кожа Ахмет Шаир хиджранын 562 (1166-1167) жылы қайтыс болғаннан кейін, ақын қабірі зиярат ету орнына айналғанын мәлімдейді. Кішкене кент бірте-бірте шаһарға айналады, Кожа Ахметтің әулие данқы ел билеушілерді де тартады. Жаулаушы, қолбасы Әмір Темір 1397 жылы Түркістанда болғанда, Ахмет Ясауи зиратының басына мавзолей орнатуга пәрмен етеді. Орта Азия жеріндегі ең үлкен архитектуралық ескерткішті соктыруға атакты үкімдар үлкен оймен, терен есеппен барған. Халықтың Ахмет Ясауи зиратын әулие тұтатының және шаирдың өлең ғибраттары ел арасында аса әйгілі екенін үккән Әмір Темір дәл осы жағдайды өзінің алысты болжаган саясатына құрал етіп пайдалануды қөздең, бұл өнірдің халқын мұсылман дініне берілгендей рухында тәрбиелеу бір есебі болса, сахараңың елін билеп-төстеуге қолайлы бір орталық тұргызу арқылы үлкен тірек орда орнатуды максат еткен. Шынында да, үкімдер саясаты ойлаған жерінен шықты. Көп ұзамай қаладағы зәулім биік әрі қиял жетпестей әсем әрі берік мавзолей алыс-жақын елдердің күлшілік етіп табынатын мекеніне айналды. Түркістан мұсылмандар үшін кіші Мекке атанды. «Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда Кожа Ахмет» деген аныз-дақпырт елден елге тарады. Әсіреле казак сахараңының дінге бейіл беретін жұртшылығы үшін шаһардың орны мен мәні өзгеше болып елестейді. «Таяқ ұстай келгенге тай беремін деген, сұлтаным», – деп дала халқы Әзірет Сұлтанды дәріптейді.

Шаһардың осындағы саяси әрі діни-мәдени орнына қызықкан хандар мен әмірлер оны өздерінің қоластында

ұстауға тырысады, қала замандар бойында түрлі билеушілердің колына кезек көшіп отырады. 1495 жылы Темір әuletінің ақырығы өкілі Махмұт сұлтанинан қаланы Шейбани тартып алады. Ал 1582 жылы Бұхардың жауынгер ханы Абдулла Түркістанды иеленіп, қаланың билеушілерін өз колымен өзгертіп отыратын болады. Мавзолейдің Әмір Темірдің өліміне байланысты бітпей қалған жұмыстарының біразы осы Абдулла хан кезінде қайтадан колға алынады.

XVII ғасырдың басынан Түркістан казак хандығының астанасына айналады. Алғаш осында хандық байтағын тұрғызған Шығайұлы Есім болады. Хиуа ханы Абылгазы мұнда үш рет болып, көп тарихи мағлұмат жинаған. Абылгазы өзінің жазбаларында Есім ханының Ташкент билеушісі Тұрсынды кектесіп шауып өлтіргенін айтады. Бұл оқиғаны Марқасқа жырау шығарған өлең растайды. Ол өленін сөздері мынау:

Ей, катағанның хан Тұрсын,  
Кім арамды ант үрсын!  
Жазықсыз елді еңіретіп,  
Жер тәнірісіп жатырсын.  
Хан емессін, қасқырсын,  
Қара алbastы басқырсын.  
Алтын такта жатсан да,  
Ажалы жеткен пакырсын.  
Еңсегей бойлы ер Есім,  
Есігінде келіп тұр.  
Алғалы тұр жанынды.  
Шашқалы тұр қанынды,  
Тұбінде сонан татарсын.

(XV-XVII ғасырлардағы казак поэзиясы, 94-бет).

Есім ханнан кейін Түркістанды Жәңгір хан, одан соң Батыр хан, соңан кейінгі жерде Тәуке хан билейді. Тәуkenін кезінде «Жеті жарғы» аталағын аса маңызды зандар қабылдағаны мәлім. «Қасым салған қасқа жол, Есім салған есқі жол» деген сөздерде де сол хандардың заманында қалыптаскан кәделі дәстүрлердің әйгілейтін терен сырлар

жатыр еді. Осы казак хандары үстемдік еткен кезеңде Түркістан халқымыздың мәдени, әкімшілік және діни орталығы болып қалыптасады, мұнда барлық үлкен рулар мен тайпалардың өкілдері өздеріне қарасты ауыл-ауылдарымен шоғырланады. Соңғы кездерге дейін шаһардың кейбір орам-махаллалары белгілі ру аттарымен аталаған келгені осыны дәлелдейді. Мәселен, фашистік Германияға қарсы соғыстың алдында ғана қалада «Найман маһалласы», «Алышын маһалласы» деген көшелер болатын. Сонымен қатар шаһар қазак хандығы кезінде сахаралық ел керек-жарап үлкендерінде сауда орнына да айналған.

Тәуке, одан кейінгі Қанып хандар тұсында Қазақстанның Ресеймен карым-қатынасын дәлелдейтін мысалдар бар. Екі мемлекет арасында елшіліктер де жүріп отырған. Түркістанды байтақ астана еткен ең соңғы данкты хан Абылай болады. Қожа Ахмет мавзолейі казак хандары мен аса беделді билер, елдің ең ардақты адамдары жерленетін орынға – пантеонға айналған. Мұнда көшпелі өзбек, қазактар ханы Әбілхайыр 1460 жылы кайтыс болған, Абылай хан 1781 жылы өлген, ұлы жұз ханы Жолбарыс, ұлы ғалым Ұлықбектің кызы Рабиға сұлтан бегім, атакты арғын батыры Жәнібек, Оразмұхамедханың әкесі Ондан сұлтан, Қаз дауысты Қазыбек би секілді тарихта есімі белгілі ондаған адамдардың құлпытасы бар. Кейінгі замандарда Әзірет Сұлтанға алыс-жақын қазактың ең қадірлі деген өкілдері жерленетін болған. Өкінішке қарай, олардың құлпытастарын мавзолейді жөндеу жұмыстары жүргізілгенде надан адамдар қыратып, аударыстырып тастаған. Сөйтіп адам айтса нанғысыз тағылық жасаған. Сол құлпытастардың жиып алынған қалдықтарын орын орнына қою, олардың кімдерге тиесілі екенін анықтау – аса жауапты қою, олардың кімдерге тиесілі екенін анықтау – аса жауапты міндettін бірі. Соңғы жылдарда шан үйінділерінің астынан Есім хан саганасының қалдығы табылған, қазіргі кезде мавзолей қалпына келтіріліп жатыр. Сол секілді Рабиға сұлтан бегімнің сағанасы да бастапқы қалпындағыдан бой көтермек.

XVIII ғасырдың жиырмасыншы жылдары казак халқының басына зор апат душар келді. 1723 жылы мыкты қаруланған жонғар косындары бытыранқы жаткан қазақ еліне кенеттен басып кіріп, бейбіт ауылдарға ойран салды. Атадан балаға аныз болып ауысып, елдің есінен мәңгілік кетпестей орын алған «актабан шұбырынды, алқакөл сұлама» сол дәуірде болған еді. Қазактардың көп рулары қасакы жаудан бас сауғалап, бет-бетімен босып кетті. Тарихшылардың есебі бойынша, елдің тен жартысына жуығы соғыс кезінде немесе тұтқында жүріп жок болды. Қазактың табиги өсуіне орасан залал келтірген окиғаның бірі осы еді. Бұрын талай рет бетпе-бет кездесіп, сан шайқаста бірде жеңіл, бірде жеңіліп жүрген жонғарлықтардың қазақ күтпеген сұсты қаруы олардың қолына зенбіректің берілуі еді. Көрші отырған қүшті мемлекеттердің зұлым саясатының арқасында қалмақтар өздері өмірінде көрмеген қаруы – зенбіректі үйреніп алып, қазактардың үрейін ұшырған болатын. Тәуке сынды барлық қазакты билейтін хандар дүниеден кетіп, үш жузді дарынсыз хандар мен сұлтандар бөлшектеп әкеткені, сөйтіп жалпы қазактық қүштің әлсіреуі де жауалардың жедел жеңіске жетуіне септескен еді.

Жонғар жауалаушылығы кезінде астана қала Түркістан 25 жыл бойында жаудың қарауында болды. Қазак халқыны XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы трагедиясы туралы қашшама жырлар, аныз әңгімелер, тарихи өлеңдер тұған. Түркістанның жау қолында қалып қоюы елдің жаңына, әсіресе ауыр батқан. Халық ақындары шығарған дастандарда осы ахуал өте әсерлі жырланған. Сол замандағы халықтың бастан кешкен қасіретті халінің суреті «Қарататудың басынан көш келеді» деген исі қазақ баласына мәлім тарихи өлеңден көрінеді. Қаратату, Түркістан айналасына жиналып, бір орталыққа бағынған іргелі ел екенін сезіне бастаған халыққа астанадан айрылу зор қасірет болып саналған. Содан кейін-ак шаһардың астана ретіндегі мәні азая бастағандай. Жонғар алапатының ақыры қазактардың Ресеймен одактастық іздеуіне, патшалық қарауына өтуіне ұласқаны белгілі. Қалай болған

күнде де, Түркістан қазак халқының байтак астанасы сипатында 250-300 жылдай өмір сүріп тұрганы ақыкат. Кейде «Бізде бұрын қалалар, белгілі бір орталық болмаған» деген сөздердің онай айтып келгеніміз тарихты білмеудің немесе білгісі келмеудің салдары. Ұзак та бай тарихымыз бар, бірақ сол тарихты түсініп білуіміз жоққа тән.

Ташкенттің Нұрмұхамед деген саудагері Уфаға барғанда, Түркістан туралы мынадай мәғлұмат бергенін орыс зерттеушілері атап өтеді. Әлгі саудагер Түркістан Ташкенттен атпен жүргенде бір жарым күндік жерде екенін, Сыр бойында Ақкорған, Сауран, Сұнақата, Созақ, Қарнақ, Ихан, Отырад, Карапшық секілді қалалар болғанын, бірақ бұлардың көбі қалмақ шапқышылығы кезінде кираганын мәлімдеген. Қазактар корғасынды Түркістанға жақын Қаратауда, Суындық деген жерде қорытатын болыпты.

1800 жылы Поспелов пен Бурнашев Павел бірінші патшаның тапсырмасымен Ташкент уәлаятында болғанда, Түркістан жөнінде көп мәғлұмат алып қайтыпты. Олардың айтуынша, Сырдарияның он қанатындағы бұл өнір кен де келісті жазық. Түркістан төнірегіне карай Қаратаудан көп өзен, бұлак ағады. Ертеден әйгілі бұл қала көп соғыстардан сан рет кираган, соның белгісіндей болып шаһардың өн бойында үйінді топырақтар жатады. Бұл қала көп уақыт қазактар қарауында болған, одан кейін Бұхар хандығына бағынған. 1799 жылы Ташкент иелігіне өткен. 1819 жылы Түркістанды Қоқан ханы Омар басып алады, содан 1864 жылға дейін қоқандар бодандығында болады. 1821 жылы қазақ шонжары Тентек төре Түркістанды қайтарып алуға өрекет етіп, 1200 қол жинап соғыс ашады. Бірақ күші басым Қоқан әскерлері бой бермейді.

Ресей әскерлерінің Түркістанды алу тарихы жеке тоқтадуды керек етеді. Орынбор қарауындағы әскерден құралған үлкен жасақты бастап полковник Николай Александрович Веревкин Перовск қаласынан 1864 жылы 22 майда шығып, Түркістанға беттейді. Оның қол астында бес рота жаяу әскер, екі жұз атты казак-орыс, 10 зенбірек, 5 мортір, екі ракеталық

станок болған. Патша қосынында 44 офицер және 1593 солдат бар еді. Отрядка Сырдария өзенімен Перовскийден кеме де ілесе келген. Патша әскерінің алғашкы қөзделегені Созакты алу болған, бірақ Созактағы гарнizon кетіп қалғанын естігеннен кейін, Түркістанға тұра тартқан. Солдаттар Қоқан сарбаздарын ысыра отырып, 8 іюньде Карапшыққа жетеді, ал арада бір күн өтпей-ак бау-бақшалы, ғұл жайнаған қаланың дәл түбіне келеді. Түркістан барлық жағынан да қалындығы үш метрлік қалың дуалмен коршалған еді. Қаланы қорғаушы гарнizon 1500 адамнан құралыпты. Шаһарды қорғауға қаралайым халық өкілдері де қатысады. Қоқандықтар патша әскерін өз төгіп карсы алады. Бірақ патша әскерінің зенбірек оқтары қамалдың дуалдарын бұзып өтеді, кала ортасынан өрт шығады. Созактан 120 сарбаз ертіп қаланы қорғауга көмекке келген Садық тере де басым күшке карсы дәрмен жасай алмайды. Июньнің 11 күні қаланы қорғаушылар дуалдан асып, патша әскеріне үш рет шабуыл жасап, Веревкин колын біраз шығынға ұшыратады. Садықтың бастауымен дүшпанға карсы жасалған өжет өрекеттерді колдаушы күш болмайды. Қаланың begi Мырзадәүллеттің коркып, сонына 330 адам ертіп, қаладан сыйылып кеткенін естіген шаһар тұрғындары ендігі карсыласудың мағынасыз екенін түсініп, патша офицерлеріне бітім сұрап өкілдерін жібереді. Сонымен 1864 жылдың 12 маусым күні орыс әскерлері Түркістанды алды. Шаһарды жауға бергісі келмей, намыс жолында ақырына дейін қайсарлық көрсеткен ерлер есімін ардақтау парыз. Ұрыс кезінде Веревкин бұйрығымен атылған зенбірек оқтарынан Кожа Ахмет Ясауи мавзолейі едөүр закым шегеді. Арада бірнеше ай өткенде Ихан түбіндегі ұрыста патшалық әскерінен 57 солдат шығын болып 23-і ауыр жарапанады. Патша әскеріне карсы осы соғыстың да бел ортасында Садық сұлтан жүргені мәлім.

Нактылы мәліметтер бойынша, Түркістанда 1864 жылы 22 су дүймені, 21 тері илейтін завод, 15 ұстахана, 5 зергерлік орны, 6 тігінхана, 18 наубайхана, 8 шаштараз болған. Ресей қарауына түсkenнен кейін дамыған 1 сауданын саласы шарал

өндіру еді. Бұл істі жедел түрде қолға алғандар Н.М.Иванов, Пугасов дегендер. Мата саудасын алғашқыда татар байлары ағайынды Құсайыновтар жүргізеді, сонынан оларды Давыдов, Борухов, Машеев атты еврейлер ығыстырады, қалада макта тазалайтын, май, сабын заводтары іске косылады. Дәстүрлі бау-бақшалық, жеміс өсірушілік көсібі дамыған.

Жазба зерттеулерде Түркістан елінің сол кездегі мәдени халі, оку-агарту істері жөнінде мағлұмат берілмеген. Біздін ғалымдарымыз революцияға дейінгі медреселер мен мектептер жайын білуге көніл бөлмей келе жатканы өкінішті. Ресми документтерден тек орыс тіліндегі оку орындары туралы ғана азы-көпті дерек табуға болады. Түркістан медреселерінде тек осы өнірдін адамдары ғана емес, казак жерінің әрбір өлкесінен келіп оқып, білім алғандар аз болмаганы белгілі. Басқаларын айтпағанда, бір ғана Қарнак медресесінде ондаған қазак зияльдары оқыған. Қазақтың аса корнекті ақыны Шортанбайдан бастап, Молда Мұса, Шәді төре, Мәшін Жүсіп, Бердікожа (М.Әуезовтың ұлы атасы) төрізді білікті адамдар тағылым алған медресенің тарихын зерттеуге өбден түрарлық екеніне құмән жоқ. Жалпы араб әрлімен саут ашып, кейіннен ғылым жолына берілген, кезінде халықтың рухани дамуына әсер еткен білімдарлар тарихы мен тағдырына көніл бөлөтін уақыт жеткендей. Халық тарихы тұтас зерттелгенде ғана объективтік шындыққа көз жетпек.

Біздін сөз еткеніміз Түркістан шаһарының тарихына қа-  
тысты ұзак шежіренің бір қысымы ғана. Қаланың арғы заман-  
дарға тән келбетін зерттеу, онын Орта Азиядағы Бұхар, Таш-  
кент секілді ең көне мекендердің бірі екенін орынды сипаттау  
– тарихшылар мен археологтар алдында түрған уәзипа.

## ШЕРЛІ ШЕЖІРЕ

### I

Әдебиет зерттеушілер түрік халықтарының, соның ішінде қазактың, көне әдебиетінің тарихын бір жарым мың жыл бұ-

рынғы Орхон жазулары кезеңінен бастап жүргені белгілі. Оку-лықтар, хрестоматиялар осыған орай жасалып келеді. Бірақ өзге қоғамдық ғылымдардың, соның ішінде тарихшылардың қазак тарихының бастауларын Түрік қағанаты дәуірімен байланыстырып сөйлеуге батылдық етпей жүргенін де білеміз. Ол түгіл XIV ғасырда орталығы Сыр бойындағы Сығанак қаласы болған, негізін Орыс хан қалаған мемлекеттің бізге «ет жақын» екендігі де сөз жүзінде мойындалғанымен, «осы дұрыс» деп бірауыздан мәмілеге келгендей байқалмайды. Тіпті, көптен бері тарихи енбектерде қалыптасқан, «қазақ» атымен XV ғасырдың орта шенінде орнаған мемлекетіміздің ірге бекіту санасын атап өтуде де түсініксіз салғырттық орын алған. Соңғы бірер жылда Қазақ мемлекеттігінің 540 жылдығын лайықты атап өту тұрасында жүртшылық пікірі тегеуінді түрде білдірілді. Өкінішке қарай, республикамыздың жетекші үйимдарында бұл мәселеге пәлендей мән бергендей байқалмайды. Тұтас бір халық тағдыры шешілген осындағы аса ірі қаделі оқиғаға тиісті ілтипат болмауын өз тарихымызды білмегендік, қадірлемегендік демей не дейміз? Мұны әлдекімдердің қасақана жасап отырған кедергісі деп айту да қын. Біздіңше, мәселенің түбірі жалпы қазақ тарихын тануымыздың шалалығында, білуге деген үмтүлістың аздығында.

Қазақ мемлекеттігі құрылғалы бірнеше ғасыр өтсе де, өткеніміз бен кеткенімізді саралап талдауға, ақиқат қорытынды жасауға мүмкіндік тумай келгені анық. Бейнелеп айтсақ, еліміз жүздеген жылдар бойында жаудың етінде, желдің бетінде дегендей халде өмір кешіп, «өзіне-өзі келген» кезеңі бола қойған жоқ. Қазақ хандығы орнағаннан бастап түстүстан андызаған дүшпандар ес жиоға мұрша бермеген десек артық айтылғандық болмас. Халқымыз қайсарлық көрсетіп, сан түрлі жауларын женип, тәуелсіздігімізді, кеністігімізді сактал калды. Ен тажал дүшпанның бірі жонғар жаулаушылары болса, оны да қазақ халқы ұзак күрестен кейін жерімізден қуып шыкты. Қазакты қалмак-жонғардың қолымен жоқ қылмақ болған көрші империялардың зұлым ойлары іске

аспады. Абылай хан заманында жұрттыңыз тағы да еркіндік ауасын жұтуға, бейбіт тіршілік жасап, өсіп-өнүге мүмкіндік алды. Амал не, өзгелерді жаулап алуға дәніккен, зорлық-зомбылық, киянат жасауға «еті өлген» Ресей империясының темір бұғауына амалсыз іліндік. Бұл оқиға, сылап-сипайтыны жоқ, казак қасіретінің басы болған еді. Сондыктан да соңғы 250 жылдағы тарихтың еріктен айырылып, өзгениң канжығасында кеткендіктің тарихы болды.

Халқымыз бодандыққа өз талабымен келді деген қисын шындықтан аулақ екенін енді-енді айта бастадық. Еліміздің қаһарман ұлдары азаттық үшін сан рет майдан ашты. Сырым, Есет, Жанқожа, Исатай сынды ерлер бастаған көтерілістің түпкі мәні отаршылдыққа карсылық болатын. XIX ғасырдың орта түсінда Кенесары Қасымұлы жетекшілігімен жүргізілген ондаған жылдарға созылған қазак халқының тендік намыс үшін бас біріктірген қозғалысы мәнгілік мәнін жоймайтын, өшпеген рухымыздың көрінісі. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске куат берген де азат өмір үшін сөнбеген үміттін, мұқалмаған жігердің нышаны болатын. Осы көтерілістің басшылары Әбдіғапар, Амангелділер әрекеті ежелгі ерлік туын қайта көтерген қаһарлы қымыл еді. Халықтың еріксіздік камытын жулып тастамақ болған ереуілдері мен бас көтерулеріне тағы да көп мысал келтіруге болады. Соның жарқын бір жалғасы – қазак студенттерінің 1986 жылғы желтоксандағы отаршылдық өктемдікке карсы батыл бой көрсетуі.

Тарихи оқигалар, дәуірлер, атакты қайраткерлер жөніндегейінгі кезге дейін қайшылықты пікірлер, бағалар орын алғып келуінің негізгі себептері айқын. Ол, ен алдымен, өз тарихымызды өз парасатымыз тұргысынан зерттеп білуге мүмкіндіктің болмай келі. Соңғы екі-үш ғасыр ішінде орыс және басқа еуропалық тілдерде жазылған енбектердің көбі Қазақстанның тарихи күбылыстарын еуроцентристік дүниетаным тұргысынан талдағаны көміл. Қандай саяхатшы, шолушы, тарихшы, этнограф, шығыстанушы болса да зерттеулерін казак елінің байлығын, жерін негұрлым толық иемдену мақсатын

көздей отырып жүргізген. Эрине, көбінесе миссионерлік, барлаушылық мұддені көздегендерден басқаша нәтиже күтудің өзі аңғалдық болар еді. Казакстанның ақиқат тарихын жазуға бел байлағандар өлтіндей еңбектерді сын көзімен қарап пайдаланулады абыз.

Еуроцентристік концепция бойынша жазылған көптеген еңбектерде қалыптасқан қисындар қазақтың бірталай зиялды буынына жалған ұғымдар сініргенің «жемісін» көріп келеміз. Бірынғай орысша кітаптарды ғана оқып, қазақтың төл шежірелерін білуден маҳрум қалған отандастарымыздың кейбіреулері ұлт тарихы мен тағдырын өзгенін көзқарасымен сипаттауға бейім. Қазақтың бесік жырын тыңдалап көрмеген, шежіре оқымаған, жыр-дастандарды, халықтық әндер мен қүйлерді естіп ләzzat алмаған, қазакша басылымдардың бетін ашып қарамаған осындаі білермендердің залалы аз болып жүрген жоқ. Өзге діндерге ауысып шоқынатындар да қазақтың төл мәдениетін «қазақ атынан» сынайтын да осындаі шала қазақтар. «Еуропа әсері болмаса, Қазақстан дербес ел дәрежесіне көтеріле алмас еді», – дейтін зұлым, киянат тұжырымды тарататындар да осындаі «өзімізден шықкан» жат піғылдылар. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дербес дами алатынына құдік тұғызытындар да, аты қазак, заты әделек жандар. Қасіреттің ұлкені сол – ондайлар тұтас бір халықтың творчестволық қабілетін бағаламайды, еліміздің азаттық үшін жүргізген ұлы құрес тарихынан бейхабар. Қазақ халқы дүниежүзілік өркениетке зор үлес қосқанын, қазак тілінін әлемдегі ең бай тілдердің бірі екенін, халқымыздың даналығымен жараптап эпостың өзі бес жүзден асатынын нигилистер білмейді және ең өкініштісі, білгісі де келмейді. Соған қарамастан, олар қазақ халқының болашағы жөнінде сөүегейлік жасайды, ұлт мәдениеті мен психологиясының табиғатына бойламайды. Олардың өткен мен келешекті сөз еткенде тілге тиек ететіні, өлшемі өздері біржакты түсініп қабылдаған жалған қалып ұлгілер. Мұны еңбектерін орыс тілінде жазатын, қазақтың «көріпкелдері» болғысы келетін

Масанов пен Әмірекүловтар мақалаларынан ангаруға болады. Қандай халық болса да мәдениетін өз топырағында, ең алдымен, өз дәстүрлөрі негізінде дамытатынын мойында май, өзгелердің әсеріне ғана телміріп отыруға шакыратындар қауымға деңі дұрыс бағдар бере алмайды. Соның жылдарда тез байыған іскерлердің бір тобы «Казахстанская правда» газетінін бетінде қазак жерін сатайық, ұлттымыздың атын атамайық деп үндеу тастауы – теріс түсініктің нәтижесі.

Бір жаксы жері, тарихымыздың көптеген көмескі тұстарын анықтауға ат салысын, татымды еңбектер беріп жүрген зерттеушілер жоқ емес. Бұл ретте тарихтанудың методологиялық мәселелерін қалыптастыруға өз үлесін қосқан академик М.Козыбаевтың, Қазакстандағы ұлттық-азаттық күрестер туралы тың тұжырымдар жасаған Ж.Қасымбаевтың, «Алашорда» қозғалысы табиғатын жаңаша пайымдаған М.Қойгелдиев пен Нұрпейісовтің монографияларын, казак халқынын отызынши жылдардың бас кезінде жоқшылық пен ашаршылыққа ұшырау себебін терең тексерген Т.Омарбековтің еңбектерін игі бастамалар деп қараймыз. Қазақстандың қыпшактану орталығына айналдыру максатын көздең, осы тарапта көп жылдардан бері еңбектеніп келе жатқан Б.Кемековтің ізденістері де көңіл аударарлық. Тарихи дәуірлер сирын жаңаша көрсететін окулықтардың жарық көруі де жаксы қадамдар. Бұл және басқа еңбектер қазақтанудың алдағы кезде жана сапара шыға алатындығына сенім үялатады.

Еуроцентризм зардаптарынан арылу өтे күрделі уәзипаға айналуы тиіс. Қазақстанда ертеде қалалар болмаған, отырышылық дамымаған, сахара халқы бірынғай көшпенділікпен айналысқан деп келетін үгымдардың ықпалында жүргендер әлі де көп. Қоңе қазак қалалары туралы Ә.Марғұланның, К.Ақышевтың, К.Байпақовтың, т.б. археологтардың тамаша еңбектері өз бағасын әлі де алып болған жоқ. Қазақстанның тарихи-этнографиялық музейлерінде ескі қалалар мен егіншілік, отырышылық ошақтары жайында мағлұматтар мүлде жеткілікіз жинақталған. Түрік халықтарының, соның ішінде қазак жинақталған.

Халқының жаһандық мәдениетке қосқан ғажайып жаңалығы болып табылатын ертедегі түрік алфавиті хакында жүртшылықтың түсінігі жоққа тән. Қаншама тарихи мағлұматтарды тасқа қашап жазған ескерткіштер дүние жүзінде түріктен басқаларда жоқ. Міне, осы қазына жөнінде жүртшылық ауыз толтырып айтартылған мағлұмат білмейді. Орхон жазулары жөнінде бірнеше құнды еңбектер жариялаған Ф.Айдаровтың ғылыми ерлікке барабар ізденістеріне мән берген ғылыми орта бар деп те айта алмаймыз. Кезінде шығыстың екінші Аристотелі атанған, энциклопедияшы ғұлама, ақсан философ жерлесіміз Әл-Фарабидің мұрасын бүтінгі қауымға үздіксіз насиҳаттап, талай кітап, мақала жазған профессор А.Машановтың ғидайылық еңбегін ескерген басшы орындар болды ма екен? Қазақстанның археологиялық ғылымына өлшеусіз жаңалық әкелген, осы тақырыпта бірнеше монография жариялаған ақадемик Ә.Марғұланның мұрасын да танып-білдік дей алмасак керек. Ол Орталық Қазақстанның бай заттық мәдениеті болғанын, бұл өлкеде ертеде мыс қорыту өнері дамығанын нактылы мысалдарға сүйеніп тұжырымдады. Осындай еңбектердің насиҳатталуы аздықтан әлі күнге дейін көптеген авторлар Қоңе Сарыарқаны тек кана көшпенді малшылардың мекені деп білгісүден жалығатын емес. Ал қазак тарихынан бөліп алып қарауға болмайтын Алтын Орда туралы білетініміз де мardымсыз. Зерттеушілер Алтын Орда империясында 110 қала болғанын айтады, ал біз солардың ең болмаса біреуі туралы да татымды дерек білмейміз гой.

Тарихымыздың тым атусті сөз болып келгенінің тағы бір күрделі себебі өткен заман оқиғаларын тек қана тап тартысының тарихы деп қараушылықтан туған еді. Бүтін тарихты байлар мен кедейлердің тартысынан тұрады деп жасанды түрде қак бөліп қараушылық көптеген біржактылыққа жол ашты. Осындай көзқарастың, салдарынан үstem тап қатарынан шықкан небір ірі қайраткерлер мүлде атаусыз қалдырылды, ал ілүде бір сөз бола қалса, синалуға тиісті болды.

ХХ ғасырдың басында қазак қоғамының мән-жағдайын

терен талдаң жазған ойшыл ғалымдар еңбегі ондаған жылдар бойында жабық жатты. Әдебиеттіміздің де аса дарынды суреткерлері байлар идеологиясын костады деген сұлтаумен қаралып, шығармалары жарыққа шыкпады. Осы жүзжылдықтың бас шенінде халықтың тарихы, тағдыры, болашак бағдары, әлеуметтік ахуалы, ұлттық мұраты жөнінде терен ойлы тракттар, ешқашан мәнін жоймас көркем туындылар, окулықтар, сөздіктер, тәржімалар жаратқан Ә.Бекейханұлы, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытұлы секілді ақыл-ой корифейлерінің еңбегін ғасырдың акырына дейін білмей, окуға мүмкіндік таппай келуіміз орын толмас өкініш. Бұл және басқа қайраткерлердің еңбегінде халқымыздың асқак арманын толғаған, ұлттық идеологияның бағдарламасы орына жүретін өміршен пікірлер мол екенін қазақтың бірнеше буын зиялышы білмей өсті. Біз ұлттық даму ерекшеліктерін есепке ала отырып, педагогика, психология окулықтарын жасауды енді қолға алып отырмыз. Ал мұндай окулықтар ана тілімізде жиырмасыншы жылдарда-ақ тұған екен. Профессор Ә.Ермекұлы жоғары математиканың төл окулығын отызыншы жылдардың бас кезінде жазыпты. Бұл катарда Х.Досмұхамедұлының медицина, С.Асфендиаровтың, М.Тынышбаевтың қазақ тарихы саласындағы зерттеулерін айтуға болады. Осылар секілді кемел ойлы тұлғалардың мұрасы жасырулы қалдырылғаны өз алдына, бұл қайраткерлердің өзіне ғайбат айту да толастамай келген еді. Бұлардан кейінгі буын арасынан шықкан ойлы оқымыстылар да репрессияға ұшырап, өмірлері киылып кетті. Осы жағдайларды ойлағанда, XX ғасыр казақтың ұлттық даму мүмкіндігін тежеген, трагедияға толы ғасыр деуге лайық. Орта және жоғары оку орындарында өтілген пәндердің жетекші бағдары ұлттықты жойып, тексіз, мәнгүрттенген мамандарды тәрбиелеуге беймделген болатын.

Тарихтанудың тым кенжелеп қалуының тағы да бір себебін айту керек. Дүниеде бір-бірімен байланыссыз, өзара әсер, ықпал көрмей жасайтын ел жоқ. Бірақ Кенес дәүірінде

осы зандаудың бұзылды. Қазактардың орыс әдебиеті мен мәдениетіне танысуына мол мүмкіндік туғызылғанымен, тарихы, тағдыры, тілі, діні жақын халықтармен рухани ауыс-түйісі мүлде азайды. Орта Азия республикаларының шекарасы «ресми» белгіленуі үшін елдердің бір-бірінен алшактай түсіне жол ашты. Әсіреке түрік халықтары ынтымағын өзара дәнекерлеп түрған желілер үзілді. Нактылап айтқанда, казак, өзбек, татар, түркмен, қыргыз әдебиеттерінің ортақ ескерткіштері бұлардың бәріне бірдей қымбат мұра деп қаралмай, әр халықтың «төл» казынасы ретінде сипатталатын болды. Айтальық, «Дәде Қорқыт кітабында» күллі түрік халықтары арасына тараған эпикалық сарындардың неғұрлым мол жинақталғаны сөз де болған жоқ. Жүсіп Баласағұнның «Күттү білігі», Махмұд Кашғаридың «Түрік сөздігі» сынды туындыларының әлемдік мәні ашылмады. Ал түрік елдері поэзиясында соғылық сарынды негіздел енгізген Ахмет Ясауидің «Даналық кітабы» ауызға алынбады. Ғасырлар бойында ортаазиялық түрік тілінде аса мол рухани мұра жасалғаны мәлім. Ал сол мұраны біз күні бүгінге дейін мәнгеріп болғанымыз жоқ. Стамбул, Ташкент, Қазан, Баку кітапханаларында бетін ашып қарағандар сирек. Өйткені мектептер мен жоғары оку орындарында араб, парсы, түрік тілдері де, тарихы да өтілмейтін еді. Шығыс тарихы мен мәдениетіне жетік ескі зиялыштар түгелге жуық жойылды. Сейтіп, тарихынан бейхабар бірнеше буын пайда болды. Біз ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен ғылыми, мәдени мұрасына иелік ете алмай келдік. Сонау X ғасырларда Орта Азия мәдениеті мен ғылымы Батыс Еуропадан көш ілгері болғаны түсімізге де кірген жоқ. Математиканың атасы Хорезми, философияның тенденсі жоқ білгірі Фараби, медицинаның әлем таныған данасы Әбу Эли ибн Сина, энциклопедияшы ғалым Бируни – өзіміздің отандасымыз, Тұран тұлектері екенін кейінірек есіттік. Түрік халықтары адамзат өркениетіне мәңгілік мәнін жоймас сыйбаға қосқанын күні бүгінге дейін біліп, лайықты насиҳаттап та жүрміз дей алмасақ керек.

Белгілі шығыстанушы ғалым Ә.Дербісөлиев «Қазақ даласының жұлдыздары» (1995) деген кітабында осы кезге дейін аты жеткілікті мәлім болмай келген елуден артық ертедегі ғұламалардың өмірбаяны мен енбектеріне сипаттама берді. Ол осы мағлұматтардың көбін өзіміздің Орта Азия қалаларындағы шығыс қолжазбалары мен қиссалары арасынан тапқан. Бұл біздің өз топырағымызда орын тепкен ғылым, пән тарихын білуден де орасан кешеуілдеп келгенімізді дәлелдейді. Шығыстанушы мамандар даярлауға соңғы жылдарда көніл бөлінуі өз жемесін бере бастады. Соның бір мысалы дарынды зерттеуші Ә.Дербісөлиевтің татымды кітабы. Түрік халықтары мың жылдан артық пайдаланып келген араб әліпбінен көз жазып қалғанымыздың өзі қаншалық өкінішке душар еткені осы кітапта таныстырылған ғалымдарды жана фана біліп отырганымыздан да көрінсе керек. Мұндай мысалдарды ондаған, жүзден келтіруге болады.

Кеңестік дәүірде исламды мансұқтау терең ойластырылған саясат екеніне жүртшылық әлі де толық көз жеткізіп болды дей алмаймыз. Халықты діннен айыру барша мұсылман жамағатшылығына жасалған зор киянат десе де болады. Қоғамда азу-тозу, имансыздық бел алуы да тікелей осындағы «дінсіздікті» марараптаушылықка байланысты. Мұның түпкі мақсаты дүние жүзінің өркениетіне исламның тигізген тәсірін мансұқтау ниеті еді. Дінге қатысты жүздеген, мындаған енбектер ескерусіз қалды, оларды надандық, артта қалғандық күәліктері деп бірыңғай каралау орын алды.

Оз еліміздің тарихын білмеудің, өткеннін жаксы үлгіле-рінен мүлде кол үзудің, тәуелсіздік мұратымен жалындау-дың, намыс пен ерлікке қабілет азаюының мысалдары біз жоғарыда атап өткендерден анағұрлым көп. Орыс халқының ұлы ойшылдарының бірі Н.Добролюбов өзінің бір енбегінде қандай халықтың да мінезі дүниетанымында курделі өзгерістер туғызу үшін екі-ак буынның өмірі жеткілікті деген екен. Ал еріксіздік өмір кешкелі ондаған буын өмірге келіп-кеткенін ескерсек, бүгінгі жасаған мінезіміздің түп-тамыры, айқындала

түседі. Ал қандай да халық болмасын жоғалған сенімі мен әзіне тән қасиетін қалпына келтіру үшін тарихты білу шарт.

## II

Түрлі жағдайсыздықтың салдарынан қазақ халқының үштен бірі басқа елдерге шашырап кеткені тарихымыздың шерлі сыры болып табылады. Олардың көбі Қытайда, Ресейде, Өзбекстанда, Монголияда, Туркияда және басқа мемлекеттерде өмір кешіп келеді. Қандастарымыздың қылы-қылы тағдыры туралы соңғы жылдарда ғана там-тұмдап біле бастадық. Тіпті, ата конысында қалған қазақтың да өмір кезеңдері, тарткан тауқыметі жайында билетініміз толық емес. Қөп мәселенің шындығы жартыкеш қана айтылған, саясатка бейімделіп жазылған. Бүгінгі танда басы құралып болмаған халықтың жай-күйін түгендеп айтып шығу кімге де болса қын. Бейнелеп айтсақ, казак көші қазірге дейін аяқталып бітпеген, ол әлі де жалғаса бермек.

Қазақтың өз ата конысынан әуел баста кетуге мәжбүр болуының жай-жапсары бірсыныра енбектерде сөз болған. Олардың қатарында сонау отызынши жылдарда репрессия қурбаны болған, аса дарынды қазақ ғалымы әрі публицист Телжан Шонанұлының қайта басылған «Жер тағдыры – ел тағдыры» (1995), көрнекті журналшы, әдебиетші С.Әсіптің «Қазақ қасіреті» (1994), тарихшы, қоғам қайраткері Зардыхан Қинаятұлының «Жылаган жылдар шекіресі» (1995) сынды танымдық мәні зор кітаптарын және кейінгі кезде «Түркістан», «Қазақ елі» газеттерінің бетінде жарияланып жүрген кейіріп макалаларды көрсетуге болады.

Тұған жерден кету, белгісіз алысқа беттеу қашан да ауыр ахуалдың себебінен болмак. Міне, осы халдерді білу тарихшы мамандар үшін ғана емес, әрбір отанышын азаматқа да керек. Біз кейде: «Халқымыздың ынтымағы аз, бірлігі әлсіз, бауырмалдығы кем, сондықтан өзге халық өкілдері біздің үлттық ерекшелігімізді, тілімізді дәстүрімізді күрметтемейді. Қазақстанда ондаған жылдар тұрып, он ауыз сөзді

үйрәнбендер бар», – деп нала боламыз. Ал, осындай қүйге қалайша душар болғанымызға талдау жасай бермейміз. Шындығына келгенде, қазактың торғайдай тозып кетуі, қырғын, зорлық нәубетке бір емес, сансыз рет ұшырағаны халқымыздың ежелгі ерлік, өрлік, намыстылық қасиетін ұмыттырып, өзін-өзі қадірлей білмейтін жағдайға әкелгенін ескермейміз. Қандай кеселдін де тұп себебін білмей дәрігерлер түзу ем жасай алмайды. Сондай-ак халқымыз көркейсін, өркен жайсын, өзгелермен терезесі тен болсын деп тілейтін әрбір зиялы зұлымдықтарды әшкерелеп, мазлұмдардың қеудесін тік көтеруіне септесуі ләзім.

Қобіміз осы күнге дейін еркіндікті жоғалту, шұрайлы жерден айрылу, амалсыздан түрлі тараپқа босып кету тарихын шала білеміз, таксыреттің түп тереңі дәл осы мәселеге байланысты екенін бейхабармыз. Олай болса, жер тағдыры – ел тағдыры деген нәрсе тарихымызды танудың, содан тиісті қорытынды шығарудың маңызды шарты болмақ. Қазақ халін сөз еткенде қобінесе шаттық емес, мұн, өкініш басымырак сарын болып келетіні де объективтік ақиқаттың елесі деуге болады. Қазақ жағдайын бір адамдай білген ақын, ойшыл Абайдың шығармаларында ел тарихының данкты кезендері туралы кем айтылып, онын есесіне қоғам, адам бойындағы міндер тізіліп берілетіні де кездейсок емес. Абай өз халқын сүймеді, қастерлемеді деуге бір де бір адамның аузы бармас. Өр, асқақ эпопеялар халықтың елдік мұраты өрлең немесе соған деген ансар сезіліп тұрган заманда туса керек. Ал Абай өмір кешкен кезең қазактың ұлттық мұраты тозып, асыл армандары ұмытылып, байырғы болмысынан айрылып, отаршыл империяның құлак кесті құлы болған кезең еді. Ақынды қоршаған ортада тәуелсіздік, азаттық, егемендік сынды ойлардың нышаны да қалмаған еді. Ақынның біртебірте ұсақталып, азып бара жатқан елінін мінін айтып, ізгілікке шақырудан басқа шарасы жок болатын. Жалпы сонғы ғасырларда қазактың қазақ туралы көркейтіп, көтеріп айтқан сөздерінін ілуде бір ұшырауы да өзгелерге бағыныштылықтың

жалыптасып кеткендігінен, халықтың өзіне деген сенімінің қоғалуынан деп қарауға болады. Қазақ күншіл де, міншіл де, ірізшыл да, жасық та халық емес. Оның табиғатында кеңдік те, ерлік те, намыстылық та, парасаттылық та жеткілікті. Экінішке қарай, біздін халқымыз мойнына бодандық қамыты ғүскеннен бері, сол қасиеттерін жоғалта бастаған, анығырап шытқанда, билеуші мемлекет сансыз айла, зорлық қолданып, бір замандағы ер халықты ез халыққа айналдыруды көзделген.

Қазақ тәуелсіздігін мойындағысы келмейтіндер екінің бірінде-ак: «Республикада жергілікті халықтың үлесі басым емес, сондыктан казақтар ондаған үлттар мен ұлыстардың бірі ғана», – деп өктемдейді, кайдағы аты, заты белгісіз «азаматтық қоғам» дегенді аңсайды, ұлттық-демократиялық мемлекет деген терминге жолағысы келмейді. Қазақтың өз елінде үні айқын естілмеуіне жалғыз «себеп» саны аздығы екен. «Көп жасағаннан көрген тамашамыз» дегендей-ак сексен жыл бойында өстік, өркендердік, кемелдендік дегендегі жеткен жеріміз осы болыпты. Отken ғасырдың ақырындағы халық, санағының қорытындысында Қазақстанда казақтардың үлесі сексен пайыздан артық болып, үстіміздегі ғасырдың алпысыншы жылдарында отыз процентке төмендеп кеткеніне кім кінелі дегенді империялық өктемдік жүргізіп келгендер ойлап жатпайды. Олардың үкімі: «Азсындар, сондыктан әлдерінді біліндер, ұлттық мемлекет орнатамыз дегенді естен шығарындар» дегенге саяды. Ал «азаматтық қоғам» орнатамыз деушілік қазактың ұлттық дербестігін жойып, бірыңғай орыс тілінде сөйлейтін құрылымды көздеушілік екені айқын.

Шовинистер мен космополиттік қоғамды қөксөүшілер үкімет басшыларына док көрсетуге де әбден шеберленіп алған. Олар орыс тіліне мемлекеттік тіл статусы берілмесе, дүние бүлінеді деп шу шығарумен келеді. Ал, қазақ тілінің мемлекеттік тіл болғанынан орыс тілінің мұрты кетілмегені, Қазақстанда қоғамдық, ресми орындарда орыс тілі үстем екені екінің біріне белгілі. «Орыс тілі қысым көрді», – деп бір де бір қарапайым орыс адамы дау көтерген емес. Өйткені бұл тіл

ондаған жылдар бойында аяғын қалай алшаш басып келсе, қазір де сондай. Шататқ іздептіндер ат төбеліндегі ғана шовинистік топ. Көп тиражбен тарайтын «Караван» секілді газеттер: «Орыс тілділердің құқына нұқсан келгендіктен, Казакстанға апат төніл түр», – деп сұнқылдаудан жалықпайды. Дүниеде жок «орыс тілділер» проблемасы дегенді ойлаپ. Тапқандар да – қазак еркіндігінің дүшпандары. Олар, тіпті, өзбек, татар, башқұрт, қыргыз, үйгyr, азербайжан сының түрік халықтарын да «орыс тілділер» қатарына оп-онай коса салады, бұл халықтардың бай тарихы, жетілген тілдері, жер жүзіне бұл халықтардың бай тарихы, жетілген тілдері, жер жүзіне мәлім әдебиеті бар екенине көз жұмып қарайды. Ақырында, бұл байбаламшылдар дегеніне жеткендей болды. Осылардың көnlінен шығамыз деп соңғы конституциямызда «қазак халқы» деген тіркесті де жазбайтын болдык. Дәл осы мәселе жөнінде қазак халқының ансары мен арманы ескерілген жок. Мұның түбінде қандай халге апаратының уақыт көрсетер. Біз қазак халқы өз жерінде неге азшылыққа айналды, бұл қандай объективтік себептерге байланысты болғанына ғана қысқаша тоқталып өтуді жөн көреміз.

Тарихтың қасіретті беттерін парактау өткенді тағы да бір кайталау емес. Мұндай шолу жұртшылықтың ойын ширату, жаңа қорытындылар жасау, кателіктерден сабак алу, бүгінгі және келешек қауымды биік мұраттарға бағдарлау үшін де кеп. Ен әлдымен қазактардың ата қонысынан жан-жакқа ыдырау тарихы әуел бастан сырғтан келген зорлықшыл құштердің әрекетінен туғанын айтуымыз жөн. Зерттеушілер қазак елінің түрлі тарапқа босуын бірнеше кезенге бөліп қарайды. Соның алғашкысы – XVIII ғасырдың бірінші жарты-сында жонғар қалдардың басқыншылық соғыстарының зардабынан туғаны мәлардың – Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын қайғылы жырдың атадан балаға ауысып, замандар бойында үміт болмай келе жатқаны да еттен өтіп сүйекке жеткен зәбірдің жаңғырығы.

Жонғар шабуылы өзінің зіл салмағы қалмақ қастандығынан анағұрлым асып түсетін кіріптарлыққа жол ашты. 1731 деректер, қызылдықты ойлар кездескенімен, оның көбі, түптел келгенде, Ресей империясының мұддесін көздеу тұрғысынан жазылған. Бұл мәселеге ұзақ кідірмей-ак, бір нәрсеге қоңыл аударсақ та, ақиқаттың астары анғарыла түседі. Қазақ пен жонғар арасындағы соғыстарда ойрат озбырларының алғашқы кезде басым тұсуі оларда зенбіректердің болуынан екені айтылып жүр. Ал осы зенбірек көшпелі жонғарларға қайдан келген деген сұрауға қымсынғандай, құмілжіп қана жауап айтамыз. Орыс армиясының офицері, инженер Ренат бір соғыста қалмактардың колына түсіп, барған еліне зенбірек қүюды үйретіпті-міс деген ертегіге үксас әнгімеге сенгендей сының көрсетіп келдік. Шынында, Ренат және оның қасындағы әскери мамандар жонғар колына тұтқын болып түсті ме, әлде оларға астыртын келісім бойынша әдейі жіберілді ме – ол жағын анықтай тұсу кажет. Ресей патшасының казактан ғөрі көп ретте жонғар тайшыларымен одактас, тілектес, мұдделес болғанын еске түсірсек, қазак еліне деген терен, ойластырылған қастандықтың, сырды ашыла түседі. Эрине, тарих дөңгелегі кері айналмайды, шындықты білу біреулерді айылтау үшін емес, тарихи құбылыстарды адал түсіндіру үшін керек. Қалай болғанда да, қазактың іргесі сөгіліп, көрши әлдерге үркіп көшүінін алғашқы тұрткісі жонғар шабуылының зардабы екені көміл. Бұл жөнінде тарихшылар И.Қабышұлы мен З.Кинайтұлының енбектерінде анық деректер келтірілген.

Қазірге дейін Өзбекстан мен Тәжікстанның кейбір үәләяттарында сонау «актабан шұбырынды» заманында жер ауған қазактардың үрім-бұтағын кездестіруге болады. Ресей жеріне асып кеткендердің де бір бөлегі өзінің ата қонысынан сол өүрапыл кезенде бас сауғалагандар екені арнаулы зерттеуге ғұраптық. «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын қайғылы жырдың атадан балаға ауысып, замандар бойында үміт болмай келе жатқаны да еттен өтіп сүйекке жеткен зәбірдің жаңғырығы.

Жонғар шабуылы өзінің зіл салмағы қалмақ қастандығынан анағұрлым асып түсетін кіріптарлыққа жол ашты. 1731

жылы Кіші жұз ханы Әбілхайыр Ресей патшалығына өз еркімен бодан болды. Осы мезгілден бастап Қазақстан жерінің түрлі тәсілімен тартып алыну тарихы басталады. Қазақ әдебиетінде жерден айрылуудың өксікті шерлері өшпес із әдебиеттің көз кимайтын көркіті, шаруаға калдырган. Еділ, Жайықтың көз кимайтын көркіті, шаруаға колайлы жерлерінен айрылу тақырыбының өзі көптеген өлең, мен мұны осындай шығармалардан айрықша байкалады. Сарыарқаның құнарлы топырақты жерлерінің талауға түсі, ол өнірлерді ежелден коныс еткен елдердің сүттей үйыған қалыпты тіршілік жүйесінін бұзылуы күйініш, екініш қамалдар салу, оның айналасындағы өнірді әп дегеннен қамалдар қашараға шұбырынды «қара шекпендерді қөшіріп, оларға ен шұрайлы жерлерді бөліп беру, бұдан қалғанын патша ағзамының меншігіндегі үлес деп маңайна жан жолатпау, қазақ коныстарын зорлықпен бұзып, елді күюп, тықсыртып тастау, соры қайнаған жергілікті тұрғындардың өз жерін өзіне «жалға» беру, «егіндік жерлерімізді малдарын таптады» деген сұлтаумен казактарға қасақана айып төлету секілді зорлықтардың ұзын тізбегі Телжан Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры» деген еңбегінде дәлелді, нақтылы зерттелген.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің мән-жайын баяндаған еңбектер аз емес. Осы зерттеулерде халықтың патшалықка деген тегеурінді қарсылығы мен қарулы құресек шығуының себептері мен салдары көрсетілумен қатар, жазалаушы әскерлердің кісәпір жауыздығынан бас сауғалап, қазақ елінің бір бөлегі шет елдерге көшіп кеткендіктері туралы да айттылады. Бұған Т.Рысқұловтың, А.Асфендиаровтың бұдан ондаған жыл бұрын жазылған кітаптарын мысалға алуға болады. Жетісу жеріндегі Албан көтерілісінің құжаттарын терең тексеріп жазған Т.Жүргібайұлы мен С.Тәнекеевтің зерттеулері тарихи құбылыстардың жаңа қырларын анықтауға көмектеседі. Бұл еңбектерде патшалық әкімдерінің қазақ елін көмектеседі.

қырып-жойып, оның жерін түгелдей иемденіп алуға бекінгені, тұтас бір елге деген геноцидтік саясаты әшкереленген.

Патшалық Ресей тараپынан қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алу кездескі құбылыс емес, ол орыс империясының терең ойластырылған мақсаты болатын. Бірінші Петр патша келешектегі жаулаушылықтың түпкілікті міндеттің өсінет етіп қалдырган фой. Ол: «Еділдің шығыс жағында қайсак елінің көз байтак жері жатыр. Осы өнірді Ресейдің иелігіне алу үшін ешқандай шығыннан қашпау керек. Соның барлық шарасын пәрменді жүзеге асыру шарт», – десе, Екінші Екатерина ойлары одан да асып түседі. Ол: «Қырғыз-қайсақтардың жерін асықпай, бірте-бірте теренде ене тұсу тәсілі арқылы басып алуымыз керек. Оларды бір-біріне айдал салып, хандары мен сұлтандарын барынша әлсіретіп, карсыласуға шамасы келмейтіндей жағдайға жеткізіп жерін иеленуіміз керек. Ал шықкан шығын түгел бұратаналардың есебінен алынуга тиіс», – деген (Егемен Қазақстан, 1996 жыл, 21 кантар). Мұндай нұсқаулар мен отаршылдықтың ережелерін жинаса, әлденеше том болар еді. Қазіргі Қазақстанның барлық өнірінде коныс тепкен орыс елді мекендері дәл осындай саясаттың айқын көрінісі екені әркімге аян. Осыншама бұлтартпайтын құжаттарға қарамастан, кейбір шовинистер: «Қазақстанның солтүстігі мен шығыс бөлігі – Ресейдің ежелгі жері», – деп арсыздыққа салынатының көріп журміз. Ұят жоқ жерде әділдік деген үғымға орын қалмайтынын осы мысалдың өзінен-ақ көруге болады.

Қазақ халқының еріктен, тендіктен, шұрайлы жерден айрылу, тәуелділікке тұсу тарихын түгендеп айтуға томдар жазылуы керек. Бұл тақырыpta қазақ зиялышарының әр кезде жарияланған зерттеулері талданып корытынды шығарылуы тиіс. Ал Қазақстан жөнінде Ресейдің түпкі саясатын баяндайтын, орыс авторларының қаламынан туған еңбектер ешбір коспасызы шындықты қаз-қалпында елестетеді. Бұлардың көбі әлі күнге дейін архив мүлкі болып, көшшілікке мәлімденбей келеді. Ресейдің арнаулы мекемелерінде құпия

үрінде сакталған отаршылдық күжаттарының басым өспшілігі жария болған жок. Ал, кітап болып басылған кекелеген зерттеулер патшалыктың қазақ халқына келтірген диянаты қаншалық көп болғанын көрсетеді.

Осындай енбектердің бірі филология ғылымдарының докторы Ф.Оразайдын құрастыруымен шыккан «Царская колонизация в Казахстане» (Алматы, «Рауан», 1995) деген жинак. Ең алдымен көзге шалынатыны – Ресей билеушілерінің өзге халықтардың жерін басып алуға құныққандығы, жаулаушылықты, зорлықты әдептегі кәсіпке айналдырған-дығы. Патшалық әкімдері мен мамандары қаншалық сыпайылап, тігісін жаткызып жазғанымен, дағдыға айналған тойымсыздығы, баскаларға жасаған озбырлығы үшін зәредей де қымсынбайтыны қөрінбей қалмайды. Қазактың іске татиды деген жерлерін шетінен шіміркпей тартып алғанын олар: «Қырғыздар қонысынан ығысуға тиісті болды» деп баяндауга шеберленген. Анық зорлық, күш көрсету болмаса шакырусыз келгендеге ел өзінің тіршілік етіп отырған мекенін еркімен бері коя ма? Бірақ мылтықпен, зенбірекпен каруланған, кісі өлтіру «өнеріне» ғасырлар бойында дәніккен патшалық әскеріне жергілікті карусыз халық кандай қауқар көрсетсін? Әскеріне жергілікті карусыз халық кандай қауқар көрсетсін? Қазактан тартып алынған жерлердін бәрі де жазықсыз жандардың көз жасымен, қанымен суарылған. Патшалық әкімдері мен әскерінен, әсіреле қанқұйлы қазактардан зәбір қөрметеген казақ ауылы жок деп айтуда болады. Соның кейір мыйсалын орыс авторларының жазбаларынан келтірейік.

А.Иванов «Русская колонизация в Туркестанском krae» деген зерттеулерінде генерал-губернатор қазактардың жайылымдық жерлерінің төрттен бір бөлегін егістікке айналдыру қажет деп пәрмен бергенін баяндайды (Аталған кітап, 15-б.). Ал тағы бір автор – Е.Шмурло «Русские киргизы в долине Верхней Бухтармы» атты мақаласында орыс Географиялық көфамының материалдарына сүйене отырып, Шығыс Қазақстандағы сулы, нұлы жерлердін орыс казактары мен жер ауып келгендеге кашан, қалай тартып әгерілгенін айткан. Бұл

өнірге ресейліктер XIX ғасырдың алпысынши жылдарында аяқ басыпты (Сонда, 22-б.). Келе салысымен олар қазактарды ата конысынан қып, қарсылық көрсеткендерді жазалаған. Кеткісі келмеген ауылдарды өртеген, тіпті, жайылымдарға да өрт салған, переселендерді қалауына қарай таңдаған жеріне орналастырған. Патша үкіметінің түпкі мақсаты бұл өлкені түгелдей орыстандыру болған. Қазақтарды орыстардан артылған жерлерге шет пүшпақтап қалдырған. Губернатор Полтарацкий: «Қазақтарды отырықшыландырамын деп ойлаудың өзі патша ағзамның меншігіндегі жерлерге қол сұғу болады», – деп ашық жазған (Аталған кітап, 51-б.). Осындай озырылықтың салдарынан қазактар ұзын ақкан Бұқтырма өзені алқабының орыс қазактарынан артылған тілдей жіңішке жерлеріне ғана иелік ете алған (Көрсетілген кітап, 76-б.).

Ешбір өтемекі төлемей, қазактардың үйлерін бұзу, жайылымдықты өртөу тыюсыз жүргізілген. Қыстауларын қорғағысы келгендер жаза көрген, камауга алынған, акшалай, заттай «кайып» төлеп қана құтылған. Өз жері үшін қүрескеніне бола таяқ жеп, зәбір қөру аздық еткендей, «кайып» төлеуге мәжбүр болған жергілікті халықтың қаншалық мүшкіл хал кешкенін түсіну киын емес. Астамшылықтың тағы бір түрі басқыншылар қарауына түсken жерді қазактарға жалға беріп, қанап отыратындығынан қөрінетін еді. Отаршылардың обал, сауап, ұят-аятты жиып қойғандығы соншалық, қазакты өз жерінде кіріптар ретінде ұстаган.

Жерді жауладап алу, жергілікті халықтың тіршілік негіздерін жою, дәстүрін бұзу тамырын теренге жіберген зұлым саясатпен астасып жатқан еді. Ол – мұсылман дінін әлсірету, православиялық христиандықты қүшету, лажы болса, бағынған халықтарды шоқындыру саясаты. Бұл жөнінде биік дәрежелі Синодтың нұсқауы анық еді. Онда былай делинген: «Қазақтарды отырықшыландырғанда қазақ бөлек ауыл болмасын, орыспен қонсы болсын. Орыска қазакты қонсы қондырғанда қазактан орыс саны басым болсын. Орыс саны әр ауылда кем дегенде екі есе артық болсын. Сол кезде

жын, сходта қандай мәселе қаралса да, орыс даусы басым болады. Сонда православие исі сініп, қазак тез шоқынады» (Ұзінді цитата Т.Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры» китаптан алынды, 158-бет).

Шоқындыру саясатының терең ойластырылып жүргізілгеніне қарамастан, істін нәтижесі патшалық әкімдері ойлағандай болмаған. Қазақстанның Ресеймен шекаралас жерлерінде түрлі жағдайсыздыққа душар болып, жер ауып барған жекелеген қазактар ғана миссионерлер кармағына ілінген. Жалпы, бұл такырып – арнаулы зерттеуді керек ететін, ашылмаған астары мол такырып. Біздін білуімізше, қазактардың шоқынғандары көбірек бір жері қазіргі Алтай республикасына қарасты Усть-Кан өнірі. Осында бұдан бір ғасыр бүрyn амалсыз шоқынған қазактардың үрім-бутағы тұрады. Бір тәуір жері бұлардың шоқынды деген аты болмаса, былайғы тіршілігінде байырғы казак салттарын ұстанады. Тек аты-жөндері ғана орысшаланған, христиан құдайына мінәжат ету мәресімін бертінге дейін аткарлып келген. Фамилиялары орысша болғанымен, кісі аттарында казакша, орысша есімдері қатарласып айтыла береді. Шоқынған қазактар ішінен фашистік Германияға қарсы соғыс кезінде Кенес Одағының батырлары да шыккан. Солардың бірі – Юрий Угрюмов есімді қазак екенін естіген едік.

Ресей патшалығы қазактарды шоқындырудың сәтті болмағанын сезіп, басқа саясат ұстанғаны белгілі. Жанадан ашылған мектептерде еуроцентристік ұғымдарды қалыптастырын бағдарламалар жасаған. Бұл тәсіл отаршылардың үзак мерзімге көзделген стратегиялық нысанасы болып қалыптасқан. Мұндай мектептерде тәлім алғандардың дені патшалық саясатының жүргізушілері болып шықканы белгілі. «Академия» деген кітапта өзінін ежелгі

«Царская колонизация» деген кітапта озғырылғанда жерінде отырған казактардың Ресей мен Қытай арасындағы шартка (1864) байланысты қак жарылып, осы екі мемлекеттің боданы болудың тарихы туралы да нактылы деректер келтірілген. Қүштілердің темір күрсауына түсken казак

ауылдары екі елдің күзырында қалып, бір-бірімен байланысы үзілген. Сүйтіп ежелден Алтай тауларын мекен еткен қазак халқы қытайлық, ресейлік, тағы бір бөлегі кейіннен монголдық болып кете барған. Бұл халқоректі жазушы К.Жұмаділовтің «Тағдыр» романында, тарихшы З.Қинаятұлының «Жылаған жылдар шежіресі» сынды зерттеулерінде дәлелді, дәйекті сипатталған.

Қазактың тіршілік камын ойлап, туған жерден тағы да жөнкіле ауған кезі – отызыншы жылдардың бас кезіндегі ашаршылық кезені. Бұл тұста Голошекин және оның жандайшаптарының кесірлі саясаты салдарынан халықтың жартысына жуығы аштан қырылғаны – қасіретті шындық. Қазак халқына әдейі жасалған жауыздықтың тұтас бір елдің қатарын қаусатып кеткені туралы бір сыйыра нақтылы дерек «Нәубет» («Жалын» баспасы, 1990) атты жинақта келтірілген. Мұнда көрсетілген жағдайлар отызыншы жылдардың басындағы қазак трагедиясының бір қысымығана. Өкінішке карай, халық басына түскен осыншама шексіз қиянатты елдің есіне түсірептін әлі де бір ескерткіш орнатылмай келеді. Мұның бір себебі – қазіргі казак жұртшылығының, әсіресе оның орысша оқыған тобының ана тілі басылымдарындағы сан түрлі мағлұматтардан хабарсыз екендігіне байланысты болса керек. Ен басты қырсық – ұлт тағдырына жанашырлықтың аздығы. Кейбір зиялды аталатын адамдарымыз өз халқының тарихын білмей корлық екенін сезбейді. Бұл да ондаған жылдар бойындағы бірынғай миссионерлік тәрбиенің салдары демескे болмайды.

Бірак бұқіл бір халықты оның естелік-жадынан мүлде мақұрым калдыру мүмкін емес. Кейінгі жылдарда өткендеңі батырлар, ақындар, шешендер, билер есімін ардақтау жөнінде жүргізілп жатқан шараптар ел рухының мүлде өшіп кетпегенінің белгісіндей. Ашаршылық жылдарында Орта Азия республикалары мен Ресейге қанғырып кеткендердің саны мен дерегін әлі ешкім аныктай алған жоқ. Қазірге дейін қазак газеттерінде осыдан алпыс жыл бұрынғы аштық кезінде бір-

бірінен адасып қалғандардың жақын адамдарына іздеу салғанының хабары жарияланып келеді. Соңғы Ауғанстан, Қытай, Иран етіп кеткендердін дерегі там-тұмдап кейінгі 1917, 1921 жылдардағы жылдардаға айтыла бастады. Ал 1917, 1921 жылдардағы аштық жөніндегі тіпті сөз де болып көрген емес.

Осы келтірілген қысқа тізбек деректен-ак қазақтың кең даласының өз перзенттеріне «өгей» болып келгендейтін жалпы сарыны сезілсе керек. Халықтың толықканды тарихын жазу үшін, көзден таса болып қалған алуан құжаттар мен мәғлұматтарды қайта парактап, мәселенің ақиқатын талдау қажет. Онсыз жерде біздін тарихты таныңдық дегеніміз қалған болып шыға береді.

### III

Әлем халықтарының аргы-бергі тарихына жорғадай есіле жөнелетін ғалымдарымыз арнайы зерттемей келген тақырыптардың бірі қазак халқының, ең шұрайлы, сулы, нұлы жерінен қалай айрылып қалғандық мәселесі екен. Әрине, бұл проблема мүлде қозғаусыз жатқан еді демейміз. Сонау патша заманының өзінде-ак халықка жаңы ашытын зиялы азаматтарымыз қазак жерін жаппай тартып алушылықка карсы үн көтерген. Жоғарыда отырған ұлықтарды әділеттілікке шақырган, алыс өлкелерден шегірткедей қаптап, толассыз ағылған шұбырындыларға токтау салуды талап еткен. Бірақ әуелден өзгенін елін тоймайтын Ресей империясы аяушылық, қанағат деген ұғымды білген емес.

Кенес өкіметі орнаған алғашкы жылдарда қазақтың еріксіз айрылып қалған жерлерін шет жағалап болса да, қайтару қажеттігі көтерілгенімен, ол да тілдін ұшымен ғана айтылған сөз болып қала берген. Бұл кезеңде жарыққа шықкан тарихи енбектердің көбінде патшалықтың отаршылдық саясаты, басқыншылығы айтылмай қалған жок. Бірақ ол енбектерде: «Жерден айрылсақ та, тубі қайырлы болды, Ресейге қарауымыз иғілік», – деп қаны сорғалған астамшылқтарды

жыуып-шайып түсіндіру басым болатын. Өйткені Ресейге отар болғаннан бергі көрген қияннатты айтқандардың көзі жойылып, ең женіл жаза алғандары итжеккенге айдалған. Ақыр аяғында бұл түйткіл ішке түскен жарадай, сыртқа шығарылмай қала беретін. Ал шындығында жер тағдыры – тіршілік тағдыры, халықтың бүгіні мен болашағының ең өзекті мәселесі екенінде шұбә жок. Тәуелсіздік туын көтерген шағымызда бұл мәселенің түп-тереніне көз жіберіп, ата-бабадан қалған меншікті жеріміздің халіне талдау жасамау, тиісті корытынды шығармау мәнгүрттік болар еді.

Жазушы, журналист, филология ғылымдарының кандидаты Сапабек Әсіптің «Қазақ қасіреті» («Қазақстан» баспасы, 1994 жыл) деген кітабы осы тараптағы олқылықтың орнын толтыратын, ел, жер тарихынан мағлұматы аз қазіргі қауымға көп ақиқатты жеткізетін бағалы еңбек. Мұнда автордың соңғы бірнеше жыл ішінде тиянақты зерттеп, түбебейлі тексеріп жазған публицистикалық очерктері топталған. Жанрлық бітіміне қарап очерктер дегенімізben, «Қазақ қасіреті» материалының молдығы, жүйелі баяндалуы, талдау анықтығы жағынан салдарлы ғылыми сипат танытады. Автор бірде бұрынғы ақын, жыраулар шығармаларын, екінші жерде архивтік құжаттарды, тарихи зерттеулерді негізге алып, әңгіме арнасын қазақ халқы жақсы жерлерінен қалай және қашан айрылды, мұның құні бүгінге дейін зардабы қандай дегенге бұрып отырады. Қаламгердің карымды ойы, тартымды тілі, батыл корытындылары қосылып келгенде, еңбек бір деммен жазылғандай әсер қалдырады.

Кітаптың «Ақдаһаның аузында», «Басқыншылық шежіресі», «Аңқау алаш білді ме алданғанын», «Зан жүйесі – жер киесі» деп аталған төрт бөлімінде қазақтың Әбілхайыр ханы орыс патшасына бағынамын деп ұлт мұддесін аттап кеткен кезеңнен басталған кірптарлық тарихы білгір баяндалады. Мұны халықтың шерлі шежіресі деп атауға болар еді. Қаламгер елдің тапталған намысы мен кеткен есесін, төгілген көз жасын, көкі-

ректе шемен бол қаткан мұнын зор публицистік қуатпен айта білген.

«Қазак касіретінің» әрбір тарауында қамтылған пікір мен талдауды қайталау қажет болмас. Бұл кітапты халық тарихы мен тағдырына сергек қарайтын әрбір адам оқып шығуы керек-ақ. Ал енбек орыс тіліне аударылып басылса, өзге ұлт өкілдері де Қазақстанның отарлану тарихының жабық жаткан күпия тұстарына қанығар еді.

Күпия тұстарына қанығар еді.  
Патшалық Ресей казак халқының еркімен зәредей де  
есептеспей, тек қана оның жерін тартып алуды көздеген.  
Жергілікті халықты сұы кем, өсімдігі кедей, шел және шолейт  
далаға куып, тоз-тозын шығаруды максатты түрде жүзеге  
асырғаны, осының салдарынан жазықсыз елдің неше алаң  
корлыққа душар болғаны С.Әсіп енбегінде мейлінше шынышыл  
баяндалған.

Билемеші мемлекеттің казак халқына деген алғашқы қастандығының бірі Жайық өзенінін оң жағалауына қазак ауылдарының малын жаюға тиым салудан басталған. Бұл «тәртіпті» бұзғандардың малын олжаларап алуға рұқсат етілген, мал иелерін жер аударуға пәрмен берілген. Казактардың ежелгі қонысына карай өтуіне мұндай шаралар да тоскауыл болмаған соң, патша үкіметі 1747 жылы 11 мамырда Еділ мен Жайық арасындағы кендаланы жыл сайын құзде жаппай өртеп жіберуге әмір етеді. Құлак естіп, көз көрмеген мұндай каскейлік былай баяндалған: «Сол жылы құзде Жайықтың оң жағалауын сонау Атырауға дейін алып жаткан кендалаға арнайы отрядтар шығып, өртеп жіберді. Жаздай мал тұяғы тимеген қалың кая лапылдац, қарәкөк тұтін бұлттары шудаланып, күн көзін тұтылдырыды. Тұнде жалпақ жон жарық болып, құндік жерден көрініп тұрды. Бұл төніректі мекендереген каншама жан иелері отка күйіп, тұтінге тұншығып қырылып қалды. Өрт апаты тірі қалған андар мен құстарды бездіріп жіберді. Бұрын текеметтің түріндей жайнап жататын дала кара құйеңі, құлді аспанға көтерген құйынның ойнағына айналды» (Қазак қасіреті, 4-бет). Көп ұзамай, отарщыл әкімдер

қазакты қанаудың тағы бір тәсілін ойлад табады. Олар дағаны қалауынша бөліске салып, қазактың өз жерлерін өзіне жалға беріп, онай пайда түсірген.

Патшалықтың қазақ еліне деген қатыгез әрекеті бірте-бірте ұлғая береді. Бұл Сахара елінің шекаралық өнірлеріне әскери бекіністер салудан көрінген еді. Әскери қамалдар бей-біт қазақ халқын темір қоршауға алудың жан-жакты ойлас-тырылған қадамдары болатын. Жайық өзенінің он жағалауы-нан аз уақыт ішінде 14 бекініс салынды. Бұл бекіністердің шынжыр тізбегі бірте-бірте Қазақстанның солтүстік-шығыс өніріне қарай жалғасты. Есіл өзені бойына 540 шакырымға созылған әскери шеп Новоишимская деп аталды. Осы кезеңде Ертіс бойымен 930 шақырым өрлеп, Омская, Железинская, Семипалатинская, Ямышевская, Усть-Каменогорская бекініс-терін салғаны белгілі. Атальған әскери қамалдардың айналса-сындағы шүйгін жерлерге қазактарды жолатпай, сахараның байырғы халқын шөлейт далаға ығыстырып тастанды (Көрсетілген кітап, 13-бет). XVIII ғасырдың бірінші жартысынан басталған әскери бекініс тұрғызы ісі XX ғасырдың бас кезіне дейін жалғасты. Ресей патшалығы өздерінің алысты қөзделген империялық саясатын берік жүргізіп, қазақ халқын ежелгі коныстарынан күшпен күшпі жібергенін, бейкүнә елдің шабындық, жайылымнаң, судан тапшылық көріп, азапты өмірге душар болғанын қарпіне алмады. Осы себептен жер үшін курес қазақ халқының өмірлік мұддесіне айналды. Қазақ даласында орын тепкен көтеріліс, қозғалыстар халықтың ежелгі жерлерін жауға бергісі келмей, өзінің тіршілік негізін корғау мақсатынан туған. Өзгелерін айтпағанда, XIX ғасырдың орта тұсында Кенесары бастаған азаттық қозғалысы да Ресейдің қазақ жеріне әскери бекіністерді қөбейтіп, қыруар коныс, жайылымды тартып алуына қарсылық ретінде тұтанғаны белгілі.

Тойымсыз, ашқарап патша үкіметі бұдан кейін қазақ жерін әдейі қөшіріліп әкелген қара шекпендерге тартып әперуге кіресті. Бұл зорлықтың халыққа ауыр тигендігі акындар мен

жыраулардын шығармаларында көрініс тапты. Атакты ақындар Мұраттың, Шортанбайдың, Дулаттың өлеңдерінде елдің зорлықшылардан көрген жәбір-жапасы айнаға түскендей суреттеген. Еділ, Жайыктың Сарыарқаның жат жұртка аяқасты болғанын сипаттайтын жыр толғаулар басқыншыларды таңбалайтын өшпес қуәлік болып қалды. Ұлттық-азаттық көтерілістерді патшалыктың зенбірекпен қаруланған әскери қанжоса етіп басып отырды. Халықтың басына түскен бұл ахуал шын мәніндегі трагедия еді.

Нарманбет ақынның:

Қалмады, ей, Сарыарқа, сенде қызық,  
Сандал тау, сары өлкені алды мұжық.  
Колыннан келер де жок, өнер де жок,  
Баласы байғұс казак қалдың мыжып, –  
деуі осы шарасыздықтың әсерінен туған ғой.

Жерді басып алуға дәндеген әкімдер енді казактардын отырған қыстауларын бұзып, тыксыра түскен. «Мұжыктарды жерге орналастыру, оларға қала салдыру үшін казактың егіндік және шабындық жерлерін алып қана қойған жок. Қыстауларын бұздырып, өздерін еріксіз көшіріп жіберді. Жұздеген, мындаған шаруалар патша әкімдері көрсеткен шебі жұтаң, сұы тапшы жарамсыз жерлерге жылай-жылай барып, жаңадан қыстау салуға мәжбүр болды» (Көрсетілген кітап, 34-бет). Иесі, киесі бар-ау деп кымсынбай, басқыншылар калаған жерін талапайға сала берген. Мұны жазушы «Қазақ даласын төрт жағынан қаусыра қамалдар мен бекіністер салу үшін жерді бір алған. Казачье войско – казак әскерлерінің сыйбағасы деп екі алған. Қазыналық жер, орманды саяжай деп үш алған. Переселенческий фонд-коныс аударушылар қорына деп төрт алған» (101-бет) деп сипаттайды.

Сонымен Ресейдің отары болған уақыт ішінде қазактың ең құйқалы деген 60 миллион гектардан артық жері тартып алынған. Бұлар қазак жерінің түгін тартса майы шықкан дейтін ең көзкимас бөлегі еді. Осыдан кейін-ақ қазактың ежелден қалыптаскан көші-кон жүйесі бұзылған мал өсіретін

жайылымы жоғалған, егін еgetін сулы алаптары азайған. Мұның ел тағдырына барлық жағынан жайсыз тигені С.Әсіп кітабында жан-жакты талданған. «Жерден айрылудың жамандығы сол – халықтың ырыздығы күрт кеміп, жай-қүйі тез төмендей бастайды. Қунқөрісі үшін көретін бейнеті, төккен тері қанша көп болса да, оның қайырым жемісі соншалық аз болады. Қуанышылық жылдары басқалардан бұрын осы жерлердің барды-жоқты өзен көлдері құрғап, жұтаң шебі қурап, ұшып кетеді. Мұның арты не болары белгілі. Алдымен оты-суы қанбаган мал қырылады, малынан айрылған ел аштықтың ажалды аранына түседі. Бүкіл бір ұлт-ұлыстың құрып кету қаупі туады. Жарамсыз жердің тағы бір жамандығы – ол адамдардың енбегін еш қылып, салын суға кетіреді, талайды енжарлық, үмітсіздік, талапсыздық билеп алады, өнер білімнен қағажу қала береді. Бір сөзben айтқанда, ұлт басына түсетін бақытсыздықтың ен ауыры қай заманда да, қай елде де жерден айрылу бақытсыздығы болған (Қазақ қасіреті, 37-бет).

Бұл дәүірде қазактардың келешек тағдыры қыл ұшында тұрғандай белгісіз болғаны соншалық – ел біреуге-біреу зорлық қылмай, татулықта тұратын «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайды, жесір қатын мың қой айдайды» дейтін киялдағы арманды өлке Жиделі-Байсынды іздей бастағаны бірсынша өлең жырдан көрініс береді. Мұндай киял ел басына аса қын ауырлық түсіп, тығырыққа тірелгенде, дағдарғандағандағанда келетіні бұрыннан белгілі.

Сөз болып отырған кітаптың өн бойында келтірілген мысалдар түйінделген ойлар ұзак, шерлі сарын болып естіледі. «Мына жері артық ағат айтылған» дерліктей тұсын табу киын. Мұның бәрі баланың баласына дейін аманат етіп айтатын мұнды сыр болып табылады. Жер туралы толғау кешегі күннің өнгімесі ғана емес, бүгінгі өмірге де тікелей қатысы бар маңызды сауал ғой. Ойлап отырсақ, қазак жерінде сокпа дерттей әрбір он-он бес жылда қайталап келип, елді ойсыратып кететін жұттың пайда болу себебі де қазактың шебі жок

жадағай, жаланаш жерлерде өмір кешуге мәжбүр болғандығынан. Ұзакқа созылған қыста мындаған малын қырып алушының күні кешеге дейін орын алып келді. Өйткені, табигаты тақыр шөлстанда ешбір ғайыптың қүшімен желкілдеп өсімдік өспейтіні белгілі. Өзен-судың алқабына орналасқан, ылғалы мол, ауа-райы тұракты өнірлерде жұт деген болмайды. Демек жұт – жаксы жерінен айрылып, шөл далаға көшірілген казактардың ғана «пешенесіне» жазылған пәлекет.

Қазак халқының үштен бірі Ата жұрттан алыста, тұрлі елдерде тарыдай шашырап жүргенін білеміз. Өкінішке қарай, бұл мәселе де осы күнге дейін арнайы зерттелмеген. Тұған кіндік кескен мекенінен өз еркімен кетпейтіні қаміл. Қазак халқына душар болған кесапаттың негізгі тұрған жерінің тіршілік етуге мейлінше колайсыздығы, жұттын жиі оралып бабасынан қалған жerde өзгелер орнығып алса, ел босқын болмағанда не етеді?

«Көптің бір аты – зорлық» деген ғой. Бір заманда Ресей күшті болды, сондыктan обал-сауапқа қарамай, казактың тіршілік тірегі болып келген құйқалы жерлерін тартып алды. Қазір республикадағы ең артта қалған делинетін 80-ге жуық ауданда тұратындар да сол казактың үрім-бұтағы. Әлбette, жерімізді меншіктеп алғанына кінәлі қарапайым еңбекші орыс адамдары емес, отаршылдықты негізгі кәсібі еткен патша үкіметі екені аян. Сонымен бірге казак халіне аяушылық білдірген, әлідік сөзін айткан кейбір орыс зиялышарының өзінде 1907 жылы «Борьба за землю в Думаның депутаты, Киргизской степи» деген кітап жазған Т.Седельников езілген халқымызға жанашырлық сөздер айткан. Ол казак жерін алған үстінен ала беруге құныққандықты әшкерелей келіп, «Қазак жеріне алдымен казактарды коныстандырып, олардың барлық талаптарын орындаپ, көнілдерін сабасына түсіріп алмай тұрып, «артық» жер іздеудін өзі зансыздық. Басқаша айтқанда, тұрып,

даланы межелеу, казактарды жерге орналастыру жұмыстарын колға алып, ойдағыдай аяktамай тұрып, қазактардың пайдалануындағы артық жерді іздеу дегеніміз ешқандай зандық негізі жоқ желеу ғана. Сондыктan да бұл жұмыс бастан-аяқ зансыздық болып табылады», – деп жазған (Көрсетілген кітап, 148-бет).

Бұл катарада тағы да бір орыс ғалымының енбегін атап өтуіміз парыз. Ол – патшалыктың Түркістан өлкесін отарлау тарихын объективті түрде зерттеген П.Г.Галузо. Ғалымның «Вооружение русских переселенцев Средней Азии» (1926 ж.) атты монографиясында патшалыктың халықтарды бір-біріне өштестіру саясатын көптеген мысалдарға сүйене отырып танбалайды. Т.Седельниковтың да, П.Галузоның да кітаптарын қайта басып шығарса, орыс тілінде оқитын жұртшылық отаршылдықтың жексүрүн келбетін танып, білуіне септесер еді.

С.Әсіп кітабының соңғы тарауында: «Тарихта орын тепкен әділетсіздіктер зардабын қалай түзеуге болар еді?» – деп ой тастайды. Автордың көптеген пікірлері мен ұсыныстары көніл аударапты. Ол қазақ зиялышарын өсірессе халық атынан сез сейлейтін депутаттарды және ел қамын ойлауға қабілетті жандарды халқымыздың халін бұдан былай қалай жақсартуға болады деген сұрауға бірлесіп жауап беруге шақырады. Қаламгердің ой-түйіні шөлейт далаларда, экологиялық апат аймағында мұшқіл тіршілік кешіп отырған қазактарды өмір сүруге қолайлы, қара топыракты, орманногайлы өнірлерге бірте-бірте орналастыру қажеттігіне саиды. Сонда ғана тарихи әділетсіздікің аз да болса есесі қайтар еді дейді. Қазакка жасаған киянаты ушін патшалық билеушілері де, Кенес өкіметі де кешірім сұрамағаны, сахара елінің жағдайын жақсартуға шешімді қадамдар жасамағаны өкінішті.

Жазушының қазактар мекендереген шөл, шөлейт аймакты резервация деп атауы әдепкіде құлаққа тосан естілгенімен, шындыққа негізделгенін мойында масқа болмайды. Мұндай атырапта тұратындардың жағдайын түзеуге көзіл бөліп, тұрлі женілдіктер жасау керектігін қаламгер жүйелі, сенімді дәлел-

дейді, шөлді өлкелерде тұратындардың «мұнды мәртебесін» ойнастырулы усынады.

«Жығылған үстіне жұдырық» дегендей Кенес өнірінде қазактар тұратын шөлейт аудандар жері әскери сынектардың, полигондардың мекеніне айналғанын, ел мен жерге деген қиянат бұрынғыдан да асқынып кеткенін білеміз. Бұл мәселе әлі де болса жұртшылықтың кең талқысына түспей келеді. Қазак жерінде жасалған сынектардың ауаны бұзып, суды былғап, жер қыртысын улап, өсімдік, жан-жануарлар дүниесіне орны толмас апат әкелгені зерттеліп те, корытындыланып та болған жок. Бұрынғы Совет Одағының байлығын бір өзі иемденіп қалған Ресей Федерациясы қазак жеріне жасалған сұмдық зорлықтарды мойнына алып, өтемакысын қайтаруды ойлайтын сыңайы байқалмайды. Әскери-өндірістік комплекс миллиондаған гектар жерді бөліп алған, Қазақстанның мұддесін тәлекекке айналдырығаны елдін есінде. Сол қыруар әскер, кісі өлтіретін қарулар әкетілгенімен, бұлған жер, ая, су, өсімдік дүниесінің қалыпина келуі жүздеген жылдарға созылатынын ғалымдар дәлелдеп берген. Тәуелсіз елміз десек те, Байконыр ғарыш айлағын Ресейге жалға бергеніміз жұртшылық көнілін күптігей етіп отыр. Байконырды жалға беру мерзімі біткенше, Қазақстан экологиясына қашшалық зардап келетінін есептеп шығару мүмкін емес. Жеріміздің едәуір бөлігіне Ресейдің билігі жүріп тұрғанын ойлағанда, жер тағдырының әлі де түпкілікті шешіліп болмағанына көз жетеді. Құргап қалған өзен, көлдер, тартылған бұлактар, жоғалуға айналған Арал теңізі, жыл сайын құмдауытқа айналып келе жатқан мындаған гектар жер, ішетін су мен жұтатын ауаның радиациялық залалының мөлшерден тыс артуы – бәрі де ойландырмай коймайды.

С.Әсіп кітабының қасиеті – тарихи құбылыштарға ой көзімен қарап, ақылға салып таразылап, оларды үлт мұддесі түрғысынан саралап, бағалауға, халықтың азаматтық санастың оятуға көмектесетіндігінде. Бұл – үзак жылдар бойында жартыкеш қана сөз болып, нағыз тереніне баруға көп

зерттеушінің батылы жетпей жүрген, ақиқатты атын атап, түсін түстеп айтып берген құнды еңбек, дарынды зерттеуші публицистің үлкен тебіреністен, биік мұрраттан туған бас кітабы, мектеп шәкіртінен бастап мемлекет тұтқасын үстап отырған лауазым иелеріне дейін оқытын шығарма.

IV

Қытай қазақтарының бір бөлегі корлық қысымға, озбырылышқа шыдамай, еркіндік, тыныштық көздең, жана мекендейшарқ үрүп іздегенінің тақырытке толы тарихы белгілі қоғам, дін қайраткері Халифа Алтайдың «Ата-жұрттан Анадолыға дейін» деген кітабының (1995) негізін қурайды. Ұзаққа созылған жанкешті көшке тұрткі болған себептер салдарлы, дәлелдер дәйекті. Жергілікті қытай билеушілері казак ауылдарын кез келген күні шауып, ұлалын талап, адамдарын өлтіріп, тірі қалғандарын тұтқын етіп алып кете барған. Зорлыққа қарсы зәредей әрекет жасағандардың қыр соңынан қалмай, жок қызып жіберетін болған. Міне, осындай жағдайда бейбіт казак ауылдарының бәледен қашып құтылмақ болғандығы түсінкіті. Ешкімге залалы жок, малын бағып, шөлейт далада күн кешіп жүрген момын елге қытай әкімдерінің соншама өшіккенін ешқандай қисынмен актау киын. Мұндай мінездін түбірінде өзге жүрттың бәрін өзінен төмен санайтын ұлы қытайщылдық әктемдік жатыр. Билеушілер үркіншілікке ұшыраған казак сияқты жүртқа ерекше мейірімсіз болған. Атажұрттынан бөлініп қалған казакқа кандай зорлық жасасақ та, сұрауы жок деген астамшылық кана геноцидтік саясат жүргізуге негіз болса керек. Қазактар шексіз басынғандыққа қоңғосі келмейді, ал қытай әкімдері бұлардың мұн-мұқтажымен санаспайды. Міне, қайшылықтын туатын кезі осы.

Х.Алтай қазак ауылдарының отызыншы жылдардың орта тұсынан елуінші жылдардың бас кезіне дейін қашама қасиетті кешулерден өткенін хронологиялық дәлдікпен хатка түсірген. Сондыктан да бұл шығарма қазақ халқы бастап

дейді, шөлді өлкелерде тұратындардың «мұнды мәртебесін» ойластыруды үсінады.

«Жығылған үстіне жұдырық» дегендей Кенес өңірінде қазақтар тұратын шөлейт аудандар жері әскери сыйнектардың полигондардың мекеніне айналғанын, ел мен жерге деген киянат бұрынғыдан да асқынып кеткенін білеміз. Бұл мәселе әлі де болса жұртшылықтың кең талқысына түспей келеді. Қазак жерінде жасалған сыйнектардың ауаны бұзып, суды былғап, жер қыртысын улап, өсімдік, жан-жануарлар дүниесіне орны толмас апат әкелгені зерттеліп те, қорытындыланып та болған жок. Бұрынғы Совет Одағының байлығын бір өзі иемденіп қалған Ресей Федерациясы қазак жеріне жасалған сұмдық зорлықтарды мойнына алып, өтемекшісін кайтаруды ойлайтын сыйнайы байқалмайды. Әскери-өндірістік комплекс миллиондаған гектар жерді бөліп алып, Қазакстанның мұддесін тәлекекке айналдырғаны елдің есінде. Сол қыруар әскер, кісі өлтіретін карулар әкетілгенімен, бұлғын жер, ауа, су, өсімдік дүниесінің қалпына келуі жүздеген жылдарға созылатынын ғалымдар дәлелдеп берген. Тәуелсіз елміз десек те, Байқоңыр ғарыш айлағын Ресейге жалға бергеніміз жұртшылық көнілін құптігей етіп отыр. Байқоңырды жалға беру мерзімі біткенше, Қазакстан экологиясына қаншалық зардал келетінін есептеп шығару мүмкін емес. Жеріміздің едәуір бөлігіне Ресейдің билігі жүріп тұрғанын ойлағанда, жер тағдырының әлі де тұркілікті шешіліп болмаганына көз жетеді. Құрғап қалған өзен, көлдер, тартылған бұлактар, жоғалуға айналған Арал теңізі, жыл сайын күмдауытқа айналып келе жатқан мындаған гектар жер. мөлшерден тыс артуы – бәрі де ойландырмай коймайды.

С.Әсіп кітабының қасиеті – тарихи құбыльстарға ой көзімен қарап, ақылға салып таразылап, оларды үлт мұддесі тұрғысынан саралап, бағалауға, халықтың азаматтық санаасын оятуға көмектесетіндігінде. Бұл – ұзак жылдар бойында жартыкеш қана сөз болып, нағыз тереніне баруға көп

зерттеушінің батылы жетпей жүрген, ақиқатты атын атап, түсін түстеп айтып берген күнды енбек, дарынды зерттеуші публицистің үлкен тебіреністен, биік мұраттан туған бас кітабы, мектеп шәқіртінен бастап мемлекет тұтқасын үстал отырған лауазым иелеріне дейін оқитын шығарма.

#### IV

Қытай қазактарының бір бөлегі корлық қысымға, озбырлыққа шыдамай, еркіндік, тыныштық көздел, жана мекенді шарқ ұрып іздегенінің тақсыретке толы тарихы белгілі қоғам, дін кайраткері Халифа Алтайдың «Ата-жұрттан Анадолыға дейін» деген кітабының (1995) негізін құрайды. Ұзакқа созылған жанкешті көшке тұртқи болған себептер салдарлы, дәлелдер дәйекті. Жергілікті қытай билеушілері қазак ауылдарын кез келген күні шауып, ғылыми талап, адамдарын өлтіріп, тірі қалғандарын тұтқын етіп алып кете барған. Зорлыққа карсы зәредей әрекет жасағандардың қыр сонынан қалмай, жок қылып жіберетін болған. Міне, осындай жағдайда бейбіт қазак ауылдарының бөледен қашып құтылмағ болғандығы түсінікті. Ешкімге залалы жок, малын бағып, шөлейт далада күн кешіп жүрген момын елге қытай әкімдерінің соншама өшіккенін ешқандай қысынмен ақтау киын. Мұндай мінездің тұбірінде өзге жұрттың бәрін өзінен төмен санайтын ұлы қытайшылдық өктемдік жатыр. Билеушілер үркіншілікке ұшыраған қазак сияқты жұртқа ерекше мейірімсіз болған. Атажұрттынан бөлініп қалған қазаққа қандай зорлық жасасақ та, сұрауы жок деген астамшылық қана геноцидтік саясат жүргізуге негіз болса керек. Қазақтар шекіз басынғандыққа көнгісі келмейді, ал қытай әкімдері бұлардың мұн-мұқтажымен санарапайды. Міне, қайшылықтың туатын кезі осы.

Х.Алтай қазак ауылдарының отызыншы жылдардың орта түсінан елуінші жылдардың бас кезіне дейін қаншама қасіретті кешулерден өткенін хронологиялық дәлдікпен хатқа түсірген. Сондыктan да бұл шығарма қазак халқы бастан

кешірген зұлматтың бір тарауы секілді әсер қалдырады. Жазушының: «Дүниеде өзінің елің мен жерін өзіне пана болмаудан артық корлық бар ма екен?» – деген сөздері кітаптың басты аңсарын толық сездіре алады. Шежіретін шығармада баяндалған оқиғалар мен кейіпкерлер қоспасыз, бояуы жок жанды тарихтың өзі болып сейледі.

Кітаптың «Алтайдан басталған көш», «Елісхан бастаған ұлт-азаттық қозғалыс», «Зайып бастаған үшінші көш», «Сәтсіздік», «Бәтік оқиғасы», «Ініз тауындағы соғыс», «Барқөлден шықкан көш», «Қонкек – бата тосқан жау», «Гансу, Шынхайдағы ауыр жағдай», «Елісханның Үндістанға көшуі», «Шекара дағы жау», «Тибет жерінде», «Қабылқожаның келуі», «Зайыптың қазасы», «Көк өзен», «Бітімбайдың сергелдені», «Қанри өлкесі», «Үндістан жерінде», «Мұзаһарабад қаласы», «Тәрінавадағы жағдай», «Бопылға көшү», «Қалған ел, қайғылы каза» «Қанпор қаласы», «Азаттық тоңкеріс», «Пакистанда құрылған көфам», «Дүрбелен күндер», «Көтеріліс», «Қалибек хаким мен Хамза көші», «Ғұсман тәйжі», «Сайда саны, құмда ізі», «Сергелден», «Солтаншәріп жағдайы», «Бөке батыр», «Жұніс ер», «Бөке батыр мен Оспан батыр», «Түркияға көшу әрекеті» деген ішкі тақырыптарынан көшкен елдің алған бағыты мен сол көшті бастаған немесе намыс үшін құрес жолында шейіт болған ерлердің есімдері көрінеді. Бұдан қазак көшінің Қытай жерінде шырқ айналған сарсаңы да, Тибет, Гималай өтіп, Үндістан, Пакистан еліне уақытша тұрақтағаны да, ақырында халықтың тірі қалған аз бөлегі Түркияға барып пана тапқаны да анғарылады.

«Атажүрттан Анадолыға дейін» өзінің катал шындықты атын атап, түсін түстеп айта алғандығы, деректілігі жағынан алып қарағанда, жалпы қазак әдебиетіндегі сирек бағалы кітаптардың бірі болып табылады. Мұнда азаттық аңсап, қатерлі, белгісіз сапарға шықкан бір топ қазак ауылышын, жиырма шакты мың халықтың шеккен азабы, көз жасы, мұн-шері, аныңдаған катығез жаулардан көрген зәбірі баланың баласының есінен кетпейтіндей естелік болып хатқа түсken. Сонымен ка-

тар бұл кітапта қазак жұртының өшпеген намысын, өжет ерлігін, қарулы әскердің де, кісәпір жендеттердің де соққысына соккымен жауап берे білген, малдан айрылып, адамдары қырылып, аштыққа, ауруға душар болып, талан-таражға түсіп жатса да, бір жарық сәүле көрерміз деген үмітін үзбеген ерлігі мен өрлігі айқын көрсетілген. Таңқаларлық нәрсе – халықтың бостандықка деген сенімінің жоғалмағандығы, адам айтқысыз киындықтардан өтіп, «жаным – арымның садағасы» деген ежелгі елдік мінезді сактай білгендігі.

Қазақ көшінің ұзына бойында бұларға жыртқыштан жаман екі аякты дүшпандар кездеседі, атадан бала, анадан қыз айрылған небір киямет қайым оқиғалар душар болады. Соған қарамастан, көш токтамайды, айнала коршаган тілсіз жаудын тосқауылын бұзып өте береді. Оқиғаның тосындығы соншалық – кейде бұлар есқі заманын киялдан туған ертегісін еске салады. Ертеректе алыс сапарға шықкан талапкер жастын жолында небір жалмауыз, аждаға, диу пері, жалғыз көзді дәуілер кездесетін. Ақырында өжет жас бөгесіндерден өтіп, көздеңен жеріне баратын, мұратына жететін. Бірақ мына кітапта сөз болатын ертек емес, қаны сорғалаған шындық.

Қытайдан Үндістанға беттеп шықкан қазақ көшіні неше алуан тажал кездеседі, мал мен жанды талауға салады. Діні, тілі, салты мүлде бөлек жүрттардың арасынан азапты хал кешіп откен қазақ көші туысқан Түркияның камкорлық көмегі арқасындаған таңыс табады. Сонау Үндістан мен Пакистаның жерінде «жер ортасы Қөктөбе» деп енді қайда баарын білмей дағдарған қазақ ауылдарына жәрдем колын созған жалғызған түріктер болады. Түркия өкіметі әр халықтың арасына сініп, жер бетінен жоғалуға бет алған бірнеше жуз қазакты өз еліне көшіріп апарып, оларға жер беріп орналастырады. Тұбі бірге туыстықтың, тілдестіктің діндестіктің пайдасын босқын қазактар осылайша көреді.

Тарихи шежіре орнына жүрерлік бұл шығарманың танытқыштық сипаты мол. Қазактардың қыл көпір, киямет кешуі де шу дегеннен шынайы көрініс береді. 1931 жылы

Баркелде Қожанияз бер Әйімбеттің бастауымен Қытай үкіметіне қарсы ұлттық қозғалыс болады. Бұл көтерілісті Елісханның әкесі Әліп Жәмсібай да қолдайды. Мұны біліп қалған өкімет Әліпке қауіпті адам ретінде қарап, осы жылдың жиырма бесінші қыркүйегінде Үрімшіден әскер шығарып, Хасанту деген жерде отырған Әліптің аулын басып алады, оның басын кеседі. Қатын-баладан бес жұз адамды өлтіріп, мал-мұлкін талап алады. Әліптің әйелі мен екі ұлын қоса алып кетеді. Әліптің інісі Қожақын мен үлкен ұлы Елісхан ауылда болмағандыктан тірі қалады. Қожакынның аяғы ауыр әйелі Тәшібаланың ішін қылышпен жарып кетеді» (9-бет). Осыншама жауыздықты қөріп, ішіне кек қатқан Елісханның озырылышқа қарсы құреске бел байлауы, өкімдерден мұлде түніліп, тыныш қоныс іздеуі табиғи, Шығыс Түркістанның әрбір өнірінен басталған үлкен көштің себебі де осы айтылғанға үқсас болып келеді.

Тағы да бірер үзінді мысал келтіреік. «Алтай мен Баркөлдің арасындағы ел мекен етіп отырған таудын аты – Бәйтік. Басы – қыстау, етегі – жайлау. Қыыр жайлап, шет қонған осы ауылдардың 1938 жылдың қыркүйегінде бір-ак күнде ортасы ойылып, ордасы бұзылды, жау шапты. Бір жағынан монголдар қиқулап, бір жағынан қытайлар келіп қыспаққа алғанда, ойран топыры шығып, шу-шұрқан болды да қалды. Ер-азаматтар дереу қозғалыска көшеді, дәрмені жок кемпір-шал, бала-шаға үйлерін тастап, Қаптық тауына карай шұбырауды» (12-бет). Сонымен Баркөлде отырған ел екі жерден екі белініп көшті. Көшкен елге Өлгейге келгенде жау ұшағы келіп, біраз корғасын ажалын бүркіп-бүркіп алды да, қайтып кетті. Ак кар, көк мұзда аса киындықпен көшіп келе жатқан елді үнемі бомбалаумен болды. Не көшті тоқтатуды, не халыкты құртууды мақсат еткен ұшак он бір күн ұдайы бомбалады. Құндіз көшу қауіпті болғандықтан енді түнде көшетін болып, біз де айла-амалға салатын болдық» (15-бет) Устірт қараған адамға бейтарап, «салқын» баяндау секілд қөрінгенімен, осы оқиғалардың тасасында қаншама қайғы-

қасірет жатқанын сезбеу, түсінбеу мүмкін емес. Ал осыған үқсас оқиғалар кітаптын өн бойында көп кездеседі.

Бас сауғалап көшкен қазақ ауылдарына қырсық, киянат үшірайды да отырады. Бұлардың жалпы сарыны халықтың есінен мәңгілік шықпастай болған «актабан шұбырындыны», бір замандағы жонғарлардың қазаққа жасаған зорлығын еске түсіреді. Оқиғалардың жалпы желісінде қайталана келетін үқсастық бар. Өздері жол азабын қөріп, шөлдеп, шаршап келе жатқан қазақ көшіне қарулы үкімет әскері тұтқылдан тиіп, бейбіт елді қанжоса етеді, адамдарды тұтқындан, малдарын олжалап кетеді. Енді бірде қазактарды «қарастайтын» оңай байып қалғысы келетін жергілікті баскесерлер болады. Бір де бір жерде қазактар өзгенін не қыстағын не шаһарын шаппайды, иен далада, тіршілікке қолайсыз шығандарда жүрсе де пәлеге үшірайды. Қазақ халі аныздарда айтылатын «ұшарын жел, конарын сай біледінің» кебіне үқсайды. Жауладардың қолына түсіп, жат жұрттың пендесі болып қалғандар, дүшпандар қыспаққа алғанда бір-бірінен тірідей айрылған туысқандар, не тілі, не діні, не салты үқсамайтын жыртқыштар арасында аңырап қала берген.

Осындай халді Халифа Алтай қарасөзben ғана емес, өлеңмен де қайғылы сарын етіп хатқа түсірген.

Біреудін қалды баласы,  
Көзінің ағы-карасы,  
Біреудін қалды анасы,  
Камкор болған панасы.  
Біреудін қалды әкесі,  
Біреудін қалды тәтесі,  
Үй-ішінен айрылып,  
Үзілгендей жетесі.  
Біреудін қалды ағасы,  
Жыртқылғандай жағасы,  
Біреудін қалды інісі,  
Тарылды сөйтіп тынысы.  
Біреудін қалды катыны,

Қалмады баста ақылы.  
Әйелдің қалды күйеуі,  
Арқа тірек сүйері.  
Біреудің қалды құрдасы,  
Бірге өсken сырласы.  
Үйі қалып біреудің,  
Жалғыз шыкты құр basы...

Болып өткен уақыты бертінде болғанымен, бұл жолдар нағыз тарихи жылардай естіледі. Сонау XV ғасырдың орта тұсында құрылған казак мемлекеттігі заманынан бері қарай арылмай келе жатқан қырсықтың ылғи дерлік қаскәй жаулардың канкор өштігінің жалғасы елестегендей болады. Жерінің көптігі, бейғам тіршілігі, бірлігінің аздығы әрқашан өзіне сор болып келе жатқан казак қасіретінің бір тарауы қытай жерінде өткениң шығарма тарихи зерттеумен барабар мәлімдейді десек артық емес.

«Атажұрттан Анадолыға дейін» атты кітаптың танытқыштық ғибраты казак елінің бір белегі бастан кешірген сұрапыл сүмдіктарды ақыкат тізіп айтып бере алғандығында ғана емес, сондай аласапыран, алмағайып, аламан-тасыр заманда халықтың ежелгі бостандық сүйгіш рухының, тіршілік үшін қандай жаумен де қүресе алатындығының, ешбір жаудың алдында жасымағандығының көрінуінде. Қазак көштерін талапайға салмак болған айласы мол, аяушылығы жоқ арамза жаулардың бір де бір шабуылы тойтарыссыз қалмайды. Қазактар қытай шеріктерінен ұрыс үстінде тартып алған қару-жаракпен соғысып-ак екінің бірінде жауды шегінуге мәжбур етіп отырады.

Бұл кіммен шайқасса да «жастығын алып өлуді» шарт санаған, ежелгі түрік заманынан қалған жауынгерлік дәстүрдің жоғалмаған ізі болып елестейді. Өзінің байырғы отанында отырған қазактың көбі ертедегі ерлік, өрлік, намыстылық салтынан айрылып, құштілердің айдаған жағына ыға беретін кезінде. Қытайды жайлап қазактың өжет мінезін сактаи қалғаны танқадарлық. Олардың женілген жауды түгел қырып

жібермей, бастарына азаттық беріп қайтаратындығы бергі дәуірде елде кездеспеген қасиетті қайырымдылық белгісі. «Атажұрттан Анадолыға дейіннен» алынған үзінді мысал осы пікірімізді дәлелдейді: «...Сақадай сай жігіттер қадап атып, қайтпай соғысады. Әрі тұн, әрі бейғам жатқан әскерлер ес жия алмайды, көбі өліп, біразы колға түседі. Дұшпандар жағы женілгенін мойында, әк ту көтереді. Елісхан мен жолдастары женіске жетіп, көнілдері көтеріледі... Елісхан батыр жаудың тірі қалғандарын бір жерге жинап, мәлімет алады да, азықтұлік беріп коя береді. Құралды колға түсіреді, көш суатқа жетіп дамылдайды...» (10-бет).

«Жұт жеті ағайынды» дегендеген, қазактардың кас жауы обал-сауап деген ұғымды мойындағытын кісепір аламандарғана емес, адамдар аурудан да, жағымсыз ауа райынан да, аштықтан да қырылады. Тибет жерінен, Гималайдың құз-қия беткейлерінен, долы өзендерден, шөлейттерден өтіп, мал мен жанының көбінен айрылған казак көштері Пакистан мен Үндістан жеріне жетіп дамылдайды. Бірақ діні мұсылман Пакистан елі азын-аулақ мейірім ишарасын көрсеткенімен, бұл өлкенің де түпкілікті коныс болмайтыны мәлім болады. Ақырында, казак ауылдарының басшылары Түркияның елшілігіне барып жолығып, мән-жайды баяндағы. Өз бетімен көшіп, иен далада шұбырындыға айналған елге жақсылық көрсетуге даяр жалғыз ел Түркия болады. Бұл жағдай былайша баяндалған: «Бас-аяғы бір аптаның ішінде Бомбейден Басраға баратын кемеге отырдық. Бұл 1953 жылдың алтыншы желтоксаны еді... Басрадан Бағдатқа пойызбен келіп, осы арада бес күн болдық. Бағдаттан көшкен елге арналған түрік вагондарына отырып, Түркияның Ирак жағындағы Нусайбын облысының Талкөшек деген кішкене калашиғына келдік. Осы арада түрік өкілдері қарсы алғып, арнаулы вагондарға отырғызды. Жол каражатын да өздері көтеріп, азық-тұлікпен қамтамасыз етті. Сейтіп Урфа, Халеп, Адана жолымен үш күнде Стамбулға жеттік. Түркияға келген сон біздердің де төбемізге күн шуағы түскендей болды. Ауа райы қолайлы,

шыжырған атап ыстығы жок жағдайымыз жақсара бастады. Тегін үй, тегін тамак берілді. Тоқымашылық, ұсталық, тігіншілік сияқты мамандыктарға үйретіл оқыта бастады. Әр адам өз еркімен арнаулы кәсіпке бейімделді» (66-67-беттер).

«Атажұрттан Анадолыға дейін» – курес пен қайсарлыққа толы қазақ тарихының бір үзігін, атап айтқанда, бір заманда түрлі жағдайсыздықтардың салдарынан Қытай ауып кеткен, онда жайлы тіршілік таба алмай басқа елдерге босқын, үркін болған қазақ қауымының тар жол, тайғақ кешуін оқиғаның басы-қасында жүрген күәгердің көзімен қаз-калпында суреттеп, каны сорғалаған шындықты асырмай да, жасырмай да баян еткендігімен құнды шығарма. Сонымен катар бұл туынды азаттық, тендік өзгелерге құлдық ұрып, салтынды, дінінді жоғалтып, карын тойдырумен емес, намыс жолында арпалысып жүріп, тегінді, елдігінді сактау арқылы ұлы мұраттың дәмін тату мүмкін екендігін нактылы мысалдармен ұқтыра алатындығымен бағалы. Қазактарды қысылтаян шақтарда демеп, қолдап, көмектесіп, дуниенің бір қырынан екінші қырына көшіріп әкеліп, оларға жер беріп қоныстандырған түрік ағайынның шын бауырмалдығын айтуы да шығарманың өте үнамды сипатының бірі. Кешегі кезде елдерді қайдағы бір қиялдағы коммунизм елесімен еліртіл, тубірі бір халықтардан әдейі алыстатқан заманда, ресми идеология түрік бірлігін күбыжық етіп ұдайы жамандап келгені белгілі. Мына кітапты оқыған адам түрік елдерінің өзара ынтымағы дамуымыздың, ұлт болып сакталуымыздың аса қуатты тіректерінің бірі екенине көз жеткізеді. Тағдыры құрдымның аузында тұрған қазақ көшін дұрыс жолға бағыттаған түрік туысқандарға бұл үшін канша ризалық етсек те, артық емес.

## АТА ЖҰРТТЫ АҢСАҒАН

### I

Тарихи дамудың әрбір бұралан кезеңінде қай халықтың да алдында тұрған бірінші кезектегі нысаналары болады. Қеренаулықты қөтермейтін, негізгі принциптерін осы кезде шешпесен кейін орны толmas екінішке апаратын мәселе – шет елдерде шашырап жүрген қазактардың ата жұртқа кайтып оралу мәсеселесі. Бұл жөнінде қазақ тілінде шығатын газет, журналдар сонғы жылдарда соншалықты дәлелді, тегеурінді түрде жазып келеді. Жұртшылық пікірінің үштығы үкімет басындағы мансап иелерінің де құлагына шалынып, Қазақстанға келгісі келетін отандастарымызға азды-көпті қамкорлық көрсету жағы қолға алынып келеді. Бұған мысал Монголиядан көшіп келген бірнеше мын үйдің республиканың түрлі облыстарына орналастырылуы.

Эрине, мұндай қозғалыс пайда болғанына шүкіршілік шытуымыз керек. Бірак бұл әрекет әлі де жүйелі, толық, занды шешімін тапқан жок. Қазақстанның кең өлкесіне шет елден келген өз казағының қысылып-қымтырылып, әзер-әзер сыналадап кіріп, сүйініші мен күйінішін алма-кезек түсіп өтірғаны қанағаттанарлық көрініс емес. Өзге ұлт өкілдеріне қысы-жазы, құндіз-түні ашық тұрған қазақ жері мен төрі өз туыстарымызға келгенде тарылып, неше түрлі «дәлелдер» табылып шыға келетіні қасіретті шындығымыз.

Осы арада F.Мұсіреповтің «Оянған өлке» романындағы бір күлкілі хәл еске түседі. Қарағандының даласында қой жайып жүріп, суыр інінен көмір тапқан Байжанның Апағы ауылдастарына самауыр қайнату үшін бірер дорба көмір әкеліп береді. Бір күні әлгі Апак: «Маған да көмір әкеліп ғберші», – деген бір әйелге: «Енді сұрамандар, көмір таусылып бара жатыр», – дейтін еді. Сол «таусылған» көмір, міне, содан бері бір жарым ғасыр бойында сан мын тонналап қазып жатса да, сарқылатын емес. Жер қойнауын зерттеп көрмеген Апактың жаңағыдай жауап айтуы табиғи. Ал қазіргі кейір

жетекшілердің Қазақстанға, оның калаларына енді келетін казактар сыймайды деулерін «капақшылдықтын» жана түрі демеске болмайды. Мұндай келте кесім, асығыс үкімнің төркіні түсінікті. Ол – бәз-баяғы «сұрауы жок» момын қазакты шет қақпай етулің үйреншікті сарыны.

Экономикалық та, мәдени де мәселелердің өз орны, мәні бар. Оған бізде көніл бөлініп, пікір айтылып, шаралар қолданылып жатады. Ал, осы республикаға ат берген, ежелден жер иесі болып келген халықтың жағдайы сөз бола бастаса, жалтактау мен сылтаурату дегенініз дап-дайын тұрады. Осының себебі не екенін іздегендеге басшымызға да, қосшымызға да тән ортак жетіспеушілігіміз еске түседі. Казак қоғамында азаматтық жетілудің қалыптасып болмаганы, қандай мәселені жергілікті халықтың мүддесін ойламай шешіп үйренгендік дағдысы қалатын емес. Басқалардың еркі мен тенденгін құрметтеуге келгенде алдымызға жан салмаймыз.

Мұны жаман касиет демейміз. Үрәқ түпнің түбіндегі, қазақ халкының тілегі мен мұраты өз жерімізде ен негізгі мәселе екенін мойында майынша, тіл ұшымен айтылған қызыл сөзден пайда жок. Әр нәрсенің атын атап, түсін түстеп айтатын уақыт келді. Кейбір шовинистердің ырқына салсан, Қазақстанды аты жок, заты жоқ, бейнесі жок әйтеуір ұлыстар мен үлттардың аралас мекені деп тануға бейім. Бұл – «есіктен кіріп, төр менікі» дейтін арсыздардың, қазақ жерін таптап, корлап біткенін зәредей де сезбейтіндердің, кімнің жерінде отырғанын мүлде ұмытқандардың пифылы.

Осындаш шекіз өктемдікті сезбей келудің өзі азаматтың оянаудың белгісі дейміз. Ешкімге қиянат жасамау және ешкімнің қиянатына көнбеку халықтың азаматтық кемелденүінін анық нышаны болса керек. Міне, осындаш қарапайым ақиқатты терен ұғынатын заман тұған жок па? Сондыктан біз Қазақстандағы басқа үлттардың өкілдеріне: «Қазақстан жері бәріне де жетеді, бұл елге деген құрметтерін болса, өмір сүре беріндер, бірақ қазак халқының ішкі мәселесіне, өсіреле оның ел болып кайта бас косуына кедергі жасамаңдар», – деп ашық

айтуымыз керек. Қазақ халқы өз жерінен ешкімді де қуып жатқан жоқ. Қолға алып жатқан жалғыз ғана мәселе міз – жоғалып бара жатқан тілімізді сактап калу жолындағы әрекет, ана тіліндегі бала-бақшаларды, мектептерді, басылымдарды көбейту. Бұл казактың құдай алдындағы да, адам алдындағы да төл правосы гой. Осыған қысым, шектеу жасаушыларды имансыздың өзі деп айтуға болады. Тілді сактап калу үшін күрес халқымыздың акырығы қамалы, бұдан кейін шегінуге жол жоқ.

Жан-жануарлардың ішіндегі ең корқағы коян болса, сол коян да қашатын, тығылатын жері таусылып, тығырыққа тірелгенде, жауы арыстан болса да қарсы атылады – мыс дейтін тәмсіл-аңыз бар. Қазак халі де бір есептен осы коянның тағдырына үкес атқарып келеді. Қытайдағы казак қытайға, монголдағы қазак монголға, басқа жерлердегісі тағы да бір қожаларына бағынышты. Олар кезінде пәледен қашып күтылғысы келгендер. Дүниенің бәрі тарылып, әрбір халық, үлт өзінің бірлігін, шекарасын калыптастыруға бет алған қазіргі кезеңде қазактардың Қазақстаннан басқа баарар түпкілікті жері де, елі де жок екенін мойындауымыз керек. Демек, «пәледен қашып күтылу» психологиясы өзінің барлық, мүмкіндігін сарқып бітті, ендігі жерде тұрктың ақырғы қоныс үшін батыл күрес, табандылық, саналы бірлік пен ынтымак қажет. Кім де кім осы максатқа ашық немесе жасырын қарсы шыкса, ол қазак халқының жанашыры да, досы да емес.

Патшалық отаршылдары, қанқұйлы атамандар қазактың ең шурайлы, сұлы, нұлы жерлерін тартып алғаннан бері көшу, босу басталған. Сонау Бұхар жырау заманының өзінде-ак төніп келе жаткан озбýрлық ұсқыны анық көрінген болатын. Қазактардың кейбір тайпалары откен ғасырлардың өзінде-ак алыстағы Алтай атырабына, бұрын жоңғар қоластында болған жерлерге жылжып көше бастаса, мұның негізгі себебі кең жайылымның тарылғандығынан еді. Бұл арада патша үкіметі XVIII–XIX ғасырлар ішінде XX ғасырдың бас кезінде қазактың канша миллион гектар жерін тартып алғанын

тәптіштеп келтіріп жатпаймыз. Осы аталған уақыт ішінде отаршылдар қазактың 65 миллион га жерін басып алғанын көрсетсек те жеткілікті.

Бүгінгілер үшін де, келешек үшін де басын ашып, ғылыми дәлелдеп беретін бірер мәселені дәйектейтін кезек келді. «Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы» дегенді тілге тиек етіп, патшалықтың барлық зорлықтарын осы «ерікті қосылғаннан кейінгі» «жаксылықтар» деп насиҳаттап келдік. Бірен-сарап хандардың өз пайдасы үшін немесе уақытша саясат ойларап, «еркімен» бағынуын бүкіл қазак халқының шешімі деп бағалауға бола ма? Бұл мәселені қазактың қандай құрылтайы шешкен екен? Мұндай құжаттар жок. Демек, Қазақстанның төрт бұрышы бағынған емес, бағындырылған деп қарау шындыққа сәйкес келмек. Басқалардың қазак жерін басып алуына, иемденуіне қандай ерекше правосы болды десек, ол «правоның» аты зорлық еді. Ендеше сол еркісізден айрылған жерлерін қазак «менікі» деуге қашан да хакылы. Тарихшылар Ресей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың шын сырын асырмай да, жасырмай да көрсетіп беруге міндетті.

Тағы да бір киянат, жалған тезис шындықты бүрмалаудың амалына айналған. Ол келімсектердің «бос жатқан жерін игердік, менгердік, иемдендік, жанаша ат қойдық» деп келетін қысынсымағы, ақиқатына келгенде қазак жерінде игерілмеген, есепке алынбаған, атауы есімі жок бір де бір өнір, не жылға болмаған. Мал өсірумен айналысқан халық осыншама мол жердің әр токымдайына дейін керегіне жаратқан. Қыстау қазақтардың негізгі тіршілік мекені болса, алты ай жаз бен күзде көшетін, қонатын өрістерінің қөлемі мен шекарасы да барынша анық болатын. Егер жайылымдық бір мезгіл бос жатса, ол елсіздіктің, «игерілмегендіктің» белгісі емес еді.

Адамзаттын дамуындағы белгілі бір саты, стадия болып табылатын мал шаруашылығының ыңғайы мен тәсілін қазак халқы жаксы менгерген. Қазактың кен жері өз кәсібінің ерекшелігіне орай қыстау, жайлау, күздеу секілді өнірлерге

бөлінген. Бұл мал өсірудін қалыптасқан мәдениеті болатын. Осы жерлерді қүшпен басып алғандар жайылымдық жерді егістікке айналдыrsa, ол «менгеру» емес, қазактың дәстүрлі кәсіп өзгешелігінің жүйесін бұзу болып табылады. Олай болса, «казак жерін игердік» деген тіркестердің тасасында: «Бұлдірдік, далада жүгірген ан, орманда үшкан құс, суда жүзген балық калдырмадық», – деген ұғымдар катар тұрсаған шындыққа жақынырақ келеді.

Қазақстанның жеріндегі өзгерген мың сан атаулардың ежелгі есімін қайтаруға праволы екенімізді алдымен өзіміз түсініп жетсек екен. Қазақ халқының еркінен тыс жасалған «өзгерістер» занды болып есептелмейді. Мын жылдан бері Алматы, Алмалы деген атаулары бар жерді 1854 жылы патша отаршылдары «Верный» деп өзгертуенін жергілікті халық, мойындаған емес. Сондай-ақ ондаған, жүздеген георгиевкалар, николаевкалар, александровкалар, атамановкалар, алексеевкалар ол жерлердің байырғы аттары емес, кейіннен қосылған жамаулар деп танылуы тиіс.

Біз барлық топонимикалық есімдерді бірден шапшан өзгертуге шакырып отырған жокпыш, мәселенің принциптік жағын сөз еттік.

## П

Ата жұрты – Қазақстанның ансау, бабалар жеріне кайтып, түпкілікті орнығуды арман ету шет елдегі қазақтардың бәрінің болмаса да, көбінің көңіл тереңінде жатқан ой деп айтуга болады. Біз мұны Түркиядагы қазақтармен дидарласып, сейлескенде де анық аңғарған едік. Америка Құрама Штаттарында кездескен бірен-сарап отандастар аузынан да осындей лебіз естілген. Жақында Монголияның батыс атырабындағы Баян-Өлгий аймағын мекен еткен қазақтарға барып кайтканда да, бауырластардың жан әлемін жақынырақ, анығырақ түсінгендей болдық. Ресейдегі қазақтардың да Қазақстан деген елді сырттай медет тұтып, сағынып жүргендері көп екеніне күмөніміз жок.

Қазақстаннан ел кету процесі басталғанына екі ғасырдай болған екен. Құнарлы жерден айрылып қалу да, оқтын-оқтын соғып тұратын жұт алапаты да, шөлейт жерге қамалған рулардың өзара талас-тартыстары да, зорлықшылардың өктемдігіне шыдай алмай, бас көтергені үшін «кінәлі» болып күгінға түсушілік те қазак жұртының ата қонысынан жырақтай беруіне душар еткен. Әсіреке, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне шыққаны үшін жаппай қыргынға ұшырау қаупі туғанда, қазактардың тұтас өнірлерді тастап, үркінге ұшырауы ел катарын ойсыратып-ақ кеткен. Сол жылдарда Жетісұдын жаннattай сұлу жерлерін тастап, ауыл-ауылымен, ру-руымен Қытайға бас сауғалап қошкендердің трагедиялы халі окушы жұртшылыққа мәлім. Патшаның жазалаушы әскерлері бұл өлкенің халқын жаппай қыруға шынымен беттегеніне мысал көп. Мен осыдан бірталай жыл бұрын Нарынқол ауданында Смағұл деген қариядан отарышыл әскерлердің қазалы болған ауылға жиналған халықты пулеметпен атқылағаны туралы сүмдікты естіген едім. Мұның бәрі қазак халқына жасалған ашық геноцид болатын. 1917 жылғы Оңтүстік Қазақстанда болған ашаршылық кезінде, қамкорлықсыз қалған ауыл адамдары жұз мыңдап аштықтан опат болған. Бұл қайғылы халді Ергөбек ақын мәнгі ұмытылмастай дастан-толғау етіп қалдырған. Байлардың мал-мұлқін кәмпескелеу жылдарында асыра сілтеу салдарынан халықтың атам заманнан бері қалыптастырыған шаруашылық жүйесі күйрекен. Ал 1932 жылғы ашаршылық қазактың тәң жартысын жойып кеткені тағы белгілі. Бұған отыз жетінші жылдың сұрапылын косыңыз.

Қазақ халқына жасалған осындағы үздіксіз озбырлық кейінгі жылдарда айттылмай, жазылмай жүрген жок. Бірақ сондай астамшылқтар мен жауыздықтар үкімет тарапынан ресми турде айыпталмай, тиісті қорытындылар жасалмай келеді. Болып өткен кияннаттың астарлары ашылып, айыпкерлері таңбаланып, себептері талданып әшкереленгенде

ғана Қазақстанды жайлаған ұлт өкілдері біздің бастан кешкен мүшкіл ахуалымызды түсінуі мүмкін.

Ұзак жылдар бойында достық, интернационализм деп үран тастап келдік. Өкінішке қарай, осы өдемі шақырулардың халықтарды орыстандыру мақсатына жұмсалғанын енді-ендіғана сезе бастадық. Біз достық деп қанша шапқылағанмен, өзгелердің бізге деген мысқалдай да ілтипаты қорінбелті. Құні кеше қазак тілі мемелекеттік статус алғанда, ондаған жылдар бойында бірге жасасып келген орыстардың дені бұған жылы шырай қөрсете қоймады. Бірен-сарап шын мәніндегі гуманист жандарды коспағанда, бұл ағайындардың арасынан «Тіл туралы занға» ашық қарсы шыққандар аз болған жоқ. Бұғынға дейін бейне ақысы кетіп қалғандай: «Қазак тілінің күшін орыс тіліне залал келтіреді», – деп тыным таппай, орыс тіліндегі газеттерде шулыған шығарып жүргендегер кездеседі. Мұндай жағдайда қазак халқының тілі мен дәстүрін Қазақстанның өзі корғамаса, ғайыптан бір күш пайда болып өлгенді тірілтеді, өшкенді жандырады деп сену күр киял болар еді.

Кешегі Совет Одағында бір тілдін, орыс тілінің үстемдігін орнату мемлекеттік саясат дәрежесіне көтеріліп, барлық күш пен бедел осы мақсатқа жұмсалған шакта, бұрынғы социалистік лагерь елдерінде де осыған қарайлас әрекеттер орын тепкен. Болгарияда түрік халықтарын «болгарландыру», Монголиядағы өзге халықтарды «монголданыру» бағытында істер жүргізілген. Осылайша шындықты аяққа басу, зорлықты мемлекеттік саясат көлемінде көтеру тәжірибесі халықтар арасын жақыннатуға емес, кайта алыстатуға қызымет еткен еді. Елімізде кайта құру бетбұрысы басталғанда, бұрынғы бояма ынтымактың лезде быт-шыты шыққанын кездейсок құбылыс деп карауға болмайды. Қашан да алдауға, жалғанға бір халықтың екінші халыққа деген үстемдігін «зандандыруға» бағытталған екі жүзді саясат күйремей калмак емес. Достық деген жаксы нәрсе, бірақ басқаны «достық құшағында» тұншықтыру абырай өпермейді.

Бұл айтылған жайлар бүгінде түрлі халыктар өз тағдырын шешудің жолдарын не себептен өздері іздестіретін болды деген сұрапқа жауап берсе керек. Біреудің колтығында қысылып күн кешкенше, оңаша, еркін тыныс алып, өз мұқтажымызды өзіміз ойлайық деушіліктің түп себептерінің бірі осы. Халыктар толық тәуелсіздікке жетіп, достық пен ынтымақты біреулердің күштеуімен, жетектеуімен емес, өз қалауымен табиғи түрде іздейтін болғанға дейін жіктелу, шоғырлану процесі жүре беретінін түсіну қын емес.

Кешегі «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» кеткен заманда қазактардың сайды санын, күмдә ізін таба алмай қалған шактары көп. Тіпті, қазірге дейін халқымыздың жалпы санын анық біле қоймаймыз. Демограф ғалым Мақаш Тәтімовтың еңбектері болмаса қазактардың сан мөлшерін шамамен де біле алмаған болар едік. Қазір қазак саны он миллионнан асты деген тұжырым рас, бірақ ол халықтың этникалық тегін толық қамтып шығарылған есеп деуге келмейді. Өйткені халық санағын жүргізуде әлі де жетілмегендіктер бар. Ресейде және басқа егеменді республикаларда уақытша немесе тұракты тұрып жаткан қазақтардың анық-канығын кім тексеріпті? Балтық бойында, Украинада, Белоруссияда, Ресейдің көп облыстарында, Кавказ қойнауларында қызмет істеп жүрген казактардың барған елдерінің адамына үйленіп, «құшік қүйеу» болып жүргендері канша, олардың балалары қандай үлт болып жазылады деген секілді сұраулардың жауабы жок. Ал Өзбекстанда түрлі себептермен документ күжаттарында өзбек болып жазылып жүргендер саны аз емес екені баспасөз беттерінде айтылып келеді. Шын мөлшерінен көп болып есептеліп жүрген халықтар да бар, сонымен қатар тізімге алынған есебі кем болып кеткен халықтар да кездеседі. Біздін қазақ соғы топқа жатады. Келешекте қазактың анық санын шығаратын шаралар керек-ак.

Отыз екінші жылғы ашаршылық кезінде бір-бірінен адасып, қанғырып, басқа халықтар ішіне сініп кеткендердің

тағдыры бір жаратқаннан басқаға мәлім емес. Осы күнге дейін газет, журнал редакцияларына хат жазып, жоғалған туыскандарын іздеушілер кездесіп жүргенін білеміз. «Әділет» секілді қоғамдар аштық жылдарында бір-бірінен көз жазып қалған міскіндерді қайта табыстыруға септесе алса, қандай иғі жұмыс болар еді. Жариялылық дәүірі халықтың мұлгіген санаасын оятып, жылдар бойында еңсесін басқан корқыныш, үрейден арылдырып, небір күтпеген деректер мен хабарларды мәлімдей бастағанына мысал мол. Жақында «Шалқар» газетінің бетінде сондай тосын хабардың бірі басылды. Онда Монгол жерінде бір заманда тұтын болып айдалып барса да, өзінің қазақ тегін ұмытпаған, дінін де сақтаған, «хотон» деген атпен аталып жүрген бір қауым бар екені айтылған. Осы хабарды оки салысымен Қазақстанның мәдени, қоғамдық үйымдары мәселенің анығына жету үшін Монголияға арнаулы адамдар жіберді дей алмаймын. Өйткені мұндай елгезек зеректік бізде әлі қалыптаса коймаганы белгілі. Сырттағылар былай тұрсын, өз ішіміздегі мұқтаждарды түсініп те, түгендеп те болмаған елміз ғой.

«Жәнгір» эпосына арналған ғылыми конференцияға қатысу үшін, Элистаға барғанымызды, Қалмақстанда казақ ауданы бар екенін білдім. Кейіннен бұл туралы казақ зиялыштарынан сұрағанымда, олардың көбі бұл жөнінде білмейтін болып шыкты. Қалмақстандағы казақ ауданына дүние жүзінің түкпір-түкпіріне барып жүретін артистеріміздің де жолы түспепті. Бұл және басқа мысалдар әлемнің әр аймағына шашыраған қазактардың есебін білудің кажеттігін күн төртібіне кояды. Қазақстанның сырт елдердегі отандастарымен байланыс жасайтын қоғамы соғы кездерге дейін Ресей, Балтық бойы, Украина, Белоруссия, Еділ бойы, Кавказ, Орта Азия жерлерінде жүрген казактар тағдырын қалеріне де алмай келгені адам түсініп болмайтын бір нәрсе.

Шеттегі казактар ұзак жылдар бойында қарны ток, киім көк болуын ғана көздел, мектепсіз, театрсыз, баспасөсіз күн кешіп келді. Ендігі жерде мұндай тіршілік оларды

канағаттандыра алмайды. Ресейдегі қазактар балаларының көбі ана тілін, халық дәстүрін білмей өсіп келе жатканына қатты өкінетінін білдіре бастады. Тұбінде Қазақстаннан тыскары жерде тұрып келген бауырластармен жүйелі, жігерлі байланыс жасаудың нақтылы жолдары қарастырылуға тиіс. Байланыстардың қазіргі халі тым өлсіз.

### III

Шет елдерден ата жүртқа келушілер тек қара көбейтуші болып қалмай, республиканың сан-сала істеріне бел шешіп араласып кете алатындығын қатты ескеру керек. Біз Баян-Өлгіге барғанда, монгол қазактарының арасында тек малышыларға емес, құрылышылар, кеншілер, тракторышлар мен комбайншылар өсіп жетілгені туралы мағлұматтар білдік. Монголиядағы атақты үш құрылыш тресінін біреуі түгелдей Баян-Өлгій қазактарынан жасақталған екен. Олар тұрғын үйлерді салуға әбден маманданып алған. Сонымен бірге мектеп, аурухана, мәдениет сарайлары ғимараттарын да салады. Қазак аймағының орталығы Өлгій қаласын қазактардың өздері тұрғызыпты. Тіпті, Алтай өлкесінің Қосағаш ауданы жерінде де монгол қазактарының құрылышылары шартпен келіп, үйлер салып беріп жатканын көрдік. Қазак жұмысшыларының кейбіреулері жер сілкіністен қирап қалған Шығыс Қазақстан аудандарына келіп, құрылыш ісіне қолғабыс тигізіп жүргендіктерін де есіттік. Қазақстанға көшіп келгендердің арасында да түрлі мамандық иелері бар көрінеді.

Осы жағдайларды көргенде, Қазақстанда ұлттық жұмысшы табын өсіруге тым аз көніл бөлініп келгені, осы жұмысшы табын өсіруге тым аз көніл бөлініп келгені, осы уақытқа дейін ең болмаса қазактардан құралған бір де бір құрылыш тресінің жоқтығы еске түсті. Жергілікті жерде самсаған жас адамдар бола тұrsa да, мұнай өндірүте жұмысшыларды күні кешеге дейін сырттан тасып келтіріп жүргені қаншалық намысқа тиер нәрсе екенін халық болып сезіп білдік пе екен? Жұртшылыққа мәлім есеп бойынша,

Қазақстанда ұлттық жұмысшы табының мөлшері сегіз-он проценттен аспайды, ұлт тағдырына мұнан артық астамшылықпен қараудың мысалын іздел табу қын болар. Бұрынғы Совет өкіметі жетпіс жылдан аса өмір сүрсе де қазак жұмысшы табы өсіп жетілмепті. Бұған өз қара бастарының мансабын ғана көздеңен республика, облыс, аудан басшылары кінелі. Жылдар бойында «пәлен мамандықтың адамдары керек» деп газеттердің тұтас беттерін толтырып хабарландыру бергенде жалғыз максат басқа республикалардан адам шақырып, Қазақстанның демографиялық келбетін өзгертіп жіберу болғаны қазір әмбебеге аян. Тіпті, Алматының өзіне Сібір мен Алтай жактан тұтас-тұтас деревнялар көшіп келіп орналасқанда да, өзімізден шықкан «қөсемдеріміз» «бұның келешегі қалай болар екен» деп ойланбай, алған ордендеріне мәз болып отыра берді. Сонын нәтижесінде астанамызда қазак халқы мардымсыз азшылыққа айналды. Ұлттық орта алдағы кезде де онайлықпен шешіле қоймайтындаи халге жетті. «Бас болмақ онай, бастамак қын», – дегендегі-ақ мансабы жер жарған басшыларымыздан бұл мәселені жете ойластырып үйимдастырлықтай парасат та, жанашырлық та табылмапты. Мұндай тұжырым кейбіреулерге ауыр да көрінеді, бірақ шындықты ешқандай сылтаумен көлегейлеу қын.

Қатардағы жұмысшы мамандығын үйрету, ұлттық жұмысшы табын қалыптастыру үшін санаулы-ақ жылдар керек екен. Бас-аяғы жұз мындан сәл-ақ артатын халқы бар Баян-Өлгій өзіне қажет кадрларды даярлап алғанда, мүмкіндігі орасан зор Қазақстан ондай мамандарды ылғи дерлік сырттан шақырып отырыпты. Республикада не көп, кенші көп бола тұrsa да, соңғы кезде Алматыда метронын құрылышына бұрғылаушыларды Ресейден «колкалап» алыпты. Бұдан артық дәрменсіздік пен ойсыздықты дүние жүзінен іздел табу қын болар. «Ұлттық жұмысшы табын жасайық», – деген ұранның сөз жүзінде қөтерілмеген кезі болған емес. Амал қанша, нәтижесі жоққа жақын. Қазақстан егеменді ел болатын болса, ен алдымен, жергілікті халықтың есебінен түрлі ісші

мамандарды өзірлеуге бірінші кезекте көніл бөлуі шарт. Бұл кезге дейін жөнге койылмаған осы бір манызды шараны жүйелі түрде қайтадан бастау керек. Ел басшылары осы проблеманы жасқанбай, жалтактамай, жеріне жеткізе шешер деп үміттенгіміз келеді.

Ұсыныс ретінде айта кететін бір мәселе – әлгі айткан Баян-Өлгій құрылышшыларын Зайсан, Марқақөл аудандарына шакырып, жаңа үйлер тұргызуға пайдалану керектігі. Түбінде құрылышшылар сол манайға өздері де қоныстанып қалар еді. Мұндай құштер тұрғанда Шығыс Қазақстанның жер сілкінуден зардан шеккен жерлерінің құрылышына жер дүниеден адам ізден сарсан болу ақылға қонбайтын іс.

Қазақстанға шет елдегі бауырластардың келіп-кету проблемасы әлі де түпкілікті шешілмеген. «Қазақстан» қоғамының жақындағы бір жиналысында биыл шет елдерден қырық шакты қонақ қабылданғаны айтылды. Бұл, әрине, жоктан тәуір нәрсе. Бірақ заманың, уақыттың талабымен салыстырғанда болымсыз ғана әрекет. Шет елдегі үш миллионнан астам қазақтың өкілдері жыл сайын мындал, он мындал келіп жатса, табиғи көрініс болар еді. Қазақстанда миграция, азаматтық туралы зандардың қабылдануы тым кешеуілдеп кеткені де осындай жанды мәселелердің шешілуіне тікелей қолбайлау болып келді.

Монголияның Баян-Өлгійінен Қазақстанға келіп-кететіндердің көретін жол машақаты мол. Жағдайдың нақты осылай екенін біз өз көзімізбен де көрдік. Алтай тауларының өн бойын ежелден жайлап келген казак елінің бір бөлегі Шыңжанда болса, тағы бір қызымы Баян-Өлгійде, ал Шығыс Қазақстан арқылы өтетін Алтайда Катон-Карагай ауданы іргелес жатыр. Бұрынғы заманда атқа мінген адам тау арасымен тұра жүретін жерлер көзір түрлі елдердің қарауында. Катон-Карагайдан Баян-Өлгійге тіке асуға рұқсат жок. Сондықтан Қазақстанға келетіндер немесе Баян-Өлгійге барындар Алтай өлкесінің Қосағаш ауданына келіп, сол арадан не машинаға, не самолетке мінеді. Қазақстанға барып кайтуға рұқсат алу үшін

Баян-Өлгійліктер ақша төлеп, кезекте тұрып, рұқсат алады. Содан кейін Қызыл үйдегі монгол, Ташантадағы орыс бажханасынан (таможня) киын тексерістен өтіп, бұрынғы совет жеріне жеткен соң бейнеттің жаңа түрі басталады. Монгол қазактарына аэропорт кассалары «шет елдің адамысың, валюта төле» деп қиғылық салады екен, ондай долларды даладағы қазактарға кім беріпті. Сондықтан біздің ағайындар Қосағаштан амалдан жүріп, машинаға мініп, әрекеңде Барнауылға жетеді де, сол жерден Алматыға пойызға билет алып, апрым тәнірім дегенде Қазақстанның бас кентіне жетеді. Қазақстанда оқып жаткан Баян-Өлгійлік студенттің де, ғылыми сапарға шықкан зерттеушінің де көрген күні осы.

Монголиядағы ағайындар: «Жол мәселесін де осыншама қыннатпай шешуге болмас па еді?» – деп сұрап кояды. Олар Қазақстан мен Монголия үкіметтері Алматы мен Баян-Өлгій арасында самолет ұшыруға келісілті деп қаты үміттеніп отыр.

Қазіргі қайта құру кезеңінің кайшылықтары мен ауыртпалығын Монгол республикасы да бастаң кешіп отырғаны белгілі. Шаруашылықтың бұрынғы құрылымдары өзгеріп, жаңа түрлері қалыптасып болмаған кезде, шалғайда жатқан Баян-Өлгійдің халі ерекше ауырлай түсетіні де түсінікті. Сондықтан да Монголиядағы 140 мың қазақтың кысылғанда кол үшін берер деп сенгені Қазақстан болып отыр. Шығыс Қазақстан шекарасына тиіп тұрған Алтай өлкесімен іргелес жатқан Баян-Өлгіймен жан-жакты қарым-қатынас жасаудың жолдарын республикамыздың сырт елдермен сауда-саттық, мәдени байланыс жасайтын мекемелері шындал болға алуы парыз. Қазақстан баян-Өлгійліктерге астық жағынан карасса, ондағы ағайындар бізге жаксы, сапалы ет өнімдерін бере алады. Екі жаққа да тиімді. Жергілікті халық түбінде Қазақстанға біржолата көшіп келуді қалайтынын байқадык. Бірақ көзіргі экономикалық дағдарыс жағдайында тұтас елдің бірден коныс аударуы киын. Сондықтан бұл процесс бірнеше жылға созылуы мүмкін. Баян-Өлгій аймағының жер асты байлығы да орасан мол екен.

## ҰШ БІРЛІК

Заман онымыздан туып тәуелсіз ел атандық, конституциямызды қабылдадық, дүние жүзінің ең беделді үйімі – Біріккен Ұлттар Үйіміна мүше болдық. Тіліміз мемлекеттік статус – мәртебе – алды, мәдени мұраны итеруге жол ашылды. Әнұранымызды, Елтанбамызды бекіттік, жерімізде өз туымыз желбіреді. Ондаған жылдар бойына тұбі бірге түрік халықтарымен алшактап кеткен арамыз жақындай бастады, күғын көрген дініміз жандануға бет алды. Тұңғыш рет өз президентімізді сайладық. Шет елдермен елшілік алmasу, сауда-саттық басталды. Мұның бәріне шүкіршілік дейміз, осы жетістігімізге көз тимеуін тілейміз.

Сонымен қатар қөнілімізді күптігей ететін, «тұбі қалай болар екен» дейтіндей құдік те, тіпті, ашық каяп-қатер де аз емес екенін естен шығара алмаймыз. Ежелден өзгелердің жерін тартып алып, байлығын талан-таражға салып үйренген орыс қазактарының Қазақстанның батысы мен солтустігіндегі және шығысындағы шұрайлы жерлерге көз алартуы, олардың бұзық ниеттеріне жазушы Солженицын, күні кешеге дейін барлық халықтардың тендігі үшін күрескер болып көрініп келген Горбачев секілділердің дем беруі, анық арандатушылық шакырулары бұл зұлым әрекеттің тамыры тереңде жатқанын аңғартады. Шекарамыз ашық, Қазақстанның барлық өнірінде орыс әскерлері тұр. Ондаған жылдар бойында полигонга айналған жеріміз жаралы. Жаңадан құрылыштың жетілуіне дейін жол үзак. Қазақ жерінің көбі экологиялық апат аймағына айналған, радиация зардабынан опат болғандар мен жазылмас дерте үшырағандардың саны бір жаратқанға ғана белгілі. Халқымыздың ең көп шоғырланған жері – ауылдың тұрмыстық, мәдени халі жөнделе қоятын санылау көрінбейді. Жер тозған, ел азган. Адам пейілінің бұзылуы, имандылықтың жогалуы, мейірімділіктен ада катығез жандардың пайда болуы, бұрын қазактың оні түгіл түсіне де кірмеген сұмдықтар:

Казакстан көмегімен ол байлық игеріле қалғандай жағдай туып, егеменді елдер арасында шарт жасала қалса, жергілікті қазактар көші белгілі дәрежеде кешеуілдеп жүруі де ықтимал. Қалай болған күнде де, бір нәрсенің басы ашық. Ол – Қазақстан бұдан былай шеттегі бауырларына шын мәнінде камкорлық қолын созуы керектігі. Республиканың жоғары оку орындарына биыл бірталай окушы түсіпті. Бұл – жақсылық нышаны. Алдағы кезде мұндай байланыс барлық салада және үздіксіз жүріп жатуы тиіс.

Нарықтық экономикаға көшуге байланысты жеке мешік пен сауда-саттықтың жөнін білетін, істі білгір жүргізетін адамдар көп керек. Құрылышы, механизаторлардың монгол қазактары арасында барышылық екенін ілгеріде айттық. Ал Түркиядағы, Ирандағы қазактар арасында дүкен үстайтындардың әлемдегі көп мемлекеттермен сауда жүргізе алатындардың маманданып жетілгенін де білеміз. Қазір Алматыда да, басқа қалаларда да үлкен ғимараттарды, ресторандарды, қонақүйлерін, кинотеатрларды аукцион арқылы жеке адамдарға сату басталып кетті. Ең болмаса осындағы көрнекті орындарды сыртта жүрген акшалы ағайындар сатып алса, ұлттық келбеті аз қалаларымызға туысқандар келуіне мүмкіндік көбейе түсер еді деп ойлаймыз. Космополиттік мінезben: «Қайсын келсөн де, ақшаң көбін ала бер», – деп жайбаракат отырсақ, қалаларымызды келімсектерге онан сыйын қаптатып жібереріміз хак. Тәнірім, қолында іс тағдыры тұрған басшыларымызға біліктілік, нақыстылық, тегеуінділік дарыта көрсін.

Бір кездерде туып-өсken өлкесінен еріксіз босқан халықтың ата жүртқа қайта көшуі басталды. Елдін бірлігін, ынтымағын қүшету мақсатын көздең осы ұлы көштің сәтті болуы үшін, алаш азаматы барлық көмегін көрсетуі парыз.

тастанды балаларды асырайтын сәбиханалардын, үл-қыздары қарамай кеткен қарттар үйінің көбеюі, қалаларымызда қазақ тілінде сейлейтін ортаның аздығы, өз арамыздан шығып, ұлттық дәстүр мен мәдениетті мансұқтайтындардың, аты казак, заты жат адамдардың күш ала бастауы тәрізді толып жатқан мұнымыз сейілмей тұрганда, арқаны кенге салуга, барлық кемтігіміздің орны толып болғандай жайбаракат жүргуте, қасіретімізді жасырып, жауырды жаба токуға әлі ерте ғой деп ойлаймыз. Сондыктан барымызды да, жоғымызды да біліп отырып, елдігімізді бекітудін шарасын кесесіп, дамуымызға аса қажет-ау деген құндылықтарды мойындап, соларды өміріміздің алтын қазығы деп, тоқтамға келу шарт. Осы тұрғыдан халқымыздың іргесін бекітіп, қөсегесін қөгертертін керектеріміз осылар-ау дейтіндей үш мәселе жөнінде пікір білдіруді жөн көрдік. Оны үш бірлік деп атасақ та болғандай.

## I

Біз қазіргі кезенде әлемнің көп мемлекеттерімен тікелей байланыска көшіп, елшілктер алмасып жатырмыз. Шет елдерге барыс-келіс жағдайын өзіміз шешеміз, білмегенімізді үйреніп, артыымызды базарға шығарып, жоғымызды іздеу жолындағы. Қазақстанды жайланаң көп ұлтардың өкілдері тен құқықты болсын деп ата занымызда көрсеттік. Бейбітшілік, өзгелермен тен турде карым-катьнас жасау саясатымыздың темір қазығына айналды. Мұнын бәрі жақсы-ақ. Бірақ ең негізгі мәселенің бірі – қазақ халқының ішкі бүтіндігін нығайту деп білеміз. Бұлай деп тұжыруымыз көлденен жұртқа тосын да естілуі мүмкін. Біз бұл арада «Бас жарылса, бөрік ішінде, кол сынса, жен ішінде» деген нақылды үмитып отырған жокпыз. Тарихтың ұзына бойында казак халқының шеккен қасіретіне рулардың, жұздердің алауыздығы қырсық болғаны зиялды жүртшылыққа мәлім. Елдің есінен әлі де үміт болмаған баяғы «Ақтабан шұбырындыға» казак басы қосылмай, бет-бетімен ыдырап жүргендігінен душар болған.

Сырт жаулар осындай осал жерімізді біліп, оны өздерінің максатына ұтымды пайдаланып келген. Рушылдық, жүзшілдіктің кейде асқынып, бірде саябырлап отыруы да түрлі себептерге байланысты еді. Ел басына қауіп туган, дүшпандардан таяқ жеген кездерде халық бірлігі нығайып, қандай жауды да жеңіп отырған. Ал қасақы қара күш – жаулаушылардың беті қайтып, жүртшылықтың арқа-басы кенеңе бастаған кезде ішкі алауыздықтар кайтадан козып, бірлікке іріткі түсірген. Осындай алтыбакан алауыздықты өршітетін, дүниеге өз руының ғана төбешігінен қарайтын басқа емес, көбінесе ел ішіндегі атқамінерлер үлкен парасат жарысына тұспей-ак онай олжа тапқысы келетін, «анқау елге арамза молда» болатын «қөзі ашық пысықсымактар» болатын. Қазақтың ілгері басқан қадамын кейін тартқан, сау денесіне түскен дерг рушылдық, жүзшілдік еді. Бұл маскара қоріністі Абайдан артық әшкерелеген ақын жок болар. Оның:

Сабырсыз, арсыз, еріншек.

Алтыбақан, алауыз,

Сорлы қазақ сол үшін,

Көрсекізар жалмауыз,—

деп ашынып сөйлеуі қазақ коғамын деңдеген кеселдің қаншалықты асқынғандығынан хабар береді. Бір қазақтың ғана емес, бүкіл Орта Азия халықтарының тәуелсіздігі үшін арыстандай алысқан Кенесарының:

Қырда – Қоқан, ойда – орыс,

Әкім болды қаласы.

Кімнен таяқ жегендей,

Біздің қазақ баласы?

Алдырып жүрген дүшпанға

Ауызының аласы,—

деген сөздері де әрбір саналы адамға ой салғандай-ақ кой.

Бұрынғы даналар калдырган мұндай гибрат сөздерді, есиецтерді көтеп келтіруге болады. Амал не, рушылдық, жүзшілдік жазылып болмаған аурудай әр кезенде де бас көтеретініне қазіргі өмірде де дәлел жок емес. Ең жаман жері

ол қазактың қашан да адымын жаздырмай келген осы орақылықты кайта тірлітушілер тарихтын касіретті сабактарын білмейді деуге болмайды. Олар бүкіл қазактың басын өздерінін әділдігімен, сабырлылығымен, даналығымен қоскан ұлы билер Төленін, Қазыбектін, Әйтекенін шешендік сөздерін, тұра төреліктерін естігендер немесе кітаптан қығандар. Керек десеніз, інді жерінде казіргі әккі рушилдар сол ұлы бабалардың жақсы сөздерін жатка да айтады, жамағатшылықты ынтымаққа шақырған болады, «жүзге болғеннің жүзі күйсін» деп сайрағанда кәдімгідей риза болып қаласын.

Кешегі әміршілдік-әкімшілдік жүйе үстемдік еткен дәүірде сөз берістін арасы жер мен көктей алшактап, көп адамдар жалған сөйлегеніне үлмайтын болып қалыптасқан едіғой. Қазак рушилдарының да сөзі мен ісі екі жақта, олар жүрт алдында мейлінше үлтқа камкор болып көрінгенімен, ақын айтқандай, «қөздін жасы, жүректің қанымен ішкі мұзын арын төуіп отырғанын жасырудын пайдасы жок. «Ауро орын төуіп отырғанын жасырудын пайдасы жок. «Ауро батпандап кіріп, мыскалдан шығады» деген ғой. Сондай-ақ дәл бүгін рушилдық, жүзшілдік барынша бел алып кетпегенімен, жүкпалы аурудай тез тараң, тамыр тартып кетсе, ертегі күні онымен құресу қындағы бермек. Бұл өзі төтелеп, ашық келген жау емес, буынға түсken күргтай, сау денені бірте-бірте жайлайтын сүмдик.

Кейінгі жылдарда ұзак уақыт жабық жатқан тарихымызды іздеуге, талдауға, бағалауға мүмкіндік туды. Тіпті, әрбір рудың шежіресіне дейін тізіп таратып, өткен өмір белестерін таныстыру қолға алынды. Қазак көптеген рулардан қуалған жоқты барадай қылыш айтуға байланысты. Батыр да, би де айтылсын, танытылсын, бірақ мұны дәлелдеу үшін аныз-әнгімелер жеткіліксіз. Аныздар халықтың өткен өмір туралы түсініктерін, бағаларын әдетте әсірелеп, киял арапастырып

тәсілмен каруланған зерттеушілер ғана елді жаңылдырмайтын нактылы шындықты ақыратуға қабілетті болмақ. Сонымен бірге шежіре кестелерін кез келген басылымдарда жариялай бермей, арнаулы ғылыми журналда немесе жинақтарда топтап, тиісті түсініктемесін коса беріп отыру шарт қой. Өкінішке қарай, бізде көп жағдайда білімділік емес, білермендік орын алып барады. Кейбір адамдар елден не естісе, соны күмәнсіз, ақырғы шындық деп ұғынады. Бірнеше ғасырды өзі аралап келгендей төндіре сөйлейді, «біздің жетпісінші атамыз пәленше деген би екен» деп ғылым аулынан алыс жүрген жандарды кәдімгідей сендіргісі келеді. Қызды-қыздының үстінде өзінің бұрынғы аталарын шетінен данышпан немесе жаужүрек батыр етіп көрсетеді. Осындағы үстірт ғылыми дәйексіз бірденелерді құрастырғандар өздерінше қазак тарихын толықтыруға үлес қосып жүрмін деп ойлайтын болуы керек. Шындығында, мұндай әрекеттің екінің бірінде пайдасынан зияны көп екенін шежіре түзүші де, сол шежірені ұлы жаңалық ашқандай басуышы газет, журнал қызметкерлері де ойламайтын төрізді. Мұндай «улғіні» көрген әр рудың өкілдері жаппай өз тайпасының шежіресін іздел, жарыска түскендей сыңай байқатады. Ғылым орнына күмәнді кисындар осылайша пайда болады.

Шежіренің белгілі дәрежеде ғана пайдасы бар. Шындан зейін қойып, қариялар естелігін жиып тізген шежірелдерден жеті-он, тіпті, он бес атаға дейін аса көп жаңылмай баруға болатынын зерттеушілер тәжірибесі көрсетеді. Ал одан әріге, терендеп бару үшін, ғылыми тәсілдер, салыстырулар қажет. Қазак өртеден бері өз балаларына жеті атасының атын білу парыз екендігін үйреткен.

Шежіре күмарлықтың ұнамсыз жағы белгілі бір рудан жақсы мен жайсан көп шықкан дегенді әдейі калындастып, жоқты барадай қылыш айтуға байланысты. Батыр да, би де айтылсын, танытылсын, бірақ мұны дәлелдеу үшін аныз-әнгімелер жеткіліксіз. Аныздар халықтың өткен өмір туралы түсініктерін, бағаларын әдетте әсірелеп, киял арапастырып

баяндайды. Одан тарих оқулығындаі дәлдік іздеуге болмайды. Белгілі бір ауылдың көлеміндегі қара қайрат иесі адамдарды бүкіл халыққа аты ертеден танымал, данкты ерлердің қатарына косуға тырысушылық рушылдық отына май құяды. Бірде: «Шыңғыс ханды менің аталарым таққа отырғызған екен», – дегенді жай адам емес, үлкен мансап иесінің аузынан естігенде: «Ақыл айтатын басшымыз осындаі болса, сорымыздың қайнағаны екен», – деп түнілгеніміз есімде. Бір журналды ру идеологиясына белшесінен батканы соңшалық: «Абылай хан төре емес, Жаныс руынан шықкан» дегенді беті шімірікпей-ак жазды. Эрине, мұндай жүйесіздікке карсы баспасөз бетінде дәлелді жауап айттылды. Сонымен жаңсақ әңгіме бітті ғой дей бергенімізде, тағы бір жазушы: «Абылайдың Жаныстан тарапғанын мен де естігенмін», – деп шыға келді. Адам алдында да, құдай алдында да күмәні жок ұлы ханымыз Абылайды өз аулына меншіктеуге қысылмайтын адамдар әлгі айткан «пышықтар» арасынан шығып отырғанын көреміз.

Ол ол ма? Бастан-аяқ жасанды, жалған кисындарға негізделген «шежіре кітаптар» жазуға да шімірікпейтіндер шыкты. Тұрлі архивтерден алынған немесе ел арасына таралған аныз, әңгімелерден құрастырып: «Осы шығарманы үш жұз жыл бұрын ұлы атамыз жазып кеткен екен, бір сөзін өзгертуей қайта көшіріп, жұртшылыққа ұсынып отырмын», дейтіндерге тиым болмады. «Мынауың етірік кой», – деп ескерту жасағанды әлгі ру насиҳатшысы өзіне дүшпан санады, әділ сынға құлак аспады. Ал осындағы қып-қызыл етірікті көріп, сезіл отырған ағайындары: «Сен мықтысын», – деуден әрі аса алмады. Өз еңбегімен, қабілетімен елге танымал болған кейбір қаламгерлерге осыншама соракы жөнсіздікке барадай не күн туды екен? Мұнын да негізгі себебі – қалайда біздің руда бүкіл қазақ танырлықтай ғұлама болған дегенді ойлаш шығару максатынан туған. Қазақта мактануға тұрарлық қашшама ұлылар бар екенін біле тұрып, «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деп киял әуенімен жосылтып жаза беру

рушылдық кеселінің шалығы емей немене? Ең өкініштің сол – әлгіндей сұрапыл жасанды «енбектерді» байыпты түрде талқылап, әділ кенес, тұжырым айтуға ғылыми мекемелер де, атагы дардай тарихшылар да батылдық етпеді.

Бұрынғы өткен ардакты аталар мен абзал аналар әруағын құрмет тұту, оларға ескерткіш белгі кою дұрыс нәрсе. Бірақ әруақ сыйлау өзеуреген әңгімеге, мөлшерсіз әсірелеуге айналмаса дейміз. Ал: «Пәлен анадан тараған үрім-бұтақ екі миллиондай болдық, біз көпіз», – дегендеге сыңайда қайтакайта айтыла берсе, мұнын арты рулық бөлектену, өзге алаш баласына жатыркай қарау деген сөз. Тұтас аудандарға адам атын беруге ұмытылуышлық та әсірекызылдыққа жол ашады. Қазіргі кезде бір рудың адамдары ғана отырған жер сирек. Қазақстанның көп елді мекендерінде әр атаниң өкілдері қоныс төпкен. Олай болса, үлкен аймақты бір ғана адам атына теліп кою әділеттілік те, парасаттылық та емес. Қандай мекеннін болмасын, ертеден келе жатқан аттары болған, сол есімдерді қалпына келтіргеннен абзалы жоқ. Ал данкы тіпті жер жарған қайраткерлер есімін мәңгілікке қалдыру қажет болса, оларға тікелей өзі туған, үрім-бұтағы өсіп-өнген ауыл, кенттердің атын беру лайық.

Қазақтың үлттық көлемге көтерілмей, рулық сана денгейінен аса алмай келе жатқан ел екенін дәлелдейтін мысал мол. Соның бір көрінісі кезінде күгін-сұргіннен, ашаршылық зардабынан шет елдерге босып кеткен ағайындарымыздың кайта оралып келгендерін қабылдау мәселесінде де байқалып жүр. Кейде көшіп келгендерге ілтиpat білдіруге сана да, пайым да жетпей қалатыны құпия емес. Өзге үлттардың адамдарына есігімізді де, төрімізді де ашып қоятын пейіліміз казактарға келгенде тарылып қала беретіні өкінішті. Әрине, жанашыр басшылар бар жерде шет елден ата жүртқа сағынып келген отандастарды мүмкін-кадарынша жылы қарсы алуға, тиісті жағдай жасауға тырысатыны белгілі. Бұл іске үкіметіміздің камкорлық әрекеті де баршылық. Бул арада

біздін айтпағымыз – ұлттық мұддені ардақтау дәстүріміздің өлі де төмен екендігін көрсету.

Монголиядан ата жұртам деп сағынып келген ағайындардың кейбіреулері жергілікті басшылардың қатыгездігінен көп зәбірге ұшырап, қайта көшіп кетуге мәжбүр болғанын казак тіліндегі газеттер жазудай-ақ жазды. Үлкен республикамыздың азғана үйлі отбасыларға пана бола алмағанын естіген әрбір ұлтжанды азамат жерге қарапалықтай оқиға еді бұл. Ондаған жылдар бойында өзге жұрттың ішінде өмір кешіп, кайран еліме енді жеттім бе деп үлкен үмітпен келген, біздін орыстанған салтымызға үйреніп үлгірмеген, әр болысқа тарыдай шашырап қоныстанған қандастарға көрсеткен кемкорлығымыз осы болғаны ма? Мұндай жағдайға жол берген Қекшетау облысының да, басқа да кейбір облыстың кейімдерінің өздерінің рулас ағайындарына мүншама мейірімсіздік көрсетер ме еді? Бұл оқиғаның да астарынан кейбір жауапты қызметтегі адамдарымыздың ұлт мұддесін түсінуге қабілетсіздігі, алыстан арып-ашып келген туыстарға «менің аталасым емес, сондықтан не болса, ол болсын» деп қарайтындықтары аңгарылып тұр. Жырактан келген бауырластардың кейбір жергілікті әкімдерден көнілі сұып кеткенін, мұның өзі сүйегімізге таңба екенін облыс пен аудан әкімдеріне ескертіп, «бұларың ұят болды» деп үн қатқан республика басшылығын көре алмадық. Осындай кіслікке жат көнілсіз құбылыстардың жиі кездесетінін және ондайларға етіміздің өліп кеткенін көргенде, «осы біз қандай елміз» деп түнілмеуге шарап жок.

Казакстанның астанасы Алматыда тұратын миллионнан артық адамның 22,7 пайзызы ғана қазақ екен. Ал сол аз қазактың 40 пайзызының басында үй жок, пәтер жалдап тұратындар. Алматыда соңғы 30-40 жыл ішінде Ресейден және басқа республикалардан жүзделген мың адамдар келіп, онай орналасқанда, астана қаламыз қазактар үшін жабық болды, бірен-саран таныстары барлар болмаса, өз адамдарымыз мұнда

тұрақтай алмады. Сол кезде ел басқарған белгілі басшыларымыз бұл істің ұят екені жанына батпағанына қайран қаламыз. Олар зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі кезде, жазған мемуар кітаптарында қазактарға осындай өгейсіту жасалғанын аузына да алмайды. Ал қарапайым қазақ байғұс: «Осындай қайраткер адамдарымыз бар», – деп оларды қәдімгідей малданып келді-ау!

Қазақ бірлігін қалыптастырудың жолдарын жұртшылық болып қолға алып, бұл тараптағы жетістіктер мен нұксандарды талқыға салып, тиісті корытынды жасап, қауымның пікірін қалыптастырып отыруы ләзім. Бұрынғы-соңғы данкты адамдарымызды ұлт болып мактанды етуді үйренейік. Қандай да болмасын қайраткерлерді бағалағанда, олардың ісі жалпы халықтың ұлы мұддесіне қаншалықты игілікті болғанын алдымен ойлайық. Бұғінгі тірілерді де туған жеріне, рулық тегіне қарай емес, енбегіне, біліміне, іскерлігіне, әділдігіне қарап құрмет тұтайық. Шежірені де кейбіреулерді өсіре дәріптеу үшін емес, шындықты ашу құралы етейік. Үлкендікішілі қызметкөе кадр, маман тандағанда да «өзі болған жігіттің ата-тегін сұрама» деген халық нақылын басшылыққа алайық. Басқалардан қалыспайық деп әрбір рудан қалайда бір-бір философ, тарихшы данышпан іздеуге тырысу жөн емес. Мактан тұтатын ұлылар қазақ көлемінде жеткілікті. Тек көніліміз тарылмасын, құлашты кенге салайық. Сонда ғана ұлы Абайдың: «Бірінді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос», – деген даналық шақыруын түсінгендігіміз қөрінбек.

## II

Бір замандарда Солтүстік Азиядан Кіші Азияға дейінгі үлкен ұлан-байтак жерлерді алып жатқан, кезінде ұлы империялар құрған, дүниеге небір ғұламалар мен колбасылар, ақындар мен ойшылдар берген, адамзат өркениетінін дамуына өшпес үлес коскан түрік халықтарының бірлігі үшін жана нақтылы қадамдар жасау казіргі тандағы ірі уәзипалардың бірі.

Ен алдымен түрік халықтарының тарихы қайта жазылсы керек екені көміл. Бұл кезге дейін тарих деп оқып келгеніміз біздін өткенімізге жаңасы жок, өзгелердің тарихы еді. Ресей империясына бағынған елдердің бәрі, сонын ішінде түрік жүргіттары да орыс тарихынан мағлұмат алғанымен, өздеріне қатысты дерекке жарымайтын. Ал тарихын білмеген елді діннен де, тілінен де бездіру, жақсысын жаман деп түсіндіру киын емес. Ресей тарихшылары түрік ұлыстарын мәңгүрттендірудің өте шебер, жүйелі тәсілін ойлап тауып, оны жүздеген жылдар бойында үздіксіз жүргізіп келді. Киев мемлекеті дәүіріндегі оқигалар сөз болса, кім жаман, қыпшактар жаман дегеннен бір жаңылып көрген емес. Шынында, қыпшактар мен славяндардың карым-катынасы ылғиғана соғыстардан, өзара жаулықтардан түрмәған. Олардың арасында бейбітшілік пен араздың кезектесе келіп отырған. Қыпшактың атты әскерлері айбынды жауынгер күш екенін ескерген Киев князьдері олармен достық байланыста болуды дұрыс көрген. Сол үшін де қыпшак хандары мен орыс князьдері өзара құдандалы болып түрған. Бірақ осындаи мысалдарды орыс тарихшылары көп уақыт бойы окушыдан жасырып келді. Орыс тарихшыларының ғылымға жат біржактылығын тұнғыш рет қазақ ақыны Олжас Сүлейменов өзінің «Аз и Я» деген кітабында өткір әшкерелеген еді. Орыс шежірелерін жетік билетін О.Сүлейменовтің анық деректерге құрылған тамаша талантты енбегін ұлы орысшылдық, шовинистік пигылдағы кейбір ғалымдар мансұқтады, қазақ ақынын жазаға үриңдіруды қөздең, көп киянатқа барғаны белгілі. Бір жақсы жері шындық әлілдік женип, Олжас кітабы ен таңдаулы шығармалардың бірі болып бағаланды, көптеген тілдерге аударылды.

Тілдерге аударылды.  
Империяшыл ғалымсымақтар сонғы бірнеше жұлдыздарда түркі тілдес халықтарының мәдени орынын әдейін шарттастыруда көрсетудің негізгі бағдар етіп алғаны мәлім. Ертістен Днепрге дейінгі ұлы дақаны алып жатқан Алтын Орда мемлекеті туралы жылдың сөз айтылып көрген емес. Алтын

Орда Ресейді езіп-жаншыды, енсесін көтертпеді деген тұжырымға сын көзімен карау керек. Орыстың аса көрнекті тарихшысы Л.Н.Гумилевтің көрсетуінше, Алтын Орда билеушілері Ресейге үлкен көншілікпен қараган. Атап айтқанда, орыстың әрбір князьдігі ол кезде өзін-өзі билеп тұрған, әрбір князьдіктің әскер ұстауға мүмкіндігі болған, дін жағынан да қысым жасалмаған. Міне, осының бәрін жылы жауып қойып, тарихи шындықтарды мулде бұрмалап көрсету арқылы ресми зерттеушілер түрік және славян халықтарын бір-бірімен тілге келмейтін ата жау етіп сипаттаудан қысылмаған. Киевтің дәуірлеп тұрған заманында әрбір орыс князінің отбасында орыс тілімен катар қыпшақ тілі де еркін түсінікті болған. Өйткені қыпшақтардың ол дәуірде әскер құші де, халықаралық беделі де жоғары еді. Тарихи шындық дәл осындаи болғанын көрнекті орыс ғалымы академик Кононов өзінің түркологияға арналған енбегінде дәлелдеп айтқан.

Кейінгі бірнеше ғасыр бойында орыстардың қас дүшпани тұріктер мен татар деп көрсетілді. Бұған мысал іздең әуре болудың қажеті жок, орыс тіліндегі мындаған кітаптарда осы пікір қайталанады. «Татар ұstemдігі», «Тұрк ұstemдігі» деген тіркестер тілсіз дүлей күштің бейнесіндегі түсіндірілді. Осы тіркестер ең соңғы жылдардаға «Орда ұstemдігі», «Осман ұstemдігі» деген үғымдармен алмастырылды. Тұрк халықта-рына қарсы тежеусіз өшпенділік жүргізген Ресей патшалығы орыстың каншама әулетіне тарих шындығын бұрмалап көрсетті. Осы дәстүрдің жалғасы Кеңес заманында да көп өзгеріске түсken жок. Алтын Орда тарихын жазбақ түгілі ауызға алуға да тыйым салынды. Ноғай ордасы дәуірінің бай тарихы да жасырын ұсталды. Ресейдің атакты әскербасы Суворов өзінің бақайшылына дейін қаруланған армиясымен 1783 жылы ноғайларды қырғынға ұшыратып, тоз-тозын шығарғанын ең соңғы кездеға архив деректерінен көре бастадық. Ноғайларға қарсы жауыздық соғыс жүргізген, бейбіт ауылдарды қан-жоса қылған Суворов патшаға: «Ноғай мәселесі мәңгілікке шешілді», – деп хабар жөнелткен. Тірі

қалған ногайлар бас сауғалап, түрлі халықтардын арасына барып, панаған, бірсынырасы Түркияға ауған. Ата мекенінде қалған ногайлар бұл күнде Ресейдің Ставрополь өлкесі мен Дағыстан республикасында жасап келеді. Тарих кітаптарында ногайларды қыргынға ұшыратқандық туралы бір де бір сөз жазылмаған. Ал Ноғай Ордасын күрушы Едігенің аты соңғы жартығасыр бойына құбыжық етіп көрсетілді, оның ауыр колымен барып Мәскеуді шапқаны ғана көрсетіліп, Ресей патшалығының Ноғай Ордасын іштеп іріту жөніндегі зұлым саясаты туралы ештеңе айтылмады. Кептеген түрік халықтарының казактардын, ногайлардын, татарлардың, башқұрттардың, каракалпактардың ортак мұрасы болып кеткен «Едіге батыр» жыры оқулықтардан алынып тасталды. Батырдың атын халық санасынан өшіру көзделді.

Қырым тарихы жайында казіргі кезге дейін адал, ақиқат еңбек жоқтың қасы. Ресей оқулықтарына қарасан, Қырым хандығы барлық уақытта соғыс тіленген, көршілес бейбіт елді шапқан, олжаға дәніккен қаныпезер жау болып сипатталады. Шындығында жағдай солай ма еді? Соғыстың шығуына неге қырымдықтар ғана кінәлі болуға тиіс? Араны ашылған Ресей жаулаушылары емес пе іргелес жатқан халықтарды бірінен сон бірін бодан еткен? Жаулап алған елінің жер, су атауларын жойып жіберетін әдетіне басып, Ресей Қырымның көп атауларын өзгерткен. Онымен шектелмей, жергілікті халыққа қысым көрсетіп тұған мекенін тастап кетуге мәжбүр еткен. Осындағы үздіксіз озындықтың арқасында қырым татарларының саны азайып, отарлаушылар басым көпшілікке айналған. «Жығылғанға – жұдырық» дегендегі, қырым татарларының қалған бөлегін түгелімен 1944 жылы бір күнде ешкандай себепсіз жауыз қаталдықпен жер аударғаны белгілі. Араға жартығасыр салып барып ата жұртына қайта оралған қырымдықтарға жасалып жатқан қияннаттың тағы да шегі жок. Олардан зорлықпен тартып алынған дүние-мұлкі қайтарылмак түгілі, жанадан үй салуға колайлы жердің өзін бермей. Қырым жергілікті өкімет халықты тәлкекке салып келеді. Қырым

татарларына автономия беру мәселесін не Ресейдің, не Украинаның басшылары кеперіне алатын түрі көрінбейді. Жердің байырғы иесіне деген мұндай тежеусіз озындықты адамзат тарихынан іздел табу киын.

Қырым татарларының басына түскен касірет Кавказды мекендерген қарашибай, малқар, шешен, ұнғыш халықтарының да басына тәнгені мәлім. Қазіргі кезде бұл халықтар атабабасының жұртына қайта оралып, өз автономияларын құруға мүмкіндік тапты. Қудалауға түскен халықтардың ішінде қырым татарларындай бакытсыздыққа ұшыраған ел жок шығар. Кезінде дүниеге кептеген акын-жырауларды, зиялыштарды, әскербасыларды әкелген дарынды да табанды қырым татар халқы адамшылыққа жат дүлей өктемдіктің құрбаны болып отыр. Ал қырым татарларын осыншама қүйік халғе түсіргендіктерін алдымен Ресей, сонынан Украина билеушілері елең қылатын емес. Олар өздеріне карсы тұрап немесе «бұларыңыз қалай» деп айтатын ешкімнің жок екенін сезгендейтін, әбден әлсіреген қырымдықтардан айылын да жыймайды. Түрік халықтары бірлігінің жоқтығы осы мәселелерде айрықша көрініп келеді.

Түрік халықтары тарихының беттерін өшіріп барлық мәселеге евроцентристік тұрғыдан қарау, шындықтың енін айналдыру, тұтас халықтың өткенінен зәредей де сәуле көрмеу сан буынга теріс тәрбие таратты. Түрік жұрттарының әлденеше буын әулеті өздерінің тарихына жаттың көзімен қарайтын болып тәрбиеленді. «Бөлшекте де, билей бер» деген отаршылдық саясат көп жағдайда дегеніне жетті. Тұбі бірге туыс елдер бір-бірінен байланысын мүлде үзіп алды, табиғи, еркін қарым-қатынас токталды. Бұрын Қырым мен Қытай арасында тосқауылсыз жүретін елдер толығымен ақ патшаның боданы болып, өз жеріне қожалықтан айрылды. Замандар өте келе ежелгі жақын жұрттар бір-бірін жоғалтып алды. Мәселен, ертеде қазақ пен ногай көп ретте бір мемлекет, одак, бірлестік құрамында жасағаны мәлім ғой. Бұл екі халықтың ауыз әдебиеті корынын ортақ болуы да осы себептен. Бұлардың

тілдері де етene туыс еді. Ногай Ордасы құлатылғаннан кейін қазақ пен ногайлардың тікелей араласатын өрісі жойылды, байланыстар үмітылды. Көптеген эпикалық жырларда «ногайлы елі», «ноғайлы заманы» деп аты қалған ел Солтүстік Кавказдағы басқа халықтар арасында сыйылысып күн кешіп келгені кейінгі жылдардаған мәлім болды.

Отаршылдық озбырылығы туыс халықтарды тарихи санадан макрум етуі былай тұрсын, бір-біріне жау етіп көрсетуге дейін барды. Ресейдің ресми құжаттарында, кітаптарында татар атына каралау сөздердің көп айтылуы шенмен шықкан жауыктырыштық көрінісі болды. Ал шындығында, татарлардың Ресей империясын жайлған түрік тілдес халықтардың, елдік санасын оятуға, ілім-білім таратуға сінірген еңбегі орасан зор. Мәселен, толық емес мәліметтерге қарағанда, 1807 жыл мен 1917 жылдардың аралығында Қазан қарағанда, баспаларынан қазақ тілінде мынан артық кітап шықкан, олардың жалпы тиражы екі миллионнан асқан. Бұл – қазақ елі сауаттылығының дәрежесі біршама жоғары болғанын байқаттын көрсеткіш. Осындай анық құжаттарға көз жұмып: «Қазактардың қазан төңкерісіне дейін екі-ақ пайызды сауатты болған», – дегенді ұзак жылдар бойында ойсыз қайталан келдік. Өйткені бағынышты халықты мәдениетті етіп көрсету ұлы орысшылдардың шамына тиетін, халықтар достығына «қайшы» келетін күпірлік саналды. Қазан хандығының Ресей басқыншылығына қарсы жан аямай күрсекені жабық күйінде қалдырылып, Ермак секілді қаныпезер қаракшылардың ел талаған жауыздықтары ерлік деп мадақталды. Өзінін ата жүртyn корғап, соғыс жүргізген Көшім ханның отанышыл кайсаң әрекеттері туралы бірде-бір жылы сөз айтылып көрген емес. Расына келгенде, Ермактар қаны сорғалаған жаулаушы да, Көшімдер тәуелсіздік үшін шейіт болған қаһарман фойда. Тарихты әдейі бүрмалаушылықтың сан соракы мысалдарын тізіп келтіре беруге болады.

Бұрынғы Кеңес Одағына қараган республикалардың біразында қантөгіс соғыстар болып, көрші елдер бірін екіншісі

басып алуға дейін барғаны белгілі. Соның бірі – Қарабақ үшін ұрыс. Қарабактың ежелден әзербайжан жері болғанын, осы өнірге әрменелерді 1828 жылы патшалық әкімдері көшіргенін, мұның өзі діні христиан әрменелерді мұсылман жеріне орналастырып, көрші жатқан екі халықты бір-бірімен қырқыстырып қою ниетінен тұғанын елдің көбі біле бермейді. Ресей отаршылдарының ертеден қалыптасқан саясатының бір тармағы халықтарды өзара жауластырып, уысынан шығармау болғанын дәл осы мәселеден де анық анғарамыз. Орыс жазушысы Глинка өзінің 1831 жылы шыққан кітабында әрменелерді әзербайжан жеріне қоныстандыру халықтың арасына шала тастау жоспарынан тұғанын жасырмай жазған. Осы кітаппен танысқан әрбір адам әзербайжан мен әрмене қактығысында кім басқыншы, зорлықшы, кім әділет, намыс үшін құресуші екенін анық түсінеді. Соғыстың үлкені де, кішісі де жақсы емес, өйткені ол адамдардың өмірін киып, тұтас халықтарды есепсіз шығасыға душар етеді. Ал кез келген қайшылық пен тартысты шешудің жалғыз жолы – тарихи әділеттілікке сүйену. Талай-талай жазықсыз жандардың нақак қанын төгуге себепші болған Қарабақ мәселе сіне көлденен бақылаушы емес, әділ төреші түрғысынан келсек, ол өлкे әзербайжандардың көне қонысы болғанын, ал соғыс өртін тұтандырып, бәлекетті бастаушы әрмене экстремистері екенін анық айтуда тиіспіз. Әлем жүртшылығының көзін осы ақиқатқа жеткізу, Азербайжанның жер тұтастығын колдау – адал ниетті жандардың парзызы. Өкінішке қарай, Қарабақ үшін қантөгіс басталғалы бері араша сөзді ашық айтЫп, қанкорды кінәлап, зәбірленушінің, ісін қолдаушылар тым аз болды. Ал Ресейдің баспасөзі, үәделесіп койғандай, Арменияны жактаумен келеді. Түрік республикаларының зияллылары акты – ақ, қараны қара деп айтуда дәрменсіздігін көрсетті. Көрнекті азамат Касен Кожахметтің бір топ жолдастарымен бірге Азербайжан жеріне барып, жан түршігерлік оқиғаларды көзімен көріп, ақиқатты анықтап айтқаны ғана азаматқа лайық оқиға болды.

Месхеттік түріктердің басындағы қасіретін халықаралық көлемге әйгілеп, ондаған жылдар бойында жапа шеккен жұрттың тағдырына жаңы ашып үн көтерген қайраткер табылмауы да туыстық, текстестік дегенді ұмытқандықпен, мәнгүрттенумен байланысы жок деп айта алмасақ керек. Мұндай әңгімені гагауздар туралы да айтуға болар еді. Осында халға жеткізген көп себептердің бір құрделісі жалны түрік бірлігінің жоктығына, түрік халықтарының осы кезге дейін «ұстағаннын – колында, тістегеннін – аузында» кетіп отырғанына тікелей қатысты. Ұйымдастан күші, бірінің жағдайынан екіншісінің хабары жок, қоғамдық пікір тудыратын куатты тетіктері жок елдерді күші жеткен басынбай қайтсін?

Еккі болған өзөзілдер тілі де, діні де жақын халықтарды болмашыдан сұлтау үйымдастырып, өштестіріп қоюға шебер екенін естен шығаруға болмайды. Өзбекстанда көп жылдар бойы тату өмір кешкен месхеттік түріктерді республикадан күп шықкан содырлы тобырды мұндай түрлай зорлықка кім айдал салғанының шын себебі ашылған жок. «Шатактың басы базардағы саудагерлердің ұсақ жанжалынан басталыпты» деп жүртшылықты нандырмак болған ресми хабарда мыскадай шындық жок. Ондай ұсақ кикілжінді жергілікті өкімет оп-онай шешер еді гой. Бұл жасырын үйымдардың түрік халықтарын бір-біріне өштестірмек болып, әдейі үйымдастырган арандатушылығы салдарынан туған жанжал екені шүбесіз. Эйтпесе, 180 мың месхеттік түрік 18 миллион өзбекке өктемдік көрсетіпти-міс дегенге кім сенеді? «Әлбетте, бұл үят іске өзбек халқы емес, өз елінің ізгі адамшылық дәстүріне кір келтірген сол кездегі республика басшылығы кінәлі. Түрік пен өзбектін ортак, рухани құндылықтары мол екенін түсіндіріп, жекелеген содырлы бұзықтардың сойқанына бола бауырлас жүртқа мұншама озбырлық көрсету обал», – деп ақылға шакыратын зияллыар болмағаны қандай өкінішті!

Осы ахуалдарды ойлай келгенде, түрік бірлігін жандандыру бейбіт, тәуелсіз өмір сұрудін, халықтарымызды

баянды болашаққа бастаудың маңызды шарты екенін майында масқа болмайды. Отаршылдар түрік елдерінің рухын өшіріп, осында мүшкіл күйге жеткізгенін есте тұтып, ендігі жерде азаттық алған жүрттарымыз жоғалған ынтымакты қайта жалғастырудың жолдарын іздестіруі ләзім.

Түрік халықтарының бір-бірімен жақындығы нығайғанын қаламайтын күштер аз емес. Әсіресе, өзге елдерді басып-жаншып келген ұлы державалық піғылдан ажырамағандар халықтар арасында қарапайым табиғи қарым-қатынастың орнауынан шошиды. Сол үшін де олар қайдағы жоқты ойлап тауып, жүртшылықты дүрліктіргісі келеді. Бірақ «батыр болсан, бопсаға шыда» дегендей, кез келген өктемшіл, ғайбатышыл пікірлерден жасқанудан арылатын уақыт жетті. Түрік бірлігінің мақсаты барлық түрік халықтарын бір мемлекет қолеміне жиу емес, олардың ертеден келе жатқан тілдік, діндік, салтсаналық, әдет-ғұрыптық жақындығына негізделген байланыстарын қалпына келтіру, туысқан халықтардың ғылыми-техникалық, экономикалық, мәдени жетістіктерін ортак үгілікке айналдыру, сөйтіп өркениет жолындағы сапарда өзара көмектесіп, неғұрлым жедел жетілудің тәсілдерін іздеу болмак. Бұл арада түрік тілділердің генетикалық туыстығы өзара түсіністікті женілдететін ортак ырысымыз деп санау керек. Эрине, түркі халықтары тілдерінің арасындағы аздық-көпті айырмашылық, сақтала береді. Соған карамастан бұл халықтардың алфавитін, терминологиясын, транскрипциясын өзара келісе отырып, мүмкін-кадарынша, бір жүйеге салуға болатыны айқын. Осы міндетті шешіп алудың өзі ең басты шараның бірі болар еді. Ал түрік халықтарының бір-бірімен байланысын дәнекерлеудін сан-сала түрлөрі токтаусыз жүріп жатуы өсуіміздің зандағына айналуы қажет.

### III

Түрік халықтарының басына төнген тауқыметтің тағы бірі – олардың ертеден қастер тұтып келген сеніміне, дініне жасалған киянат. Кенестік билеушілік үстем болған

жылдардың бәрінде де ислам дінін кұбышық етіп көрсету, жүртшылыкты одан бездіру саясаты жүргізіліп келді. Мешіттер, медреселер жабылды, дін үйрететін молдалар күгін көрді. Бір кездерде жас буын өкілдері: «Байларды, молданы, қойдай қу қамшымен», – деген өлең жолдарын жатқа айтатын еді. Адамдардың замандар бойында қалыптаскан, қасиет санап, қадірлеген түсініктегі мазакқа айналды. Кеңес заманында діндердің кай-кайсысы да шеттетілді, бірақ дәл исламдай аяқ асты болған дін жок. Адамдар арасында имандылықтың азауына, күллі кесепат атаулының көбеюіне, тәрбие жұмысының бетімен кетуіне, қогам өмірінің іріп-шіруіне душар еткеннің бәрі осы мәселеге байланысты. Дінді апиынға теңел, ислам қафидалары жазылған кітаптарды жою өріс алған кездер болған. Мешіт үйлері мал корага айналдырылды, сөүлеттік мәні бар небір көркем ғимараттар қиратылды. Құдайсыздар үйымы деп аталған үйым адамдар санасында сакталған имандылықтың жұқанасын да жок етуді көзdedі. Діннен айрылуы түрік халықтарының бір-біріне жатбауыр болуын, ішкі байланыстарының үзілін белгілеген ең күрделі себептің бірі. Исламға таңылмаған жала қалмады, керітартпа да, өркениетке кедергі де сол деп үгіт-насиҳат құралдары үдайы ұран тастаудан бір танған жок. Мұндай жоспарлы, зұлым әрекет өз нәтижесін берді, қудайдан да, адамнан да айылын жимайтын, ешқандай дәстүрмен есептес-пейтін, ешнәрсеге сенбейтін буындар өспін-жетілді. Қогамда бұрын құлак естіп, көз көрмеген жамандықтар орын алды.

Діннен безудін асқынған дертке айналғаны соншалық, бүкіл халық, ел былай тұрсын, бір үйдің ішіндегі адамдар да бір-біріне жатбауыр бола бастады, ата сөзін – ұл, ана сөзін қызы құлаққа ілмейтіндей жағдай туды. Үлкенге де, кішіге де ортақ парыз саналатын әдет, әдеп шарттылықтары бұзылды, кім не істесе еркі деген үстірт түсінік бел алды. «Табигатты бағындырамыз» деп өзендері суды, ормандарғы құсты, даладағы аңды бейберекет құрту, бүкіл қазақ жерін экологиялық апат аймағына айналдыру, обал, сауап деген ұғымдарды тәрк ету.

қарынның токтығына ғана молданып, болашақ қауымдардың камын зәредей де ойламау секілді санап шыққысыз сұмдықтар дінсіздіктің салдары екенін енді мойында масақ, бұзылғанды жөндеу қызын болады.

Егемендік алған республикамыздың дүниедегі барлық елдермен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік ашылып отыр. Қай елмен қандай шарттар жасасып, өзімізге тиімді жағын көздеу бірінші кезекке қойылуы қажет. Әсіреле дәстүрі мен салты жақын ислам елдерімен байланысты қүшешту бұдан былайғы бағыттарымыздың біріне айналуы парыз. Қазақстан бұл кунде бірталай мемлекеттермен қарым-қатынас жасауға кірісті. Бірақ ислам елдерімен емін-еркін байланыстар жасауға әлі де болса жалтақтаушылық сезілетін тәрізді. Біздің Президентіміз мұсылман мемлекеттерінің біріне бара калса, Мәскеудің радиосы мен телевидениесі, газеттері: «Қазақстан ислам елдеріне жақындал барады», – деп қайдағы бір құдіктер мен ойдан шығарылған қисындарды төндіріп отырады. Эрбір елдің өз қажетінен туатын өз саясаты, әрекет-жүйелері болуға тиіс екенін мойындағысы келмейтіндер әлі де болса аз емес. Бірақ олар: «Таң атпайын десе де, күн қоймайды», – деген нақылдың мәнін ертелі-кешті ұғынуға тиісті деп ойлаймыз. Дүниедегі ең кымбат нәрсе – тәуелсіздікке колы жеткен түрік жұмкүриеттері өз керуенінің тізгінін өзі ұстауға тиістілігін ешкім де жокқа шығара алмайды.

Исламға қарсы халықаралық көлемде жүргізіліп жатқан зұлымдықтарды да ұмыт калдыруға болмайды. Элем көлеміндегі жанжалдар мен қантөгістердің біразы діни алауыздықтарға негізделгенін көреміз. Босния мұсылмандарының соңғы бірнеше жылдарда адам айтқысыз қорлыққа ұшыраганы бұған айқын дәлел. Діни жағынан православиялық христиандар болып табылатын сербтер босниялықтарды жер бетінен жок етуді көздел, 250 мын бейбіт мұсылмандарды қырып жібергені дүние жүзі жүртшылығына мәлім. Босниялықтардың «кінәсі» өз алдына тәуелсіз ел болуды көздеғені ғана. Зорлықшыл сербтердің атам заманнан катар

өмір сүріп келе жаткан көрші халыққа өшпенділігі діні фанатизммен сабактас. Босниялыктарға жасалған сойқан әшейінде «адам правосы үшін құресеміз» деп, өздерін әділдік жарышы етіп көрсеткісі келетін Европа мен Американың көз алдында етті. Тұтас бір халық жазықсыз набыт болып бара жатканына көзі жеткенде ғана Америка Құрама Штаттары араша түсіп, жауыккан елдерді мәмілеге қоюп көндірді. Ресейдің сербтерді біржакты колдан, олардың қылмысты әрекеттеріне көз жұмып қарайтындыры да мәселені ушықтырып жібергені белгілі. XX ғасырдың акырғы түсінде қатар жаткан елді тек діні басқа болғаны үшін ғана геноцидке үшінерту орта шовинистерінің тыюсыз озырылғының асқынып кетуіне ислам елдерінің өзара ынтымағының аздығы да қолайлы жағдай туғызды. Бұл оқиға өзін-өзі корғауға қабілеті әлсіз халыктарды аямайтын жалмауыз құштер өлі де жеткілікті екенін дәлелдеді. Мұның өзі ислам шебінің бейбіт кана емес, берік болуы да ауадай кажеттігін көрсетті.

Ұзак жылдар бойында Қазақстанда ислам негіздерінің бұзылуының және оны қалына келтірудің онай еместігін пайдаланып, халық арасына басқа діндерді уағыздайтын миссионерлердің белсенділік көрсете бастағаны да жасырын емес. Бір жағынан, исламды жамандau өдеті жалғасып, екінші жағынан, христиан, будда діндерін сыйналап кіргізу әрекеті қабат жүргізіліп келеді. Соңғы жылдары Қазақстанда жанадан мешіттер ашылып жатқаныменен, оның қарқыны да, жүртшылыққа әсері де ойдағыдай деуге келмейді. Республикамызағы халықтың басым көпшілігі мұсылмандар екеніне қарамастан, ислам құндылыктарын батыл түрде тарату, үйрету жұмыстарын жүзеге асыруға бөгесіндер баршылық. Исламның бейбіт, адаб қағидаларын көрінеу бүрмалап көрсететін, «ислам фундаментализмі» деген жалған қисынды алға тартып, жүртшылық арасында үрей туғызуға маманданған құштер басшымызға да, косшымызға да ықпал етуге тырысады. Ислам конференциясы үйімінде мүше болуға көпке дейін шешім

жасай алмай келгеніміз де сырттағы және іштегі қарсылыктар әсерінің салдары болар. Исламның шын келбеті мен оны бүрмалаушылардың арасында ешқандай жақындық жок екенін түсіндіретін дінге жетік зиялышырыз аз.

Қазақстан тәуелсіздік жариялағаннан бері қарай шет елдермен экономикалық, мәдени байланыс шенбері үлғайып келеді. Республикамызың казба байлығының молдығы сырт мемлекеттердің іскерлерін қызықтыратыны түсінікті. Мұның бөрі табиғи құбылыс. Кендерді, өндіріс орындарын шетелдіктермен бірлесіп басқару, игеру өзара тиімді шарттарға негізделгенде ғана іс алға басатынына көз жетіп келеді. Бірақ осындағы пайдалы карым-қатынастармен қатарласа қазак халқының келешегіне қауіп төндіретін жат әрекеттердің етек алып бара жатканына немікүрайды қарауға болмайды. Ол қауіп – Қазақстанның діни экспансия мекеніне айнала бастауы. Казіргі кезде республика аумағында ислам, православиялық христиан дінінен басқа көптеген діни секталар ірге теуіп отырғаны анық. Әділет министрлігі мұндай секталардың отыз жетісін тіркеп үлгеріпті. Бұл күнде баптист, кришнаид, т.б. болып шоқынған қазактың ұлы мен қызы жүзден емес, мындалап саналады екен. Егер осындағы тенденция жалғаса берсе, көп үзамай Қазақстан «жұз діннің планетасына» айналуы ықтимал. Құдай бетін аулак қылсын, мұның ақыры бір-бірімен; ымыраға келмейтін «діндер соғысына» негіз жасайды. Мұсылмандар мен христиандардың басы бірікпей, жер жәннаты саналып келген Ливанды қырғынға душар еткені әрбір елге сабак боларлық еді ғой. Қазақстанға төнген экологиялық апат, үлттық даму жолындағы қырық аздай-ақ, енді жер бетіндегі барлық діндерге жол ашып қою құрдымға өз еркімізben құлағанмен бірдей болмақ. Бұл біздін еліміздің космополиттік өлкеге айналдырығыс келетіндерге талттырмайтын мүмкіндік тудыратын тәсіл. Қазақстанның өздеріне мәнгілік кіріптар еткісі келетіндердің мұндай айла-амалына республика жүртшылығы тоқсаяуыл жасамаса, істің аяғы насырга шауып кетуі мүмкін. Діндер «тасқынынан» сактанудың ең сенімді жолы Орта Азия

мен Қазақстан халықтарының дәстүрлі діні – исламды қайта жандандыру болмак.

Тұрік халықтарының басын құрайтын, күшін біріктіретін, ынтымағын арттыратын, бәрінен бұрын қауымның имандылық тәрбиесіне қуатты негіз болатын ислам дініне табан тіреу бірлігіміздің үшінші шарты дегіміз келеді. Бұл басқа діндерді ұстанатындар мұддесін жокқа шыгарғандық емес, әрбір халық бұрыннан келе жатқан, қанға сінген сенімдерін жоғалтпасын дегендік. Бір кезде дінсіздік жетілгендіктің нышаны делініп насиҳатталды, ендігі жерде дінсіздік имансыздықтың дәл өзі екенін пайымдайтын заман туды. Әркімнің ождан бостандығы бар дегенді айту аздық етеді. Ісімізді алға апаруға тиісті келешек қауымды қалыптастыруда діннің де пайдалы қызметі болатынын ұмытпайық. Бұл тарапта максатты, дәйекті ұмтылыштарға баруымыз керектігін ғана еске салып отырмыз.

## АРМАН АЛДАМАЙДЫ

Зұлымдық пен мейірімсіздік құрбандығы болып, ата-мекенінен қылған, торғайдай тозған, адамдық құқығы аяққа тапталған жүрттын бірі – Ақыска (месхет) тұріктері. Бұл халықтын тарихы мен тағдыры туралы азды-көпті мағлұмат соңғы жылдарда ғана айтыла бастады. Тілге тиек етеріміз – тұріктанушы, филология ғылымдарының кандидаты Фадли Элидің қазак баспасөзі бетінде жарияланған мақалалары. Осы басылымдарды байытап оқыған кісі Ақыска (месхет) тұріктеріне жасалған сүмдик киянаттың себебі мен салдарына көз жеткізеді. Тұжырымдап сөйлесек, төмendetідей халдердің тізбегін қайталаған болар едік...

Гүржистанның (Грузия) онтүстік батыс өнірін мекен еткен ақыска тұріктері ежелден Осман империясының құрамында болып келген. Бірақ тағдырдың дөңгелегі теріс айналып, Ресей мен Түркия арасындағы 1829 жылғы 14 қыркүйектегі шартка сәйкес бұл өлкө Грузия қарауына өтті, бұған дейінгі «Ахалцике патшалығы» «Ахалцике уезі» деп өзгеріп аталаған

болды. Христиандық Грузияға мұсылман коныстанған елді кіріптар ету Ресей билеушілерінің терен ойластырылған саясатының салдары еді. 220 ауылға, бес ауданға шоғырланған месхет тұріктерінің үлттық дамуына Грузияға бағыныштылық он әсер еткен жок. Грузин шовинистерінің бұл халыққа деген қысымы кенес дәуірінде айрықша қүшіне тусты. Үстіміздегі ғасырдың 20–30 жылдарында ақықта тұріктерінің намысына тиетін астамшылық ашық бой көрсетті, олардың аттары мен ата есімдерін (фамилияларын) грузиншелеп жаздыра бастады (жергілікті тұріктердің аты-жөнін зорлап, қүштеп өзгерту әрекеті сексенінші жылдардың бас кезінде Тодор Живков билеп-төстеген Болгарстанда да орын тепкен еді). Мұндай озырылыха қөнбекендер жазаланды. Мәселен, фамилиясын, үлтын өзгертіп жазуға карсы болған жазушы, драмашы Омар Файық репрессияға ұшырады. Өз халқының адал перзенті болғаны үшін ғана қиянатқа ұшыраған Омар Файық секілді фидайы жандардың есімі мен енбегін ұмыт қалдырмауымыз парыз. 1937–38 жылдары месхет тұріктерінің аяулы үлдары нақақ жапа шекті, елдін бас көтерер азаматтары жойылды...

Бұл халыққа деген асқынған зорлық 1944 жылы қараша айында орын тепті, 110 мың месхет тұріктері бас-аяғы еki сағаттын ішінде үй-жайынан айрылып, сүкік вагондарга камалып, Орта Азия мен Қазақстанға жер аударылды. Жолжөнекей олардың жиырма мындағы аурудан, аштықтан опат болды. Бұл кезде месхет тұріктерінің 40 мың ұлы мен қызы фашистік Германияға карсы майдан шептерінде жаумен арпалысып жүрген еді. Тағдырдың тәлкегі деген осы емес пе, тұған халқын адам айтқысыз қорлыққа ұшыратқан совет билігін «корғау» жолында жеті бірдей месхеттік тұрік Совет Одағының Батыры атағына ие болыпты... Сонда ол ерлер кім үшін, не үшін соғысып, кан төкті деген сауалға ешкім жауап бере алмайды...

Орта Азияға, Қазақстанға. Сібірге жер аударылған Кавказ бел Қырымның кейбір халықтарына тұған жерлеріне қайтуға рұксат етілгенде (1956) бұл «кеншілік» месхет тұріктеріне

бұйырмады. Гүржістанды басқарып отырғандар месхет түріктері ата қонысына оралуына қарсы болды, бұған Ресей билеушілерінің де жаны ауыра қойған жоқ. Өйткені Совет Одағы көсемдерінің мұсылман түріктер дегендегенде ішіне мұз қатып қалатыны бұрыннан белгілі болатын. Осылайша айдың, күннің аманында, «Совет Одағы – ең жетілген демократияның елі» деп жүртшылықты қызыл сөзбен тойдырып жаткан заманда тұтас бір халық құқықсыз, тұракты мекенсіз, көрінгенге көз тұрткі болып кала берді. «Мына елге обал болды-ау» деп үн көтергендер де жокқа тән еді.

Бұл бұл ма? Мемлекеттің құпия мекемелері Орта Азия мен Қазақстандағы месхет түріктері мен жергілікті халықтарды әдейі өштестірудің амалын ойластырумен айналысты. Мұның ақыры месхет түріктері неғұрлым көп шоғырланған Өзбекстанда ақылға сыймайтын, аса ұят оқиғага әкелді, өзбектермен арадағы жанжал салдарынан (1989) ондаған мың месхет түріктері тағы да босқындыққа ұшырады, олардың біразы Ресей атырабына шашырай сінді. Өзбектер мен месхет түріктері топтарының аты шулы оқиғасы түрік халықтарының тарихындағы ең қаралы беттердің бірі болып қалды. Ондай маскаралықтан жаратқан ие бұдан былай түрік әлемін сактай көрсін...

Ақысқа түріктерінің атажұртына қайтсақ деген ниеті бұл кезге дейін орындалмаған арман болып келеді. Ұлттық мәдени орталықтар, түрік тілін оқытатын факультативтік топтар, сыныптар ашылғаны дәтке куат десек те, бұл шаралар тым аздық етеді. Ақысқа түріктерінің балалары көбінесе орыс мектептерінде оқып білім алғандықтан, ана тіліне де, өз халқының тарихына да шорқақ болып шығады. Мұндай жағдайда не істей керек дегенге ғалым Фадли Эли төмендегіше жауап береді: «Менің ойымша, ана тіліндегі мектептері болмаған сон, түрік балалары Өзбекстан мен Азербайжандағы сияқты Қазақстан мен Қыргызстанда да көбіне қазақ, қырғыз, үйғыр мектептерінде оқыса, олар жас кезінен осы халықтардың тілін, мәдениетін үйреніп өздеріне

тариhi туыс халықтарға жақындаі түсер еді. Бізге орыс мектептерінен ғөрі казак, қырғыз, әзербайжан, үйғыр, өзбек мектептерінде оқыған әлдекайда пайдалы, әрі қажет. Бұл балаларымыздын бойына туыстық, түрікшілдік сезімін егуге ықпал етер еді. Мен қандастарымды осыған назар аударуга шакырап едім... Өз басым кезінде қазак орта мектебін, қазіргі Әл-Фараби бабамыздың атымен аталағы Алматыдағы университеттің казак тілі мен әдебиеті бөлімін бітіргенімді әрдайым мақтана айтып отырамын. Қазір біздің балаларымыз бір-біріміздің мектептерімізде оку керек» («Заман-Қазақстан», 9 мамыр, 1996 жыл).

Қазақ баспасөзінде месхеттік түріктер тағдырына көніл аударған мақалалар жарияланып тұрады. Дарынды жазушы, драмашы Тынымбай Нұрмамбетовтің «Біз түріктерміз» (1994) деген трагедиясы F.Мұсрепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының сахнасында қойылды. Мұның өзі түрік елдерінің тарихы мен болашағы қаламгерлерімізді толғандырып отырғанын анғартады.

Тұысқан жүрттың 150 мындағы Қазақстанда тұрып жатыр. Кен пейілді қазақ халқының жері оларға коныс та, ырыс та болуға жарайтынын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Месхет түріктерінің арасынан шықкан ақын, жазушылар да жоқ емес. Алматының жаңында Қаскеленде тұратын Бәкір Гусейновтің өлеңдері қазақ тілінде жарияланды, бір кітабы Әзербайжанда жарықка шықты. Алматы облысының тұрғыны Элипашаның жекелеген өлеңдері Түркия журналында жарық көріпти.

Ақысқа (месхет) түріктерінің ұлттық дәстүрі мен мәдениетін сактау, дамыту жөніндегі арманының орындалуы түрік халықтарының экономикалық, мәдени, рухани ынтымағы мен достығының үздіксіз нығая, жана қарқын ала беруіне тығыз байланысты.

**Үшінші бөлім**  
**ҰЛТТЫҚ МҰРАТ БИГІНЕН**

**ТІЛ ТАҒДЫРЫ ТАРАЗЫҒА ТҮСКЕНДЕ**

I

Қазақстан парламентінің отырысында есітер құлаққа ерсі, көргендерге үят, адам айтса наңғысыз бір жат оқиға болды. Мемлекеттік тіл – қазак тілінің бірте-бірте шетке сырлылып, аяқ асты болып бара жатқанына намыстанған мәжіліс депутаттары: «Ұлты қазак депутаттардан қазақша сөйлеу талап етілсін», – деп ұсыныс жасады. Мемлекеттік тілді білу республиканың барша халқына парыз екенін катардағы адамдардың айтағанда ен жоғарғы лауазымды басшылардың көбі елеусіз, ескеруыз калдыруы дағдыға айналып бара жатқан кезде мәселені осылай көтеру табиғи талап еді. Нәтиже қалай болды дейсіз бе? Бұл ұсыныс жабық дауысқа салынғанда қазак депутаттардың дені карсы дауыс берді, сөйтіп, өздері ұлтсыздандың ақырғы шегіне жеткенін, ұлттық дәстүр, рухани құндылықты ойыншық құрлы көрмейтінін дәлелдеді.

Бұл оқиға қазактың зиялды қауымын, бірінші кезекте ақын, жазушыларды қатты түршіктірді; «Ана тілі», «Жас қазак үні», «Жас Алаш», «Қазак әдебиеті», «Қазақ елі» газеттерінің бетіндегі космополитке айналған «халық қалаулыларын» айыптаған мақалалар мен хаттар бірнеше ай бойында үздіксіз жарияланды; қазак депутаттары қазак тіліне карсы шыққан күнді халқымыздың тарихындағы қаралы күн деп атады. Газет дабылынан кейін кейбір ұтыы оянған депутаттар «байқамай қалыптыз» дегендегі сұлтау айтып, акталаудың нышанын білдірді, көпшілігі ұнсіз қалды. Ал кейбіреулер, «ұялған тектүрмастың» кебін келтіріп, қалың қауымның пікірін теріс, өзінің әрекетін дұрыс деп дауласуға беті қызармады... «Жас қазак» газеті қазак тілін колданған мен корлагандардың тізімін

жариялады; «Ана тілі» газеті: «Мемлекеттік тілдің досы кім, дүшпаны кім екенін біле жүріндер, республиканың төл азаматымыз деп жүргендердің іс жүзінде казак тілі көгеріп, көктеуіне зәредей де тілекtes еместігіне көз жеткізіндер», – деп олардың суретін басты. Мұның бәрі қазак тілді жүртшылықтың бұдан былай мемлекеттік тілді мұншама қадірсіз етуге жол берілмесін, астамдығына тосқауыл койылсын деген ашу-ызызының айқын көрінісі еді.

Оқінішке қарай, Қазақстан президенті мен үкіметі, парламент депутаттарының мемлекеттік тілге соншалық немікүрайды қарайтындығына мән бермеді, қалың көпшіліктің намыспен дүр сілкінгеніне селт еткен жок. Ең масқарасы – сол үкіметіміздің көп мүшесі, ұлт мұқтажын жаңы шырылдағ жазатын қазак баспасөзінің бетінде қарамайтындар. Олар үшін «қазақ» деген сөз географиялық атауғана, өздерінің аты қазак та, заты дүбәралар...

– Мұндай халға қалай душар болдық? Дүние жүзіндегі ең бай, сұлу, жетілген тілдердің бірі екенін әлемнің озық ойлы жүртшылығы әлдеқашан мойындаған, екі жарым мың жылдық тарихы бар қазақ елінің тілі өз жерінде өтей боларлық қандай қисыны бар еді? Қателік, сөтсіздік қашан жабысты? Әсіресе өз ұлттымыздың өкілдері туған ана тілінен безетіндей дерт қалай пайда болды, қашаннан бері асқынды? – деген секілді сұраулар еріксіз ойға оралады...

II

Тарихты еске түсіріп көрейікші. Қазақ (қыпшақ) тілінде жазба ескерткіштер кем дегендеге бұдан бір жарым мың жыл бұрын пайда болғаны белгілі. Орхон-Енисей жазбалары көптеген түркі тілдерінің, солардың бір мыкты бұтағы қазақ тілінің де мұрасы екені құмәнсіз. Ол жазуларда түркі жүртіның сан ғасырлар бойындағы тұрмысынан, кәсібінен, сырт жаулармен үздіксіз соғысынан аса қымбат мағлұмат қалған. Ауызша аңыз, әпсана емес, мәнгілік ұмытылмастай етіп, тасқа ойын жазылған мұндай шежіре-тарих Еуропаның

басысында да, шынысында да болған емес. Ең жақайбы сол – Орхон ескерткіштерін тіл ескірген, олі тіл емес, лексикалық кұрамы, көркемдік дәстүрі жағасып келе жаткан жанды мұра... Бұл күндеге техникасы мен технологиясы озық түрган Америка мен Еуропа халықтарының кез-кеleгінің фольклорын он орап алатын шығармалар біздеған сақтаған. Казіргі кезде Қазақстан Улттық ғылым академиясының М.Әндеров атындағы әдебиет және өнер институты баспаға даярлап жаһыл әдебиеттің жүз томдыры (онын он шакты томы жарияланады) осы байлығыныңдын мысалы. Казак әдебиеті гүйніларының сөздік коры жаһанға мәшінүр батыс Еуропа классиктері еңбектерінің сөз байлығынан асып түспесе, кем туспейді.

Казак тілі мемлекет тілі ретінде де танай заманнан бері халықаралық көлемге мәлім. Атагы алыс атырауларға кеткен Алтын Орда империясының тілі қышшак (қазак) тілі болғанын билеміз. Одан әрілегі тарихка терендесек те, Киев княздігі дүйнінде де қыпшак тілі ұйысаралық мыкты белделе ие болғанына көз жеткізіміз. Академик Кононов өзінін түрк тілдерінің зерттелу тарихына арналған монографиясында Киев мемлекеттің әрбір аксүйек әулестігін отбасында костілділік – орыс және қыпшак тілдерін білу дәстүр болғанын жазады. Елі жүрген орыс билеушілері қыпшак тілін білуге тиис еді. Бұл айтып отырғанымыз біз ашқан жаңалық емес. Мұнын бері қоршысмен одактас, кейде күдандалағы карым-катаңаста ақынның Олжас Сүлейменов мұны өзінін «Азия» деген аттышулы еңбегінде сөнімді дәлелдеп жазған. Ертедегі қыпшактар (қазактар) мен орыстар арасындағы экономикалық, мәдени байланыстар тарихын шовинист піғынды авторлар бүрмалап жазғанын О.Сүлейменов атаптап еңбегінде өткір сынаған. Қазак (қыпшак) тілін қалықаралық мәртебесі Еуразияның кеңістігінде дауруен сүрген қыпшак түрктерінің

осы өнірде жалғаса, тұтаса өмір кешкендігіне де байдындыры еді. Бұл «мәртебе» Ресей Алтын Орда күрамындағы елдерді түгел жауап алғаннан кейін де бирден жойылмай, XIX ғасырга дейін созылған еді. Л.Н.Толстой мен Ю.М.Лермонтов елдерінің Қавказ өмірінен алып жазған шығармаларында ногай-қазак сөздерін жиқ көлтірген үтгап мысал.

Ал, казак тілінің ерекше байлынын талай-талай шет елдік саяхатшылар, шығыстынуышылар, ауыз әдебиетін зерттеушілер, елкетанушылар түгел дерлік сүйсіне, таныркай атап өткен. Со-лардың ішінен жер жүзіне аты белгілі академик В.В.Радловтың, аса көрнекіті фольклоршы Г.Н.Потанинның, полік зияяты А.Янупкевичтердің лебізін еске алсак та жеткілікті. В.В.Радлов казак халық әдебиеттін нұсқаларын жеке том етіп шығарып, тарихи жұмыс аткарды. Ол казак тілінің, поэзиясының қалынасын көлешек үрпакқа жеткізу ді алдына касиетті міндет етіп койды, қазактардың сұрып салма айтуға үста, тамаша шешендейдін зор баға берді, есіресе казак тілінің бірұтас, газа сакталғанына кайран қалды. Бұғанғалымның: «Қараяй, бұтталар аралас кепіл отыратын бүйра қырраттар арқылы керілін жатқан Ұланғайыр кен дала альп келбетін ешқандай өзгеріссіз калай сактаса, онын түркіндарды да тіл мен салт-сана жағынан сондай бірлекtes, тіпті шет жайлап, ен шалтай шығып кеткен тайпаластар да өзіндік ерекше халықтық сипаттың берік үстенады» («Ел қазынасы – есік сөз», 1994, б. бет) деген сөздері дәлел. Г.Н.Потанинди де «Естепіктер мен хаттар» деген кітабында кен айтылған. Қазак тілінің байлығы мен икемділігі акындардың токпе өлеңнен айрықша дарындылығына, тіл кесесіне кайран қалғаны онын «Естепіктер мен хаттар» деген кітабында кен айтылған. Қазак тілінің байлығы мен әйнекелік ақындардың токпе өлеңнен ағыл-тегіл көрніс берегінде жөнніде Ш.Уәлиханов терен тоғамды пікір қалдырған. Ертеле-кешті ғұламалар мен ойшыншылар аузымен айтылған мұндай сипаттамалардың өзі үлкен томдарға жүк боларлық!

### III

Тіліміздің шетқақпай болуының ұзақ тарихы және түрлі себебі бар. Ен негізгі себеп – дербес мемлекеттікten айрылып, Ресейге бодан болу кезінен басталады. Қазак хандығының жойылып, жерімізде аға сұлтандық, болыстық жүйемен билік құруышылық орнауы, жоғарыдан келетін пәрмен, бүйрек, хатхабардың тек кана орыс тілінде жүретін болуы қазак тілін бірден-ақ жарамсыз етіп тасталды. Рас бірсыныра уакыт бағынышты қазак елінен өкіметке жіберілетін хат, хабар, өтініш, шағымдар араб, парсы сөздері аралас «жазба» тілде жүріп жатты. Бірақ мұның да өмірі санаулы еді.

Орыс тілінің үстем болуына патшалық үкімет бірте-бірте қол жеткізді. Бұл бағыттағы құрделі шара – қазактың шұрайлы жерлерін тартып алып, оны Ресейден, Украинадан ұйымдастан түрде көшіріп өкелінген келімсектерге (қарашекпен) алып беруі болды. XIX ғасырдың екінші жартысында басталған мұндай өктемдік XX ғасырдың бас кезінде де жүріп жатты. Өзенді, көлді, кара топыракты, шүйгін жерлерден айрылған қазактар шөл және шөлейт жерлерге күйледи. Осылайша Қазан төңкерісіне дейін қазактың ең құнарлы 60 миллион шаршы метр жері келімсектерге әперілді...

Қазак халқы өзінің ата коныс мекенін еркімен берген жок, жер үшін дау-талас XIX ғасырдың орта тұсында бүкіл Қазақстанды қамтыды. Батыс Қазақстандағы Исатай-Махамбет көтерлісі мен Орталық Қазақстанда ту көтерген Кенесары Қасымов бастаган ұлт-азаттық қозғалысының түкі максаты отаршылдардың озбырлығына, бірінші кезекте жерді басып алуына қарсылық болатын. Бұлардан да басқа ондаған, жұзеген азаттық үшін соғыс қазак қыргынымен біткені мәлім. Тойымсыз отаршылдар тұтас ру, тайпалардың жерін тартып алушмен шектелмей, жекелеген адамдардың иелігін басып алып, ойна келгенін істеген. Мұндай мысалды санап тауса алмаймыз. Солардың бірі – Карапткелді (Акмола) жайларған ақын, композитор Иманжүспітін ата қоныс ауылы –

Күйгенжарды зорлықшы жендеттерге бермеймін деп қарсылық көрсеткен үшін екі рет жер аударылуы... Бір сөзben айтканда, қазак өзінін жерін өзімдікі дей алмайтындау күйге жеткен. Намысты, арлы, қайратты небір ерлер жасанған жаудан мерт болып, арманда кете барған. Иманжүспітін айдалып бара жатып: «Құсымды алып басына бір шығайын, Қөзіме бір көрінші Ереймен тау», – деп құніренетін зәбір көрген, өкініштен бармағы тістеулі жеткен мындаған ерлердін ортақ үніндей. XIX ғасыр халық поэзиясындағы ең басым сарын халықтың еріктен айрылып, шерлі-шемен күй кешуі болатын. Тәуелсіздік үшін құрестің ең сонғы ірі бүлкүнисі – Кенесары бастаган халық қозғалысының трагедиямен бітуі қазак рухына жазылмастай жаракат түсірген еді.

### IV

Әуел бастан Ресей империясының қазак еліне қатысты саясаты айрықша зымиян түрде калыптасқаны белгілі. Отаршылдар бұл елдін халқы қөбейсін, қөкtesін, ілгері бассын деп әсте ойна алған емес. Оларға қазактың кең жері, шалқыған байлығы керек еді. Екі алып империя – Ресей мен Қытай қазактар мен қалмактардың өзара қырқысуына, бірі өліп, бірі қалуына ежелден мұдделі болатын. Жонғар қалмактарының жениске жетуін тілеген патшалық үкіметі оларды зенбірекпен қамтамасыз еткені мәлім (Златкиннің «История джунгарского ханства» деген кітабын қаралып). Қазактардың XVIII ғасырдың жиырмасыншы жылдардағы соғыста қалмактардан қүйрөй женилуі жаулардың колында көшпендейлер бұрын көрмеген кару – зенбіректің болуынан... Жонғарларға карсы ондаған жылдарға созылған азаттық үшін ұрыстарда халқымыздың жартысына жуығы апат болды. Қазактар қасакы дүшпанды женип, өз жерінен күшп шықканымен, әбден әлсіреп, бұрынғы айбарынан айрылып қалған еді. Осы жағдай Ресей патшалығының қазак мемлекетін бағындырсаң деген арманына қолайлы жағдай туғызған. Халқы азайған, әскери күші сарқылған елге тізе батыру женил

еді. Жонғарға карсы жойқын соғыс жүріп жатқан кезде, Ресей патшасы өздерінің тынышы, елшілерінің көмегімен Әбілқайырды ішіне тартып, казак елінің бір бөлегін – кіші жұзды тәуелді етіп алғаны әмбеге аян. Ресейдің көзделгені казақтың құнарлы коныстарын тартып алып, орнына қарашекпендерді орныктыру болды. Империя бұл жоспарын XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жедел каркынмен жүзеге асырды. Сөйтіп қазактың жерінде казакты азайтып, орыстарды, т.б. халыктарды көшіріп келтіруге, жергілікті халыкты шоқындыруға, қарсыласқандарды жойып жіберуге ашиқ бағыт ұстады. Өз елінде азшылыққа айналған жұрттың тілі де бірте-бірте тарих сахнасынан шығады деп есептеді. Дегенмен патшалық бұл мақсатына толық жете алған жоқ; ішкі Ресейден, Украинадан жұз мындаған отбасын көшіріп әкелгенімен, славяндар санын басымдыққа жеткізе алмады. Кейіннен кеңес үкіметінің басшысы Н.Хрушевтің: «Қазақстанды орыстандыру жөнінде патшалық Ресейдің екі ғасырдан артық уақыт ішінде жасай алмағанын біз аз жылдарда атқарып шықтық», – деп мактандындағы болды; XX ғасырдың алпысыншы жылдарында қазақтардың өз республикасындағы үлесі 30 · пайызға дейін құлдырады. Сонымен Қазақстанның тұргылықты халқын азайту, орыстар мен орыстілділерді барынша көбейту қазақ тілінің іргесін шайқалтқан ен қатерлі оқиға еді. Кеңес үкіметі жылдарында орыстар қазак жеріне лек-легімен көшірілуі, отызыншы жылдарда өнеркәсіпті ұлғайтамыз деп жұмысшы мамандарды келтіруі, елуінші жылдарда тың және тыңайған жерлерді игеруге миллионнан артық европалықтар отбасын көшіріп әкелуі, Кавказдың аз ұлттарын (шешен, ингуш, қарашибай, малкар, месхеттік түрік) қырым татарларын жер аударуы салдарынан Қазақстанда қазак еместердің саны асып түсті...

## V

Орыс тілін әспеттеудің дәуірі Ресей отаршылдығымен бірге келді дедік. Бірақ қазак елі бірден орысшаға ынтығып,

үздігіп кete қойған жок! Патшалық әкімшілігі алдымен орыс тілін үйрететін мектептер ашты. Ол мектепті бітіргендер ерекше құрметті мәртебеге ие болды. Орысшадан қазақшаға, қазақшадан орысшаға аударатын тілмаштардың заманы туғанын көрген халық балаларын орыс оқуына беруге пейіл білдіре бастады. Орысша оқығандардың мінезі де, дүниеге көзкарасы да ел дәстүріне жат болып көрінсе де («баламды оқытам деп кәпір қып алдым» деген сөз бекер тумаған), олардың қызмет сатысымен тез өсетінін, билеуші ұлт өкілдерімен «терезесі тен» сөйлесе-тінін көрген жұрт ендігі жерде бұл тілді өмір сүру құралы деген ұғымға ойысты. Бұл тенденцияны елдін көзі ашиқ зиялыштары көре білді, орыс тілін үйренуге шакырды. Бірақ дәл осы тұста бір қателік кетті, сонын зардабы құні ғұрғынға дейін сор болып жабысып келеді. Ақ көніл, анқау ел баласын әуел баста орысша оқуға түсіргенде мәселенің бір-ақ жағын ескеріп, әйтекеір орысша білім алуын ғана ойлады, бұл оку олардың ұлттық тәрбиесіне қаншалық әсер етеді дегенді біржолата естен шығарып алды. Осының салдарынан тұрғын қазақ, мінезі, іс-әрекеті орысша жаңа «нәсіл» пайда бола бастады. Бұл қайшылықты құбыльсты данышпан Абай ерте аңғарып, өзінің пікірін өшпестей етіп анық жазып кетті. Ол орысша оқысаң, кекірек-көзің ашылады, дүние біліміне қол артасың, тілін білсен орыстармен терезен тен болады деп халқына үгіт-насихат айтты... Қазіргі кезде кейбіреулер: «Абайдың орысша оқуға шақыруы бекер болды, мұндай бетбұрыс бүкіл халықтың ата-баба, ислам дәстүрін үмитуға жол ашты», – дегенді айтады. Бұл арада, кем дегенде, екі нәрсені есте тұтуымыз керек. Біріншіден, Абай окусыздықтан, кәсіпсіздіктен, алты бақан алауыздықтан, жұмысы жоқтықтан, мақсатсыздықтан тығырыққа тірелгендей болған елінің білім сәулесіне бұрғысы келді. Оқу-білімді, зиялды адамдары жок ел адамзат өркениеті көшінен қалып қоятынын көрді... Екіншіден, Абай орысша оқудың пайдасы мен қатар зиянын да көре білді және мұны жасырмай айтты. Ұлы акын сөздерін еске түсірелік. Бірде ол: «Орысша оқу керек, хикмет

те, өнер де, ғылым да – бәрі де орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуга тілін, окуын, ғылымын білмек керек» (шығармаларының бір томдық толық жинағы, 1961 жыл) дейді. Бұл сөздерден зәредей жаңсактық табылмайды. Абай орыстікі дегеннін бәріне көз жұмып, құлай берме, пайдалысын залалынан айыра біл деп отыр ғой. Біздің әсіре қызыл еліктегіш жүртимыз орыстың тілін білумен катар, бұл халыққа тән кейбір жаман әдептерді де талғаусыз қабылдап, салттымызға сінірді. Ата-тегін, дәстүрін, өз елінің тілін, мұддесін сыйламайтын, пейілі жат қауымның пайда болуы – тікелей орысша тәрбиенің салдары. Мәселен, ен білімді деген орыстың өзі жеті атасы былай тұрсын, бабасының атын да біле бермейді. Ен танқаларлығы сол – мұндай тексіздік сананы орыс ағайындар ерсі көрмейді. Қайта әзіл-шыны аралас: «Біз ата-тегін білмейтін Ивандармызы», – деп мактаныш көргендей сөйлейді... Тағы да Абайдан мысал келтірейік. «Осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның каруымен тағы қазакты андысам екен дейді. Жок, ондай ниет керек емес... Қазакқа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жүрт білгенді біліп, халық катарына қосылудың камын жейік деп ниеттеніп оку керек. Қазір де орыстан оқыған балалардан жақсы кісі шыға алмай да тұр» (Көрсетілген кітап, 458 бет)... Кенес дәүірінде де Шоқанның, Ұбырайдың, Абайдың орыс тілі мен мәдениетін үйренуге үндеген сөздерін жи қайталап, соларды қапысыз қагида сияқтандырып жібергеніміз рас. Ұлы ағартушылардың дүниетанымын, талғамын жан-жақты қарастырмай, жекелеген сөздерін ғана цитата етіп алумен әуестенудің сан мындаған оқырмандар санасында жартыкеш ұтым қалыптастырғанын бір мезгіл сын көзімен қарап көрдік пе екен? Тіпті бертінде, XX ғасырдың 50-80 жылдары арасында жүздеген қазак мектептерінің жабылып калуына орыс тілін білсен, коммунизм жұмағына тұра барасын деп келетін Н.Хрущевтің сандырағына елтіп қалғандықтың әсері жоқ деп айта аламыз ба? Орта және жоғары мектеп окулықтарынан қазак тарихының нұрлы тарауларын оқып

көрмеген, балабақшадан бастап: «Қазак елі қарандылық тұманынан совет заманыңда ғана айықты, бұл халықтың тарихында адамзат өркениетін байытқан ешқандай құндылық жок», – дегенді естіп өскен жас буынның қазак тілі мен мәдениетіне ықыласы қалай оянын? Қазак тіліне деген осыншама киянат қозқарастың ауқымында тәрбиеленген жастардың санасындағы ұлтсыздықтың төркіні қайда жатқанын танып-блуге осы келтірілген дәлелдер жеткілікті. Ондаған, жүздеген жылдар бойында қазак халқының тарихын, рухын қаралап келгендіктің айықпас дергітей тереңдеп кеткені соншалық – енді жастарды былай койғанда өмірді көрген, сақал-шашына ак кірген қазак депутаттарының мемлекеттік тіл деп конституцияда жазылған қазак тіліне астамшылық көрсетіп, қарсы шығуы екі нәрсенің: Ресей өктемдігінін және жаналық атаулыны талғамай қылғытатын, Абай айтқандай, жақсы менен жаманды айыра алмайтын, үстірттікке бейім, еліктемей солықтайтын қазак қателігінің зардабы деп қараша керек. Осы қателікті ұлкеніміз-кішіміз болып түсініп, бұдан былай дұрыс корытынды шығаруға қанша уақыт керек?...

## VI

Мемлекеттік тілдің дүшпандары мен олардың сойылын соғатындардың көптен бері айтып келе жатқан уәжі – қазак мектептері окушыларының білімі орыс мектептеріндегіден тәмен, сапасыз дегенге саяды. Мәселенің жағдайын анық білмейтін, қызыл сөзге құлақ түргіш жандар бұл пікірге имандай сеніп жүргені де белгілі. Ал, осы лакаптың шындыққа қаншалықты жанасатының талдап көрейік. Мен бұл арада тікелей өзім бастан кешірген тәжірибеге сүйеніп сөйлегім келеді. Ен алдымен орыс тілді мектеп пен қазак тілді мектепті жаппай алып, бірі артық, екіншісі кем деп баға қоюға болмайды. Қанша мектеп болса, соның әрқайсысында аздық-көпті өзгешелік болады. Бұл өзгешелік мұғалімдердің білім, тәжірибе дәрежесіне, мектеп басшыларының біліктілігіне, үйымдастыру қабілетіне, окушылардың оқулықтармен және

көрнекі құралдармен жабдықтау деңгейіне, т.б. себептерге байланысты туады. Құні кешеге дейін казак, орыс мектептерінде пәндер бірынғай бағдарлама бойынша оқытылып келді. Демек бірінің білімі қою, екіншісінде сүйік деп үзілді-кесілді үкім шығаруға болмайды. Рас орыс тіліне ерекше мәртебе берілген кеңестік дәуірде басқару орындарындағы шенеуніктер қазак мектептерін «екінші сортты» деп есептеп, онын мұқтажына жеткілікті қоңіл білмейтін. Сондыктан аудандар мен ауылдарғы мектептер назардан тыс қалдырыла беретін, оларға оқулық та, әдістемелік қуралдар да кем жіберілетін. Мұндай олқылықты бақылап, кемшіліктерді дер кезінде жөндеуге тиісті басшы орындардағылардың көбі дерлік балаларын орысша оқытқандықтан, казак мектептерін естен шығара беретін. Жергілікті жерлердегі мектептердің санда бар, сапада жок болатыны казак тіліне деген шын мәніндегі мемлекеттік қозқарастың терістігінен еді. Өздері үл-қыздарын орысша оқытып, жаңа «құбыласын» тапқандар қазак тіліндегі оқулықтар, аудармалар, оқытушылар құрамы қандай дәрежеде екенімен ісі болмайтын. Сүйтіп отырып «білімдері сапасыз» деп кінәні қазак мектептеріне аудара салатын. Ұзак жылдарда осылай болып келді, қазір де мұндай қозқарас өзгерген жок...

Осы бір астам және үстірт пікірді жокка шығаратын мысал толып жатыр. Мен 1949-1952 жылдарда Оңтустік Қазақстан облысының Ильич ауданындағы орта мектепте директор болып істедім. Сол кезде бұл мектеп күллі Мактаарал өніріндегі озық орта оку орындарының бірі еді. Оқытушылардың көбі жоғары білімді, өз ісіне шын берілген жандар болатын. Кейбір көрші орыс мектептері біздін тәжірибелізben танысып, үлгі алғып отырғанын білемін. Кейіннен осы Ильич (қазіргі Атакент) казак орта мектебін бітіргендегі катарынан ондаған, жүздеген окушылар жоғары білімді маман, – көптеген ғылым кандидаттары мен докторлары шықты. Солардың бірі – әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық мемлекеттік университетінің профессоры,

физика-математика ғылымдарының докторы Жаһанша Мырзалиев өз саласында мандай алды ғалымдардың бірі...

«Қазак мектебін бітіргендердің білімі төмен» деген қауесettі таратушылар ана тіліміздің көктеп, көгергенін көргісі келмейтін қозқамандар, космополиттер деп айтуымызға толық негіз бар. Біз, керісінше, Қазақстанға аты шыққан ең әйгілі ғалымдардың көбі қазак мектебін оқып бітіргендегідейміз. Дан-кы кен жайылған ең дарынды ғалымдарымыз бен жазушыларымыз өуел баста қазак тілінің узын татқандар. Мысалды есімі мен еңбегі дүние жүзіне мәшіхүр М.Әуезов пен Қ.Сәтпаевтан бастасак та болады. Бұл екі тұлғаның екеуі де сауатын алдымен казакша ашқандар, ана тілінің нәрі мен дәмін санаасына сініргендер. Қөшшілікке мәлім тағы бір мысал. Қазактың ежелгі құтты мекендерінің бірі – Баянауылдан әйгілі ғалымдар көп шыққаны белгілі. Солардың дені қазак мектебін бітіргендегі екен. Қысқасы бүгінге дейін ғылым мен техниканың, өнердің әр саласынан көрінген айтулы мамандардың түгелге жуығы, алғашқыда ана тілінде сауаттанып, кейіннен орыс тілді жоғары оку орындарын тамамдағандар. Соған қарамастан қазак тіліне, мектебіне күйе жағып, жаман атқа ілін-діргісі келетіндер ызыны естіле береді. Олар кімдер деген сұрап койсак, жауап табу киын емес. Мұндай ғайбатты тілге тиек етіп жүргендегі орысша оқып, орыс тілінде нәпака алып жүрген, мемлекеттік тілдің бірінші орынға шығуын тілемейтін өз қазақтарымыз; қазак тілінің мәртебесі биіктеуін екі дүниеде көргісі келмейтін орыстар, еврейлер, солардың дүрмегіне косылып жататындар. Жалпы саны миллионнан асатын түрік тілдес ұлыстардың (өзбек, үйғыр, татар, әзіrbайжан, түрік, т.б.) кейбір өкілдері қазак тілінің мәртебесін колдаудың орнына, ұлы орысшыл шовинистердің ығында келе жатканы да түрік халықтарының мұратын, бірлігін, тарихын мұлде ұмытқандықты көрсетеді... Қазак тілінің еңесін көтеру үшін, ұлттың даму бағдарламасы жасалуы, мемлекет тілін білу баршаға ортақ екениң көміл мойындалуы тиіс. Осылай болуын халқымыз президент пен үкімет басшыларынан ашық талап ететін кезен келді...

## VII

Егемендік алғанымызға он жылдан асты. Қазактың ғылыми тілін, терминологияны қалыптастыруға жағдай жеткілікті: казак тілінде оқулық, монография жазатын мамандар, аудармашылар, үлт тіліндегі басылымдарды керек етіп отырған сан мындаған шәкіртер, оқырмандар бар. Тұрлі пәндер бойынша казақша қолданба құралдар жазылып, жарияланып та келеді. Бірақ істін қарқыны баяу, оқулыктар сапасын арттыру толық жүзеге асты дей алмаймыз. Біздінше, мемлекеттік тілдің болашағы үшін аса қажетті осы мәселені ұйымдастыру мен бақылау жағы мардымсыз. Мұндай құралдарды шығаруды тек баспалардың мойнына жүктеп, шыққан кітаптардың сандық көрсеткішіне ғана майданушылық орын алған. Қазақша жазылған әрбір оқулық немесе монография ел өміріндегі жаңалық оқиға деп қуанатын, кемшілігін жөндеуге көмек колын созатын ғылыми шығармашылық орта қалыптасуы керек. Соңғы жылдарда, айталық, физикадан, математикадан, жаратылыстанудан, экономикадан, педагогикадан, философиядан, т.б. пәндерден бірталай оку құралдары шыққаны белгілі. Ал соларды талқылау, насиҳаттау, тандаулы енбектер авторын марапаттау жокқа тән. Тіпті, казак тілінде ғылыми терминологияның қалыптасуы, жетілуі мәселесіне арнал ғылыми конференциялар жасап, жеткен біктер мен аспаған асуларды анықтап, корытындылап, бұдан былайғы уәзипаларды белгілеп алатын кез келді ғой... Кеңестік дәүірде казак тілінің ғылыми терминологиясын орнықтыруға мемлекеттік қамкорлық болмағаны түсінікті. Ол кезде: «Коммунизмге жеткенде бір ғана орыс тілі үстемдік құрып, қалған тілдер жойылады», – деген «теория» басшылыққа алынды. Ал, Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, конституциямызда «Қазак тілі – мемлекет тілі» деп жазып койған кезімізде ғылыми терминологияны жетілдіруге қандай кедергі бар? Үкіметіміз жағынан, оку министрлігі тарапынан мұндай маңызды үлттық

проблемага немікүрайды қараушылықтан арылуымыз абзал. Қазак ғылыми терминологиясының даму процесін үдайы жазып, талдап, талқылап отыратын арнаулы орган-журналдардың қажеттігі де көміл. Терминологияның теориялық, методологиялық мәселелері өздігінен ғайыптың күшімен шешілмейді. Бұл іске де мемлекет тарапынан жанашып, ықыласты ие керек... Қенсе, аппарат, іс қағаздарын қазақшаға түсіру де кешіргісіз кешеуілден келеді. Бұл проблеманы жергілікті мекемелер өздігінше шеше алмайды. Іс қағаздардың казақша үлгілерін жасайтын мамандар тобы құрылып, оларға акы төленіп, жоспарлы жұмыска жегілгенде ғана нәтиже күтүге болады. Бұл іспен кім айналысатының анықтамай жатып: «Құжаттар жаппай қазақшалансын», – деп талап қою қисынсыз. Жалпы алғанда, Қазақстан үкіметі мемлекеттік тілдің дамуына мұдделі екенін іс жүзінде көрсетуі, үлт тіліне шын бетбұрыс жасауы қажет. Мемлекеттік тіл туралы жаңадан зан қабылданып, Қазақстан Республикасының барлық тұрғындары казак тілін білуге міндеттілігі айқын тұжырымдалғанға дейін бұл істін өлі нүктеден қозғалуы киын... Президент және үкімет аппаратында, министрліктер мен комитеттерде орыс тілді қазактар отырған кезде бұл мәксат орындалады деуге сенім аз. Сол үшін мемлекеттік мекемелерде қызмет істейтіндердің казак тілін білу міндетті екені зан жүзінде талап етілуі керек. Ғасырларға созылған отаршылдықтың салдарынан шетқақпай болған тілімізді өзінің құрметті орнына шығаратын негізгі механизм – мемлекеттік саясат.

## VIII

Қазак тілінің аты бар да, заты жоқ болып келуінің ең түбірлі себебі – қазактардың өз республикасында үзак жылдар бойында азшылыққа душар болуына байланысты. Ал жергілікті үлт саны неліктен кеміді, көлімsectер қалай көбейді дегеннін тарихын ілгеріде қыскаша атап өттік. Біз өз жерінде парсы тілділер саны басым болмаса да, мемлекет халқы

түгелдей парсы тілінде сөйлейтін, оқитын, жазатын Ирандай бола алмадық. Гасырларға созылған өзгеге бағыныштылық, ыдыраңқылық, жас буынның орыс тілінде оқып, мінез-кұлқы біздің дәстүрімізге жат болып қалыптасуы рухымызды аздырып, дүбәралыққа бейімдеді. Азаттық алған шағында казақ халқы көнілі бәсен, көкіргі шер болып қала беруге тиіс емес. Рухтың сілкінетін заманы туды. Ол үшін кешегі киын кезенде тоз-тозы шығып, көп елдерге босып кеткен қазактардың басын косу ләзім. Жаратқан ие жер байлығын да, кен байлығын да үйіп-төгіп берген еліміз экономикалық жағынан қуаттанып, карышты қадам жасай бастаган кезде, шет елдердегі миллиондаған бауырларымызды ата мекеніне көшіріп әкелуді де ен қасиетті міндеп деп білуіміз керек. Эрбір үш қазактың біреуі сырт мемлекеттерде жүрген кезде құшіміз де, ісіміз де жартыкеш болып қала береді. Дүниедегі басы аман, бауыры бүтін, өмір кешіп отырған халыктардың бәрі де өз жерінде, өз мемлекетінде шоғырланған. Бізде де осылай болуга тиіс. Шет елдерде күн көріп жүрген қазактар ата жұртынан қылмыс жасап немесе басқалардың жерін тартып алу үшін кетпеген, олар мейірімсіз дүшпандардың зорлығы мен корлығына шыдай алмай, амалсыздан жер ауғандар... Олардың ата-баба жеріне қайта оралып келуіне толық құқы бар. Қазақстан деген атты иеленіп отырған республика қайта келем деушілерді қарсы алуға, ел болып, ес жиуына қомектесуге міндetti. «Оралмандар келіп жатыр, Қазақстан үкіметі бұл ретте әрекетсіз отырған жок», – деушілерге айттарымыз: сырт елдегі қандастарымыз оралып жатқаны рас, бірақ қазіргідей мөлшер, қарқынмен жүре берсек, олардың атамекенінде бас қосуы ғасырларға созылады, оған дейін бауырларымыз ассимиляцияға ұшырап, өзге ұлттардың ішінде жүтылып кетеді. Мәселен, миллиардтан артық халқы бар қытай енді бір ширек ғасыр кідірсөн, карауындағы қазактарды «жұтып» жіберетіні көміл. Қытай түтіл өзімізге түбі туыс Өзбекстандағы екі миллионнан көп қазағымыздың өзі жедел жатсырап бара жатқаны күпия емес. Бұдан біраз жыл бұрын

ресми есеп бойынша Өзбекстанда 660 қазақ мектебі бар делінетін еді, бүгінгі күні солардың каншасы сакталып қалғанын білгісі келетін жан бар ма?... Ресейдегі бір миллион қазактың көбі ана тілінен маҳрум қалғаны айтылып та, жазылып та жүр. Сырт елдердегі отандастарымызды толық көшіріп әкелуге Қазақстанның жері де, байлығы да жетеді, жетпейтіні бір-ак нәрсе. Ол – Қазақстан үкіметінің қазактарды кең көлемде көшіріп әкелуге құлықсыздығы, казақ ұлтының ежелгі өз аймагында орын тебуйне қарсы қүштердің көлтігі. Қазақстан – қазақ жері дегенді айтуда жүрегі дауаламайтын жалтак, тексіз, намыссыз әкімсұмақтар іс тағдырын шешіп жарытпайды. Мұндай бейшаралық хәл қашанға дейін созыла береді?... Бізге қазақ халқының тарихи құқын мойындайтын, ұлттық-демократиялық мемлекет қалыптастыруға жігері жететін, этникалық топтар мен ұлттық диаспораларды күрметтей отырып, оларға: «Бәрініз қазақ халқының төнірегінде топтасып, елдің тен праволы азаматы болыңыздар», – деп айтуда жарайтын, ұлттық даму бағдарламасын жасайтын үкімет, парламент керек...

Эрбір халықтың атамекенінде шоғырлануы табиғи, барынша әділетті іс. Ерте замандарда түрлі себеппен басқа елге ыдырап кеткен ұлттардың этникалық орта қалыптастыруына кедергі келтірушілік адам құқын да, халық құқын да аяққа басумен бірдей... Осыдан бірталай жыл бұрын әрменелер өзінің ата жұртына оралуға толық мүмкіндік алғанын білеміз. Жері шағын әрі құнарсыз, қазба байлығы аз Армения «еліміз кедей» деп басқа мемлекеттердегі қандастарын қеудеден итерген жок, келемін дегендеге жол талты, тиісті қомек көрсетті. Бұл әрменелердің ұлттық санасы, намысы биік екенін көрсеткен оқиға еді. Ал жер жаһанға шашырап кеткен еврейлерді жиып алу үшін Израильдің жасап жатқан әрекеті танқаларлық. Израиль дүниенің әр өніріне сініп, тілін ұмытып кеткен яңудилерді ежелгі конысына жинап қана койған жок, олардың орналасуына, тұрмыс халінің жоғары болуына барлық жағдайды жасады. Оралып

келгендеге жұздеген жылдар бойында жоғалған көне тілі – ивритті үйретті, салт-сана, дәстүрін қалпына келтірді. Еврей мемлекетінін басшылары еврей рухын тірілту үшін қандай қаржылық шығыннан да іркілген жок. «Бұл ісімізге басқалар қалай қарайды?» – деп жалтақтаған жок. Олар үшін еврей мұддесі бәрінен де жоғары тұрды. Осындай максатты, жүйелі саясаттың арқасында көп елдерде көзге тұрткі болып келген халық енсесін көтеріп қана қоймай, басқаларды өз ықпалына икемдеп, бұрын аяқ басып көрмеген елдерінде синагогтар салып, дінін таратуға ұмтылып келеді.

Өз мемлекетінде халықтың, кем дегенде, сексен пайызын құрамаған ел толықканды үлттық саясат жүргізуі киын. Алыстан мысал ізdemей-ак көрші, туыс республикаларға көз салсак та, жергілікті үлттың басым көпшілік болуы елдің өз салтын, тілін сақтап отыруының мықты шарты екенін аңғарамыз. Өзбекстанда да, Тәжікстанда да, Түркменстанда да өзбек, тәжік, түркмен тілдерінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесінің мықты болуы тұрғылықты үлттың үлес салмағына тікелей тәуелді. Ендеше қазак халқының отанышын азаматымын дейтіндер ешбір кедергіге жалтақтамай, сырттағы қандастарымызды келтіруді алдымен ойлауы тиіс. Бұл мәселе қай деңгейдегі басшының да үлтжандылығының ең басты көрсеткіші.

Шет елдегі ағайындарды қөшіріп әкелу сөз бола калса «қаржы тапшы» деп зар илейтін басшысымқартардың сезінде шындық жок. Үкімет кажет деп тапса, мемлекеттік қордан қалаған мәлшерде ақша боле алатынын көріп отырмыз. Ондай ақшаны қазак халқының мұддесінен іркіп қалып, қай ұжмакқа барамыз? Әшейінде неше алуан космополиттік іс-шараларға бөлінетін тендені қазақ халқының басын біріктіріп, шын мәніндегі тарихи миссияны жүзеге асыруға жұмсаудан қасиетті мұрат бар ма? Республикаға атын берген халықтың ғасырлар бойы аңсаған проблемасы – өзінің ата-мекеніне жиылу арманы орындалмай жатканда, Қазақстанның келешегіне пайдасы күмәнді істерге құлшына берудін не сәні

бар? Егер республика президенті Н.Назарбаев әлемнің әр бүрышына шашырап кеткен отандастарымызды қыска мерзім ішінде жиып алуға тәуекел етсе, бұндай шешім еліміз егемендік алғаннан бері орын тепкен ұлкенді-қішілі кемшіліктердің бәрін де жиып кететін, елбасының жүзін жарқын ететін ұлы қадам болар еді...

## IX

Қазак тілінің ішкі заңдылығын елемей, өктемдең кірген кейбір «жаңалықтар» туралы да бірер пікір айтуда кажет. Тіл зерттеуші мамандар бұл мәселені адамзаттың өркениет тәжірибесінде қалыптасқан қағидаларға сәйкес талдауга міндегі. Біз көзге де, көнілге де оғаш көрініп тұрған, бірақ бірте-бірте тіл тұғырының ішіне әдейі қойылған жарылғыш мина тәрізді жазылымдар мен айтылымдар төнірегінде ғылыми, кәсіби талқылаулар жасалып, дұрыс ұйғарымға келу керектігін жүргішілік назарына ұсынғымыз келеді. Қазақ тілі ғылыминың білікті қайраткері, марқұм Сапархан Мырзабеков осы проблеманы «Өзіме өгей өз тілім» («Қазақ әдебиеті» газеті, 30.07.2004) деген мақаласында салдарлы сауал ретіндегі көтергені мәлім. Осы мақаласында автор бүкіл елге, соның ішінде зиялы қауымға аманат айтқандай болған екен. С.Мырзабековтің сол аманаты қөкейімде көптен бері ұялаған құдікті сыртқа шығаруға тұрткі болды.

Әнгіме қазіргі қазақ тілінің қорына орыс тілі арқылы келіп, айтылуы да, жазылуы «бітеу» қалпында кірген мындаған, дәлірек айтсақ, он бес мындан артық термин сөздер жөнінде болып отыр. Бұлар – кенес дәуірінде ана-тіліміздің фонетикалық жүйесіне «баса қөтеп», омыраулап келіп орын тепкен сөздер. Мәселе бұл терминдердің қажетсіздігінде емес, қазақша жазылуы керектігінде. Мұндай ерсілікті қазактың ойшыл ғұламалары да ескерткен екен. М.Әуезов: «Біздің соңғы жылдардағы жазуымыз, қолдануымыз бойынша орыс сөздері, шетел атаулары орысша қалай жазылса, қазақша да солай жазылуы керек. Осы қағиданың екі жакты қайшылығы бар.

Бұнда мұғалімге, балаға түзу жазып үйрену үшін туатын бір киындық – қазақ орфографиясын білуден бұрын орыс тілінен кірген... орысша сөздерді орыс грамматикасы бойынша қалай жазу керек екенін білу керек. Қазақтың өз тілінің ерекшелік зандарына бейімдеп алмай, орысша жазу үлгісінде алғандақтан, қазақ балалары да, «есіреле мұғалімдері де казақ тілінің жазу зандарын қанша жақсы білсе де, орыс сөздерін жазуға келгенде үнемі қате жазады... Біздің грамматикамызда осы жөнінде асыра сілтеу, сынаржактық бар секілді» (Әуезов М. Шығ. жинағы, 19 том, 1985) деген екен. Қанша сыпайылап, жұмсақтып айтса да, Мұқаң қазақ тілінің табиғи бітімін бұзатын «ереженің» қазақ грамматикасына күшпен таңылғанын қабыл көрмейтінін анық сөздірген. Бұдан қаттырақ сөйлесе, сол кездегі көптеген шалағай белсенделер өзіне «ұлтшылы» деп жабыла кететінін білетін ғұлама бұл мәселеге терендей алмағаны ая... Қазақтың кең ойлайтын кемел азаматтарының бірі Ілияс Омаров та тіліміздің табиғи ауанына күліккен зордықтың залалын: «Айта кететін аса керекті бір жай бар. Ол – кірме сөздердің қалайша төл сөзге айналу қамы. Әр тілдің өсіп-өну заны бар. Ол зан, ең алдымен, оның грамматикалық бітіміне байланысты. Кірме сөздер қабылдаушы тілдің грамматика зандарына міндетті түрде бағынуы керек. Әйтпегенде, ол одагайлықтан арыла алмайды, «мен бөттөнмің» деп айғайлап тұрады. Қабылдаушы тілдің ішінде көзге шықкан сүйелдей, окшау, бөлек тұрып, кіріге алмайды, етene болып кете алмайды» (Омаров I. Әдеби толғамдар. 1988) деп ғылыми сенімді дәлелдейді.

Дәл осы такырыпқа кезінде біз де өз пікірімізді білдірген едік. Соны осы тұста еске ала кеткім келді. «Қазақ тіліне өзге тілдерден ауысқан сөздерді жазудың транскрипциялық принциптері анық емес. Жыл сайын тілімізге еніп жатқан жана терминдер мен атаулар қалай жазылуы керек? Оларды қабылдаудың, қазақ тілінің ішкі зандылығына бейімдеп жазудың екшеліген, ғылыми дәлелденген шарттары бізде неге жоқ? Мен осы сұрақты мамандарға қоюды лайық көремін. Рас, қазақ тіліне

жанадан енетін сөздер орысша жазылғандағыдай етіп жазылсын деген жалпы бір ереже бар. Бірақ ол ереже мүлде жеткіліксіз» (1985). Тіліміздің тағдырында мәні орасан үлкен осындай ғылыми проблемага тіл зерттеуші мамандарымыз шындал бұрылуға батылы жетпей келгені де мәлім. Профессор Мырзабековтің біз айтып отырган мақаласының мәнділігі де өзін-өзі таныған ешбір халық аттап ете алмайтын мәселені күн тәртібіне мықтап коя білгендігінде. М.Әуезов саха халқының жазушысы Мординовтың («Вопросы философии» журналы. 1950, 3-сан) мақаласындағы ұлттар тілінде орыс сөздерін орыс орфографиясымен жазғызу отаршылдықтың бір солакайлығы деген ойын толық куаттай отырып, үзінді келтірген. Ол мынау: «орыс тілінен түркі тілдері сиякты басқа көп тілдерге кірген сөздерді жазудың негізгі принципін белгілеген академик Мещанинов пен профессор Сердюченко болатын. Олар орыс орфографиясы мен туысқан елдер орфографиясы жөнінде зан ұсынды. «Халықаралық атаулар орыс тілі арқылы алынғанда орыс орфографиясы бойынша жазылсын, бұл атаулардың жазылуына бұрмалау кірмесін», – деді. Осындай аса зиянды ұсыныс ұлт тілдерінің зандарын құйретіп, орфографияға анархия тудырды; ана тілінде хат жазуда нелер киындыққа соктырды; жергілікті газеттер мен журналдардың жұмысын да ауырлатты (262–263 беттер). Осы көрсетілген жағдайларды зерттеушілер қайта қарайтын заман туды деп есептейміз. Мәселенің мәні мен койылуы анығырақ болу үшін, кирилл алфавитін қабылдағаннан (1940) берідегі тарихымызға аз-кем шолу жасау шарт.

## X

Қазақ халқының жазуы XX ғасырда үш рет өзгерді. Алфавит жаңарту деген әдепте мындаған жылдарда бір-ақ кездессетін сирек, тосын алмағайып оқига бол саналады. Әйткені қай елдің де тарихы, тілі, дәстүрі жазба ескерткіштерінде сакталады, жазба мұрасы жоғалған ел рухани байлығынан жүрдай болып, ку тақырда калғанмен бірдей...

Әліпбиден қайта-қайта айрылу халқымыздың өз еркінен тыс, билеуші өкіметтің арам пиғылышан тұған іс. Араб әліппесі қазакты ислам өркениетінің рухани, мәдени қазынасына кол арттырған еді. Жаһандық данкқа ие болған ойшыл, ғұламаларымыз Әл-Фараби, Қашғари, Баласағұн, Ясауи, Иүгінеки, т.б. ислам өркениетінің ауқымында әлемдік білім байлығын игергендер болатын. Отырар қаласында көлемі жағынан Александриядан кейінгі екінші орынды алатын кітапхана болғаны туралы аныз ғасырлар бойында ұмытылмай келуі де кездесік емес. X-XI ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан өзінің мәдени даму деңгейі жағынан Батыс Еуропадан жоғары тұрғаны аксиомадай анық нәрсе. Бірақ дүние, әманда өзгерісте болады, бір елдер озып алға шыкса, екіншілері тұрлі кесір, кедергілердің салдарынан тоқырауға душар болады. Міне, осындай жағдай соңғы бірнеше ғасыр бойында Орталық Азия мемлекеттерінің басына түскені белгілі. Шоқан Уәлиханов XIX ғасырдың орта түсінде жазған еңбектерінің бірінде бір замандағы медреселі, шаһарлы, кітапханалы, обсерваториялы, гүл жайнаған бау-бақшалы Бұхар, Самархан, Хиуаның бұрынғы сән-салтанатынан айрылып, каранғылық құрсауында отырғанын өкінішпен жазған еді... Ал араб жазуынан бұрын түрік халықтарының көне төл алфавиті болғаны да әлемге аян. Түрік қағанаты дәуіріндегі (V-XIII ғ.ғ) тасқа ойылып жазылған шежіре-тарих дүниеде тенденсі жок құнды ескерткіштер қатарына жатады. Бұл қүнде қиялдай алыста қалған сол алфавитке қайта оралу арман әлемі болып кана қалды...

Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын түрін өзгерту кана жалғастырған Кеңес өкіметі (1929 жылы) араб әліпбін мансұқ етіп, елімізді латыншаға көшуді міндеттеді. Араб әрпімен жазылған сан мындаған жазба жәдігерлік кейінгі буынға жетпей қалу себебі осыдан. Араб жазуынан еріксіз ажырағанымызға ғасырга жуық уақыт өтсе де, оның рухани санамызға салған жарасы жазылмай келеді. Араб әрпімен жазылған сан түрлі жазбаларға қатардағы оқырманды былай

қойғанда, қазіргі ең білімдар деген ғалымдардың да тісі бата бермейді... Коне алфавитті сактау деген қандай олжа екенін түсіндіру үшін, бір мысал келтірейін. Мен әрменелер елінде, Ереван қаласындағы кітап, қолжазба қоймасы – Матендаранда болғанымда бұл халықтың бір жарым мың жылдық тарихы бар алфавитінің осынша уақыт ішінде бір-ақ әрпі өзгергенін біліп, қайран қалған едім. Бір жарым мың жылда әрмене тілінің корында бірталай өзгерістер болғанымен, әліппесі байырғы калпында калыпты. Ол әліппемен жазылған мұраны кез келген орта мектеп оқушысы да мұдірмей оки береді екен. Біздің араб алфавитінен көз жазып қалуымыз қаншама шығасыға душар еткенін байыптай беріңіз!

Қаншама киыншылыктарға қарамастан, біздің дарынды, алғыр ойлы халқымыз латыншаны да менгеріп алғанын білеміз. Өкінішке қарай бұл алфавиттің де өмірі қысқа болды, 1940 жылдан бастап Мәскеудегі билеушілер өмірімен ССРО құрамындағы гүржілер мен әрменелерден басқа жүрттың бәрі кириллицаға көшуге мәжбүр болды... Бұл кезең қазақтың ең білімді, көреген, кесем ұлдары түгелге жуық репрессия құрбаны болып, қалғандары бас сауғалап, «қай қуні ұсталып кетер екенмін» деп шыбын жанын шүберекке түйіп жүрген шағы болатын. Мәскеудің «қырағы» саясаты бойынша бұл кезде көбінесе іс басына жаңадан сауатын ашқандар немесе қарақан басының камынан басқаны ойламайтын, ұлттық мұрат жөнінде ауыз ашпайтын, алған айлығына ғана мәз болып, халық басындағы қасіреттер жөнінде тіс жармайтын, «кайтканға қөнетін, айдағанға жүретіндер» ғана іріктелетін. Бұлар «араб әліппесіне қайта оралайық яки латыншада қала берейік» деп айтуға дәрменсіз еді. Бас-аяғы он жылдың ішінде араб әліпбінен латыншаға, одан кейін кириллицаға өту қажеттігі не үшін туды деп сұрақ қоятындар жок еді. Оның үстіне 1931-1932 жылдардағы ашаршылық қазақ халқының жартысынан көбін баудай түсіріп, қалғандарының тұрмыс тапшылығынан есенгіреп қалғаны соншалық – үкімет не айтса, соган «құп» дегеннен басқаға дәрмені қалмаған болатын.

Кезінде алфавиттер ауыстыру «зор жаналық, ілгеріге, прогресске үмтүлу нышаны» деп дәріптелгенімен, оның зымиян астары айқын еді. Мәскеудін араб әліппесін жоюдағы басты мақсаты ислам дінін ұстайтын халықтар откен тарихын мұлдем үмытсын, елді орыстандыру жедел жүрсін деген жоспардан тұрған. Ал латыншага көшіру бағынышты халықтарды орыс алфавитіне жетелеу жолындағы кезекті бір бекет деп қаралған. Алфавиттерді жедел алмастыру түрік, мұсылман халықтарының ежелгі туыстырын, бірлігін жоу мақсатын да көздейтін. Ең басты психологиялық есеп – Мәскеуге кіріптар халықтардың өз тарихына, мәдениетіне деген сенімін үмыттыруға саятын... Біз мектептерде латын әліпбіи жүрген отызыншы жылдардың күндеріміз. Латыншаның он жылдық дәүірінде де қыруар газет, журнал, кітап басылған, халықтың бұл әліпбиге көзі де, қонілі де үйрене бастаған болатын. Бірақ кеңестік империя бұл әліпбиден тез айнағы, қалайда кириллицаға көшудің амалын іздестірді. Бұған «мықты «дәлел» де табыла кетті. Негізгі «теориялық» дәлел – коммунизм құрылышына бет алған ел жаппай орыс тілін білуғе тиіс, ол үшін барлық жүргириллицаны қолдануы пайдалы дегендік еді. Айтты, біttі, қынқ дейтін жан баласы жок, еріксіз халықтарды қойдай айдан жүре беруге болады деп есептеді.

Мен XX ғасырдың отызыншы жылдарында латыншамен сауат ашқандардың бірімін. Кириллица дәуірлеген заманды да бастан өткеріп келемін. Осы екі алфавитті салыстырғанда менің бүйрекім латыншага ауады да тұрады. Латын әріптерінің кириллицаға қарағанда сұлулығы өз алдына, жылдам жазуға да ыңғайлырақ болатын. Латыншамен жазудың анағұрлым жеңіл екенін осы екі алфавитті бірдей білгендерге диктант жаздырып та байқап көрүлерінізге болады... Алфавитіміз латынша кезінде туысқан түрік халықтарының (өзбек, қыргыз, түркімен, татар, т.б.) кітаптарын окуудың да қындығы аз еді. Арабшадан латыншага өтерде түрік тілі дәстүрлі республикалар тіл зерттеуіш галымдарының арасында ғылыми, достық байланыстар, өзара

пікірлесулер жиі болғаңдықтан ба, қайдам, туысқан халықтардың алфавиттерінде ұқастық мол болды. Қазір Қазакстан жүртшылығы арасында түрік халықтарының төрттен үші (түркия түріктері, әзербайжан, түркімен, өзбек) қолданып отырған әрі дүниe жүзіндегі ең озық мемлекеттер пайдаланатын латын алфавитіне қошу қажеттігін көтерушілер көбейіп келеді. Бұл мәселеде әзірше бір тиянкты үйғарымға келіп болғандық байкалмайды. Оның басты себебі – біздің мемлекетіміздің бұл жөніндегі көзқарасының солқылдактығына байланысты. Егер мәселенің байыбына қарасақ, латыншаны менгеру қазақ қауымы үшін «алынбайтын» қамал емес. Латын және кирил алфавиттерінің жиырма шакты әрпінің бірдейлігін көзі қарақты адамдардың бәрі біледі. Екіншіден, қазақ орта мектептерінің бәрінде де шет тілдер (ағылшын, француз, неміс) пән ретінде жүреді. Демек латын әліпбінің жалиы нобайымен кез-келген қазақ, белгілі дәрежеде, таныс деуге болады. Үшіншіден, латын әліпбіиң өту мәселесі принципінде шешілген күнде де жүрт кириллицаны бір сәтте тастап кетпейді. Алфавит ауысу процесі біраз жылға созылады. Бұған, шамамен алғанда, окушының бірінші сыныптан онының сыныпқа жеткенге дейінгі уақыт керек болады. Осы уақыт ішінде латынша текстерді оқыту көлемі бірте-бірте көбейіп, кітап бетіндегі латыншага елдің көзі үйренеді.

Тұбінде, біздің латын алфавитіне қошуіміздің қажеттігі туатыны қәміл. Латыншага өтсек, ең алдымен, қазіргі алфавитіміздегі жазуды, окууды бұлдіріп тұрған басы артық әріптерден күтыламыз. Терминологияғы ала-құлалықтан арыламыз, шет елден келген атауларды қазақ тілінің ыңғайына қарап жазу, қабылдауды жеңілдетеміз. Оナン соң түрік халықтарының басым көпшілігі пайдаланатын әліпбиге қошу туыс елдердің арасындағы үзіліп қалған байланыстарды қайта жалғастырудың да маңызды амалы. Түркістандағы А. Ясауи атындағы халықаралық казак-түрік университетінің тәжірибесі алфавит ортактығы түрік халықтарын бір-біріне жақындана

түсегін айқын дәлелдеп келеді. Кириллица ғасырлар бойында төбемізде ойнап келген орыс үстемдігінің иығымызды басып тұрған символы екенін сезбейтіндерге таң қалмасқа болмайды. Демек уәждің оннан тоғызы латын алфавитіне көшүіміз жағында. Бұл жолда бізді іркілдіретін бірақ нәрсе – Қазақстанда қазак тіліне басымдық беру проблемасын шешіп болмағанымыз. Шынында да өз елінде тұғыры берік, мәртебесі биік тұрмаган тілді басқа алфавитке жедел көшіру пайда емес, залал келтіруі мүмкін. Жаһандану деген ұранды жамылып, шет ел алпауыттары Қазақстанды космополиттік елге айналдыру жоспарын ешбір кедергісіз жүргізіп отырған кезде, алфавит өзгертеміз деп барымыздан айрылып қалуымыз мүмкін. Сол үшін бұл мәселені кідірте тұру дұрыс болып көрінеді. Өз елінде өгей хәл кешіп отырған тілге қазіргі танда ен керегі – мемлекет тілі деген мәртебесіне іс жүзінде кол жеткізу. Кириллицаны «кимайтындармен» сол кезде ғана сұхбатка келсек, жарасады деп білемін.

## XI

Енді біздің мақаламызда аталған тіл маманы Сапарбек Мырзабеков пікіріне кайта оралып, сондағы кейбір ойларды жаңғыртқымыз келеді. Ол кириллицаның әріптерін казакшаға түгел ендіру тіліміздің ішкі занылығына орасан залал келтіргенін ашық айтқан. «Ғылыми терминдеріміздің қатарына қосылып, төл сөздерімізben иық тірестіріп тұрған 15 000 (бәлкім одан да көп) сөздің айтылуы да, жазылуы да қазак тілінің үндесу жүйесіне сәйкес келмейді, сондыктан оларды тіліміздің табигатына жакындастып жазайық», – дейді. Осы пікірдің әділдігіне тіл теориясы тарихынан хабары барлардың ешқайсысы шұбә келтірмес деп ойлаймыз. Қарсылық басқа жағынан болуы мүмкін. Кейбіреулер: «Тілдік корымызға қосылған, жекелеген енбектерде колданылып жүрген ондай терминдерді казакшаға ыңғайлап жазамыз деп қалын бейнетке қалмаймыз ба, ол терминдер тіліміздің күрылышын ойсыратып бұза коймас», – деуі мүмкін. Бірақ тіл тағдырынын мәселесі

«бола берсін», «осылай жазып келе жатырмыз ғой», «бір қабылданып қалған ережені бұзбай-ак қояйық» деп келетін немқурайды керенаулықпен шешілмейді. Бір кезде зорлықшы биліктің өмірімен кеткен қателік ерте ме, кеш пе түзелуі керек деп санаймыз. Біз ф, х, ч, ё, я, э, ь, ю секілді таңбаларды кирил алфавиті болғандығы үшін емес, тіліміздің қалыбына сыймайтын мүлде жат дыбыстар болғандықтан қабыл көрмейміз. 1940 жылы латыншадан кириллицаға өткенде «мына әріптер қазак тіліне үйлеспейді» деп айтуға біздің мамандарымыздың қауқары болмады, «сендердін пікірлерін қалай» деп ешкім сұрамады. Осы алфавитпен бүтінге дейін жеттік, кириллицамен жүзденген кітаптар миллиондаған тиражбен басылды; қазақ халқының екі-үш буыны бекітілген ережеден кия баспай сойлеп, жазып келді... Сонғы жылдарда газет, журнал беттерінде әлгіндей сіресіп тұрған терминдердің кейбіреулері дыбысталу занылығына қарай жазыла бастады. Мәселен, баспасөз беттерінен европаны – европа, редакторды – редактір, артельді – әртел, минутты – мінют, математиканы – мәтемәтике, директорды – деректір, министрді – міністір, терминді – термін, журналды – журнал, килограмды – килә, Американы – Әмерика, Россияны – Ресей, Азовты – Азау деп жазу орын алып келеді. Ал сөздіктер мен ғылыми енбектерде орыс тілі арқылы келген терминдер дәл орысшадағыдай қалпында әлі де тізіліп тұр. Ондай сөздерді мысалға алғызыз келсе, сан мындаған терминдерді қайта көшіруге тұра келер еді. Сырттай қарағанда мұндай терминдерді қазақ тілі үндестігіне бейімдеп қайта жазу қыын болып көрінеді. Бірақ тәуелсіз мемлекеттің жариялаған қазақ халқының биік ұлттық мүддесі бұл сәйкесіздікті жөндеу қажеттігін талап етеді. Бұл уәзипа тез арада жүзеге асырыла коймайды деп үмітсіздікке салыну да жараспайды. Егер кирил алфавитін алдағы кезде де тұтына береміз десек, орфографияда, транскрипцияда кеткен тұрпайы жөнсіздіктерді жөндеу керек болады. Мұндай көкейкесті міндеттерді күн тәртібіне өмірдің өзі койып отыр. Бүгінгі және болашақтағы қазақ қауымы

заман талабынан қалып қоймай, өркениет биігіне өрлеуі үшін, ең алдымен, ұлттың ерекшелігіне сай келетін, жетілген, тұрақты қазак тілі окулықтарымен қолданба құралдарын, орфографиялық, терминологиялық сөздіктер жасауымыз керек.

\* \* \*

Біздін мақаламызыда сөз болған жайлардың бәрі де ана тіліміздің дамып, өркенде, өзінің керемет бай мүмкіндігін жарыққа шыгаруы, шын мәніндегі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуі қажеттігіне көтісты. Бұл тарапта кордаланған мұқтаждар мен сұрауларды жан-жакты талдадық, жүргішілік көніліндегі түйткілдерді түгел қамтыдық демейміз. Бірақ ұлттымыздың тіліне, тарихына, дәстүріне байланысты толғағы жеткен мәселелер жөнінде пікір айтудан бас тарта алмадық. «Бізсіз де бұларды шешетін орындар бар ғой», – деп көлденен куәгер, бейтарап бақылаушы болып қалғымыз келмеди. «Тіл тағдыры – ел тағдыры» дегенді біз ұзак жылдар бойында айтып, жазып келе жатқанымыз белгілі. Бұл, шындал келгенде, менің шығармашылық тағдырыма айналған тақырып. Ана тіліміздің қағажу қөргеніне шыдай алмай, XX ғасырдың орта тұсында батыл мақалалар жазғаным үшін жазықсыз қаралынып, зәбір шеккенімді аға буын зиялыштар жақсы біледі. Тәуелсіздік алғаннан бергі жерде тіліміздің мәртебесі жоғарылаудың орнына төмөндел бара жатқаны әмбеге аян. Дүниедегі ең асылымыз – ана тіліміздің жығылып қалған туын қайта түргызу актық парызымыз. Бұл нысанана жетуге дүшпандарымыздың жат пиғылы тосқауыл болмасқа тиіс. Ғасырлар бойында қаншама тар жол, тайғақ кешуден етіп, сәтсіздіктер мен құрбандықтарға душар болса да, ак білектін күшімен, ақ наизаның ұшымен жерін, елін, азаттығын сактап қалған қазак халқы бұдан былайғы жерде ата-баба мекенінде ешкімге жалынышты болмай, ұлттық-демократиялық мемлекеттің орнатуға хакылы. Бұл үшін, алдымен, қазак тілінің мәмлекеттік мәртебесін баянды ететін, қазак халқының мұдде-

мұратын мойындастын қалыпты жағдай тұғызу шарт. Осы түрғыдан алғанда Қазакстан президенті, парламент пен үкіметі тарапынан нактылы іс-шаралар жүзеге асырылуы қажет. Ол үшін:

– Қазак тілінің республикада бірден-бір мемлекеттік, ресми және ұлтаралық тіл екенін тұжырымдайтын Ата зан бабы қабылдануы;

– Отаршылдар тарапынан жасалған зорлық-зомбылық салдарынан шет елдерге ауып кеткен қазақтардың атамекеніне толық кайта оралуын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәзипасы деп мойындалуы;

– Қазақстанда тұратын барша ұлттық диаспора мен этникалық топтар қазақ тарихы мен тілін білетін болуы;

– Қазақ халқының дәстүрлі діні – ислам дінінен аздыру, қазақ жастарын өзге діндер мен конфессияларға тартып шоқындыру әрекетін ашықтан – ашық жүргізіп келе жатқандарға тиім салынуы тиіс.

## **ҰЛТТЫҢ БҰГІН МЕН БОЛАШАФЫ АТА ЗАЦМЕН ҚОРҒАЛУЫ КЕРЕК «Конституциядағы қателік...»**

– Рахманқұл ага, қазір әлемдегі жаһандану, еліміздегі ұлттықтың үрдісі туралы көп айтылып, көп жазылып жүр. Осы үрдістің түпкі себебі неде жатыр деп ойлайсыз?

– Көп түйткілдің түйіні Конституцияда жатыр. Ұлттың бүгіні мен болашағы Ата заңымен қорғалуы керек. Біздін ұлттық ерекшеліктеріміздің ешқайсысы да Ата заңмен қорғалмаған. Қазір, міне, соның зардабын тартып отырмыз. Өйткені, 1995 жылғы Конституциямызда Еуропа елдерінің Конституцияларынан алынған нормалар бар, жалпы адамзаттық құндылықтар бар, есесіне, ұлттық ештеңе жок. Оның өзін бас-аяғы бір айдың ішінде опай-топайын шығарып, қабылдап жіберді ғой. Талдап-талқылауға уақыт қалдырмады. Қазақша нұсқасының өте нашар аударылғаны сондай, оны

түсінү үшін орысшасын коса қарап отыру керек болды. Осы салыстырудың өзіне оншакты құн кетіп қалды. Қарап шығып, казакша да, орысша да біраз ұсыныстар бердім. Көбі ескерліген жок. Олардың бәрі дерлік «Ұлт рухы сезілсе...» деген кітабыма енді.

Бір философ айтыпты деген мынадай сөз бар: «Дүниелегі жаңылыстың тен жартысы – терминнің мағынасын түсінбей колданушылыктан», – деген. Расында да, біз терминнің мағынасына мән бере бермейміз. Тоталитаризм кезінің өзінде біз «Қазак Советтік Социалистік Республикасы» деген аталатынбыз. Керісінше, тәуелсіздік алғаннан кейін осы «қазақ» деген атымыздан айырылып қалдық. 1995 жылғы Конституцияның жүрт талқысына ұсынылған жобасында «Қазак Республикасы» деген жазылған-ды. Бір айдан кейін «Қазақстан Республикасы» боп шыға келді. Бір ай – Конституция кабылдау үшін тым аз мерзім. Сол жылы «Қазақ әдебиетіне» шықкан мақаламда мен: «Біздің ойымызша, Конституция жобасындағы негізгі нұксан – республика атына ие болып отырған казақ халқының ұлттық рухы мен мұратының сезілмеуі. Мұны оның кіріспесінің өзінен байқауға болады. «Біз, казақ халқы және Қазақстандағы барша халықтар...» деген жазуға жүрексінсек, былайғы кезде де «Ұлттық» деген енсе көтеруіміз екіталаі болмак. Конституция жобасын жасаушы авторлар «казақ халқы» деген тіркесті мүлде колданыстан шыгаруды көзделгені байқалады. Фасырлар бойы аңсап келген тәуелсіздігімізді алдық па деген кезде ұлттымыздың атын анық етіп айтуға әлдекімдерден сескенсек, азаттығымыздың құны не болмак? Ай-құннің аманында халқымыздың төл атын жоғалтудың ар-ұят, обалын кім мойнына алады? Жобаның алғашқы нұсқасындағы «Қазак Республикасы» деген тіркестен үрейленудің қандай негізі бар еді? Қазақ халқының түлкілікті мұддесіне астамшылық жасаудың бұдан соракы көрінісін табу қын-ак...» – деген жазғанмын.

Жағдай әлі де сол калпында калып отыр. Қазір біреу-

міреу: «Сендер неге казак мемлекеттілігін құрамыз деген айтасындар? Конституция бойынша қазақ халқы деген жок, Қазақстан халқы ғана бар», – деген сотка шағымданса, жеңіп кетуі әбден мүмкін. Міне, біз өзімізді-өзіміз осылай қолдан сорлатып қойғанбыз. Тіл, діл, дінге қатысты құрмеуі көп күрделі мәселенің бәрі дерлік осыдан туындейды. Бірақ, Конституция – Құран емес қой. Оған уақыттың өзі тарап етіп отырған өзгерістерді неге енгізбеске? Біз тұбінде еліміздің сол төл атауын қайтып алуымыз керек. Әзірге Қазақстандағы ұлттық диаспоралар да бір, казақ та бір бол түр. «Термин» дегеннен шығады, «қөпұлтты Қазақстан» деген сөздің өзі кате. Қазақстан көпұлтты мемлекет емес. Біздің елде бір-ак ұлт бар, ол – казақ. Қалғандары – диаспоралар және этникалық топтар. Мұны тарихшы, зангер, философ ғалымдардың бәрі де мойындейды, бірақ, Президентке ашып айтуға батпайды. Қазақстанға Сібірден 20 чукча, 50 звенкі келсе болды, ұлттар бол шыға келе ме? Олар – этникалық топтар ғой. "Бізде қазір 120 ұлт тұрады" деген жүргеніміз – кате. Мұны ашып айтып көрсетсек, ешкім де ренжімейді. Саны жағынан елімізде қазақтан кейінгі екінші орынды алып отырған орыстар да өкпелемейді. Өйткені, адал орыстар қазақ мемлекеттігінің нығаюына қарсы емес (шовинистер мен экстремистер тұралы әнгіме өз алдына). Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы Жоғарғы кеңестердің бірінде бізге орыстардың көмегі өте көп тиді. Біздің кейбір депутаттар «Кім не деген қалады?» дегендір етіп, жалтактан отырғанда, Семей жактан сайланған Княгинин деген депутаттың «Біз, казақстандық орыстар, казақтардың фасырлар бойы езілген еңсесін қайта тікtenуіне көмектесуіміз керек және соған дайынбыз», – деген сөйлеп, талай даулы жанжалдың бетін бері қараткан кездері болды.

### «Ән айтып, би билеу – саясат емес»

– Сонда сіз жақын уақытта Конституцияга осындағы өзгерістер енгізу мүмкін деген ойлайсыз да?

– Эбден мүмкін. «Халық қаласа, хан түйесін сояды» деген... Бізде Қазакстан халықтары Ассамблеясы бар. Ғылыми жағынан бұл атаудың да келісіп тұрғаны шамалы. Дұрысы – Қазакстандағы ұлттық диаспоралар мен этникалық топтардың Ассамблеясы болуы керек. «Терминнен шатасу – бар шатактың басы» деген сөздің мәнін осы кезде туспінесіз.

Бізде сонау патшалық Ресейге бағынышты бол қалған кеzenнен бері қеудемізге әбден орнығып алған бір үрей бар. Содан ба, казак қазір өзін үй иесі, мемлекет иесі ретінде толық сезіне алмай отыр. Биліктө «осыны сезіндірейін» деген ниет те жок.

– *Әлгі үрей кімдердің бойында молырақ деп ойлайсыз? Халықтың ба, әлде...*

– Халықтың емес, билік басындағылардың бойында басымырақ. Өйткені, негізгі жалтактаушылар солар ғой. Бұрын болса болған шығар, дәл қазір біздің ештенеден үрейленетін жөніміз жок. Қисын жағынан болсын, заң жағынан болсын әділет біздің жакта. Көрші елдермен салыстырып қарайық. Мәселен, Ресей – нағыз көпүлтты ел. Онын құрамына бірнеше ұлт өзінің тарихи жерімен, атамекенімен бірге еніп отыр. Қазакстан – тек қазактың ғана мекені. Кейінгі екі-үш ғасырда келіп коныстанған орыстың өзі – бұл жердің аборигені емес. Сол көпүлтты Ресей ешкімнің алдында именшектеп отырған жок... Ол елде біздің де диаспорамыз бар. Кейбір өнірлерінде, мәселен, Астрахан, Волгоград, Орынбор, Омбы облыстарында қазактардың үлес салмағы әжептеуір. Солардың біреуінде қазак мектебі, қазак басылымы, радио немесе телеарнасы бар ма? Болса, бірен-саран шығар, болмаса ол да жок. «Неге бұлай?» деп жаткан біздің Үкімет те көрінбейді. Былтыр Қазақстанның Ресейдегі жылы болды, биыл Ресейдің Қазакстандағы жылы аяқталып келеді. Осы екі жылда не істелінді? Ән айтып, би билегеннен басқа не шаруа тыныштырды? Ресейдегі бауырларымызға біздің кітаптар, басылымдар баратын болды ма, сол бағытта талпыныстар жасалды ма? Қазақстанда керісінше, Ресейдің басылымдары

мен кітаптары толып тұр, тіпті, олардың арасынан өз кітабымызды таба алмай қаламыз.

Орыс әдебиетін Абайдан артық насиҳаттаган адам жок. Мәскеуде немесе Ресейдің басқа қалаларында Абайдың ескерткіші бар ма? Орыс патшалығына Шоқаннан артық еңбек сінір-ген шығыс ғалымы және жок. Шоқанның ескерткіші бар ма Ресейдің бір шаһарында? Ол елде біздің миллионға жуық диаспорамыз бар. «Соларға жағдай жаса» деп шарт қойып отырмыз ба?

Немесе Иранды алыныз. Иранда 60-70 миллион халық бар. Соның жартысы ғана парсы тілді. Бірақ, халықтың барлығы парсы тілінде сөйлейді. Иранда 19-20 миллиондай түркілер тұрады (түркімендер, әзербайжандар, т.б.). Бұлардың газет – журналдары да жок (болса да, аймақтық деңгейде). Сонда да ешқайсысы дау шығармайды, өйткені, мемлекет – парсынікі. Салт-дәстүрін ұстанса, өз үйінде ұстанатын шығар, бірақ, көшеде, қоғамдық орындары барлығы парсыша жүреді.

Этникалық құрамы жағынан құрделі елдердің бәрінде де жағдай осындай – басымдық негізгі ұлтка беріледі де, қалған жұрт соның маңына топтасады және занына бағынады. Тек Қазакстанда ғана олай емес. Біздегі біржакты тенгермешіл саясаттың салдарынан қазір 9 миллион казақ та бір, 50 мың құрл тे бір болып тұр. Жарайды, еліміздегі этникалық топтардың кейбір мұқтаждықтарына назар аудармай отыра алмаймыз, оған келісейік. Бірақ, оның бәріне мектеп ашып беру, бәрін басылыммен қамтамасыз ету мүмкін емес. Олардың бәрінін тарихи Отандары бар: орыстың Ресейі, украинның Украинасы, немістің Германиясы, өзбектің Өзбекстани, көрістің Кореясы бар.

Диаспораның бәрінен бірдей қамкорлық көрсетіп, қазақпен катарап алпештейміз деу – иллюзия. Соған үмтұламыз деп, біз қазактың өзін шетқақтай етеміз. Биліктін айтатын сүйікті сөзі бар: «Біз Қазақстанда тыныштықты, ұлтаралық татулықты сақтап отырмыз», – деген. Тіпті де олай емес. Елдегі тыныштық – қазақ халқының кенпейіллілігінің аркасында

мүмкін болып отырған жағдай. Бұған билік титтей де енбек сініріп отырған жок. Елдегі ұлтаралық татулыққа казактың мұддесін кейінге ысыра тұрудың есебінен және соған казактың көнбістік танытуынан қол жетіп отыр. Есесіне, тәуелсіздік алғалы бері казактың ұлттық позициясы алға басқан жок, қайта кері кетіп барады.

— Оңтүстіктерге көрийміз де «Өзбек Республикасы» емес, «Өзбекстан Республикасы» деп аталады гой. Сонда да өз елінде өзі қожса, өзі би. Бәлкім, мәселе атауда емес шыгар?..

— Біздің олардан ерекшелігіміз бар. Өзбекстанда өзбектер 80%, Тәжікістанда тәжіктер 85%, Түркіменстанда жергілікті ұлт, тіпті 90%-ға таяу. Сіз қазақты олармен салыстырманыз. Егер өз жерінде 80% болса, онда кез келген ұлттық мәселе оңай шешіледі. Біздің тап іргемізде кеше ғана дүниенің жартысын билеуге үмтүлған, қазір де ол ииетінен айни коймаған мемлекет отыр. Бірнеше ғасыр бойы қазактың миына сініп кеткен, қазір де үстемдігін сақтап отырған белсенді тілмен біз қазіргі жағдайда екі дүниеде тенесе алмаймыз. Сондықтан, Конституциядағы қателіктерді жөндеудін еш кештігі жок. Жаңадан мемлекет орнатып жатқан кезде бәрін ескере беру киын гой, бірақ, арада біраз уақыт өтті, ұлттық мәселе тұрғысында біз кері шегініп бара жатырмыз. Демек, бізге сондай түбекейлі өзгерістер керек.

— Сіз мемлекеттің атауын «Қазақ Республикасы» етіп қайта қалыптастыру керек дейсіз. Президент, керісінше, бізден «қазақстандық ұлт» жасағысы келіп жүр гой...

— «Кез келген мәселенің ғылыми негізі болу керек, ғылыммен санасу керек, терминнің мәнін түсіну қажет», — деп бағана неге айттым? Ғылыммен санаспаудың салдары бұл да. Қазақстандық ұлт деген – теориялық жағынан да, тәжірибелік тұрғыдан да болмайтын іс. Сіз бүкіл әлеммен жиылып келіп, ұлттық мемлекет күрган еврей ұлтының біздегі диаспорасы еврейлігінен ажырап, "казақстандық" болғысы келеді дегенге сенесіз бе? 150 миллион орыстың осындағы шашырандылары өзінің орыс атын тастап, «қазақстандық» бола қалады дейсіз бе?

— Алайда, Президент айтқан идеяны қос қолын көтеріп қолдаушылар – өзірге осы өзге үлт өкілдері болып тұр емес не?..

— Күнкөріс үшін айта береді де. Әйтпесе, «қазақстандық ұлт» дегенинің бос әнгіме екенін олар бізден жақсы біледі. Қазақстан – олар үшін өте колайлы ел, тегеурінді ұлттық саясаттың жоқтығынан емін-еркін өз тілінде наан тауып жейді, бұл жерде өзін бөтен сезінбейді. Ертең шынымен «қазақстандық ұлт» идеясы жүзеге аса калған құннің өзінде, мұның оларға еш зияны тимейді, өйткені, ондай жағдайда «қазақстандық ұлт» өкілдері тек бір ғана тілде – орыс тілінде сөйлейтін болады. Осының бәрін біле тұра осы идеяны қолдамайтында олар акымақ емес. Менінше, билік бұл идеяны «америкалық моделіне» сүйеніп алып отырған сияқты. АҚШ – эмигранттардың елі ғой, оның ішінде ағылшын да, француз да, голланд та, неміс те, италиян да, ирланд та бар. Сан жағынан басымырақ болған сон, ағылшындардың тілі үстем болған. Эр ұлт өз отбасында ана тілін қолдана беретін болғанымен, бүкіл қоғамдық өмір ағылшын тілінде жүреді. Орыстардың диаспорасы да біршама болып қалыпты, қайсыбір жылы барғанда байқады. Аталған жүрттардың ешқайсысы сол жердің аборигендері емес, бәрі де шаруа істеп, наан тауып, баю үшін барғандар. Ұлыбритания, Франция, Германия – міне, нағыз ұлттық-демократиялық мемлекеттер. Үлгіні біз солардан алдыымыз керек. Олар өз тарихына, тіліне, мәдениетіне қатты мән береді, жас үрпакқа соның бәрін тереңдетіп оқытады. Біздің бір де бір басшымыздың аузынан «ұлттық-демократиялық мемлекет құрайық» деген сөз шықпайды, керісінше, «азаматтық қоғам орнатамыз» дейді. Азаматтық қоғам – әлгі АҚШ-тың моделі. Америкал罢了тар – техниканы шебер менгерген, қалай мол ақша тауып, оны тиімді пайдаланудың жолын білетін бизнесші ұлт, бірақ өзінін өткен тарихымен, әдебиетімен жұмысы жок. «Шекспирді білесіз бе?», – деп біреуінен сұрап едім, арғы тегі ағылшын болған сон ба, «білмеймін» деуге үяды, бірақ таратып та айтып бере

алмады. Азаматтық қоғам деген, міне, осы – оның адамдарының қарны ток, уайымы жок болса болды, басқаға мойын бұрмайды.

Демек, АҚШ-тың мысалы бізге үлгі болуға жарамайды. Азаматтық қоғам – космополиттік қоғам. Қазактың үш мыңжылдық тарихы бар, өзінің атамекені, жері бар. Неге біз азаматтық қоғам орнатуымыз керек? Азаматтық қоғам – сол жердің түпкілікті иесін жойғанда барып кол жететін нәрсе. АҚШ-ка барғанда мен сол елдің аборигендері – үндістерді іздең, әдейі резервацияларды араладым. Америка – бай ел ғой, қаша резервация дегенмен, қарны аш, киімі жыртық ешкімді көрмедім. Өздерімен сөйлестім, мейрамдарына да катыстым, сондағы байқағаным – үндістер ана тілін ұмытыпты. Атабабасы туралы әнгіме қозғалса, көздерінен жас мөлт-мөлт тамады: «Осы токтықтың, осы байлықтың бізге не керегі бар еді, өз ұлттық ерекшелігімізді сақтай алмаған сон?» – дейді. Осыдан бірнеше жыл бұрын ана тілін білетін сонғы үндіс кайтыс болыпты, енді бұларда ұлт ретінде ешқандай болашақ жок. Мына Аляска жағында өз тілінде сөйлейтіндер әлі де бар көрінеді, алайда олардың өзі аса көп болмаса керек. Латын Америкасындағы үндістердің ахуалы сан жағынан да, ұлттық ерекшеліктері жағынан да біршама ілгері деседі, рас та шығар, бірақ АҚШ-тағы үндістердің құні санауды. Ен болмаса, бастауыш мектебі де жок, балалар үндісше бір де бір сез білмейді, бәрі ағылшынша оқиды. Рас, Америкада бізге үлгі боларлық нәрсе аз емес. Техникаға, бизнеске бейімділік, ұқыптылық, іскерлік, алға койған максатына жетпей тынбайтын табандылық – бәрі де үйренетін жаксы касиеттер. Бірақ, мемлекеттік құрылым, ұлттық саясат, қоғамдық өмір тұрғысынан оларға көзсіз еліктей беруге болмайды.

– Осы «азаматтық қоғам», «қазақстандық ұлт» деген бастамаларды Президентке біреулер тықындауы мүмкін деп ойлайсыз ба? Жоңе олар кім болуы мүмкін?

– Мемлекеттің аты «Қазақ Республикасы» болмайынша, следін барша жүртшылық казак халқының төнірегіне ұйыс-

пайынша, келешегіміз күнгірт болмак. «Бәрін бірдей көреміз» деген тенгермешілік бір құні болмаса бір құні сыр береді, өйткені, оның тамырында ғылыми негіз жок. Кез келген елде негізгі ұлт болады және басқа диаспоралар соның маңына топтасады, сөйтіп, оның ұлттық мемлекет құруына жәрдемдеседі.

Қазір Қазакстанда казак 57%-дан асты. Бұған коса тілі ұксас, бізben аудармашысыз-ақ түсініce беретін 1 миллионнан астам түркі жұрты бар (татар, үйғыр, өзбек, тағысын тағылар). Олар қазак тілін жақсы біледі және бізге бөтен ниетте емес. Егер осының бәрін есепке алсак, біз 60%-дан асып, 70%-ға жақындағы қаламыз. Бірақ, осыған саналы түрде мемлекеттік қолдау керек. Тілді де, сананы да бекітетін – мемлекет. «Мен қағазға жазып қойдым ғой, енді әрі қарай өздерін білесіндер», – деген әнгіме болмайды, мемлекет осының бәрін үйымдастырушы құш болуы керек. «Өзінен-өзі тенесе береді» деу – кате, өйткені, біз ғасырлар бойы езгіден жасып қалған ұлттыз. 1937 жылы қазақтың данышпан ойшылдары атылғаннан кейін орыстандыру саясаты бұрынғы бүркемелеуді койып, біржола ашық кетті. 40-жылдардың баспасөзінде «орыс тілін білмеу біздің дамуымызға үлкен кедерігі келтіріп жатыр» деген мақалалар шығатын. «Коммунизмге барам десендер, орыс тілін үйреніндер» деп 50-жылдары Хрущев жар салумен болды. Откен ғасырдың 50-80 жылдары аралығында 1 мың қазақ мектебі жабылды!..

Яғни, «Озбекстанда олай ғой, Тәжікстанда былай ғой» деп, бізді олармен салыстырудың еш кисыны жок. Қазақ кашан өз жерінде 80%-дан асады, сол кезде «Қазақстан Республикасы» деген атаудан корықпауға болады. Біздің саямызызды көбейтетін қайнар көздің бірі – оралмандар. Бірақ, көші-қон үрдісінің казіргі қарқынмен оларды біз жұз жылда да түгел көшіріп ала алмаймыз. Ұлттық алтын-валюта корының ақшасын пайдалана ма, әйтеуір каржы көзін тауып, сырттағы қандастарымызды көптеп алып келудің жолын карастыру керек. Қазақтың санын көбейтуден, оралмандарды оралтудан акша аяудың қажеті жок. Ұлттың осындай

қажеттіліктеріне жұмсауға қимаған қаржыны кімге сактаймыз? Ол казактар шетелге курортқа кеткен жок, қын-қыстау заманда бас сауғалап, жәбір-жапа көріп кетті ғой.

Казір Президент туралы неше түрлі алып қашпа әңгімелер айтылып жүр. Мен олардын бәріне бірдей сене бермеймін. Бірак, «Қазак-гейт» дейді, анау дейді, мынау дейді, соның бәріне мында бір дауа жауап – сырттағы қазактарды Отанга оралту болар еді деп ойлаймын. Осы бір ұлы шаруаны шашырап, сансырап жүрген барша казактын басын косып шашырап, қын-қыстау заманда бас сауғалап, жәбір-жапа көріп кетті ғой. Нұрсұлтан бауырыма ешқандай кінә тақпас еді.

Ұлттын санын қөбейтуін тағы бір жолы – елімізде қышиқ тілдес ұлыс өкілдері жетерлік. Қарақалпактар, алтайлықтар, ногайлар, қарашибайлар... Кейбіреулері ешкім айтпастан өзі-ак «қазак» бол жазылып алған. Жазылмағандардың өзі «казак» болуга қарсы емес. Бізде шын мәнінде ұлттық саясат болатын болса, осының бәрін ыншының реттеуге болар еді. Өзбекстан өз құрамындағы түркі және парсы тілдес ұлт шашырандыларының есебінен өзінің жаңе парсын қөбейтуі алған жок па? Бұл да – ұлттық саясат. Бұдан санын қөбейтіп алған жок па? Бұл да – ұлттық саясат. Бұдан шығатын корытынды – бізде ұлттық дамудың бағдарламасы жок. Соны жасауға мемлекет ниет білдірсе, бізде теоретиктер де, зангерлер де, бәрі табылады. Ондай бағдарлама болмаса, біз жаһандану деген жалмауыздың аузына бірінші болып жүртқа жұтылып кетеміз.

– *Казір «Мәдени мұра» бағдарламасы жасалып, жүзеге аса бастады емес не?..*

– Кітап шыгару керек, энциклопедиялар жасау керек, ес-керткіштерді жөндеу керек. Жарайды, кітап шықсын, энциклопедия жарық көрсін, мұражайлар жөндесін. Ау, әуелі соларды оқитын, көретін, қызығатын, сол тілді білетін адам керек емес де? Мұның бәрі науқанмен, шерумен шешілтін мәселе емес. Енді бір он жылдан кейін мына Қытайдағы қандастарымыздың

канша бөлігі ассимиляцияға ұшырап, қытайланып кететінін бір Құдайдың өзі білсін. Оралмандардың мәселесі де ұлттық даму бағдарламасында көрініс табуы және накты жоспарлануы тиіс. Адам сияқты жағдай жасау болмағандықтан, қайбер жылы Көкшетау жаққа Монголиядан кеп коныстанган 90 шакты үй кайтадан қөшіп кеткен жок па? Солар «алтыннан сарай соғып бер» деп талаң койды дейсіз бе? Олармен адамша сейлесу, жағдайын түсіну жетпейді. Бүкіл малынан айырылып, шекарадан әрен өтіп келген бауырларға қарапайым камкорлық кана керек еді. Олар біз сияқты орысша үйренбекен, шашыратпай бір жерге жайғастыру керек еді. Солар қөшіп кеткен кезде бір басшымыздың өкініш білдіргенін, «қап, үят болды-ау!» дегенін естімедім. «Келсе келсін, келмесе қойсын» деген немікүрайды қөзқарас басым сияқты.

60-жылдардың басында Қытайдан келген оралмандар қалай орналасы? Екі айдың ішінде бәрін жайғастырды емес пе? Солар қазакка үлкен үлес бол косылды, сол оралмандардан тараған үрпак бүгін миллионнан асты. Сырттан келген қандасқа казактың өзінің қөзімен карау керек. Басқа біреумен ақылдастан тірлік тірлік болмайды. Ол, бәрібір, бұл мәселеге басқаша қарайды.

### «Бір жазушы айтып қалып...»

– Еліміздегі алғашқы «Тіл туралы» заңның қабылданғанына биыл 15 жыл болды. Одан кейін де қанша маңызды дүниеге келді. Алайда, алға басқан ахуалды коре алмай отырмыз...

– Рас, тәуелсіздік алған 90-жылдардың басында «2000 жылға дейін бүкіл іс қағаздарын жүргізу мемлекеттік тілге көшірілуі тиіс» деген мақсатты жұмыс болды. Сол кезде өзге ұлт өкілдері де сол занды орындауға тырысты, казакша үйренуге талпынды, базаларын казак мектебіне апарды. Сөйтіп жүргенде, Министрлер Қенесінің төрағасы бол Ұзакбай Қараманов келді де: «Бұл мәселені шешуге әлі ертелеу», – деп

Үкіметтің қаулысын бұзды да жіберді. Тәп-тәуір басталған іс қожырап сала берді. Кейін өзгелер казак шенеуніктерінің бұл солқылдақ мінезін жақсы біліп алды да, Үкімет қайтадан қазакшаға бет бұра бастаса бітті, байбалам салатынды шығарды. Билік бұл істе еш табандылық көрсете алмады. Сосын мемлекеттік тіл комитеті құрылды, бірақ, оның колында не қаражат, не пәрмен болған жок. Осылай екі гасыр бойы аяққа тапталып, шетқакпай боп қалған тілді қалай тірілтесін? Мениң айтатыным: тілді тірілтем десе де, мемлекет тірілтеді, өлтірем десе де, мемлекет өлтіреді. Халықтың еш жазығы жок. Мемлекет қазак тіліне көніл бөлмегеннен, қазір жүрт қайтадан балаларын орыс мектебіне бере бастады. Тіл комитетіне министрліктерден талаң ететін пәрмен беру керек. Қазір оның сезін кім тындайды. Бұл да ұлттық даму бағдарламасының жоктығына барып тіреледі.

«Конституцияға «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деп жазып койдық қой, енді не дейсіндер?» деген көзқарас бар. Жазып қойғанмен ештең шықпайды, оны іске асыратын механизм жасалмаған. Бұл – бір. Екіншіден, әлгі жалғыз жаланаң тармактың күшін табан астында құртып тұрган тағы бір тармак бар: «Мемлекеттік құрылымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі мемлекеттік тілмен ресми түрде тең қолданылады», – дейді. Бұл – әлгі бірінші тармактың адымын аштырмайтын тұсаудын нак өзі. Қазақ тілі каншалықты бай тіл болса да, бұл тармакты жоймайынша, орыс тілімен ешқашан тенесе алмайды, өйткені, орыс тілі – БҰҰ-ның алты тілінің бірі, 150 миллион халықтың тілі, бірнеше гасырлық тарихы бар алып империяның тілі. Сондыктан, біз «тең қолданылады» деген тармакты мүлде алып тастауымыз керек. Эйтпесе, осы батпақтағанымыз – батпақтаған.

- Конституция жобасын талқыладан кезде оғл Жасеба ескерілмеген бе, сонда?

- Эй, шырағым-ай, соны қазакпен біреу ақылдасты жасады ғой дейсін бе? Ойна келді, жаза салды да... Дегенмен,

тұра тұр, бір басқосудың болғаны есімде... 1995 жылы қазіргі Конституция кабылданардан бірер ай бұрын вице-президент Ерік Асанбаев кабинетіне 10-15 ғалымды, жазушыларды шақырып, мәжіліс өткізді. Арасында мен де болдым. Асанбаев: «Мына орыстар жағы орыс тілін ресми тіл етсек дег үсыныс білдіріп жатыр, соған сіздердің көзқарастарынызды білсек...» – деді. Манаш Қозыбаев, Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов бастаған ғалым-жазушының бәрі қарсы болды. Тек бір атақты жазушығана...

-Kiu?

— Енді... қазақ өкпешіл ғой... атын атамай-ақ қойсам...

— Өкпелейтін ештеңесі жоқ қой, ага. Рас болған оқиға болса, несіне өкпелейді?

— Жарайды, айтайын. Ол — Әбдіжәміл Нұрпейісов. Отырып-отырып, елдің бәрі айтып болғаннан кейін: «Орыс тіліне ондай мәртебе беруге де болады ғой», — деп қалғаны. Содан бәріміз кайта сейлем: «Ойбай-ау, бұл не дегеніңіз?» — деп шулай жөнелдік. Әбдіжәміл шығып кетті. Сонымен, мәжіліс бітті. Кейін Назарбаевқа хабарлаған болу керек, «Зиялыштарымыздың пікірі бірауызды емес, олар да дүдемал тәрізді», — деген шығар, сейтіп, қабылданып кетті ғой. Әйтпесе, Асанбаевтың алдына жиналғандардың 99,9 пайызы «орыс тілі ресми тіл болса, онсыз да жаныштып жатқан қазак тілін одан сайын жаныштай түседі» деп зар қақсаған-ды.

## **Хазар қаганаты неге құлады?**

— Қайбір жылды татарлар ислам дінінің Еділ бойына келгеніне 1150 жыл толғанын атап өтті. Казақтың мұсылман болғанына одан да көп үақыт өтті емес не? Біз неге сондай даталарды ескермейміз?

— Біз қазір «мұсылман еліміз» деп айтудың өзіне қорқып отырған жокпыш ба? Оның үстінен, үлттық идеялар жоқ болғаннан кейін, халықтың санасынан мұндай жайттар біртіндең өшे береді. Әйтпесе, әл-Фараби заманынан есептегеннің өзіне

қазактын мұсылман болғанына 1200 жылдан асып кетті. Мұны ешкім айта алмайды. Әбден коянжүрек боп қалған ғой. 1920-жылдары Түркістан Республикасының басшысы Нәзір Төрекұлов болды. Араб, парсы, тұркі тілдерін менгерген керемет білімді адам болған. Сол кісі демалыс күнін өз Жарлығымен жұмаға ауыстырған. «Кенес үкіметінің адамы емессін бе, мұның не?» – дегендеге: «Кенес әкіметіне қызмет етіп жүрмін, бірақ, бұл – мұсылмандың дәстүрі, оның қандай қайшылығы бар?» – деген. Құран айттын үш күнін демалыс етіп жариялаған. Халықтын өз дінін ұстауының ешбір айбы жок. Христиандар ұстанады, иудей ұстанады, біз олардың ішкі ісіне кіріспейміз ғой. Біз – мұсылман еліміз. Егер мұны мойындаудан үрейіміз ұшып кететін болса, оған православ дінін қосақтап айтуымызға болар. Елде казақтан кейінгі саны көбірек жұрт – орыс қой. Бізге келгеніне 200-250 жыл болды. Міне, осы екі дінді елдің негізгі діндері деп жарияладап, қалғанына белгілі бір дәрежеде шектеу қоюға болмай ма? Өмірі қазақ жеріне аяқ басып көрмеген алуан түрлі секталар сонғы он жылда қантап кетті. Оларды тайрандатып койған – тағы да өзіміз. 1995 жылы асығыс қабылданған Конституция оларға да данғыл жол ашып койды. 5-бапта басы артық мынадай тармак бар: «Шетелдік бірлестіктердің республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ, шетелдік діни орталықтардың республикадағы діни бірлестіктері басшыларын тағайындауды республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады». Әлгі: «Әр адамның ар-ождан бостандығы сакталады», – деген нақты сөйлемнен кейін мынадай солқылдақ тармактын не керегі бар еді? Конституция дейтін құжатқа лайықты тармак па бұл? Миссионерлердің сүйенетіні – осы ғой. Олар Әділет министрлігіне барады да, оп-онай тіркеле береді. Серіз адам ба, он адам ба, бірлесіп: «Біз осындай ағымды ұстанамыз, бізді бөлек конфессия ретінде тіркеуінізді отінеміз», – десе болды, біздін жергілікті әкіметімізде қайсібір ес бар, тіркей салалы. Осы тармакты алып тастау туралы Президентке арнағы хат жаздым. Бірақ.

нәтиже болмады.

Қазір миссионерлер көшені койып, үйімізге келетінді шығарды. Казакстан – ешқандай діні болмаган айдала емес қой. Бұл жерде де атам заманнан өз діні дамыған, қалыптасқан. Енді біреудің сырттан келіп: «Ол дінді қой да, мынаган көш», – деп үгіттеуіне неге жол береміз? Біздің біріміздің карнымыз аш шығар, біріміздің киіміміз бүтін емес шығар, басқа да мұқтаждықтарымыз бар шығар, бірақ, неге миссионерлердің сол осалдықтарымызды пайдалануына жол ашып койып отырмыз? Атасы – мұсылман, баласы – баптист, келіні – кришнайт бол жатса, ол отбасыдан ertен ештепе қалмайды, бордай тозады деген сөз. Жаһандануды ойлап тапқан жұрттың көктен тілеген космополиті біз бол шыға келеміз.

– Осыдан бірер жыл бұрын Астанада бүкіл діндер мен конфессиялардың басын қосқан жынын отті ғой. Соган қатай қарайсыз?

– Бүкіл діннің басын қосамын деу – күмәнді тірлік. Оның акыры үлкен киыншылықтарға апарып согады. Мәселен, тарихта Хазар қaganаты деген мемлекет болған. Еділдін бойында VII-X ғасырларда өмір сүрген. Тілі тұркі. Кезінде Византия империясымен, Араб халифатымен терезесі тен, үлкен мемлекет болған. Құндердің күнінде сол елдің бір басшысы: «Барлық діндерді тенестіремін, олардың бір елде бірдей деңгейде өмір сүре алатынын дәлелдеймін», – деп, өз қаласына мұсылман мешітін, христиан шіркеуін, иудей синагогасын, будда пагодасын, бәрін-бәрін салдырып, халықты әр дінге үгіттей берген. Бірақ, бұдан хазар елінің бірлігі күшемеген, керісінше, араға жік түскен. Сөйтіп, бір тілде – хазар тілінде сөйлегенімен, әр дінге бөлініп кеткен халық наным-сенім көзқарасы тұрғысынан ыдырап, іштей іри берген. Өйткені, әр діннің өз философиясы, ырым-жоралғысы, салт-дәстүрі, тәлім тәрбиесі бар ғой. Ақыры, X ғасырда Киевтің Святослав деген князі тұтқылдан кеп бас салғанда, Хазария түк серпе де алмай қалған. Халық бірлесіп, ортак жауға карсы шығудың орнына, әрқайсысы өз діндерін ғана

қорғап, бас саугалап кашқан. Сөйтіп, дүрілдеп тұрған Хазария ішкі ырың-жырының кесірінен көзді ашып-жұмғанша жок болған. Хазарлардың христиан бөлігі кейін славяндарға косылды, иудей бөлігі Қырымға кетті, түркі-мұсылмандары Кавказ халықтарының құрамына енді, әйтеуір, тоз-тозы шыкты. Қазір түркі тілдес қарайым деген азғана ұлт бар ғой, хазарлардан қалған соңғы тұяқ – солар. Яғни, көп дінділікті насиҳаттаудың керегі жок. Діннің бәрін тенестіру – ешбір императордың қолынан келетін шаруа емес. Астанаға келгендердің бәрі басын изеп, «дұрыс» деп кетіп жатқан шығар, олардың әрқайсысы өз нанымын бәрібір өзгеден биік қояды. «Астанада әлгіндей бір жиналыс болды екен» деп, бәрі өз-өзінен басыла қояды деймісін? Сендердің газеттеріннен оқыдым, «Электрлендіру бітті, енді евенгелиендіру басталды!» деген мақаланы. Не деген сұмдық: «Қазак жастарын пәленбайыншы жылға дейін түгел шоқындырып бітуіміз керек!» – деп жоспар құрып, оған каншама миллион доллар акша жұмсаپ отыр. Әркімнін көнілін табуга тырысканша, осынын алдын алу керек емес пе?

Халықтар достығы деген дұрыс. Бірақ ол қолдан тентермешілдік жасаумен, қазактың даласына табаны тиіп көрмеген жат діни ағымдарды Сарыарқада сайрандатып қоюмен емес, адал демократиялық жолмен іске асырылуы тиіс.

### «№1 ұлтшыл»

– Жақында Президент зиялты оқілдерін қабылдауды. Арасында сіз болмағыңыз...

– Мен қазір Алматыда емесін ғой. Түркістандамын. Сондыктан, тізім жасайтындардың есебінде де, есінде де болмаган шығармын.

– Сізді неге қоспаған?

– Мен кайдан білейін? Білік қуған, бірдене дәметкен адам емесін. 50 жылдан бері айтын келе жатканым – ұлттың әнгімесі. Сондай әнгімелерді көп айтады деп шақырмаган

шығар...

– Сіздің қазақ баспасөзінде ұлт мәселесін бірінші көтерген адамдардың бірі деп те айтады...

– Сендер сыпайылап отырсындар ғой, тіп, «№1 ұлтшыл» деп те атаган. «Жап-жас болып алып, Байтұрсыновтардың ескішіл идеяларын қайталайды», – деп жазғырды. Ол кезде, яғни 50-жылдары біз Байтұрсыновтың аты-жөнін естігендеміз болмаса, бір сөзін де оқымағанбыз. 20-жылдары көтерілген идеялар аяусыз басып-жанышылды, бізге дұрыстап жеткен де жоқ. Бірақ, езілген ұлттың ішкі наразылығы сәт сайын буырканың шығып отыратынын байқағаным, біз 50-жылдары сол Ахмет, Мағжандардың ойын қайталаптыз. Енді казір «Жас Алаш» бастаған бүтінгі баспасөз қайта көтеріп жатыр. Демек, бұл – ұлттың генінде бар нәрсе. Халықтың болашағына қалай қауіп төне бастайды, сол кезде бойдағы әлгі сактану сезімі қайта бас көтереді.

– Сол заманда ұлттық тарихты жасауға татынған Бекмахановты коре алдыңыз ба?

– Көрдім. Кенесары козғалысын терендей қопарып, кітап жазды ғой. Үлкен жаналық болды. 50-жылдардың бас кезінде сол үшін сottалып кетті. Өуелі ол еңбегі үшін мактау естіді. Кейін сол мактағанның бәрі қайтадан қаралап шыға келді.

– Неге?

– Ол кездін саясаты өте құбылмалы еді ғой. Мысал үшін, 1943 жылы «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правдаға» тыл енбеккерлерінін майдандағы жауынгерлерге үндеуі жарияланды. Онда: «Жауды женип оралындар, елімізді қас дүшпанин азат етіндер, сендерді Едіге батырдын, Исарайдын, Кенесары мен Наурызбайдын рухы қолдасын!» – деп жазылды. Кейін соғыс бітті, саясат өзгеріп кетті. Бұрынғы хан, би, батырларымыздың бәрін «феодал», «басқыншы», «жыртқыш» деп. «халықтың қас жауы» атандырып жіберді. Бекмахановтың зергитеңі – Кенесары бастаған ұлт-азаттық козғалыс еді. 20 мын әскер ерткен ханның күресі он жылға созылған. Идеясы халықтың көкейінен шықпаса, жерінен

айырылған жұрт әбден ашынбаса, жайдан-жай 20 мын адам атқа қона ма? Соның шындығын жазған адам – Бекмаханов едіғой.

– Сіз Бекмаханов үстәлдік көткенен кейін оны қайтып көрген жоқсыз ба?

– Неге көрмейін, көрдім. 1956 жылы КОКП-ның ХХ съезі болды гой. Хрущев өзінен бұрынғы Сталинді жамандаймын деп, 1937 жылғы асыра сілтеуді абайламай айтып қойды. Сол кезден бастап жылымық болды, бұрын сottалғандар акталып, айдаудан қайтып оралды. Әркайсысы 25 жылға сottалған Бекмаханов та, Есмағамбет Ысмайылов та, Бұркіт Ыскаков та, Қажым Жұмалиев те, Қайым Мұхаметханов та акталды. Бірақ, шахтада, тағы басқа жерлерде ауыр жұмыс істеп, азап шеккендіктен бе, дені көпке ұзамай, қайтыс болды. «Алашордашыл» деп Мұхтар Әуезов те куғындалып, әүпіріммен әрәң аман қалған жок па? 1953 жылы казактың эпостары талқыға тусты. Сонда тек бір ғана эпос «іске жарамды» боп шыкты. Ол – «Қамбар батыр». Кенес үкіметтің адамдары «е, байғұс, ан аулап құн көрген екен, жарлы-жақыбайдың баласы-ау» деп, тек соны ғана оқытуға лайык деп шешті. Аң аулауды, саятшылықты казактың салтанат деп ұғатынын қайдан білсін...

– Үлт тұралы әңгіме қозғаган кездеріңіз өлгі жылымық тұсында гой сонда?

– Иә. Бөрін «бай-манап» деп, қазак туралы ауыз аштырмай қойған кез гой.

– *Бастаған кім болды?*

– Мактанды демендер, алғаш менін макалам жарық көрді. Мен ерлік жасайың дегенім жок, ішкі ширыгу өзі соған алып келді. «Қазак әдебиетінде» жұмыс істейтін кезім. Бас редактор Сыrbай Мәуленов: «КазПИ-де орыс тілін оқытуды күшетьту туралы конференция болып жатыр екен, содан макала жазып кел», – деп тапсырды. Бардым. Түгел тыннадым. Бірақ, келген соң, ештеңе жаза алмадым. Ақыры, ойланып-толғаның, ... казак тілі туралы макала жаздым да, редактор мен оның

орынбасары Жұбан Молдағалиев екеуіне алып кірдім. «Осылай да осылай, мен басқа нәрсе жазып келдім», «Неге?». «Сыр-аға, – дедім, – аспан да, жер де орыс тілін насиҳаттап жатыр, ол насиҳатка зәру емес. Елеусіз қалған тек қазак тілі екен...». Олар оқып шықты да, шошып кетті: «Мұнын басылмайды, – дейді. – 1925 жылдан бері мұндай макала басу қалған». Сосын Жұбагаң ойланып отырып: «Редколлегия мүшелеріне – Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановқа оқытайық, олар не дер екен», – деді. Әбүйір болғанда, екеуі де оқып шығып, «баса беріндер» депті. Мұхандардын арманы гой бұл, пәленбай жылдан бері өзі айта алмай жүрген! Айтқаны үшін көрмеген корлықты көрген! Сөйтіп, макалам «Ең үлкен мәдени байлық» деген атпен жарық көрді. Менін атағымды шығарған – осы макала. Одан кейін 1500 макала жазған адаммын, бірақ, ен ерекшесі сол. Ертеніне телефоннызыға тыным болмады, хат та қантап кетті. «Бізден де патриоттар шыға бастапты-ау, Құдай заманды онғарған екен» деп, барша қазак ағынан жарылып, пікір жаза бастады. Әрен шыдан жүрген халық қой! Тұрсынбек Көкішев, Мұхаметжан Қаратаев, Әуелбек Коныратбаев, бәрі қолдап макала жазды. Билік бірте-бірте шошиын деді. «Мыналад манып бара жатыр гой» деді ме, бұл бағыттағы жарияланымдарды күрт тыйып, «Қазақ әдебиеті» газеті туралы арнайы қаулы шығарды. Шапалакты берді. №1 үлтшыл – Бердібаев, сосын Көкішев, Қаратаев...». «Правда» газетінде, «Қазакстан коммунистінде» иттей ғып жамандады. Жұмыстан да, партиядан да шығарып жіберді. Бірақ, халық катты риза болды.

– *Біраздан бері Түркістандасыз. Алматыны сағынбаісyz ба?*

– Мен Түркістанға, тұған өніріме саналы түрде кеткен адаммын. Улкен университет ашылып жатқан соң, соның бір үйін көтерісейін деп бардым. Жас ғалымдарға дәріс оқимын. Әрине, тұрмыстық тұрғыдан келгенде онда Алматыдағыдан комфорт жок. Осыны айтқандарға мен: «Елдін бәрі бірдей салқын самалда жүре бере ме, біреулер омірдің киын жағында

да журуі керек шыгар?» деп әзілдеймін. Маган Алматыдан да жұмыс табылар еді. Бірақ, сондай себептермен барып қалдым. Оған өкінбеймін.

Мен үш-төрт стадиядан өттім. Әуелі қып-қызыл сыйны болдым. М.Қаратаев, С.Қирабаевтардың катарында. Сосын фольклорист болдым. М.Әуезов қайтыс бол кетті, Е.Ісмайылов қайтыс бол кетті, сөйтіп, мені академияның басшылары фольклор бөліміне ауыстырып койды. Фольклорды өзім бұрыннан жақсы көрүші едім. Бұл өзі бөлек ғылым еken. Фольклорист болғаннан кейін өзінен-өзін түркітанушы болады екенсін. Өйткені, бір халықта бар эпос баска түркі халықтарында да бар. Соның барін түсініп, зерттеуін керек. Сөйтіп, түрколог болдым. Осы салада да біраз кітабым шыкты. Бұған қоса елдегі оқигаларға үнемі үн косып жүремін деп публицист бол та кеттім.

— Заң қабылданғаты біраз уақыт өтсе де, жер туралы дау әлі толастар емес. Сіздің пікіріңіз қандай?

— Сапабек Әсіп деген жазушы бар. Қазак жерінің тарихын 15-20 жыл зерттеген адам. Соның мәліметі бойынша, Қазақстандағы ең шүрайлы жерлер – казақтың қолында емес. Ресей әуелі Жайықтың бойындағы шебі шүйгін, сулы, нұлы жерлерді алды. Сосын қара топыракты құнарлы жерлерге карашекпендерді – перселендерді, Ресей мен Украинаның әр аймағынан келген мұжыктарды орналастырды. Есіл мен Ертістің бойын, Жетісу жерін соларға берді. 1917 жылдарға қарай бірлі-жарым байлар, төрелер болмаса, казақтың қолында тәуір жер қалмады. Конаев дәүірінде Өзбекәлі Жәнібеков бастаған азаматтар Қазақстандағы ең артта қалған 70 ауданды, оның ішінде ахуалы ауырлау 30 ауданды бөліп алып, әбден зерттеді. Соларды суландырайык, нуландырайык, абаттандырайык деп мәселе көтерді. Бірақ, ол сол күйі орындалмай қалды. Әлгі 70 аудан – түгелдей казакы аудандар, шөл және шөлейт жерлер. Шебі сирек, сұы аңы, кей жерлерде мұлде ауыз су жок. Сапабектің айтатыны – әуелі ішкі миграция мәселеңін реттең, казақты тәуір жерлерге

коныстандырып алу керек. Мен осыны қолдаймын. Егер мемлекет әділдік жасағысы келсе, осыны іске асыру керек. Жер сату мәселесі – біз әбден өркениет көшіне ілесіп алғаннан кейін атқарыла беретін шаруа. Қазір казақ қай жерді сатып алады? Өзі шөлейтте, резервацияда отыр. Сапабек Әсіп: «Сол аудандарды занды түрде резервация деп мойындайық, ондағыларға көмек берейік, адам катарына косайық», – дейді гой. Оны кім тыңдады?

Қазақтың жерін әуелі түгел зерттеп, картага түсіру керек. Сосын одан қазақтың өзіне тиесілі сыбағасын алуын қадағалау қажет. Олардың көбі қазір жұмыссыз жүр. Бірақ, жалқаулығынан емес. «Қазақ жалқау» дегенге сенбендер. Жұмыс болса, казақ қазір жапырып істеуге дайын, тауып берсөн, одан тастай жабысып, айырылмайды. Сосын шетелдегі 4 миллион қазақтың үлесін неге ескермейміз? Олар азамат соғысы кезінде, ашаршылықта, 37-нің зұлматы кезінде азап көріп, амалсыздан кеткен жок па? Олардың да жерге құқығы болуы керек емес пе? Қазақ жерінің мәселесін казақ шешуі керек кой. Заң қабылданып кетті, ертен шеттегі казақ жұмындар келеді. Оларға не дейміз? Әлде оларды келтіру ойымызда жок па?

Жана Парламент осы жер туралы занға кайта оралуы керек. Бұл зан да, Конституция сиякты, өзгермейтін Құранның сөзі емес шыгар...

Әңгімелескендер: Сәкен Сыбанбай,  
Жанатбек Әшилжан, 2004.

## ҰЛТ МУДДЕСІН КӨЗДЕСЕК

— Рахманұт ага, түрік бірлігі, түрік тұстастығы жайлы жсій айтып жүргіз. Шын мөнінде, түрік бірлігі, түрік тұстастығы дегеніміз не?

— Еуразияның иен кеңістігін жайлаган жалпы саны 40-ка жуық түрік тілді ұлттар мен ұлыстар, этникалық топтар бар екені белгілі. Ұзак замандар бойында олардың өзара

байланысы жойылып, бір-бірінен алыстап кеткен. Мәселен, сахаларды алып қарайык. Орыстар олардың атын «якут» деп өзгертип жіберген. Солтүстік Шығыс Азияда тұратын сахалардың жер көлемі Қазакстаннан үлкен. Саха тілінің өте алыстап кету себебі өзге туыс түркі тілдерінен қарым-қатынасының мүдде үзіліп қалуына байланысты еді. Мұның есесіне саха тіліне эвенки, эвен, юкатир, чукчи, бурят сөздері көп косылған. Ал соңғы ұш-төрт ғасырда Ресей отаршылдығы салдарынан тіл құрамына мындаған орыс сөздері мен тіркестер енген. Сол себепті саха тілін қандай тілдердің тобына қосу жөнінде де түрліше пікір айтылып келген. Ақыр аяғында құрылышы жағынан түркі тілдеріне жақындығы дәлелденген. XIX ғасырда Якутияға жер аударылған поляк ғалымы Пекарский саха тілінің бірнеше томдық сөздігін жасап шыққан.

Менін бұл айтып отырғаным, туыс тілдердің бір-бірінен алыстап кетуінін мащақаты қалай болғанына мысал... Чуваштар да түркі халықтары тобына кіреді. Бірақ бұл тіл де соншалық бөгделеніп кеткен. Чуваш тіліне славян, угро-фин тілдерінен ауысқан элементтер мол. Саханың да, чуваштың да түрк тілдерінен жырактай беруі олардың христиандануына да қаты байланысты. Бұдан діні алыстаған елдердің тілі де оқшаулана беретінін көреміз...

XVI ғасырда Қазан хандығының құлауы Ресейдін Азия құрлығын жауап алуына ғана емес, христиан дінінің экспансиясына да қолайлы жағдай туғызды. Ресей бас-аяғы бірер ғасырдың ішінде Азияның ұлан-ғайыр кеңістігіндегі ұсак ұлыстарды оп-онай женип, шоқындырып, сонау Чукотка мен Камчатканан бір-ак шықты ғой. Ресейдін максаты кіші халықтарға православиялық христиандықты қабылдату болды. Ал дін өзгеру деген өте күрделі нәрсе. Тіпті ол тіл өзгеруден де киын кейде. Тілі болек болғанымен, діні бір ұлыс өкілдері бірге мешітке бара береді. Мәселен, біз шешендердің тілін білмесек те, дін бірлігі жақындағат түседі. Тувалардың будда дінін ұстануы оларды мұсылман әлемімен араласуына

мүмкіндік бермейді. Молдавиядағы гагауздар тілі, азербайжан, түркмен, Түркия тұрктерінің тіліне жақын болса да діні бөлек. Дін өзгелігі ритуал, әдет-ғұрып, дүниетаным, тұрмыс-салтқа әсер етеді.

Діні, наным-сенімі бөлек елдерді шоқындыруға Ресей патшалығы құшті қөніл бөлгенді. Белгілі миссионер-ғалым Алекторов қазактарды шоқындыру өрекетінің сәтсіз болғанына қатты өкініп, бұл іске «кедергі келтіргендер» деп татарларға өшігеді. Өйткені татар өз дініне берік, қаласы бар, мешіті бар, мәдениетті халық. Қазак еліне келіп мектептер, медреселер ашады. Сол үшін татарларды Алекторов көдімгідей дүшпан көріп жамандайды... 1806 жылдан 1917 жылға дейін 110 жылдың ішінде Қазан қаласының баспаларынан мындан артық қазақ кітапты шыққан. Оның тиражы 2 миллион 700 мынға дейін жеткен. Мұның көбісі хиссалар, батырлық, ертегілік, ғашықтық дастандар, әпсаналар, тарихтар, шежірелер, діні аныз әңгімелер. Бұл келтірген мысалдар туысқан татар халықының бізге қаншалық рухани қемек қолын созғанын сипаттайты... Кенес өкіметі кезінде де көптеген кітаптар шығарылды. Бірақ оларда миссионерлік бағыт басым болды, түрікшілдікті, исламды жамандау толас тапқан жок... Жарайды, мектептер ашылды, ел сауаттанды жаппай. Бұл жақсы жағы. Бірақ ол оқудың бағыты қандай – мәселе сонда. Әрине, Кенес өкіметі кезінде сен христиан бол, сен будда бол, сен кришна бол деп ешкім үтітеген жоқ. Ең қауіптісі – үлтсыздықтың ұдайы насиҳатталуы болды ғой. 1917-1990 жылдардағы орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда Орта Азия мен Қазақстан халықтарының бірде-бірінің шын тарихынан дерек берілмей келді...

Түрік тарихындағы империялардың өзін санап отырсақ, онға жетіп қалады. Осыдан екі жарым мын жыл бұрын дүниенін төң жартысын алып жатқан гундер жөнінде бірнеше буын мыскалдай да мағлұмат білмей өтті. Сөз бола қалса, Атилланы каралаумен шектелетін едік. Ал, Батыс Еуропада

Атилла туралы жүздеген кітаптар жазылған. Солар жөнінде естіген, білген бар ма?.. Одан бері келсек, Түрік қағанаты туралы да жарытымды сөз айттылған жок. Орта Азиядағы Әмір Темір империясы, Үндістандағы Бабырдың империясы, Алтын Орда империясы, Осман империясы... Түрік халықтарының сыбагасында осындай үлкен, ұлы империялар болған. Ұлы империя деген жай сөз емес, ол өркениет нышшаны, мемлекеттік құрылым деген сөз. Оның саясаты, ғылыми және окуя болған. Эл-Фарабиден, Беруниден, Хорезмиден бастап, дүние жүзіне білім, оку таратқан ғалымдарымыз қаншама? Х ғасырдан XVI ғасырга дейінгі аралықта ұлы шайырлар, ойшылдар, ғалымдар шыққан және олар дүниенің үстазы болған адамдар. Әкінішке орай кітап жүзінде түрік халықтарының тарихына катысты ешкандай жылы пікір берілген жок. Хандарымыз, билеріміз, батырларымыз бірынғай мансұқталды. Байлар болса қанаушы, батырлар болса, озбыр, жаулаушы деп көрсетілді. Күллі тарихымыздан іліп алар жақсылық табылмай келді.

Қазіргі кезде тарихымызды танудың мүлде кешеуілдеп қалғаны туралы орынды сөз болып келеді. Бірақ тарих онайлықпен жасалмайды, ейткені бұл кезге дейін тарихымызды жазуға мүмкіндік туған жок. Жекелеген еңбектер, монографиялар, хрестоматиялар болды. Оның ішінде талантты еңбектер де болды. Алайда ұлттық дамуымыздың тарихын түркі халықтарының дамуымен байланыстырып көрсететін еңбек болған жок. Оны айтуға да рұксат болған жок.

Енді біз егемендік алдық, тәуелсіздік жариялағанымызға 10 жылдан асып кетті. Қандай тақырыпты жазуға да, оны қалай зерттеуге де мүмкіндік ашылды. Өз ақылымызben бірнәрсе жазуға, өз бағамызды беретін, бұрынғыдай біреудің «жаксы десе жаксы, жаман десе жаман» деп айтқанына көнің, артынан жоргалай бермейтін кезең келді. Түрік халықтарының тарихына канықтай біз казақтың тарихына канықтаймыз. Біздің тарихшылар қазақтың тарихын терендетеік деп, «казак» деген сөздің артынан қуалап барады да, бір жерге

барып тоқтап қалады. Жалғыз ол сөзді қуаласан, жете алмайсың әрі қарай. Неше түрлі атаулар өзгерген замандар бойында. Бір халық екінші халыққа қосылған, біреуден біреу бөлініп кеткен: Ортак зандылықтарды жалпы түрік қауымдастығының ішінен іздеу керек. Сонда 2500-3000 жылға дейін жетесін. Тарих сілемдерін тек бүтінгі қазақ өнірінен ғана емес, Монголиядан да ізде, Қытай жазбаларынан ізде, енді біреуін анау Еділдің бойынан, Орта Азиядан ізде. Бізде көз алдымыздыңдан әріге бара бермейтіндік қалыптасып қалғандай. 1920 жылдарда ұлттардың шекарасын бөлу туралы науқан кезінде қаракалпақтарды қазақтан бөліп, өзбекке қосып жіберді. Ал, қаракалпақтың қазақтармен этникалық құрамы да, тілі де бірдей екені әмбеге мәлім. Қаракалпак пен казақтың ғасырга жуық уақыт ішінде екі республикада жасауы бұлардың арасындағы байланыстарды үзіп таstadtы...

1929 жылға дейін араб алфавитін пайдаланып келдік. Сол әліпбимен жүздеген, мындаған кітаптар жазылған. 1929 жылы латын алфавитіне қошкенде, халық бір күнде сауатсыз болды да қалды. Қазақ халқы мың жыл пайдаланған алфавиттен өз еркімен ажыраған жок, биліктің зорлығына амалсыз көнді. Ал латыншаға тырбанып жүріп, он шакты жылда сауат аша бастағанда, енді кириллицаға өтесін деген бүйрек бүрк ете түсті. Сөйтіп бір күнде тұтас халық тағы да сауатсызға айналды. Міне, содан бері келе жатырмыз кириллица деп. Кириллица – біздің тіліміздің табиғатына қолайсыз алфавит. Мәселен, орыс алфавитіндегі я, ю, ч, е, щ, ф, я деген әрітер біздің тіліміздің табиғатына үлеспейді. Орыс тілін үйренсендер коммунизмге баrasындар, коммунизмге бару үшін, бұл тілдің әрітерін толығымен қабылдау керек деген «теория» да пайда болды. Талғаусыз алынған кириллица тіліміздің ішкі фонетикалық жүйесіне, сингорманизм зандылығына орасан залал келтірді... Жүздеген жылдар бойында араб әрпімен жазылған мұра халкымыздың жана буындарына әлі күнге дейін толықканда танылып болған жок. Орыс мектебінде оқығандардың көбі ескі мәдениетімізден

мұлде дерлік бейхабар қалды. Алфавиттерді өзгертіп, күбылта берудің түпкі мақсаты халқымыздың ұлттық рухын жойып, ұлтсыздандуға алып келу еді. Осы саясаттың зардабын қазір де көріп жүрміз.

— Бізде біреудің қас-қабагына қарап жағтактау осыдан қалған әдет болды гой. Ал енді осы зардаптан қайтсек құтыламыз?

— Бұдан құтылу үшін ен алдымен біз тарихымызды білуіміз керек. Жабық жаткан тарихты ашуымыз керек... Бұрын Түркия деген сөзден шошынатын, Түркия туралы бір сөз айтылса, цензорлар сызып тастайтын. Ендігі жерде ондай тоскауыл жок. Түрік халықтарының тарихын оқыту керек. Мұндай еңбектер Қазақстанда шыға бастағаны зор оқиға. Бұған мысалға Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінде «Жалпы түрік тарихы» деген казак тілінде кітап шыққанын айтсақ та болады. Мұндай пән орта және жоғары оку орындарының бәріне де оқытылуы тиіс. «Шынғыс хан және онын ұлдары» деген монографияның жариялануы да бұл тараптағы жақсы жаналыктын бірі. Түрік халықтарының ежелден бергі туыстығы мен өзара байланыстарын дәнекерлеп түрған ұлан байтак рухани мұрамыз мол. Оларды санап шықсак, үлкен тізбек құрайды. Қазактың дүние жүзіне данқы жайылған «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» дастанына ұксас жыр алтайлықтарда, башқұрттарда, Қырым, Румыния татарларында да бар. Біреуінде көлемі үлкенірек, біреуінде азырак сакталған.

«Алпамыс» жыры қазакпен коса, өзбекте, қаракалпакта ұзак дастан Башқұрт, татарда аныз әспана түрінде сакталған. «Дәде Корқыт» кітабында «Алпамыс» жырының фабуласы ұшырайды. «Едіге батырды» татарлар да, башқұрттар да, ноғайлар да, қазактар да, қаракалпак та «өзіміздікі» дейді. Өйткені бұл халықтардың бәрі де бір заманда Алтын Орданың құрамында болған. Этникалық жағынан бір топқа енеді. Башқұртта қазактың бірнеше руы өз атымен (тама, табын, жалайыр, қышшак) аталады. Ал қазакта қанша ру болса,

солардың көбі кавказдағы ноғайлардың ішінде жүр. Ендеше этникалық түбірі туыс елдер өзінің бұрынғы ата-бабасының жырын айтнай, нені айтады? Бір-бірінен мын шакырым алыс кетсе де, бұрыннан араласып келе жатқан жырларын ұмытпаған. «Шора батыр» оншакты халықта бар, «Алпамыс батыр» менікі, «Қозы Қөрпеш» менікі деп шіреніл тұра алмайсын. Олар: «Мен түрік бірлігі заманының күесімін», – деп сөйлеп тұргандай. Олай болса, осы мұраны том-том етіп шығарып, байланыстарды зерттеп, халқымызға тарату керек. Бұларды бастауыш мектептің окулығынан бастап, жоғары мектеп дәрістіктеріне дейін кіргізу керек.

Башқұрттың «Ер Тарғынын» оқысан, казак нұсқасындағы дай «Ей, карт Қожак, карт Қожак, атынның басын тарт Қожак» деген жолдарды сол калпында көреңін. Қазак, қаракалпақ, ноғай, башқұрт, құмық, қарайым, қарашай, балқар, қырғыз – бәрі қыпшак тілдес. Осылардың бәрі бір-бірін оп-онай түсінеді. Бұл – үлкен қауым ел. Осылардың халық әдебиетінде кейбір фонетикалық дыбыстар, жекедеген түсініксіз сөздер кездескенімен, негізі бір екені шуббесіз. Біз «туыс» деген сөзді басымыздан шығарып алдық. Біз түріктің «бұтағымыз» деген үғымға келе алмай жатырмыз. Ғұндар туралы Әлкей Марғұлан жазды гой. Бірақ оған көніл аударған ешкім болмады.

«Қазак қайда, казак қайда?» – деп казакты шарқ үріп із-деп жүргендер алдымен қазақты түрік көлемінен іздеуі керек. Бұлай етсек түрік болып кетеміз деп қоркудың керегі жок. Олар түрік болса, сен түрік емей кімсің? Арғы тегін түрік болғанына неге үрейленесің? Кейінгі жылдары Түркия түріктері, казак түріктері, өзбек түріктері, үйгир түріктері, татар түріктері деп айтып та, жазылып та жүр. Бұл өте орынды тіркес.

Түркия түріктері тілінің, лексикалық, фонетикалық айырмашылығына қарамастан негізгі түбірі қазақ тілімен бірдей. XV ғасырга дейінгі әдебиетіміз ортақ. «Құтты білік», Ахмет Ясаудін «Даналық кітабы», Махмұт Қашқаридың «Сөздігі» түрік халықтарына ортақ мұра болып саналады. Түрікшеден түрікшеге өзге тіл арқылы «аудару» деген

жарамсыз тәсіл. Қазір біз солай істеп отырмыз. Әсіресе, Орта Азиядағы өзбек, түркімен, қырғыздар мен қыпшақ тілдес башқұрт, құмыйктардың шыгармаларын түпнұскадан аудармау тіпті үят.

— Сіз түрік бірлігі туралы салмақты ойлар айтып отырсыз, тіпті түрік республикалары бір-бірімен дос болу керек дейсіз. Бұган қандай кедегі бар?

— Түрік республикалары бірі мен бірі тығыз бірлікте болуы аудай қажет. Әр республиканың басшысы дүниені өзі тіреп тұрғандай бір-біріне жақындаудың орнына алыстай берсе, берекенің кеткені дей бер. Ауылы аралас, малы коралас Орта Азия халықтарының байланысы ғасырлар бойында қалыптаскан. Мынау тұрған Ташкентті алайық. Ол Орта Азияның кіндік каласы ғой. Оның қақпасы қыстың, қектемнің, жаздың, күздің айларында құндіз-түні ашық болып келген. Саудагерлер, керуендер ары-бері қантамырдай ағылып тұрған. Енді келіп Өзбекстан айдың аманында шекараны жауып тастады. Қазақстанға деген пиғылы жайсыз. Өзбек басшыларының қолтығына кім су бұркіп отырғанын қайдам, шекарада казактарға жәбір көрсетіп, киянат жасауы қебейіп кетті.

— Біреулер түрік елдерінің басын біріктірмеу үшін әдей өсылай істеп жатқан жоқ па?

— Өте орынды сұрақ. Қазақстанға қас пейілмен қарайтын құш аз емес. Мәселен, Америка болса бізді, дүниежүзін билеу саясатын межелеп көзделеп отыр, түрік елдерінің бір-бірімен байланысты болуына мүдделі емес. «Құдай түрік, ислам елдерін өзара өштестіріп, әрқайсысы есіктерін жауып койса екен. Әрқайсынына біз ақылшы болсак деп» деп алақаның ысылап отыр. Бұлардың бірін Америка, екіншісін Қытай, үшіншісін Ресей өзіне тәуелді етпекші. Барлығының түпкі мақсаттары осы.

— Олардың торына түсін кемпей ушин не істемеу керек деп ойлайсыз?

— Біз тарихымыздың терендігі мен тұтастығын білмей, сез-

бей жүре берсек, оп-онай торға түсіп кетеміз. Сондықтан тарихты білуіміз керек. Бұл – болашакта өмір сүруіміздің де алғышарты. Сонда ғана қандай жалмауыздың да аузына жем болып кетпейміз. Олар бізді ыдырату, аздыру ерекетін әдейі колдан жасап отыр. Бұғынге дейін біздің тарихымызды қалай үмиттырса, басымызды қалай қоспаса, енді дін жағынан экспансияны қүштейтіп отыр. Бұл пәлекет «Фаламдану» деп аталған кешенді бағдарламаның бір бөлігі. Фаламдануды білу үшін, шетелге барып оқып келудін қажеті жоқ. Оның мақсаты халықты тарихынан, дәстүрінен, әдет-ғұрпынан бездіріп, дүниеге көзкарасын өзгертіп жіберу. Фаламдану идеологиялық жас қауымды тек қарнының тоқтығын, киімнің бүтіндігін ойлайтын мәнгүрт етуді көздейді. Америка алпауыттары жанадан тәуелсіздік алған елдерді уысынан шыгарғысы келмейді. Ен қауіптісі де осы.

Біздің өмір сүруіміз үшін түрік бірлігі қажет. Осыған кейбіреулер күмәнмен қарайтын тәрізді. «Түркия Қазақстанды жауап алмай ма?» деп өзінше «сактық» көрсеткенсіді. Бұдан артық қателікті ойлап табу киын. Біздің тәуелсіздігімізді бірінші болып мойындал, күттіктаған Түркия еді ғой. Қазақстанда казак-түрік лицейлерін ашып, балаларымызды арнаулы бағдарламамен оқытып жатқандар да түрік туысымыз. Түркістандағы Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің ашылуының өзі түрік ынтымағына қызмет ететін елеулі оқиға. Кітаптар казакшадан түрікшеге, түрікшеден казакшаға аударылып, рухани байланыстар қүштейе түсude. Жанадан окулықтар, сөздіктер жасалып жатыр. Соның бәрі рухани, ғылыми байланыстарды қүштейтуге қажетті қадамдар.

— Түтпен келгенде, бізде түрікшілдік идеология жетіспейді дейсіз ғой?

— Біздің идеологиямыз түрікшілдік идеология, ұлтшылдық идеология болу керек. Ұндістан ұлттық идеологияны ту қын ұстаң, азаттыққа жетті ғой. Ұлтшылдық дегенді бізге құбыжық етіп көрсетіп келгендердің жат пиғылын түсінетін уақыт жетті.

Ұлтшылдық – деген өз халқын күрметтеу, сую.

– Рахманұл аға, Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауын оқыған шыгарсыз. Осы Жолдауда 2015 жылы Қазақстан халқын 20 миллионга жеткізу қажеттігі айтылған. Сіздің ойыңызша, халық санын 20 миллионға қалай жеткізуге болады?

– Президентіміз Н.Ә.Назарбаев 2015 жылы Қазақстан халқын 20 миллионға жеткізу туралы жақсы идея көтерді. Мен халық санын сез етуден бұрын мәселенің тарихын қысқаша еске салайын. 1913 жылы қазак сан жағынан Осман түріктерінен кейінгі екінші орында болған екен. Түріктер табиғи өсіммен қазір 70 миллионға жетті. Егер де қазақ түрлі кесаптарға ұшырамағанда бұл күнде 30-40 миллионға жуық мөлшерге көтерілген болар еді... XX ғасырда біздің санымызды кемітіп жіберген бірнеше факторлар болды. Қызылдар мен актардың текетіресі кезінде қазактың даласы қырғын алаңына айналғаны белгілі. Оның себебін әлі ешкім зерттеген жок. 1917 жылы Қазақстанның онтүстік алқабындағы ауыр ашаршылық сан мындаған адамның өмірін киди. 1921 жылы да ашаршылық болған. Бұл қасіреттің тарихы да ұмыт қалдырылған. Осыдан кейін байларды кәмпескелеу басталды. 1925–33 жылдар – қазактар үшін трагедиялық кезең. Байлардың мал-мұлқін тәркілеу бір ұлттың ұтқысын жойып жіберумен бірдей еді. 1928 жылы шамамен 40 миллионға дейін мал болған. Содан кейінгі 3-4 жылдың ішінде қазак ауылында тігерге түк калмаған соң, қазактар ұлы ашаршылықта ұшырады. 3 миллионға жақын халық аштан қырылды. Біразы шетел асып кетті. Қазір үш қазактың бірі шетелде жүр. Біздің демограф ғалымдарымыз қазактың қазіргі жалпы саны 14 миллион деп айттып жүр фой. Менінше, қазактың толық есебін әлі ешкім алған жок деп ойлаймын... Енді қалай көбөюге болады? – деген сұраққа келсек, күдайға шүкіршілік, ондай мүмкіндік бар деп айта аламыз. Экономикамыз етепті көтеріліп келе жатыр. Мәселен Өзбекстан, Қыргызстан, Тәжікстанға қараганда халықтың

тұрмыстық әлеуеті жоғары. Қаншалықты кем-кетігіміз болды дегенімізben көрші республикалардан мойнымыз озық. Осы жағдайға байланысты бір кездері басқа ұлт құрамында кеткен этникалық қазактардың қайтадан қазак болып жазылғысы келетіндері көбейіп келеді. Демографтардың (Макаш Тәтімов, т.б.) зерттеулеріне қарағанда, Өзбекстанның өзінде ұлты өзбек болып кеткен қазак екі миллион шамасында делінеді. Қарақалпакстан, Түркіменстан, Қыргызстанда біраз қазактар жергілікті ұлт құрамында жүргені де жасырын емес. Тіпті Қазақстанның өз ішінде басқа ұлттың катарын көбейтіп жүрген қандастарымыз да кездеседі. Сондайлардың біреуі екі-үш жыл бұрын қайтадан қазак болып құжат алды. Кім дейсіз фой? Анау-мынау емес, Түркістанда тұратын Кенес Одағының батыры Әбдірәсіл Есетов. Ол 44 жыл бойы өзбек болып жазылып келген. Бұған себеп Әбдірәсілдің шешесінін өзбек болуынан. Ал батырдың өзі руын да, жеті атасын да жақсы біледі. Он жеті үрім-бұтағы бар... Әбдірәсіл секілділер көп кездеседі. Сайрам, Шымкент, Бостандық секілді жерлерде әкесі қазак, баласы өзбек болып жүргендегер көп. Біздің шенеуніктер олардың қазак деп құжат алуына немкүрайлы қарал келеді. Олар «ұлтшыл» деген атакқа ілініп каламыз ба деп үрейленеді. Біз өз ішімізде «өзге» болып жазылып жүргендегер жағдайын ойласатын уақыт келді деп санаймыз. Олардың көбінің өз баспанасы, қызметі бар, мемлекетке ешбір ауыртпалық салмайды...

Бәрін айт та, бірін айт: шетелдердегі бес миллионға жуық қазактың көбін дәл қазіргідей еліміз өрлеу жағында келе жаткан кезде атамекенге көшіріп алу – бүгінгі тандағы қазак мемлекетінің ен негізгі мәселесі. «Қаражат жетпейді, қындық көп» деген сұлтауды дәл осы тұста айту дәлел емес, жаңы ашымастықтың өзі болып шығады. Мемлекеттік корлардағы қаржы алдымен осыған жұмсалса, Президентімізді де, Үкіметімізді де ешкім кінәлай алмайды. Егер Президентіміз қын замандарда корлық көріп, шашырап кеткен қазактарды жақын жылдарда қайта көшіріп әкеліп, орнықтыруға пәрмен

берсе, ондай шешімді халқымыз ризалықпен қалар еді. Мен көнілімде жүрген осы мәселені – Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа кеңірек дәлелдеп, ауыз ба ауыз айтқым келген еді. Өлай етудің реті келмеди.

– *Карақалпақтардың арасында да қазақ болғысы келетіндер бар дейді гой...*

– Мүмкін, болса болар. Мен карақалпактын демесе, оны казактан айыру оңай емес. Өзіміздің қыпшақ тілдес халық. Біздің газет-журналдарымызды оқиды. Радиомызды тындайды, теледидарымызды көреді. Әрбір карақалпактың үйінде казактың кітаптары тізіліп тұрады. Кеше солай болған, бүгін де солай. Олардың ішінен казақ болып жазылуға ықыластылары болса, кеудеден итермей, қуана-қуана карсы алуымыз керек. Пара сұрап үркітпеуіміз керек. «Пара» деген ит ауру бар бізде. Парадан ешкімнін атасы өлген емес еді гой. Тұрлі себептермен орыс, еврей болып жазылған этникалық қазактар да бар. Егер олар құжатына «казақ» деп жаздырамын десе, құжат беретін мекемедегілер: «Қай русын? Ата тегін кім?» деген сұрақтың астына алып жаңын қинаиды екен...

Қазақстан халқының демографиялық жағдайын жаксарту үшін үкімет кешенді шаралар белгілеуі керек. Мәселен 100 мың бойдак қызы бар деп жүрміз (Сұр бойдектар да осы шамалас делінеді). Оларға бір бөлмелі шағын пәтер салып берудін өзі көптеген жас отбасының құрылуына нактылы жәрдем болар еді. Егер Үкімет халықтың көбеюіне мүдделі болса, осылай істегені жөн. Бұған мемлекеттің жағдайы келеді. Көп балалы аналарды қолдау керек. Өзбекстанда көп балалы аналарға үй салып беру дәстүрі болған. Көп балалы отбасылар үшін де мемлекеттің бағдарламасы жасалса, орынды болар еді. Бізде тепе темір үзетін жігіттер жұмыссыз жүр. Сондықтан кәсіпорындарды көптең ашып, оларды жұмысқа тарту керек. Онда мына жосын жүрген жұмыссыздар болмас еді. Маскара болып шетелге бала сатыас едік. Қайыршы болмас едік. Жезөкше болмас еді. Әдемі сөз, әдемі уәделерден халық жалықты.

– *Осындағы мәселелерді қазақ баспасөздері анық жазын жур. Бірақ оны тыңдаған билік корінбейді.*

– Біздің билік басында отырғандардың көбі казактың мектебінен оқып, ұлттық тәрбие көрмегендер, ылғы орысша оқығандар. Былай карасан жап-жаксы жігіттер, шетінен сұлу, сыпайы. Біздің халқымыз туралы орысша жазылған әдебиеттерден мағлұмат алғандар. Халқына деген махабbat оянбаған. Оянуға да мүмкіндіктері болмағандар. Қазақ баспасөзі казактың мұқтажын жазып-ақ жатыр гой. Соны орыстанған казақ оқи ма екен? Оқымайды ғой. Қазақ газеттерінің шырылданған даусы далага кетіп жатыр. Сейтіп ақыр аяғында казақ тілі қызын Парламентте дауыска коюға дейін жеттік кой... Содан соң деңсаулық мәселесі тұр. Оған каржы болініп жатқанымен, әлі де жеткіліксіз. Жеріміздің бәрі уланған. Мал жайылатын, мал су ішетін жерлерді тазалауымыз керек кой. Семей мен Батыс Қазақстанда ядролық кару жарылмаған, жер аз. Оның бәрін тазарту керек.

– *Қазақ тілін қайткенде мемлекеттік деңгейге көтере алатын? Жоқ осы оғіз аяқиен жүре береміз бе қалай?*

– Қазақ тілін, шын мәнінде, мемлекеттік тіл етуге казактың көзін жеткізу керек. Қазір олардың көзі жетіп отырған жок. Біздің Ата Заңымызда «Қазақ тілі мемлекеттік тіл» деп жазылғанымен, оның мәнін жойып жіберетін пункт касында тұр. Ол – орыс тіліне ресми тіл мәртебесі беріледі, ресми тіл мемлекеттік тілмен тең колданылады деген тұжырым. Бұрыннан орысша сөйлеуге бейім халық, әлгіндей ілгешек тұрганда екі дүниеде де үйренбейді казактың тілін... Мен 60 миллион халқы бар Иранда болдым. Парсылар сонын тең жартысына жетпейді екен. Бірақ басқа ұлттар парсы тілінде оқиды, Иранның мемлекеттік тілін сыйлайды. Құдайға шүкір біз 57 пайызға жеттік кой. Осы санымыз 70-80 пайызға жеткен кезде тіліміздің де, ұлттық өнеріміздің де проблемасы шешіледі. Бірақ соған жетер жолда кедергілер көп. Ол үшін Үкімет бұл мәселені де мемлекеттік тұрғыдан жан-жақты ойластыруы керек. Содан кейін казактың 80-90 пайызы

казақша оқитын болады. Үлттық педагогиканы, үлттық психологияны балабакшадан бастап оқыту қажет. Оның үлттын, Отанын сүйетін адамдарды баули алмаймыз.

Балаларды үлттық музыкамен тәрбиелеу керек. Қазіргі орындалып жүрген музыка қандай музыка екенін білсіз бе? 40-50 жыл еуропаланған, африкаланған музыка насиҳатталып, қазактың төл әуені соңғы жылдарға дейін өте аз орындалып келді. Қазактың байырғы ән-күйін білмейтін бөгде буын пайда болды. Оның ішінде қабілетті сазгерлер де бар. «Қазак радиосында», «Шалқар» радиосында және теледидарларда қазак әндері мен күйлерін әлі де болса көбірек беру керек. Шетелдің пәтуәсіз әндері мен би ыргағына көzsіз еліктеуден қашатын кез келді. Музыкалық тәрбие ешбір тәрбиеден кем емес. «Шалқар» радиосын бүкіл Қазакстанға тарату керек.

– Әңгіменізге рахмет!

## БІЗ – ҚАЗАКПЫЗ, ФАСЫРЛАРДАН СЫР ШЕРТКЕН

«Оңтүстік Қазақстан» газеті тілшісінің сұрақтарына жауап

Қазақстан Үлттық Академиясының академигі,

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

Рахманқұл Бердібаймен сұхбат.

– Ассалаумалайкум, Рахманқұл ага! Түркі халқының ата-кенті – Түркістанның даңқын торткүл дүниеге кеңінен тарату мақсатында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қаланың қақ торінен университет ашқан кезде, еліміздегі атақты ғалымдардың ішінде алғашқылардың бірі болып осы илгі бастананы қолдан, әсем де ару астана – Алматыны ауданың орталығы – Түркістанга ауыстырып келгенізізге де он жылға жуықтапты. Сіздің бұл қадамыңызды дүйім жүргіт түгандың жеріне деген ыстық ықыластан тұындаған патриоттық ізgілік ретінде қабылдады. Туган қаланыңдың тарихын Сіз сияқты жақсы білетін азамат елімізде некен-саяқ шыгар. Тарихтың тереңіне бармайдың, Түркістанның соңғы онжылдық тарихына қысқаша тоқтатын корінізіші.

– Түркістан қаласының соңғы он-он екі жылдағы келбетін одан бұрынғы жағдайынан бөлек алып қарасақ, бүгінгі жетістік дегеніміздің мәні ашылмай қалуы мүмкін. Соңдықтан қазіргіні қызықтаумен ғана шектелмей, бұрынғы халдерді де коса қамти сөйлесек, дұрыс болады деп ойлаймын. Тым әрідегі тарихты айтпағанда, Түркістанның кенес өкіметі тұсында қаншалық күй кешкенін қазіргі жас қауым біле бермейді. Түркістан ондаған жылдар бойында Қазакстандағы көп аудандардың бірі болып қана есептелді, оның тарихи орнын бағалап, «қөркейсін, қоқтесін» деген құлышының болған жоқ. Мұны кенестік билік кезінде қалада айтарлықтай қөрнекті ғимараттар салынбағанынан-ак түсінуге болады...

Түркістан бірнеше ғасыр бойында – қазак хандығының астанасы, елдін рухани орталығы болған дегенді еске алып, бірде-бір рет атап өткенді естіген, білген бар ма? Жоқ. Өйткені мұндай шындық Мәскеу билеушілеріне қажет емес еді...

Шовинист піғылды басшылар Түркістанның атын өшіре алмағанымен, рухын аяқ асты етуге аянып қалған жок. Бұқіл түрік ислам әлемінің данышпан әулиесі Ахмет Ясауи шығармаларын оқымақ түгіл, атын айтудын өзі корқынышты саналды. Ислам дінін жамандаудың асқынғаны соншалық – тіпті аудан басшылары да кесененін ішіне кіруге бата алмайтын.

Түркістанның кайта тұлеуі тәуелсіздік алған дәуірімізге тікелей байланысты. Тағдыр желі онынан тұрып, Қазақстан егеменді ел болған кезден бастап, тарихымызды тануға, өшкенді жандыруға, жоғалғанды іздеуге жол ашылғанын алдымен айтуға тиіспіз. Түркістанда Қазак-түрік университетінің ашылуы да – тәуелсіздіктің жарқын жемісі. Аудан орталығы дәрежесіндегі шаһар – Түркістанда университет ашуға жарлық беруі – Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың халық көnlінен шыққан істерінің бірі. Мұндай шешімге ел келешегіне сенетін парасатты, жігерлі басшы ғана баратыны белгілі. Осы бастама құтты болып, кешікпей Қазақстан мен Түркия Республикалары үкіметінің келісімімен бұл университет Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетін атанды. Содан берідегі аз ғана жылдар ішінде университеттің іргесі бекіп, толысып, дамып республикадағы ең алдыңғы катардагы жоғары оқу орындарының біріне айналды.

Алғаш іргесі қаланғанына 1500 жыл толуы (қаланың шын жасы екі мың жылдан асып жығылады) ЮНЕСКО шешімімен атап өтілуі де байырғы байтак шаһардың ажарын арттыра тусти: қаланың орталық көшелері жөнделді, Есімхан аланы мұлдем жаңа өрнекпен құлпырыды; конак үйлер, спорттық кешендер тұрғызылды; теміржол вокзалы құрделі жөндеуден өткізілді; темір жол үстінен кала тұрғындары өтегін ұлken көпір салынды. Жұзеген жылдар бойында жөнделмей, тозығы жеткен Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін реставрациялау жонінде де көп жұмыс аткарылды.

Қаланың 1500 жылдығы карсаңындағы қыруар жұмыстың

басы – қасында Оңтүстік Қазақстан облысының бұрынғы әкімі Бердібек Сапарбаев пен Түркістан қаласының әкімі Әмірзак Әметұлы сынды іскер азаматтар болғанын, Түркия тараҧынан бұл іске ұлken досымыз, К.А.Ясауи университетін басқаратын әкілетті кенестің төрағасы Намық Кемал Зейбектің қызу атсалысканын айрықша атап өтү керек.

Түркістанда осы заман талабына лайық сазды драма театр ашылуы да жаңалық. Бұл театрдың дүниеге келуі талантты өнер қайраткері Райымбек Сейітметовтің қажырлы іс-әрекетіне, ересен енбегіне байланысты. Театр артистерінің негізгі құрамы А.Ясауи университетінің өнер факультетін бітірген жастар болуы да атап көрсетерлік.

Осы және басқа мысалдар Түркістан қаласының еліміз егемендік алғаннан кейінгі жаңа шекіресі басталғанын сипаттайтын. А.Ясауи университетінің тулектері республикалық және халықаралық жарыстардың жеңімпазы аталауы да көне шаһардың кайта тұлеуімен тұстас келгенін айтпай кетуге болмайды. Бұл ретте спорт әлеміне құйрыкты жұлдыздай жарқ етіп шығып, олимпиада чемпионы атағын жеңіп алған жиырма жасар боксшы Бекзат Саттархановтың есімін алдымен атауымыз ләзім. Университет жастары спортың басқа түрлерінен де биік орындарды алып келе жатканы әмбебеге аян. Көптеген айтыстарда бірінші орын алған Бекарыс Шойбековтің тапқырлыққа көмкөрілген төкпе өлендерін республика жүртшылығы жақсы біледі...

Шетелдерден ата жүртіна ансан оралған отандастарыныздың шоғырлана қоныс теуіп отырған құтты мекені Түркістан болуы кездейсоқ емес. Үш ғасыр бойында қазак халқының астанасы болған шаһар оралмандарды ыстық құшағына алып, оларды дербес ауыл етіп орнықтырғаны, бастарына үй, орталарына мектеп салып беріп, ерекше қамқорлыққа бөлекені жамағатқа белгілі. Тәуелсіз республикамыздың жана өрлеуі мен көне Түркістанның кайта құлаш жауы қанаттас оқиға екенінің символдық мәні бар нәрсе.

– Осы күндері батыстың кейір галымсымақтары мен

өзіміздің батысқа елкеге патриотсымақтарымыз қазақтың тарихына, оның ежелден келе жатқан ауыз әдебиеті мен жазба мәдениетіне күмөн келтіріп, жасты біздің ұлттың тарихын жоққа шыгаруга, әдебиеті мен мәдениетінің терең тамыры жеңіл халықтың санатына қосып жеүр. Осы соуегейлікке Сіз қандай тоққауыл қойып, ұлттымыздың жанашыр ұлы ретінде тарихымыздың сон-а-ау ерте дүниеден басталатынын бір-екі сөзben қалаі арашарап алар едіңіз?

— Еуропоцентристер мен шовинистер түрік халықтарының, оның ішінде казактардың, адамзат өркениетіне косқан ұлесін көрсе де көрмегендей болып, бұл елдердің тарихы мен мәдениетіне ғайбат айтып келе жатқаны бір бүгін емес. Қазакта: «Ауру қалса да, әдет қалмайды», — деген нақыл сөз бар. Басқаның жерін жаулап алып, мәдениетін таптап үйренген отаршылдардың өздерін ұлық санайтын сандырағы казірге дейін толастамай келе жатқаны рас. Бұлай болуының себебі жеткілікті. Біріншіден, Ресей билеп-төстеген сонғы екі-үш ғасырда, кенестік өкімет кезінде казак халқының өткендегі рухани, мәдени жетістіктері туралы жылы сөз айттылып көрген жок. Бастауыш кластардан бастап, жоғары оку орындарының оқушыларына күні кешеге дейін арғы жағы Юнан (грек), Рим мен Ресей, Еуропа тарихы оқытылып келгені мәлім. Осы кездерде сауатын ашқан сан мындаған отандастарымыз өз елінің ертедегі даңқты тарихы мен дәстүрін жартымды естімей өсті. «Қазак даласына Ресейге бағынышты 'болғаннан бері қарай ғана сауаттылықтын сәулесі түсे бастаған», -дегенді жауларымыз ғана емес, өз ұлттымыздан шықкан мәнгүрттер мен көзқамандар да сарнап айтумен келеді. Екіншіден, халқымыздың ертеден бергі заттық және рухани күндылықтарын іздел, оларды калың қауымның зердесіне құюға мүмкіндік тумай келді. Тіпті «бұрын артта қалған халықтарды жарылқадық» деп жар салған кенес дәүірінде де, казак тарихын зерттеуге әрекет жасалған жок; барлық «ғылым» Ресейдің ілгерішілдігін мадақтаумен шектелетін.

Көптеген оқыған азаматтарымыз осындағы біржакты насиҳаттың ықпалында болып келді, ондайлар әлі де аз емес. Мұндай ахуалды өзгерту үшін тарихтану, мәдениеттану оқулары мен ізденістері тұтастай жаңа арнага түсір керек. Өз тарихымыз бен мәдениетімізді өзіміз танып талдайтын ғылыми еңбектер көбейгенге дейін отаршылдық дәуірде калыптастан ұтымдар сейіле ата-бабаларымыз осыдан екі жарым мың жыл бұрын Евразияның иен кеністігінде үкімдарлық құрған, данқы Ескендір Зұлхарнайыннан кем түспейтін Атилла (Еділ) патшалығының, V-VII ғасырларда бой көтерген, дүниедегі ең көне алфавиттің бірін жасаған Ұлы Түрік Қағанатының мурагері екені бұл күнде ғылым мойындаған ақықат. Еуропа мемлекеттерінің жазба мұралары орта ғасырдың соңғы түсінде пайда болса, казак түрік елінің тарихи оқиғалары бір жарым мың жыл бұрын мәнгілік өшпестей етіліп тасқа қашалып жазылған. Мәселен, тасқа ойылып өрнектелген Күлтегін, Тонықек, Білгекаған жазуларындағы ғажайып күнды жәдігер Еуропаның батысында да, шығысында да болған емес. IX-X ғасырлар мысалына жүгінсек те, Орта Азия мен Қазақстанның ғылымы мен мәдениеті орасан биік дәрежеде тұрғаны дәлелді. Қазак жерінің данышпаны, энциклопедияшы ғұлама, философ, кезінде дүние жүзінің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің ежелгі дүние оқымыстыларының енбектерін араб тілінде жаңғыртып, кайта жазған кітаптары Батыс Еуропага XI-XII ғасырда таралып, ол елдердің білім тұнығына бас қоюна жол ашқаны да аксиомадай анық. Ақырында қазак жерінде екі мың, үш мың жылдық тарихы бар каланың бір емес, бірнешеуі болғанын да қазір әлем жүртішілігі мойындағанын қөзіміз көріп отыр. Қысқасы ертеде жаһан өркениетіне ересен үлес қосқан күндылықтар жонінен ешбір жүрттың алдында үялатын жағдайымыз жок. Барлық мәселе сол жәдігерлерді жеткілікті зерттеп, жарқыратып көрсете білдіруімізге байланысты... Бірак халқымыздың алдындағы бүгінгі уәзина өзгелермен тарих

жүзіндеғана «теңелу» емес, қазіргі дәуірдің ғылым, білім, техника, технология, экономика көшінен қалмай, озық орындарды иелену үшін құресу екенін естен шығармайык!

— *Құрметті Рахманқұл ага! Сізді мен білдіктен горі галымдықты, даурықта өсек созден горі нақты істі ұнататын, ездіктеп горі ерлікке, таяздықтан горі тереңдікке үмітшілдік үтімжанды азамат ретіндеге коз алдыма елестетемін. Егер Сізбен қоян-қолтық арасын жұмыс істесем, әрине, «елестету» созін айтпаң-ақ, нақ шындықтың передесін ашқан да болар едім. Сондықтан да, ренжімессеңіз, Сізге мына бір сұрақның қоғым келіп отырғаны.*

Адам өзін өзгелерден артық біледі. Бірақ, «мен осындаімын» деп дүниеге жар салғандар көп емес. Сіз өзіңіз туралы бір шешіліп айтып бере аласыз ба?

— Сіздің білгіз келіп отырғаны менін ғылым табалдышынын аттағалы бері жетекшілікке алып келе жатқан мұраттарым, азаматтық ұстаным, принциптерім болса, оны іркілмей-ақ айтуыма болады.

Мен бозбала жігіт шағымда музыканы өте жақсы көрдім. Қазактың күмбірлеген қүйлері, тамылжыған әндері маған дүниеде тенденсі жок сұлулық әлемі болып сезілетін. Алматыдан Ашысай кентіне жастарға ән, күй үйретуге шакырылған композитор Смағұл Көшекбаев бізді төкпе қүйлердің телегей теніз толқын атқан айдынына бойлатқан еді. С.Көшекбаев 1940-1941 жылдарда Ашысай корғасын көніндегі клубта домбыра үйрмесін ашып, Құрманғазының, Дәүлеткерейдін, Сейтектің бас-аяғы жиырма шакты күйін үйретіп үлгерді, өзі фашистік Германияға қарсы соғыс басталысымен жаппай әскерге алынған замандастарымен бірге майданға аттанды.. Сыр бойына ғана емес, куллі казак еліне данқы шықкан Нартайдың өз бригадасымен кеншілер алдында гармонға косылып шырқаған әндеріне деген інкәрлігімізде де шек болмайтын. Менін домбыра, гармон тарту талабыма козғау салған осы аталған екі өнерпаз еді. Соларға еліктеп кеншілер клубында күй тартып, өлең айтып, хорларды

гармонмен сүйемелдеп, кәдімгідей ауыл «серісі» сияктастып жүрдік. Карагаудың қарт жыршысы Сұлтанбек Аққожаевтан қазактың эпикалық, дастандары: «Алпамыс батырды», «Қыз Жібекті», «Шора батырды», «Сауда ишанды» талай рет тындалап, жыр қазынасының демін ерте татқанымыз да естен шықпайды. Қазакстанның көп жерлеріне тән шертпе домбырашылықтың Карагауда өнірінде жалғасқан үні де құлағымызға құйыла кететін. Сонымен менің талабыма, икеміме қарағанда, тағдыр маған саз өнерінің соңына түсуді жазғандай секілденетін. Мен консерваторияға түсіп оқығым келді. Бірақ сәті түспеді, сүйтіп сазгерлік орындалмаған арман, алыс қиялдай, ұмытылмайтын сағыныш болып қала берді...

Арада талай жыл өтіп, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты фольклор бөлімінің менгерушісі болған кезімде ауыз әдебиеті мұрасын зерттеумен катар халық музыкасына, жыршылыққа, айтыска деген «махаббатыммен» қайта табыстым. Осы кезде фольклорды әрі зерттеуші, әрі насиҳаттауыш ретіндеге халықтың жартылай ұмытылған әдеби-музыкалық орындаушылық, дәстүрін жанғыртуға қызу атсалыстым; М.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейінде коғамдық негізде отыз жылдан артық халық университетінің ректоры болдым. Ұлттық, рухани мұраға шын берілген әріптестеріммен тізе косып, жоғалуға жақындаған жыршылық-жыраулық өнердің қайта жандануына; толастап қалған ақындар айтысының жаңа қарқын алуына, кәсіби музыка зерттеушілердің назарынан тыс қалған көптеген ән, қүйлердің жанғыруына, сонын ішінде қазақ домбырашылығының ойлы да сұлу саласы – шертпе қүйлердің музикалық оқу орындарының бағдарламасына кіруіне бастамашы болдық. Осылайша «халық мұрасын халыққа қайтару» максатымен бес жүзден артық арнаулы дәріс өткізілді, ән, күй, жырдың талай-талай жаунарлары жазып алынды. Рухани мұраны жинау, зерттеу, насиҳаттау мұратымен жалындаған жылдарда осы тақырыпта бірнеше монография, көптеген макала жарияладым, «Қазақ эпосы»,

«Эпос – ел қазынасы», «Эпос мұраты», «Айтыс әлемі», «Жыршылық дәстүр» тәрізді кітаптарым ауыз әдебиетінен колданба қурал ретінде қабылданды.

Мен мұзыкашы болуды ансасам да, пешенеме әдебиетші болу жазылған екен. Саз бен сөз өнері жеке-дара салалар болса да, бұлардың арасындағы байланыс, үндестік те аз емес. Сондықтан мен мамандықтан адастым дей алмаймын; еңбектерімнің дені әдебиет сынны, зерттеушілік, публицистика болғанына өкінішім жок. Кітаптарым мен сын макалаларым шетінен ығай мен сығай демеймін. Олардың озығы да, олкысы да бар шығар. Бірақ мен көне дәүір мен осы заман аралығындағы қандай мәселеғе қalam тартсам да, ең алдымен, халқымның мұрат-мұддесін алғы кезекке шығарғым келді. Менің кітаптарым мен макаламның негізгі бір-ақ тақырыбы бар. Ол – халқымның тарихы, тағдыры, бұрынғы халі, қазіргі жағдайы және келешегі хақында толғаныс. Осы бағытта талай-талай «соқтықпалы, соқпақсыз» жолдан өткенімді фактілер келтіріп сөз етсем айып болмас.

Мен 1955-1959 жылдарда «Қазак әдебиеті» газетінде қазак тілі, қазак әдебиетінің тарихы, рухани мұра жайындағы макалаларым үшін сол кездегі кейбір республика басшыларының қырына ілініп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысында бірінші үлтышыл атанип, қызметтен, партиядан шығарылғанымды, жазған еңбектерімді еш жерде бастыра алмай, зәбір көргенімді қазіргі ересек қауымның кейбір өкілдері болмаса, халқымыздың сонғы екі буыны біле бермейді. Менің макалаларымнан ұдайы үлтышылдық іздел отырган қырағы белсенділер мені ғана емес, газеттің редакторларын да қатты тергеп, сөгіс беріп, ен женил ескерту жасап отыратын. Сөзім жалан шықпау үшін, ол жариялымдарда көтерілген тақырыптар мен проблемаларды қыскаша тізіп келтірейін. Олар: мектептерде қазак тілін оқытудың шектелуіне, қазак мектептерінің жабылуына, жоғары оку орындарына түсуге қазак тіліндегі емтихан тапсырудың тоқтатылғанына, кейбір республикалық және

облыстық газет – журналдардың бір ғана орыс тілінде шыға бастауына, термин сөздердің үлттық тіл негізінде дамуына жасалған кедергілерге, халықтың өткендегі үшан-теніз ауыз әдебиет мұрасының, сонын ішінде эпос, дастандардың түгелге жуық «қараланып», басылмай қалуына, шығыс тілдері мен әдебиетін үйрену мен зерттеуге тиым салынуына, үлттық үрдістердің шетқақпай болуына, тағы басқа орасан озбырлықтарға карсы үн көтеруім. Жариялышылқа, түрлі пікір кеңістігіне жол ашылған қазіргі заманда мен тізіп келтірген мәселелерді айту жаналық емес. Бірақ жиырмасының ғасырдың орта кезінде, орыс шовинизмінің ашық өктемдікке басып тұрган тұсында мұндан тақырыпты көтеру өзінді окка байлағанмен бірдей еді. Жасыратыны жок, сол кезеңдегі менін макалаларымда үлтиматыздың правонын сөз жөнінде ғана мойындал, іс жүзінде ұлы орысшылдық, миссионерлік оку, тәрбие жүйесін орнықтырган империялық озбыр саясатқа наразылық бой көрсеткен болатын. Осы себептен де бірнеше жыл бойында Мәскеуде шығатын «Правда» газетінен бастап, республикалық «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», т.б. газеттерде сын сойылына душар болды. Біз «Қазак әдебиеті» газетінің бетінде көтерген мәселелер Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде, Қазақстан Жазушылар одағында талқыланды. Ол жиналыстарда «қырағылыққа» шакырган, қазак жазушылары арасынан «идеясыздық» іздеген сөздерді қазір еске түсіру қажетсіз. Бүкіл елді айтқанына қөндіріп, айдағанына жүргізген Орталық Комитет бізге карсы жай алыпкел, шауыпкелдерді ғана емес, елге есімі қадірлі жазушыларды да сөйледті. Мәселен, 1957 жылы 9 акпанды Қазақстан Жазушылар одағының партия жиналысында Фабит Мұсірепов баяндама жасап, менің макалаларымдағы «үлтышылдық» жөнінде ұзақ токталғаны, ол жарияланымдардан үлтиматыздың көсемі Ахмет Байтұрсынов еңбектерімен үндестік тауып, қатты шүйліккен есімде. Осы сөздерден кейін мен туралы «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысын мойындаған» деген ұсыныс жасалып,

дауысқа салынды. Бұл ұсынысты жиналықта қатысушылар колдамаған соң ғана, аман қалғаным анық. Егер сол күнгі жиналыс мен партия сынын қабыл алмады деген шешімге келсе «иттеккенте» кетуім көміл еді... «Қазак әдебиеті» газетінде үлттық мәдениет мұктаждарын сөз еткен басқа да авторларға сын сойылы тимей қалған жок. Мұншама соққылар кімге де болса оңай тимейтін еді. Оның үстіне көп уақытка дейін газет журнaldарда енбектерім басылмады, материалдық қындықтар көрдім. Әйтеуір акыры жақсы болды.

— Енді өзгелер тұралы Сіздің ойыңызды білсек. Қазір козі тірі, замандас ғалымдардың арасынан кімдерді ерекше атап, ғұламалар қатарына, етіне елеулі еңбек сіңіргендер қатарына қосқан болар едіңіз. Әрине, оларды қандай еңбектері мен қасиеттері үшін жоғары бағалайтыныңызды да айта кетсеңіз, тіптеп жақсы болар еді?

— Бұл сұрапқа орай қоғамдық ғылымдар бойынша кейір замандас ғалымдарды атағым келеді... Менін ойымша бірнеше археологиялық, монографияның авторы, тарих ғылымдарындың докторы Кемел Ақышев зерттеулерінің сонылығы, терендігі және кәсіби деңгейі жағынан Қазақстанның ғана емес, әлемдік көлемдегі аса ірі тұлғалардың бірі. Оның ежелгі Отырар және Сак, Үйсін дәүірінің мәдениеті туралы зерттеулері қандай биік баға да лайық туындылар. Өкінішке қарай, біз бұл енбектердің көне тарихымызды мұлде жана деңгейде түсінуге жол ашканын жеткілікті пайымдай алмай келеміз...

Кенес дәүірінде европалық деңгейдегі білім мен ғылымды жете менгеріп, батыс өркениетінің жетістіктерін бес саусағындағы таныған мамандар түрлі ғылым таралынан-ак көрінген еді. Солардың катарынан арғы жағы Аристотельден бастап, Батыс Еуропаның Гегель мен Канттарының философиясын "қантша шағатын" академик Жабайхан Әбділдин бірінші кезекте аталуға лайық. Оның және ол басқарған философия институтының ғалымдары бірлесіп шығарған том-том енбектер Одақ көлемінде мойындалып, өз

алдына зерттеушілік мектеп деп танылған. Сол ғылыми мектептің негізін салушы әрі жетекші маманы Ж.Әбділдиннің бес томдық шығармалар жинағы философия пәніне кадам қойғандардын аттап өте алмайтын білім қоймасы екенін айту парызы...

Фольклортану мен әдебиеттану бойынша филология ғылымдарының докторлары Сейіт Қасқабасов пен Тұрсын Жұртбаевтың енбектері өз такырыбымен, өз жаңалығымен ерекшеленеді. С.Қасқабасов қазақ ауыз әдебиетінің бұрын аз зерттелген тарауы – халық прозасын тұнғыш рет жан-жакты тексеріп, монография («Қазақстан халық прозасы») түрінде жариялады. Оның миф, аныз, әпсана және бұлардың генезисі, жанрлық түрлері, поэтикасы туралы ізденістері осы кезге дейін көбінше өлеңдік фольклорды ғана тексеріп келген ауыз әдебиеті туралы ғылымның көкжиегін көңейтіп, тұтас зерттеушілік мектептің калыптасуына жол ашты... Т.Жұртбаевтың жиырмасының ғасырдағы қазақ көркем әдебиетінің классигі, әдебиетіміздің данқын әлемге жайған суреткөр, ғұлама М.Әуезов өмірі мен шығармашылығының тарихына арналған енбектері («Талқы», «Бесігінді түзе», т.б.) әдебиеттану ғылымының жетістігі болды. Бұл зерттеулерде жазушы шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшелігі замананың саяси, әлеуметтік оқиғаларымен, жекебастық өмірдің иірімдерін көрсетумен тығыз байланысты сипатталады; М.Әуезовтің көптеген шығармалары, тұлғалар мен тұптұлғалар шебер салыстырылады; осыған орай жазбаша құжаттар, замандастар естеліктері келтіріледі. Ұлы жазушының шығармашылық психологиясы, каламгердің ондаған жылдар бойында бастан кешкен сергелден халдері, көрген киянаты, әсіре белсенділер озбырлығы, өмір шындығы мен көркемдік шындықтың аракатынасы, т.б. күрделі әдеби мәселелер талданып, толымды жауабын тапқан.

— Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университетінде екі президенттің қызметті бірге атқардыңыз. Үшіншісімен қазір бірлесе жұмыс істеп жүргізіз.

Олардың қай-қайсысы болса да халқымыздың біртұар азаматтары, айтулы тұлғалар. Алайда, екі президенттің де қызыметтөн кетуі котiліктің көңіліне қаяу салғаны ақиқат. Әсіресе, Жұрынов Мұратты университеттің он жылдығын, озінің 60 жасқа толуын тойлаптайды, басқа жұмысқа ауыстырып жібергені, шын моніндегі, қатыгездік сияқты.

Бұрынғы, қазіргі президенттер туралы оз ойыңыз бер пікірізді ортага салып корініши. Елдің аузында, халықтың жүргегінде жүрген Сіз сияқты бұгінгі күнің абыздарынан пікір есту олар үшін де болашақ үшін де оте қажет-ақ.

– А.Ясауи атындағы Халықаралық казақ-түрік университеттің алғашкы ректоры, академик Мұрат Жұрынов – дарынды ғалым болуының үстіне, үлкен ұжымдарды басқару тәжірибесі мол, адам, азамат ретінде қалыптаскан тұлға. Ол университеттің іргесі бекіп, қалыптасуы үшін көп жұмыс атқарды. М.Жұрынов химияғының өкілі бола тұрса да, казак тілінің мемлекеттік дәрежесі көтерілу үшін де ой толғайтын мүмкіндігі бар еді. Ол латын әліпбіне көшу мәселесі талқыға салынған кезде, болашақ алфавиттің бір вариантын жасап, баспасөз бетінде жариялағаны осыны дәлелдейді. М.Жұрыновтың университет басшылығынан өзі үйымдастырған оку орнының он жылдығы, жасының алпыска толуы қарсанында кенет босатылуы жүртшылық үшін түсініксіз...

Ал, одан кейінгі ректор Оразалы Сәбден жағдайы баскашалау. О.Сәбден жұмысқа кіріскең бетте істі алға жылжытуға құлышының көрсеткенімен, бұрын жоғары оку орны жүйесінде тәжірибесі жоктығынан ба, билік тізгінін босаңсытын алды; кейінен университет басшылығындағы түрік әрінестерімен тектептеске жол берді. Оның ректорлық аргымагы үстінде ұзак отыра алмауының себебі осы жағдайларға байланысты ма деп ойлаймын...

Енді қазіргі ректорымыз Серік Пірәлиевтің жұмысы же місті, енбеті абыройлы болуына тілектеспіз. «Ел баскаар жігіттін етек-жөні кен болар» – дегендегі жана ректорымыз аз уа-

қыт ішінде университет ұжымымен де, кала әкімшілігімен де тіл табысып істей алғатынын, парасат, білігі мол азамат екенін байқатты. С.Пірәлиевке ел сенім көрсетіп, жақында оны Онтүстік Қазақстан облыстық мәслихатына депутат етіп сайдады.

– Мемлекеттің міздің, қазақ ұлтының болашагы Сізді қанты ойландыратының біз жазған ғылыми еңбектеріңізден, айтқан создеріңізден жақсы білеміз. Сонда да болса бұл жөнінде ойыңызды тағы да есіткіміз келеді.

– Эрбір ел өзінің өткен жолын, женістері мен жеңілістерін, асыл дәстүрлерін, адамшылық тәжірибесін біліп, жақсы үрдістерден тағым алып, кателіктердің кайталамауға ұмтылуы керек. Әсіресе, басқыншы құштердің жауыздықтары салдарынан көнілі жер болып, өзіне деген сенімнен айырылып, жақсылыққа да, жамандыққа да селт етпей мәңгүрттеніп кеткен қауымның рухын кайта тірлітүте атсалысу парыз. Еліміз егемендік алғалы бері ұлтының болашағы қандай болмақ деген мәселе отаншыл азаматтардың жадынан шыққан емес. Өйткені демократиялану, пікір кеңістігіне жол ашу деген ұранның тасасында халқымыздың менталитетіне орасан залал келтіретін орыс тілді кітаптар, теледидар, радио хабарлары, газет-журнал басылымдары селдей кітаптап кетті. Оның есесінде казак тіліндегі кітаптар тиражы (болашы көлемге 1000-2000 дана) төмен құлдырады. Біздің жас жеткіншектеріміздің санасына у құйып келе жатқан – теледидардағы соракы көрсетілімдер. Ресейдеғанда емес, Қазақстанның өзінде орыс тілінде шығатын газеттер бетінде казақ тарихы мен мәдениетін каралап көрсететін материалдарға тыым салынбай, тұтас бір ұлтқа тіл тигізетіндер жазаға тартылмай келеді. Біздің басшы орындардың осындай жағдайға бейтарап кала беретінін біліп алғандар айылын жиятын емес. Бұндай бетімен кеткендікке тосқауыл койылмаса, істін аяғы жақсылыққа апармайды. Өз республикамызда шығып жатқан басылымдарды бетімен жіберу – казақ ұлтының мұддесін сатумен бірдей. Мұндай жонсіздіктерді болдырмау үшін, халыққа гайбат айтудан іркілмей келе жатқан баспа орындары мен журналистерді

жазалайтын зан баптарын қабылдау қажет. «Ұлттымды сүйемін» деп тілдің ұшымен сыйрайтын басшылар елдің нағызына қорған бола алмаса, орнынан кетуі керек. Мұны талап етуге халқымыз хакылы. Газет, журнал, кітап беттерінде, радио, теледидар, концерттік хабарларда казак халқының өзіне тән құндылыктарды насиҳаттайтын бағдарлама көлемін кемінде 70-80 пайызға көтеру шарт. «Мәдени мұра» деген атпен жақындаған ғана қабылданған Үкімет қаулысын жүзеге асыра алсак, ұлт болашағына қажет мұқтаждар өтелер еді. Ендігі жерде казак халқының рухани құранысын өзгелерге жалтақтай отырып, қысыла-қымтырыла сөз ету мүлде жеткіліксіз. Барлық істе, пікірде: «Біз қазак еліміз, демек мемлекеттің де бірінші парызы казак ұлттың еңкейген енсесін көтеру, ұмытылған есесін қалпына келтіру, ал республикадағы түрлі ұлт диаспораларының бакыты казак халқының тарихи орны мен құқын мойындал, достық, ынтымакпен өмір кешулеріне байланысты», – дегенді анықтасқ, ешкімнің де өті жарылып кетпейді. Қазакстандағы диаспора өкілдері қазак мәдениетін, тілін, дәстүрін құрмет тұту, білу арқылы ғана болашаққа сенімді кадам басатынын түсінін... Қазак адамы бұрынғы билеуші ұлтқа көзсіз құлдық ұру психологиясынан арылсын, өздері басқаларға құр еліктей бермей, ентігін бассын, жерімізді мекендер отырған тағдырлас жүрттарды өзінін ауқымына тартсын, казак мәдениетін құрмет тұтқандарды қолдасын! Біздің болашағымыз осындаі бірлік, татулық диалектикасына тәуелді екенін басшымыздан косшымызға дейін ұғына білсе және осыны өмір зандылығы етіп калыптастырең күба-құп.

Қазак (қыпшақ) тілі Алтын Орда сынды әлемге әйгілі алып империяның тілі болып, ұлтаралық катынас құралы қызметін атқарғанын, бұл тілді білуге орыстар, украиндар, Еуропа мен Азияның көп елдері ықыласты болғанын, кәзіргі кезде ғылым әлеміне мәлім қыпшақ-араб, қыпшақ-латын сөздіктері сол заманның ескерткіші екенін халқымыз білсе, жетіспейтінін жиі оқимыз. Оқулық жок болса, шәкірт білімді қайдан алады? Қазак мектептерінін санын және жаңадан

төлеуге келгенде тек қана қыпшақ (қазақ) тілінде сөйлегенін Олжас Сүлейменов өзінің «Азия» деген кітабында дәлелдеп жазғаны мәлім. Біздің республика жағдайында казак тілі кәзірде де ұлтаралық катынас тілі екенін алдымен өзіміз түсініп алайық. Қазакстандағы жалпы саны миллионнан артық өзбек, татар, ұйғыр, азербайжан, түрік, ногай, карашай, башкүрт, курд тағы басқалар үшін қазак тілі ұлтаралық қызметін атқарып келеді. Республикада казақ тілін жақсы білетін немістер, орыстар аз емес. Ұлты неміс, жазушы Герольд Бельгер, азербайжан қызы Асылы Османова, түрік Фадли Али секілді казак тілінің қамкор тілекестерін білмейтіндер кем де кем. Қазактың тілін ғана біліп коймай, ақындар айттысина да түсіп жүрген Надежда Лушникова, қазакша қүйқылжытып өн салатын Татьяна Бурмистрова, Татьяна Мартыненко, Татьяна Полтавскаяларды кім құрметтемейді? Біздің қазактар арасында «орыстар қазақша мүлде білмейді» деген жаңсак ұғым бар. Қазақшаны ұқпайтын орыс көп екені рас. Сонымен қатар ауызекі сөйлеу тілін едәуір түсінетіндер баршылық. Біз осы жағдайды ескермей, қазақша білетін орыстардың өзімен қазақша сөйлесуге дағыланбағанбыз. Орысты қөрсек, алдына түсіп орысша жорғалаймыз, қазақша ауыз ашуына мүмкіндік бермейміз. Басқалар тілімізді, дәстүрімізді сыйлау үшін, тәнірім алдымен өзімізге тектілік, нағыстылық бере қөрсін...

Ұлт болып сакталу, заманмен аякты тен басып ілгерілеу құрғақ ніетпен орындала коймайды. Ол үшін, ен алдымен, жан-жақты білімді ұрпак өсіріп, тәрбиелеу керек. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша алдағы кезде түрлі тараңта энциклопедиялар, сөздіктер, көптөмдіктер шығару қажеттігі корсетілген. Бұл дұрыс-ақ. Бірақ мектеп шәкірттерінен бастап, жалпы жүртшылық оқытын кітаптарды бірінші кезекте жеткілікті етіп шығарудың зәрулігін ұмытиналық. Баспасөз беттерінен казак мектептеріне ариалған оқулықтар жетіспейтінін жиі оқимыз. Оқулық жок болса, шәкірт білімді қайдан алады? Қазак мектептерінің санын және жаңадан

ашылатын бастауыш сыныптарды аныктап, соған сәйкес барлық пәннен окулық, хрестоматия, қолданба құралдар мөлшерін күн ілгері жоспарлау соншалыкты қын ба? Казакстаниң қазіргі жағдайында бастауыш және орта мектеп окушылары үшін толық көлемде окулық басуға жағдай жоқ дегенге кім сенеді? Бұл тарараптагы салактық пен жауапсыздыкты мұлде болдырмау керек. Өзбекстандағы, Қытайдағы, Ресейдегі, Монголиядағы казак балаларының оку құралдарына зәрүлігін есептеу үшін де ұлы математик болу шарт емес! Ресми деректерге қарағанда Өзбекстанда 660 казак мектебі бар делінеді. Ал сол мектептер оку құралдарымен қай дәрежеде қамтамасыз етілгені бір құдайға ғана мәлім. Басқа мемлекеттер қазак мектебі үшін сапалы окулық шығаруға өте ықыласты дегенге көніл сенбейді. Сонда сол елдердегі казак балаларын оку құралдарымен жабдықтау ісімен кім айналысусы керек? Келешектен үміті бар ешбір мемлекет шетте шашырап жүрген отандастарын үміт қалдырмайды.

Кепшілікке арналған көркем әдебиет кітаптарын шығару көлемі қазіргідей мың, екі мың тиражben қала берсе, жақын жылдарда кітап оқымайтын елге айналуымыз мүмкін. Сонда осы замандағы ғылым, техниканы менгереміз, Еуропа, Америка секілді озық мемлекеттермен білім, іскерлік тенестіреміз дегеніміз іші кеуек кеп сөз болып қалмай ма? Кенес жылдарында киыр шығыстағы Чукчи, Юкагир, Эвенки секілді ұсақ ұлыстар үшін бір мың тиражben кітап шығарылса, біздің баспаларымыздың өнімі он мың мен елу мың аралығында таралатын. Қысқасы көркем, ғылыми, ғылыми-кепшілік кітаптардың тиражын көбейту, бұдан он жыл бұрын жабылып қалған кітапханаларды қайтадан қатарға косу – кезек күттірмейтін мемлекеттік мәселе...

— Raxa, Сіз көп оқытЫн, оқығанын ойына көп тоқытын еліміздегі саусақпен сапарлық галымдардың қатарындасыз. Қазақ халқына, алдағы үрпақтарыңызға қандай нақыл айтқан болар едіңіз?

Бұл күндөрі, еліміздің зияны шыгармашылт азаматтары

саясатқа да араласа бастады. Партияларга мүше болып, елдің, халықтың қамын ойлайтын «белсенділер қатарына» қосылуда. Сіздің бұл мәселелерге көзқарасызыз қалай? Партияға мүшесіз бе? Мүше болмасаңыз, қай партияға бүйрекіз бұрын тұрады?

— «Талай сөз мұнаи бұрын көп айтқанмын» деп ұлы ақын жазғанында, мен де, хал-қадерімше, мұндай сауалға бұрынын рахта ой толғап көргенмін. Мениң «Байкалдан Балқанға дейін» (1996) деген кітабымда «Ұш бірлік» деген мақалада біздің еліміздің келешегі үшін уш бірлік: казак халқының өз ішіндегі, түркі халқының арасындағы және ислам елдерінің бірлігі аса маңызды деп көрсеткен едім. Сол пікірімді қазір де қайталағым келіп отыр. «Қазақ бірлігі» дегенде мен біреу мен біреу жанжалдасып немесе өзара зәбір көрсетісіп жатканы үшін емес, әлі құнғе дейін кейбір мансапкорлар мен дүниеконызы жандардың топшылдық, жікшілдік мұддесіне жұмсалып келе жаткан рушылдық, тайпашилдық (кенірек алғанда трайбалистік) бөлінулердің зардабы зор екенін есте тұтқанмын. Мұндай кесапат көріністер біздің когамымызда кездесіп қалатынын жасырудың қажеті жоқ. Әдетте, біз қазактың үш жүзінің ұлы билерін зор құрметпен атайдыз. Ал сол билердің ешқайсысында да ұсақ рушылдық, өзге рудың жаксы адамын көре алмаушылдық, жаман да болса, өзімізге «жакын» деп жасық тұған болымсыз жандарды көтермелешілік атымен болмаган. Адамды бағалауда қазак билерінің демократиялық принципі мейлінше әділ еді ғой. Өкінішке қарай, сонғы жартығасыр ішінде кей жерлерде кадрларды іскерлігіне, біліміне, парасатына қарап емес, тайпалық жақындығына бола «стандайтын» жарамсыз тәсіл орын тепті. Осындағы пифыл үстем болған ортада небір дарынды адамдардың жолы байланатынын көріп жүрміз. Мемлекет көлемінде мұндай кесел сарқыншағынан неғұрлым тезірек құтылсақ, ісіміз де, көшіміз де соғұрлым алға баспак. Бұл мәселе жөнінде ұлы Абайдың «бірінді, казақ, бірінді дос, көрмесен істің бәрі бос» деген өситеті бәрімізге ортак аманат деп білсек азбал...

Фарисейлік кызыл сөздерге малданбай, шындықтың бетіне тұра карасақ, түркі тілдес халыктардың өзгелерден ғері бізге тілі де, діні де, дәстүрі де жақын екенін мойындаймыз. Қазақстан егемендік жариялағанда шын қуанып, тәуелсіздігімізді бірінші бол таныған Түркия болуы кездейсок емес. Өйткені түрік халыктарының өзара бірлігін, мұратын дәнекерлеп тұрған рухани, мәдени құндылықтар өте көп. Өз ішіндегі ынтымағын жоғалтқандықтан, түрік халыктары ғасырлар бойында бөлшектеніп, құшті мемлекеттердің тепкісінде қалғанын ұмытуға болмайды. Тағдырын сәттілігі туып, әлем картасында тәуелсіздік түрік мемлекеттерінін пайда болуы шын мәніндегі тарихи оқиға. Бір-бірінің басына ауырталық түскенде, алдымен жәрдем қолын созатын да түрік елдері екеніне мысал мол. Сол үшін тәуелсіз түрік республикалары да, басқалардың кол астында бодан болып отырған түрік ұлыстары да рухани, мәдени, экономикалық жағынан байланысын мейлінше жандандыра беруі елдеріміздің бақытты өмір сүруінін маңызды шарты. Әсіресе, ежелден ауыл аралас, қой коралас өзбек, қырғыз, каракалпак, түркмен бауырларымызben ынтымағымыздың берік болуы ауадай қажет. Алпауыт мемлекеттердің әзәзіл идеологтарының қыздырма сөздеріне еріп, дәл қасымызда отырған туыс халыктармен карым-қатынасмызды суытып алсақ, орны толmas екініш болар еді.

Ресей билеушілері Ислам елдерінің бірлігі дегеннен бізді шоштып, мұсылман мемлекеттерімен байланыс болмауын көздел келгені белгілі. Бұл еуропоцентристік, шовинистік көзкарастың түбірін енді-енді ғана анғарып келеміз. Діні бір елдердің арасындағы жақындық анағұрлым берік, жемісті болатынына тарихтың өзі куәлік етеді. Қазақстанның экономикасын өсіруге комакты, тиімді жәрдем көрсетіп келе жаткан да ислам мемлекеттері болуы осыған дәлел. Біздін ислам елдерінің бірлігі мызғымайтын камалымыз деген пікіріміз өзге діндегі мемлекеттермен өзара байланыстарды жүргізуға есте де кайшы келмейді. Әрқайсысының өз орны,

мәні бар. Қазақ халқының мәдениеті мын жыл бойында ислам құндылықтарының әсерімен дамып, қалыптасқанын есте тұтсақ, кімнің жақын, кімнің алыс екені айқындала түседі.

Қазақстандағы партияларға көзқарасым жөнінде бірер сөз. Мен республикамызда аты аталып жүрген партиялардың ешқайсысының да жүйелі, қалыпты бағдарламасын оқып көрмептін. Оның үстіне, қазақ халқының үлттық мұддесіне орайлас бағыты жоқ кандай да болмасын партияға іш тартпаймын. Үлттық идеяны көтерген «Азат» қозғалысы бар еді, бірақ ол қанатын жаза алмай, нактылы іс-әрекетімен көріне алмай жүр. Қазіргі дәқпірты құшті партиялардың көбі Қазақстанды үлттық-демократиялық мемлекет ретінде көркейтейік дегенді аузына да алмайды. Ал «азаматтық қоғам» орнатамыз деп жүргендеге менің ойым қосылмайды... Жақында Түркістанда «Асар» қозғалысының жинальысына қатысып, пікір айттым. Маған «Асардың» идеясы мен пафосы үнады. Қазактың «Асар» деген сөзінің мағынасы мейлінше жан-жакты екені есіме түсті. «Асары» бар елде бір де бір отбасы үйсіз-күйсіз қалмаған, жетім-жесірге, тарықкан мен торыққанға көмек көрсетілген, ешкім жұмыссыздықтан қанғып кетпеген; елдің бір жағы ток болып, екінші жағы жокшылық қасіретін тартпаған; қатыгездік, мейірімсіздік, дүниеконыздық пигыл үстем болмаған. «Асардың» басқа да қырлары бар... Мен әлгі жинальыста болғанымда түрлі зорлық-зомбылық салдарынан көп елдерге босып, шашырап кеткен қандастарымыздың кайтадан басын курайтын, жұмыссыздықтан, тұрмыс тапшылығынан сергелденге түсken отандастарымыздың қамын ойлайтын осы қозғалыс болар ма екен деп үміттедім. «Асар» қозғалысы енді партияға айналды.

Ол партияға жақсы мұрраттары жүзеге ассын деп тілекестік білдіремін.

— Бақыттылар қатарына кімдерді қосасыз?

— Өзбек халқының ұлы ақыны әрі ойшылы Әлішер Науайының: «Негұрлым көп адамға шарапаты тиген, енбегі сінген жандар соғұрлым бақытты», — деген сөздері көніліме қонады.

– Латын әрпіне көшуге қалай қарайсыз? Ертеде бір созіңізде озбектердің қазіргі біз қолданып жүрген әріптен елеулі зиян шегін жүргенін айтаңыңыз бар еді. Өзбектер тез латын әрпіне көшип кетті.

– Латын әліппесіне көшү бізге қажет. XX ғасырдың отызыншы жылдарында Кенес еліндегі түркі тілдес халықтар латын алфавитінде оқыған кезде бір-біріміздің жазуымызды түсіну анағұрлым женіл болғанын анық білемін. Қазіргі кезде түркі тілдес халықтардың бестен төрті (Түркия, Азербайжан, Түркіменстан, Өзбекстан) латын әліпбін пайдаланады. Ресейдің как ортасында отырган Татарстан үкіметі де латыншаға көшуге бейімді екені бізге мәлім. Ойланып, толғанып, солтүстіктері үлкен көршімізге жалтақтап, бір шешімге келе алмай жүрген Қазақстан мен Қырғызстан. Алфавит таңдау мәселесіне саясат көзімен қарамай, халықтың келешегіне қандай әліпбі колайлы деген түрғыдан келу керек. Кейбіреулер алфавитті латыншаға ауыстырысак, бұған дейін басылған кітаптарды оқи алмай қалмаймыз ба дегенді айтады. Бұл, шындығына келгенде, желеу сөз. Біріншіден, қазіргі біз қолданып жүрген кириллица мен латын әліпбінің жиырмаға жуық әрпі бірдей; екіншіден, осы күні хат танитын казактың көбі орта мектепте Еуропа тілдерін (ағылшын, неміс, француз) латын алфавиті бойынша оқыған. Сондықтан да латыншаны «қалай үрненеміз» немесе «көп уақытты керек етпей ме» деп үрэйленудін қажеті шамалы. Латын алфавиті – қытайдың иероглифі емес. Қажет еткендер иероглифті де үрненіп жүр ғой. Кириллицаның көп әріптері (і, щ, ә, я, ә, ф, х, ъ, ю) біздің тілдік ерекшелігімізге мүлде сай емес. Сондықтан да бұл әріптер араласқан казак сөзі табиғи қалпынан өзгеріп, тіл қисының бұзуға мәжбүр етеді. Латын алфавитіне өтсек, мундай жасанды киындықтардан күтыламыз. Дүние жүзіндегі ғылым мен техникасы ен озық елдер латын әліпбімен жазады. Ғылыми-техникалық терминдердің көбі де, компьютерлік жүйе де сол елдерде жан-жакты қалыптастан. Әдетте Еуропа елдерінің білімі бінк, ғылыми ойлары ілгері скенін мойындаи,

жаңалыктан қашпайтын қазақтың латын алфавитіне келгенде енжар қалуы түсініксіз. Аныңында, бұл арада халықта тұрган ештеге жок. Бар мәселе – бұл идеяға үкіметтің мойны бұрылуына тіреліп тұр. Бір ғана ескертелігі латыншаға көшуде науқанышылдыққа жол бермеу керектігі.

- Сіз үнаптайдын қасиеттер?
- Екіжүзділік, Отан мұддесіне қатындық.
- Дүниеде нені, кімді жақсы көресіз?
- Әділдікті, кайырымдылықты.
- Шекірттеріңізден кімді ерекше мадақтаісыз?
- Фылымда өз жолын тауып, жемісті енбек етіп жүрген шәкірттерім аз емес. Солардың ішінен филология ғылымдарының докторлары Данай Ыскақовты, Болатжан Эбілқасымовты, Тынысбек Коныратбаевты бөліп айтар едім. Бұлардың кай-кайсысы да қазір көптеген күнды енбектер жазған, әдебиеттану, фольклортану жүргін көтерісіп, ғылыми шығармашылықты оқытушылық, ұстаздықпен ұштастырып келе жаткан көрнекті ғалымдар.
- Жастарға тәрбие берудің қайнар көзі кімде, неде?
- Халық дәстүрі.
- Жастардың қазіргі іс-әрекеттеріне көзіліңіз тола ма?
- Маған үлттық және имандылық тәрбие алғандар артық көрінеді.
- Қогамның алға басуы үшін ең қажет нәрсе не?
- Бұған Абай атаның сөзімен «Талап, енбек, терең ой» деп жауап айтуға болар еді.
- Ғылыминың пайдасы мен зияны?
- Таза пейілмен, адамшылық шартымен нұрланған ғылым пайдалы. Ал табиғат пен қоғам өмірінің белгілі бір заңдылықтарын анықтауды қөзdemей, атақ алу үшін ғана жасалған «ғылым» зиянды.
- Рахманқұл ага! Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін. Ұлагатты, толім-тәрбиеңік создеріңізге конрахмет. Баршамызга Алтаның нұры жаусын!

## «ҰЛТ» ДЕГЕН СӨЗ ҰЛЫҚТАЛМАЙ ТЕРЕЗЕМІЗ ТЕҢЕСПЕЙДІ

Кешегі тоталитарлық жүйе ұлттық әдебиетті колынан келгенше түншіктырып, уысында ұстап келді. Шындықты айтып, барды көрсетуге мүмкіндік бермеді. Соған карамай ұлтжанды зиялды қауым өкілдері әртүрлі жолдарын тауып, халықтың өз рухани байлығын өздеріне таныстырып, насиҳаттап отыруды қоймаған. Нақақтан жала жапты, абақтыға қамады, атты, асты, бірақ олардың рухын жасыта алған жок. Ал, ақиқатын айтсак, әлемде қазақ әдебиетімен иықтасатын әдебиет некен-саяқ.

Төменде осындай тоталитарлық жүйенің «тоқпағын» көрген әдебиетіміздің аға буын өкілі, КР ҮФА академигі, Түркістандағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Рахманқұл БЕРДІБАЙ әдебиетіміздің кешегісі мен бүгіні жайлы ой толғайды.

### Газеттің мінезі болуы керек

— Келесі жылды «Қазақ әдебиеті» газетіне 70 жыл толмақ. Осыған орай біз осы басылымда әр жылдары қызмет атқарған журналистердің пікірлерін үйимдастырып отырмыз. Сіз де әдебиеттегі алғашқы қадамдарыңызды осы газетте бастаған едіңіз гоі...

— Біраз жыл үзілістен кейін «Қазақ әдебиеті» газеті 1955 жылдың қантар айынан бастап шыға бастағаны мәлім. Мен осы газеттің алғашқы саны шыққаннан 1959 жылға дейін сын бөлімінде әдеби қызметкер, кейіннен бөлім менгерушісі болып қызмет еттім. Бұл жылдарда газеттің бас редакторы болғандар: С.Мәуленов, И.Жарылғапов, Ә.Тәжібаев, З.Қабдолов. Редакцияның ілki құрамында С.Шәймерденов (бас редактордың орынбасары), Т.Абрахманов (жауапты хатшы), Т.Әлімқұлов, М.Әлімбаев, Б.Сокпакбаев, Н.Ғабдуллин. А.Шамкенов секілді белгілі ақын-жазушылар, редколлегия

мүшелігінде М.Әуезов, С.Мұқанов бастаған әдебиетіміздің аға буын өкілдері болды.

«Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет істеген жылдар мен үшін шын мәніндегі әдеби мектеп еді. Бұған дейін облыстық газеттерде жекелеген өлеңдер жариялад келгенмін. Газетте сын бөліміне қабылданым менің болашак жанрымды түпкілікті белгілеген оқиға болды. Сын бөлімінің менгерушісі, дарынды сыншы Тәкен Әлімқұлов, бас редактор, майталман ақын, публицистиканың шебері С.Мәуленов секілді каламы төселген әріптестер тәжірибесінен тағым ала отырып, бірыңгай сын, рецензия, көсемсөз жазуға бейімделдім. «Қазақ әдебиеті» газетінің жүртшылық көnlіндегі сан сұрауларды көтеріп, даңққа боленген кезі – С.Мәуленовтің бас редакторлығы тұсында болғанына тоқталмай өту мүмкін емес. Осы кезеңде газетте ұлттық өмірдің бұған дейінгі ондаған жылдарда қозғаусыз калған мұқтаждары көтерілді. Республикалық, облыстық газет бетінен бірыңгай, саяси, ресми хабардан, өндірістің, ауылшаруашылығының көрсеткіштерінен өзге материал оқи алмай келген жамағат «Қазақ әдебиетінің» бетіндегі әдеби, мәдени, тарихи, рухани тақырыптарды зор сағынышпен карсы алған еді. Ол жылдарда адамдардың арманы мен үмітін, өз пікірін, ұсынысын, орын тепкен кемшіліктерге деген сынын басатын жалғыз газет «Қазақ әдебиеті» болды. Бұл газет бір заманда орыс елінің демократиялық дамуына ықпал жасаған «Современник» журналы мен «Литературная газета» секілді ұлттық мұраттың шамшырағы болатынына сенетін едік. «Әр номерде кемінде бірер сүйекті материал берілетін болсын» деп талап қоятын еді Сырекен. Лездеме жиналыстарда редакция қызметкерлері өздері маңызды деп тапқан тақырыптарын еркін ұсынып, ортага салатын. Еліміздің еңсесін көтеретін, жоғын жоқтайтын, ұмытылған күндылықтарын қайта жаңғыртатын ой-пікір қозғауға күллі редакция қызметкерлерінің атсалысуы газет жұмысына айрықша мақсаттылық, серпінділік дарытатын. Қазақстан Орталық Партия Комитеті мен

Үкіметінің 1956-1957 жылдарда мәдени мұраны игеру, казак әдебиеті тарихын зерттеу, казак тілін оқытудағы олқылықтарды түзету жөніндегі үш қаулысының шығуына тікелей козғау салған жарияланымдар әдебиет газетінің бетінде жарық көрген. Бірақ, газеттің көкейкесті мәселелерді көтеруі халыққа ұнаганымен, жоғарыда билік басында отырған кейбір басшылардың сынына ұшырағанын білеміз. Осының салдарынан редакторлық данкы аспандап тұрған С.Мәуленовке тұрлі кінәрреттар тағылыш, орнынан босатылғанын көргенбіз. «Қазак әдебиетіне» атақты ақын Ә.Тәжібаев бас редактор болған кезде де газет жұртшылық ойының үйіткесі болып, сын материалдарының әрі батыл, тегеурінді сипатқа көтерілгенін айтудың парызы. Газет жұмысының жандануына редколлегия мүшесі, ұлы ғұлама, жазушы М.Әуезовтің зор көмек көрсеткенін сол кезде қызметтес болған әріптестерім есінен шығармаған болар. Мұқан ғылыми-педагогикалық, суреткерлік қыруар іс аткарып жүргеніне қарамастан «Қазак әдебиетінің» әрбір саны талқыланатын отырыстарға келіп, үлкенді-кішілі жарияланымдардың бәріне пікір айтЫп, қандай материалдың қай бетке орналасуы тиісті екеніне дейін көніл бөлөтін. Тіпті, ол газеттің «Қазак әдебиеті» деген атының қандай каріппен терілгеніне де назар аударып, қуанғаны бізді танқалдырган еді. Мұқан басылған материалдардың өзектілігіне, көтерілген проблемалардың маңыздылығына, өткірлігіне айрықша мән беретін. «Газеттің мінезі болуы керек» дегенді жиі ескертетін еді. «Қазак әдебиетінің» бетінде жарық көрген батыл макалаларды мансұқтауға қысылмайтын кейбір басшылардың нақақ озбырлығынан зәбірленіп жүргенімізде, ұлы жазушы өзінің биік беделімен, халық мұддесін терен ойлайтын парасаттылығымен бізге таудай тірек болғаны ұмытылмайды...

## Қызметімнен қалай шеттетілдім?

— Сіздің 50-жылдары «Ең үлкен мәдени байлық» деген мақалалық жұмыстан шығып қалуыңызга себепкөр болыпты ғой. Неге?

— Бұл мақаланың жазылу тарихы, окушыларға тиізген әсері және маған берілген жаза, бастаң еткерген нала туралы бұдан бұрынырақ бірер тұста жазғанмын. Егер бұл мәселенің қазіргі оқырманға қажеті болса айтайын. «Ең үлкен мәдени байлық» деген макала «Қазак әдебиетінде» 1956 жылы 22 сәуір күні жарияланды. Бұл – тоталитарлық жүйенің асқынған кезіндегі езілген ұлт өкілінің ышқынған жанайқайы секілді нәрсе. Елуінші жылдардың бас кезінде қазак зиялышарына жасалған репрессияның заһары халқымыздың қеудесін басып, намысын мүлде өшіріп тастағандай еді. XIX ғасырдың 30-40 жылдарында Ұлт-азаттық көтерілісті бастаған Кенесары Қасымовты қаралау науқанының кен көлемде және барынша катығез жүргізілген соншалық – ендігөрі қазак баласы тендік, елдік мұрат дегенді ауызға алмайтындей хәл орнықкан болатын. Талантты тарихшы Е.Бекмаханов азаттық үшін күресті зерттегені үшін бірнеше жыл бойында сын сойылынан көз ашпай, ақырында жиырма бес жылға сottалғаны белгілі. Мектеп оқулыктарында тәуелсіздік туын көтерген ерлердің әдебиеттегі бейнесін сөз еткен көрнекті ғалымдар Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайлов, жас ақын Б.Ысқақов, халық ақыны Нұрлыбек Баймұратов та сottалып, жиырма бес жылды «аркалап» ит жеккенге кете барған. Қазак филология ғылыминың көшбасшысы М.Әуезовтің көзін жоюға тексеру орындары шындал кіріскендігі анық. Бұл көтерден Мұқан Мәскеуге кетіп қана аман қалған. Қазак ғылыминың корифейі, академик Қ.Сәтбаевтың «ұлтшылдықпен» айыпталып, қуынға түскені де тарихымыздың қасіретті беттері болып табылады.

Егемендік алған қазіргі кезіміздің жас буын өкілдері қазактың озық ойлы перзенттеріне жасалған зорлықтың себебіне жете қанық болмауы мүмкін. Сол үшін елуінші

жылдардың бас кезіндегі саяси, идеологиялық жағдайды еске түсіру қажет. Бұл бұрыннан бағынышты халықтарға өктемдік жүргізген Ресей шовинизмінің ең шырқау биғіне шықкан кезі болатын. Фашистік Германияға карсы соғыс женіспен аяқталған 1945 жылдың жазында Сталин маршалдармен баскосу кезінде «ұлы орыс халқының» мәртебесін аскактатып ұран тастаған. Сол сол-ақ еken, Кенес Одағының құллі баспасөз, радио, оқулық, әдебиет, киноларында орыс халқын марапаттайтын материалдар тым көбейген еді. Айтатындары: «Жер бетінде социалистік қоғам орнатқан орыс халқы дүние жүзіне жақсылық әкелді, сондыктан оның ұлылығын мойындау міндет», – дегенге саятын. Осыдан барып тарихта, ғылымда орыс халқының біріншілігін (приоритетін) насихаттау мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілген. Шовинизмін осы бір лайсаң тасқыны өмір мен ғылымның барлық саласында селдей қаптады. Ертеде Ресеймен соғысқан елдердің бәрі басқыншы, өз азаттығын корғағандар «көртартпа, монархист» болып шыға келді. Сонау XIV ғасырдың ақырында Алтын Ордаға тиісті салығын төлемеген князьдерді қайтадан қатарға коскан Едіге батыр Ресейдің қас жауы атанды: казақ, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпак халықтарының ең сүйікті дастандарының бірі – «Едіге батыр» оку бағдарламаларынан шығарылып, аты атамайтын болды. Эпикалық мұрамыздың күрделі бөлегін құрайтын казак-ноғайлы жырлары зиянды деп жарияланды. Казак дастандарынын «Қамбар батырдан» басқасына кінерат тағызып, архивтің тереніне тықсырылды. Казак халқының ұлы хандарының тарихи еңбегін зерттеуге тыйым салынды. Мәскеу билеушілерінің ұлт тілдері жөніндегі саясаты мейлінше ашық және өреспек болды. «Коммунизмге барғанда басқа тілдер жойылып, тек орыс тілі ғана ұstemдік құрады, сондыктан осы бастан орыс тіліне көшудін қамына кірсейік», – деген ұран көтерілді. Бұл ұран ғана емес, кешеуілдетуге, өзге дәлел айтуға болмайтын нақтылы нысана делінді. Осы нұсқауга сәйкес Қазакстанда казак мектептері жабыла

баставы, оларда казақ тілін оқыту сафаты күрт азайды, еуропа музыкасына көшүте жаппай бетбұрыс жасалды. Сол кездегі кенес елінің басшысы Н.Хрущев жаппай орыс тілін ментеруді мемлекет алдындағы уәзиша деп жариялады. Республика өмірінің барша саласында осы мақсатты жүзеге асыратын шарапалар жүргізілді. Бір жағынан, казақ тілінің өрісін барынша тарылту қолға алынса, екінші жағынан, Қазакстанда орыстар мен орыс тілінде сөйлейтіндердің санын еселең артыру көзделді. 1954 жылы Орталық Қазақстандағы тың және тынайған жерлерді игереміз деген сұлтаумен Ресейден, Украинадан жүз мындаған адамды казақ даласына көшіріп екелді, Сарыарқадағы жүздең ауылдар таратылып, оның орнына бірыңғай еуропалыктар тұратын ірі совхоздар жайғасты. Дәл осы кезеңде Қазакстанда мынға жуық казақ мектептері жойылып, қазактың ұл, қыздары жаппай орыс мектептерінде оқитын болды. Ана тілін білмейтін, өз халқының тарихынан, дәстүрінен бейхабар, ұлт тағдырына жаны ашымайтын тасбауыр, дубәра қауым дүниеге келді. (Бұғынде көптеген басшы мекемелерде казақ тілін менсінбейтін, пейілі, түсінігі жат, мемлекеттік тілдің жүзеге асуына кедергі келтіріп отырғандар сол кездегі орыстандыру саясатының «жемісі»).

Қазак ұлтының рухын өшіруге бағытталған, жан-жақты ойластырылған істердің аты-жөнін санап тауса алмаймыз. 1940 жылға дейін латын әліппесінде оқып келген қазақ елін кирилл алфавитіне көшіру – орыстандыру бағытындағы алдын ала іске асырылған шара екенін көкірегі ояу, көзі ашық жандар анық сезгенімен, «бұл дұрыс емес» деуге дәрмені жок еді. Алфавит орысшаланған соң, тіл де орысшага бейімделу қажеттігі өзінен-өзі күн тәртібіне қойылғаны түсінікті. Кириллицаны тіліміздің табиғатына лайықтау қажеттігі ескерілмей, бөгде әріптерді (ң, ҹ, ҹ, ф, ю, я, ъ, ь) әліпбіймізге зорлықпен енгіздік. Бұл – тіліміздің іргетасына қойылған жарылғыш мина тәрізді әрекет еді. Түрлі пәндер бойынша терминдер орыс тілінен тікелей көшірілетін. Қазак

тілі мен әдебиетінен басқа пәндердің оқулықтары орысша нұсқасынан аударылды. Мұндай жағдайда, қазак тілі ғылым тіліне айналмайтыны белгілі еді. Орта мектептер мен жоғары оку орындарында қазак халқының тарихы пән ретінде өтілген жок. Әлемдік өркениетке өшпес үлес коскан, дүниедегі ең ескі алфавиттердің бірін жасаған, кезінде көптеген алып империялар орнатқан, ғылымның әр саласынан данышпан, ғұлама ойшылдарды тудырған түрік халықтарының, соның ішінде қазак халқының бай тарихынан мыскалдай да мағлұмат берілмейтін еді. Еліктегенде алдымызға жан салмайтын дағдымызбен орысташу бағытында өзімізге көрші туыс халықтардан «кара үзіп», озып кеткен едік. Кейбір облыстық газеттердің атын («Көкшетау правдасы», «Семей правдасы») жартылай орысшалап алғанды кәдімгідей жетіскендік көргендер де болған. Ал, республикалық «Қазақстан коммунисті» журналы мен «Қазақстан мұғалімі» газеті тек қана орыс тілінде дайындалып, сонынан казакшага аударылатын еді. Қазак тілінің өрісін тарылтудың тағы бір тәсілі – казакша-орысша аралас мектептер ашу болатын. Ондай мектептерде қазак тілі қулашын жаза алмай, империяның тілі – орыс тілінің тасасында қалып коятыны белгілі болатын. Номенклатуралық қызметке тек орысша оқығандардың ғана бара алатыны атап-аналарды өз балаларын орыс мектебіне беруге итермеледі. Ақыр аяғында, елуінші жылдардың бас кезінде жоғары оку орындарына түскісі келетін қазак мектебін бітіргенabiturientterge ен алдымен орысша шығарма жаздыртатын болды. Осындағанда мектебін барлық басқа пәндерден үздік бітіріп келгендерді емтиханнан құлату орын ала бастады. Біз бұл мәселені біреуден естігендіктен емес, 1953, 1954, 1955 жылдары небір дарынды оқушылардың орыс тілінен шығармадан құлап, ауылдарына күйініп қайтқандарын көзімізбен көріп, көңіліміз түнілгендіктен айтып отырмыз. Шынында да, осы кезде Н.Хрущевтің: «Фасырлар бойында Қазақстанды орыстандыру жөнінде патшалық Ресейдің жасай алмағанын біз аз жылда жүзеге асырдық», – деп

мактанғанындағы-ак ахуал туған еді.

Мен жоғарыда сөз болған «Ең үлкен мәдени байлық» деген мақаламның нақтылы мазмұнын кайталамай, сонда көтерілген мәселелердің себебіне көтісты кейбір жағдайларды сөз еттім. Ол мақаланың негізгі пафосы – ұлт тіліне, мәдениетіне, дәстүріне тәнген қауіптің атын атап, түсін түстеп көрсетуге, барған сайын қарқын алған орыстандыру саясатын әшкереleуге арналған болатын... Бұл мақала жүргішіліктың көnlіндегі тұнып түрған түйткілерді дөп басқан еді. Сол кездегі казақша оқытын жандардың көбі мақалада көтерілген идеяларды толық колдағанын редакцияға келіп түскен ондаған, жүздеген хаттардан білемін. Тіпті, осы мақала менің сыншылық, публицистік бағытымды белгіледі десем де артық емес... Бірақ Мәскеудің саясатынан қия баспайтын өзіміздің басшылар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1956 жылғы қаулысында мені үлтшыл атандырып, тізімге бірінші етіп койды; партиялық жиналыстарда талқыға түстім, республикалық «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде менің «үлтшылдығымды» әшкереlegен мақалалар жарияланды. Менің «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» деген мақаламды басқаны үшін, «Көкшетау правдасы» газетінің редакторы орнынан алынды, редакцияның бірнеше қызметкеріне сөгіс жарияланды. Көп кешікпей мен «Қазақ әдебиеті» газетіндегі қызметімнен босадым...

«Жетім козы тас бауыр, тұнілер де отығар» дегендегі ол киындықтар мені жасыта алмады. Менің сол кездегі халім халықтың «таяқ жегізіп сайда жүргенше, таяқ же де, қырда жүр» деген нақылына сәйкес келетін еді...

### Алыстағы жауһар: «Қазақтың жеті қағаны»

– Қазақ ауыз әдебиеті әлемдегі ең бай әдебиет екені белгілі. Бірақ осы байлықтың игерे алмай жатырмыз. Сонымен бірге қазақ ауыз әдебиеті Қазақстаннан тың жерлерде де осу, даңу үстінде. Мәселен, Қытайда «Қазақтың

жемі тұғаны» атты үлкен эпикалық дастан бар деп ес蒂 міз...

- Казак ауыз әдебиеті XIX ғасырдан бері жиналып, жарияланып, зерттеліп келеді. Кеңес дәуірінде де бұл істін тоқтап қалған кезі болған жок. Бұл кезге дейін ауыз әдебиетінің қыруар материалдары жекелеп те, топтама болып та жарыққа шықкан. Бастауын Ш.Үәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Э.А.Диваев, М.Көпеевтен алатын, XX ғасырда М.Әуезов, С.Сейфуллин, Э.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Н.С.Смирнова еңбектерімен жалғасатын, одан бертінгі зерттеушілер туындыларымен толысатын фольклортану ғылымының ұзак та жемісті жолы бар. Фольклордың түрлі жанрлары: эпос, ертегі, аныз, әпсана, тарихи өлең, ғұрыптық және ғұрыптық емес поэзия, шешендік сөздер, айтыстар, мақал-мәтелдер, жұмбактар, жоқтаулар, толғаулар, т.б. жөнінде зерттеулер жарық көрген, окулықтар жазылған. Кеңес дәуірінде жарияланған ауыз әдебиеті текстері ондаған томды құрайды. Демек: «Фольклор байлығын игере алмай жатырмыз», – деу дәл тұжырым емес. Сөз фольклор қазынасын игеру қай дәрежеде екендігі туралы болса, әнгіме басқа.

Фольклортану ғылымының дамуына объективті кедергілер көп кездескенін ұмытуға болмайды. Сонын бірі – ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшелігін ескермей, оны жазба әдебиеттің катарына косактап тексерудің орын алып келгендігінде. Мәселен, эпикалық әсірелеу тәсілімен жасалған батырлық жырларда аты аталатын қаһармандар мен тарихта жасаған нақтылы қайраткерлерді бір өлшеммен бағалау көп кателіктерге жол ашқан. Эпос қаһармандары жауға аттанып, сұрапыл соғыс салса, оларды басқыншы деп есептеу немесе патшаның ұлы, байдың қызы мадакталса, байшылдық-феодалдық заманды ансау деп үғыну ауыз әдебиеті спецификасын білмеуден туған «жанылыс». Осы «жанылыс» эпостанды ұзак жылдар бойында дағдарыска ұшыратты. XX ғасырдың елуінші жылдарында эпос туралы дискуссия кезінде әлгіндей кінәрдаттан құлан таза шықкан жыр-дастан некен-саяк

еді. Осылайша мансұкталған жырлар, соның ішінде, қазак-ноғайлы дәуіріне тән. Едіге батыр және оның ұрпактары туралы дастандарды жарты ғасырға жуық зерттеуге мүмкіндік тумады. Бұл бұл ма, қазақтың классикалық эпосының інжумаржаны Қобыланды батыр, Алпамыс батыр да залалды деген «үкімге» душар болған.

Ауыз әдебиеті туралы ғылымның көркеюіне теріс ықпал еткен себептің тағы бірі – ғылымды саясатқа айналдырган солақай белсенділердің кесірінен ірі ғалымдарымыздың шығармашылық сапарында кедергіге ұшырауына байланысты. Мысалға қазақ фольклоршыларының үстазы М.Әуезовтің өзіне жабысқан жат жаладан бас сауғалап, жылдар бойы ауыз әдебиетін зерттеуден алыстағанын айтсақ та жеткілікті. Басқа да көрнекті ғалымдар (Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов) ұзак жылдарға сottалып, енді біреулері (Ә.Қоңыратбаев, т.б.) күғындалып жүргенде фольклортану кайтіп карыштап өсе койсын?..

Ауыз әдебиетін зерттеудің жаңа кезеңі XX ғасырдың жетісінші-сексенінші жылдарынан бастап көрініс берді. Бұл тұста теориялық-методологиялық деңгейі биік бірталай коллективтік монографиялар жарық көрді. Осылардың катарында «Қазак фольклорының поэтикасы», «Қазак фольклористикасының тарихы», «Қазак фольклорының тарихилығы» тәрізді еңбектерді атап көрсету ләзім. Ауыз әдебиетінің білгір мамандары, қазіргі белгілі фольклоршылар С.Қасқабасовтың, Ш.Ибраевтың, Е.Тұрсыновтың, Б.Әбілқасымовтың, Б.Әзімбаеваның монографиялары өзінің теориялық деңгейі жағынан фольклортануды жетілдіре, байыта түскені кәміл. Соның жылдарда Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ауыз әдебиетінің жүз томдығын жариялау ісіне кірісті... Өкінішке қарай, фольклортану ғылымының маңызды бір бөлігі – ел арасынан ауыз әдебиетінің мұрасын жинау тоқталды. Себеп біреу-ак – айта беретін қаржының тапшылығы. Бұл ахуал үлттық рухани мұраның баға жетпес байлығы – ауыз

әдебиетінің маңызын мемлекеттік іс деп караудың кемдігін көрсетеді. Алайда, Елбасы өзі мән беріп отырган «Мәдени мұра» бағдарламасы көңілдегі кіrbінді жазып, үмітімізді ояты. Шындығына келгенде, Қазакстанның өз ішінде де, одан тыскары жерлерде де асыл казынамызға айналған жыр жауқарлары аз емес. Мәселен, Шынжанда тұратын қырғыз манаңшысы Жүсіп Мамайдың репертуарындағы «Қазактың жеті қағаны» деп аталатын жеті дастанды жазып алу қажеттігін баспасөз бетінде айтқанымызға жеті-сегіз жыл өтсе де, оған селт етіп, мән берген жанды көрмей келеміз. Қытайдағы қазактың отанышын азаматтары осы «Жеті қағаның» бірінші дастанын араб әрпімен жеке кітап етіп шығарғанына да назар аударушылар болмады. Бірінші дастанның көлемі он төрт мын жолдай. Сонда жеті дастанның аумағы қанша болатынын есептеу қын емес кой. Егер осы жеті дастан түгел жазылып қолымызға тисе, бұл кезге дейінгі қазақ жырларының бәрінен де ауқымды болатын түрі бар... Қырғызстанның Тұп ауданында тұратын бір жыршының «Манас» эпосындағы қазақ батыры Ер Қекше туралы көлемді жырды айтатынын да естігенбіз. Ал, Қытайдағы, Монголиядағы қазактардың ауыз әдебиеті мұрасын жалпы ұлттық көркемдік байлықка қосудын да кезек күттірмейтін міндеттері алда тұр. Қазакстан үкіметі ұлттық мәдени мұраны талғайтын комиссия құрамы қатарына маман фольклоршыларды қатыстырып, еліміздегі және шет мемлекеттердегі қазақ ауыз әдебиетін жинау, оларды М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының корына топтастыру мәселеін шешсе, дұрыс болар еді.

### «Алпамыс батыр»... ортақ жыр

—Енді түркі халықтарының әдеби-мәдени байланысъына ойыссасақ. Оны сізден асырып зерттеген ешкім жоқ. Оның үстінде, «Алтамыстың» өзбектер өзінің «жекеменшідіне» айналдырып алған сәкілді. Ал, «Қорқыт атани» Капқаз бен

Анадолының түріктері иемденіп алғандай... «Шора батырымызды» башқұрттар «Сұра батыр» деп жыргалайды...

— Түркі халықтарының мәдени, фольклорлық байланысын зерттеу – әдебиеттануғыны алдындағы ең зәру міндеттердің бірі. Өйткені этникалық түбірі, тілі, дәстүрі, діні жақын елдердің тарихы мен тағдырына, олардың ерте кездегі біrlігі мен туыстығына қанықтыратын қызық деректер ауыз әдебиеті ескерткіштерінде мол. Түркі халықтарының тарихын тұтас қамтып, зерттеген ғылыми кітаптар әзірше жоқтың қасы. Ал сондай тарихтың өзі болмаса да, ізі, ұлы сарыны фольклор туындыларында сайран жатыр. Бұған эпостан көп мысал келтіруге болады. Қазактың ең көне жырларының бірі – «Қозы Қөрпеш-Баян сұлудың» фабуласы алтайлықтарда, башқұрттарда, кавказ нөфайларында, қырым және румыния татарларында сакталғаны осы айтылғаның жарқын куәлігі. «Едіге батыр» жырын қазактан басқа нөфайлар, татарлар, башқұрттар, карақалпактар да өзінің төл дастаны деп есептейтіні белгілі. Ал «Алпамыс батырдың» Орта Азиядағы үш халық: қазақ, карақалпак, өзбектерге ортақ классикалық эпос деп танылып отыруды да кездейсоқ емес. Осы жырдың фабулалық сарыны татар, башқұрт, алтайлықтар арасында да бар екенін білеміз. Атағы әлемге әйгілі «Дәде Қорқыт кітабының» үшінші бөлімі «Алпамыс батырмен» тікелей үйлесіп жатқанының өзі танқаларлық нәрсе. «Көроғлы» дастаны – Орта Азия мен Кіші Азиядағы ондаған халықтың сүйікті жырының бірі. Біз келтірген салыстырулар түркі халықтарының ерте кездегі этникалық туыстығының тұп-тамырын зерттеуге тенденсі жоқ қымбат айғақ болып табылады. Түркі халықтары Еуразияның ұлы кеңістігінде шашырай қоныстанып, бір-бірінен жырақ кеткеніне қарамастан, олардың рухани біrlігін дәнекерлеп тұрған көркем ескерткіштердің мол болуы бұл елдердің алдағы кезде де өзара бірлестігі күшін берік тұғыр болып табылады. «Манас» жырында да түркі халықтарының туыстығы мен біrlігі олардың өсіп-онуїнің, шет жүрттардың сұғанақтығынан, басқыншылығынан корғанудың аса манызды шарты екені

алтын желідей тартылған. «Шора батыр» дастанының қазак, ногай, башқұрт, татардарға көнін мәлім болумен қатар тілі мен діні бөгделеніп кеткен шуваштар арасында да танымалдығы бұл елдердің ерте кездегі рухани байланысынан хабар береді. Мұндай жағдайда аталған дастандарды бір емес, біrnеше халықтын зерттеуі әбден орынды. Осы тұста «Алпамыс батырды» өзбектер неге иемденіп кетті» деген сұраққа жауап берудің реті бар. «Алпамыс батыр» алғаш рет 1899 жылы Қазан баспасынан жеке кітап болып жарық көргені белгілі. Дәл сол кезеңде Ташкенттік фольклоршы Ә.Диваев та ұлы дастаның мазмұны мен көркемдігі туралы құнды пікірлер айтқан, жыр тексін жариялаған. 1917 жылға дейін «Алпамыс батыр» біrnеше рет кайта басылған. Кейінірек осы дастанның каракалпак, өзбек версиялары зерттеу тақырыбына айналған. Жырдың үш халыққа етене жақындығының басты себебі, «Алпамысты» ертеден айтЫп келе жатқан қонырат тайпасы осы елдердің күрамында күрделі орын алғандығына байланысты. Сондыктан да жырды қазактармен қатар каракалпак та, өзбек те өз дастанымыз деп есептейді. Соңғы жарты ғасыр ішінде дастанның каракалпак, өзбек версиясы жөнінде толып жатқан зерттеулер пайда болды. Әсіресе, өзбек ғалымдары Алпамыстану бойынша жүйелі жұмыстар жүргізген. Біr дастанның біr емес, біrnеше халыққа ортақ саналуы жырдың бағасын төмendetпей, қайта атағын асырады, таралу өрісін кенеитеді. Солтүстік Кавказды жайлаған осетин, адыгей, шеркес, кабардин, карашай, малкар халықтарында «Нарттар» дейтін көне эпос бар. Осы «Нарттарды» аталған халықтардың әркайсысы қастерлейді, мактаныш тұтады. Сондай-ақ, «Алпамыс батырдың» сюжеттік сүйегі бес-алты елдің ауыз әдебиетінде кездесуі кемшілік келтіретін нәрсе емес. қайта дастаның түбірі ертеден бері кен таралғандығының белгісі. «Алпамыс батырды» зерттеген В.М.Жирмунский дастанның бойындағы көне сарындарға сүйеніп, оны «Одиссеямен» де салыстырып, жырдың даңқын жаһандық көлемге шығаруға үлес косқандығын мойындау

керек. «Алпамыс батырды» зерттеу сарқылып біttі деуге болмайды. Қазак ғалымдары бұл тақырыпка алдагы кезде әлденеше зерттеулер жүргізетініне сенеміз...

### Тұркі біrlігіmіz – тұркі bіrlіgі

— Осы күнге дейін орыс отаршыларына қарсы құресіп келдік. Қазір жаһандану деп журміз. Жаһандану мәдениетші, тарихы бай болғанымен өз болмысын тоłyқ тани алмай жүрген, әлеуметтік тұрмысы төмен елдерді жүтпен қоюы мүмкін деген болжамдар бар. Сіздіңше, одан қорғанудың жолы бар ма?

— Жаһандану немесе ғаламдану деген сөздің тарай бастағанына біраз жыл болды. Бұл сөздің мағынасын кейір саясаткер, социологтар түрліше түсіндіріп, өздерінше, бұдан әлде нендей жақсылықтың нышанын көркендей сыңай байкатады. Сонымен бірге, жұрттың көбі жаһандануды Ақырзаманның жан алғышы, мифтегі жер дүниені жалмайтын әжүj-мәjүj секілді құбыжық көретінін ашық айтЫп отыр. Меніңше, жаһанданудың астарын түсіну үшін, дүние жүзі философиясын оқып тауысадын қажеттігі жоқ. Қазіргі Америка Құрама Штаттары бастаған империалистік құштер ешбір елдің өздігінше, өз қалауынша өмір сүруіне ырық бермей, «берсен қолынан, бермесен жолынан» деген астамдық принципті қүшпен заңдастырысы келеді.

Ал жаһанданудың «бейбіт» варианты экономикалық, техникалық жағынан артта қалған әлсіз елдерді терен ойластырылған арамза әдіспен рухани құлдыққа түсіруді көздейтіні жасырын емес. Америка Құрама Штаттары мұсылман елдерінің ішкі біrlігін жоюға, Ислам дінін әлсірету максатында миллиондаған, миллиардтаған доллар бөліп, осы жоспарын жүзеге асыруға миссионерлерді топ-тобымен жіберіп отырғаны да баспасөз бетінде жиі айтЫп жүр. Республикамызда казактың үл, қыздарын үтітеп, өз діндеріне кіргізіп, айдың аманында тұтас елдің үйіткышын бұзып, алшан

басып жүргендерге жол ашкан кімдер? Қазак жұрттының бүл мәселе жөнінде бейтарап мұлған отыруы құрылған тұзакқа өз еркімен түскенмен бірдей. Діні өзгеленген жас қауым халықтын тіліне, дәстүріне, басқа да құидылықтарына иысқырып та қарамайды. Шоқынған казактар, құдай бетін аулақ қылсын, саны қебейген сайын күш алып, «адам құқы» дегенді желеулетіп, өздерінің залалды өрекетіне кеңістік сұрауы да әбден мүмкін.

Әдette әлем халықтарымен, көрші елдермен достық байланыс жасаудын пайдалылығы көп айтылады. Бұл күмәнсіз ақиқатты қолдай отыра, біз тубі бір, тілі, діні жақын түркі халықтарымен тығыз ынтымак жасауды алты кезекке шыгаруды ұмытиасақ ігі болар еді. Дүние жүзіндегі саны екі жүз миллионға жететін түркі халықтарының экономикалық, рухани бірлігі арта түссе, аз күш емес. Әсіреле, ежелден ауылы аралас, койы коралас болып, өз арасында шекаралық сзызық дегенді білметеген Орта Азиядагы озбек, қыргыз, түркімен, үйгыр, каракалик, тәжіктермен дәстүрлі достығымыздың көздін карашығындағы сактау мемлекеттік дәрежедегі саясатымыздың озегіне айналғаны жөн. Ауызекі сөзде «туыспыз, жакынбыз» деп жиі айтқанмен, осы көршілеріміздің өзіндік мәдени дәстүрін, ерекшелігін терен түсіндік дей алмаймыз. Сондыктan кейде шын жүректен сөйлесіп, сырласудың сәті түсे бермейді... Ал, жүзлеген жылдар бойынша шанырағы шайкалмаған, керегесі қозғалмаған, тәуелсіздік туын колдан шығармаған Түркия түріктерімен тығыз байланысты жан-жақты жаксартудың жалпы түрік бірлігі үшін маңыздылығын естен шығаруға болмайды. Жалпы алғанда, түркі халықтарының ынтымагы берік, рухы биік тұрса, аузын арандай ашқан империялардың озбырлығына, айбатына онай жығызып кетпес едік. Кешегі өзгеге кіріптар болған кезімізде айтуға аузымыз бармай, жасқаншактай беретін үтіштілдік, түрікшілдік деген сөздердің ұнамды магынасын санамызға дарыта білмесек, обыр, өктем мемлекеттермен ешқашан да тенесіп сойлесе алмаймыз.

**Казакстан Ұлттық Фылым академиясының академигі  
РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙДЫЦ  
жарық көрген кітаптары**

1. Әдебиет және опер	-	1964
2. Социалистік реализм туралы	-	1966
3. Роман және заман	-	1967
4. Прозадағы замандағас бейнесі	-	1968
5. Гүлстанның бұлбұлдары	-	1970
6. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы	-	1971
7. Дәстүр тәгілімі	-	1973
8. Қазақ романы	-	1975
9. От легенды к роману (орыс тілінде)	-	1976
10. Достық кемесінде	-	1976
11. Фасырлар толғауы	-	1977
12. Октябрь және қазақ әдебиеті	-	1978
13. Қазақ тарихи романы	-	1979
14. Биік парыз	-	1980
15. Жыршылық дәстүр	-	1980
16. Білім нұры	-	1981
17. Қазақ эпосы	-	1982
18. Айтыс онегі	-	1982
19. Сарқылмас қазына	-	1983
20. Өшпес онеге	-	1984
21. Замана сазы	-	1985
22. Қазақ совет әдебиеті	-	1987
23. Көусар бұлак	-	1989
24. Эпос – ел қазынасы	-	1995
25. Байкалдан Балқанға лейін	-	1996
26. Мұхтар шыңы	-	1997
27. Тарихи роман	-	1997
28. Baikaldan Balkana (турік тілінде)	-	1997
29. Эпос мұраты	-	1997
30. Ел боламыз десек...	-	2000
31. Жүлдіздар жарығы	-	2000
32. Айтыс әлемі	-	2000

33. Аңыздық проза	-	2000
34. Түрік халықтары фольклоры мен әдебиетіндегі ортақ сарындар	-	2000
35. Айтыс	-	2000
36. Қазак әдебиеті (11 сынып оқулығы)	-	2007
37. Қазак әдебиеті (11 сынып үшін хрестоматия)	-	2007
38. Тұбі бір түрікпіз	-	2002
39. Desten halk hazinesi (түрік тілінде)	-	2002
40. Өкінбен өткен-кеткенге	-	2002
41. Рубайлар	-	2002
42. Фалым мұраты	-	2004
43. Бес томдық шығармалар жинағы	-	2005
44. Дастан куаты	-	2005
45. Әдебиет сыннының көкжиегі	-	2006
46. Әр жылдар ойлары	-	2007
47. 11 класс оқулығы	-	2007
48. Қазак әдебиеті хрестоматиясы	-	2007
49. Библиографиялық көрсеткіш	-	2007
50. Р.Бердібай және ХХ ғасырдың екінші жартысындағы фольклортану, филология, түркология мәселелері. 1 том	-	2008
51. Р.Бердібай және ХХ ғасырдың екінші жартысындағы фольклортану, филология, түркология мәселелері. 1 том	-	2008
52. Қазак фольклорының типологиясы	-	2009

## МАЗМУНЫ

### Бірінші болім

ТҮБІ БІРГЕ ТУЫСҚАН .....	3
Саха деген халық бар .....	3
Алтайды аралап қайтқанда .....	10
Өркениетке үлес коскан ел .....	27
Жырда сакталған сыр .....	37
Күрлектикаң кіндігінде .....	45
Көзқамандар туралы аныз .....	51
Бір кітаптың екі беті .....	58
Карақалпақ қазынасы .....	72
Түркмен толғауы .....	78
Үш Еділ елінде .....	85
Рухы жығылмаған милдет .....	91
Ногайлы деген ел еді .....	111
Кұмыктар .....	121
Екіге бөлінген үліс .....	128
Әзерилер азаттығы үшін .....	135
Түрік жұртының бір сыннығы .....	140
Қырымның қылы тағдыры .....	146
Алыс та болса жакын .....	171

### Екінші болім

ТАРИХ БЕТТЕРІН ПАРАҚТАСАҚ .....	190
Түрік қағанатынан Түркістанға дейін .....	190
Баскент туралы бірер сөз .....	203
Шерлі шежіре .....	214
Ата жұртты аңсаған .....	251
Үш бірлік .....	265
Арман алдамайды .....	286

### Үшінші болім

ҰЛТТЫҚ МҰРАТ БИГІНЕН .....	290
Тіл тағдыры таразыға түскенде .....	290
Ұлттың бүгіні мен болашағы ата заңмен қорғалуы керек .....	317
Ұлт мұддесін көздесек .....	337
Біз – қазакпаз, ғасырлардан сыр шерткен .....	351
Ұлт деген сөз ұлықтаімай тереземіз теңеслейді .....	372
Академик Р.Бердібайдың жарық көрген кітаптары .....	387

**Рахманқұл Бердібай**

**ҚАЗАК-ТҮРКІ ЭПОСТАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

*Ғылыми-көпшілік басылым*

Корректоры: Р.Әмет

Редакторы: А.Садықова

Техникалық редакторы: Ж.Ахметова

Кітап К.А.Ясауи атындағы  
Халықаралық қазак-түрк университетінің  
«Тұран» баспаханасында кобейтілді.

Шишиң 57x82. Қағазы оғсектік.  
Басна табагы 24.4. Тараалымы 500 дана.  
Тапсырыс 897.